



Баянғали
Әлімжанов



ШЫҒАРМАЛАРЫ



XXII

Баянғали
Әлімжанов

ШЫҒАРМАЛАРЫ

XXII том

Қарыз

Көркем телесериал хикаялары

Нұр-Сұлтан 2022

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)
Ә55

Баянғали Әлімжанов. ШЫҒАРМАЛАРЫ. – Нұр-Сұлтан, 2022
Т.22: «Қарыз» Көркем телесериал хикаялары. – 2022. – 372 б

ISBN 978-601-302-125-6

ISBN 978-601-80879-8-1

Ақын, жазушы, драматург, жыршы, манасшы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Баянғали Әлімжановтың Шығармалар жинағының 22 – томына «Қарыз» атты көркем телесериалға лайықталған хикаялар енгізіліп отыр. Автор өзінің бірталай пьесаларын қайта өңдеп, өзгертіп, қысқартып, қосып, шығармашылық қиялмен бір арнаға тоғыстырып, екі жас әртіс – Әйткен мен Қызбаланың айналасына тұтастыра отырып, жаңа дүние жасап шығарған. Бұрынғы пьесаларында жоқ көптеген тың оқиғалар мен тосын жәйттерді жаңадан жазып, бүгінгі өміріміздің сан алуан құбылыстары жайлы сыр шертетін, ой толғайтын тартымды, қызықты үлкен туындыға айналдырған. Экранға сұранып тұрған шығарманы киногерлер алдағы уақытта көпшілік көрерменге тарту етер деген үміт бар.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)
Ә55

ISBN 978-601-80879-8-1 (Том 22)
ISBN 978-601-302-125-6 (жалпы)

© Б. Әлімжанов, 2022

ҚАРЫЗ

Көркем телесериалдың синопсисі

Қазіргі заманның бір ащы шындығы – қалың елдің қарызға белшесінен батып, кредитке әбден кіріп кеткені. Бұл үлкен әлеуметтік, қоғамдық мәселе болып тұр. Бұрынғы қазақ жолында, мұсылман дінінде: Қарыз алмауға тырыс! Ешкімге қарыз болма! Ал егер де сенен біреу қысылып келіп, қарыз сұраса, бер! – дейтін. Қарыз беріп, қысылып тұрған адамды құтқарып жіберу үлкен сауап болып саналады. Бірақ, қарыз бергенің үшін өсім алу – күнә! Тіпті, қарызды уағымен қайтара алмаған кісіге кеңшілік қыл, қысым жасама, тіпті, жағдайы жоқ болса, кешіріп жіберсең, өте сауапты іс деп отыратын үлкен кісілер.

Ал қазір заман да өзгеріп кетті, заң да басқа. Адамгершілік қарызды ақшалай қарыз басып кеткен сияқты. Банктер кредит ал деп, күні-түні жарнамалап жатады, өсімқорлар аңқау жандарды торына түсірудің неше түрлі әдіс айласын шығарып жатыр. Соның бәрі адамдарға қарызға ақша беріп, процентпен өсім алып, пайда табуды көздейді. Тұрмыс қажеттілігінен қысылған жұрт бұрынғыдай ағайын, туыс, дос-жаранға қолын жайғысы келмей, банктен кредит алғанды тәуір көреді. Бірақ, уағымен қайтара алмай, әбден бейнет көреді. Өмірде мұның көптеген мысалы бар.

Алды-артын ойламай кредит алу, қарызға бату – етек алған құбылыс. Жалт-жұлт еткен дүниеге алданып, қит етсе кредит алып, аз күнгі думан-қызыққа бола, мойнына өмірлік қарыз артып, азапқа қалғандар аз ба? Тіпті, қарыз алудың, кредиттің соңында жүріп, өмірдегі адамдық қарызын ұмытып кететін жағдайлар аз ба? Міне, «Қарыз» деп аталатын жаңа телесериал қоғамның осындай ең бір өзекті, өткір мәселесін – ақшалай қарыз бен адамшылық қарызды арқау етеді.

Ақшалай қарыз алға шыққан кезде, адамгершілік қарыз қайда қалады?

Баласы үйленерде тойдан ештемесін аяғысы келмеген ақжүрек ана



баспанасын кепілге қойып, көп қарыз алады.

Оп-оңай жолмен арзан бағаға жаңа пәтер ала қойғысы келген актриса алаяқтың торына түсіп, барынан айырылады.

Қатарының алды болып көріну үшін қымбат көлік мінгісі келген жас жігіт алаяқтарға алданып, өзіне өзі қол сала жаздайды...

Барға қанағат қылмай, жалмаған үстіне жалмай түссем деген ашкөз замандасымыз ақыры жындыханадан бір-ақ шығады.

Сау бастарына сақина тілеп алған тату – тәтті отбасының шырқы бұзылып, көптеген қиындықтарды бастан кешеді. Жазушы қарызданудың айналасындағы неше түрлі қулық, сұмдықтарды, күлкілі де қасіретті жағдайларды, қитұрқы іс-әрекеттерді ашып көрсете отырып, қоғамдық ойды қозғауды көздейді.

Фильм екі жас әртіс – Әйткен мен Қызбаланың жаңа басталған өмір мен өнер жолында бастан кешкен, көрген – баққан қызық та сан алуан оқиғалары туралы баяндайды. Екі жас театр сахнасында көптеген бейнелерді сомдауымен қатар, өмір сахнасында да түрлі рөлдерді ойнауына тура келеді. Неше түрлі адамдармен кездесіп, олардың тағдырларына амалсыз араласады, өз бақыттары үшін күреседі. Талай мәрте ниеті бұзық адамдардың адамгершілікке, әділеттілікке жасаған қиянаттарына, айлы-шарғыларына қарсы амал, әрекет етіп, айласын тауып, аман құтылады. Сөйте жүріп, олар өмірдегі басты мақсаттары –бақыт жолында күреседі, қандай жағдайда да адам болып қалады.

Жас әртістердің басынан неше түрлі оқиғалар өтеді. Қарызға батқан жас әртістің хикаясы, Қызбалаға ғашық болып, алып қашамын деп жүрген байдың қателесіп, басқа қызды алып қашуы, ол қыздың байдың үйінен шықпай қоюы да қызықты әрі астарлы мағынаға толы. Бүгінгі жастардың ізденістері мен арман-үміттері, адамгершілік жолынан бірде адасып, бірде қайта тауып жатқаны, қайнаған өмірдің қатпар-қатпар құбылыстары, түрлі типтегі кейіпкерлердің тартыстары мен қақтығыстары көрермен жүрегіне қозғау салып, ойларын оятарына сенім мол. Адамдардың бәрін жынды санайтын жындыхана бастығы – психиатр Шайханның Әйткенді қуғындауы да көп ойларға жетелейді. Адал қызға жабылған жала жастардың жанын күйдіріп, адамдардың арасын бұзады, бейбіт өмірлерін ойрандап кете жаздайды.

Ақырында, аққа құдай жақ деген, қыздың ар-намысын адал адамдар қорғап, ақтап шығады. Бірақ, Әйткеннің өшіп бара жатқан махаббат оты қайта жанды ма? Әділдік жеңіп, екі жас өмір жолын таба ма? Қызбала өз махаббаты үшін қалай күресті? Міне, бір оқиғадан бір



оқиға туындап отыратын тартымды фильмнің негізгі өзегі көрерменді аяғына дейін қызықтырып отырады.

Сериалдың ауқымы кең, тақырыбы сан алуан – бүгінгі өмір құбылыстарын жан-жақты қамтып, әр қырынан көрсетеді. Қазіргі замандастарымыздың қилы-қилы тағдырлары, әр түрлі мінездері, қайшылық, тартыстары тартымды бейнеленеді. Кейіпкерлердің өмір, заман, қоғам жайлы ойлары, әртістердің өнер туралы толғаныстары, әр түрлі рөлдерді сомдап, өлең оқып, ән салып, сан қырлы өнер атты әлемнің сиқырлы сырларын шертуі де фильмнің көркемдік әлемін байыта түседі деп ойлаймыз.



ҚАРЫЗ

Баянғали Әлімжановтың шығармалары бойынша

Көркем телесериал

Сценарийдің авторы – Баянғали Әлімжанов.

Қатысушылар:

- 1. Айтуар Айталиев \Әйткен\ – әртіс. 28-де.*
- 2. Қызбала Жарқынбекова \ Қызғалдақ\ – әртіс. 22 -де.*
- 3. Әже – Айтуардың \ Әйткеннің \ әжесі, 75-те.*
- 4. Тойхан \Тойтан\– режиссер. 45-терде.*
- 5. Нәркес – Тойтанның әйелі, әртіс. 40-тарда.*
- 6. Асқар – 28-де. әртіс.*
- 7. Басқар Санбаев – 28-де әртіс.*
- 8. Тоты \ Тотаня\ – әртіс, 28-де.*
- 9. Айбатша Байбатшаев – облыс кәсіпкері, 40-та.*
- 10. Бикеш – Сайраштың қызы, жас менеджер, 22 – де.*
- 11. Делдал – әккі алаяқ, саудагер. 45-терде.*
- 12. Айко – сұлу қыз, алаяқ. 25-терде.*
- 13. Сұраған \Сұрамшақ\ – құда, Қызбаланың әкесі, 50-де*
- 14. Бағи- қыздың шешесі, 48-де*
- 15. Топан \Тапал\ – Сұрамшақтың інісі, 40-та*
- 16. Жеңгеш – Тапалдың әйелі. 35-те.*
- 17. Толқын \Шошақай \– құдаша, Тапалдың балдызы, 30-да*
- 18. Көкей \Дөкей\ – Әйткеннің немере ағасы. 45-де*
- 19. Жаңыл -Дөкейдің әйелі, 39-да*
- 20. Мәлс \Стақан\ – құда, Әйткеннің нағашысы, 50-де.*
- 21. Мақсат \ Ләктірі\ -стоматолог, Дөкейдің балдызы, 38-де.*
- 22. Сәулеш –Әйткеннің туысы, 25-те.*
- 23. Отар -интернеттегі өсекші жігіт, 28-де.*
- 24. Бибінұр – Отардың анасы, 58-де.*



25. *Тұяқбай* – тергеуші – 55-те.
26. *Редактор* – Интернеттегі сайттың бас редакторы. 40-та.
27. *Өкіл- мәдениет басқармасының лауазымды қызметкері, 35-тердегі ер адам.*
28. *Әлима* – тәжірибелі, беделді әртіс. 58-де.
29. *Генерал* – Полиция генералы, 51-де.
30. *Серкен* – Н. мекемесінің менеджері, 25 жаста.
31. *Шал* – Н. мекемесінің бөлім бастығы, 65-70-терде.
32. *Кемпір* – зейнеткер, 65-70 терде.
33. *Теңге* – жұмыссыз, 40-та.
34. *Қомпи* – бай кәсіпкер, 40-тарда.
35. *Дүниеқұл \Дуня* – әйелі, 30-дарда.
36. *Тампық* – орташа кәсіпкер, 40-тарда.
37. *Анти* – 40-тарда, шетелдік жұмбақ адам.
38. *Алаяқ* – 30-дарда.
39. *Саудагер* – аукцион сатушысы, 30-дарда.
40. *Сатушы* – Раритет дүкенінің иесі, 50-лерде.
41. *Телефондағы диктор қыз.*
42. *Телефондағы диктор жігіт.*
43. *Гостақ* – кәсіпкер. 45-терде.
44. *Сәукен* – саудагер әйел – 45-терде.
45. *Дәмелі* – бұрынғы банкир әйел.- 45-терде.
46. *Құдағи* – 60-тарда.
47. *Көрші шал* – 75 – те.
48. *Көрші кемпір* – 70-те.
49. *Шайхан* – психиатр дәрігер. 45-терде.
50. *Наполеон* – жынды. 50-лерде.
51. *Профессор* – жынды. 50-лерде.
52. *Жасұлан* – жас дәрігер, 30-дарда.
53. *Элеонора* – кәсіпкер әйел, өнер жанкүйері, 40-тарда.
54. *Робин Гуд* – қияли. 40-тарда.
55. *Зорро* – қияли. 40-тарда.
56. *Сайраш* – зейнеткер әйел.

Көпшілік:

*Театр көрермендері мен өнер жанкүйерлері.
Облыстық арулар конкурсына қатысушы қыздар мен қазылар алқасының мүшелері.*

Жындыхананың қарауылдары және басқалары.



1 – Көрініс. Таксидегі танысу.

Бөлек-салақ көп сөмке көтерген Сайраш базар маңында таксиге қол көтеріп тұр. Өзі әбден абдырап, шаршап-шалдығып тұр.

Жас шамасы 55-60-тарда. Етжеңді, толық, келбетті кісі. Аяғын ептеп ақсаңдай басады – екі тізенің ауыратыны білініп тұр.

Бір такси тоқтайды. Рөлде -Әйткен.

Сайраш есікті айқара ашып тұрып, әдірісін айта бастайды.

Жүргізуші басын изейді.

Әйел артқы орындыққа бөлек – бөлек көп сөмкелерін үйе салып, жайылып кеп, мольнан-ақ жайғасып отырады.

Машина жүріп кетеді.

Үсті-басын пора-пора тер басқан әйел көлдей бет орамалын алып, бет-аузын сүртіп, желпініп қояды.

Сөйтіп отырып, жолаушы әйел таңқылдап сөйлеп қоя береді.

Сайраш: Құдай берген бір ұл, бір қызым бар. Ондай балдар күллі әлемде жоқ қой! Әкелері жастай қайтыс болып кетті. \ күрсініп:\ Әйтеуір, құдайдың көзі түзу болып, аман-есен өсіріп жеткіздім. Ешкімнен де кем қылмадым! Шүкір, міне, ұл үйленемін деп жатыр.

Әйткен: Құтты болсын!

Сайраш: Әмин! Той жасаймын! Алғашқы қызығым! Қуанғанымнан шыдап отыра алмай көшеге шығып кеттім! Қуанышымды халқыммен бөлісемін деп, неше күннен бері дамыл таппай, шауып жүрмін! Көптен күткен қызығымды тойлау үшін қырық мың доллар кредит алдым! Банктен!

Әйткен: Беу дегенің! Әй, ақкөңіл, аңқылдақ қазағым-ай!

Сайраш: Көрші-қолаңның күңкілінен қашып, күндегеннің табасына қалмайын деймін ғой, қарағым! БҒай-сығай, жақсы – жайсаңның бәрін жинамақпын! Сол тойдың жабдығымен жүрген міне...ақ тер, көк тер болып.

\ Үйінің алдына жетіп, көлік тоқтайды. Бірақ, Сайраш сөзін тоқтата алмай, сөйлеп жатыр.\ Жұлдыздарға ән салдырып, мал-мүлкімнің түгін қоймай баламның қызық-қуанышына шашсам – арманым жоқ!

\ Лепіргенде көліктің төбесін тесе жаздап, алқынып, әрең тоқтайды. Бума, бума сөмкелерін артынып, түседі әйтеуір.\ Өзің бір сөз тыңдайтын, иманжүзді жақсы бала екенсің! Тойға кел!

Әйткен: Жақсы! Бұйырса! Ұзағынан сүйіндірсін!

\ Бөлек-салақ сөмкелерін арқалап, қисалаңдап, әуре болады. Әйткен жаны ашып, заттарын көтерісіп, пәтерінің есігіне дейін әкеліп салады.\

Сайраш: Ал, рахмет! Жолың болсын!

Әйткен: Сау болыңыз! \ Әйткен пәтердің есігіне бір көз тастап, шығып кетеді. Сыртқа шығып, көлігіне отырып, жүріп кетеді. Басын шайқап, іштей ептеп мұңданып қалады. Өзінен -өзі күбірлеп: \ Қарызданып той жасаған – қате деп, қанша айтсақ та, қашан ұғар екен бұл халық?!

Аламыз деп кредит,
Апаларым бредит.
Кредитке бір кірсең,
Өмір бойы артыңнан,
Қарыз дейтін үреді ит!

2 – Көрініс. Махаббат.

Театр сахнасындағы қойылым. Лирика.

Жаз. Айлы түн. Өзен жағасы.

Қос ғашық рөлінде – Әйткен мен Қызбала.

Оңаша кездесу.

Ай сәулесі жастардың алаулаған жүзінде ойнайды.

Екеуі бір –біріне қарай ақырын басып жүреді.

Нәзік музыка әуені екі жасты махаббат әлемінде тербеп тұрғандай.

Әйткен: \ Қызбалаға үздіге тіл қатып:\

Өзіңмен қалсам кезігіп,
Ғажайып бір күй туатын,
Екеуміз ғана сезініп
Екеуміз ғана ұғатын!

Айтуым керек болса да,
Сөз табу қиын мұндайда,
Айым-ау мені қинамай
Айтқызбай білсең болмай ма?

Қызбала: \Толқығанын сездірмеуге тырысып, сабырлы тебіреніспен:\

Үлгілі жырың болмаса
Үндемей қалған көп жақсы,
Айғайлап жатқан әлемде,
Айтылмай қалған сөз жақсы!

Әйткен: Алаулап нұрың жүзінде
Ботадай көзің мөлдіреп,
Жарқ ете қалған кезінде
Кетеді жаным елжіреп!

Наздана күлсең сыңғырлай
Жадырар жаным жаңарып,
Жаңбырдан соңғы қырлардай
Дүние кетер тазарып!

Қызбала: Өмірдің әні махаббат
Өртіне қалай шыдарсың,
Жабырқап жүр ме жас жаның
Жаңбырға неге құмарсың!?

Әйткен: Жауынға тоссам кеудемді
Құйылғандай көктен нұр,
Жаныңа шипа болғандай
Тамшысы қандай мөп-мөлдір!

Қызбала: Аппақ тамшы,
Кіршігі жоқ,
Қай сәуледен жаралдың?

Тозып кеткен
Тіршілікке
Мөлдірлік боп таралдың,

Кейде, жаным,
Ұшып кеткің
Келмей ме осы ғарышқа,

Содан кейін
Аппақ нұр боп



Жерге қайта оралғың?!

Әйткен: Күннен шуақ аламыз, жерден қуат,
Тасқа қына бітеді, көлге құрақ.
Жаратылып жан біткен жақсылықтан
Жан сарайын ашады мөлдір бұлақ...

Қызбала: *\ліп әкетіп:\...Жамандық у жаяды неге бірақ? \ Сәл бөгеліп, айнала жүріп:*

Сүйгенінен үміт күткен күн – түнде,
Ғашық болған түсінеді кім кім де,
Бұл өмірде махаббатын тапқан жан
Өзге жұртты жек көруі мүмкін бе!?

Әйткен: Шолпандай боп туған аппақ тандарда,
Қандай ғажап мынау әлем сен барда,
Бақыт деген немене деп ойлаушы ем
Бақыт деген сен екенсің жалғанда!

Қызбала: Мәңгі бірге жалын болып жанамыз,
Бақыт атты бай әлемге барамыз,
Жер мен көктің арасында айналған
Дүниеде тек екеуміз ғанамыз!
Тек екеуміз ғанамыз!

Әйткен: Айдай балқып айдынға кеп қонатын,
Аққудай боп келші жайған қанатын,
Пәктігіне бұл пәнидің қызығып
Кірпік қақпай қарасыншы қара түн!

Ай нұрына бөленген екі аққудай бір-біріне ақырын-ақырын жақындай береді...

3 – Көрініс. Әже мен немере.

Әжесі мен Әйткен өз пәтерінде, асүйде, биік үстелдің басында отыр. Дастарханда бауырсақ пен сары май.

Әже: \ *Сырлы кәстірөлден кішкентай кесеге айран құйып жатып, немересіне мейірлене қарап қояды:* \ *Өй, құлыным-ау сол! Әжесінің баласы! Әжесінің баласы! \ Кесені ұсына беріп:* \ *Әжесінің баласы-ау, соңғы кезде ылғи түн ортасы ауа келетін боп жүрсің...Бүгін тіпті кешігіп келдің ғой... Түнімен көз ілгем жоқ...сені уайымдап...*

Әйткен: \ *Айраннан ұрттай береді:* \ *Ә-ә, репетициядан кейін кітапханада отырып қалып...*

Әже: \ *қуақыланып:* \ *Сондай қызық кітап па екен?*

Әйткен: \ *Аңқаусып, түк білмегендей:* \ *Иә, тіпті уақыттың қалай өткенін байқамай қалыппын...*

Әже: *Кітапхана түнімен жұмыс істейтін болған ба қазір?*

Әйткен: \ *Кішкене мүдіріңкіреп:* \ *Ә-ә...не... иә...жоқ! \ Тығырықтан жол тауып еткеніне шаттанып, көңілденіп, бір жағы рөл ойнап, әжесіне іштей еркелеп:* \ *Кітапханадан шыққан соң жатақханаға барып, жолдастармен бірге тағы оқыдым...*

Әже: *О-о, кітапқұмар құлыным сол! Айтпақшы, бұл қызық кітабың не туралы екен? Айтшы маған түсіндіріп...Біз де жас кезімізде кітап оқығанды керемет жақсы көретінбіз!*

Әйткен: \ *Тағы да мүдіріңкіреп:* \ *Енді... әр нәрсе туралы ғой... Сізге қызық бола қояр ма екен? \ әдейі әжесіне еркелеп, ал, түсініп көр дегендей жымыңдап:* \ *Театр теориясы, эстетика мен актер психологиясы...Катарсис туралы көне эллиндерден бері қарай, экзистенциалистер мен импрессионистер және постмодернистерге дейінгі интерпретациялар...*

Әже: *Дұрыс-ақ! \ Ойлана толғап, талдап сөйлейді:* \ *Әлгі эстетика – есті етика, яғни естілік пен катарсис – қатар сыйыс дегенің тіпті көңілге қона қалады! Иә, өнер есті болу керек, елді естілікке бағыттау керек! Ал енді катарсисің – қазақша қатар сүйсін дегенге дәп келеді екен! Катарсис, яғни, өнерді бір қатарға сыйысып, қатарласып сыйласып, бірге сүйініп һәм бірге күйініп қабылдандар дегені тіпті ғажап қой, құлыным!*

Әйткен: *Ой, әжетайым, сен бар ғой, біріншіден, әп-әдемі әртіссің! Және бар ғой, тұп-тура театр теоретигісің!*

Әже: \ *Күледі:* \ *Құлыным-ау сол! Кім деп едің әженді? Сен әртістің оқуын оқығалы көрген-баққаным театр болса, оны бақайшағына дейін шақпасам да, бірдемесін қағатын шығармын енді! Мына бастың шашы қуарғанымен, миы суалған жоқ! Театрыңа талай барып жүргенде, ай қарап жүргем жоқ, миыма бірдеме тоқып жүрдім ғой! Енді ше, біз де мектепті, институтты бітіргенбіз! Маған сенің әлгі кітаптарың өте*

ұнап тұр, баяғыда, жас күнімізде ептеп оқығанбыз, анау эллин – елен деген елді де еске тоқығанбыз! *Қуақыланып, еркелеп:* \ Айтпақшы, сол ақылды кітаптарыңда келін түсір деген кеңес жоқ па екен? Бір жақсы, мейірбанды келін әкеліп беріп, әжеңді қуантқан үлкен сауап деп жазбап па?!

Әйткен: \ *әзілмен сытылып:* \ Ондайды әлі оқымадым еш жерден! Оқысам айтамын ғой сізге!

Әже: \ Оның сөзіне сенген болып, түк білмеген жандай жымыңдап:\ Дұрыс, құлыным, оқи бер! Көп оқығаның жөн-ақ! Өйткені, ақыл-ой, білім-ғылым кітапта! Ал, бірақ, түнгі сағат он бірден кейін жатақханадан бөгде адамдарды үйлеріне қарай аттандырып жіберетін тәртіп бар емес пе еді?

Әйткен: \ *күліп жіберіп, айранын ұрттап, сәл үзіліс жасап барып, жаңадан жол тауып кетеді:* \ Ә-ә, иә...жатақханадан кейін өзен жағалап, серуендеп жүрдім біраз...

Әже: \ *Әйткеннің сөзін қызықтап:* \ Өй, ақылыңнан айналып қана кетейін сол, әжесінің баласы! Сарылып кітап оқи бергенше, бір мезгіл бой сергітіп алғаның қандай жақсы! Бірақ, серуендегеннің жөні осы екен деп, жалғыз өзің жын қаққан адам құсап, жағада \ *орнынан тұрып, арлы – берлі жүріп көрсетеді:* \ арлы-берлі, арлы берлі таң атқанша сенделіп жүре бердің бе?

Әйткен: Ә-ә, иә, жоқ...енді, жалғыз өзім жүре бергем жоқ... \ *жағын таянып, көзін алысқа жіберіп, ойға бата қалады:* \ Жағалауда ойға шомып отырдым!

Әже: \ *Әйткеннің қарсысына келіп, отыра қалып, төбеге қарайды:* \ Сонда, таңға дейін жападан жалғыз жар басында ойға батып, айға қарап отырдың ба, құлыным?

Әйткен: \ *күлкісін зорға тежеп, сабырмен:* \ Иә, енді қиялдап... ай- жұлдызбен сырласып...

Әже: Ай-жұлдызға қарап, жападан-жалғыз шоқиып отыра беретін ит-құс болып кеттің бе, ботам?!

Әйткен: Судың сылдыры да тамаша екен!

Әже: Сонда, шолпан туғанда, судан бір сұлу шолп етіп шыға келді ме, құлыным?

Әйткен: Ой, әжетайым -ай... Хе-хе-хе! \ *сылқ-сылқ күліп, кесенің түбінде қалған айранды қасықпен араластыра береді. Күлкісін тиып, айранын ішіп қояды.* \

Әже: \ *Босаған кесені қайтып ала беріп:* \ Оның аты кім?

Әйткен: \ *байқамай:* \ Қызбала!

Әже: Қызбала! О, Қызбала! Бұрынғының аты ғой...әйбат екен!

Әйткен: Ой, әже...мен байқамай айтып қойдым – ау! Түу-у, сен тура полицейлер сияқтысың...

Әже: \ *Рахаттана күліп:* \ Е-е, құлыным-ау сол...! Кемпірлердің білмейтіні болушы ма еді? Бұл әлгі сенен кітап аламын деп сылтауратып кеп жүрген бадырақ қыз ба?

Әйткен: Бадырақ емес, бота көз ғой!

Әже: \ *Қолын құлаштай жайып, көзі күлімдеп:* \ Иә, иә, ботадай, ботадай...Келе – келе түйедей болып кетер...көр де тұр! Ал, енді оны маған қашан әкеп бересің?

Әйткен: Бүгін!

Әже: Ойбай, не дейді,әй?!

Әйткен: Жарайды онда, ертең яки арғы күні...қашан әкел десеңіз, сонда алып келейін!

Әже: Әй, тоқта, тоқта, сабыр ет! Саған тіпті бәрі оп-оңай боп кетті ғой! Бір апта тоса тұр, тым болмаса. Пенсиямды алып, оны-мұны әкеп қояйын. Дұрыстап қарсы алайық... әйтпесе әлгі бадырағың... жоқ, ойбай, ботагөзің танысамын деп келіп, талып қап жүрмесін...бір жарымаған жалмауыз... қурап отырған...қаусаған кемпір екен деп!

Әйткен: Әже, әй, әжетайым менің! Қыздан бұрын өзің талып қалмасаң болды!

Әже: \ *Абдырап, әжептәуір толқып:* \ Иа, алла, шүкір, тәуба! Балдардың бағын аша гөр! \ *Әйткенге:* \ Мен елге... әке-шешенің туыстарына хабарласып, дайындала берейін. Олар да сені қашан үйленеді деп, елеңдеп отыр...Мұндай шаруа көпшілікпен, ағайын,туыспен бітеді...Енді қызық-шыжығы көп қой қазақтың... Алдынан өту, сырға салу, құдалық, той дегендей...

Әйткен: \ *Құшақтап, мейірленіп:* \ Әжем, әжетайым! Айтыңыз... дайындала беріңіз... Бір жөні болар.

Әже: Әттең, әке-шешен көре алмай кетті ғой қызығыңды! \ *кемсеңдеп:* \ Қайтейін...Тым ерте кетті!

Әйткен: \ *күрсініп:* \ Тағдырға не шара?

Әже: Енді саған ғұмыр берсін!

Әйткен: Әумин, әже!

Әже: Ұзағынан сүйіндірсін, құлыным! Ал, енді айт әңгіменді!

Әйткен: Айттым ғой жаңа!

Әже: Негізін айтқан жоқсың әлі! Дұрыстап айт!

Әйткен: \ *қылжақтап, қасақана түсінбегенсіп:* \ Дұрыстайтын несі қалды...бәрін айттым ғой!

Әже: \ *Немересінің еркелегенін қызық көріп, соның сөзінің әуеніне қарай бейімделіп:* Иә, бәрін айттың...Түк те айтқан жоқсың әлі! Әлде менің кәрі құлағым естімей қалды ба? Онда мен саған айтқызайын қазір дұрыстап. Бірінші мынадан бастайық: Бұл қандай қыз?

Әйткен: Мен жақсы көрген соң, қандай болушы еді! Әйбәт қыз! Сымбатты, сұңғақ, сұңғыла қыз!

Әже: Жасы нешеде?

Әйткен: Қыздың жасын сұрамайды ғой!

Әже: Ерлерге сұрауға болмайды! Ал, кемпірлерге болады! Олар бірі бір бәрін де сұрап біледі! Айтпасаң мейлің, бірақ біздің құлағымызға жел сыбырлап, айтып қояды!

Әйткен: Ой, қоймадыңыз ғой! Жиырма екіде!

Әже: Тамаша болды! Нағыз дер шағы екен! Қайда жұмыс істейді? Оқыған ба? Білімі, мамандығы қандай!

Әйткен: \ *әдейі протоколға жасап бергендей тақылдатып:* Білімі – жоғары. Алматыдағы өнер академиясын бітірген. Мамандығы – театр және кино әртісі. Біздің облыстық қазақ театрында әртіс болып жұмыс істейді! Осымен сауалнамаңыз аяқталды ма?

Әже: \ *күліп:* Жоға, енді басталды! Сонда өзің сияқты әртіс пе? Тіпті ғажап болды – бір-біріңді түсініп, тіл табысып жүргендеріңе жақсы! Тоқта, әртіс болса, мен оны неге білмеймін!?

Әйткен: Театрға келгеніне бір-ақ жыл болды. Оқу бітіргеннен кейін...

Әже: Е-е, бәсе...Әйтпесе, мен сенің әртістеріңнің көбін білемін ғой. Жарайды, онда.\ *Мүдіріп, басын ұстап, қабағын түйіп, қиналған болып:* \ Әй-бұй, енді нені ұмыттым? Тағы не сұрауым керек еді?

Әйткен: \ *әзілдеп, әжесінің даусына салып:* \ Үй шаруасына қалай? Шай қойып, тамақ істеу біле ме? Салақтау емес пе? Олақтау емес пе?

Әже: Иә, иә, тура, тура айтасың...Еш күлкісі жоқ. Осынын бәрін білгім келіп тұрғаны рас. Оның бәрі өмір, тіршілік қой... Отбасы, ошақ қасына қарай ала ма? Ертең ерке өскен еркін қызбын, әртіспін, ақсаусақпын, қолымды жылы суға малып отырамын деп жүрсе қайтеміз?

Әйткен: Саспа, әжетай! Ол сенің қолыңды малады жылы суға! Тамақтың түр –түрін жасайды, тек ішіп-жеуіңді біл! Үй шаруасының түбін түсіреді. Өте таза, ұқыпты, еңбекқор жан...Тура өзің сияқты!

Әже: Ә-ә, өзім сияқты болса, жаман болмады. Жарады онда, жарайсың балам, жақсы қызды тапқан сияқтысың!

Әйткен: \ *әзілдеп:* \ Осымен тергеу аяқталды ма?\ *Әжесіне*

мейірленіп, жылы жымып қарап: \ Әлде, тағы сұрақтар бар ма? Үндемегеніңізге қарағанда, әлі де бірдемелеріңіз бар сияқты ғой!

Әже: Болғанда..болады ғой... Кемпірлердің сұрағы біткен бе? Тіпті, қайсын сұрарымды білмей, көбін ұмытып та қалдым!

Әйткен: Бәрін асықпай жазып қоймадыңыз ба? \ *Әдейі кетуге ыңғайланып, орнынан тұруға оқталып:* \ Жарайды, онда мен кеттім. Кейін, есіңізге түскенде, ватсаппен жазып жіберерсіз!

Әже: \ *Сәл абдырап:* \ Тоқта, тоқта, тоқтай тұршы,құлыным! Ә-ә, міне, есіме енді түсті! Айтпақшы, қай жердің қызы?

Әйткен: Осы өзіміздің облыстан. Түпқараған ауданы, Шоққайың ауылынан...

Әже: Ата-анасы бар ма?

Әйткен: Бар! Қарапайым ауыл адамдары. Әкесі ауылда өмір бойы шопыр болған. Шешесі – мұғалім.

Әже: Шешесі мұғалім болса, жаман болмас! Ал, ата –тегі кім?

Әйткен: \ *Күліп:* \ Кім болушы еді? Қазақ! Өзіміз сияқты...

Әже: \ *әзілдеп:* \ Өзіміз сияқты, өзіміз сияқты деп күлесің, қарындасың болып шықпасын, масқара қылып! Руы кім? Жеті атасын сұрадың ба?

Әйткен: \ *Әдейі әзілдеп:* \ Түу, әже, рушыл емес едің ғой!

Әже: Қазақ бір-бірінің ата-тегін сұрап, білген қашанда. Ол рушылдыққа жатпайды.

Әйткен: Керей, өзіміз сияқты...Күрсарының қызы.

Әже: Ә-ә, жақсы болды...Бөтен емес бізге. Ақсары, Күрсары ағайынды ел. Ал, Күрсарының қайсы екен?

Әйткен: Ой, әже, оның бәрін мен қайдан білейін. \ *Күліп:* \ Көктегі жұлдызды санаймын ба, қыздың жеті атасын санаймын ба? Әйтеуір бір сары шығар. Келген соң өзіңіз түгендеп аларсыз.

Әже: Жарайды, бұған да рахмет. Ал, енді не ойлағаның бар?

Әйткен: \ *әжесінің даусына салып, сөзді ойнатып:* \ Не ойланатыны бар, әжетай! Аламыз да келеміз!

Әже: Алып келе салатын келін саған көпшік емес қой! Жөн-жоба, жол-жоралғысы бар. Атам қазақтың жолымен, ең алдымен, құдалардың алдынан өту керек.

Әйткен: \ *Әңгіменің көбейетінін сезіп, басын ала қашады.* \ Әжетай, оның бәрін Жаңыл жеңешем жақсы біледі. Сол кісімен ақылдасып, өздеріңіз бәрін келісіп шешерсіздер. Ал мен сіз қалай айтсаңыз да мақұлмын! \ *әзілдеп:* \ Әйтеуір, алатын қыз бар, ал оны қалай алуды өзіңіз үйретесіз ғой!

Әже: \ *рахаттана күліп:* \ Үй, құлыным-ау сол! Әжесінің баласы! Келінімді әкеліп берші тездетіп! Екеуіңді қосып қойып, бір үн деп демалайын!

Әйткен: \ *күліп:* \ Асықпай тұра тұрыңыз! Оны келетін келін біледі!

Әже: \ *Шошыңқырап:* \ Немене?!

Әйткен: \ *Әзілін басқаша айналдырып:* \ Біз демалдырсақ демаласыз деймін! Әлі қайда, атқаратын шаруаңыз көп деймін!

Әже: Ә, не дейсің құлыным?!

Әйткен: Өмірдегі шаруаңыз бітпесін деймін!

Әже: Әумин, құлыным! Рас айтасың, шаршасақ та шаруамыз бітпесін! Тірі адам тіршілікте тырбана бергені жөн.

Әйткен: Міне, менің данышпан әжетайым!

Әжем қандай әдемі,

Алақаны аялы,

Біз даладан келгенде,

Күліп құшақ жаяды!

\ *Орнынан тұрып, әжесіне қарай жүреді. Әже де орнынан тұрып, құшағын жаяды. Екеуі бір-бірін аялай құшақтайды:* \ Бала кезімдегі жаңылтпашымды рахаттана тыңдаушы едіңіз ғой:

Әжемнің әжімі де әдемі,

Әзілі де әдемі,

Әдемі әуені мен әдебі,

Әлемнен тапайсындар,

Әдемі емес әжені!

Әже: | *Қуаныштан толқып, көңілі босап:* \ Кішкентай кездегі өлеңің! Тақылдап, тоқтамай айтушы едің! Әлі ұмытпапсың ғой, құлыным!

Әйткен: Неге ұмытайын, әжетай! Енді осы өлеңдерді ертең шөберелерің айтуға жазсын!

Әже: Әмин, құлыным, ақ тілегің қабыл болсын! Сендер аман болып, өсіп, өркендей беруге жазсын!

Әйткен: Әмин, әжетай!

4 – Көрініс. Ақша жоғалтқан әйел.

Әйткен телевизор қарап отырады. Кенет бір арнадан Сайрашты көріп қалады. Жүргізуші қызбен бірге отыр. Бірақ та манағы екпін, қарқыны жоқ. Жанарының жарқылы сөніп, өңі қашып кеткен.

Бір жағдайдың салқыны сезіліп тұр. Әйткен әуестеніп тыңдай қалады.

Сайрашта үн жоқ. Жанындағы тілші қыз сөйлеп отыр.

Жүргізуші қыз: Бұл кісі бізден жәрдем сұрап, жылап – сықтап келіп отыр. Бүгін көп ақшасын жоғалтып алыпты. Баласына той жасау үшін үйін кепілге салып, банктен кредит алған екен. Соның үлкен бөлігін, он миллион теңгесін жоғалтып алыпты. Көрген, білген адамдар болса, мына әдіріске әкеліп берулерін өтінеміз! Сүйіншісі дайын!

\ Сайраш егіліп, сөйлей алмай, жылай береді. Экранға әдірісі шығады. Одан кейін басқа хабарға ауысып кетеді.

Әйткен: *\ Қаны қайнап, арлы-берлі ашулы арыстандай аласұрып жүріп, экранға қарап, айқай салады:\ Сүйінші?! Сүйінші?! Тапқан екенсіңдер ақымақты! Бұл заманда ондай ақшаны кім апарып береді! Әй, барды ұқсатып, тып-тыныш жаныңды бақпай, кредит ап кердендеп, нең бар еді?! Шүкірлік жоқ! Күпірлікке бас ұрған, әй, ақымақ! Миың бу боп ұшып кеткен бе! Өмір құнын бір кісідей –ақ білетін жөнің бар ғой! Талай бейнетті көрмеп пе едің жасыңнан! Әй, тым асқақтап, тасынған жақсы емес, асылық болады деген аталарымыз! Жиған-терген дүниенді аямай шашамын деп едің, ал, қалай екен шашылған? Сен қатынға, шынымды айтсам, сол керек. Осындай пиғыл, ниетіңнен таптың ба, ақыры! Сендейлерді аяп, жүректі ауыртып керегі жоқ!*

\ Жаны күйген Әйткен әрең, әрең тоқтап, сабырға келеді.

5 – Көрініс. Шешінесің! Шешінбеймін!

Режиссер Тойтан залда, орындықта шалқайып отыр.

Қызбала сахнада, Дездемона рөліне дайындалып жүр. Жаңадан қолға алғаны білініп тұр, әлі рөлге мүлдем кірмеген, сөзін қағазға қарап, от-жалынсыз, солғын оқып шығады.

Қызбала – Дездемона:

Сонда да қорқамын: суықсыз ғой.

Жарқылдайды көзіңіз. Қорқам...

Айыпсыз, ақпын, неліктен?

Бірақ тегі қорқамын....

Сүйген үшін өлтіру сұмдық болар.

О, неге ерінді тістейсіз?

Қанды ашумен қиналыпсыз.

Жаман белгі; бірақ сенем,
Беттегені мен болмаспын.

Тойтан: \ *Оны тоқтатып, ұнатпай, кекетіңкіреп:* \ Тәк, тәк, тоқтай қал! Тез –Тез- Дез – демонка! Сен жалпы Шекспирді түсінесің бе өзі?

Қызбала: \ *қысылыңқырап қалса да, өзін -өзі қолға алып:* \ Енді, түсінгенде...ептеп хабарымыз бар. Академияда оқытқан.

Тойтан: Мәссаған! \ *орнынан тұрып, сахнаның алдында арлы-берлі қолын сермеп жүреді:* \ Академияда оқытыпты...Мына әртісті қарандар... \ *Сұқ саусағын әлдеқайда, алысқа шошайта қадап:* \ Шекспирден еп- теп ха – бары бар! Хабарың болатындай ол саған базардағы тауар емес қой, әй, дез-дез-дез -қыз-з-қызз-з -қызғалдақ!

Қызбала: Қызғалдақ емес, Қызбала!

Тойтан: \ *зілді, салмақпен:* \ Бөлме сөзімді! Қызбала...қызғалдақ...қымыздық...бәрі бір бізге. Сенің атың ешқандай рөл ойнамайды. Режиссер үшін сен әртіссің, бітті! Бір деп қой! Екіншіден, сен студенттік ортадан келіп отырсың. Ол жерде ептеп еркіндік бар. Бірақ, театр тайрандағанды көтермейді. Режиссер Тойтан көтермейді. Тойтан мен театр темірдей тәртіпті сүйеді. Түсіндің бе?

Қызбала: \ *көп мағналы мысқылмен:* \ Түсіндім! Диктатура десеңізші!

Тойтан: \ *Әр сөзін шегелеп, балғамен қаққандай қылып, қадап айтады:* \ Тирания! Театр ешкімнің қиқанын көтермейді! Театрда Тойтан ғана қойқандай алады! Неге? Өйткені, Тойтан –режиссер! Ал, режиссер дегеніміз –бастық! Ол тиран болу керек! Әйтпесе, әртістер бетімен кетеді. \ *Сахнаға шығады. Сәл жұмсарып:* \ Сөзімнің тоқ етері, оқуды жаңа бітіріп келген жап-жас әртіске мұндай үлкен рөлді, басқа басқа, Дездемонаның рөлін екінің бірі сеніп тапсыра бермейді! Ал, саған сеніп тапсырдық! Мұны мен ғана осылай шешіп отырмын! Міне, соның қадірін білу керек!

Қызбала: \ *Тойтанның өктемдігін, бұлданғанын жақтырмай қалса да, сыр бермей, салқындау гана:* \ Рахмет! Сеніміңізді ақтауға тырысамын!

Тойтан: \ *ары қарай езіп – жанышып:* \ Жөрерміз...қалай ақтағаныңды! \ *әуенін күрт өзгертіп:* \ Ал, онда былай... Қазір жиырма бірінші ғасыр. Демек, біз классиктерді де жаңа заманға лайықтап қоюмыз керек. Батыл эксперименттерге баруымыз керек. Ұқтың ба?

Қызбала: \ *Әдейі түсінбеген бола қалып:* \ Ұғатын да сияқтымын,

ұқпайтын да сияқтымын!

Тойтан: \ *Тіксініп:* \ Немене дейсің? \ *Қызбалаға жақындап:* \ Ал, түсіндірші қане... Нені ұғасың, нені ұқпайсың?

Қызбала: \ *Байқатпай шегіншектеп, бір жағына айналып, Тойтанды жақындатқысы келмей:* \ Классиканы бүгінгі күнге жақындатып қою керек дегеніңіз көкейге қонады. Ал бірақ, қалай интерпретация жасаймыз? Міне, гәп сонда!

\ *Осы кезде кулисаның сыртына Тойтанды іздеп Нәркес келіп қалады. Күйеуі мен жас әртістің әңгімесіне әуестеніп, шымылдықтың тасасына тығылып, тыңдап тұрады.* \

Тойтан: \ *Шабыттанып, жас қызға қарай емініп:* \ Иә, гәп сонда! Бірақ, Тойтандай майталман қолына қайта алғанда, Шекспирің де шайқалмай ма?! Мен спектакльді бүгінгі заманға кірістіріп жібермекпін. Яғни, оқиға орта ғасырларда емес, дәл бүгін өтіп жатқандай болып көрінуі тиіс.

Қызбала: А-а! Қызық екен...

Тойтан: Қызығы алда... Менің спектакльде орта ғасырлық қорғандар да, қару-жарақ, сауыт-сайман да, керек десеңіз, көйлек-көншек те болмайды. Бәрін де бүгінгі кездегідей етіп бейнелейміз. Кейіпкерлердің бәрі костюм-шалбармен, тіпті, джинси, кроссовкамен жүре береді. Отелло көзіне қара көзілдірік тағып, қара трико киіп жүрсе ғажап емес пе? Ал мини юбкамен жүрген Дездемонаны қызғанбай көрсін!?

Қызбала: \ *шынымен қайран қалып:* \ Апырмай, нелеу емес пе?

Тойтан: \ *сенімді үнмен:* \ Нелеу емес! Керек десеңіз, Отелло кемемен келгенде, Дездемона жағада бикинимен күтіп алса – нағыз шик-модерн болмай ма!

Қызбала: \ *қабылдай алмай, ышқынып:* \ Бикинимен? Дездемона бикинимен жүрмек пе сахнада?! Қалай?

Тойтан: \ *Қызбаланы есінен тандырғанға мәз болып, одан сайын еседі келіп:* \ А несі бар екен? Дездемона суға шомылмап па? Жалпы, жаңа спектакль елді елең еткізу керек! Есінен тандыру керек! Елең еткізіп, есінен тандыру үшін онда ерекше бірдеме болуы керек! Дұрыс па, жоқ па?

Қызбала: \ *сенімсіздеу:* \ Иә, солайы солай ғой... бірақ...

Тойтан: Олай болса, Отеллоны өртей түсу үшін, ол үйге кіріп келгенде, Дездемона рөліндегі сен жалаңаш болуың керек!

Қызбала: \ *есі шығып:* \ Жалаңаш?!

Тойтан: Иә! Тыр жалаңаш!

Қызбала: Қа-қа-қалайша?

Тойтан: Солайша!

Қызбала: Мен сізді түсінбей тұрмын!

Тойтан: \ *зекін:* \ Аңқаусыма өйтіп! Сен бәрін де тура түсініп тұрсың! Немене, өмірі шешініп көрмегендей қылымси қалыпсың ғой! \ *даусын бәсеңдетіп, сиқырланып:* \ Көзіңе елестетіп көрші, жалаңаш Отеллоның жалаңаш Дездемонаны құшақтап қатып қалғанын... \ *өп-өтірік елтіген болып, Қызбалаға қарай жақындап келіп, құшағын жасайып, бас салады:* \ Қандай керемет көрініс!

Қызбала Тойтанға құшақтатпай, лып етіп сырт айналып кетеді. Ауа қармап қалған Тойтан өзімен-өзі құшақтасқандай сәл қатып тұрып, қайтадан Қызбалаға қарай бұрылады: \ Көрермен естен танбаса, Тойтан емес, пойтан болып кетейін!

Қызбала: \ *алыстау тұрып, нық, сенімді дауыспен:* \ Мейлі! Мен бірақ шешінбеймін!

Тойтан: \ *күрт қатайып:* \ Не дедің? Мен не естіп тұрмын осы, а-а?

Қызбала: \ *бұл да қатайып, егесіп:* \ Мен шешінбеймін дедім!

Тойтан: \ *Әртістің қарсылығына жыны қайнап, даусын көтеріп:* \ Шешінесің! Шешінгенде де әдемілеп тұрып шешінесің! Рөлдің талабы осындай! Театрдың бұлжымас қағидасы – әртістер режиссердің айтқанын екі етпей орындауға, сөзсіз бағынуға міндетті!

Қызбала: \ *бұл да даусын көтеріп:* \ Бірақ, мұндай ұятсыз бұйрығыңызды орындай алмаймын!

Тойтан: \ *амалы құрығандай, бәсеңдеп:* \ Неге ұятсыз болады, әй? Бүкіл дүние жүзі шешініп жатқанда, сен өзіңше ұятты бола қапсың ғой!

Қызбала: \ *арқаланып, айбаттанып:* \ Дүнижүзінде жұмысым жоқ. Мен қазақтың қызымын, ал біздің театр – қазақ театры!

Тойтан: \ *қайтадан жыны қайнап, даусын көтеріп:* \ Театр ешқандай қазақ-мазақты білмейді! Өнерде ұлт жоқ!

Қызбала: \ *ашынып:* \ Мәссаған! Мұныңыз сұмдық екен!

Тойтан: \ *өз көзқарасын тықпалап:* \ Сұмдық емес, шындық! Нағыз үлкен өнер жалпы адамзатқа қызмет етуге тиіс. Ал жалпы адамзаттық деңгейден табылу үшін, артта қалып қоймай, жаңалық атаулыны үйрену керек. Қазіргі заманғы өнердің ең басты жаңалығы – перде атаулыны сыпырып тастап, жалаңаш шындықты бейнелеу. Ал киім де перденің бір түрі! Біз де оны сыпырып тастауымыз керек!

Қызбала: \ *ышқынып:* \ Жоқ! Бұл ұятсыздық! Азғындық!

Тойтан: \ *нығыздап, үгітеп, салмақты дауыспен:* \ Азғандық емес,

озғандық! Озық елдердің үлгісінде Дездемонаның жаңа, жалаңаш бейнесін жасайтын болсаң – дүниежүзілік фестивальдердің Гран-приі сенікі! Мегажұлдызға айналып, әлемдік журналдардың жылтырақ мұқабасында жалтырап тұрасың! Жалаңаш қарыныңа жаһанды жалт қаратсаң: «Міне! Қазақ қызы дарынымен де, қарынымен де дүниені табындырды!»- деп, бір жыртылып қалмаймыз ба?!

Қызбала: \ *күйініп:* \ Онда қандай мағына бар?! Маған өйтіп арымды төгіп, артымды ашып алған Гран-при – Срам-придің керегі жоқ!

Тойтан: Мейлің! \ *кесіп-пішіп, бұйрықты үнмен:* \ Бірақ, мен қалай айтсам, солай болады! \ *шұғыл ашуланып, айқай салады:* \ Жалаңаш Дездемонаны шығарасың сахнаға!

Қызбала: \ *бұл да айқай салады:* \ Шығармаймын!

Тойтан: Шығарасың!

Қызбала: Шықпаймын!

Тойтан: Шығасың!

Қызбала: Шықпаймын!

Тойтан: \ *алдымен ес жиып, сәл сабасына түсіп, салмақпен:* \ Жә, жетті! Мен де үш айттым, сен де үш қайтардың! Ендігісін көріп алдық! Ерегескенде, тап сені шешіндірмесем, шемішке шағып кетейін!

Қызбала: \ *ашуын басып, ойнақы, кекесінді күлкімен:* \ Онда шемішкеңізді қуыра беріңіз!

Тойтан: А-а?

Қызбала: Ертең Нәркес апайдан бір шелек шемішке беріп жіберемін! \ *Бұрылып, қасақана билей басып кетеді.* \

Тойтан: \ *бір жағы ызаланып, бір жағы қызығып:* \ Тұра тұр, бикешім!

Қикаңдама Тойтанға,

Ал, Тойтаным, қойқанда,

Алтайы түлкі алдында,

Тоят таңда, той таңда!

Сол кезде шымылдықтың тасасынан Нәркес шыға келеді.

Нәркес: \ *сақылдап күліп:* \ Ой, Тойтеке, Тойтеке-ай!

Тойтан: \ *Шошыңқырап:* \ Әй, осы сенің күлкің-ай...Түбі сен мені күліп өлтіретін шығарсың?

Нәркес: \ *одан сайын күлкісін үдетіп, Тойтанға төне түседі:* \ Күліп өлтіремін бе, тіліп өлтіремін бе, өзім білемін!

Тойтан: \ *шегіншектеп, қаишқалақтап:* \ Әй, айтып өлтірші не болса да...ыржалақтай бермей!

Нәркес: Ой, Тойтеке, қой теке! Күлмегенде жылайын ба? Бетімді тырнап, шашымды жұлайын ба? \ *сылқылдап тұрып күледі.* \ Ой, Тойтеке, қой теке, сен қандай күлкілісің, ә!

Тойтан: \ *Қосыла күліп:* \ Күлкің керемет! Заразительный смех деген осы!

Нәркес: \ *Күлкісін тоқтата алмай:* \ Күлгенде...күлмегенде... Шекспирді оқыс пир, тіпті, кекс пир етіп шығарғанды көріп едік! Ал, сенің Шекспириң нағыз Секс- пир болайын деп тұр ғой!

Тойтан: \ *Күрт көңілсізденіп:* \ Мұнымен не айтпақсың?

Нәркес: Шешінген Шекспир! Хи-хи-хи!

Тойтан: Е-е, несі бар екен? Эксперимент!

Нәркес: Сексперимент десеңші одан да! Сонда не, сен айтты екен деп, жұрт шетінен шешіне бермек пе?!

Тойтан: Сен мені андып, бәрін тыңдап тұрдың ба?

Нәркес: Әйел айдағыны көріп, сайдағыны естиді!

Тойтан: Енді ол театр, өнер ғой...

Нәркес: Иә, білеміз... қыз шешіндіргеннің қандай өнер екенін!

Тойтан: Нәркес! Сен өзің де әртіссің, түсінуің керек!

Нәркес: Тойтеке, Тойтеке, бәрін де түсініп тұрмын! Тек мына бір жерін ашып айтшы. Сен Дездемонаны шешіндіргің келіп тұр ма, жоқ әлде Қызбаланы шешіндіргің келіп тұр ма?

Тойтан: Өй, сен де бір...Әрине, Дездемонаны! Ол сахнадағы образ ғой!

Нәркес: Онда...образ ғана болса...Дездемонаны маған беріп, мені – ақ шешіндіре салмайсыз ба?

Тойтан: Жо-жоқ! Ол қызық емес!

Нәркес: А-а, мен қызық емеспін бе? Қызығың Қызбала ма?

Тойтан: Түу, Нәркес!

Нәркес: Нәркес емес, шөлкеспін!

Тойтан: Болмайды ол! Шешім қабылданып қойды! Айттым, бітті!

Нәркес: Солай де! Өзгертуге болмайтын шешім – жаман шешім депті бұрынғылар. Ал, мен қалай айтсам солай болады деген – самодурлықтың бірінші белгісі емес пе?

Тойтан: Самодурлық емес, табандылық!

Нәркес: Тойтеке, шындап сөйлесейікші...Сен соңғы кезде тым талапшыл боламын деп жүріп, самодур болып барасың. Шығармашылық ізденіс жақсы ғой, бірақ сахнада киім шешкеннің несі жаңалық, несі өнер? Өнер жан-дүниеде, ой-санада емес пе?

Тойтан: Дұрыс айтасың! Бірақ, сол жан-дүниені қалай көрсетеміз

сахнада? Мен осының жаңа бір жолдарын іздеп, жанымды жеп жүрген жоқпын ба?

Нәркес: Сондағы тапқаның осы ма?

Тойтан: Ол жаңашылдықтың бір формасы!

Нәркес: Адырам қалсын ондай жаңашылдық! Сен жаңалық ашамын деп жүріп, жүйке ауруына шалдыққаннан саумысың өзі?! Есіл- дертің есірік елеске ауып кеткен сияқты!

Тойтан: Елес емес...Есіл арман!

Нәркес: Ал, айтшы арманыңды?

Тойтан: Ох, арман, арман! Арман көп қой адамда! Маған мантия... мантия маэстро керек!

Нәркес: Ә-ә?! Масқара! Мания величия боп қалдың ба әлден?! Өй, бишара!

Тойтан: Жә, сонша не боп қалды?! Бірдеңені қиялдап, қол созып жүрген жаман ба?

Нәркес: Маған мынаны түсіндірші... Мұнда қандай мағына бар?

Тойтан: Ол үлкен әңгіме, ұзақ жыр! Оны түсіне қоюың екіталай!

Нәркес: Әй, Тойтан, қойқандама! Менің күлкім бітіп келе жатыр! Күлкінің ар жағынан түрпі келе жатыр! Ал, менің түрпім түртіп жіберсе, құртып жіберетінін өзің де жақсы білесің ғой!

Тойтан: Тоқта, тоқта, Нәркесжан, сабыр ете тұр.Үйге жетіп алайық! Театр сахнасында масқара қыла көрме!

Нәркес: \ Қолымен жол көрсетіп:\ Онда түс алдыма, айда қайқай!
\ Тойтан томпаңдап тартады. Нәркес қуалап әкетеді.\ Ой, Тойтеке, қой теке! Жаман ойды жой теке!

6 – Көрініс. Көліктегі көп ақша.

Ертеңінде Әйткен жұмысқа барайын деп, көлігіне мінеді. Тез, тез әйнектерін, салонның ішін сүртіп шықпақ болады. Артқы терезені сүртіп, орындықты сүрте бергенде, алдыңғы орындықтың артқы қуысына қыстырылып тұрған шүберек дорба – сөмкені көзі шалып қалады. Таңданып, суырып алап қарайды.

Ашып қалса...

Пәшке, пәшке ақша!

Он миллион теңге!

Мелшііп, миллионға қарап қалады.

Ақша арбап көзді арбап, құбылып жатыр.

Әйткеннің есі шығады.

Ақылы айран-асыр болып, ақшаны өз орындығының астына тыға салып, жүріп кетеді.

Рөлде келе жатқанда, ұры дауыс сыбырлайды.

Әйткеннің күңгірлеген дауысы: Жақсы болды! Саған ақша ауадай қажет болып жүр еді ғой! Міне, берейін десе өстіп көлігіңе әкеліп тастай салады! Тіпті тамаша! Ипотекамен алған пәтеріңнің кредитін жауып, қарыздың қамытынан біржола құтыласың!

Ұяты сыбырлайды:

Кісі ақысын жеп мұратқа жетпейсің! Әй, обал ғой! Бейшараға обал ғой!

Көзіне көлігінің артқы орындығында таңқылдап сөйлеп отырған әйел елестейді. \ **Сайраш:** Құдай берген бір ұл, бір қызым бар. Ондай балдар күллі әлемде жоқ қой! Әкелері жастай қайтыс болып кетті. \ *күрсініп:* \ Әйтеуір, құдайдың көзі түзу болып, аман-есен өсіріп жеткіздім.

Ұяты сыбырлайды: Өзің де ата-анадан жастай жетім қалып едің ғой! Енді мына жетімдердің хақысын қалай жемексің? Қайтіп өтеді тамағыңнан? Желкеңнен шығады ғой!

Күңгірлеген дауыс: Әй, мұның бәрі жай сөз ғана. Қазіргі заманда ешкім де обал-мобал, ұят-мұятқа бас қатырып жатпайды. Ең бастысы – ақша! Міне, қолыңда тұр! Бұл ақшамен қарызыңнан құтылып, рахаттанып қаласың! Ал, ұят, обал деп, апарып берсең, әлі қанша жыл кредитінді төлеп, қиналып жүретін боласың! Тарт банкке! Бар да құтыл қарызыңнан! Міне, өзің ойлап қарашы – он миллион теңге! Тұп-тура сенің ипотекалық кредитіңнің қалдығы! Демек, бұл оқиға тегін емес! Өз аяғымен іздеп келіп, босағана қонған сенің ырыс, несібең! Есіңде ме, қанша рет көп ақша тауып алып, кредиттен құтылатын күн болар ма екен, шіркін деп, қиялдап, армандап едің ғой! Сол тілегіңді берді емес пе?! Енді неменеге толқып, кімнен қорқып отырсың?! Ешкім көріп, біліп тұрған жоқ! Тарт банкке! Төле де құтыл кредиттен!

Әйткен әрі-сәрі болып, жанын қинап, ауыр ойға батады.

7 – Көрініс. Шешім.

Әйткен машинасын от алдырып, жүріп кетеді.

Банкке беттейді.

Банк зорайып, қорқынышты болып көрінеді.

Жақындап келіп, басын шайқап, жанынан өте шығады.

*Тағы жүреді әрлі-берлі.
Ақыры, басын шайқап, бір шешімге тәуекел етеді.
Сайраштың үйінің алдына келіп тоқтайды.
Көзіне Сайрашты әкеліп салғанда көрген пәтердің нөмірі
елестейді.*

8 – Көрініс. Сүйінші.

*Әйткен Сайраштың пәтерін іздеп табады.
Келіп, қоңырауын басады.
Есікті сұп-сұр болып, өңі қашқан Сайраш ашады.
Әйткенді көріп, есін жия алмай тұрып қалады.
Көктен түсті ме, әлде жерден шықты ма деп, аузын ашып, қарап
қалған.
Теңселіп, құлап қала жаздайды. Қабырғаға сүйеніп, әрең есін
жияды.
Әйткен жағдайды байқап, үйге кіріп, есікті жабады.
Сайраш сәл есін жиганда, сөмкені береді.
Сөмкесін таныған Сайраш екі қолдап бас салады.
Көпке дейін өзіне өзі келе алмай, үнсіз сөмкесін ашып қарайды.
Әйткен де үнсіз қарап тұрады.
Сайраш бір кезде терең бір күрсініп, тілге келеді!*

Сайраш: \ қатты толқып, көзіне жас алып:\ Ух! Құр сұлдерім қалды! Тәуба, тәуба! Тек әйтеуір өлгем жоқ! \ Есін жиып, көзі оттай жанады. Ақылға кеп, ақ алғысын жаудырады.\ Рахмет, рахмет айналайын! Өй, мен неғып тұрмын? Жоғары шығыңыз! Мен шай қояйын!

Әйткен: \ орындыққа отырады:\ Рахмет, апай! Ештемеге әуре болмаңыз! Мен жұмысқа кетіп барамын!

Сайраш: Апырмай, енді! Мұны қайдан таптыңыз?

Әйткен: Менің көлігімнен...алдыңғы орындықтың астынан. Сөйлеп отырып, алдыңызға түсіріп алып, аяғыңызбен байқамай итеріп кіргізгенсіз ғой...Неше түрлі жағдай болады ғой өмірде! Мен бүгін көліктің ішін тазалаймын деп ойлаған да жоқ едім. Қараптан қарап, бір сүртіп шығайыншы дедім. Өйтпегенде, мен бұл сөмкенің мұнда жатқанын мүлде білмеуім де мүмкін еді. Кездейсоқ біреу көріп, алып кетсе де сезбей қалғандай екенмін! Құдай бұйырып тұр ғой сізге!

Сайраш: Иә, шүкір аллаға! Сізге рахмет, құдайға қараған жан

екенсіз! Ал, ендеше, міне сүйіншіңіз! *\сөйлей жүріп, ақ орамалға бір он мың теңгені түйіп, Әйткенге ықыласпен ұсынады. \ Алыңыз, бауырым! Сүйінші көп болсын, сүйініп жүрейік! \ Қолына ұстатып, ет жүрегі езіліп, құшақтайды. \ Рахмет, көп жаса, өркенің өссін!*

Әйткен: Әмин! Рахмет, рахмет, апай! \

Сайраш: Тойға келіп, қадірлі қонағымыз болыңыз!

Әйткен: Рахмет! Хабарласасыз ғой! *\ визиткасын береді.Шызуга оқтала беріп:* \ Апай, бір нәрсе айтсам, ренжімейсіз бе?

Сайраш: *\ Визитканы қарауға да үлгірмей, қолына қысып тұрып, таңданып, қасын керіп, бірақ, сабырлы үнмен:* \ Айтыңыз, қысылмаңыз! Не айтатыныңызды білмесем де, сіздей бауырымның сөзіне неге ренжимін?!

Әйткен: *\ күмілжіңкіреп:* \ Айтқанда...былай ғой...Құдай ескертіп тұрған шығар...Ренжімесеніз, тойды аса көп шашылмай, шақтап, жинақы қылып өткізсеңіз жақсы болатын сияқты!

Сайраш: Сөзіңнің жаны бар! Өзім де сол ойға бейімделіп тұрмын. Бірақ, көп нәрсе жалғыз бізге байланысты емес қой! Ағайын,туыс, ел-жұрт бар дегендей...Ертең..*\күрсініп, жыламсырап:* \ жетім бейшараның тойы ғой, қайтсін енді деп мүсіркеген сөзін естігім келмейді ешкімнің! *\ Сәл бөгеліп барып, қатайып:* \ Құдаларға қай бетіммен қараймын? Бізде де намыс бар ғой, бауырым!

Әйткен: Ой, апай, өзіңіз білесіз...Біздікі жанашыр сөз ғана. Бәрі жақсы болсын деген тілек, ниетіміз ғой! Жастар бақытты болсын!

Сайраш: *\ жадырап:* \ Білемін, түсінемін бәрін де. Ескеремін тілегіңізді. *\ визитканы қарап:* \ Айтуар Айталиев! Әртіс! Мәссаған! Өзіңіз білдей бір әртіс екенсіз ғой! Жақсы болды! Тойға келіп, бір көтеріп кетерсіз! Тіпті, жанашырлық қылып, өзіңіз басқарып беріңіз! Жұртқа беретін гонорарды сізге бергенім жақсы!

Әйткен: Жарайды, көрерміз уағында! Телефон бар, хабарласарсыз! Сау болыңыз!

Сайраш: Жолыңыз болсын! Аман,сау болыңыз!

*\ Әйткен үйден шығып кете береді. Апай ықыласпен, көзі мөлдіреп, жан жылуын төгіп, шығарып салады. *

Арада біраз уақыт өткен соң:

Екі жастың үйлену тойы.

Әйткен тамада болып,той басқарады.

Шабыттана сөйлеп, ән салады.

Жұрттың бәрі билеп, дүрілдетіп жібереді.

*Қызбала да бірге басқарып, арасында ән салады.
Асқар мен Басқар да сөйлеп, билеп, ән салып, той көрігін қыздыра түседі.*

*Сайраштың қуанышында шек жоқ.
Күйеу мен қыз алыстағы аққаудай боп жарасып, жарқырап отыр.
Сайраштың қызы Бикеш те билеп, дүрілдетіп жүр. Әйткен,
Қызбала, Басқар мен Асқарды төңіректен, жарқын күліп жүр.
Әсіресе Басқар Бикешпен көбірек билеп, ерекше көңіл бөліп жүр.
Той көрігі Әйткеннің әнімен қыза түседі.*

9 – Көрініс. Ақылдасу.

*Әйткеннің пәтерінде. Әже мен Жаңыл қызу әңгіме үстінде.
Әңгімені Әже айтып, Жаңыл мұқият тыңдап отырған сыңайлы.*

Әже: Сөйтіп, әлгі еркетайым, Әйткентайым әбден қуантып жатыр. Сол қуанышымды сендерден қайтіп жасырайын, Жаңылжан!

Жаңыл: Құтты болсын, апа! Ұзағынан сүйіндірсін!

Әже: Әмин! Рахмет, айналайын! Туыстың туыстығы осындайда ғой. Ет жақыным, оның ішінде ең жақыным деп Дөкей қайным екеуіңе айтпағанда, кімге айтамын!

Жаңыл: Рахмет, апа! Біз де қуаныштымыз! Келіннің мамандығы қандай, қайда жұмыс істейді екен?

Әже: Әртіс! Өзімен бірге істейді!

Жаңыл: \ таңданып, күмәнданып: \ Әртіс дейсіз бе!? Апырай, ә?!

Әже: \ үркіңкіреп: \ О, не боп қалды... апырайлап? Қайта жақсы емес пе, бірін бірі түсініп, бір-біріне бас-көз, сүйеніш болмай ма?

Жаңыл: Иә, солайы солай ғой... Бірақ та, не бір дөкейлердің, байлардың қыздары тұрғанда, әртіс алып не көрінді деймін дағы! Әйткенжан жігіттің төресі емес пе? Оған қызығатын қыздар аз ба? Бір мықтының сылқылдаған сұлу қызын қолына қондырып алып, балпаң-балпаң басып жүретін-ақ жөні бар еді ғой!

Әже: \ Үлкендікпен, өктем үнмен кесіп-пішіп: \ Өй, қойшы сен де... қайдағыны айтпай! Бірін – бірі шын сүйсе, ақ адал, мейірбанды жар болса, одан артық не керек!

Жаңыл: Солайы солай ғой, апатай-ау! Бірақ, мына заманды да, күн көретін амалды да ойлау керек қой!

Әже: \ Сәл ренжіңкіреп: \ Сонда неғыл дейсің бізге?

Жаңыл: \ ойынға айналдырып: \ Ештеме де демеймін. Жай айтып жатқаным ғой... жақсы болсын деп.

Әже: \ үзілді-кесілді:\ Қалай айтсаң, олай айт, енді ештеңе де өзгермейді. Әңгіменің басы ашық – екі жас уағдаласып, сөз байласып қойған. Ендігі міндет бізде – екі жасқа батамызды беріп, ата-баба жолымен жақсылап тойын жасап, үйлендіруіміз керек! Кел, одан да соның жай-жапсарын ақылдасып, жөн-жобасын, кәдесін келісейік!

Жаңыл: \ лып етіп, әжесінің ыңғайына жығыла кетіп:\ Дұрыс айтасыз! О-о, бұл дегенің бір керемет қызық – шыжық қой! Ал, кіріссек дұрыстап кірісейік! Бастай беріңіз, мен қостай берейін! Бірінші...

Әже: \ Ойланып, әр сөзіне салмақ салып:\ Бірінші – құдалардың алдынан өту керек! Құда түсіп, сырға салу керек! Менің ойымша, ағасы Дөкей қайным бастап, өзің қостап барасың! Жол да, жоба да сендердікі!

Жаңыл: \ Құлшына құптап:\ Әрине, барамыз! Біз бармағанда кім барады? Көптен күткен қуанышымыз емес пе?

Әже: Рахмет, Жаңылжан! Сенгеніміз де, сүйенеріміз де өздерің ғой! \ көңілі босап:\ Әйткеннің әке – шешесі кеткен соң, осы әулеттің үлкені де, тірегі де Дөкей қайным болып қалды ғой! Рахмет, айналайын!

Жаңыл: \ Әжемен бірге толқып, күрсініп:\ Қайтеміз, апа, тағдырдың жазуы ғой! Ендігі тіршілікті ойлайық.

Әже: \ өзін-өзі қолға алып:\ Мен жалғыз ойлағанда не қирата қояр дейсің? Ақылға ақыл қос, не айтарың бар?

Жаңыл: Айтқанда... Алдымен, неше адам болып барамыз, соны ақылдасып, келісіп алайық.

Әже: Алдынан өтуге көп кісіні топырлатып керегі жоқ. Төрт-бес адам жарайды ғой деп ойлаймын! Құдаларға да көп салмақ салмағанымыз жөн. Әйткенжанның айтуынша, Қызбала ата-анасына үлкен жеңгесі арқылы ақырын құлаққағыс қылса керек. Қысқасы, құдалар бәрін біліп, көніп отырған сияқты.

Жаңыл: Дұрыс айтасыз! Төрт-бес адам бытырап, шашылмай, топтасып жүруге де жақсы. Әрі тұп-тура бір көлікке сыйып кетеді!

Әже: Ал енді, кім-кім барады? Әйткеннің нағашы жұртын да қалдырмау керек. Қазақ жолы солай!

Жаңыл: Олай болса, Стақан нағашысының жолы. Жасы да үлкен, сол әулеттің үлкендерінің ізін басып келе жатыр. Және, ата жолымен келгенде де Әйткеннің бізден кейінгі жақыны сол кісі!

Әже: \ ризашылықпен:\ Өзім де соны ойлап отыр едім! Қақ-соқта жұмысы жоқ, қарапайым кісі ғой! Және, Әйткеннің анасының бір туған бауыры, нағыз жанашыр жақыны емес пе! Аруақтар бір аунап тұссін, жарықтық!

Жаңыл: \ күліп жіберіп: \ Қақ-соқта жұмысы жоқ болғанымен, қағып салуға келгенде қалыспайды. Жайдан-жай Стақан атанды дейсіз бе? Ешкімге есесін жібермеген ескінің естісі ғой, бүгінгінің есерлерінен де қалыса қоймас деп отырмын! Құдалық болғасын, ішіп-жейтін, және ішкен-жегенін көтере алатын мықты кісілердің барғаны жөн ғой деп, Стақан құданы әдейі қосып отырмын!

Әже: \ ақырын күліп: \ Табылған ақыл! Ал, енді ішпейтін біреуді де қосу керек...бәріне ие болатын...

Жаңыл: Ол жағынан саспаңыз! Біздің Лөктірді апару керек. Бұл әулетке ескі құда, бір. Екіншіден, арақ-шарап ішпейді, ақылды, білімді, сөзге жүйрік, жөн-жобаны біледі. Өткен-кеткеннің әңгімесін, біздің елдің тарихын айтқанда, алдына жан салмайды.

Әже: Дұрыс айтасың. Осы Лөктір құда әбден дұрыс. Өзіңнің туған бауырың, нағыз жанашырың! Жат жерде қандай да бір жағдай болып жатса, арқа сүйерің, айбарың болады.

Жаңыл: Ал енді бір жастау қыз, келіншек керек сияқты! Өңшең еркек қауқылдап не қиратар дейсіз? Маған да бір көмекші керек қой!

Әже: Бұның да дұрыс. Ал оған лайықты кім бар, қане?

Жаңыл: Әлгі қояншық қайнағаның мұғалима қызы бар емес пе? Сол лайықты сияқты. Сабырлы, салмақты, бөтен сөзі жоқ. Үндемей жүріп шаруасына мығым. Епті, пысықтың нағыз өзі. Барып кел, шауып келге таптырмайтын көмекші!

Әже: Сәулеш дейсің бе? Жобаң дұрыс...сол қыз жарап қалар саған серік болуға. Әй, бірақ оның балалары тым жас емес пе?

Жаңыл: Бір күнге қайтер дейсіз! Күйеуі жақсы жігіт, қарай тұрады.

Әже: Онда болды. Осыған тоқтайық. Сен енді бәріне ұйтқы болып, жолға даярлана беріңдер. Олармен өзім де сөйлесермін.

Жаңыл: Жақсы апа, мұны бір түйіп қояйық. Ал енді әлгі жол – жоралғының жайы не болады, соны ақылдасайық. Не апарамыз, қалай барамыз, кімге не береміз деген сияқты...

Әже: О-о, бұл енді нағыз бас қататын мәселе болып тұр.

10 – Көрініс. Қыз бен жеңге.

(Орташа тұратын қазақ – Тапал мен Жеңгеіштің үйі.

Төр үйде Жеңгеіш пен Қызбала биік үстел басында қарама-қарсы отыр. Бір қызу әңгіменің үстінде.)

Қызбала: Жеңеше, сізге айтатын бір сөзім бар еді.

Жеңгеш: \ ойнақыланып, жылы жүзбен, әрі әуестікпен: \ Құлағым сенікі, қалқатай! Әу дегеніңді құйып алып, қаз-қалпында таудай ағана жеткізуге дайынмын!

Қызбала: \ Сәл бұртиып, еркелеп: \ Ой, жеңеше –ай! Сіздің сүйір тіліңіздің жүйріктігін бүкіл ел біледі! Бірақ, әзірге айтпай тұра тұрыңыз! Бұл сізге ғана айтатын сырым!

Жеңгеш: \ Әуестігі одан сайын артып: \ Жарайды! Ешкімге айтпаймын!

Қызбала: \ ойнақыланып: \ Тіпті тісіңізден шығармайсыз ба?

Жеңгеш: Тісімнен шығармауын шығармаймын ғой, бірақ ішім жарылып кетуі мүмкін!

Қызбала: Әнеки! Сіз бәрібір бәріне айтып қоясыз! Сондықтан мен сізге сырымды ашпай-ақ қойсам деп тұрмын!

Жеңгеш: Үйбәй, айнып қалдың ба, не?

Қызбала: Иә! Айтпаймын!

Жеңгеш: Айтасың!

Қызбала: Ал, айтпаймын дедім, айтпаймын!

Жеңгеш: Ал, қойдым! Ешкімге айтпауға уәде беремін! Айтшы енді...кісіні үздіктірмей...

Қызбала: Біреудің сырына сонша қызығып не көрінді сіздерге?

Жеңгеш: Үйбәй, әуелі бастаған өзің ғой! Кісінің құлағын көтеріп алып, енді қашқаны несі?

Қызбала: Даналардан қалған сөз бар екен: Біреуге айтқанға дейін сырың – сенің құлың, біреу білгеннен кейін – сен сырыңның құлысың деген екен жарықтықтар!

Жеңгеш: \ сәл өкпелеңкіреп: \ Әй, қызғалдағым... Сенің алдында екі жол тұр...Не маған сырыңды қазір айтасың, не айтпайсың!

Қызбала: Хи-хи-хи! Ал, неғыласың айтпасам?

Жеңгеш: Сырыңды айтпасаң, сенің алдында екі жол тұр...Не осы жерден кетіп қаласың, не мен саған сөйлемей қоямын!

Қызбала: Неше минут сөйлемей қоясыз?

Жеңгеш: Үш сағат! Бақандай үш сағат!

Қызбала: Тіпті дыбысыңыз да шықпай ма?

Жеңгеш: Жоқ, енді...Үш сағат бойы мүлдем сөйлемей қою дегенің мүмкін емес нәрсе ғой. Телефонмен ана, мынаны айтамыз ғой жұртқа. Бірақ, тап мына саған тіл қатпауға, тіс жармауға уәде беремін!

Қызбала: Жарайды, жеңеше, ойнаймын! Тым қатты кетпеңіз! Ал, онда, әңгіме былай...

Жеңгеш: \ *әуестене:* \ Міне, құлағым өзінен өзі саған қарай кетіп бара жатыр! \ *Құлағын қолымен қалқалап, үстелге шынтағын тіреп, Қызбалаға қарай еңкейіп, еміне түседі.* \

Қызбала: \ *сәл бөгеліп, терең дем алып, тәуекел етіп:* \ Айтсам, былай! Маған бір жігіт ғашық болып, сөз айтты!

Жеңгеш: \ *дегірсізденіп, аптығып:* \ Мә-ә! Мынауың әңгіменің төресі ғой! Ал, сен не дедің? Қарсы болдың ба, жоқ па? \ *Бұлғаңдап, қасын керіп, құбылып:* \ Былай кішкене бұлданып, бәлденіп, жүгіртіп қойдың ба, әлде, түк көрмегендей қолқ ете түстің бе?

Қызбала: Түу, жеңеше, тұра тұрыңызшы аптықпай! Рет-ретімен әдемілеп айтып берейін!

Жеңгеш: \ *сәл саябырсып.* \ Ал, иә! Сөйте ғой! Әңгіменің, әсіресе махаббат хикаясын дәмін кіргізіп айтқан жөн...

Қызбала: Қарсы болғам жоқ! \ *шынайы сезіммен:* \ Өйткені мен де ол жігітті жақсы көремін!

Жеңгеш: Шіркін, жас болғанға, махаббатқа мас болғанға не жетсін! Ал, иә, сонымен... Ол өзі қандай жігіт? Аты-жөні кім? Қай жақтан?

Қызбала: Оның аты – жөні – Айткен Айталиев! Әйткен деп еркелетіп атап кеткен жұрт. Ол менімен әріптес, театрда істейді. Дарынды әртіс әрі әнші! Бір сөзбен айтқанда, сахна шебері!

Жеңгеш: Сұлу ма? Сымбатты ма?

Қызбала: Сұңғақ бойлы! Келбетті! Ер мінезді! Жігіттің сұңқары!

Жеңгеш: Ойпырмай, басың айналып – ақ қалған екен! Жарайды, алданып, аузыңды ашып қалмасаң болды! Сөздерің шын ба? Уәделерің бар ма?

Қызбала: Иә! Серттесіп, сөз байластық! Ендігі мәселе – бас қосып, үй болу! Соның жол-жобасы қалай болады? Сізге сырымды айтып отырған себебім де сол! Әйткен әй-шайға қаратпай, бүгін алып кетуге дайын!

Жеңгеш: \ *Ойы сан-саққа жүгіріп:* \ Сонымен солай де! Айтқандайын, баратын жерің қандай екен?

Қызбала: Қандайы несі?!

Жеңгеш: Әулеті мен сәулеті қандай, бәрінен бұрын дәулеті қандай екен деп сұрап тұрмын мен сенен!

Қызбала: Білмеймін... енді... Әке-шешесі ерте қайтқан... Әжесі, туыстары бар көрінеді. Өзіміз сияқты... Ауылда тұратын... оп-оңды кісілер...

Жеңгеш: Түсінікті! Сенің әке-шешең сияқты болса, жетіскен екенбіз! \ *Қызбала ұнатпай, қабағын түйеді. Жеңгесі оған қарамай*

сөйлей береді: \ Қазіргінің қыздары «ақшасы көп, ақылы аздарды аулайтын қу болады» дейтіні қайда? Шалбарына емес, долларына қарайтын заман емес пе? Жөн білетін қыз болсаң осы жағын ойлар едің ғой...

Қызбала: Жеңеше! Не деп тұрсыз? Біз бір-бірімізді жақсы көреміз-бітті! Басқа әңгіменің керегі жоқ!

Жеңгеш: Керегі болғанда қандай! Дүние тек екеуіңе ғана тіреліп қалған жоқ! Әлі – ақ көзің жетеді! Тек өзіндей кейбір қыздардың кәмерсанттарға тиіп алып, шікірейіп шыға келгенін көргенде, ішіміз қыз-қыз қайнайды. Сен солардан кем бе едің... әртіске тиетіндей? Қыздың сұлуы, өнердің жұлдызы сенсің! Саған көзі түспейтін, көңілі құламайтын жігіт бар ма? Солардың бірін таңдап, бір дөкейдің баласына баратын-ақ жөнің еді ғой! Мүмкін, әлі де ойланарсың...ә?

Қызбала: Өзім сүйген жарымды ақшаға да, басқаға да айырбастамаймын! Жеңгем деп сырымды ашып, ақылдасып отырсам, қайдағы-жайдағыны айтып, көңілімді неге алай-дүлей қыласыз?

Жеңгеш: Жә, жә... Ойнап айтамын, ойнап айтсам да сенің қамыңды ойлап айтамын. Жә! Бір бірінді күшті сүйесіңдер ме?

Қызбала: \Қысылып, ұялған сыңай танытады:\ Ой, жеңеше-ай!

Жеңгеш: Қой, қалқатайым, сызылмай! Дәл қазір сенің алдыңда екі жол тұр... Не оны шын сүйесің, не сүймейсің!

Қызбала: Ал, сүйемін!

Жеңгеш: Сүйсең, сенің алдыңда екі жол тұр. Не оған тиесің, не тимейсің...

Қызбала: Тиемін!

Жеңгеш: Тисең – сенің алдыңда екі жол тұр!

Қызбала: А-а?

Жеңгеш: Не қашып кетесің, не қолдан ұзатамыз!

Қызбала: А-а! Қашқаны қалай?

Жеңгеш: Солай! Жігітің алып қашып кетеді!

Қызбала: Ойпырмай!

Жеңгеш: Негізі, ың-жыңсыз қашып кеткенің дұрыс!

Қызбала: Не дейсіз?

Жеңгеш: Қаш та кет!

Қызбала: Неге?

Жеңгеш: Қолдан ұзатқанның әлегі көп, қалқам! Заң бойынша, әуелі құда түседі- ол бір шығын. Алып кетуге тағы келеді топтанып-тағы шашылу. Қыз ұзату тойының шығыны шаш-етектен... Заман

болса мынау-кімнің шекесі қызып отыр қазір? Тоқ етері- әке-шешенді аясаң, тып-тыныш тайып отыр!

Қызбала: Айтпай кетіп қалсам, әке-шешем ренжіп, жыламай ма?

Жеңгеш: Неге жылайды, ей? Бой жеткен қыздың абыроймен теңін тапқанына дені сау адам қуанбаса, жылай ме екен?

Қызбала: Қолымнан қызықтап ұзатар едім ғой деп өкпелесе ше?

Жеңгеш: Жоға! Ашып айта алмайды әке-шешен, әйтпесе, әуре қылмай зытып отырғаныңды теріс көрмейді!

Қызбала: Елден ұяттау болмай ма? Ешкімі жоқ адам құсап...

Жеңгеш: Сүюге ұялмағанда тиюге ұяласың ба? Сенен зорлар да жігітінің етегінен мықтап ұстап алып, жердің түбі болса, да бір-ақ тартқан. Міне, өзіміз де келгенбіз...жаман ағаңның тар-тар еткен екі аяқты матасекілінің артында талтайып отырып-ақ... Ибай-ай десейші, тым болмаса көгала құрдас сияқты үш аяқты матасекілдің лөлкесіне де мінгізіп әкелмеді-ау, лағанат! Бірақ, шүкір, содан жаман болған жоқпыз. Әлгі екі аяқты матасекіл құтты болып, әуелі егіз тауып жіберді ғой мына жеңешенің!

Қызбала: Үш аяқты матасекілмен қашқанда, үшеу болар ма еді?

Жеңгеш: Пай, шіркін! Инеліктей боп иномаркімен қашқан сендердің төртеу тапқандарыңды көрермін!

Қызбала: Бұйырғаны болар...

Жеңгеш: Болсын, болсын... Тезірек болсын десең, тезірек қашып кет! Жігіттің жеңі қолға ілікті ме, айырылма! Ырғалып-жырғалып, бұлданып жүргенде талай қыз байсыз қалған жоқ па?... Айтқандайын, әлгі әртісіңе иномаркі қайда- а!

Қызбала: Жаяу болса да кетемін!

Жеңгеш: Кетем десең, кетерсің, мұратына жетерсің! Бірақ, ағайын-туыс, ел-жұртыңның жол-жоба, заң-зәкөнін не етерсің!?

Қызбала: Қайдағы заң-зәкөн жиырма бірінші ғасырда?

Жеңгеш: Жүзінші ғасырда да қалмайтын жөн-жоба ол! Оны біз өзгерте алмаймыз!

Қызбала: Ал, жарайды, мейлі солай-ақ болсын! Біз енді не істейміз? Шындығында, ата-анама айтпай, ақ баталарын алмай, қашып кете алмаймын ғой!

Жеңгеш: \Күрсініп: \ Е-е, сен де мәселені көбейтетін болдым деші! Оны ағайынмен ақылдасып көрерміз! Қолдан ұзатсақ, біздің алдымызда екі жол тұр! Жоқ, тіпті екіден де көп жол тұр! Бітпейтін жол, жөн, жоба, кәде, мәде, көди –сөди, кәкүр-шүкір. Ырым-жырым, ырбың-жырбың...Ал, ырым-жырымның аяғы – ырың-жырың!

Қызбала: Өй, зәкөншік жеңешем-ай сол! СІЗ соның бәрін қайдан білесіз?

Жеңгеш: Е-е, өмір үйретті ғой не бір құйтырқыны! Бөтен елмен табысу, оңай емес! Құда болу – үлкен өнер! Оған ақыл, айла керек!

Қызбала: Қызық! Ешқандай айла, құйтырқысыз-ақ, шын жүрекпен құшақтасып, құда болуға болмай ма?

Жеңгеш: Өмірде бәрі ойдағыдай бола бермейді! Салт-дәстүрмен санасуға тура келеді!

Қызбала: Жарайды, мақұл! Бірақ, біздің оған қатысымыз жоқ! Өздеріңіз санаса берерсіздер...

Жеңгеш: \ *таңқылдап:* \ Е-е, ондайды бізге жібер. Басқа, басқа, ол жағын қатырамыз ғой! Құданың қалпағын қайырып, қалтасын қаға алмасақ, несіне қатын болып жүрміз!

Қызбала: \ *күліп жіберіп:* \ Ойпырмай, зәкөншік жеңешем-ау сол, көзіңіз жайнап кетті ғой!

Жеңгеш: Енді ше! Бұл дүниенің бір қызығы – құда болу емес пе?

Қызбала: Болсын, болсын! Тағы да бір жаңалығым бар! Сізге соны айтсам ба екен, айтпасам ба екен?

Жеңгеш: \ *Елең етіп:* \ Апырай, ә? Ал, құлағым сенде!

Қызбала: Ал, ендеше... Мен біздің театрдың атынан Облыстық арулар конкурсына қатысайын деп жатырмын!

Жеңгеш: Мә-ә! Кер-ре-мет қой! \ *орнынан ұшып тұрып, әрлі-берлі жүріп* \ Мынауың қатып кетті, қалқажан! Жарысқа түспе, түстің екен, жарқырып жарып шығатын бол, Мисс Мира деген атты алып шығатын бол!

Қызбала: \ *жеңгесінің қуанғанына риза болып:* \ Рахмет, жеңеше! Айтқаныңыз келсін! Бірақ, бұл өзіміздің облыстық конкурс. Әлемнің ауылы алыс әзірге!

Жеңгеш: Сен озуыңды біл! Ар жағын біз өзіміз білеміз! Жұлдыз болып жарқырап, тіпті, кіп-кішкентай жұлдызша болып жылтырап шықсаң болды, өзіміз үлкейтіп аламыз, жарығым!

Қызбала: А-а? Қалайша?

Жеңгеш: Солайша! Мәселе – мақтана білуде! Мақтаныш тұта білуде! Кішкентай нәрсенің өзін көркейтіп көрсете білсең – керемет болып кетеді! Адамға ауыз шіркін не үшін берілген? Айту үшін, аударып-төңкеру үшін, жалпақ жұртқа жар салу үшін берілген! Сәл нәрсені асқақтатып, даңғазалап, жарнамалап, жұртқа жақсылап көрсете білсең, жалпыға жайылып, маңызы артып кетеді.

Қызбала: Ондай да бар ма еді?!

Жеңгеш: Болғанда қандай! Қазір тіпті өршіп кетті! Ертең облыс аруы атағын жеңіп алсаң, шіркін! Көрер едім көркейткенді! Біз үшін ол Мисс Мирамен бірдей! Біз солай бағалаймыз, солай мән береміз! \ *өзінен өзі кіжініп:* \ Солай бағалатамыз да! \ *шұғыл тоқтап:* \ Айтпақшы, қашан болушы еді ол жарыстарың?

Қызбала: Алдағы сәрсембіде!

Жеңгеш: Сәрсембінің сәті деші! \ *Қуанып:* \ Қатып кетті! Ал, құдалар қашан келеді?

Қызбала: Сенбі күні!

Жеңгеш: Міне, ғажап! Тіпті қолмен қойғандай! Бұйырса, сәрсембіде сен Облыс аруы атансаң, сенбіге дейін біз оны әлемде теңдесі жоқ аруға айналдырып, Әлем аруы – Мисс Мира атандырып, құдалардың алдынан сондай дәрежемен шығамыз!

Қызбала: Қойыңызшы, жеңеше, ұят емес пе? Ол конкурстың құдалыққа қандай қатысы бар?

Жеңгеш: Тікелей қатысы бар! Қатардағы жай әртіс қызға құда түскен қандай, Әлем аруына құда түскен қандай! Ә-ә! Айырмасы аспан мен жердей! Қадірі де, құрметі де сондай! Жол-жоралғысы да бөлек! Ұқтың ба?

Қызбала: \ *Сөз астарын түсініп қойып, тіксініп:* \ Ұқпаймын! Ұққым да келмейді!

Жеңгеш: \ *Зілсіз, қуанышты:* \ Ұқпасаң –ұқпай –ақ қой! Тіпті, ұқпағаның жақсы! Сен жеңіп шығуыңды біл! Қалғанын бізге жібер!

Қызбала: Өй, зәкөншік жеңешем!

Жеңгеш: Ол жағын қатырамыз! \ *орнынан тұрып:* \ Ал, ендеше мен тезірек бұл әңгімені ағаңа, әке-шешене жеткізейін! Әйтпесе, мұндай жаңалықты ешкімге айтпай, іште сақтау – денсаулыққа зиянды! \ *кеуі де күледі.* \ Онда не тұрыс!?

Жеңгеш күле сөйлеп шығып кетеді. Қызбала Әйткенге телефон соғады.

Қызбала: Әлә, Әйткен! Мен жеңгеммен сөйлесіп, бәрін айттым. Ол кісі қазір ата-анама, туған-туыстарға жеткізеді. Иә, ол кісінің аузы деген әлемдік ақпарат құралдарынан да жылдам! Ә-ә, не дейсің? \ *күліп:* \ Сіздерде де бар ма ондай жеңге? Бір түгіл, екі жеңге келіп отыр дегендей екен...Олай болса, сіздің жеңгеніз біздің жеңгемізге телефон соғып хабарлассын. Сөйлесіп, ары қарай не істейтіндерін үлкендер өздері келісе берер. \ *күліп:* \ Тек қана екі зәкөншіктің сымдары замыкайт етіп қалмаса жарар еді!

11 – Көрініс.. Телефонмен тартысу.

Дөкейдің үйі. Тапалдың үйі.

Дөкейдің үйінде Жаңыл жалғыз өзі.

Әлденеге абыржулы.

Толқып, әрлі, берлі әндетіп жүреді. «Қызбала, ой, қыз бала, Қызбала, ой, қыз бала!»

Салден кейін тәуекелге салып,, Жеңгешке телефон соғады.

Жаңыл: \Телефон номерін теріп, жасауабын күтеді. Сал толқулы. Аптығыңқырап:\ Үй, алсайшы енді...керілмей! Қыз беретін болғасын бұлданыңқырап жатыр-ау әдейі...салмағын білдіріп...\ телефон қосылады. Даусы өзгеріп, құбылып, сызылып сөйлейді.:\ Әлө! Әлө!

Жеңгеш: \ Өз үйінде:\ Иә, тыңдап тұрмын!

Жаңыл: Сәлеметсіз бе?

Жеңгеш: Сәлеметсіз бе?

Жаңыл: Сіз Қызбаланың жеңгесі Жеңгешсіз бе?

Жеңгеш: Болсақ болармыз.

Жаңыл: Менің есімім Жаңыл, Әйткеннің жеңгесі боламын. Танысқанымға қуаныштымын, Жеңгеш!

Жеңгеш: \ өзіне – өзі сенімді, сәл өктемдеу:\ Жеңгеш деп жұртым еркелетіп атап кеткен. Негізі менің шын атым Жеңіскүл...Победа, Виктория! Тек қана жеңіске жете берсін деп қойған ғой. Сол атымды ақтап, мен де ешкімге есемді жібермей, бәрін де жеңе берсем деймін! Жеңілу дегеннің не екенін білмеймін! Тек қана жеңуді білемін, және үнемі жеңіп келе жатырмын. Сондықтан, менімен жақсы боламын десеніз, қазірден жеңілуге дайындала беріңіз!

Жаңыл: \ Жыны келіп қалса да, сыр білдірмеуге тырысып, бірақ даусы қаттырақ шығып:\ Ойпырмай, мұныңыз қызық екен! \әзілге сайып, күлкіге айналдырып:\ Әзіліңіз шығар, әйтпесе, танысып, біліспей жатып біреуді жеңгіңіз келіп тұратыны бір түрлі екен. Сонда қалай, сіз тек қана жеңуге, қалған адамдар сізден жеңілуге жаралып па?

Жеңгеш: \ күлген болып, бірақ, ар жағды жақтырмай:\ Әзіл десеніз де осы, шын десеніз де осы! Әзілдің жартысы әзіл, жартысы шындық деген ғой. Сондықтан, осыған көнсеңіз де көнесіз, көнбесеңіз де көнесіз! Өйткені, бәрібір алдымызға бас иіп келесіз!

Жаңыл: \ танауы делдиіп, жыны қайнап кете жаздап, өзін зорға

тежеп, жөнге көшеді: \ Енді, әрине, біз сізден қыз алатын болғасын, қазақ жолымен сіздің жолыңыз үлкен! Оған тоқтаймыз. Сізге телефон соғып отырғаным да сондықтан. Екі жақтан екі жеңге сөйлесіп, білісіп, істің мән-жайын ақылдасып алайық дегенім ғой. Қызбала сізге әңгіменің мән – жайын айтқан шығар?

Жеңгеш: Иә, айтқан! Біз текті елденбіз. Тамырлы, түбірлі жерденбіз. Бұл елден қыз алсаңдар – тұқымдарың жақсарады!

Жаңыл: Е-е, немене, біздің тұқым жаман деп кім айтты! Құдайға шүкір, ешкімнен кем емеспіз! Біздің балаға тисе, қыздарыңыз құлпырып шыға келеді!

Жеңгеш: Құлпырса жастар құлпырсын! Ал біздің, яғни үлкендердің міндеті – оларды бүкіл жол-жоралғы, жөн-жобаны сақтай отырып, әдемілеп қосып, жаңа отауға бақыт тілеу!

Жаңыл: Ия, бәрінен де соны айтыңыз!

Жеңгеш: Ал, сіздің алдыңызда екі жол тұр...Не біздің зекенге бағынасың, не бағынбайсың! Бағынбасаң, қыз түгілі мұз да жоқ, тұз да жоқ! Бағынсаң, басыңды иіп, қолыңды қусырып келесің, айтқанымызға көнесің, қалағанымызды бересің, сонда ғана қызды көресің!

Жаңыл: Дұрыс қой, айтуыңыз орынды. Бірақ, заманның ыңғайына, балдардың жағдайына қарайық та. Әйткеннің жағдайын білетін шығарсыз...Қызбала айтқан шығар...Әке-шешесі ерте қайтыс болған, жалғыз әжесімен тұрады.

Жеңгеш: Айтқан Қызбала! Бірақ, оған біздің қандай қатысымыз бар? Жетім болса өзіне жетім! Біз жетім емеспіз! Үйбәй-ай, сендер жетім екен деп, Қызбаланың тойын жетім қыздың тойындай қылып, бейшара болатын жайымыз жоқ. Дүрілдетіп өткіземіз!

Жаңыл: Дегенмен, балалар екі жаққа да бірдей, жағдайға қарап, көрпеге қарай көсілген дұрыс болар!

Жеңгеш: \ *Дауысы қатқылданып, дөкірленіп:* \ Оны маған несіне айтып тұрсыз? Неменеге жылай бересіздер? Жетілген кезі болған жоқ па? Ағайын, туысы бар емес пе? Сіздерді айтамын...Мұндайда қанға қызбайтын, намысқа шаппайтын туыстың керегі не?

Жаңыл: \ *шамданып:* \ Сіз олай деменіз! Біз де бармыз, елміз!

Жеңгеш: Бар болсаңдар ел сияқты келіңіздер!

Жаңыл: Е, несі бар? Бұйырса, барамыз ел сияқты!

Жеңгеш: Кім сияқты келгендеріңді кезінде көрерміз!

Жаңыл: Біз ел сияқты келуімізді білейік, сіздер ел сияқты қарсы алуды біліңіздер!

Жеңгеш: Оған қам жеменіздер! Біздің ауылдың шекарасынан аттаған сәттен бастап, сіздер біздің зәкөнге кіріп, біздің қамқорлығымызда боласыздар!

Жаңыл: Жарайды, мұныңызға мақұлмыз!

Жеңгеш: | Кеңінен көсілте сілтеуге дайындалып, тамағын кенеп: \ Е-е, міне, сөзіміз енді жарасайын деді. Олай болса, құдалардың алдынан өтуге келудің бірталай құпия сырлары бар... Біздің зәкөн бойынша...

Жаңыл: \ Оның сөзін шорт бөліп: \ Сіздің зәкөнді барған соң көре жатармыз. Әзірге, өз зәкөнімізбен бара берсек деп отырмыз...

Жеңгеш: \ Басқа жағына айналдырып жіберіп, салқын сыпайылықпен: \ Е-е мейліңіз... Тек әйтеуір сіздің жақтың жол-жоралғысы біздің жақтың көңілінен шықпай қалмасын деген жанашырлық қой біздікі.

Жаңыл: \ бұл да салқын, салмақпен: \ Шықса да, шықпаса да, жақса да, жақпаса да біз өз заңымызбен барамыз! Ал, сіздер өз жағыңызда өз зәкөніңізді жүргізе берерсіздер!

Жеңгеш: \ шырт етіп, шыны дауыспен: \ Оны көрерміз әлі! Келмей жатып, қызды алмай жатып, бізге шарт қойғаныңызға жол болсын!

Жаңыл: \ бұл да қылт етіп, қатқыл дауыспен: \ Шарт қойып жатқан жоқпын, істің дұрысын айтып жатқаным ғой!

Жеңгеш: Е-е, сонда немене, біздікі дұрыс емес деп тұрсың ба? Жоқ, Жаңыл, сіз жаңылып кеттіңіз! Біздікі дұрыс па, бұрыс па, оны өзіміз білеміз! Тіпті, дұрыс болмаса да, қисығымызды біреуге жөндетіп, мән үйренуден кеткелі қашан! Сондықтан, бізді түзеймін деп әуре болмаңыз! Өздерінді жөндеп алсаңдаршы әуелі!

Жаңыл: Жөндейтіндей, бүлінген ештемеміз жоқ! Біз өз жолымызды жақсы білеміз! Сондықтан да, сол жобамыздан жаңылмай, өзімізше барамыз деп отырмын ғой! Қалғанын бара көрерміз!

Жеңгеш: \ егесіп: \ Көрсек көрерміз! Жөн – жобаларыңды байқап тұрмын... Тек әйтеуір, дос бар, дұшпан бар дегендей, дұрыстап келуді ұмытпаңыздар!

Жаңыл: \ бұл да егесіп: \ Е-е, немене, біз жаңа ел болды, түк көрмеді дейсіз бе? Көрдік, бұйырғанын... Сіздерді де көрерміз...

Жеңгеш: Ендеше, көріскенше, Жаңыл!

Жаңыл: Иә, амандықпен, жақсылықпен жолығайық! Сау болыңыз!

Жеңгеш: Сау болыңыз!

Жеңгеш телефонын сөндіріп, ызаланып, қабырғаға ызбарлана қарап, қақиып отырып қалады. Іштей ойы сан-саққа жүгіріп, өзімен-

өзі арпалысып жатқаны байқалады.

Жаңыл телефонды сөндірген соң, өзіне – өзі келе алмай, зығырданы қайнап, арлы-берлі жүреді. Жұдырығын түйіп, қолын сермеп, аштей алденеге кіжініп, кіжініп қояды.

12 – Көрініс. Әртістердің әзілі.

Театр сахнасы. Қызбала мен Әйткен көркем сөз оқу шеберлерінің конкурсына дайындық үстінде. Қағаздарына қарап, өлеңнің сөздерін іштерінен оқып, қолдарын сермеп, арлы-берлі жүр.

Қызбала: \Қағаздан басын көтеріп:\ Иә, не жаңалық?

Әйткен: Кеше той басқарып...

Қызбала: Ал?

Әйткен: Мені көрген бетте той иесі жеңгей: «Біздің тойымыз – ешкімге ұқсамайтын, ерекше той болуы керек! Өйткені біз ерекше адамдармыз! Қонақтың бәрі елиті!» – деді. «Біз елитіміз! Бредпіз!» – деп шегелеп қойды.

Қызбала: Не деген кәррәмәт!

Әйткен: Элита, бренд дегені екен ғой!

Қызбала: Хи-хи-хи!

Әйткен: Содан кейін жеңгей: «Бір мың бір адам шақырып отырмыз! Жүз бір жұлдыз келеді! Бәрі бірдей ән салуы міндетті емес! Тойда жүрсе болды. Ставкаларын береміз! Бұл тойда пәленше, түгенше деген жұлдыздардың өзіне кезек тимей қалыпты деген аты керек!» – деді нығарлап...

Қызбала: Мәссаған!

Әйткен: Сонымен, той басталды. Аққудай боп екі жас жарасып – ақ тұр. Амал не, қалыңдық жартылай жалаңаш. Білегі, мойны былай тұрып, иығы, қолтығы ашық-шашық, көкірегі үңірейіп, төсі көрініп тұр. Арқасы беліне дейін жап-жалаңаш! Жалаңаш жонын жалтыратып тұрған жас келінге қарауға да ұялады екенсің!

Қызбала: Ұят-ай! Қой деген адам жоқ па?

Әйткен: Онда ешкімнің жұмысы жоқ! Бір дөкей бастық келген екен, бәрі соның асты-үстіне түсіп әлек. Той иесі әлгі дөкейге бір арғымақ сыйлады. Жылқышы атты жетектеп алып кірді ғой ресторанға! Әлгі дөкей тізгінінен ұстай бергені сол еді, ат кісінеп қоя берді. Кісінегенде де күлдірлетті ғой! Микрофонға кісінеген атты кім көрген – даусының жаңғырығынан ресторан құлайды екен деп зәреміз ұшты.

Қызбала: Содан?

Әйткен: Дөкей риза! Ол риза болғасын бәрі де мәз! Ух, ақыры атты әкетті – ау! Бір кезде той иесі ағамыз келіп тұр елпілдеп. «Бол, тез, тағы да кісінетіндер!» – дейді. Сөйтсек, ана дөкей атты мақтап, кісінегені қандай керемет депті!

Қызбала: Ал? Сен қайттің?

Әйткен: Қайтуші ем...Ағаймен бірге сыртқа шығып, жылқышыға атты кісінет деймін. Анау қайтіп кісінетемін деп аң-таң. Сонан, той иесі атты ары айналдырды, бері айналдырды. «Кісіне!»-деп жалынды, ұрысты – ат оны түсінбеді! Түсінбегесін – кісінемеді! Ағамыз бір кезде маған кісіне деп қарап тұр! «Неге кісінеуім керек?»- дедім. «Сен әртіссің ғой, мен ақшанды төледім ғой, кісіней салсайшы!» – дейді!

Қызбала: А-ха-ха! Күлдір-күлдір кісінетіп... Ох, сенің ат болып кісінеп тұрғаның қандай күлкілі!

Әйткен: «Кісінемеймін! Әйткені мен кісімін!» – дедім. Амалы құрыған ағамыз аттың жанына тұра қалып, өзі кісінеп қоя берді! Кісінегенде де ішін тарта ышқынып, айнытпай келістірді – мен оның аузына микрофонды тосып тұрдым. Сол кезде әйелі кеп қалды. Ұрсып, қойғызады екен деп тұрсам...Бір кезде қосыла кісінеп қоя берді! Дуэтпен кісінеген жылқыны кім көрген! Ух, ақыры қойды-ау бір кезде!

Қызбала: Масқара ғой! Маскарад!

Әйткен: Біз сияқты гениальный әртістер, маскарадты басқарат!

Қызбала: Әй, кішкене шиыр, әзірге әригинәлни болсаң да жетіп жатыр!

Әйткен: Сен қимасаң қима! Бірақ, Чезаре Ломброзонның «Гениальность и умопомешательство» деген кітабын оқығаннан кейін, өзімнің гениальный екеніме көзім жетті. Әйткені, ол аса дарынды адамдар қияли, біртүрлілеу болады деген екен. Мен енді, өзің көріп жүрсің ғой, шынында да біртүрлі емеспін бе? О-о, менің әпенделіктерімнің өзі бір кітап болатын шығар!

Қызбала: Хи-хи-хи!

Әйткен: Биылғы Жаңа жылда...бір жерде Аяз Ата болдым. Дәл басталатын кезде қарасам...сақалым үйде қалып қойыпты! Мәссаған! Кім саған аяқ астынан бір құшақ сақал тауып бере қояды! Жаман састым!

Қызбала: Алдар Көсе Аяз Ата бола салмадың ба?

Әйткен: Қайдағы...Содан, шықпай тығылып біраз отырдым. Ақшақарым барын салып-ақ жатыр. Бір кезде: «Дед Мороз! Дед Мороз!»- деп хормен айғайлауға кірісті. Амал жоқ, дорбамды мойныма асып алып, шыға бергенде, ғайыптан бір ой сақ ете қалды. Дереу Ақшақар – Снегурочканың бір бұрымын жұлып алып,

аузы-мұрнымды бір орап жабыстырып, қалғанын салбыратып қоя бердім. Жұрт ду күлді. Күлгесін бітті ғой, қалғанын қатырамыз ғой. «Оригинально!» – деп, қолды соқты жұртшылық!

Қызбала: Міне, саған тым данышпандықтың керегі не? Тамаша тамада болсаң да жетіп жатқан жоқ па?

Әйткен: Өстіп өлтіресіңдер ғой таланттарды!

13 – Көрініс. Ауыл. Құдалыққа дайындық.

Қызбаланың ата-анасының үйі.

Сұрамшақ әйелімен, інісі Тапал әйелімен – төртеуі алдағы құдалық жайын ақылдасып отыр.

Сұрамшақ: Ал, айналайындар, балалардың әңгімесін естіп жатсындар. Білек сыбанып кірісетін де, жүктің ауырын көтеретін де, тойдың қызығын көретін де өздерің. Өне, міне дегенше, құдалардың келетін уақыты да боп қалыпты. Қане, не ойлағандарың бар?

Құдағи: Қызығымыздың алды. Алғашқы тойымыз, өздерің де білесіңдер. Енді, соны дұрыстап атқару бәрімізге де үлкен міндет.

Тапал: Ойланатын не бар? Ұрыста тұрыс жоқ деген, дайындалу керек. Әуелгі келген құдаларды үйде күтейік. Аулаға киіз үй тігіп, қазақы салт-дәстүрімізбен қарсы алайық. Арғы жағын сөздің ыңғайына қарай көре жатармыз.

Жеңгеш: Иә, мұндайда ұтылып қалмау жағын қатты ойластыру қажет. Маған звондады жігіттің жеңгесі.

Құдағи: Иә, қалай екен сөзінің түрі?

Жеңгеш: Шынымды айтсам, маған сөзі де, өзі де ұнаған жоқ!

Сұрамшақ: \ шынымен шошыңқырап: \ Апырмай, ә? Қиын болған екен онда! Енді қайттік?!

Тапал: \ күліп: \ Ой, аға, қараптан –қарап шошымаңыз! Біздің жеңімпазға көп адам ұнай бермейді. Кішірейіп, қол қусырып, жаздым, жаңылдым, міне, жеңілдім дегендерге ғана жүрегі жылиды Жеңіскүл –Победа-Викторияның! Жігіттің жеңгесі де бір ауылдың қаһарманы шығар, бейтаныс кісіге бірден құлай қойсын ба? Оның да өз саясаты бар шығар!

Жеңгеш: Жоға, сіз де соға бересіз-ау кейде! Мен не, сонша, монстрмын ба, көрінгенге ұрына беретін? Ал, мына жеңгесінің жыныма тигені рас. Өздерінің мүдделерін ғана ойлап, өз мақсаттарына жету үшін неше түрлі айла-шарғыны жасайын деп отыр! Оған қайтіп

көнерсің? Алтындай қызымызды берейін деп отырып, солардың әуеніне төңкеріліп, айтқанымен жүреміз бе, жоқ әлде өз еліміздің жөн-жоба, жол – жоралғысын ұстаймыз ба? Маған осының басын ашып айтып беріңдер. Ертең әрқайсымыз әр жаққа тартпай, бір сөзге тоқтайтын болайық!

Тапал: Міне стратег! Баяғының жеңімпаз генералдары да сендей-ақ болған шығар-ау!

Жеңгеш Тапалмен, Қызбаланың ата-анасымен сөйлесіп отыр. Жаңылмен болған әңгімені бастан – аяқ тұздықтап айтып береді.

14 – Көрініс. Құдалыққа жиналу.

Әженің үйінде Әйткеннің туыстары құдалыққа дайындық үстінде. Құданың алдынан өтуге, сырға салуға дайындалып, ақылдасып, ырду-дырду болып, керек – жарағын түгендеп, қоржынға оны-мұныларын салып жатыр. Аға, жеңгесі. Дөкей – Әйткеннің әкесінің немере інісі, оның әйелі Жаңыл. Қауқылдасып, дуылдасып, мәре-сәре.

Әже: Ал, бір қызық жағдай болып жатыр. Біздің Қызбаламыз... болашақ келінді айтамын... қыздардың облыстық конкурсына қатысуы керек екен. Оны Әйткен жүргізеді екен. Онысы бар болғыр келесі аптада болуы керек екен, аяқ астынан ертеңге ауыстырып жіберіпті. Енді, қанша уақыт дайындалып, күтіп жүрген жарыстары... Қалуға болмайтын көрінеді. Қысқасы, сендер о жақта құданың алдынан өтіп жатқанда, балдар мына жақта қазының алдынан өтіп жатады. Бұл да болса бір қызық! Айтпақшы, қатысушыларға қазылар алқасымен қатар, көпшілік көрермен, жанкүйерлер де СМС – пен дауыс береді екен. Ал, аямай беріндер дауыстарыңды біздің Қызбалаға! Облысымыздың ең таңдаулы қызы деген атты біздің келін жеңіп алса, бәрімізге де үлкен мерей емес пе! Мен ерінбей телефонды шұқылап отырып, әдрісін тауып алдым да, бердім даусымды айқайлатып.

Бәрі дуылдап, қоштап: «О-О! Охо!» «Береміз дауысты!» «Күшті екен келін!» – деседі.

15 – Көрініс. Конкурсқа дайындық.

Театр сахнасында.

Қызбала: Талант болсаң, барыңды бер өнерге деген ұстаздарымыз! Конкурс таяп қалды! Ой, қорқамын!

Әйткен: Сахна – саңлақтар мен сұңқарлардың орны! Сахнаға шықпа, шықтың екен, бұқпа!

Қызбала: Қазылар алқасының төрағасы – Тойтан ағай! Мені құлататын –ақ шығар!

Әйткен: Қорықпа! Жалғыз ол емес, басқа да жұрт бар ғой! Көпшілік көрермен СМС-пен дауыс беретінін де ұмытпа! Тіпті, түк алмасаң да ренжіме! Өнеріңмен елге нұр шашсаң – ең бастысы сол! Ал, қане, баста!

Қызбала өлең оқиды. Әйткен өлең оқиды.

Қазақтың баласымын

Аңсаған адамдардың жарасымын
Арнаған туған елге бар асылын,
Қиялы көп болғанмен зияны жоқ
Қазақтың мен де ақкөңіл баласымын!

Кейде тоқ,кейде болдым жүдеу-жадау,
Керек пе сөз көбейтіп бәрін санау?
Апырмай,мен де осындай болсам дейтін
Тұлға көп адамзатта қадау-қадау,
Ешкімнің биігіне таласпаймын
Өзімнің жолым жатыр тарау-тарау!

Жалғанда жаманшылық қуыспаған
Адамдар ақ пейілді туыс маған,
Алла деп ақ сөйлегем домбыра алсам
Жалтақтап және ешкімнен ығыспағам,
Түсіме кіріп ұлы бабаларым
Жолбарыс жон арқамнан уыстаған!

Су кетпесін мөп-мөлдір бұлақтардан,
От кетпесін тұтанған шырақтардан,
Белдерің бүгілмесін еңсең түсіп
Арқана тірлік артқан сұрақтардан,
Ұзақ та мәнді болсын ғұмырларың
Қазақтың өлеңіндей шумақталған!

Мәңгілік жырлай берсін дала тынбай,

Жырларын өсе берсін бала тыңдай,
Көргенде жарқын жүзді адамдарды
Аппақ нұр жүрегіме толатындай,
Сол нұрды көбейсін деп дүниеге
Себемін қарлығаштың қанатындай!

16 – Көрініс. Құдалыққа аттану.

Әйткеннің пәтері.

Әйткеннің аға-жеңгесі, туыстары- Дөкей, оның әйелі Жаңыл, Лөктір, Стақан, Сәулеш – барлығы бес адам құданың алдынан өтуге, құда түсуге қыздың ауылына аттанғалы жатыр.

Жаңыл: Қызбаланың Жеңгеш деген бір жеңгесі бар екен. Сонымен хабарласыңыз деген Әйткен. Болашақ құдамыз ғой деп, жөн-жоба, жол – жоралғысын қалай қыламыз деп, сөйлесіп көріп едім, икемге келетін түрі жоқ. Аспанға шапшып тұр! Сөзді сапырғанда, арғы-бергіні қопрапы, құтырып кетеді екен! Біздің заңымыз бойынша былай, былай істейсіңдер, мынаны, мынаны жасайсыңдар деп, өйтесіңдер, бүйтесіңдер деп талап қойғанда, талып қала жаздадым! Жарайды, барған соң ақылдасып, келісе жатармыз деп, зорға көндірдім.

Дөкей: Тура ультиматум десеңші!

Лөктір: Қой, олай демендер! Мәмілеге келуді ойлайық бірлесіп!

Әже: Құда -жекжатты алауыз қылатын осындай жолсымақтар! Түкке тұрмайтын бірдемелерді жө – өн, жо-о-оба, жо-оралғы деп жабысып алып, таласып жатқандары. Кімді көрсең де сол.

Лөктір: Бір бауырмен бір бауырды араз қылып, қазақты құртатын осындай ұсақ-түйектер!

Жаңыл: Өй, бірақ әлгі жеңгесі бір зыпылдап қалған бәле екен...

Дөкей: \күліп.\ Сен сияқты ма?

Жаңыл: Менен де өткен бір зәкөншік екен....

Дөкей: Ә-ә, не дейсің? Сенен өткен?! Сенен асатын ол қандай кісі екен,ә? Мен бұл қазақта сенің бетінді қайтаратын қатын бар деп ойламаушы едім! Мынауың қиын болды ғой!

Жаңыл: Айтпа! Нағыз бәленің өзі екен!

Дөкей: Сонда неғыл дейді?

Жаңыл: Әйтесің, бүйтесің дейді.Қайсыбірін айтайын, бара көрерміз. Біздің ауылдың зәкөні бойынша, былай деп соққанда,ерні ерніне жұқпайды. Суқаным сүймей қалды сапылдаған бәлекетті!

Дөкей: \ Әзілге бұрып, кеңк етіп күліп:\ Жеңіліп қалдың ба? Қой, Жаңыл біреуден жеңіліп қалыпты дегенің тіпті жөнге келмейді ғой!

Жаңыл: \ Шыбыжсың ете қалып:\ Жоға, жеңілгем жоқ! Бірақ, бір сөйлесе, сөз бермей, өзеуреп кетеді екен. Бірдеменің жөнін айта бастасам, оныңды қоя тұр, қыз алып отырған соң, біздің зәкөнге бағынасың деп, бет бақтырмайды. Шынында да, қыз алайын деп отырған соң, әдеп сақтап, әрең тоқтадым. Әйтпесе, ит терісін басына қаптайтын едім!

Дөкей: Е-е, жарайды, дұрыс қылған екенсің. Сен жеңілген жоқсың, сен ақылыңның бар екенін көрсеттің!

Жаңыл: \мәз болып:\ Жұрттың бәрі мені сен сияқты бағалап, менің қадірімді сен сияқты білсе ғой!

Дөкей: Енді...біз дөкейміз ғой! Жә! Бара көрерміз! Ал, оң сапар!
Барлығы аттанады.

Әже толқып, тілеуін тілеп, шығарып салады. Жеңгесі Әйткенге звондап жатыр.

Жаңыл: Әлә! Әлә, Әйткен! Ал біз жүрдік міне құдалыққа! Рахмет! Сендердің де жолдарың болсын! Конкурстан озып шығындар! Жаңа келіміз жеңімпаз болып жатса, ол да біздің мерейіміз! Сәлем айт Қызбалаға! Іске сәт! Тілектеспіз!

17 – Көрініс. Облыс аруы байқауы.

Театрда облыстық арулар байқауы басталғалы жатыр.

Төрде «Облыс аруы конкурсы» деген әлем-жәлем жарнама ілулі тұр.

Сахна шымылдығы жабық.

Әйткен: \ Сахнада арлы-берлі, дайындық жұмыстарымен жүгіріп жүріп, телефонмен сөйлесіп жүр. Сәнді киім киген. Қолында – бағдарлама. \ Рахмет, Жаңыл жеңеше! Айтамын сәлеміңізді! Жолдарыңыз болсын! Жақсы барып келіңіздер! \ Телефонын сөндіріп, бағдарламаны тағы бір қарап қояды.\

Қазақтың ұлттық, сазды музыкасы ойнап тұр.

Әйткен мен Тоты-Тотаня конкурстың жүргізушілері. Олар конкурстың шарттарын, келесі өнер түрін, қатысушылардың аты-жөнін хабарлап, саңқылдап сөйлеп, жарыс көрігін қыздырып тұр.

Әдемі, жас қыздар толқып, сахнада тізіліп, сызылып тұр..

Барлығы да сәнді ұлттық киімдер киген. Ән салып, өлең оқып, билейді.. Толқып, елеңдеп жүр.

Қазылар алқасында айтулы өнер адамдары, ғалымдар,

ақын, жазушылар. Олар сахнаның дәл алдында, көрермен залының ортасына жайғасқан. Алдарындағы үстелде бестен онға дейінгі цифрлар жазылған тақтайшалар. Қазылардың дәл ортасында шіреніп Тойтан отыр.

Қатысушылар бірінен соң бірі шығып, түрлі өнер көрсетіп, өлең оқып, ән салады.

Әйткен: \ Сахна сыртында ұлттық сәнді киім киген Қызбалаға кездесіп қалғанда: \ Жаңа Жаңыл жеңгем звондады. Кетті біздікілер құдалыққа!

Қызбала: \ кәдімгідей толқып: \ Жолдары болсын! Бәрі ойдағыдай болса екен, әйтеуір! Қарашы, мына конкурстың да қабатасып, қатар келгенін! Өзім сонда, ауылда болуым керек еді!

Әйткен: \ жігерлі үнмен, күш беріп: \ Таста уайымды! Бәрі жақсы болады! Сен бүгін озып шығуыңды ойла! \ күліп: \ Жай келіннен гөрі ару деген атағы бар келін артық!

Қызбала оған ойлы көзбен бір қарап, басын изеп, іштей сайысқа дайындала бастайды.

18 – Көрініс. Құданың есігі.

Ауыл. Қызбаланың ата-анасының үйінің алдында.

Дөкейлер екі машинамен келіп, Сұрамшақ құданың үйінің алдына келіп тоқтайды.

Қара «Джиптен» Дөкей мен Жаңыл, Стақан түседі.

Кейінгі кішірек машинадан Лөктір мен Сәулеш түседі.

Құданың ауласы тарс жабық.

Келген құдалар аң-таң болып, жан-жағына қарап тұрады.

Шыдамы таусылған Лөктір қақпаға таяп келіп, ақырын қағады.

Жауап жоқ.

Әрі-бері күтіп, мазалары кете бастайды.

Сол кезде үйдің есігін ашып, Шошақай шыға береді. Дуалдың сыртында тұрған құдаларды көріп, қайтадан үйге кіріп кетеді.

19 – Көрініс. Үйдегі ызғар.

Қызбаланың ата-анасының үйінде.

Сұрамшақтың үйінде Сұрамшақ, Құдағи, Тапал, Жеңгеш той дастарханына оны-мұны дайындап жүр. Сырттан Шошақай кіреді. Бәрі де тойға киетін тәуір киімдерін киген.

Шошақай: \ сәл толқып, шаттанып: \ Құдалар келіп тұр!

Сұрамшақ, Құдағи: А-а!? деп таңданып, қобалжып-ақ қалып, Тапал мен Жеңгешке қарайды.

Тапал жұмбақ кейіппен жымып, Жеңгешке қарайды.

Жеңгеш белсеніп, тізгінді қолына мықтап алғанын байқатып, мұрнын шүйіріп қояды. Шошақай оның аузына қарайды.

Жеңгеш: \Шошақайға: \ Келсе қайтейік? Немене, құдалық сендерге ойыншық па? Оп-оңай келе салып...оп-оңай үйге кіре салып...бір-екі жылтырақ шүберекті іле салып...оп-оңай алып жүре беретін қыз бар деп пе едіңдер? Ой, шіркіндер-ай, бәрін жеп-жеңіл шару көресіндер ме? Олай емес, есінде болсын... Біздің зәкөн бойынша, қыздың үйіне алғаш келген құда үйге кіре алмай, далада тікесінен тік тұруға міндетті! Ал оны қашан кіргізуді өзіміз білеміз!

Тапал: Онда тұрсын біраз солай! Мен кішкене мызғып алмасам болмас, кешеден бері осылардың жабдығымен жүремін деп, дұрыстап ұйқтай да алмадым. \ диванға қисайып жатады:\...Шаршаңқырап тұрмын...Үстіме бір көрпе жауып жіберші! \ Тапал жата қалады. Жеңгеш бір жеңілдеу көрпені жаба салады. Тапал қорылдап ұйқыға кетеді. \

Сұрамшақ, Құдағи, Шошақай бір-біріне қарап, бас шұлғып, шаруаларын істей береді.

20 – Көрініс. Үй алдындағы кептеліс.

Есік алдында тұрып қалған құдалардың мазасы кете бастайды. Бстық күн астында, отыратын орындық та жоқ. Төзімі таусылуға айналған Дөкей ағаш қақпаны тарсылдатып қағады. Қақпа, дуал Дөкейдің қуатты соққысынан солқылдап кетеді.

Дөкей: Ау, кім бар? Ашыңдар есікті! Ау, ахау! Тірі жан бар ма бұл үйде?

\ Сол кезде Шошақай құдаша шығады. Аспай, саспай, еріне басып келіп, қақпаның ар жағынан тіл қатады. \

Шошақай: Бұл кім?

Дөкей Жаңылға қарайды. Көзімен: «Әйелмен сен сөйлес!» дегендей.

Жаңыл: Бұл біз! Алыстан келген жолаушымыз!

Шошақай: Жолаушы болсаңыз жолыңыз болсын!

Жаңыл: Бізге Қызбала Жарқынбекованың ата – анасы керек еді! Алыстан арнайы келіп тұрмыз!

Шошақай: Біз сіздерді танымаймыз!

Жаңыл: Біз Қызбала мен Әйткеннің сәлемін әкелдік! Қызбалаға құда түскелі келдік!

Шошақай: А-а, жаңадан құда болайын деп жатырсыздар ма? Онда біраз күте тұруға тура келеді. Біздің жақтың заңы бойынша, қыз айттыра келген құдалар біраз уақыт есік алдында күтіп отыруға міндетті!

Жаңыл: Сонда, қанша күтуіміз керек!?

Шошақай: Оны үлкен кісілер біледі! Қашан кіруге рұқсат береді, сонда бір-ақ кіресіздер! Оған дейін күте тұрыңыздар!

Жаңыл: Күттік қой міне, бір сағат болды! Енді қанша күтуіміз керек екенін ашып айтшы. Қонақ үйге бара тұрайық!

Шошақай: Сіздерге ешқайда баруға болмайды. Осы жерде осылай күтіп отыруларыңыз керек. Өйткені, үлкендер сіздерге кез келген уақытта үйге кіруге рұқсат етуі мүмкін!

Жаңыл: Ал, сонда, жобамен қашан беріледі ол рұқсат?

Шошақай: Оны көресіздер уағында. Кейде кешке қарай, тіпті, түнде бір-ақ кіргізетіндері болады. Ал, көңілі соқпаса, мүлде кіргізбей қайтарып та жіберуі мүмкін!

Жаңыл: Ойпырмай! Естімеген елде көп деген осы екен ғой...

Шошақай: Сабыр түбі сары алтын деген. Біздің заңымыз осындай! Қыз алуға келгендеріңіз шын болса, оған бағынуға тура келеді! Бағынбаймын десеңіздер, жолдарыңыз эне! \ *Бұрылып, бұрала басып кетеді. Үйге кіре бергенде далада тұрған жаңа құдаларға мысқылдай бір қарап, есікті жауып алады.* \

Дөкей: \ *Қаны қайнап, ызаға булықса да, өзін-өзі зорға тежеп, зілді дауыспен ақырын гана сөйлейді:* \ Қап, мыналарды-ай! Тұра тұрыңдар, менің де қолыма бір түсерсіңдер! Көрерміз сендерді де!

Амалдары құрыған құдалар машиналарына мініп, үнсіз отырады. Бірі де телефондарын шұқылап, ермек қылады.

21 – Көрініс. Арулар конкурсы.

Театрда.

Конкурстың қазған кезі. Қатысушы қыздар түрлі өнер көрсетіп жатыр.

Әйткен: \ *ерекше салтанатты үнмен, саңқылдап хабарлайды:* \ Сахнаға облыстық қазақ театрының дарынды әртісі, облыстық, республикалық байқаулар мен фестивальдердің жүлдегері Қызбала Жарқынбекованы шақырамыз!



*Сәнді ұлттық киім киген Қызбала сызылып сахнаға шыға береді.
Залда отырған әртістер оны қолдап қол соғады.
Қазылар алқасының төрінде отырған Тойтан тымырая қалады.*

22 – Көрініс. Құдаларға рұқсат!

Ауылда. Қызбаланың ата-анасының үйінің ауласында.

Әйткеннің аға-жеңгесі, туыстары Қызбаланың әке-шешесінің үйінің алдында тізіліп отыр.

Оларды үйге кіргізбей біраз далада бөгеп қойған құдалар бір кезде, зорға дегенде, кешке қарай Шошақайды жібереді.

Шошақай ойнақтай басып, құдаларға таяп келіп: Ал, жүріңіздер! Сіздерге үйге кірсін! – дейді.

Стақан мен Дөкей бастаған Жаңыл, Лөктір, Сәулеш ақырын басып, үйге кіреді.

Оларды Сұрамшақ, Құдағи, Тапал, Жеңгеш және Шошақай қарсы алады.

Есіктен: Ассалаумағалейкум! – деп сәлем беріп кірген құдалардың сәлемін алып: Уағалейкумассалам! Жоғары шығыңыздар! – деп, мезірет жасап, жоғары шығарады.

Төрге отырғызады.

23 – Көрініс. Конкурс қызығы.

Арулар конкурсы. Театрда.

Қызбала толғанып, тебіреніп, өлең оқиды.

Бала күнгі жұлдыздар

Шексіздіктің біледі кім мөлшерін...

Қиялдадым...

Жер, көкті,

Күнді өлшедім,

Жете алмадым түбіне

Бар сезгенім

Шексіз ғалам...

Мен сенің бір бөлшегің!

Ой азабын арқалап сенделіп тым



Кетпесем де,
Көп сырды желден ұқтым,
Шырылдайды шыбын жан шырқау іздеп
Шырмауынан шыға алмай пенделіктің.

Пендешілік...
Дүние – ай,
Пәни жалған,
Дәурен – ғұмыр...
Осы ма нағыз арман?!
Менің жаным мәңгілік мән іздейді
Галактика,
Ғарыштан,
Жұлдыздардан.

Құштар болдым жұлдызға
Бала кезден,
Жылқы бағып кезекпен, дала кезген,
Жұлдыздар мен жанымның арасында
Бір жақындық барлығын қалай сезгем?!

Айсыз түн
Айдалада
Ұйқы қашқан,
Пысқырады жылқылар жусап жатқан...
Естен тана үздігіп Құс жолына,
Ұшып кеткім келетін жұлдыз жаққа.

Мөлт, мөлт еткен жұлдыздар
Көп, көп еді,
Жерге тамып кетердей көркем еді,
Суырып алардай боп өзегімді
Шақыратын жан қоймай көкке мені...

Таң атарда қоштасып, қимайтынмын,
Әлденеге ішімнен жылайтынмын,
Сыйса деуші ем
Бар ғалам жүрегіме
Сыя қоймай ол мені қинайтұғын!

Жарты ғасыр өтіпті,
Өмір легі...
Бір тынбайды қаланың дүңгірлегі,
Тынысыңды тарылтып түнгі лебі,
Жұлдыздар да қазіргі өзгешелеу
Әлде өзгерген мен бе екем,
Кім біледі?!

Бүгінгінің балдары біздей ме екен,
Көктің сырын сезе ме,
Сезбей ме екен...
Менің таза, мөп – мөлдір жұлдыздарым
Бала досын даладан іздей ме екен?!

*Өлең аяқталғанда, көрермендер дүрілдетіп қол соғады.
Қазылар алқасы түгел он балл береді.
Тойтан бөгеліп қалады. Жүзінде арпалысқан сұрақ.
Барлығы оған қарап қалады.*

*Әртістер – Әйткен, Асқар, Басқар, Тоты – Тотаня, Нәркес,
Халима: «Ал, қайтер екенсің?», «Жүйрікке қастық қылар ма екенсің?
Жоқ, адам болып қалар ма екенсің?» – дегендей, сұраулы көзбен
қадала қарайды.*

*Сахнада тұрған Қызбала Тойтанға жасқанбай, толқығанын
байқатпауға тырысып, тік қарайды.*

*Тойтан жан-жағына маңғаздана бір қарап алып, Қызбалаға
тесірейіе қарап, қатып қалады.*

Ұзақтау, ауырлау үнсіздік.

Оның көзқарасын бәрі де байқайды.

Нәркестің жыны қайнап, өзін-өзі әрең ұстайды.

Асқар мен Басқар бір-біріне, одан соң Әйткен мен Тотыға қарайды.

Әйткен мен Тоты да неғып отырсың дегендей Тойтанға қарайды.

Тойтан толқып отыр.

24 – Көрініс. Танысу.

Ауылда. Қызбаланың ата-анасының үйі.

Құдалар төрге жайғасады.

Әуелі танысып, біліседі. Қызбала жағын Тапал таныстырады.

Тақ-тақ етіп, ептеп бөсіңкіреп, есіңкіреп, аталарын мадақтап біраз жерге барады.

Тапал: Ал, танысып,білісіп отырайық. Мына кісі бас құдаларыңыз \Қолымен Сұрамшақты көрсетеді.\ Қызбаланың әкесі.\ Құдайдан тілеп алған баласы болғандықтан, ата-анасы атын Сұраған деп қойған. Аты Сұраған болған соң, бұл кісі де сол атын ақтайын деп, сұрай береді! Сұраудан алдына жан салмайтын болған соң, Сұрамшақ атанып кеткен! Түу, мен мұны несіне айтып отырмын, әлі көрерсіздер сұрағанның көкесін! \ Сұрамшақ қызарақтап, жөткірініп қояды. Тапал сөз арнасын түзеп жібереді.\ Бұл әзілдеген түріміз, әйтпесе, құдаларыңыз өмір бойы адал еңбек сауып келе жатқан адам. Ең керекті де адал кәсіп – шопырлықты қаршадайынан таңдап алып, содан айнамай келе жатыр. Техниканы білгенде сондай, бұл төңіректе алдына жан салмайды. Тіпті, ескі-құсқы мәшинелерді құрастырып, жап-жаңа зауыттан шыққандай етіп, жүре береді.

Ал мына кісі \ Құдағиды көрсетіп\ біздің байсалды Бағи жеңгеміз. Қызбаланың анасы, яғни, сіздердің құдағиларыңыз. Бұл кісі де ең адал, ең керекті кәсіптің маманы, яғни, мұғалім. Өмір бойы баланы да, ағамызды да оқытып келе жатыр! Балаларға оқуы қонғанымен, ағамызға қонбай келе жатқан сияқты! \ Бәрі де күлген болады.\

Ал мен Сүрекеңнің інісі боламын, атым Топан. Яғни, топан судай қаптайтын, тоқтамайтын, тапап өтетін болсын деп қойған ғой! Ал, мына кісі \ Жеңгешті нұсқап:\ біздің үйдегі батыр. Батыр болатын себебі – бұл жеңімпаз. Аты да Жеңіскүл, яғни Победа, Виктория. Сол атына заты сай болып шығып, жұртты жеңбесе жүре алмайды. Қысқасы, жеңбей қоймайды. Өмір бойы алысып, жеңе алмай келе жатқаны мен ғана! Топан суға тоқтам бар ма! Ха-ха-ха!

Ал мына жас құдашаларыңыз \ Шошақайды нұсқап\ – Қызбаланың немере әпкесі Толқын.

Тапал тоқтап, «Сөз сіздерде!» – дегендей, құдаларға қарайды.

Дөкей: Ал, құрметті құдалар, құдағи, құдашалар!

Біздің жайды сұрасаң мен айтайын,

Жеті атамды түгендеп бір қайтайын! Ал, әуелі, болашақ күйеу балаларыңыздың шын аты Айтуар! Әжесі әлпештеп, Әйткен деп еркелетіп өсірген соң, жұрттың бәрі солай деп кеткен. Мен болсам, Айтуар, Әйткеннің немере ағасымын! Өздеріңіз де шет жағасын естіген шығарсыздар, өкінішке орай Айтуардың ата-анасы өмірден ерте озды! Тағдырдың жазуына не шара? Бірақ, орнында бар оңалар деген атам қазақ. Мен сол кісінің ағасының баласымын, яғни, Айтуар

екеуміз немере ағайындымыз. Атым – Көкей! Бірақ, жұрттың бәрі Дөкей дейді. Қалай десеніздер де жарасып тұр. Көкей екеніміз де, Дөкей екеніміз де рас, хе-хе-хе! Мына кісі Стақан ағамыз, Айтуардың нағашысы. Марқұм анасының бірге туған бауыры. Мұндай жерге бөтен адам жүрмейді ғой, ет жақын туысы келеді. Сондықтан, нағашы жұртының атынан келіп отыр бұл кісі! Аты аңызға айналған адам, оны жата-жастана, бабына келгенде жыр қылып айтып береді.

Ал мына азамат –Мақсат. Дәрігер, стоматолог болған соң, біз Лөктір деп атап кеткенбіз. Қалай десеніздер де сия береді. Мақсат – Лөктір менің балдызым, біздің әулеттің ескі құдасы.

Ал мына құдағиларыңыз біздің үйдегі кісі. Әйткеннің еш жерден табылмайтын, ешқашан жаңылмайтын, менен басқа ешкімге бағынбайтын, той – томалақта таң атқанша дарылдайтын, шаршауды білмей арындайтын ардақты жеңгесі Жаңыл! \ *Жаңыл марқайып, масайрап қалады. Жеңгеш оған кекірейе бір қарап қояды.* \ Ал мына ең жас құдашаларыңыз біздің шөбере қарындасымыз Сәулеш! Қызбаланың анасы сияқты, мектепте мұғалім!

Дөкей тоқтап, жан-жағына қарайды. Екі жағы да бас изесіп, жымыңдасып қалады.

Бағи: Ал құдағи,сөзді қойып, іске кірісейік. Барлығын жіпке тізіп, отыратын баяғының уақыты емес. Заман басқа,заң басқа. Әйтсе де атадан-мирас, жөн- жоба, жол-жоралғы бар. Көктегені көгендеп, жердегіні түгендеп бер демеймін... Бірақ, әлпештеп, аялап отырған сәбиімді, бөбегімді алғалы отырсың, өкпе-бауырымды суырып, жүрегімді жұлып әкетейін деп отырсың...

25 – Көрініс. Тойтанның байпаңы.

Арулар конкурсы.Театрда.

Үнсіздік ұзап, ыңғайсыздау болып бара жатқан соң, Әйткен мен Тоты шыдай алмай, сөз бастап жібереді.

Тоты-Тотаня: Бүгінгі бәйгенің тағдыры қазылар алқасының төрағасы, атақты режиссер, аса құрметті Тойтан ағамыздың қолында тұрған сияқты!

Әйткен: Қане, қазылар алқасының төрағасы Тойтан ағамыз қалың көрермен қауымының ықыласына бөленген Қызбала Жарқынбековаға қандай ұпай қояр екен!

Тоты-Тотаня: Мұның өзі бір керемет драмалық сәтке айналған сияқты! Бүгінгі арулар конкурсының шырқау шыңы – кульминациясын

режиссер Тойтан ағамыз қалай шешер екен!

Әйткен: Талай спектакльдің кілтін тауып, түйінін тарқатқан театр тарланбозы бұл конкурстың да шешімін дәл табарына күмән жоқ! Ал, қане, қол соғып, қошемет көрсетейік, құрметті халайық!

Залдағылар ду қол шапалақтап, дүрілдетіп жібереді.

Тойтан қолын баяу созып, цифрлар жазылған тақтайларды аударып, төңкеріп, бірінші сегізді алып, былай қояды, тоғызды ала беріп, былай қояды. Ақыры, керіліп, созылып барып, Қызбалаға жоғары баға – 10 балл қояды.

Жұрт ду қол соғады.

Қызбала шаттанып, қуаныштан құлпырып кетеді.

Тойтан оған: «Міне, көрдің бе?» дегендей көзбен тесірейе қарайды.

Қызбала қысылыңқырап, көзін тайдырып әкетіп, жеңіл басып сахнадан шығып кетеді.

Қазылар алқасы ақылдасуға кетеді.

Үзілісте әртістер ән салып, өнер көрсетеді.

Тоты – Тотаня: Үкілі Ыбырайдың әні «Қалдырған». Орындайтын әнші, әртіс Айткен Айталиев!

Әйткен ән шырқайды.

Бір кезде қазылар алқасы қайтып келіп, сахнаға шығады. Конкурстың қортындысын шығарып, жүлдегерлерді марапаттайды. Атаулы сыйлықтар береді.

Ал «Облыс аруы» атағын Қызбала жеңіп алады.

Әйткен, әртістер қуана құттықтап жатыр.

Конкурсқа қатысып, қалып қойғандар екі дай сезімде...

Біреулері құттықтаса, біреулері ала көзімен атып, күбірлеп, жыбырлап кетіп барады.

26 – Көрініс. Құдалардың ырғасуы.

Ауылда. Қызбаланың ата-анасының үйі..

Жаңыл: О не дегеніңіз, құдағи... Сіздің де, біздің де бір баламыз екеу боп жатқанда, мұныңыз қалай?

Бағи: Әрине, алайын деп отырған сізге рахат... Беріп отырған маған батады да... Айдалаға... ата-бабамыздың аяғы баспаған «Сәбетскийге» кететіндей не әкетіп барады екен сонша? Сондай бір қара бала осы елден де табылатын еді ғой...

Жаңыл: Құдағи! Жетеді! Қойыңыз енді... Болашақ күйеу балаңызды неге қара бала деп қомсынасыз? Әйткенжан қаптаған қара

баланың бірі емес... Аппақ, эп-әдемі, ерекше бала... Иә, біз де айтып жатырмыз... құлақ естісе де көз көрмеген «Кәмөнезмнің» кердиген қызына несіне қызықты екен деп... Өзіміздің «Сәбетскийде» де майысып тұрған небір момын қыздар бар еді-ау, шіркін!

Бағи: Сіздің қайыңызды қара дегем жоқ... Қара бала деген қазақы сөздің мәтелі емес пе?

Жаңыл: Мәтел болса да кісінің көңіліне келеді.

Бағи: Шамшылын қарай гөр! Қызымның күні туған-ақ екен!

Жаңыл: Саған тартса қызың да бізді қарық қылмас! Мен шамшыл болсам, сендер заңшылсындар! Шамдандырып отырған өздерің! Келгелі бір қабағыңды бермей, қырыңа алатындай не қылдым? Құдай қосты, мен көндім деп, басымды иіп, қолымды қусырып, ақ тілекпен алдыңа келгенде, құшағыңды жаймасаң да, қиқуламай қарсы алсаң нең кетуші еді?

Неше сағат далада тік тұрғызып қойып, тергеп, жер-жебіріме жетердей не жаздым? Мың жылдық құда болдық деп отырмыз, дәл осыныңды мың жылда ұмытпаспын!

Женгеш: Құдағи... Жөн білетін кісі болсаңыз, айтатын сөзіңіз бұл емес. Немене, қызымызды әкеткелі отырғанда қуанып, алақайлап шығайық па? Заң бойынша, қыз берген жақ басында біраз бұлданып, құдаларды қысыңқырап, қуырыңқырап алатынын білмейсіз бе?

Жаңыл: Заң-зәкөн дегенде тақ-тақ етесіңдер, ал мен сендердің заңдарыңа бағынбаймын! Алатын қызбен қайным келісіп қойған! Енді бақырсаң да, шақырсаң да күш менде! Алла тағала ұзағынан сүйіндіріп, балалар бақытты-ғұмырлы, үбірлі-шүбірлі болсын!

Бәрі: (қосарлана): Әмин!

Жаңыл: Басқа шалтай-балтайыңды білмеймін! *(Жеңгештің дауысына салып:)* Жөн білетін кісі болсаңдар, бір шай беретін кездерің баяғыда болды.

Женгеш: Шай қайда қашар дейсіз... бәрі де бола жатар.. Заң бойынша әуелі мәселені шешіп алайық!

Бағи: Онда былай, құдалар...

Сұрамшак: Айтатыныңды мәймөңкелемей айт! Мәментті пайдаланып, сұрайтыныңды сұрап қал! Күнде қыз беріп жатқан жоқпыз!

Бағи: Айтсам, ата жолымен қалыңның ырымын жасайсың... әкесіне ат, анасына алтын дегендей...

Сұрамшак: «Жигулидің» төрт жаңа доңғалағын берсеңдер – машина мінгендей көрер едім. Тағы бір ескеретін нәрсе – әкумуләтірім

алқынып, кәрбірәтірім қақалып жүр...

Стақан: \ *Әзілге айналдырып:* \ Кенераторың қоңқылдап, мартизаторың тоңқылдаған жоқ па?

Сұрамшақ: \ *қысыла күліп жіберіп:* \ Оны да беруші ме ең? Қап, аузыма түспегенін қарашы!

Бағи: \ *күйеуіне зілсіз ескертіп:* \ Темір – терсегінді бойың үйренген соң түгендей жатасың ғой. Жолға қоспай отыр оныңды! (*Жаңылға*) Тоймал, оң жақ, үш үйге ілу, екі жеңге қалта, тағы басқа да андай-мұндай кәделерін түгендеп берерсің... менің де дос- дұшпаным бар дегендей.

Жаңыл: Кәкүр-шүкірді көбейте бермей, жалпы сомасын бірақ айтсаңыз болмай ма?

Жеңгеш: Кә- күр- шүкір деп халқымыздың салт – дәстүрін келемеждемеңіз, тәбәріш құдағи! Біздің ел- Көктемір елі жөн – жобамен жүретін, атадан қалған жол- жоралғыны қатты ұстайтын, қажетіне қарай қосып, дамытып отыратын текті ел. Біз әр нәрсеге үлкен мән береміз, сәл нәрсеге баладай мәз болып, достасып кетсек, сәл нәрсеге баладай бұртиып, қастасып та кетеміз. Тіпті, титтей нәрсеңіз өзін ырымдап, кәделеп, кәдірлеп жүреміз. Бізбен дос болғыңыз келсе, құдағи, осы тәртібімізге көнесіз. Жаңа ардақты абысыным, үлкен үйдегі ұлағатты кісі сізге шет- жағасын ғана айтып, ар жағын әдейі маған қалдырып отыр. Сол сенімін ақтап, мен кәнкіретні кірісейін!

Сұрамшақ: Е, бәсе! Өзім де осыныңды тосып отыр едім! Жанашырым емес пе, қайтсін!

Жеңгеш: Олай болса, көрейік құданың қанша жерге жететінін! Алдымен, заң бойынша, ұлы атамның жолына- түйе, кіші атамның жолына- бие атап, бірін үлкен үйге, бірін кіші үйге байлайсыздар. Құда, құдағиға көрімдік бересіздер, аман-есен көргендеріңе қуанғандығыңның белгісі. Бас құданың астына қалы кілем саласыңдар-құданы хан көтердік дегендерің. Құдағиға- палас, ханымға балағандарың. Құданың ең жақын інісінің үйіне кішірек кілем- керегеміз кеңіп, қанатымызды жайдық дегенді білдіреді. Кіші құдағиға, яғни маған, алтын сырға... тек жақсылық естиік дегендерің...

Жаңыл: Тұра- тұр... бір қағазға жазып алмасақ, үйге барғанша ұмытып та қалармыз!

Жеңгеш: Абыржымаңыз, құдағи, мен өзім бәрін де бір дәптер ғып әдемілеп жазып беремін. Қазір мақұл десеңіз болды! Иә, сонымен нені ұмыттым... тәк, тәк... ананы айттым, мынаны айттым, тағы анау... анау... мынау бар... иә, айтқандайын алғашқы дәм тату деген бір

тамаша зәкөн бар!

Стақан: Өй, айналайын, тезірек соған көшші өзі, шегімізді шұрылдатпай...

Жеңгеш: О-о, құда, асықпаңыз, шегіңіздің іші- сыртын майлаймыз әлі! Құдаларға ең алғаш дәм татыруға ел болып жиналамыз! Қолға су құйған балаға- көктеп өсе бер деп көк көйлек, бірінші нанды әпергенге – ақ ниетті болайық деп ақ көйлек кигізесіз. Шай құйған әйелге – шәйі көйлек, кесеңізге май салған кісіге сары көйлек, күріш бергенге – пүліш, қысқасы, айтқанымызды қыңқ етпей тыныш бересіз!

Лөктір: Түзге отырғанға түк алмайсыздар ма әйтеуір?

Жеңгеш: Оның да реті бар, құда. Бас табаққа бес мың, төс табаққа төрт мың тастайсыз... Бұл біздің жақта істейтіндерің. Ал тойды өз жағыңда, өздеріңше өткізе бересіздер!

Жаңыл: Біздің жақта той мен құдалықты бір- ақ өткізеді. Қайта- қайта әуре болғанша, сол дұрыс емес пе?

Бағи: Дұрыс емес. Біздің зәкөн бойынша, қыз берген жақтан тойға жастар ғана барады, Үлкендерді тойдан кейін құдалыққа шақырасың. Қырық кісі боп барамыз. Бас- басына кит бересің. Әйтпесе, ырзалық жоқ!

Стақан: Қырық кісің қалың қолмен бірдей... тым ауыр болады... заман болса мынау!

Жаңыл: Құдағи! Бері қараңыз, мұныңыз тым нелеу... Талабыңызды кішкене азайтыңыз. Тіпті, базардағы танымайтын кәмерсәнттар да сөйлесе- сөйлесе, келісіп, табарының бағасын түсіріп береді ғой!

Бағи: Ибай, бетім- ай, немене, менің қызым табар ма сонша! Саудаласпайық өйтіп!

Жаңыл: Саудаласып отырған өзіңіз емес пе? Е-е, мейлі, саудалассак несі бар, саудасыз тіршілік бола ма? Сауданың ең дөкейі осы шығар... Жаңағы айтқаныңыздың жартысына келісуге болады...

Бағи: Қарай гөр мынаны! Жартысын кемітетін, немене, менің қызым жарымес, жарымжан деп пе едің? Айтқаныма көнбесең, айда бар, арзан қыз тауып ал! Далада жатқан қызым жоқ!

Жаңыл: Сабыр, сабыр құдағи! Ашумен артық кетпеңіз! Балалар сізге де, бізге де ортақ, солардың берекесін ойлайық!

Дөкей: *(Жаңылға)* Жарайды дей берейік те! Басын бапан, аяғын сапан қылармыз! *(құдағиларға)* Мақұл, құдағи, не десеніз де мақұл! Әлгі айтқаныңыздың бәрін де біртіндеп беруге тырысамыз. Дәл қазір дайындығымыз жоқ, кішкене мұрсат бер. Етек – жеңімізді жиып, қамданайық. Тойды өткізген соң, құдалыққа келгенде, шамамыз

жеткенше береміз бәрін де!

Сұрамшақ: Беремін деген аузыңнан айналайын сол, алтын құдам! Біз де мақұлмыз, ерте кеш демейміз, берсең болды... Бас аман болсын!

Стақан: Иә, бас аман болсын, балалар аман болсын! Қалған шаруаның бір жөні болар!

Жеңгеш: Ал, онда, шай ішейік! Қалғанын сөйлесіп, білісіп, келісе жатармыз.

Тапал: \ *Орнынан тұрып, мезірет жасап, құдаларды дастарханға шақырады:* \ Құрметті құдалар, жүріңіздер! Киіз үйге барып, кең отырайық!

Барлығы орындарынан тұрып, сыртқа шығуға айналады.

27 – Көрініс. Шаттану.

Көше. Әйткен мен Қызбала аллеяда келе жатыр. Екеуі шаттана сөйлеседі..

Әйткен: Аламанда арындап, жарып шыққан Қызбала! Жұлдыздай көкте жарқырап, жанып шыққан Қызбала!

Қызбала: Пай-пай-пай! Ұшып кетуге шақ қалдым ғой!

Әйткен: Несі бар? Ұшсаң – ұш! Ұшатын күнің бүгін!

Қызбала: Ұшу қиын емес! Бірақ, қонатын жерімді таппай қалсам қайтемін?!

Әйткен: Мен тұрғанда қорықпа. Өзім-ақ қондырып аламын! Алақаным!

Қызбала: Алақай! Алақай! А, бірақ...қолың талып, алақаның ауырып кеткенде, аударып салмайсың ба?

Әйткен: Үздік әртісті аялай алмасақ, азаматтығымыз қане? Және де ол аяулы Қызбалажаным болса, ақ құсым болып қолыма қонса, менің алақанымнан бақытты алақан бола ма?!

Қызбала: Сондай аялы алақанға қону үшін ұшуға да болады! \ *Әнде те билеп:* \ Ақ көгершін, көгершін,

Қалай, қалай ұшасың,

Міне былай, міне былай,

Міне былай ұшамын!

Әйткен: Менің аппақ көгершінім! Келші...қоншы алақаным!

Қызбала: Сабыр, сабыр, құсбегім!

Әйткен: Жә, жә, жә! Сабыр десең, сабыр, қазір десең – қазір! Әй, жарайсың! Озып шыққаның ғажап болды! Дос бар, дұшпан бар дегендей... Бұл үлкен абырой оңайлықпен келген жоқ... өзің де білесің!

Қызбала: Иә, несін айтасың! Бірақ, қызық... Менің көңіл күйім құбыла береді. Кейде көктем, кейде күз! Үздік атанғанымға қуансам да, қалып қойған құрбыларымнан қысыламын біртүрлі!

Әйткен: Біреу жеңіп, біреу жеңілу – жарыстың...тіпті, бүкіл өмірдің заңы емес пе! Оған несіне басыңды ауыртасың?!

Қызбала: Солай да шығар, бәлкім. Бірақ, осынша шаттанып жүрсем де, мына бір өлең ойыма орала береді.

Керемет болып
Кетем деп асып,
Жұлқынсаң жұрттың
Кеудесін басып,
Жапанда жалғыз
Жабырқап жүрме
Басыңа тиіп
Берекең қашып.

Шапқының сенің
Біреудің құны,
Шаттығың сенің
Біреудің мұңы,
Біріңді-бірің
Жылатып жеңу
Осы ма, досым,
Өмірдің сыры!

Біреуді жеңсең
Шығад дейт атың
Адамға адам
Емес пе жақын?
Біреуді жеңіп
Үстемдік құрар
Бір құдай берген
Бар ма еді хақың?!

Адамды адам
Өзіндей көрсін,
Кеудесін кермей
Көңілін бөлсін,

Жетелі болсаң
Жетерсің ойлап
Жеңген де сенсің,
Жеңілген сенсің!

Әйткен: Ой, ақындар да айта береді! Оларға сенсең, бұл дүниенің бар бәйгесінен құр қаласың! Одан да жерге түсейік, Қызбала жаным! Не болса да, жарық дүниеде жеңіп жүргенге, жұрт алдында жарқырап желіп жүргенге не жетсін! Сол үшін қалай күрескенімізді айтсаңшы!

Қызбала: Иә! \ *Екеуі қол ұстасып, ілгері жүре береді.* \

Әйткен: Бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ...өзің де білесің... Осылай да осылай, үздіктерді анықтау үшін, СМС арқылы дауыс беріледі екен, соған дауыс жинау керек деген сенің бір ауыз сөзіңнен кейін, атойлап атқа қондық қой!

Қызбала: Рахмет, рахмет! Мені қолдап дауыс бергендердің бәріне рахмет! Жерлестерім, жолдас, жораларым, туған-туыстарым дүрк көтеріліп, бір-бірін кеу-кеулеп, қаптатып жіберді дауысты!

Әйткен: Әжемді айтсайшы...Саған дауыс бергіземін деп, бүкіл таныстарын тік тұрғызды ғой! Кемпір, шал, бала-шаға деген жоқ. СМС жібере алатындардың бәріне ондап, тіпті, жүздеп жібертті! Жібере алмайтындарға жібере алатындарың жазып беріп, солардың атынан жіберіндер деп, қадап тапсырды! Қадағалап салғызды! Енді қайтсін...Жай келіннен гөрі үздік әртіс келін артық емес пе?!

Қызбала: Ой, қандай керемет әжеміз!

Әйткен: Мен де қарап қалған жоқпын. Ағамыздың фирмасының қызметкерлері түгел саған берді дауыстарын. Әр қызметкер дос-жаран, туған –туыстарымен қосылып, кем дегенде он дауыстан беруге міндеттелді! Міне, өстіп, арифметикалық...тіпті геометриялық прогрессиямен көбейді ғой сенің дауыстарың!

Қызбаланың пәтеріне келеді. Кішкентай әсер үй. \времянка\.
Сөйлесіп жүріп, ішке кіреді. \

Қызбала: Ой, Әйткен! Қандай тапқырсың сен!

Әйткен: Бір сен үшін ғой...Әйтпесе, қайдағы тапқырлық дейсің? Дауыс берудің қалыптасқан қағидасы! Жүлде алудың жаңылмайтын жолы! Онсыз жеңіс жоқ! Дауыс беру, қол жинау дегенде, намысқа шауып, жанып кетеміз ғой енді!

Қызбала: Иә, солайы солай, селяви! \ *Айнаның алдында тұрып:* \ Мейлі, қалай болғанда да, мен мисспін! Сүйінші, халқым, сүйінші! Гран-При! \ *Айнала билейді:* \ Мен облыс аруы атанып, Бас жүлдеге ие

болдым ғой! \ *Әйткенге еркелеп:* \ Әригинәлни Әйтеке, әріптесіңіздің төбесі көкке төрт елі жетпей тұрғанда, торт әперетін шығарсыз!

Әйткен: Жеңімпазға не десе де, не жесе де жарасады! Торттың төресін әкеп берейін!

\ *Қызбалаға мейірлене қарап:* \ Торт демекші...Жақында кө-өп торттың ішіне топ ете түсесің! \ Қызбала наздана күледі.\ Аға-жеңгелерім құдалықта дүрілдетіп жатқан шығар!

Қызбала: \ *Мұңайып:* \ Сенің ата-анаң болғанда ғой!

Әйткен: \ *Бір күрсініп:* \ Ал, кеттім, тортқа.

Бұрылып шыға бергенде, елтең-селтең етіп Тоты-Тотаня келеді.

Тоты-Тотаня: Сәлем бердік!

Әйткен: О, сәлем, Тоты – Тотаня! Төрлет! Тортқа тура томп ете түстің! \ *Бас бармағын көрсетіп, шыға береді.* \

Тоты-Тотаня: Bravo, Айтуар -Айкенато! Чикалаты барын әкел!

28 – Көрініс. Киіз үйде.

(Ауыл. Құдалық. Алты қанат киіз үйдің ішінде, дәмге толы дастархан басында құдалар отыр. Жастар кіріп-шығып, қызмет жасап жүр. Киіз үйдің іші өте бай – қазақтың ұлттық құндылықтарына толы. Керегеде домбыра, қобыз, түрлі аңдардың терілер, дауылпаз, қылыш, қалқан сауыт-сайман сияқты көшпенді елдің киелі заттары ілулі тұр.)

Тапал: Ал, қане, аса құрметті құда, құдағилар, құдашалар! Ананың ақ тілегіне аппақ шіркінді аппақ қып ап қояйық! *(Жан-жағына қарап, стақан соғыстырады. Әйелдер жағын Шошақай басқарады. Бәрі де бірден іше қоймай, бір-біріне қарап, жымыңдап, тартыншақтайды).*

Тапал: Ал, қане, алыңыздар.... балалар үшін....

Шошақай: Қане, қане, құдағилар, құдашалар... Ананың тілегі қабыл болсын десеңіздер, алыңыздар!

Стақан: *(Сұрамшаққа)* Қане, жастарға үлгі көрсетіп, екі құда қосылып бір алайықшы! *(Екеуі алып қояды).* Міне, құдам маладес екен, өзім сияқты екен!

Шошақай: Қане, құдалардан қалмайық!

Жеңгей: Арақта тұрған не бар дейсің?!

Шошақай: Рас, әңгіме арақта емес... әңгіме- көңілде.... Ал, көңілді қалдырмау керек!

Тапал: Ал, дабай!

Шошақай: Ал, дабай!

Стақан: Ал, дабай! (Лөктірден басқасы алады).

Тапал: Е-е, бәсе! Бастау қиын ғой не нәрсені де! (Бәрі дәм алады).

Осы кезде Жеңгеш соткадан Қызбаланың облыс аруы болғанын көреді. Одан сайын бөсіп, қыздың бәсін бұлдап, біраз жерге барады. Құдалар да болашақ келіннің даңқына қуанса да, құдалардың бұлданғанына жындары да келіп, енді біздікі десіп, біраз дуылдасып, жуады.

Жеңгеш: Ал, ару атанған біздің қыз үшін! Ал, дабай! («Ал дабай» деседі бәрі қосылып.)

Жаңыл: Топ жарып, жұлдыздай жарқыраған біздің келін үшін! Ал, дабай!

29 – Көрініс. Ал, дабай!

Ауылда. Киіз үйде.

Барлығы «ал, дабай!» десіп алып қойып, тамақ жейді.

Сол кезде Бағи құдағи ойбайлап жібереді.

Бағи: Ойбай! Ойбай!

Кенеттен шыққан ащы дауыстан жұрт шошып кетеді.

Барлығы да жарыса: «Не болды, әй?» «Не боп қалды?!» деседі.

Бағи: \ бір жағы ұялыңқырап, бір жағы жаны қиналып, аузын орамалмен басып:\ Тісім! Тісіме бірдеме кіріп кете жаздады!

Бәрі де «Ой, байқаңыз?!» деседі.

Шошақай: Дәрі берейін бе?

Бағи: Жоқ, рахмет! Басылайын деді. Түү-у, тіпті жаным көзіме көрінді ғой! Тіс деген ауырса бір бәле!

Стақан: \ тамағабын кенеп, қоқиланып:\ Тіс жағынан кам жеменіздер, құрметті құдалар! Мына дыраудай құдаларыңыз (Лөктірді көрсетіп), біздің ескі құда, күйеу балаларыңыздың да құдасы – лөктір! Ұстаматыл! Тістің бастығы!

Сұрамшақ: Ой, айналып қана кетейін сол, көп жаса! Міне,енді өз лөктіріміз бар. Құдай жеткізді деген осы! Тістен қорлық көріп жүргеннің бірі мен едім... Сендей құдам тұрғанда енді ешкімге жалынбай-ақ қойдым! \ аузын кереқарыс ашып, қолымен көрсетеді:\ Мына тістерімнің емдейтінін емдеп, жөндейтінін жөндеп, оған келмейтінін қағып алып, орнына алтын, күмістен толтырып салып бер де, ақ батамды ала ғой!

Жеңгеш: Лөктір құда! Сізге қалай десек те сия береді қазақ жолына...Мына менің де барлық тісімді болмағанымен, тісімнің

жартысын алтынға ауыстырып берсең... шіркін... құдам салып берді деп жарқыратып, жақсы атыңды жұртқа жайып жүрер едім....

Шошақай: \ әзіл – шыны аралас: \Менің де тістерім соңғы кезде ыстық шай тисе қақсайтын сияқты!

Стақан: \ рахаттана күліп:\ Мә, құдалар! Байқауымша, сіздерге нағыз кәпитальни ремонт керек сияқты-ау!

Жеңгеш: Жоға! Лөктір құда құдаларын емдеуге бұлданса өзі білсін... бір пайдасы тимесе, құда болып, туыс болып не керек? Соны да қызғанасың ба?

Лөктір: Қысылмаңыздар, айналайын құда, құдағилар, құдашалар! Біз өзі үй – ішімізбен дәрігерміз. Қолдан келгенді сіздерден аямаймыз! Жөндейтін, ауыстыратын, алып-салатын тағы нелеріңіз бар? Біздің үйдегі құдағиларыңыз- гинеколог!

Жеңгеш: Көтек!

Әйелдер қысыла, ерлер сақылдап күледі.

Тапал: Ал, дабай, сол үшін! *(Бәрі «Ал,дабай!» деп ішеді. Үлкен табақпен құйрық – бауыр әкеледі.*

Тапал мен Шошақай: *(Қосылып, әндете)* Құда жолын жасайық,
Құйрық бауыр асайық!

Құйрық пенен бауырға,

Мың теңгелеп шашайық!

Тапал: Тәк *(Білегін сыбанып, қолды табаққа салып жіберіп, құйрық-бауырды уысына толтыра шеңгелдеп алады. Сұрамшаққа қарата:)* Қане, құда! *(Сұрамшақ қолымен алмақ болады. Оған бермейді.)* Жо- жоқ! Қолмен алғанды қойыңыз, әкеліңіз ауызды! Ата-бабамыз құйрық- бауырды осылай тоғытып жібергенде, нағыз құдалар толғамай жұтқан!

Стақан: Ой, құда, немене, аузымызға тығайын деп жатырмысың?

Тапал: Тыққанда қандай! Әсіресе дәл мына екеуіңнің *(Дөкейді нұсқайды)* аузына былай... бұрап-бұрап тығамын! *(Жұрт «қайтеді?» десіп бір-біріне қарасады).*

Сұрамшақ: Қой,енді ұят болады! Құдалар өз еркімен алсын!

Стақан: Иә, иә біздің елде құйрық- бауырды табақпен құдалардың алдына қояды да, әрқайсысы рет-ретімен алып жейді!

Тапал: Ол дұрыс емес! Шаңыраққа қараңыз! Сіз Қайыңдыда емес, Қарағайлыда отырсыз. Біздің елде біздің заңға бағынасыз!

Стақан: Кімнің заңы болса да, аңдағы май- май қолыңнан асай алмаймын! Өз қолымызбен әдемілеп алып жесек болмай ма?

Тапал: Немене, жиіркенесіз бе қолымнан? Қорықпаңыз, жұқпалы

ауруымыз жоқ... Лөктірі қасымызда...

Стақан: Сонда да кім біледі... аумалы- төкпелі заман... неше түрлі пәле шығып жатқанда, біреудің қолын біреудің аузына тықты деген не сұмдық!

Тапал: Мың жылдық құда болатынымыз рас болса, асайсыз қолымнан! Қайтармаңыз қолымды! Бізге бір дені дұрыс құда да кездеспеген екен!

Лөктірі: Ойпырмай! Мән бермейтін нәрсеге мән беріп, сән көрмейтін нәрсені сән көріп, сәл нәрсеге бола дауласып, жауласып қай мұратқа жетпекпіз? Қойсаңшы енді, берекені кетірмей!

Тапал: Сендер қазақ емессіңдер! Нағыз қазақ, міне, мынадай болады! *(өзі бір-ақ асайды. Құдалар құйрық-бауырдан бір-бірлеп алып, бір-бір стақан арақ ішеді. Таза табаққа әркім әртүрлі ақша тастайды.)*

Тапал: Бұл не? Осы да ақша ма? *(Жастар табақтарды алып кетеді).*

Лөктірі: Қойсаңшы! Мәселе алған-бергенде ме екен? Мәселе-көңілде. Адам бір-бірінің көңілін таба білу керек. Ал біздің қазекен әйтеуір, аларға келгенде қалау-салау, қолқа-молқа, көңіл-мөңіл, ырым-жырым деп қаптатып, төндіріп жібересіңдер-ау өстіп! Ырымдап дегенің жырымдап алудың сылтауы ғой, әншейін. Онымен қай тесігінді бітеп, қай жыртығыңды жамайсың? Ырым-жырымның аяғы ырың-жырың! Алыс –беріс жүрген жерде ешқандай достық, бауырлық болмайды. Мен сенен, сен менен түк те дәметпей, таза көңілмен тату- тәтті болсақ қайтеді, ә құдаларым?!

Сұрамшақ: Дұрыс қой, таза көңіл, шын сыйластық дегенің әбден дұрыс. Бірақ сол таза көңілдің көрінісі болмай ма?

Стақан: Сонда, сол көңілдің көрінісі неше теңге тұрады екен, ә? Шын көңілдің құны қанша сіздің жақта?

Лөктірі: Уа, құдалар, сіздің жақ, біздің жақ, сіздің зәкөн, біздің зәкөн деп бөлінетін дәнеңе жоқ. Адамзат жиырма бірінші ғасырда, Марсқа ұшып жатқанда, біздің болмашыға бет жыртысып, кінәләсып, өкпемізді сүйретіп, өз өмірімізді өзіміз өксітіп жүргеніміз қалай? Бір-бірімізге сәл нәрсеге өкпелеп, міндетсіп, ренжиміз, одан ашу-ыза, өшпенділік туады, ол біздің қанымыз бен жанымызды улайды, біз айналамызды улаймыз, сөйтіп дүние бүліне береді...

Сұрамшақ: Сондықтан не істеу керек?

Лөктірі: Сондықтан зәкөнсымақтардың бәрін тастау керек! Санамыз бен жанымызды жаман істердің, жаман ой сезімдердің, жаман

сөздердің уытынан тазартып, еркін өмір сүру керек! Адам баласына ортақ бір ғана заң бар- ол сыйластық заңы, бақытты болу заңы! Өттең, жаман әдет ауру тіс емес қой, жұлып алып тастайтын...

Стақан: Кітап!

Тапал: Міне, данышпан! Сол үшін, ал, дабай! *(Үш-төртеуі қосылып «ал дабай» деседі. Дөкейде әлі үн жоқ, арақ пен тамақты сыпыра соғып отыр)*. Ал, данышпан құда, сыйластық үшін сіз неге бізбен бір алып қоймайсыз?

Лөктір: Мен мүлде ішпеуші едім...

Сұрамшак: А-а, денсаулық күзетшісі! Бірақ, лөктірлер ішпегенде баяғы сәбеттің спирті қайда кетті, ә?

Стақан: Мен, Стақан, қой бағып жүріп-ақ, адам лөктірінің де, мал лөктірінің де талайымен судай сіміргенмін спиртті! Жай бере ме, қой алуға келгенде төгетін...

Тапал: Құда, Стақан деген кличкаңыз ба?

Стақан: Жоқ, шын атым!

Сұрамшак: Ә-ә, әкеңіз «ал, дабайдың» өзі ме еді? Біржола бөтелке деп неге қоймаған?

Стақан: Жоқ, ол кісі ішпейтін. Нағыз қызыл кәмөнестің өзі еді жарықтық. Менің атымды әуелде Мэлс деп қойған!

Сұрамшак: Әп, бәрекелді!

Стақан: Мэлспін деп мақтанып-ақ жүретінмін... Атың жақсы деп, райком орден де әперген... Обалы не керек, рахмет оларға, өзі Мэлс, өзі қой бағады деп дүрілдетті біраз жерге...*(Құдалар да, құдағи, құдашалар да: «Иә», «Ал, содан», -деседі.)*

Стақан: Содан, дүние астан-кестең болған жоқ па? Кешегі мақтағанның барлығын, тіпті, Маркс, Энгельс, Ленин, Сталинді де тізіп қойып жабыла боқтаған жоқ па?

Сұрамшак: Иә, сөйтті ғой, бұлар...

Стақан: Жұрттың бәрі жамандап жатқан соң, құрсын, бір әдемі ат тауып алайын дедім...

Лөктір: Сондағыңыз Стақан ба? Төрт бірдей көсемді бір стақанға сиғызып, қағып-ақ салғаныңыз ба?

Стақан: Жоқ. Тапқан атым- Стақан емес, Сөтөкан!

Лөктір: Сөтөкан?

Стақан: Иә, иә, Сөтөкан. Каратэнің бір стилі!

Сұрамшак: Оho! Қирататыныңыз бар ма? Әй, байқандар мына құдадан!

Стақан: Жоға! Қалқоздың қара жұмысынан қысы- жазы қолы

босамайтын бізге қайдағы спорт!

Лөктір: Әйтеуір, батыстан опа болмаған соң, шығыстан бір-ақ шыққансыз ғой...

Стақан: Және омыртқада жылқының жілігін жалаңаш қолмен сындыратынымыз бар, Сөтөканды өзіме лайық көрдім. Бір қойды сойып, елді жинадым. (*Дөкейден басқа жұртшылық «Иә, иә», «Уәй, ерің!» десіп, қолпақтап, қызыға тыңдайды*). Әуелі алыстағы жапонның әдемі сөзін маған қимаған кейбір құрдастарым: «Әй, қаратә сенің не теңің, артыңды көтере алмай жүріп?», «Ертең ол да жаман сөз болып жүрмесін!»- десті.

Ақырында, семіз қойдың еті мен ақаңа тойған соң (*тыңдаушылар: «ой, шіркін-ай!»*, *«қайтсін!»* деседі): «Е-е, мейлі, Сөтөкан болсаң бола ғой... Көп ботақанның ішінде бір сотақан жүрсе, жүре берсін,»- деп, ризалықтарын берді.

Тапал: Сотақаныңыз тәуір еді ғой... елдің еркелеткені сияқты...

Сұрамшақ: Иә, иә. Содан айырылып, қайтіп Стақан боп жүрсіз?

Стақан: Айт күндері бүкіл ауылды аралап, үй басы сайын құран оқып, садақасын бізбен бірге ішетін молдасымақ құрдасым: «Құлағыңа үш рет айқайламасам, заңды болмайды, ақысына бас жазар бересің», -деп өзеуреп, дүйім жұрттың көзінше азан шақырып отырып алғаны... Амал жоқ, алдына жүгіндім... Сол иттің ісі... құлағыма: «Сенің атың Стақан, Стақан, Стақан!» деп үш рет айқайлап жіберген.

Сұрамшақ: Қап!

Тапал: Қатырған екен!

Лөктір: Қазекен ойнағансып та істей береді қастығын!

Стақан: «Әй, жаңылысып кеттің, түзет» десем: «Жоқ, әумин деп қойдық, кеттің енді Стақан боп!» деп жеңсік бермеді...

Лөктір: Е-е, қазаққа Сөтөканнан гөрі Стақан жақын емес пе?

Стақан: Енді қайтеміз... әйтеуір қанішер Сталиннен гөрі стақан тәуір шығар деп жүріп жатырмыз...

Лөктір: Әй, қайдам! Сталин мен стақанның қайсының құрбандығы көп екенін кім білсін!?

Сұрамшақ: Қой, құрсын, қайдағы- жайдағыны қозғамай... Одан да стақанды толтырып, Стақан құда үшін алып қояйық!

Дөкей: Стахановшы құданы көрсе де, Стақан құданы көрмеген шығар деп әдейі әкелдім!

Тапал: Сол үшін ал, дабай! Стақан құда үшін стақанды соғыстырып, тостағанды төңкеріп тастайық! \ *Жағалай аралап, соғыстырып, ішеді бәрі.* \

30 – Көрініс. Интернеттің иттігі.

Қызбаланың пәтерінде. Кішкентай жер үй. \временка\.

Тоты – Тотаня: Ой, Қызбала, қызғалдақ! Жеңісің құтты болсын! \ Ернін Қызбалаға қарай шұртитіп, ауаны шөп-шөп сүйеді. \ Бүкіл интернет шулап жатыр! Гүл құшақтап түскен суретінді шығарып қойыпты! Керемет!

Қызбала: Не дейсің? Қалай жылдам шығара қойған!

Тоты-Тотаня: Облыс аруы атағын жеңіп алған үздік әртіс Қызбала Жарқынбекованың жұлдызы жарқырай берсін! – деп, бақандай әріптермен баттитып тұрып жазып тастапты!

Қызбала: Шын айтасың ба?!

Тоты-Тотаня: Хи-хи-хи! Шын болғанда қандай! Негізі, мен теледен де интернетке көбірек сенемін! Хи-хи-хи! Жаңалықтарды да жазады, не бір керемет өсектерді де жазады! Ой, рахаттанамын ғой! Жақсы боп жүргендердің ит терісін басына қаптағанда, жан-е-ем кіреді!

Қызбала: Оның несі жақсы?

Тоты-Тотаня: Мен бірінші коменттерді оқимын! Кез-келген материалдың өзінен де коменті қызық! Нағыз демократия, сөз бостандығы деген сол! Күні-түні оқи берсем де, жалықпаймын! Үйде де, жұмыста да, тіпті, қонақта да комент оқимын да отырамын! Өзім де өкіртіп жазып тұрамын!

Қызбала: Қандай тақырыптарға жазасың, Тотаня?

Тоты-Тотаня: Талант тақырып таңдамайды! Кез келген мәселеге үн қосып отыру – менің кәсібім! Үндемей қалсам, ішім жарылып кетуі мүмкін!

Қызбала: Иә, Тоты – Тотаня деп бекер атамаған ғой сені! Бірақ та, өзің білмейтін, танымайтын адамдар жөнінде бірдеңе айтудың өзі қисынсыз емес пе?

Тоты-Тотаня: Бізде қисын деген болмайды. Қисынсыздық – біздің басты қағидамыз!

Қызбала: Мисыздық десеңші...

Тоты-Тотаня: Онда мидың керегі жоқ! Онда бәрі кәңкіретні, нақпа-нақ! Ақ пен қара-бітті! Басқа түс жоқ! Сөздері қысқа, нұсқа. Маған сол ұнайды. Ұзақ сөйлемдерді онша қақпаймын. Аяғына жеткенше басында не айтылғанын ұмытып қаламын! Бізге дайын, нақты сөз керек! Керек кезінде көшіріп ала қоюға ыңғайлы!

Қызбала: Дайын кірпіш сияқты десеіші...Клише, штамп! Тас

мандайларға таптырмайтын құрал! Жарайды, әзіл ғой! Бірақ, маған досың ретінде шынықты айтшы, түсіндірші сен: Жұртты осынша өсектеп, ғайбаттағанда не табасың?

Тоты-Тотаня: Ойбай, әлі күнге білмей жүрсің бе? Ол дегенің керемет кәйіп қой!

Қызбала: Ал жауап берем-ау деп қорқпайсың ба?

Тоты-Тотаня: Жоқ! Оны кім тексеріп, іздеп жатыр? Ешқайда тіркелмей-ақ, өтірік атпен ойыңа келгенді бұрқырата бересің! Мысалы мен бірде Мутант, бірде Путант болып жаза беремін. \ *Телефонын қосып, интернетке шыға бастайды.* \ Тоқтай қал, міне қазір көресің өзің де! Жол бойы байланыс болмай, қол үзіп қалғаныма біраз боп қалды, не жаңалықтар бар екен...қазір...міне, қарап жіберейік! Міне, үздік мұғалім, жеңімпаз туралы жұрт не деп жатыр екен?! Міне, міне, жарқ етіп Қызбалашка шыға келді! \ *Қызбала да әуестеніп, бірге қарайды.* \ Интернеттің рахаты осы! Суретті қара, гүлге оранып тұрғаны қандай! Қалай жарасады, ә-ә! Ал, қазір комменттерді оқып көрейік! \ *Әуестеніп, әрлі-берлі жүріп кетеді. Қызбала қызықса да, оның соңынан жүрмей, орнында тұрып қалады.* \

Қызбала: Ал, қане оқып көрші, жұртшылық не дейді екен?!

Тоты-Тотаня: Міне, Қызбалашка, біраз кісілер комент жазыпты! Ой қатырыпты енді жазғанда да! \ *Комменттерді аузын толтыра, айызы қанып оқи бастайды.* \

Жеңісің құтты болсын, Қызбала!

Міне, нағыз ару, нағыз әртіс!

Өй, қойыңдаршы,ей! Кім болса соны мақтай бермей...Бұдан да мықты әртістер, бұдан да әдемі қыздар толып жатқан жоқ па?!

Мынаның қалай алғанына қайранмын! Қазыларға бірдеме берген ғой!

Охо! Қыздың қазыға қандай пара беретіні белгілі ғой!

Ха-ха-ха! Масқара!

Хи-хи-хи! Ұятсыз десейші барып тұрған!\ *Сұлқ түскен Қызбалаға қарап:* \ Қалай, қалай сілтейді, көрдің бе? \ *Тағы оқиды:* \

Қазіргі жастардың ұятты ұрғаны бар ма?\ *Тағы Қызбалаға қарап:* \ Рас қой, енді, нағыз шындық! Ұят дегеннің атын да естімей –ақ өстік, естігіміз де келмейтіні өтірік пе?! \ *Тағы оқиды:* \

Қазылардың төрағасы, режиссер Тойхан Борашовтың осы қызда ойы бар дейтін! Тегін болмады ғой!

А-а, түсінікті онда! Бірдемесі бар дағы...

Міне, Тойтан ағай жауап жазыпты: Ау, ағайын! Жазықсыз жанға

жала жапқан- ауыр күнә! Қызбаланы нахақ күйдірмеңдер, обал болады! Ол сұлу қыз, талантты өнерпаз! Жаман сөзге, өсекке ілігердей жат қылығын ешкім көрген жоқ!

Жарайсың Тойтан ағай! Бұғып қалмай, ойын бүкпесіз айтқан екен. Міне, жауаптарды қара! Қызық-әй, шынында!

Хе-хе-хе! Қыздар көрсете ме екен ондайын! Білдірмей бүлдіресіңдер ғой бәрің де... Бетпақтар!

Бұл қыз тіпті бір байдан шыққан тәрізді! Тексеріп көрсеңдер, талай теріс қылықтары ашылар еді! \ *Басын көтеріп, Қызбалаға бұртия қарап:* \ Мә, Қызбалашка, мұндай қызықты менен қалай жасырып келгенсің?! Дос болып жүріп...

Қызбала: \ *Төбесінен жай түскендей, әрең тілге келіп:* \ Не дейді? Сұмдық-ай, бұл жалған! Қып-қызыл жала ғой!

Тоты-Тотаня: \ *Шабыттанып, ары қарай оқиды.*

Қой, өтірік болар! Тұрмыс құрмаған делінген әңкетінде!

Әңкеті аңқыта береді!

Байдан шықпаса да, сайдан шыққан болар-ау! Күлімдегені тым көз тартып тұр екен!

Жоқ, сендер білмейсіңдер! Мен білемін! Бір жігітпен жүріп-жүріп, аяғында жігіті тастап кетіпті! \ *Қызбалаға қарап:* \ Ал, бұл да жала ма?

Қызбала: Өтірік! Махаббат -әр кімнің жеке сыры, оны әйгілеуге бола ма екен?!

Тоты-Тотаня: Тоқта, тоқта, сөзді бөлме! Қызығы енді басталды! \ *Ары қарай екіленіп оқи береді:* \

Е-е, жүріп, жүріп тастап кетсе, белгілі болды! Байдан шыққанмен бірдей емес пе!

Иә! Бейресми түрде солай!

Сұмдық-ай! Сиқырланып, күлгені жаман еді! Сайқал болып шықты бұл да!

\ *Қызбалаға қарап:* \ Бұған не дейсің, үздік әртіс аяулы ару?!

Қызбала көз жасына тұншығып үндей алмай қалады.

31 – Көрініс. Ғаламтордағы гайбаттың лаңы.

Ауыл. Құдалықта.

Арасында сотқа қарап отырғандары бар.

Бір кезде Қызбаланы жамандаған коменттер шыға бастайды. Күңгірлеген, күлген, абалаған, табалаған дауыстар жаңғырығып,

Тоты-Тотаняның Қызбалаға коментттерді оқып тұрған даусы бұларға да естілгендей болады.

Бәрі де сотқаларына тесіле қарап қалған. Тым-тырыс.

Бәрінің ұн-жырғасы түсіп, жаман болып қалады.

Бағанадан бері онша ішпей отырған Дөкей күйініп, қозғалақтап, Тапалға қарап, көзімен белгі береді. Құй дегендей.

Тапал лыпылдап, стақандарға толтыра құяды.

Дөкей: Ал, келіндер, ішейікші бір, әкеңнің... \ *Апандай аузына аударса салады. Екі жақ та үнсіз, ішуге кіріседі. Егесіп, бір-бірін құлатуға тырысып, бәстесіп ішеді.* \

Жаңыл: \ *кекесінді үнмен, жұртты бір шолып шығып, айрықша Жеңгешке қарап.* \ *Ойпырмай, атым Жаңыл болғасын мен жаңылып кеттім бе, әлде заман қағынып кетті ме? Түгін түсінбей қалдық қой! Жұлдыз қыздарың жұлдыз болмай қалды ма? Немене боп кетті сонымен?*

Жеңгеш: \ *Басы қақшаңдап.* \ *Біздің қызымыз жұлдыз! Жұрт не десе, о десін, жұлдыз болып жарқырай береді де!*

Жаңыл: Ол сіздер үшін солай! Ал, біз үшін мүлде олай емес! Аты шығып, артынан сөз ерген қызды ешкім де мақтай қоймас!

Тапал: Әй, қойыңдар! Ал, дабай! *(Дөкейге)* Алыңыз, құда, осы сіз алыңызшы. Сіз бір онды құда екенсіз. Томпиып отырғаныңыздың өзі неге тұрады?

Дөкей: Хе-хе-хе! Мен әуелі жақсылап тойып алайын, содан кейін сөйлесермін сендермін деп отыр едім. Көптеп бері қаталап, шөлдеп жүр едім, жақсы болды! Алдымен мені әдемілеп суардыңдар! Енді менен аман қалсаңдар, тағы бір той жасап қуаныңдар! Ха-ха-ха! Әй, мына сен, тіл мен жағыңа сүйенген тапал неме.... тәштиіп алып менімен ойнағың келе ме? Сен менің кім екенімді білесің бе, ей, ә?! Білмесең, біліп қой.... Мен-дөкеймін!

Тапал: *(сасқалақтап)* Сол үшін алып қояйық. Ал, дабай!

Дөкей: *(елең қылмастан)* Мені жұрттың бәрі Дөкей деп атайды. Дөкей десең, аудан, облыс көлемінде мені бәрі біледі! Бірақ, денемнің ірілігіне қарап емес, қызметімнің үлкендігіне қарап солай атаған! Дөкей десе Дөкеймін! Бірнеше ауыл, ауданды басқардым, талай мекемені қолымнан құрып, қолымнан таратқанмын, аудан түгілі, облысты аузыма қаратқанмын!

Тәпәйім, ұқтың ба – мен дөкеймін! Дөкей еместерді көзіме де ілмеймін! Өйтпесем, несіне дөкей болып жүрмін, ә?! Мынау сияқты тапал... пәкене... пәс... аласа... қораш.... қортық... мықыр... кісімшіктермен амал жоқ, құда болған соң қатар отыруға тура кеп

тұр... «Ал, дабай» дейді әй, маған ұялмай... Менің кімдермен ішіп, кімдермен моншаға түскенімді білсең, талып қалар едің... Бір күн орталарыңда отырғанға, теңесе қалған екенсіңдер!

Тапал: Әй, құда, өйтіп асқақтамаңыз! Жанымыз қалмай жалпақтап жатсақ, дөкейлігің үшін емес, құдалығың үшін! Біз сенің құл-құтаның емеспіз! (*ызаланып, өкшесін көтеріп-көтеріп қояды*). Бойымыз кішкентай болғанмен, ойымыз биік! Едірейіп жүрмесек те, ешкімнен кем емеспіз!

Дөкей: Мәссаған! Тәкәппардың көңілі көкте деген осы екен- ау, ә?! Әй, мен дүниені тіреп тұрмын! Өйткені мен- дөкеймін! Дүниенің тірегі-дөкейлер! Егер тіреуі дөкей болмаса, дүние баяғыда құлап қалар еді ғой. Солай, тәпәйім, дүниенің қызығы-дөкейлік. Дүрдигісі, дөкей болғысы келмейтін жан болмайды. Керек десең, өмірдің мұраты – дүрдию емей немене?

Тапал: Беу, шіркін! Сенің сабынның көбігіндей көпіргенің, кебежедей қарының кімге дәрі?

Дөкей: Ә-ә, міне, біздің қарнымызды да көре алмайды. Өздері дүрдие алмаған соң, үйде отырып дөкейлерді жамандайды. Мейілдерің, сөйлей беріндер... Өзіміз гүл-гүл жайнап, дүрдие береміз. Жасасын дөкейлік! Сол үшін... Ап кел! (*қағып салып, тапалдың төбесінен зәкәске сияқты иіскеп-иіскеп қояды*.) Таласқанды қайтесің, тәпәйім, этәйіңнің зәкәскесіне жарағаныңа да шүкіршілік қылсайшы!

Тапал: Қап, мынаның қылғанын- ай! Бәлем, тұра тұр!

Лөктір: Сабыр, сабыр, құдалар! Той үстінде тентек сөз не керек?

Дөкей: Ал, маған не қыласыңдар, өттерің жарылып кетсе де, беттеріңе айтайын-сендерден өзім де артықпын, атам да артық! \ *Үй иелері намыстанып, еліре бастайды* \

32 – Көрініс. Масқара.

Қызбаланың пәтері.

Осы кезде торт көтеріп, шаттанып Әйткен келеді.

Әйткен: Ал, қане, үздік әртістер, аяулы арулар! Тортқа тарпа бас салыңдар! Шок-ко – ладын шоқып же, бис-квитін кесіп же, бүгін жеңіс күндерің, мерейлерің өсіп же!

Қызбала: \ *Жыларман болып:* \ Бұл өтірік! Қап-қара жала!

Тоты-Тотаня: \ *Тортты түртіп көріп, саусағын жалап:* \ О-о! Қандай тәтті!

Әйткен: \ *Тортты оған ұстата салып:* \ Қызбала, Қызбалажан! Не боп қалды?

Қызбала: Сұмдық! Масқара!

\ Екі қолымен басын қыса ұстап, сенделіп, арлы-берлі жүреді. Құлағы шулап, айналаның бәрі: «Мәссаған! Сұмдық-ай! Масқара! Қызық-ай, шыжсық-ай!» деген даңғыр-дұңғыр қаңқуға, қарқ-қарқ күлкі мен даңғаза музыкаға толып кеткендей болады. Басы айналыңқырап, жан-жағын қаракөлеңке басуға айналады.

Есі шыққан Әйткен Қызбала мен Тоты-Тотаняға кезек жүгіріп, жұмбақ жағдайдың шешуін іздегендей болады. Тоты – Тотаня екі қолын сермеп, ернін сүйреңдетіп, Әйткенге әлденелерді жанталаса түсіндіре бастайды. Жағдайды енді түсінген Әйткеннің қаны қайнап, тордағы ашынған жолбарыстай аласұрады. Даңғыр-дұңғыр қаңқу, қарқ-қарқ күлкі, даңғаза музыка қайта күшейіп, айналаны қараңғылық басуға айналады.\

33 – Көрініс. Жанжал.

Ауылда. Киіз үйде.

Сұрамшақ: Әй, құда, басқа- басқа, атаға тиіспе!

Дөкей: Е-е, атаны айтпай қайтіп жасырамыз? \ орнынан ұшып тұрып, қолын алысқа сермеп, жұртқа жар сала дауыстап:\ Атамыз Шораяқ Бектемір батыр қол бастап, қазақтың даласын жаудан қорғаған! Алып адам болыпты, жарықтық. О кісіден Абылай ақыл сұрап, Бөгенбай мен Қабанбай бетке ұстайды екен!

Сұрамшақ: \ кекетіп, жұрттың бәріне естірте даусын көтеріп:\ Ия, ақылгөй ердің тұқымы екенің көрініп тұр!

Тапал: \ шамырқанып, ышқынып, Дөкейге жетіп барып, өкшесін көтеріп, көтеріп қояды:\ Әй, сенің атаң батыр болғанда, немене, менің атам қатын деп пе едің? Сен Бектемірдің ұрпағы болсаң, мен Көктемір батырдың ұрпағымын!

Дөкей: \ кеңк-кеңк күліп, кекесінмен, қатты дауыстап:\ А-а! Керең болғыр құлағым не естіді? Дәп мына сенің атаң батыр болса, хе-хе-хе... қазақ әскерге жарыған екен!

Тапал: \ қатты қайнап, ызаланып:\ Атамыз шағын денелі, шымыр кісі болыпты. Өте шапшаң, епті болған- Брюс Ли сияқты! Сен сияқты дөкейлер атына мінгенше, жай оғындай жарқылдап, жауды жапырып тастайды екен, жарықтық!

Дөкей: Паһ, шіркін! Өзіміз сен сияқты біттилерді балақтағы бит құрлы көрмейміз!

Тапал: Оттапсың! (Көктемір жағының қаны қызып, еліре

бастайды)

Дөкей: Өзің оттапсың! (Бектемір жағзы да көтерілуге ыңғайланады)

Тапал: Аттан! Аттан! Көктемір!Көктемір!

Дөкей: Бектемір!Бектемір!(Лөктірден басқасы өре түрегеліп, «Бектемір! Бектемір!» «Көктемір! Көктемір!» деп ұран салады).

Лөктір: \ орнынан атып тұрып, екі араға қолын керіп, тұра қалып: \ Тоқтаңдар! Ойбай, маскара, ұят-ай! Сендерге не болды? Уа, құдалар, тоқтаңдар, ойбай, тоқтатыңдар! \ Бәрі ақырындап басылуға айналады. \ Бір ауыз сөзге бола Бектемір мен Көктемірдің аруағын қозғап не көрінді, ей, сендерге?! Консервінің қалбыры үшін көсемдерін сойып жейтін каннибалдар емессіңдер ғой!

Тапал: \ сабырға келіп, өкініп, бәсең дауыспен: \ Қап! Жап-жақсы төбелесті құрттың – ау!

Лөктір: \ екі жаққа қарата, ашынып: \ Ау, ағайын! Ақылға кел! Құдалардың арасындағы әрбір қатты сөздің, әрбір пыш-пыштың екі жасқа оқ болып тиетінін ойладыңдар ма? Үлкендердің реніші, кесір мінездері мен теріс пиғылдарының дүмпулері жас отаудың іргетасын шайқалтып, жарықшақ түсірмей ме? «Балалар үшін, балалар үшін» дегенде сондайсыңдар, осыны неге ойламайсыңдар? Мен сенен артықпын, біздің жақ сіздің жақтан артық деп кеуде көтеріп, бір-біріңді кемсітіп, кекетіп, мұқатып, жамандағанда не табасыңдар? Араларың ашылып, араздасқанда мұраттарыңа жетесіңдер ме? Әй, қай жақтікі болса да, ол да өзіндей адам ғой! Адамды адамша сыйлау керек қой!

Дөкей: \ ашуы тарап, көңілді үнмен: \ Бәрекелді, данышпаным, осының бәрі қай жеріңнен шығады ә? Ал, ендеше, айтқан сөзің рас болса, қосылып бір алып қояйық! Ап кел!

Тапал: Жақсы айттыңыз! Олай болса....(Лөктірге стақан береді) Ал, дабай, татулық үшін!

Лөктір: \ стақанды алмай: \ Рахмет!

Тапал: \ стақанды қолына ұстатуға тырысып, тықпалап, қадалып: \ Рахметті ішкесін айтасың! Немене, ішкен біз жаман да, ішпеген сен жақсы боласың ба? \ жұртқа, айрықша Дөкейге қарата: \ Маған бір өзім сияқты аямай ішіп-жейтін жақсы құданың да кездеспегенін қарашы! Дұрыстап ішіп-жей алмайтын кісілерді жек көремін! Сондықтан, кел, жастардың үбірлі-шүбірлі болуы үшін ап қояйық!

Сұрамшақ: Ал, дабай!

Стақан: Мынау бір жақсы тілек екен, ал дабай! Балдардың бөбектері көп болуы үшін қалай алмайсыз?

Бағи: Лөктір құда! Кім көшеде ішіп жүр дейсің.... осындай қызықта болмаса... Бәрі де балдар үшін... кәне, сәбилер үшін кішкене алып қойыңыз!*\ Жаңылға қаратып: * Келіңіз! Екі құдағи қосылып, *(Жаңыл да қисалаңдап келіп стақан соғыстырады)* біз де алып қоямыз!

Тапал:*\ Лөктірге төндіріп: * Әй, басқа-басқа, сәбилер үшін...екі анамыз бірдей өтініп тұрғанда ішпейтін не деген безбүйрексің, ә? ** тиісіңкіреп:** Жоқ, сенің ниетің жаман ғой өзі...

Жеңгеш: *\ Қызып алған. Ортадан килігіп, сиқырлы дауыспен: * Жастардың болашақ әлдилері үшін алу керек, лөктір құда! Қане, неше рөмке ішсек, сонша балалары болсын деп тілеп ішейік! Ал, дабай!

Лөктір: *\ Қысылыңқырап, жібі босаңқырай бастаса да, тартысып: * Баланы арақ бермейді ғой...

Тапал: *\ ашуды қойып, азғыруға кіріседі. Айлалы үнмен: * Иә, рас, арақта тұрған дәнеңе жоқ. Бірақ, болашақ сәбилер үшін түк ішпеу ырымға жаман. Қайдағыны бастамай... қағып жібер... Осыдан жастардың бөпелері болмасын... тура сенен көреміз!

Жеңгеш: *\ киіп кетіп: * Иә, обалы саған!

Лөктір: Апырай, ә...*(Бәрі «ал, ал», «ал, дабай», -деседі)* Балалар үшін амал жоқ енді! (ішеді).

Тапал: Біз шындасақ құда түгілі құдайды да ішкіземіз!

Сұрамшақ, құдағилар, Стақан: Астапыралла!

Тапал: Арақ аман болса, бәрін де істейміз...

Дөкей: Ал мен өлең айтамын... домбыраны әпер... *(Домбыра тартады)* Ахау! Ехеу! Әй, мына домбыраң менің даусыма неге келмейді, ә?

Лөктір: Домбыра сау ғой... Әр мастың әуеніне төңкеріле бере ме?

Дөкей: Ә-ә, солай ма? Онда домбыраға да ішкіземіз! *(Домбыра шанағына бір стақан арақты құйып жібереді)* Ал, қане.... ахау.... е, бәсе, жаңа келістік.... Ахау!

Қызығы дүниенің ішіп-жеген,

Дорақ қой ішіп-жеуді түсінбеген,

Бір қой мен бір жәшікті жалғыз таусып

Сонда да ышқырымды түсірмегем! Ахау!

Әй, болды, әнім қалай, ә!

Тапал: Әніңіз де өзіңіз сияқты дөкей екен!

Дөкей: Онда сол үшін... ап кел! *(Стақанды айналдыра қарап)* Әй, құда, берсең арағыңды жөндеп бер! Не мынау.... құйттай

стақаныңмен... қайра-қайра жылтыңдатып... өңештің мазасын алып...
Ап кел, ана ожаумен...

Тапал: Бәлкім... шелекпен көрерсіз?

Дөкей: Несі бар? Ішемін шелегімен... арағың жетсе... артың шыдаса...Ап кел!

Тапал: Қазір, құда! Көрерміз күшінді!!

Ширығып, ерегесіп, үйден жүгіре шығып кетеді.

Жұрт тым-тырыс. Әрі шошыңқырап, әрі таңырқап отыр.

34 – Көрініс. Бір шелек арақ.

Ауылда Киіз үйде.

Стақан: \ Дөкейге, жаны ашып, сабырға шақырып:\ Өй, қой!
Күйіп кетесің босқа! Таста ерегесті!

Жаңыл: \ Жалынышты үнмен:\ Қой, қоя ғой! Қайтесің бұларды...
Үйге жетіп алайықшы аман-сауымызда!

Дөкей: \ Олардың сөзін құлағына да қыстырмай, қитығып:\ Өй,
саспаңдар! Бір шелек арақты таба алмайды бұлар! Құдаға құя да
алмайды, қия да алмайды! Ха-ха-ха!

*Сол кезде Тапал бір шелек арақты талтаңдап көтеріп әкеліп,
Дөкейдің алдына қояды.)*

Тапал: Бұдан үлкендеу ыдыстың ыңғайы болмай қалды! Аз да
болса,көптей көріңіз! Ас болсын... Ал, дабай!

Дөкей: Шамамның келгені осы десейші, әй, тәпәйім! Саспа, есесін
қайтарамын әлі! Бізге құдалыққа келгенде, тура мына сенің өзіңнің
бойындай бөшкемен беремін арақты! Іше алсаң – жарадың, іше
алмасаң өзіңді бұрап,бұрап, бөшкеге тығып жіберемін...ха-ха-ха!

Тапал: Алдымен мынаны ішіп, тауысып ал, содан кейін көрерміз
кім-кімді жыққанын!

Дөкей: Көрсек көрерміз!

Дөкей орындықта ырғалып, нығыздалып, жайғасып отырады.

Шелекті екі қолымен екі жағынан қыса ұстап, көтеріп алады.

Жиналғандар аузын ашып, сілтідей тынып, қарап қалады.

Дөкей шелекті аузына апарады.

Жұрт: «А-а! О-о!» деп, дыбыссыз демалады.

Дөкей ақырындап іше бастайды.

Тапал: «Қайтер екенсің?» дегендей мысқылдай күліп, жұтып
жатқан Дөкейді жұртқа қолымен көрсетіп, мазақ қылып тұрады.

Дөкей құлқ-құлқеткізіп, жұтып жатыр, жұтып жатыр...



*Жұрттың көзі атыздай болып, қарап отыр.
Дөкей бір кезде «ух» деп бос шелекті даңғырлата домалатып
жібереді...*

Жұрт та «ох!ах!» дейді.

Дөкей тұтас жамбасты жұлмалап жей бастайды.

Жұрт «о-о», «охо», «па,шіркін», «еркек» деседі).

Бағи: *(Шошақайға)* Мынау бір жалмауыз ғой...Аса толық та емес өзі..

Шошақай: *(құдағиға)* Ішінде жыланы бар шығар...

Сұрамшақ: Аждаһа!

Тапал: Мә-ә, құда! Шынымен де масқара екенсіз! Бір сиырдың құнын екі-ақ ұрттадыңыз-ау!

Дөкей: Хе-хе-хе! Тәпәйім, сол да бұйым боп па әтәйіңә!... Түйені түгімен... түйең не.... Камаздарды, поездарды жүгімен жұтқанда жұмырыма жүк болмаған... Хе-хе-хе... Иә, тағы беретіндерің бар ма өзі? Ап кел!

Тапалдың есі шығып, жан-жағына алақтай қарайды.

35 – Көрініс. Егес. Төбелес.

Ауыл. Киіз үйде. Аулада.

Құдалар қызып алған. Қызбала туралы өсек жандарын улап, екі жақтың да есі шығады.

Екі жеңгейдің шапылдасып, бет жыртысқан сөздеріне қызып алған еркектер де араласып, ауыр сөздер айтып, қатты жанжалдасады.

Дөкей: Атам қазақ айтқан мынадай сөз бар. Ал, тыңдаандар қане! Кім осы сөздің жұмбағын шешіп, дұрыс жауабын тауып берсе, астымдағы қара Джиіті түсіп беріп, осы ауылдан жаяу кетемін!

Жаңыл: Тәк, тәк, Дөкөйшігім! Қой, қоя ғой енді!

Дөкей: Қысқарт! Еркектің сөзіне араласпай отыр!

Жеңгеш: Пах! Міне жігіт! Қойма, қойма!

Тапал: Қояды ғой! Қоймағанда қайда барады? Қауқиған түрі ғана, тізгіні қатынның қолында!

Дөкей: Айтқан сөз атылған оқ. Ер жігіттің екі сөйлегені, өлгені!

Тапал: Тағы да айтшы...құлағыма жағып кетті әлгі сөзің! Ондай кесек сөзді, нағыз еркектің сөзін естімегелі қай заман!

Дөкей: Сөзімнің жауабын тапсаң, машинама сенікі!

Тапал: Міне, міне, ердің сөзі!

Дөкей: Ал, таба алмасаң ше? Таба алмасаң не бересің сен маған?

Тапал: Таппасам... Таба алмасам... Өзің айт қалағаныңды?

Жеңгеш: Осыдан таппай көр!

Дөкей: Таба алмасаң, төбеңнен тоқай аламын!

Жаңыл: Шалбан!

Дөкей: Бір де! Содан кейін тоңқайтып қойып, құйрығыңнан қайқайтып тұрып бір тебемін де, үстіңнен аттап кете беремін тапалым! Осыным қалай?

Тапал: Әй, дүлей! Мұның нелеу екен...

Жеңгеш: Нелеуі нелеу енді... бірақ қара Джип тұрғанда... Нартәуекел! Сенің таппайтының жоқ еді ғой!

Тапал: Иә, тәуекел! Тоқсан ауыз сөздің түйінін тапқанда, бір Дөкейдің дөкір сөзін допша қағып, шемішкеше шағармыз!?

Дөкей: Қаксаң да, шақсаң да Джибім сенікі!

Жаңыл: Әй, тоқта! Сонда біз қайтеміз?

Дөкей: Қайтуші едік? Қайтамыз жаяу қисалаңдап.

Тапал: Сіз саспаңызшы, Жаңыл! Қыздарды өзім жеткізіп саламын... қара Джибіммін гулетіп!

Жеңгеш: Оны көрерміз әлі!

Жаңыл: Көрсек көрерміз!

Тапал: \ *Лытылдап, сөйлеп жүріп, жағалай арақ құяды:* \ Олай болса, ұрыста тұрыс жоқ! Бәс тігілді! Бәске бас тігілді! Оған мына халық куә! Ал, дабай, сол үшін! Аппақ қып ап қояйық! \ *Бәрі ерегесіп, гуілдесіп, «ал, ал, қане!»*, » *«ап, қой!»* -десіп, стақан соғыстырып, бір – бірін аңдып, сарқып ішеді. Тапал орнына барып отырады. **Дөкейге қарап:** \ Ал, қане, тынышталыңдар! Ал, айтшы қане, Дө-ө-өкей данышпан! Сөзіңнің түрін көрейін, шешмін тауып берейін, Джибіңе мінейін, сазайыңды берейін!

Дөкей: Ал, онда мұқият тыңдаңдар! Аталарымыз айтқан екен! \ *Саусағын кезеп, қадап-қадап, қатты айтады:* \

Май бұзылса, тұз түзер,

Тұз бұзылса, не түзер? \ *Сәл бөгеліп, жан-жағын шола қарайды:* \

Ел бұзылса, хан түзер,

Хан бұзылса, кім түзер? \ *Жұрт тым-тырыс, тырп етпей тыңдап отыр. Дөкей Тапалға тура қарап, қадап тұрып айтады:* \

Ұл бұзылса, қыз түзер,

Қыз бұзылса, кім түзер?! \ *Сілтідей тынған екі жақта да үн жоқ. Қыздың әке-шешесі жерге кірердей болып шөгін, бүгіліп қалған. Жеңгеш бір қызарып, бір сұрланып, Тапалға қарап, көзін жыпылықтатып, тырп ете алмай қалған. Тапал бірдеңе дегісі келеді,*

бірақ, әлдене иығынан басқандай, тырп ете алмай қалады. Ауыр үнсіздік

Стақан: *Апырай, ә? \ бір стақан арақты қағып салады.*

Жаңыл: *Бүлінген үйден бүлдірге алма деген...\ бұл да бір стақанды қағып салады.*

Дөкей: *Ал, неғып дыбыстарың шықпай қалды? Ә, солай, жауаптарың жоқ! Жауап беретін беттерің жоқ! Олай болса, мен жеңдім! Шарт бойынша, бермен кел, тәпәйім, этәйіңнің алдында тізеңді бүгіп отыр. Мен басыңнан тоқай – шалбан аламын! Содан кейін сен тоңқайып тұрасың да, мен сені мына бөренедей аяғыммен қайқайтып тұрып құйрықтан бір тебемін. Сен доп сияқты ұшып кетесің!*

Тапал ызадан тұншығып, жарыла жаздап, бір стақан арақты қағып салады. Жыны қайнап әрең отырған Жеңгеш те оған ілесе бір стақанды қағып салады.

Тапал: *\ Ашуга бұлыққан күйі айқай салып, Дөкейге жұдырығын білейді:\ Мә саған шалбан! Мә, саған құйрық! \ Стақанды Дөкейге жіберіп қалады. Дөкей тигізбей жалтарып үлгереді.*

Сол кезде Жеңгеш те байынан қалыспай, стақанын Жаңылға жіберіп қалады.

Бұғып үлгерген Жаңыл Жеңгешке бір тәрелке тортты лақтырады.

Торт бетіне, басына жағылып, жыны қайнаған Жеңгеш: «Ойбай, қайыршы, мә саған!»- деп, Жаңылға бас салады.

Дөкей атып тұрып, тапалға тарпа бас салады.

Қырғын төбелес басталып кетеді.

Төбелесті киіз үйде бастап, аулада жалғастырады. Негізгі төбелесіп жүргендер – Дөкей мен Тапал. Олардың әйелдері – Жаңыл мен Жеңгеш те бір-бірін аямай тілдеп, төбелесіп, тепкілесіп, ұрысып, жұлысады. Қалғандары айырып әлек.

Екі жағын Лөктір мен Құдаша, Сұрамшақ пен әйелі зорға айырып алады. Тапал мен Жеңгешті үйге сүйреп әкетеді.

Лөктір, Стақан мен Сәулеш Дөкей мен Жаңылды машинаға мінгізіп, құдалар да кетеді ақыры.

36 – Көрініс. Өсек өрті.

Театрда. Қызбаланың гримеркасында. Қызбала мен Әйткен аңгімелесіп отыр. Тоты келеді.

Қызбала: *Бүгін дирекцияның атынан Тойтан ағай құттықтады. Ол*

кісі тілегін айтып жатқанда, кейбір әріптестер бірін-бірі түрткілеп, мысқылдай күліп тұрғанын көрдім. Ой, жердің астына кіріп кете жаздадым! *\Тотаня әуестеніп тыңдайды.* Бүкіл театр бір түрлі қарайтын сияқты маған! Көшеге шықсам, жұрттың бәрі күлетін сияқты сыртымнан. Интернетке суреттерімді қаптатып салып қойыпты. Инстаграммада, сайттарда толып жүр. Тілдеп жатыр шетінен! Қазіргі жұлдыз қыздардың сиқы осы ма деп сауал тастап, соған неше түрліні бұрқыратып жазып жатыр! Мен енді қайттім? Қай тесікке тығылып, қайда барып күн көремін?! *\ Әйткен шарасыздықтан басын шайқап, жұдырығын түйіп, кіжінеді. Тотаня басын изей түсіп, телефонын шұқылап әуре.* Өлетін болдым, Әйткен!

Әйткен: Бұл бәлені қоздырып отырған біреулер бар! Соларды тауып, сазайын беру керек!

Қызбала: Одан маған не пайда, не қайыр?

Әйткен: Порталдың бас редакторына телефон соғып, айта бастап едім, тіпті сөйлеспейді де! Жұрттың пікіріне біз жауапты емеспіз! – деп, бет бақтырмайды. Онда, жазған кім екенін айтыңыз десем, оны өзіміз де білмейміз дейді. Тым болмаса, қай адрестен келгенін білуге болады ғой, поштасын беріңіз маған десем, бұл біздің міндетіміз емес, бітті!-деп, телефонды тастай салды! Енді не істерімді білмей отырмын?

Тоты-Тотаня: Мұның бәрі өтірік деп, жоққа шығарып жауап жазып едім, тіпті құтырып кетті. Айтпаған бәлелері жоқ! Тілдері қандай ащы десейші! Нанбасаң, міне, тыңдап көр!*\ Аузын толтырып, мәнерлеп, айызы қанып, оқи бастайды.*

Қызбала жақсы адам, жақсы қыз, тұрмыста болмаған! Айтып тұрғандарыңның бәрі жалған, жала!*\ Қызбалаға:* Бұл менің жазғаным! Мына жыңды жауапты қарашы:

Тұрмыста болмағанмен, жұмыста болған шығар! *\ Қызбалаға қарап, күледі.* Ой, қатырады-ай бұлар! Өсекшілердің тілдері қандай өткір десейші! Оқығанда, рахаттанасың пірәмі!*\ Ары қарай оқиды.*

Жап-жақсы қызға жала жаппандар! Өтірік, өсектерің кімге дәрі?! Оның қайдан шыққанында жұмыстарың қанша?*\ Қызбалаға:* Бұл да менің жазғаным! Жауабын қара!

Жұмысымыз болғанда қандай! Әркімде жұмысымыз болуы біздің өмірлік жұмысымыз!

Біреудің сүйегін мүжіп, кемігін шайнағаннан артық рахат бар ма!?

Көбік сөз кімге дәрі, дәлелдерің болса, айтыңдар!*\ Қызбалаға:* Бұл менің жазғаным! Оған да тоқтайтын түрлері жоқ. Міне, тыңдап көр!

Дәлел керек болса, дәмдеп, дәлдеп тұрып келтіріп береміз!
Дәлел толып жатыр! Қайсыбірін айтайын-ау, ай-хой!
Қай қыз қайдан шыққанын мойындаушы еді!
Бетіне қарасаң бәрі әп-әдемі, түк көрмегендей...
Өтірік демегенде, қай бетімен рас дейді!
Жарайды, Қызбала, сен де белгілі болдың! Байбаламды қой да,
байыңа қайта қосыл!

Бай емес, байсымағыңа қосыл десейші! Жүріп, жүріп тастап кеткен
жігіті бай емес, байсымақ болады да! Хо-хо-хо!

Сонда Қызбала жайсымақ болды ғой! Хи-хи-хи!
Байыңа қосылмасаң, сайыңда сайран құра бер!
Қарабет! Қазіргі қыздардың бәрі қағынған! \Қызбалаға:\
Міне,көрдің бе!

Қызбала: Сен неменеге мәз болып жүрсің, Тотаня?

Тоты-Тотаня: Ә-ә, мен бе? Мен жай, әншейін...қызық қой енді...
Міне, мына қарашы, екеуміздің суретімізді де салып қойыпты. Қатқан
сурет! Мен сенен әдемі болып шығыппын, Қызбалашка, ренжіме!
Шынында да, менің көзім үлкендеу, әдемілеу екен ғой! \Үндемей
телефонға үңіліп қалады.\

Қызбала: Иә, аузың да үлкен! \Сынай қарап:\ Коменттерді неге
оқымайсың?

Тоты-Тотаня: Ә-ә, әлі ешкім ештеңе жаза қоймапты.\ Асығыс
соткасын өшіреді: \Көзім талып кетті ғой, құрғыр!

Қызбала: Солай ма шынымен? Қане, мен де бір қарап жіберейінші...
\Соткасын ашып, қарап жіберіп:\ Мә-ә, мында тұнып тұр ғой комент
дегенің! Қане, қане, оқып көрейік!

Мә-ә! Мыналар кім, әй! Шарап ішіп,шалқып, байсырап, балқып
тұр ғой өздері!

Бұл– аты-шулы жалғаншыл әртіс Қызбала! Жанындағысы – жан
құрбысы Тоты-Тотаня!

Тотаня десе Тотаня екен, тотифан тұрысы қандай жаман!

Шалшыққа аунаған тауық құсап...

Күлге аунай салып та жұмыртқалай беретін шіби сияқты ма деп
қалдым...

Жоқ, мұндайды қазақ жүнін жұлған тауықтай дейді...

Қазіргі тілмен айтқанда, цыплята –табака!

Пау шіркін, қалай дәл тауып айттың! Қызбаласы –окарашка,
Тотанясы – табака!

Тоты-Тотаня: \Коменттерді біресе бетін басып, біресе секеңдеп,

біресе кекендеп: «Ой! Ойбай-ай! Бетім-ай!» деп тыңдап тұрады. \ Шынымен табақаға ұқсаймын ба?

Қызбала: Қайдан білейін? Мен сені табаға салып қуырып көріппін бе? Одан да тыңда ары қарай.

Тауықта бір түйір болса да ми бар екен. Өйткені, тырықтығын жүнімен жауып жүреді ғой. Ал мына Тотаня дегеніңнің соған да ақылы жетпепті. Тыртыып қалғанын жасырудың орнына, жыртитып қойған не деген жексұрын!

Қызбаласы жайдақтаған, Тотанясы тайлақтаған театрдың соры қалың екен!

Тотаняның шын аты Тоты, попугай деген сөз емес пе? Өз ойы жоқ, біреу не айтса соны бақылдап қайталай беретін попугай! \ *Тоты-Тотаняға тесіле қарап:* \ Ал, қалай екен интернет пікірі?

Тоты-Тотаня: Өй, бұлар да лағып кетеді кейде! Қуғанда да, қуады енді!

Қызбала: Меніңше, бәрі шын сияқты. Адамға ой салады-ау кейде! Бұрын помпадурлар болған! Қазір – попугайлар! Әлдекімдердің айтқанына сеніп, айтағына еріп, әркімнің сөзін қайталаумен қалт-құлт етіп келеміз-ау, әйтеуір!

Бүгін біреу былай айтса, солай жалт беріп, ертең басқа біреу басқаша айтса, соған жалп ете қалатынымыз өтірік пе?

Әйткен: Қыздардың мұндай мойындауы қандай ғажап! Жалпы, бүкіл қоғамға қатысы бар пікір!

Қызбала: Тоқта, тоқта! Бұл сурет қайдан пайда бола қалды? Тотаня, сен салдың ба? Сенен басқа ешкімде жоқ еді ғой!

Тоты – Тотаня: Иә!

Қызбала: Неге?

Тоты – Тотаня: Сендей танымал әртістің жан құрбысы екенімді жұртқа бір көрсетіп, мақтанғым келді!

Қызбала: Қашан түсіп едік?

Тоты – Тотаня: Студент кездегі, соңғы курста оқып жүргендегі сурет қой. Екеуміз бір тойда түскенбіз. Қолымыздағы фужерде таза жүзімнің шарабы. Өрескел ештеңе де жоқ!

Қызбала: Бірақ, дәл мына айғай-шудың үстінде отқа май құя түскендей болды-ау!

Тоты – Тотаня: Мен ол жағын ойламаппын!

Қызбала: Ойласаң Тотаня боласың ба?

Тоты – Тотаня: Жә, жә, Қызбалашка, мына қызықты қара! Театр дирекциясының атынан көркемдік жетекші, бас режиссер Тойтан

Тойқанов тағы да өз пікірін білдіріпті! Міне, тыңдаңдар!

Қайдағы – жайдағы өсек сөзбен біздің әріптесімізге күйе жаққанды қойыңыздар! Біз театрымыздың мақтанышы, үлгілі жас әртісті жазықсыз жаладан жанымызды салып қорғаймыз! Қолдаймыз!- депті.

Әйткен: Уай, азамат! Жарайсың!

Қызбала: Рахмет, ағайға!

Тоты – Тотаня: Мә-ә, мына қараңдар, қаптап кетіпті коменттер: \ *Құйқылжытып, құтыртып оқиды:* \ Театрдың көркемдік жетекшісі Тойтан Тойқанов ұятсыз әртіс Қызбала Жарқынбекованы қолдап отыр!

Жанымызды салып қорғаймыз депті!

Ұятсызды шыр-пыр болып қорғағанына қарағанда, өзі де ұятсыз-ау, шамасы!

Балықшы балықшыны алыстан таниды деген!

Е-е, бір бәлесі бар да! Жайдан-жай жанын салмайды ғой!

Бірдеме берген шығар режиссерге!

Иә, бастықтардың бәрі парақор ғой қазір! Көмейін толтырған шығар!

Жоға, жас қызда ондай ақша қайдан болсын! Басқа амалын тапқан да!

Ә-ә-ә? Анау болды ғой?!

Болғанда қандай! Солай! Дәл солай! Бұл арсыз бетпақ Қызбала Жарқынбекова ана жүргіш режиссер Тойтан Тойқановтың ашынасы!

Мәссаған! Міне, әңгіме қайда жатыр!

Қызбаланың жап-жас басымен үлкен беделге ие болуы да, облыстың аруы атануы да тегіннен тегін емес! Оны театр жетекшісі Тойтан Тойқанов қолдап, көтермелеп отырған! Жайдан-жай емес, әрине! Міне, былық-шылық қайда жатыр!

Әй, тоқтандар! Бұл режиссерің неше жаста өзі?

Елуге таяп қалған сияқты!

Бала-шағасы бар емес пе?

Бар! Бірақ, құмарлық оған қарата ма?! Бәйбішесі өзімен қатарлы. Жас иіс керек – тағы кәрі текеге!

Ал, енді не болар екен?

Не болушы еді? Біраз иіскеп, құмары басылған соң, қуып шығады байғұс қызды. Немесе, тоқалдыққа ала салады!

Тіпті, бәйбішені балаларымен қалдырып, тоқалдың соңынан кетеді қаңғып! Әнеки!

Кәнеки? Әй, бұл бұзылған режиссер Тойтанның қыздай алған

қосағы Нәркесті қызғаншақ деуші еді ғой. Ол қайда қарап отыр? Білмей қалды ма екен, бишара?

Шіркін, біреу оған осының бәрін жеткізіп, көзін ашса ғой... Қызықтың көкесі қызталақ қатынның қызылшыл байын қызғанып, қырғын салғанында емес пе?!

Әйткен: Жә! Жетті! Тоқтат жүректі айнытпай! Ұятсыздар! Арсыздар! \ *Тоты-Тотаняның телефонын жұлып алып, сөндіріп, қайтып береді.* \

Тоты-Тотаня: \ *Шошыңқырап:* \ Менің жазығым не? Мұндай батырлығыңды осыны жазып жатқандарға көрсет одан да! \ *Бұртиып шығып кетеді.* \

Қызбала Әйткенді құшақтап, солқылдап тұрып жылайды.

Қызбала: Жаным күйіп барады! Жазығым болса екен...Күнәсіз күйдіргені батып барады!

Әйткен тістеніп, ұрсады.

Әйткен: Болды, тоқтат енді! Бір ит үрді екен деп, қирап қалатын қуыршақсың ба? Мұндайларға қарсы шабу керек! Улы жыландай желкесінен басып тұрып, тілін суырып алу керек! Жағын айырып, тісін жұлып алып, артына қағу керек! \ *Арлы-берлі аласұрып жүреді.* \ Аха, таптым! \ *Тұра қалып, біреуге телефон соғады.* \ Әлө! Ассалаумағалейкум! Халыңыз қалай? Бұл мен, әригинәлни Әйткен!

37 – Көрініс. Телефонмен сөйлесу.

Генералдың кабинеті.

Генерал – майор жұмыс формасымен, жұмыста отыр.

Генерал: \ *телефонын көтеріп:* \ О-о! Әлем әртісі! Сізге өзім хабарласып, хал сұрауым керек еді! Жұмыс, жұмыс деп, қол тимейді... Әйтпесе, әңгімелеріңізді тыңдаудың өзі бір рахат! Сіздер біз сияқты қатал солдаттарға өнер, рух бересіздер! Жанымызды байытасыздар! Өткенде менің елу жылдығымды қалай жүргіздіңіз! Сіздің сол тойдағы әндеріңіз, өлеңдеріңіз, әр сөзіңіз елдің есінде! Әлі күнге офицерлер аузының суы құрып айтады! Мен сізге өмір бойы ризамын!

38 – Көрініс. Гримеркада

Әйткен: \ *телефонмен сөйлесіп тұр:* \ Рахмет, аға! Мен де қуаныштымын! Аға, сізбен жолығып, ақылдасатын бір қиын жұмыс болып тұр. Сізбен тез арада кездесуім керек!

39 – Көрініс. Генералдың кабинетінде.

Генерал: \ кабинетінде, телефонмен сөйлесіп отыр: \ Жақсы! Онда былай болсын! Мен сізге бір сағаттан соң соғайын. Асықпай, оңаша сөйлесейік!

40 – Көрініс. Барлауға дайындық.

Әйткен: Жақсы, аға! Рахмет! \ Қуанып, телефонын сөндіріп, Қызбалаға: \ Генерал ағамыз...Тойын жүргізгем өткенде...Барлаушы. Мен ана интернетте жасырын атпен жала жауып отырған сүмелекті тапқызып аламын да, сыбағасын беремін!

Қызбала: Әйткен, байқа! Қызбаланып, арандап қалма! Адресін тапсаң болды, ары қарай заң жолымен сөйлесерміз!

Әйткен: Иә, Қызбала, өзің де қызбаланба! Көрерміз ретіне қарай!

41 – Көрініс. Әрекет.

Генерал машинамен театрдың алдына келеді. Жүгіре басып шыққан Әйткенді мінгізіп алып, қаланың сыртына қарай тартады. Сол бойы өзен жағасына, орманды бір жерге келіп түседі.

Генерал: Қалада, кеңседе қамала бергенше таза ауада серуендеген дұрыс. Емін – еркін сөйлесуге де болады! Міне, қарашы, қандай таза ауа! Қандай ғажап сұлулық! Ал адамдар мұны байқамай, байқаса да мән бермей, былық – шылыққа батуға неге құмар екен?

Әйткен: Селяви – солай! Амалың қайсы!

Генерал: Жә! Жағдай түсінікті. Жалақорды тауып, заң бойынша жазасын беру керек! Жалған атпен жасырынып отырған жазғыштың құпиясын ашуды біздің жігіттерге шұғыл тапсырамын!

Әйткен: Бұл мүмкін бе?

Генерал: Бізде бәрі де мүмкін!

Әйткен: Сонда қалай? Жұрттың құпиясын...

Генерал: Ол енді біздің жұмысымыз...Оны білмей-ақ қойғаның жақсы!

Әйткен: Иә, түсінікті...

Генерал: Бүгін не ертең кешке дейін барлық сараптаулар нәтижесі дайын болуға тиіс. Мен өзім саған жазып жіберемін.

Әйткен: Ой, аға, рахмет!

Генерал: Рахметті кейін айтасың! Ағаңа жақсылап бір ән салып бересің!

Әйткен: Оны қатырамыз ғой! Тек мына пасық немені тауып берсеңіз болды! Адал жанның, ару қыздың ар-намысына күйе жағып, қаралаған, жаламен күйдірген иттің сазайын өз қолымнан беремін!

Генерал: Жә, сабыр, сабыр, сахна королі! Сен ылғи батырлардың, корсарлардың, қаракшылардың рөлін ойнай берген соң, өзің де солар сияқты болып кеткенсің бе?

Әйткен: Енді...қиянатқа жаным күйіп, қаным қайнайды!

Генерал: Ондай бәрімізде де бар! Бірақ, самосудқа жол жоқ! Қайта оны әшкерелеп, қылмысын бұлтартпай дәлелдеп, заң жолымен жазасын берсең – міне, жеңіс деп соны айт!

Әйткен: Елге әйгілеп, қарабет қылу керек!

Генерал: Ол да дұрыс! Жазықсыз жанды ақтап, күнәсіз екенін дәлелдеп, жалақордың өз күйесін өз бетіне жаққанға не жетсін! Және бұл бәлекор, жалақорларға сабақ болар еді!

Әйткен: Иә, дұрыс айтасыз! Бірақ, жазықсыз жәбір шеккен жанның жарасы сонымен жазылар ма?

Генерал: Жазу керек! Ол адамның ерік,жігеріне байланысты! Мен сендердің жеңіп шығуларыңа тілектеспін!

Сылдырлаған ағын суға қарап, бір сәт ойға шомады. Әйткен де үнсіз күрсінеді. Ағын су тоқтаусыз сылдырлап, алға жүйіткіп барады.

42 – Көрініс. Реніш.

Әйткеннің пәтерінде.

Құдалықтан келген Дөкей мен Жаңыл әженің үйінде отыр.

Әңгімені айтып, жаман аты шыққан қызды келін етіп түсіруге қарсы екендерін айтқан сыңайлы.

Ол екеуінің қолдарын сермеп, қызынып айтқан сөздерінен Әже мен Әйткеннің жаын түршігіп, көздеріне құдалықта болған оқиғалар елестегендей болады.

Әңгімені әже де біліп отыр екен, көзіне жас алып, күйзеледі.

Бірақ, сөзге ілінген қыздан Әйткеннің аулақ болғанын қалайды.

Әйткен: Адам құсап барып, адам құсап келе алмадыңдар ма? Бір құдалыққа жарамай қалдыңдар ма сонша?

Дөкей: Пах! Көзіңмен көрмеген соң соғасың-ау сен де! Бізді адам құсап қарсы ала алмаған өздері!



Жаңыл: Кісілікке жарайтын жандар емес!

Дөкей: Жә! Бәріне де мақұл боп, сен үшін, апам үшін көндік! Шыдап бақтық! Бірақ, енді құда түскелі отырған қыз нетіп қойғанына қалай шыдарсың? Көріп тұрып қалай көнерсің!

Әйткен: Ол өтірік! Жала! Қызбала адал жан!

Дөкей: Мейлі! Ол сенің ойың! Ал оны мына жалпақ жұртқа қалай түсіндіріп, қайтіп дәлелдейсің?

Жаңыл: Бір сөз шығып кеткен соң қиын. Бетімізге шіркеу болады. Ертең дос бар, дұшпан бар, бүкіл ел күлмей ме табалап! Сыртымыздан саусағымен шұқып, масқара қылмай ма?

Дөкей: Қазір қыз деген толып жатыр!

Әйткен: Бірақ, мен үшін Қызбала біреу-ақ! Ол менің сүйгенім! Мен тек қана сол қызға үйленемін!

Дөкей: Осыдан осы қызды алып көр!

Әйткен: Ал, неғыласындар алсам?

Дөкей: Бір де біреуіміз қалмаймыз жаныңда! Тойыңа да келмейміз! Үйіңе де кірмейміз! Енді қайтіп ондай құдалардың бетін көрмей-ақ қойдық!

Жаңыл: Ойбай-ай десейші! Ана бір жеңгесін есіме алсам, қанымның қайнайтыны соншалықты, шаштарыма дейін жыбырлап кетеді!

Дөкей: Тапалды, тапалды айтсайшы! Тақ – тақ етіп, төбемізді тесе жаздады ғой! Ойпырмай, неше түрлі адам болады екен-ау дүниеде! Енді онымен құда болып, қатар отырады екен демендер мені! Тіпті, орыстан алсаң да, осы қызға қайтып жолаушы болма!

Жаңыл: Жай қыз болса бір сәрі, жаман аты шыққан қызға сонша жабысып қалатындай не көрінді сонша?

Дөкей: Бір бұзылған қыз үшін, бүкіл туған-туыс, ағайыннан қол үземін десең – өзің біл! Бірақ, тап сондай ақымақ емес шығарсың!

Әйткен ренжіп, үнсіз қалады.

Әйткен: \Салден кейін:\ Сендерге енді қандай келін, қандай құда керек?!

Жаңыл: Кімді алсаң, оны ал! Тек қана мына қыздың....мына құдалардың керегі жоқ! Жігітке қыз табылады. Толып жатыр!

Бәрі де оның сөзін бас изеп, үнсіз мақұлдағандай болады. Әйткен ауыр ойға батады.

43 – Көрініс. Қиын жағдай.

Тапалдың үйі. Жеңгеш пен Қызбала ауыр ой үстінде. Жаладан, жанжалдан кейін. Ренішті әңгіме. Бұлар да қыздың Әйткенмен қосылуына қарсы.

Жеңгеш: Жолайтын кісілер емес! Есің болса, маңынан жүруші болма! Бұйырған біреу табылар!

Қызбала ауыр күрсінеді.

44 – Көрініс. Күйдіргінің күйесі.

Әйткеннің пәтері.

Әйткен әжесімен әңгімелесіп отыр.

Әже: Иә, құлыным, мына бір келеңсіз жағдай... жаман болды ғой...

Әйткен: Иә, сондай бір ыңғайсыз жағдай...

Жаңыл: Көрдік интернеттен... Түгел оқыдық. Сұмдық!

Әйткен: Бұның бәрі жала! Ә-ә...

Жаңыл: Сонда да ойлану керек. Тексеріп, ақ-қарасын айыру керек!

Әйткен: Ойланғанда... Тексергенде...

Жаңыл: Жалпы, кісіге сөз ерген жақсы емес. Ал, артынан сөз ерген қыз – қарабет! Оны қайтіп аласың? Ел-жұртқа не дейміз? Қай бетімізбен қараймыз халыққа?

Әйткен: Иә, өзім де анық-қанығына жеткенше жан таппай тұрмын. Жо-жоқ, атай көрмеңіз, ондайы жоқ сияқты да! Сенгенде... сенемін, иә. Жақсы көрген кісіге сенбегенде... Тұу, ма, қойыңызшы сіз де... Алданып қалма, алданып қалма деп... Адамға сенбейтін боп кеттім осы күні... Иә, әже, жарайды енді... Қызбаланы жақсы көретінім рас! Өзіңізге де ұнап қалғаны сондай, Қызбала, Қызбала деп аузыңыздан тастамайтын болып едіңіз... Тура қызым сияқты... армандаған келінім осы, тез әкел де түсір үйге деп қоймаушы едіңіз... Немене? Бір түрлі болып қалдым?! Ой, осы сіз – ақ бір түрлі бола салады екенсіз... Ана қыз андай, мына қыз мындай... ананың әкесі ұнамай қалады, мынаның шешесі ұнамай қалады... Енді сізге кім керек, ма?! Ал, қойдым, ма, ренжімеші тек... Қан қысымын... жүрегіңді байқашы. Мақұл, иә, мақұл... сіз қалай айтсаңыз солай болады! Иә, айта беріңіз, тыңдап тұрмын... иә, иә... иә. Жарайды енді, көрейік ойланып... Ақылдасайық... Иә, иә, ақылдасайық! Жақсы, ма, ештеңені уайымдамаңыз, бәрі жақсы болады! *Телефонын сөндіріп, арлы-берлі теңселіп, күйініп жүреді.*

Бір түрлі! Бір түрлі! Маған дегенде бәрі бір түрлі боп қалады

әйтеуір! Біресе қыздар бір түрлі, біресе мамам бір түрлі! Содан кейін мен де бір түрлі! Сөйтіп, ақырында әр түрлі боп кетеміз! Өй, бүйтіп қыз таңдағаны бар болсын! Одан да бесікте жатқанда атастырып қойса ғой, мынау сенікі деп...Бітті, шаруа! Бір-ақ түрлі болар еді! Ал біз міне жүрміз, келіндікке кәндиләт кәр-рәмәттардың ортасында...неше түрлі болып!

45 – Көрініс. Қисынсыз жиналыс.

Театрда. Директордың кабинеті.

Театрдағы жиналыс. Облыстық мәдениет бөлімінің өкілі, егде әртіс Әлима, театрдың көркемдік жетекшісі әрі бас режиссері, директордың міндетін уақытша атқарушы Тойтан Тойқанов жағалай жайғасқан. Әртістер Нәркес, Әйткен, Асқар, Басқар да осында. Ақырын басып Қызбала келеді, оның соңынан жүгіре басып Тоты – Тотаня кіреді. Телефонмен біреумен сөйлесіп келеді.

Тоты – Тотаня: Міне, жиналыс басталғалы жатыр! Иә, иә, дәл солай! \телефонын сөндіріп, бір шеттен жайғасады.\

Әртістер талқылау барысында үн қосып, Қызбаланы қолдап, қисынсыз сұрақ, жалаға реплика тастап, қарсылық білдіріп отырады.

Тойтан: \ тамағын кенеп, графиннен бір стақан су құйып ішеді:\ Құрметті әріптестер! Біз бүгін әлеуметтік желідегі соңғы кезде күшейіп кеткен айқай-шудың ақ-қарасын анықтауға жиналып отырмыз. Бұл әңгімеге облыстық мәдениет басқармасының лауазымды өкілі арнайы келді. Ендеше, сөздің басын ресми өкілге бергеніміз жөн болар! Сіздерден өтініш, \ жұртты бір шолып шығып, Нәркеске көз тоқтата қарап:\ сабыр сақтап, әңгіменің ақ-қарасын айыруға ашумен емес, ақылмен ат салыссаңыздар екен!

Өкіл: \ бұл да бір стақан судан ұрттап, тамағын кенеп, қиналыңқырап:\ Құрметті театр қайраткерлері! Біз бүгін бір ыңғайсыз жағдайда жүздесіп отырмыз! Бірақ, осылай бір талқыға салып, басын ашып алмасақ болмай тұр. Мәдениет басқармасы да осы келеңсіз әңгімеге алаңдаушылық білдіріп, анық-қанығын тексеріп білуге мені арнайы жіберіп отыр. Бүкіл жұртшылық шулап кетті. Біз мұндай бұқаралық сипат алып кеткен іске жауапкершілікпен қарауға тиіспіз!

Әлима: \ орнынан сәл қозғалып, зілді, наразы дауыспен:\ Немене, сонда, жұрт шулады екен деп, жазықсыз жанды жазалаған жөн емес! Адамның жеке басында жұмысымыз қанша?

Өкіл: \ даусын қатайтып, шамданыңқырап: \ Әңгіме адам туралы болып тұрған жоқ! Әңгіме театр туралы, театрдың әртісі – мәдениет қызметкері туралы болып отыр! Сондықтан да бұл мәселеге облыстық мәдениет басқармасы бейтарап қарай алмайды!

Әлима: \ мырс етіп: \ Қызық екен! Сонда қалай, әртіс адам емес пе?

Өкіл: \ Сасқалақтаңқырап: \ Жоқ...неге... адамы адам ғой, бірақ... \ Қайтадан қатайып: \ Бірақ, ол алдымен әртіс! Мәдени қызмет өкілі! Елдің рухани тәрбиесіне жауапты! Демек, ол өзін сондай талапқа сай ұстай білуі керек! Тек жақсы болып көрінуге міндетті! Содан кейін мейлі...адам бола ма, мадам бола ма, бізге бәрі бір!

Әлима: Сонда қалай, әртісті күйелегісі келгендер аузына келгенін анда-мында жаза берсе, шетінен жазалай бересіздер ме?

Өкіл: \ жалтарыңқырап, бірақ сенімді дауыспен кесіп-пішіп: \ Жоқ, әрине! Әуелі талқылап, ақ-қарасын айырып алайық! Жазалауға үлгереміз ғой қашан да! Сол үшін келіп отырмыз ғой осында. Ал, қане, бос сөзді доғарып, нақты іске көшейік! \ Бұрылып, Қызбалаға қадала сұрайды: \ Қызбала Жарқынбекова, сізден бірінші сұрағымыз және басты сұрағымыз: «Ащы тіл» порталында жазылған жәйттер рас па? Тоқ етерін айтыңыз – неше проценті шындық?

Қызбала: \ қитығып, салқынқандылықпен: \ Өтірік! Нөл процент!

Өкіл: \ Ұнатпай қалса да, білдірмеуге тырысып. \ Ол сіздің көзіңізбен қарағанда... яғни, субъективті пікір! Ал біздің көзімізбен қарағанда, яғни, объективті пікір бойынша, фифти-фифти! Елу де елу! Ұзақ жылдар бойғы қоғамдық өмір, жұмыс тәжірибесі көрсетіп отырғандай, кез-келген қайшылықты оқиғаның күрделі жәйттердің даулы пікірталастардың жартысы ақ болса, жартысы қара болып шығады! Мұны халқымыз «жел болмаса шөптің басы қимылдамайды» деген данышпандық мақалымен баяғыда айтып қойған!

Әлима: Қазіргілер желді де өздері шығара береді! \ Жиналғандар қосыла күледі. \ Соған елігіп, ана жақтан бір жел соқса, желп етіп, мына жақтан бір жел шықса, елп етіп, желөкпе болып кеттік қой өзі. Жел қуғаннан басқа жұмыс құрып қалып па?

Өкіл: \ Жұрттың күлгенін де, Әлиманың тауып айтқан сөзін де жақтырыңқырамай: \ Жә, жә! Жел аяғы құйын! Құйын соқса қиын! Іске көшейік. Қызбала Жарқынбекова, сіздің орныңызда кез-келген адам бәрін де жоққа шығарып, осылай деуі заңды! Бірақ, біздің орнымыздағы кез-келген адамның сізден осы жағдайлардың мән-жайын сұрауы да заңды. Сондықтан, бізге бүкпесіз жауап беріңіз.

Мәселенің мән-жайын анықтауға көмектесіңіз. Келістік пе?

Қызбала: Жарайды! Маған да шындық керек!

Өкіл: Ендеше...Апырмай, қай жағынан бастасақ екен? Айтуға да ауыз бармайды...Бірақ, амал жоқ, айтуым керек...Жеңілдеуінен бастайыншы...Ана құрбыңызбен...әлгі, тыртыған қыз ше, анау... Цыплята- табака деген...

Қызбала: Ол табака емес! Тауық та емес! Театрымыздың Тоты деген әртісі. Біреудің әлпештеген қызы!

Тоты-Тотаня: \ күліп: \ Яғни, мен!

Өкіл: \ *Тотыға таңдана бір қарап қойып, басын шайқап:* \ Иә, иә, дәл өзі! Сол Тоты – Тотанямен қай жерде, кімдермен шарап ішіп, секендеп жүрсіздер?!

Қызбала: Бұл біздің спектакльден кейін түскен суретіміз. Бокалдағы шарап емес, жүзім шырыны!

Өкіл: Шырын – мырын шырмауық! Оған кім сенеді? Сіздер, өнер адамдары, адамгершілік тәрбиешісіздер. Жастарға жүріс-тұрыстарыңызбен, қылықтарыңызбен үлгі-өнеге болудың орнына, бокал ұстап жыртиып тұрғандарың жараспайды! Бұл барып тұрған ұятсыздық!

Әлима: \ *Қиянатқа күйініп, даусын көтеріп:* \ Сонда қалай, өнер адамы тойға бара қалса, би билесе, қолына бокал ұстаса бітті, ұятсыз боп шыға келе ме? Немесе, жанына ер адам келіп, сөйлесе қалса, маскара болғаны ма? Осының бәрін бәле қуған біреулер аңдып тұрып, суретке түсіріп, интернетке сала қойса бітті, артынан итше үріп шыға келуіміз керек пе?! Өйтіп, бір жақты байлам жасауға болмайды!

Өкіл: \ *айтар уәжі болмай, қолма-қол жалтарып, басқа жағынан шығады:* \ Жарайды, мұны қоя тұрайық. Ал, ана байдан шыққан деген не сөз? Бұған не дейсіз, қане?

Қызбала: \ *Ашынып:* \ Ағай, сіз қызық екенсіз ғой! Не деп тұрсыз? Мен тұрмысқа шыққан емеспін!

Өкіл: Сендердің қайдан шыққандарыңды кім біліпті! Айтқаның рас болса, дәлелде!

Қызбала: Нені дәлелдеймін? Қайтіп дәлелдемекпін?!

Өкіл: Біріншіден, байдан шықпағаныңды дәлелде! Екіншіден, сайдан шықпағаныңды, қысқасы, ешқайдан шықпағаныңды дәлелде!

Қызбала: \ *Жыларман болып:* \ Аға! Мұның бәрі жалған! Жала!

Өкіл: Жала болса, дәлелде! Құр аузыңмен ақпын дегеніңе ешкім де сенбейді! Мен де сенбеймін!

Қызбала: \ *Күйзеліп:* \ Ойпырмай, енді қайттім? Ақпын десем

сенбейсіздер... Сонда қалай, сіздер сену үшін, қарамын деуім керек пе?

Өкіл: О-ох! Онда сөз бар ма!? Қарамын десең бітті! Ешқандай дәлелсіз-ақ сенеміз! Тіпті, айтпасаң да, солай болса екен деп, сенгіміз келіп тұрады!

Әлима: Сендерге дауа болмас!

Әйткен: | *Шыдай алмай:* \ Бұл өтірік сөз. Жалған, жала!

Асқар: Қызбаланың тұрмысқа шықпаған қыз екенін осындағы бүкіл ел біледі.

Басқар: Мына біз бәріміз куәміз!

Өкіл: Жарайды, мұны жаба тұрайық. Әлеуметтік желіде гулеп кеткен өсектің басты себебі – режиссер Тойтан Тойқанов пен Қызбаланың арасындағы сөз! Яғни, облыстық арулар конкурсында әртіс Қызбала Жарқынбековаға қазылар алқасының төрағасы, режиссер Тойтан Тойқановтың бүйрегі бұрып, әділдіктен аттап, облыс аруы деген атақты тамыр-таныстықпен, ым-жыммен алып берді деген не сөз?

Тойтан: Өтірік! Өсек!

Нәркес: Оны тексеріп көрерсіз!

Қызбала: Қып-қызыл жала!

Өкіл: \ *Тойтанға қадалып:* \ Облыс аруы конкурсында сіз қазылар алқасының төрағасы болғаныңыз рас па?

Тойтан: Рас!

Өкіл: Сонда облыс аруы атағын алған әртіс Қызбала Жарқынбековаға сіздің бүйрегіңіз бұрғаны да рас па?

Тойтан: Жоқ! Әртіс Қызбала Жарқынбекова өз өнерімен жеңіп алды! Біз әділ бағасын бердік!

Нәркес: Ол рас!

Асқар: Видеожазбалары бар. Ютубта да тұр!

Басқар: Қарап, тексерулеріңізге болады!

Әйткен: Бүкіл көрермен қауым куә! Біз куәміз!

Өкіл: Жарайды. Солай-ақ болсын! Бірақ, мына әлеуметтік желідегі жұрт неге шулап кетті? Бізге осы арасы түсініксіз.

Асқар: Оның түсінбейтін несі бар? Көре алмайтын біреулер аузына келгенін айта салады. Сол үшін шала бүлінудің не керегі бар?

Басқар: Жаптым жала, жақтым күйе дегеннің күйіп тұрған кезі қазір.

Өкіл: Ал, жарайды, мұны осылай бір түйіп қояйық та, енді ең ауыр әңгімеге келейік. Бұл сөз жалғыз Қызбала Жарқынбековаға ғана емес, театрдың көркемдік жетекшісі және бас режиссері, директордың

міндетін уақытша атқарушы Тойтан Тойқановқа да қатысты. \ *Барлығы қозғалақтап, әуестене қалады. Нәркестің түсі бұзылып, қаны қайнай бастайды.* \

Нәркес: Ал, ия, осы бір қаңқудың қанымызды қайнатып жүргеніне де біраз болды. Бетін ашып алатын кез келген шығар!

Өкіл: Ащы болса да, шындық керек. Ашығын айтыңызшы, Қызбала, сіздің режиссер Тойтан Тойқановпен ашына болғаныңыз рас па?! \ *Төбесінен жай түскендей болған Қызбала бір сәт есінен айырылып, үндей алмай, бетін басып сенделіп қалады. Жиналған жұртшылық та бір-біріне қарасып, наразылығын жасыра алмай: А-а? О-ой! Ө-өй! Не дейді? Сұмдық-ай! – деседі. Өкіл екпіндей түседі: \ * Рас болса, қашаннан бері? Қайда, қалай кездесіп жүрсіздер? Сіз өзіңізден жиырма екі жас үлкен, әкеңіздей театр басшысын өз еркіңізбен сүйдіңіз бе, жоқ әлде, режиссер сізді қызмет бабын пайдаланып, ашыналыққа мәжбүрледі ме? Неге үндемейсіз? Тез жауап беріңіз қане! \ *Жұртшылық сілтідей тынып, Қызбалаға қарайды. Тойтан тас боп қатып қалғандай. Нәркес сілейіп тыңдап отыр.* \

Қызбала: \ *Әрең-әрең өзін қолға алып: * Ағай, мұндай сөзге аузыңыз қалай барады? \ *Өксіп, жылап жібереді.* \

Әйткен: \ *орнынан атып тұрып, ашуға булығып: * Ау, ағайындар, бұл не сұмдық? Жұртың өсегіне бола, қаршадай қызды топ алдында зар жылатып, талқылайтындай не көрінді? Мен бұған үзілді-кесілді қарсымын! Бұл – қыздың ар-намысын аяққа таптау! Қорлау!

Асқар: Өнер адамын масқаралау!

Басқар: Өнерді мазақ қылу!

Өкіл: Тоқтаңыздар, сабыр етіңіздер! Бұл жерде ешкім де Қызбалаға қастық ойлап, жаманшылық жасағалы отырған жоқ! Бар болғаны, әлеуметтік желіде гулеген өсек-аяңның анық-қанығын тексеріп, ақиқатына жетуіміз керек!

Әйткен: Керек? Кімге керек ол? Сізге ме? Бізге ме? Біреу желіде желдей гулетіп, өсекті соғып, жаланы жауып, кісіні күйдіреді екен! Оған біз неге мән беріп, бүлінуіміз керек? Неліктен біз ылғи шындық сөзге сенбей, өтірік, өсекке құлап түсеміз, ә?

Нәркес: Ал ондай сөз жайдан жай айтылмайды!

Тойтан: Нәркес, сен не деп тұрсың?

Өкіл: Бетінен қақпаңыз... Бізде сөз бостандығы. Айтқысы келген сөзін айтуға әр адамның хұқы бар! Айтыңыз, іркілмеңіз! Білгеніңізді ортаға салыңыз! **Тойтан:** Бүйтіп бетімен сөйлете берсеңіз, бір сөзден мың сөз туады!

Асқар: Сөзді осымен қысқарту керек! Тіпті, топқа салып талқылайтындай бүлінген түк те жоқ қой!

Басқар: Мұны әдейі бықсытып отырған біреулер бар! Соларды тауып, сазайын тартқызу керек!

Әйткен: О заман да бұ заман, біздің ел қай уақытта қызды көпшіліктің алдында жылатып, масқаралап еді? Қаршадай қызды, біреудің көзінің ағы мен қарасын бұлайша қорлауға дөттерің қалай барады? Мен мұндай жиналысты тоқтатып, Қызбаладан кешірім сұрауды талап етемін!

Өкіл: Ау, ағайындар, бұл ресми жиналыс емес. Протокол толтырып, акт жасап жатқан жоқпыз. Бар болғаны басшылар маған сіздермен сөйлесіп, істің мән-жайын анықтап, театрдың жағдайын біліп келуді тапсырды. Яғни, бүгінгі әңгіме – бейресми, жолдастық әңгіме деп біліңіздер!

Асқар: Иә, білеміз ғой қандай жолдастық екенін...

Тойтан: Мен де әңгімені түйіндеу жағындамын.

Өкіл: Тоқтаңыздар! Асықпай тұра тұрыңыздар! Біз бүгінгі жиналыстың негізгі сұрағына жауап алған жоқпыз! Онсыз мен бұл жерден кетуге хақым жоқ! Сонымен, әртіс Қызбала Жарқынбекова, желідегі жұрттың аузында жүрген сөз туралы не айтасыз?

Қызбала: \ *Көз жасын әрең тийіп, өксіп тұрып:* \ Ол өтірік! Өсек! Бір дұшпанның маған жапқан жаласы!

Өкіл: Ал, сіз не дейсіз, Тойтан Тойқанов!

Нәркес: \ *кекесінді үнмен:* \ Сөйле, Тойтеке!

Тойтан: Сөйлегенде...сөйлеймін, несі бар! Мұның бәрі жала! Мен, Тойтан Тойқанов, әртіс Қызбала Жарқынбекованың сыртынан айтылған, маған қатысты сөздің бәрі жалған, жала екеніне куәлік беремін! Яғни, оның менімен ешқандай жасырын жүрісі болған емес!

Өкіл: Бұған алып, қосарыңыз бар ма, Қызбала?

Қызбала: \ *сол жыламсыраған күйі:* \ Аққа құдай жақ деген...

Өкіл: Ақ болсаң, дәлелде! Дәлелің, дәлелің бар ма?

Әлима: Өкіл шырағым, сенің денің сау ма? Қайдағы дәлел, қандай дәлел? Мен Қызбаланың да, Тойтанның да ар-ұятына сенемін!

Нәркес: \ *қаны басына шауып, орнынан атып тұрып:* \ Ал мен сенбеймін! Өтірік! Бәрі өтірік! Ұятсыздар! Арсыз бұзылғандар! Алдайды өстіп ылғи!

Жұртшылық кенеттен айқайлап атып тұрған әйелден шошынып, үртіп қалады. Тойтан бірінші есін жиып, басу айтуға тырысады.

Тойтан: Нәркес, сенің мұның қалай?

Нәркес: Мұным солай... Сендерді... бұзылғандарды ұстай алмай жүр едім! Жетті ақыры маған хабарларың... желмен бірге! Желкелеріңді қиямын енді!

Тойтан: Жә, қысқарт! Үйдегің аздай, енді жұмыста, жиналыста жанжал шығаратындай халге жеттің бе? Доғар бассыздықты! Қайт үйге!

Нәркес: Қайтпаймын, ал, қайтесің! Сенің жұмысың бітпейтін бір жиналыс! Менің жұмысым – сені зарыға күткен қиналыс! Сөйтсем, сенің жиналысың – зиналы-ы- іс екен ғой, лағанат!

Тойтан: \ салмақпен:\ Жә, жетер! Тоқтат енді Нәркес! Мені тілдесең тілдей бер, естімей жүрген сөзім бе? Бірақ, біреудің көзінің ағы мен қарасы, қыз балаға обал жасама! Күйдірме жазықсыз!

Әлима: Құрметті өкіл мырза! Біз, әртістер қауымы, әріптесіміз, әртіс Қызбала Жарқынбековаға қатысты желіде тараған әңгіменің бәрі өсек, жала, ғайбат екенін ресми түрде мәлімдейміз! Қызбала дарынды әртіс және жақсы адам. Ертең өркенін жайғалы отырған жас қыздың жолына от тастағандарды заң жүзінде жауапқа тартып, жазалау керек! Біз жалақорларды сотқа беру керек деп есептейміз!

Өкіл: Байқауымша, мәселе ушығып, беті жаман болып барады. Қызбаланы жақсылықпен басқа жаққа ауыстырып жібере қойсақ қайтеді? Бәрімізге де жақсы болар еді сонда!

Тойтан: Неге? Өсек-аяңға бола білдей бір әртісті театрдан қуып жібергеніміз ұят емес пе?

Нәркес: Ұят дейсің, ә? Ұяттан садаға кет! Қимай отырсың ғой қымбатыңды? Жабысып қалған екенсіңдер! Бәлем, көрсетермін мен саған!

Тойтан: Нәркесжан, сен енді осымен қоя ғой! Жақсылықпен үйге қайт, балаларға қара!

Нәркес: Ах, оңбаған! Қырдағы қызғалдағың едім. Қолыңдағы қадірлің едім. Қызыл түлкіге қызығып, қуып кете барғаның ба? Сондағы тапқаның мына салдақы ма? Жүзіқара! Бетің қызармай, қалай тұрсың, әй, жұрттың алдында? Көрсетейін мен саған! \ Қызбалаға тарпа бас салады. \

Есі шыққан Қызбала жанталасып, өкілдің артына тығылады. Қызғаныштан қаны қайнаған Нәркес жолына бөгет болған өкілді жағасынан алып, жұлқып лақтырып жібереді.

Әртістер ұшып тұрып, тұрған жерлерінде сілейіп қалады.

Шошынған өкіл мен Әлима сүрініп-қабынып, есі шыға қалбалақтап қашып құтылады.

Қызбалаға қолы жеткен Нәркес онымен арпалысады. \ Қолыма түстің бе, қаншық!

Тоты-Тотаня соткасын алып, видикке түсіре бастайды.

Қызбала: *\ Алысып жүріп: \ Қойыңыз, апай! Мұныңыз не?*

Нәркес: *Мұным солай! Бай бермек оңай деп пе едің?! \ Ашынған әйел ұяң қызды еңсеріп, сабауға айналғанда, Тойтан араша түсіп, Нәркесті құшақтап, айырып алады.*

Долданған әйел бұлқынып, айбат шегіп жатқанда, мұнша қорлықтан күйінген Қызбала бетін басып, солқылдап жылап жіберіп, бөлмеден шықпақ болады.

Аспанға шапшып, күйеуінің қолынан босай алмаған Нәркес тілдеуге көшеді. \ А-а, солай де, Тойтеке! Жаның ашып кетті ме ашынаңа? Ендеше, мә, саған! \ Қапысын тауып, күйеуін кіндіктен төмен жерден бір тебеді. Тойтан ыңқ ете қалып, әйелін босатып жіберіп, бүк түсіп отырып қалады.

Ызаға булыққан Нәркес оқша атылып, Қызбаланың артынан бас салмақ болғанда, ортаға Әйткен килігеді. Ол Нәркесті мықтап ұстап алып, тырп еткізбейді.

Әйткен: *Ой, Нәркес тәте! Қойыңыз, енді! Сізге не болды сонша?*

Асқар мен Басқар Қызбаланы қалқалап, бөлмеден алып шығып кетеді.

Әйткеннің қолынан босай алмай амалы құрыған Нәркес қырылдап, тілге келеді.

Нәркес: *Әй, Әйткен, айналайын! Сен қандай аңғал, сенгіш едің! Мұрныңның астында не болып жатанын көрмейсің! Мына Тойтан мен Қызбала көзімізді бақырайтып қойып, ойларына келгенін істеп жүрген ғой! Кім жазса да, мұны білетін біреу жазып отыр! Өтірік жазбайды ғой... Жайдан – жай шуламайды сонша жұрт!*

Әйткен: *Ой, тәте, Нәркес тәте! Сабыр етіңіз! Ақылға келіңіз! Бұл өтірік, жала! Оған бола Қызбааны да, Тойтан ағайды босқа күйдірмейік! Мен сенемін бұл кісілерге!*

Нәркес: *Сен сенесің бе?... Сене бер, көзіңді жұмып ере бер! Ал, мен сенбеймін! Бұлар бізді алдап жүр! Қай кезде қыздар жігітке шынын айтушы еді? Қыздың құпиясы мен қулығы қырық есекке жүк болады!*

Әйткен: *Жоқ, Қызбала – адал қыз!*

Нәркес: *\ басылып, сабырға келеді. Әйткен оны босатады: \ Әлі көрерсің кімнің кім екенін! Сонда сөйлесерміз сенімен! Тек қана саған айтарым, айлалы қыздың айтқанына аузыңды ашып, сене бермей, бір мезет ақылға салып, ойланып қойғаның да жөн! \ Әйткен үндемей,*

бірақ басын бір шайқап, Нәркестің сеніммен айтқан сөздерінен біртүрлі секем алғандай болып, шығап кете береді.

Тоты – Тотаня: \ *Телефонға түсіріп жатып: \ Мә-ә, масқара видик! Бүкіл интернет қырылатын болды!*

Нәркес: Мә, саған қырылған, салдақы! \ *Шап беріп телефонын жұлып алып, қорқып қаша жөнелген Тоты – Тотаняны шапалақпен құйрықтан тартып-тартып жібереді. Тоты-Тотаня ойбайлап зытады. Нәркес телефондағы жазбаны өшіріп, әлі құрып, Тойтанның қолына сүйеніп, сылқ ете түседі: \ Ой, Тойтекем, қой текем! Өмірлік жан-жарым! Сүйгенім! Төрт баламның әкесі! Солай ма едің дүние жалған! Бір қаншыққа айырбастап жібергеніңе жылай-жылай көнермін-ау, қайтейін. Бірақ, жеме-жемге келгенде, маған емес, оған...оған...болысқаныңа қалай төзермін?! Менен артық көргенің бе шынымен? Жазығым – жақсыңды асырып, жаманыңды жасырғаным ба?! Төрт бала тауып берген менен не жамандық көрдің? Мына салдақыдан не опа таптың?*

Тойтан: Өтірік! Өтірік деймін! Әй, ақымақ! Мақұлық! Соқыр қызғанышыңмен тас масқара қылдың ғой елдің алдында! Енді қай бетімізбен қараймыз жұртқа?!

Нәркес: Жұртты қайтесің? Маған...менің бетіме қарай алсаң болғаны да!

Тойтан күйініп, қолын бір-ақ сілтейді. Нәркес жынды адамша сақылдай күледі. Артына солқылдап жылайды. Тойтан ауыр күрсініп, оны құшақтап, басынан сипайды.

46 – Көрініс. Өсекші табылды!

Генерал машинада отырып, Әйткенге звондайды.

Генерал: Әлө, Әйткен!

Әйткен: \ *көшеде келе жатыр. * Иә, аға!

Генерал: Біздің жігіттер әлгі жалақорды тапты!

Әйткен: Рас па?

Генерал: Офицерлер ешқашан өтірік айтпайды! Өртістер болмаса... ха-ха-ха!

Әйткен: Кешіріңіз...мен жай, байқамай...Әлгі сұмырай ойымнан шығар емес!

Генерал: Сұмырайың нағыз сужұқпас, суқит екен! Әбден әккі боп алған. Интернеттің иті көрінеді. Бірақ, біздің жігіттер шындаса шыңыраудың түбіндегі шынының сынығын да тауып алады ғой!

Тырып етпейтін қылып тұсап отыр! Бүкіл шатпақтарын түгел тауып, тізіп қойды.

Әйткен: Аты –жөні кім екен?

Генерал: Сабыр, сабыр. Сен қызбалыққа салынушы болма. Заң бойынша, сотқа беріңдер. Мен бір тәжірибелі, ерекше тергеушіге тапсырамын. Дәлел, деректің бәрін хаттап береміз, бітті! Ешқайда кетпейді. Адамның ар-намысын аяқ асты етіп, қорлап, жала жапқаны үшін жауап береді!

Әйткен: Жақсы, жақсы. Арыз беру үшін аты-жөні, әдірісі керек қой...

Генерал: Оның бәрін қазір ватсабыңа жазып жібереді жігіттер!

Әйткен: Рахмет, аға! Жұлдызыңыз жоғары болсын!

Генерал: Әумин! Аузыңа май!

Әйткен Қызбалаға жетуге асығып, театрға қарай жүгіре басып жөнеледі.

47 – Көрініс. Күйе жаққан Күйебаев.

Әйткен Қызбаланың гримеркасына кіріп келеді. Қызбала өзімен-өзі сүлесоқ отыр. Әйткенге мұңая қарайды да, жан сырын ақтарып, болған жәйттің бәрін айтып береді.

Әйткен мен Қызбала ренжіп отырады. Құдалықтың аяғы бүлініп, жанжалмен біткені екеуіне де қатты батады.

Қызбала: Мына жағдай ушығып барады..Жынды ғып жіберді әбден. Айналасы үш-төрт күннің ішінде өрттей қаулап, күйдіріп өлтіретін болды. Бүкіл интернетте қаптап жүр. Гуглда, Ютубта, инстаграммада...Тотаня екеуіміздің суретіміздің астына: Қазіргі қазақ әртістерінің сиқы осы ма? Бұлардан тәрбие алған ұрпақ не болады?! – деп, айқайлатып жазып қойыпты. Енді оған ие бола алмайсың! Бұрынғысы аздай, бүкіл мемлекетіміздің белсенділері жабылып, әкемді танытып жатыр. Тіпті кейбір әртіс достарым: Атың шығып кетті. Елден ұят болды! Өнердің атына кір келді! Көрермендер де мазақтап, анекдот шығарып, сыртыңнан саусақтарымен шұқып көрсетіп, күлетін болып алды. Енді не істейміз?! – дейді!

Әйткен: Қап! Бұл бір бәле болды ғой! Енді қайттік? \Үндемей отырады екеуі.Сол кезде зың-ң етіп, Әйткеннің ватсабына хат келеді. Әйткен асығыс телефонын ашып жатып: \ Айтпақшы, генерал ағамыз әлгі итті таптық деген... Ол өз жүйелері арқылы осыны бастап жазған оңбағанның аты-жөнін, адресін, бәрін анықтап алыпты! Міне,

хатқа жазыпты!

Қызбала: \селқос:\ Иә, кім деген ит екен?

Әйткен: \Телефонын ашып:\ Міне. Отар Күйебаев дейді!

Қызбала: \Бішқынып, ытқып тұрып:\ Отар?! Отар Күйебаев?! Не деп тұрсың? Анық сол ма? Солай ма?

Әйткен: Сен оны танысың ба?

Қызбала: Ол менің немере ағайыммен бірге жұмыс істеген. Мектепте. Нағыз өсекші, сүмелектің өзі еді. Жұртты бір-біріне шағыстырып, қырылыстырып жүретін жексұрындығын білген соң, бүкіл мұғалімдер одан теріс айналып, ақыры, жұмыстан кетіп тынған.

Әйткен: Ал, сенде не әкесінің құны бар?

Қызбала: Маған әуелде жылы шырай танытып, жақын тартып жүрді. Оның иттігін білмейтін кезде, мен де, ағайымның әріптес замандасы болғасын жылы сөйлесіп жүрдім. Бірте-бірте сөз айта бастады. Бірақ, мен оны жауапсыз қалдырдым! Соңымнан қалмай, өлердегі сөзін айтып айналдырды. Мен оған көнбедім. Тіпті қоймағасын, сүймеймін деп ашық айттым. Соған өшігіп, өсекпен кек қайтарған түрі ғой тексіздің!

Әйткен: Солай де!\Әлденеге бекініп, бірақ Қызбалаға ештеңе сездірмеуге тырысып, сабырмен.\ Жарайды, сабыр! Уақыт-емші көрсетер бәрін де!\ кетеді.\

48 – Көрініс. Қыздың тілегі.

Гримеркада.

Қызбала мұңайып, оңаша отыр.

Қызбала: Иа, алла! Аққа құдай жақ деуші еді ғой! Мені жазықсыз күйдіргендердің жазасын бере көр! Күнәсіз екеніме халқымның көзін жеткізе көр! Абыройымды, ар-намысымды қорғауға медет бола көр!

49 – Көрініс. Ғайбатқа – айбат пен қайрат.

Отардың пәтері. Отар компьютерге шұқшиып, бірдемелерді қуалап оқып, арасында бірдемелерді жазып отыр.

Қанына қарайып, қаһарына мінсе де, Әйткен айла қылады. Бет-аузына гримм салып, ковбойлар сияқты киініп, адам танымастай өзгеріп, Отардың пәтерін тауып келеді. Қоңырауды басады.

Отар: \Елеңдеп:\ Бұл кім?

Әйткен: \Ақырын, салмақпен:\ Бұл Отар Күйебаевтың пәтері ме?

Отар: \ таңданып: \ Иә.

Әйткен: Кіруге рұхсат па?

Отар: \ сақтанып: \ Кім көрінген кіріп –шыға беретін біздің үй проходной двор емес!

Әйткен: \ Даусын қаттырақ шығарып, бастырмалатып: \ Ашыңыз... Мен қалалық су басқармасынанмын. Ыстық су мен суық судың құбырларын, есептегіштерін тексеруім керек!

Отар: \ Күмәні сейіліп, есікті ашуға ыңғайланып: \ Ә-ә, су дейсіз бе? Су дегенің шу болмай тұрғанда, кіріңіз... көріңіз! \ Есікті ашады. \

Әйткен: \ Ішке кіріп, жан-жағына қарап, ауаны иіскеп-иіскеп қояды: \ Жаңа үйге кіргенсіздер ме?

Отар: Иә. Оны қайдан білдіңіз?

Әйткен: \ Кекесінді үнмен: \ Иісінен... Мүңкіп тұр ғой... Қалай алдыңыз? Ипотека, кредит?

Отар: \ жақтырмай: Алдық қой, әйтеуір...

Әйткен: \ Құбырларды қараған болып, үйді аралап, ешкім жоқ екенін тексеріп шығады. \ Қалай, еш жерден су ақпай ма?

Отар: Жоқ, ондай бәледен аман сияқты!

Әйткен: Ал өзіңіз төбелерінен су тамшылатып, жұрттың жүйкесіне тимейсіз бе?

Отар: \ Сал күмілжіңкіреп, Әйткенге бажсырая қарап, таңданып: \ О не дегеніңіз?! Мен ұқыпты, тәртіпті тұрғынмын!

Әйткен: \ суық жымиып: \ Көрерміз қазір тәртібіңізді! \ Ас үйдегі су құбырының есепшотын қараған болып, отыра қалады: \ Жай, әншейін айтамын. Осы күні кісілер бір-бірінің жүйкесіне ойнап, қанын ішкенді жақсы көретін болып кетті емес пе, ә?

Отар: \ Өз-өзінен қысылып, құты қашып: \ Енді... ол былай... не ғой... әр нәрсенің себебі бар ғой...

Әйткен: \ Есепшоттың цифрларын соткасына жазған болып: \ Себебі болса, салдары да болады!

Отар: А-а?

Әйткен: \ орнына тұрып: \ Сіз Отар Күйебаевсыз ба?

Отар: Иә!

Әйткен: \ Қайталап, анықтап сұқ саусағын Отардың төсіне қадап: \ Шынымен Отар Күйебаевсыз ба?!

Отар: \ Қитығыңқырап: \ Иә, шынымен Отар Күйебаевпын! Оны қайтейін деп едің?

Әйткен: \ Шұғыл ашуланып: \ Бүйтейін деп едім! \ Қапыда сарт еткізіп ұрып жібереді. Ұшып түсіп, есі ауып қалған Отарды сілкілеп-

сілкілеп, тізерлетіп отырғызып қойып, қалтасынан жіп-удавка алып шығып, мойнына салып, желкесінен басып тұрады. Қысып-қысып қойғанда, Отардың үрейі ұшып кетеді.

Отар: \ *Қырылдаңқырап:* \ Тоқта, тоқтай тұршы... Сен кімсің? Тонаушы болсаң, барымды ал, тек қасық қанымды қи!

Әйткен: \ *кекетіп:* \ Барымды ал дейсің ғой әй! Сенің арам дүниен кімге дәрі? Пасық неме, сасық қаныңды ағызамын қазір! Мен сенен кегімді алғалы келдім!

Отар: \ *Есі шығып, ышқынып:* \ Не үшін өшігіп жүрсің маған? Айтып өлтірші не болса да!

Әйткен: \ *Сабырмен, салмақпен:* \ Асықпа! Өзің ойлап көр, мен саған не үшін кектенуім мүмкін, ә?

Отар: \ *Ышқынып:* \ Біреулер жалдап жіберген шығар...

Әйткен: Охо! Айта түс қане, неге жалдайды?

Отар: Қара пиар ұйымдастырды деп...

Әйткен: А-а, дәл солай! Егер де кім, не үшін жалдағанын дәл тапсаң, ерніңді ойып аламын да, өзіңді тірі қалдырамын! Өмір бойы жүресің аузың ырбиып!

Отар: Тендерге таласқан Теренқұдық компаниясы шығар?

Әйткен: Мүмкін! Ал, олар саған не үшін өшігеді?

Отар: Мен оларға қарсы науқан ашып, ғаламторда көптеген сын мақалалар жариялағанмын.

Әйткен: Сын болғанда да, жала жапқан шығарсың?

Отар: Онсыз болмайды ғой. Біздің жұмыс солай.

Әйткен: Содан?

Отар: Содан сол...Олардың үстінен тексеріс көбейіп, ақыры,бізбен таласпақ түгілі,бастарымен қайғы болып кетті.

Әйткен: Ах, солай де! Ақысына қожайындарың не берді саған?

Отар: Оның сізге қатысы жоқ!

Әйткен: Болғанда қандай! Айт, қане, жылдам!

Отар: Енді...Қолы қимылдағанның аузы қимылдар дегендей...

Әйткен: Мына пәтеріңді солар берді ғой, ә? \ *удавканы қысыңқырап қояды.* \ Айт қане, жаның барында!

Отар: \ *тұншығып, қырылдап:* \ Ә-ә, иә!

Әйткен: Пәлекорлықпен пәтер алып, жалақорлықпен жанын баққан сендей жандайшаптың жоқтауын бір-ақ асырсам, сауап бола ма, жоқ па?! \ *Буындырып, буындырып қояды.* \

Отар: Бі-бі-білмеймін! Ойбай, білмеймін! Бі-білетінім, кі-кісі өлтіру-қоғамның алдында қы-қы-қылмыс, құдайдың алдында кү-кү-күнә!

Әйткен: Күнә дейді-ай мынау! Күнәнің не екені кісінің ойына өлерінде түсетіні несі екен? Ал, айтшы қане, күнәнің көбі қайдан?

Отар: Оны мен қайдан білейін?

Әйткен: Неге білмейсің? Пәле қуғанды білгенде, күнәні неге білмейсің? Бол, тез айт! Пендені көп күнәға батыратын не нәрсе?! Айтсаң, тірі қаласың, айта алмасаң кеңірдегіңнен қыса саламын!

Отар: \ *Қырылдап:* \ Құ-құ-құлқын! Құрып қалғыр қу құлқын!

Әйткен: Құлқынның құлы деген бар, иә! Бірақ, таппадың! Бол, айт, тағы не бар!

Отар: Нәпсі! Тойымсыз, арсыз нәпсі!

Әйткен: Мұның да рас. Нәпсі адамды қызықтырады, аздырады. Бірақ, бәрі бір таппадың!

Отар: Опасыздық!

Әйткен: Оттапсың! Опасыздық – ауыр күнә, бірақ ол жиі бола бермейді ғой! Адамды сәт сайын, үздіксіз үлкенді-кішілі күнәға батырып тұратын не? Бол, қане!

Отар: Бі-бі-білмеймін!

Әйткен: Білесің! Бірақ, айтқың келмей тұр! Мойындағың келмейді иттігінді! Олай болса, о дүниеге кетерінде біліп кет! Тіл! Мына іріген аузыңның ішіндегі шіріген тілің!

Отар: Иә, иә, тіл екен ғой! Ойбай-ай, ойбай! Шоқ түскір тілім, ақыры түбіме жетіп тынатын болдың ба?!

Әйткен: Қызбаланы не үшін жамандадың?

Отар: А-а? Не дейсің? Оның саған қандай қатысы бар?

Әйткен: Мен Қызбаланың ағасымын...Қане, шыныңды айт, Қызбалада қай әкеңнің құны бар еді?!

Отар: Мен оған ғашық болдым!

Әйткен: Жап аузыңды! Ғашық! Махаббат деген қасиетті сөзді алушы болма андағы былық аузыңа!

Отар: Жоқ, рас мен оны сүйіп едім.

Әйткен: Оттапсың!

Отар: Ол мені түсінбеді! Менің сезімімді аяқасты қылды! Мен соған ерегесіп, өшімді алу үшін масқаралап жаздым!

Әйткен: Солайде, иттіңбаласы! *Буындырыптастайтындай, жіпті қаттырақ тартып, қысып-қысып жібереді.* \

Отар: \ *Қырылдап, алқынып:* \ Тоқташы, тоқтай тұршы. Сен де мені жігітше бір түсініп көрші.

Әйткен: \ *жіпті сәл босатыңқырап, бірақ даусын қатайтып, екпіндеп:* \ Жоқ, мен сені түсінбеймін! Түсіне де алмаймын! Қане,

ақылға салып, талқылап қарайықшы... Бір қызға ғашық болдың екен дейік, ал! Оған сөз айттың екен, ал! Ол сені сүймейді екен, ал! Саған иә демеді екен, ал! Сонда немене, соған өшігіп, жауласып, жамандап, мазақ қылуың керек пе?! Әй, есің дұрыс па өзі сен иттің? Біреуді сүю, сүймеу әркімнің өз еркі емес пе?! Адам құсап ғашық болдың ба, адам құсап қоштаса да білу керек қой!

Отар: \ *өкінген болып:* \ Қоштаса алмадым... қоштаса алмаймын да! Қимаймын мен Қызбаланы! Әлі де ойланар, маған қайтып оралар деп үміттендім. Жаманаты шығып, ешкім қарамай қойса, мені есіне алар деп ойладым... Сөйтіп, қарша бораттым қаңқу сөздерді!

Әйткен: \ *зығырданы қайнап:* \ Әй, сенің есің дұрыс па өзі? Не сандырақтап тұрсың? Сенің мұндай өсегің жас қыздың ар – намысына тиіп, ел алдында масқаралайтынын ойладың ба?

Отар: \ *жалтарып, жанталасып:* \ Ә-ә, жоқ! Ондай жамандық көздеген жоқпын! Менің бар ойымды ғашықтық билеп алды!

Әйткен: \ *ақырып:* \ Оттапсың, иттің баласы! Сен бәрін де әдейі, қасақана жасадың. Мен саған қарындасымды қорлаттырып қойып, қарап отырады деп пе едің? Құлағыңды кесіп, аузыңа тығамын қазір! Сөйтіп, суретке түсіріп, сайтыңа сап қоямын.

Отар: \ *үрейі ұшып, көзі шарасынан шыға жаздап:* \ Ойбай, көке, қойдым! Қойдым, көке!

Әйткен: \ Әмірлі, зілді дауыспен, кесіп-пішіп: \ Қойсаң, бүкіл шатпағыңды жоятын бол!

Отар: \ *елпілдеп:* \ Жойдым, ойбай, жоямын, көке!

Әйткен: Қызға қырық үйден тиым дейтін бұрынғылар. Қазір қызға қырық үйден қорған керек. Қорқау заманның қараңғы, қалтарысты көшелеріне қыздарын қаңғыртып қоя беріп, қорқақ қоғам қалтырап қарап отыр. Сонда кім қамқор, кім қорған қыздарымызға?! Қолына түссе қорлап, қызықтауға құмартып отырған ағашкалар ма? Қарындасымның ар-намысы үшін сен итті қазір буындырып тастаймын! Арам қаныңа былғанғым да, айналаны былғағым да келмейді. Бүкіл былық-шылығыңды ішінде қалдырып, бітеудей өлтіремін! \ *Қаһарына мініп, көзі от шашып, түсі бұзылып, Отарды шындап буындырады. Отардың дыбысы шықпай, талықсып, бір жағына қисайып құлай бергенде, кілт сыртылдап, есік ашылып, сырттан Бибінұр кіреді. Әйткен шошыңқырап, Отарды буындырып тұрған жібін сәл босатады. Отар ух деп тыныс алып, есін жияды. Бибінұр әуелде ештеме түсінбей, екеуіне қарап тұрады. Әйткеннің Отардың желкесінен мытып тұрғанын көріп, аң-таң болады.* \

Бибінұр: Сәлеметсіз бе, қарағым?

Әйткен: \Күтпеген жерден сасқалақтап қалса да, сездірмеуге тырысып: \ Сәл-сәл-сәлемет...

Отар: \Есін жиып: \ Мама, сенсің бе шынымен?

Бибінұр: Иә, балам, менмін! Сен не істеп жатсың? Мойныңа массаж жасатып жатсың ба?

Әйткен: Иә, иә, массаж! Ұйыған арам қаны көп екен, біраз ағызу керек болып тұр...Ал, сіз кім боласыз?

Бибінұр: Мен бе...мен Отардың анасымын...Есімім Бибінұр.

Әйткен: Анасы? Мынандай сүмелектің де анасы бар екен-ау! Әй, сен де анадан тудың ба шынымен?! Ажалың жоқ екен! \Мойнынан удавканы алады. \ Енеңнен екі тудың бүгін! Анаңның аяғын құшақтап, табанын жала! Бәлкім, арам аузың тазарып, өсек, ғайбаттан тиылар ма екенсің?! Апа, мынадай өсекші, жалақор итті де ұлым бар деп алданып жүрсіз-ау! \ Бұрылып кете бергенде, Отар оның аяғына тарпа бас салып, алып соғады.Жығыла беріп, жалтарып үлгерген Әйткеннің қаны қайнап кетіп, аянбай айқасады. Екеуі арлы-берлі алысып, жұлысып, пергілесіп, тебісіп, біраз төбелеседі. Зәресі кеткен Бибінұр дыбысы шықпай, булығып, бұрышқа отыра кетеді. Ұрланып, соткасына түсіріп алып, телефонын бір қалтарысқа тыға салады. Ақыры, Әйткен Отарды ұрып жығады. Отар сылқ түсіп, талып қалады. Қаны қарайған Әйткен қайырылып келіп, тағы ұмтыла бергенде, Бибінұр ойбайлап, баласын құшақтай құлайды. Анадан аттамай, өзін-өзі әрең тежеген Әйткен кілт бұрылып, сол екпінімен шығып кетеді. \

Бибінұр: \ Ессіз жатқан баласын сілкілеп: \ Ойбай-ай, ойбай! Құдай-ай, сақтай гөр! Отар! Отар құлыным, тірімісің?! \Сасқалақтаған күйі соткасын алып, збандай бастайды: \ Әлө, әлө! Іскөрәя, іскөрәй! Пәлетсая, пәлетсай!

50 – Көрініс.

Театр сахнасында.

Әйткен, Қызбала, Тоты-Тотаня, Асқар, Басқар, Нәркес репетиция жасап жатыр. Сол кезде екі полицей келіп қалады.

Олар Әйткенді іздеп келе жатыр. Соткадағы суретімен іздеп тауыпты.

Әйткен полицейлердің қарасын көрісімен-ақ, лып беріп шымылдықтың артына кіріп кетеді.

Әртістер оған таңдана бір қарап, бірақ сыр бермей, репетицияны

жалғастыра береді.

Әйткен кулисаның сыртында тыңдап тұрады.

Полицейлер сахнадағы әртістерге жақындап келеді.

Полицей: \ Телефондағы суретті көрсетіп:\ Мына жігітті танысыздар ма?

Әртістер үртіп қалса да сыр бермей, соткадағы суретті жабыла қарайды. Грим салып, ковбойша киінген Әйткенді олар бірден таниды.

Полицейлер олардан көздерін алмай, беттеріне суық көзбен тесірейіп, сынай қарайды.

Жігіттер үндемей, полицейлерге қарап, танымаймыз дегендей бастарын шайқап, иықтарын қиқаңдатып қояды.

Қызбала бірдеңені түсінгендей түсі бұзылып, бірақ онысын полицейлерге байқатпауға тырысып, басын шайқап, терістеу қарап, бір қырындап тұра береді.

Полицей: Дұрыстап, анықтап қараңыздар, әртіс мырзалар! Бәлкім, танитын шығарсыздар! Бұл – қоғамға қауіпті қылмыскер! Оны біз осы сурет бойынша іздеп жүрміз. Суреттің ізі театрға келіп тіреліп тұр!

Асқар: Бұл ковбой не бүлдіріпті сонша?

Полицей: Бұзақылық! Бұзақылық жасаған.

Басқар: Бұзақылық!? Әй, мұның ондайы жоқ еді ғой!

Полицей: Ә-ә, міне сіз танып тұрсыз, әртіс мырза! Ал, онда айта қойыңыз – бұл жігіттің аты-жөні кім?

Басқар: Жоға, танымаймын! Мен ковбой деп қалғасын айтып тұрмын. Негізі, ковбойлар романтик геройлар ғой. Олар бұзақылық жасамайды! Ерегессе, жекпе-жекке шығып, атады да тастайды!

Полицей: Сіз олай жалтармаңыз. Біз табамыз десек – бәрі бір табамыз!

51 – Көрініс. Әйткен – қашқын.

Әйткен кулисаның сыртымен, дыбысын шығармай зытып кетеді.

Сол бойында Қызбаланың гримеркасына кіреді.

Есі шығып, жан-жағына қарап тұрып, бұрыштағы үлкен шкафқа тығылып қалады. Оның есігін ішінен жаба алмай, әлек болады.

Ақырын тартып, әрең деп жапқанымен, қайтадан ашылып кетіп, әуреленеді.

Сөйтіп тұрғанда келе жатқан аяқ дүбірі естіледі.

Зәресі кеткен Әйткен әуірімдеп есікті іштен тартып, тыныштала қалады.

52 – Көрініс. Қамқоршы

Әйткен генералға звондайды.

Болған жайды айтып береді.

53 – Көрініс. Тапсырма.

Генералдың кеңсесі. Генерал тергеуші Тұяқбайға тапсырма береді..

54 – Көрініс. Тергеу.

Тергеушінің бөлмесі. Телефон шырылдайды.

Тергеуші: \ Телефонды көтеріп:\ Иә! Детектив майор Тұяқбай Избасаров тыңдап тұр! Жоқ, Сыйақбай Көзбасаров емес! Немене, тергеуші атаулы тек жұрттан сыйақы алып, көз бояй беретін алаяқ дегелі тұрсыз ба? Тұяқбай – Тұ-яқ – бай, Избасаров, Из-ба-сар-ов! Иә, атасының ізін басатын тұяғы болсын деп әжем қойған! Немене, тергеуші майордың ата- әжесі болмайды деп пе едің? Е-е, шырағым, палитсай да адамның баласы, оның да құдайдан үміті бар!

Ол сөйлесіп бола бергенде, бас редактор келеді.

Редактор: Сәлеметсіз бе?

Тергеуші: \ Телефонды тыңдап отырып, бас изеп, қолымен ишара жасап, орындықты нұсқайды. Редактор жайғасады. \ Жақсы! Арыз жазыңыз! Жоқ, былай ағайыншылықпен сөйлесіп, сенің жауларыңды тәртіпке шақырып жүруге уақыт жоқ! Не? Қорқытып беріңіз? Мен немене, сендерге жұртты қорқытып беретін құбыжықпын ба? Арыз жазып әкелсеңіз, тексереміз! Болды, басқа әңгіме жоқ! \ телефонды қоя салады. Редакторға:\ Міне, көптің тілін тауып көр! Үп-үлкен кісі... Біреумен ерегесіп қалған...Соның бүкіл қылмысын айтып берейін, бірақ, мен айтты демей әкесін таныта ғой дейді! Өзі тасада тұрып, біреудің қолымен от көсеп, күйдіре қоймақ... Ал, күлесің бе, жылайсың ба? Иә, сіз қандай шаруамен жүрсіз?

Редактор: \Қалтасынан повестка алып береді:\

Сіздердің шақыртуларыңызбен...Мен «Ащы тіл» порталының бас редакторымын!

Тергеуші: О-о, өте қуаныштымын бас редактор мырза! Өте қуаныштымын!

Редактор: Неге? Қармағын шортан қапқан балықшыдан бетер

шаттанғаныңызға жол болсын!

Тергеуші: О не дегеніңіз! Қайдағы қармақ, қайдағы шортан! Мен сіздің осындай әп-әдемі, мәдениетті кісі болғаныңызға қуанып тұрмын!

Редактор: Ә-ә?!

Тергеуші: Иә! Неге екені белгісіз, редактор дегендер менің көзіме бір пәлеқор сияқты болып елестейді!

Редактор: Сіздің көзіңізге адам біткеннің бәрі қылмыскер болып көрінетін шығар – ау!

Тергеуші: Енді...ол былай ғой...Ылғи қылмыскерлердің ісімен айналысып, былық-шылықты қопара берген соң, кісінің көзіне айналаның бәрі солай болып көрінуі заңды.Тіпті, осы күнгі қылмыскерлердің сырт кейпі де әп-әдемі болып, әтірлері аңқып тұрады! Бірақ, бір кішкене түрткілеп көрсең, ар жағы мұң-ң-ңк-кіп шыға келеді!

Редактор: Былықты қолдан жаға салатын кездеріңіз де аз емес қой! Неге екенін білмеймін, сіздерді көрген сайын баяғы Алаш арыстарына жала жауып, жазықсыз көзін жойған жендеттер елестейді көзіме! Міне, мені де заң күшін пайдаланып шақыртып алып, қанша уақытымды бостан-босқа кетіріп отырсыз!

Тергеуші: Біріншіден, біз ол жендеттердің жауыздығына жауапты емеспіз! Екіншіден, сіздер Алаш арыстары емессіздер! Өзіңіз ойланып көріңізші...Олардың істері қандай еді! Ал, сіздер не істеп жүрсіздер? Ә-ә?!

Редактор: Жә, ол жағын қайтесіз? Өреңіз жететін өз шаруаңызды білсеңізші! Сіздердің де оңып тұрғандарыңыз шамалы ғой!

Тергеуші: Өре дегеннен шығады... Біз туралы жазғандарыңызға қарасақ, елімізде бір де бір дені сау полицай жоқ сияқты! Шетінен парақор, имансыз, ақымақ, ұрда-жық дүлейлер! Жоқ, шырағым! Елін сүйген ерлер қайда да, қашан да болған, бар, және болады да!

Редактор: Кешіріңіз, бірақ халық сіздерді жайдан жай дубак демейді ғой!

Тергеуші: Біз дубак болсақ, сіздер мудақсыздар! Әрине, бізді жамандай салуға аса көп ақылдың керегі жоқ! Өйткені, біз қан-жыны араласқан қара өмірдің қайнаған ортасында жүрміз! Бір жағыңнан болмаса, бір жағыңнан бірдеме жұқпай тұра ма? Жәбірленушіге де, жәбірлеушіге де жақпайсың! Біреу тізең батты дейді, біреу аянып қалдың дейді, амалың қане?! Бірақ, біз керекпіз бәрі бір! Қоғамға, заманға, адамдарға керекпіз! Бізсіз күндерің жоқ! Кім күреседі

қылмыспен, кім тазалайды былықты? Біз! Сол былыққа белшеден бататын да біз! Ал сіз тап-таза бола қалып, төрелік айтқанда сондайсыз! Таза жерде, жұрттың аузын аңқитып, әтірінді аңқытып, әдемі сөйлеп, елдің қамын жейтін жанашыры болып көрініп, жақсы атты болу қандай рахат, ә?!

Редактор: Жә, өнбейтін дауды қуып қайтеміз. Іске көшейік. Мені неге шақырдыңыздар?

Тергеуші: Жақсы. Сіздің порталыңызда жарияланған кейбір пікірлерге байланысты түсінік алуымыз керек!

Редактор: \ *Тіксініп:* \ Ал, айтыңыз. Тағы қандай сынымыз жақпай қалды екен... \ *Қолымен төбені нұсқайды.* \ ана жаққа!

Тергеуші: Бұл жолы ондай ештеңе жоқ! Саспаңыз! Протокол мен портал үшін емес, өзіңізге ғана айтайын, сіздердің кейбір қоғамдық мәселелер жөніндегі шыншыл да сыншыл сөздеріңіз біздің де көкейімізге қонады!

Редактор: Рахмет, сөз бостандығының жанашыры!

Тергеуші: Жоқ, күлкісі жоқ! Сөз бостандығы, шыншыл пікірталас керек! Онсыз қоғам дамымайды! Бірақ...

Редактор: Не бірақ?

Тергеуші: Кел, екеуміз кәдімгі ақыл-есі бүтін адамша бір сөйлесіп көрейікші. Протокол мен портал үшін емес! Міне, қараңыз: Авторлардың пікірлеріне портал жауап бермейді деп жазасыздар!

Редактор: Солай! Барлық дамыған демократиялық елдерде солай! Бұл сөз бостандығы!

Тергеуші: Жақсы. Ал, мисалы, мен сіздерді атыс алаңына жинап алып, беттеріңізге бір–бір перде кигізіп, қолдарыңызға бір-бір оқтаулы автомат беріп, атыстырып қойсам, қайтер едіңіздер? «Қорқпаңыздар! Оңды-солды қыра беріңіздер! Сіздерді ешкім танып-біліп жатқан жоқ! Танып-білмесе болды, тасадан ата беріңіздер! Қырылғандардың құны сұраусыз! Және, атысушылардың оғынан қаза болғандар үшін мен де жауап бермеймін!»- десем, қалай қарар едіңіздер?!

Редактор: Мұныңыз сандырақ! Экстремизм!

Тергеуші: Ал, сіздікі не сонда? Нағыз рухани экстремизм емес пе?! Сөз деген де оқ! Олай болса, тасадан адамдарды атқылап, өмірін улауға сендерге кім право берді!?

Редактор: Ақсақал, кешіріп қойыңыз! Бірақ, сізбен жұмбақ ойнап отыруға зауқым жоқ!

Тергеуші: Ал, жақсы, тоқ етеріне келсек, әңгіме былай. Бір белгісіз жас жігіт Отар Күйгенбаев деген азаматтың үйіне келіп, өлімші қылып

сабап, екі тісін қағып алған! Жәбірленуші мен оның анасы Бибінұр полицияға арыз берген. Міне, осы мәселемен басым қатып отырып, кенет сізбен сөйлескім келіп кетті. Екеулеп басты кінәліні табу оңай секілді көрінді маған!

Редактор: А-а? Оған менің қандай қатысым бар? Басты кінәлі онсыз да белгілі емес пе? Кім біреудің үйіне келіп, қол көтерсе, сол жауап береді дағы!

Тергеуші: Қисыныңыз қисын-ақ! Бірақ... Мен егер сіз ойлағандай дубак болсам, басымды қатырмай, әлгі жігітті тауып алып, бас салып камераға бір-ақ тығып, ісін сотқа өткізе салар едім. Бірақ... Ақ адал жұмысын істеп, тып-тыныш өмір сүріп жатқан оп-оңды азаматты осындай ессіз қадам жасауға итермелеген не? Момын жанды монстрға айналдырған кім? Ашынған адам қан төкпесіне кім кепіл? Мен осыны білгім келді! Ақыры басты кінәліні таптым!

Редактор: Ал, кім екен?

Тергеуші: Сіз!

Редактор: Әзіліңіз шығар?

Тергеуші: Жоқ, шыным!

Редактор: Айып етпеңіз...Полицайлардың ойлау жүйесін дені сау адамдар түсіне бермейді! Мұндай қортынды шығаруыңызға не себеп?

Тергеуші: Индукция, дедукция...Шерлок Холмс! Өтірікке өріс берген – сіз! Жалаға жол ашқан да сіз! Бықсықты бұқараға таратып, көбейтіп, өршітіп отырған да сіз! Мен сіздің ақпарат тарату ісіңіз туралы жеке тексеру жүргізіп, адамдардың ар-намысына тиетін сөздерді насихаттап, жеке бас араздығын қоздырып отырғаныңызды нақты дәлелдеп, сотқа арнайы хаттама түсіремін! Егер де сіз және сіз сияқтылар интернетке жариялап, жол ашпаса, өсекші, ғайбатшылар өз бықсығына өзі тұншығып, үйінде сасып жатар еді.

Редактор: Мұныңыз тіпті жобаға келмейді! Біз ешкімді ұрып, соғып, атып, асып жатқан жоқпыз! Бар болғаны шыншыл, сын пікірлерді жариялап, көпшілік талқысына салып отырмыз! Яғни, сөз бостандығына жол ашып отырмыз!

Тергеуші: Он күнәнің тоғызы тілден. Қаңқу қан бұзады деген аталарымыз. Ал, қазіргі заманда қаңқу қантөгіске соқтыруы мүмкін! Әр сөзді айтарында, ойланып ал! Сөз бостандығы деген – аузыңа келгенді айтып, ойыңа келгенді оттай бер деген сөз емес қой! Сіз маған мынаны түсіндіріңізші: Ауыздарыңызға келгенді жазып, тіліңізді әр жерге бір жүгіртіп, көрінгенді қаралағанда қандай мағна бар? Соларды жариялап, елдің ынтымағын бұзғанда көздеген мақсаттарыңыз не?

Редактор: Оқырман көбейеді, рейтингіміз артады.

Тергеуші: Тұра тұр! Протокол мен портал үшін емес! Қазір бір көзге көрінбейтін өте әккі жаулар бізді бір-бірімізге айдап салып, араздастырып жатқан сияқты. Бізді уландырып, шағыстырып, жындандырып жатқандай болып көрінеді маған. Біздің көбіміз солардың арбауына түсіп, айтағына еріп, арпылдасып, арпалысып жатырмыз-ау деп қорқамын! Ал, сіздер сондай аурулардың алдын алудың орнына, араздық отына май құйып жүрген сияқтысыздар! Ойланыңыз, мықтап ойланыңыз, бауырым! Бауырыңды мұқатқанға мәз болмай, астарына, ар жағына үңіл! Әй, айтқысы, жазғысы келіп бара жатса, жалған атпен жасырынбай, өз атымен ашық неге жазбайды,ә?! Сіздер тым болмаса соны неге қадағаламайсыздар?! Кімнің кімге не айтқанын, кімді кімнің атқанын білсін халық! Өкінішке орай, жұрттың көбі тасадан, жасырын оқ атқанды қалайды. Ал сіздер жаман сөзге жол ашып, жағдай жасап отырғандарыңды ұғасыңдар ма? Түбі жақсылыққа апармайды мұның! Жаны жараланған жұрттың нала, қарғысы соғады-ау деп қорықпайсыңдар ма?

Редактор: Өркениетті елдердің даму жолын, сөз бостандығын түсінбейсіз-ау, тергеуші мырза! Сіз немене, пікір еркіндігіне қарсысыз ба?

Тергеуші: Жоқ, мен сөз бостандығына қарсы емеспін, балағаттау бостандығына қарсымын! Еркін пікірлерге қарсы емеспін, адамның бетіне түкіргенге қарсымын! Ашық ойға қарсы емеспін, сасық ойға қарсымын! Адам өз ойын ашық түрде, өз атынан, байсалды түрде, әдеппен айтуға тиісті! Керек десеңіз, міндетті! Ал, ашу-ызаның уын төгіп, біреудің ар-намысына тиіп, өшпенділік тудырып, ел арасын бүлдіретін кісіміздердің жалған атпен жасырынып, тасадан оқ атуына біз бүкіл ел болып жол бермеуіміз керек! Протокол мен портал үшін емес! Мына сендер интернетті қоқыс пен былықтың қорыс батпағына айналдырып жібердіңдер. Әсіре мақтау да, былапыт боқтау да сонда! Мұндай былық-шылыққа кімнің жолағысы келеді дейсің! Біздің тергеушілердің бәрі де бұл істі тексеруден бас тартып, айласын асырып, амалын тауып, маған қарай ысыра салды. Өсек-аяңға кәрі – құртаң үйір келеді деген шығар, кім білсін!

Редактор: Солайы солай сияқты! Ғажап! Осы жолы бастықтарыңыздың басы дұрыс істеп кеткен. Өсек-аяңға сонша мән беретініңізді дәл білген екен!

Тергеуші: Сол өсек-аяңның нәтижесінде арыстай бір азамат темір торға түүі мүмкін! Тағы бірі ауруханада ауыр халде жатыр! Кісі өлімі

бола жаздаған! Сіздіңше, бұған да мән берілмеуі керек пе? Протокол мен портал үшін емес! Асықпандар...Осы қоздатып отырған араздық отына өздерің күйіп, жаман сөздердің қоқысына өздерің көмілесіндер түбінде! Бері қараңыз...Қазақтың алауыздығын күшейте беріңдер, бірін-бірі иттің етінен жек көріп, өзара бет жыртысумен өтсін өмірлері деген екен отаршылдардың бір ақылгөйі! Сол саясатты біреулер әлі күнге жүргізіп келе жатыр –ау деп қорқамын! Біз сонда өзімізді өзіміз билей алмайтын болғанымыз ба? Біздің ой-санамызды интернет билей ме? Жоқ әлде оның ар жағындағы белгісіз бір күштер миымызды шыр айналдырып, жанымызды уландырып, жынымызды қайнатып, бір-бірімізбен қырылыстырып қойып қарап отыр ма?

Редактор: Апырай, мұныңыз бір ойланатын мәселе екен!

Тергеуші: Иә, ойланған жөн!

Редактор: Бірақ, біз қазақты сынасақ, жанымыз ашығасын, қылығына ашынғасын түзелер ме екен деп сынаймыз! Оны да бір ойлап қойыңыз!

Тергеуші: Дұрыс-ақ! Ал,қане ойлап көрейік! Қаншама заманнан бері үлкен-кіші жабылып, күні –түні қазақты жамандай берген соң, жаман бола түспегенде қайтеді? Үлкенді-кіші оқыған атаулы байғұс қазақтың жанын жерден алып, жерге салып, тепкілейді келіп, ұлттық намысын езгілейді келіп! Әй, қазақтың жанында нелерің бар, өз жандарыңды жөндеп алсаңдаршы! Жоқ, қит етсе «қазақ бір-бірін көре алмайды, аяқтан шалады, үйтеді, бүйтеді» деп, дүние пәлені кеңпейіл халқымыздың басына үйіп-төгуге үйір болып алдық қой әбден! Басқа жұрттарда іштарлық, алауыздық жоқ сияқты, барлық пәлені біздің қазақ приватизациялап алған сияқты көретін болғанымыз өтірік пе? Тіпті, біз бір-бірімізбен ең алғаш кездескенде – ақ: «Е-е, сен де бір итім шығарсың? Қай жерімнен, қашан қабар екенсің, сыртымнан қашан үрер екенсің?» – деп, жамандық ойлап тұратын сияқтымыз. Қалай ойласаң, солай болады дейді ғой данышпандар. Ал, өйтіп бықсып жүргенше, аңқылдап неге жүрмейміз? Болмашы нәрседен сүрініп кетсек немесе біреумен шәй десіп қалсақ болды, қияметтік қиянат көргеннен жаман қараспанды төндіріп, қол жинап, алашапқын болып шыға келетініміз өтірік пе? «Міне, біз осындай оңбаған халықпыз!» деп, бүкіл қазақтың ұлттық намысын тепкілейміз ғой, ә?! Әй, ұяттан жұрдай екі кісі боқтасып қалған екен, оған қазақ халқының қандай қатысы бар? Неге олардың былығына бүкіл қазақты байлап беруіміз керек? Міне, сол кезде сендер шығасындар отқа май құйып! Ал, немене, қазақ баласы бір-бірінен жақсылық көрмеп пе? Ағайынға

астындағы атын түсіп берген де, ауылдасына аузындағысын жырып берген де, малын, жанын бауырынан аямаған да осы қазақ емес пе еді? Осыны қатардағы тергеуші, сіздерше айтқанда, салдафон палитсай, поганый мент мен түсінгенде, зиялы редактор басыңмен сенің қалай түсінбейтіңіңе таң қаламын! Бұдан шығатын қорытынды: Не сен зиялы атын жамылған қиялысың, немесе арам пиғыл риялысың, әлде ел жағдайын таразылай білмейтін топассың! Ең жаманы, басқа елдің мүддесіне қызмет етіп жүрген сатқынсың яки жасырынған айлалы жаусың!

Редактор: Ақсақал, байқап сөйлеңіз! Мен туған халқымның патриотымын!

Тергеуші: Патриот! Өй-дөйт! Өсек-аяңға өріс ашып, нәжіс пен қоқысты сапырып, дүниені сасытып отырған сен патриот болсаң, жетіскен екенбіз! Ойлап, сараптап көрші, қазақтың ұл-қыздарының азаматтығын, қайырымдылығын, бауырмалдығын, жақсылығын үлгі қылатын, бұқараға жар салатын қандай сайттарың бар?!

Редактор: Өй, ондайың кімге керек қазір? Жақсылықты жазсаң ешкім де оқымайды! Негатив керек бізге!

Тергеуші: Солайы солай –ау! Ойлап көріңіз, мына өсектің түпкі мақсаты екеу сияқты: Біріншіден, қазақ қызын қаралау! Сол арқылы жастарды араздастырып, бір-біріне сенімін жоғалту! Қазақтар азып-тозып барады, енді мүлде құриды деген ойды сыналап сәби саналарға ұялату, сол арқылы болашақтан күдер үздіру! Қыздың жанын кім түсінген? Қызға күйе жағып, ащы сөз айту – оны өлтіргенмен бірдей!

Екіншіден, жалпы зиялы қауымды жексұрын қылып көрсету! Абыройына нұқсан келген адамдарға жұрт сенбейді! Адамдар арасында түсініспеушілік, араздық болса, ұлттың татулығы бұзылады деген сөз! Ал, зиялыларын, өнерпаздарын сыйламай өскен балалар елін де сүймейді! Яғни, болашақтың өзегіне жегі құрт түседі осылай! Міне, бәленің түпкі мәні қайда жатыр!

Редактор: Мұның бәрін қайдан білесіз? Сіз бір сирек тергеуші екенсіз!

Тергеуші: Индукция, дедукция! Шерлок Холмс! Біз енді аздап кітап оқыған ұрпақтың өкіліміз!

Редактор: Сіздің генерал болатын жөніңіз бар екен!

Тергеуші: Даналық-халықта! Мен елдің ішінде көп жүріп, көп істерге араластым. Есінде болсын, сенің біреудің жанын улаған сөзің ертең өз жаныңды улайды! Біреуді күйдірген сөзің ертең өзіңді өртейді! Жаман сөз естіген адам ашынбай ма екен? Қорланып,

күйінбей ме? Ашынғасын, саған менен де жаман болсын деп қарғамай ма? Изгі ниетпен тату-тәтті ел болудың орнына, бір-бірінді ғайбаттап күйдіріп, аямай қарғап-сілеп қай ұшпаққа шығасындар? Соны ойлағандарың бар ма? Қиянатшыл, ғайбатшыл пенделердің құсығын қопарып, таңдайына салып, тамсана сөз ғып отырған кісілердің қоқыс ақтарып, тамақтың қалдықтарын жеген қаңғыбас азғыннан несі артық?! Өзгенің тағдырын тамашалаған адамның өз тағдыры да талқыға түспей қоймайды! Не өзінің, не балаларының алдынан шығады! Соны неге ойламайсындар?!

Редактор үндемей, ойланып қалады.

55 – Көрініс. Тотяның ойсыздығы.

Тергеушінің кеңсесі.

Редактор бірдеңе деуге оқтала бергенде, Тоты – Тотаня келеді. Сәлемдеседі.

Тергеуші: Келіңіз, келіңіз, қане! Сіз кім боласыз?

Тоты – Тотаня: Мен Тоты – Тотанямын!

Тергеуші: То-та -ня?! Пәмиләңіз бе, әлде әкеңіздің аты ма, Тотаня деген?!

Тоты – Тотаня: Жоқ, достарым еркелетіп...қазіргі заманғы модыға сай түрлендіріп атап кеткен ғой. Әйтпесе, Тоты деген деген бір түрлі...ескіліктің иісі шығып тұрады. Және, тоқ-тоқ еткен шолақ ат жараспайды маған! Ал, Тоты – Тотаня деген қандай әуезді әрі ұлттық колориті де сақталған!

Тергеуші: Охо! Түсінікті! \ Әндетіп: \ Пәп-пу- гәй, пәп-пу-гәй, пәп-пу-геллә деген сияқты!

Тоты – Тотаня: Тоты – Тотаня – Тотанелло деген одан әлдеқайда музыкально емес пе? Нағыз шик- модерн!

Тергеуші: Шик–шик-пшик! Жә, іске көшейік. Сұрақ: Сіз Қызбала Жарқынбековаға қатысты дау-дамай қызып тұрған кезде,күмәнді суреттеріңізді жариялап жібердіңіз. Сонда қандай мақсат көздедіңіз?

Тоты – Тотаня: Ешқандай да мақсат көздегем жоқ!

Тергеуші: Не ойладыңыз деймін?

Тоты- Тотаня: Ештеңе де ойлағам жоқ! Жалпы, ой дегеніңіз менің бір ең ұнатпайтын нәрсем!

Тергеуші: А-а?! Сонда қалай, ештеңе ойламайсыз ба?

Тоты – Тотаня: Керегі не басты қатырып? Көп ойлай берсем, философтар құсап, маңдайым қыржиып, тыржиып қалмай ма? Бетім

мыж-мыж әжім болып кетсе ше? Ой, ужас! Шашым түсіп, басым қасқайып қалса қайтем?

Тергеуші: Қорықпаңыз! Ақыл-ой адам келбетін көркейтіп тұрады!

Тоты- Тотаня: Фу! Жалпы, ақыл туралы сөз басталса, ішім пысып кетеді! Бізге аса көп ақылдың қажеті жоқ! Біз барды бар дейміз! Жоқты жоқ дейміз! Басқаны білмейміз!

Тергеуші: Аралық ұғым, аралас ұғым дегенді білмейсіз бе шынымен?

Тоты – Тотаня: Білмейміз! Білгіміз де келмейді! Оған басты ауыртып керегі не?

Тергеуші: М-мм... сонда өмірдің түсі де екеу-ақ па сіз үшін?

Тоты- Тотаня: Иә! Ақ пен қара – екі түс! Анық! Бар! Міне, біз осыны білеміз!

Тергеуші: Өмір тек ақ пен қарадан тұрмайды ғой...

Тоты – Тотаня: Сіз үшін солай шығар. Ал біз басқа түсті көрмейміз де, түсінбейміз де!

Тергеуші: Дальтониксіз бе сонда?

Тоты – Тотаня: Жоқ! Көзіміз – калейдоскоп! Көп түсті көреді! Әсіресе, асыл тастар мен сәнді киімдердің түстерін дәл таниды!

Тергеуші: Ақыл – ой дальтонигі болдыңыз ғой!

Тоты- Тотаня: Пшик! Ақ пен қара, жақсы мен жаман, бар мен жоқ, дос пен қас, аш пен тоқ...қысқа, нұсқа, анық түсініктер...Шорт кесіп, тақ еткізгенді жақсы көреміз.

Тергеуші: Жә, жарайды! Ісімізге қайта келейік. Сізге менің сұрағым түсінікті ме?

Тоты – Тотаня: Не сұрап едіңіз...ұмытып қалдым.

Тергеуші: Әлгі ашық – шашық, шарап ішіп тұрған суретті не үшін салдыңыз деймін?

Тоты- Тотаня: А-а, сол ма? Қызық үшін салдым!

Тергеуші: Қызықтың ар жағында бұзық жатқан жоқ па?

Тоты–Тотаня: Қисынсыз, қисық сұрақ екен. Адам суретті интернетке не үшін салады? Жұрт көрсін, тамашаласын, лайк бассын деп салады.

Тергеуші: Лайкты емес, бойыңа лайықты ойласаң етті!

Тоты – Тотаня: Лайк деген кәйіп!

Тергеуші: Өй, бүйткен лайығың да, кәйібің де... Айыбыңды ойла одан да!

Тоты- Тотаня: Қойыңыз, көке! Қайдағы айып, ай-күннің аманында?

Тергеуші: Құрбыңды жан-жақтан жамандап жазып жатқанда, одан сайын отқа май құйып, жастық шақтағы ашық-шашық суретті сала қойғаныңыз үлкен айыпқа саналады! Адамгершілік тұрғысынан ғана емес, заң жүзінде де жауапқа тартылуыңыз мүмкін!

Тоты – Тотаня: Жауапқа?! Ме-ен? Не үшін?

Тергеуші: Араздықты өршітіп, қылмысқа себепкер болғаныңыз үшін!

Тоты – Тотаня: Қайдағы қылмыс? Қайдағы себепкер? Мұның бәрі жай ғана қызық емес пе? Мұндай пәлені қайдан тауып алдыңыз?

Тергеуші: Индукция, дедукция! Шерлок Холмс! Сіздің суретіңізден кейін Қызбалаға жабылған жала мүлде басқа сипат алып, жалпы көпшілік байғұс қызды өршелене жамандауға көшті! Яғни, сіз жалақорға жәрдемдестіңіз! Қызық үшін деп жүріп, қылмыстық жағдайды қоздыра түстіңіз!

Тоты – Тотаня: А-а, солай ма? Онда шынында қызық болған екен! Маған бәрі жай әншейін ойын сияқты көрініп еді!

Тергеуші: Біреудің тағдыры біреуге ойын сияқты! Сұмдық қой, ә, шырағым! Біреуге қатысты бірдеме білсеңдер немесе естісеңдер, дереу әйгілеуге, анда-мында жазуға неге сонша құмар болдыңдар?

Тоты – Тотаня: Бөліскіміз келеді де көпшілікпен...достармен. Үндемей қалсақ, ішіміз жарылып кетуі мүмкін!

Тергеуші: Бөлісемін деп бүлдіріп жүргендеріңді де білмейсіңдер-ау, ә?

Тоты – Тотаня: Нені бүлдіріппіз сонша? Біздің сөзімізден біреу өліп қап па? Көрсетіңізші қане, өсектен өлгеннің моласын?!

Тергеуші: Ойпырмай, саған дауа болмас! Өсек өшпенділік тудырады,оның арты адамдардың араздығын тудырады! Дүниені былғап, қылмысқа апарып соғады жала сөз!

Тоты- Тотаня: Жала, жала деп қоймайсыз...Жала емес, шын болса қайтесіз? Мен әрбір жазылған сөзге сенемін! Жайдан жай жазбайды ғой. Жазған адамдар да бірдеме біледі ғой!

Тергеуші: Мәссаған! Сонда сіз Қызбалаға жабылған жаланы шындық деп санайсыз ба?

Тоты – Тотаня: Жо-жоқ, толық шындық деуге болмас. Дегенмен, қызық қой енді...

Тергеуші: Қызық! Саған бәрі қызық! Режиссер Тойтанның қызғаншақ әйелі Нәркесті де құрбыңыз Қызбалаға қызық үшін айдап салдыңыз ба?

Тоты – Тотаня: Ой, несін айтасыз...Қызықтың көкесі ғой ол

дегенің! Ондай қызықтан құр қалуға бола ма? Ә-ә, жоқ, иә...Не ғой...
Тұу, мен не деп кеттім өзі? Оны қайдан біліп қойдыңыз?

Тергеуші: Индукция, дедукция! Шерлок Холмс! Сіз досыңыз
Қызбала туралы интернетке неге жаздыңыз?

Тоты – Тотаня: Енді, былай ғой...мен оны жамандап жазған
жоқпын. Бар болғаны, білгенімді жаздым.

Тергеуші: Көрген, білген, естігендеріңді еністәгірәммәға
еңкілдетіп сала беретіндерің не?

Тоты – Тотаня: Қызық қой енді! Жұртпен бөлісу керек!

Тергеуші: Бөлісетін нәрсе бар, бөліспейтін нәрсе бар емес пе?
Біреудің бақытсыздығын қызықтап бақытты боламын дейсіңдер ме?

Тоты – Тотаня: Ой, ағай, оның бәріне бас қатыра берсек, жынды
боп кететін шығармыз?

Тергеуші: Бәлкім, бас қатырмайтындарың жындылық шығар?
О,қуғынбай! Театр режиссерының Жазираны қорғаймыз дегенін де
жазып жіберген сіз емессіз бе?

Тоты – Тотаня: Онда тұрған не бар? Қайта құрбымды бүкіл театр
болып қорғап жатқанын білсін дедім!

Тергеуші: Білсін дедіңіз бе, күлсін дедіңіз бе – ол арасын әлі
тексеріп көру керек! Бір ғана нәрсе айқын – сіз Қызбаланы шарпыған
өсек өрті өрши түссе екен, күйдіре түссе екен, Қызбала осыдан қарабет
атанып, елге қарай алмай қарасын батырса екен деп тіледіңіз және сол
үшін аянбай әрекет еттіңіз!

Тоты – Тотаня: Мұныңыз тіпті қызық екен!

Тергеуші: Индукция, дедукция! Оны алдай алмайсыз! Сондықтан,
бұлталақтамай тура жауап беріңіз – не үшін істедіңіз мұның бәрін?

Тоты – Тотаня: Жай, әншейін...Қызық болғасын...

Тергеуші: Бәлкім, қызғаныштан шығар, ә?

Тоты – Тотаня: Қойыңыз,қайдағыны айтпай!

Тергеуші: Қайдағыны емес, ойдағыны айтып тұрмын! Қызбала
жұмыста үнемі алда болды. Оның еңбектегі табысына ішіңіз күйіп
жүргенде, ол бір жақсы жігітке тұрмысқа шығатын болды. Сіз
қызғаныштан жарылып кете жаздадыңыз. Сөйтіп жүргенде, мына
өсек-аяң бұрқ ете қалды. Сіз қуана-қуана отқа май құя түстіңіз! Солай
ма, Тоты-Тотаня?!

Тоты – Тотаня: Жоқ, ағай! Олай емес! Мүлдем олай емес!

Тергеуші: Ал, онда қалай?

Тоты – Тотаня: Қалай екенін өзім де білмеймін...Шын айтамын,
ағай! Мен ештеңе де ойлаған жоқпын. Маған бәрі жай әншейін қызық

көрінді!

Тергеуші: Ах, солай де! Қызық де! Сонда, жан құрбыңның маскараға ұшырағаны саған қызық болып көрінгені ме? Апырмай, сен индукция, дедукцияға да сыймайтын үндік, дүндік болдың ғой! Сендейлерді Шерлок Холмс та кездестірмеген шығар-ау! Енді сол үшін жауап беруге тура келеді.

Тоты – Тотаня: Қызық екен! Сонда мен не үшін жауап беруге тиіспін?

Тергеуші: Нәркесті шақырып алып, Қызбаланы мүлде қараламақ болып істеген ісіңіз үшін! Адамдарды араздастырып, бір-біріне айдап салғаныңыз үшін қылмыстық жауапқа тартыласыз! Сотталып кетуіңіз де мүмкін! Қалай, қызық енді басталды-ау деймін, ә?

Тоты – Тотаня: Ә-ә, бұл онша қызық емес екен!

Осы кезде тергеушіге Бибінұр келеді. Сәлемдеседі. Редактор, Тоты-Тотаня үлкен кісіге орын беріп, бір шетке барып, үнсіз тыңдап тұрады. Тергеуші Бибінұрмен сөйлеседі.

Тергеуші: Иә, сіз кім боласыз?

Бибінұр: Мен жәбірленуші Отар Күйгенбаевтың анасы боламын!
Барлығы Бибінұрға таңдана қарайды.

56 – Көрініс. Жеңіс пен жеңіліс.

Тергеушінің бөлмесі.

Тұяқбай Избасаров басын шайқап, қағаздарына шұқшия бір қарап алады. Бірдемелердің астын сызып, белгілеп қояды.

Тергеуші: \ Бибінұрға бұрылып: \ Жәбірленуші дейсіз бе!?

Бибінұр: Иә, енді кім дейміз? Әлгі жауызды аяусыз жазаға тартыңыздар!

Тергеуші: \ оған тік қарап: \ Біз сізді түсінемін. Бірақ...

Бибінұр: Не бірақ? Осы бірақ, сұрақ дегеннен зәрем ұшады!

Тергеуші: Бірақ, сұрақсыз біздің жұмыс жүрмейді!

Бибінұр: Ойбай-ау, қандай бірақ, қайдағы сұрақ? Мен өз көзіммен көрдім ғой. Әлгі банды баламның түгін қоймай ұрып-соғып, допша домалатып кете барды. Соның заң бойынша әділ жазасын беріңіздер деймін!

Тергеуші: Шынымен әділін іздеп кеп отырсыз ба?

Бибінұр: Бұл жерге әділін іздеп келмегенде, әзілдеп кеп отыр дейсіз бе? Әлде, мұным қате ме? Онда әділдікті басқа жерден іздейтін шығармыз!

Тергеуші: Жоқ, дұрыс –ақ әділдік іздеуіңіз. Жұрттың бәрі іздейді әділдікті! Бірақ...

Бибінұр: Әнеки! Тағы да бірақ!

Тергеуші: Иә, бірақ, сол әділдік өздеріне қарсы не тиімсіз болып шықса, онда ойбайға басып шыға келеді!

Бибінұр: Жұртта жұмысымыз жоқ! Менің ісім – әділ! Соны тура тексеріп, ақ-қарасын айырып беріңіз сотқа!

Осы кезде тергеушіге Қызбала келеді. Тергеуші кіріңіз дегендей қолымен ымдайды. Қызбала Бибінұрдың сөзін тыңдап тұрады.

Тергеуші: О жағынан қам жеменіз! Айырамыз ақ-қарасын! Сол үшін сізге қоятын бір сұрағым бар. Бұрын-соңды кездеспеген, бейтаныс жігіт Отарды үйіне әдейі іздеп келіп, не үшін ұрды деген сұраққа жауап іздеп көрдіңіз бе? Бәлкім, балаңыздың бір жазығы болған шығар?

Бибінұр: Ойбай, сіз не деп кеттіңіз өзі? Өз үйінде тып-тыныш отырған кісінің қандай жазығы болуы мүмкін? Әлгі пәле...іздеп кеп ұрынған!

Қызбала: Біз сізді түсінеміз. Сіз анасыз! Сіз перзентіңізге шаң жуытпайсыз! Бірақ, Отар сіз ойлағандай емес! Ол барып тұрған оңбаған!

Бибінұр: Тіліңді тарта сөйле, қарағым! Қара күйе жақпа біреуге, өзің былығып қаларсың!

Қызбала: Не дейсіз? Мен бе қара күйе жағып отырған? Нағыз жалақор, бәлекор, өсекші, өтірікші сіздің балаңыз Отар! Ол мені бүкіл елге қара бет қылып жала жауып, жар салғанын сіз шынымен білмейсіз бе? Әлде, білмеген болып отырсыз ба?

Бибінұр: Жала жапқаны несі? Шырағым, сен не деп кеттің өзі?

Тергеуші: Оның мәнісі былай. Сіздің ұлыңыз Отар Күйгенбаев мына қызымыз \ *Қызбаланы нұсқайды:* \ Қызбала Жарқынбекованы жамандап, интернетке не бір ғайбат сөздерді жазған. Оны мына ініміз \ *редакторды нұсқайды* \ «Ащы тіл» порталына жариялап, дүйім елге таратып жіберген!

Қызбала: \ *Редактордың жанына ұшып жетіп барып:* \ А-а, сіз бе едіңіз редактор?! Мұныңыз қалай? Мен сізге не жаздым, аға?!

Редактор: \ *Сасқалақтағанын сездірмеуге тырысып:* \ Жоқ! Еш жазығыңыз жоқ! Мен тіпті сізді танымаймын да!

Қызбала: Танымасаңыз, неге осынша қыр соңыма түсіп, қаралап жатырсыз?

Редактор: Мен емес...ол жұртшылық...Қоғамдық пікір!

Қызбала: Менің жеке басымда қоғамның қандай шаруасы бар? Сіздің не жұмысыңыз бар? Мен енді қайттім, аға? Қалай өмір сүремін!? Айтыңызшы, қане! Аға, басыңыздан, зәузатыңыздан өсек-аяң кетпесін! \ *Бибінұрға бұрылып:* \ Мен ағам жазықты болса – қолым сынсын! Сіздің балаңыз жазықты болса – тілі байлансын! Бұдан былай жаман сөз жаза алмайтындай болып, екі қолы семіп қалсын!

Бибінұр: \ *Шошынып:* \ Астапыралла! Сүбіханалла! Жә, жетті, тоқтат! Сабыр ет, қарағым, адам баласын қарғама! Обалына қаласың!

Қызбала: Мені бүкіл елге қарабет қылған оңбаған иттерге нәлет, қарғыс жаудырмағанда, алғыс айтады деп едіңіз?!

Бибінұр: Қарағым-ай, қайтейін енді! Жаныңа қатты батып, ашынған екенсің! Бірақ, сабыр ет, қарғысыңды қайтып ал!

Қызбала: Сіздің ұлыңыз өсек-аяның қайтып ала алса, мен де қайтып алайын, апа!

Бибінұр: \ *Күрт сынып, мұңайып, үнсіз отырып қалады. Сәлден кейін басын көтеріп:* \ Бізді апа дейсіндер, аппақ болып жүрген соң. Біз де жас болдық, несін айтасың! Күнәһар пендеміз ғой бәріміз де! Осы күні кез келген кісіден біреуге қиянат, жамандық жасадың ба деп сұрап көрші. Бәрі де сүттен ақ, судан таза болып шыға келеді. Қателіктерім болса да, қасақана біреуге қиянат жасадым демейді. Ал, бір-бірін ғайбаттап, сыртынан сөз қылған қиянат емей немене?! Біз де көп пенденің біріміз ғой, өсек-аяңға сұмдық үйір болдық бір кезде. Күйеуім екеуміздің жұмыстан тыс уақыттағы негізгі кәсібіміз – неше түрлі әңгімені көйітіп, әркімді сөз қылу болатын. Қайсымыздың өсегіміз қызық болар екен деп, екеуміз жарысқандай болушы едік. Бір шайды өсексіз ішіп, бір сәтті өсексіз өткізбедік. Көз көрген былай тұрыпты-ау, кез-келген кісіні жіліктеп талдап, бақайшағына дейін шағып түгендеп бітпей, тыныш ұйқтай алмайтын едік. Тіпті, өміріміз-өсек, өсегіміз-өмір болып кеткен сияқты еді. Біз өсек айту үшін өмір сүретін сияқты едік. Осы Отар бала күнінен біздің қызыл сөз, қысыр әңгімемізді аузының суы құрып тыңдап өсті. Құмар болғаны сондай, сөзге араласып, әңгіме айта бастады. Мектепте болған жайларды жайып салатын, жолдастарын, мұғалімдерді жамандағанда, алдына жан салмайтын. Әкесі мақтап қоятын, балам өзім сияқты сөзге үйір, шешен болады деп. Өзі нағыз домалақ арыз жазғыш болды. Талайды қан қақсатты ғой, несін айтасың! Кім қандай қылмыс жасады, кім ажырасып кетті, кім пыш деп қойды, кім кіш деп қойды, бәрі соның миында рет-ретімен тізіліп тұратын. Бықсымаса жүре алмайтын! Біреудің атын айтсаң болды, сол туралы өсек-ғайбатты қап-

қабымен ақтара салатын. Сөйтіп жүріп, жиырма бес жыл отасқаннан кейін, бір-ақ күнде, басқа қалаға бір жас әйелмен кетті де қалды! Екі баламен қала бердім. Сүйтіп, өзім сүйген өсектің астында енді өзім қалайын! Жан-жағыңнан неше түрлі улы сөз қадалғанда, жаның күйеді екен! Апырмай, талайды сөзбен атып едік, алдымыздан шықты-ау ақыры! Тарттым-ау жан азабын! Қайтейін, жыладым-сықтадым, сабыр қылдым, тоқтадым, тәубаға келдім. Имандылық жолына түсіп, намазға жығылдым, ораза ұстадым. Арсыз өсектен арылып, ағардым, аппақ апа болдым!

Осы күні таразылап, сараптаймын кейде. Біз, негізі, жаман адам болған жоқпыз. Бар айыбымыз, жақынды да, жатты да сөз қылмасақ жүре алмайтын едік. Көп достарымыз, туыстарымыз ұрыспай-керіспей-ақ, бізден алыстап, араласпай кетті. Бөленің бәрі-тілден! Сол ренжіткен адамдарымыз қайырылып келген жоқ.

Кезінде түк те түсінбеппіз, тіпті, ойланып та көрмеппіз – біздің тіліміз тиген кісілердің де жаны күйіп, назаланған екен ғой! Солардың қарғыс-наласы шығар, күйеуім сол кеткеннен кейін көп ұзамай, әлгі жас әйелімен бірге өртеніп өлді! Түнде мас болып, ұйқтап жатқанда, шылымның шоғынан өрт шығыпты. Талайды сөзбен күйдіріп еді, ақыры, алдынан шықты-ау, – деп ойлаймын кейде.

Ең қиыны, мына балам Отар да сөзге үйір, ғайбатқа құмар болып өсті. Міне, соның жемісі, өзің де көріп отырсың! Бар сырымды жайып салдым, ендігісін өзің біл, қарағым! Жазықсыз жәбір көрген кісінің қарғысы қапы кетпейді деуші еді, қайтейін... Қолыңнан келсе, кешір ақымақты, назана қалдырма! Қайтейін... Іштен шыққан шұбар жылан болғасын... қайтейін!

Ана жүрегі қарс айырыла күрсінеді. Барлығы үнсіз ойға батады..

Тергеуші: Иә... Бұл да бір ойланатын мәселе... Дені дұрыс деген адамдардан сұрап көріңіз... Біреуге қиянат жасадыңыз ба, жамандық істедіңіз бе? – деп. Жо-оқ! Алла сақтасын дейді бәрі де! Негізі, рас айтады. Қылмыскерлерді айтпағанда, жай адамдар ешкімге қастық қылып, үйін тонап, оқ атып, арыз жазып, аяғынан шалып жатқан жоқ қой. Бірақ, біздің сорымыз сол, біз бірдеме деп қоямыз ғой! Бірімізді біріміз жамандамасақ, жүре алмаймыз ғой! Біздің қолымыздан келетіні – өсек! Өміріміздің өзегі де – өсек! Қолымыздан келетін қастығымыз да – өсек! Міне, сол бір ауыз сөз үшін жақын деген адамдар жат болып, достар қастасып кетіп жатқан жоқ па?!

Ал, біреуден жаманшылық көрдіңіз бе деп сұрап көріңізші... Боздап қоя береді шетінен! Көрмеген қиянаттары жоқ екен! Олардың

сөзіне сенсең, басқа жандардың барлығы, тіпті, бүкіл адамзат атаулы тек осыған қиянат жасау үшін жүрген сияқты! Сондағы көрген жаманшылығы не дейсіз ғой! Жанына жара салған жаман сөз естіген! Сол бір ауыз сөзді қастандық санап, өмірі бойы өштесіп кете барған! Яғни, қандай қорытынды шығарамыз? Индукция, дедукция! Адамға жаман сөз айтпаңыз! Сыртынан ғайбаттамаңыз! Ғайбаттасаңыз, ол адамның сізді өмір бойы иттің етінен жек көріп кетуіне мен кепіл! Шерлок Холмс кепіл! Бақытсыз болғың келмесе, жаман ой ойлама, жаман сөз сөйлеме, жаман іс істеме! Бақытсыз болғың келсе, басқаларды ғайбатта! Өзегінді өкінішпен өртегің келсе, өзгелерді өсекте! Индукция, дедукция! Жекеден жалпы, жалпыдан жеке қортынды шығару! Шерлок Холмстың доктор Ватсонға айтқаны бар ғой. «Сіз бәрін де дұрыс байқадыңыз, бірақ байламыңыз қате! Сіз плюс қоюдың орнына минус қойдыңыз!» – деген! Осыған бір ой жүгіртіп қойсаңыз, жаман болмас еді! Жә, ағайындар, бұған оңашада бас ауыртып көрерсіздер... Ал, қазір не істейміз? Бір-бірімізді сотқа сүйреп, су түбіне жібереміз бе, әлде, жағаға шығуға жәрдем береміз бе? \ *Бәрі таңдана қарайды оған.* \ Таңданатын дәнеңе жоқ. Әңгіме былай. Отардың екі тісін қағып алғаны үшін... иә, заң тілімен айтқанда, ұрып-соғып, денесіне зақым келтіргені үшін, әлгі жас жігіт екі жылдан бес жылға дейін сотталуы мүмкін. Бірақ, ол мұны қарындасының ар-намысын қорғау үшін, ашу үстінде істегені ескеріліп, жазасы жеңілдетіледі деп ойлаймын. А, бірақ, Отардың өзі де сотталып кетуі ғажап емес!

Бибінұр: Не дейсіз? Не деп тұрсыз сіз? Неге, не үшін сотталмақ Отаржан?

Тергеуші: Адамға жала жапқаны үшін!

Бибінұр: Жоқ, мен бұған келіспеймін! Жәбір көрген кісі қайтіп сотталмақ?

Тергеуші: Сотталғанда қандай! Бізде бәрі де бола береді! Міне, мына қыз... Қызбала Жарқынбекова... арыз жазды. Жұртқа жариялап, жазықсыз қаралап, ар-намысымды аяққа таптағаны үшін Отар Күйгенбаевты заң жүзінде жауапқа тартуларыңызды сұраймын дейді! Ал, біз не істеуіміз керек? Біз заң бойынша, әуелі бұзақылығы үшін әлгі жігітті тауып, соттаймыз! Содан кейін, жалақорлығы мен адамды қорлағаны үшін оның жанына Отарды отырғызамыз! Менің ойымша, намысқор Әйткен зонада Отарды біржолата опыратын шығар!

Бибінұр: Ойбай, құрсын, пәлесінен аулақ! Енді қайттік?

Тергеуші: Қайткені несі? От жаққан өздерің, күйетін де өздерің!

Және, мен тергеуші ретінде өз тарапымнан сотқа «Ащы тіл» порталының редакторын заң жүзінде жауапқа тартып, қатаң жазалауға ұсыныс түсіремін! Дәлел, айғақ жеткілікті!

Редактор: Мұныңыз шектен шыққандық!

Тергеуші: Жә! Шерлок Холмс! Индукция, дедукция! Сіздерге бір керемет жол бар! \ *Бәрі: «Ә-ә? Айтыңыз! Қандай жол?» -деседі.* \ Атам қазақтың жолы! Татулық, кешірім, мәміле жолы! Бәрің де арыздарыңды қайтып алып, бір-біріңді кешіріп, татулықпен тарай қойыңдар!

Редактор: \ *Шошынады. Ойға батады:* \ Иә, бұл бір оқыс жағдай болды-ау! \ *Бір шешімге келіп:* \ Құрметті тергеуші Тұяқбай Ізбасаров! Сіздің сөзіңізге тоқтадым! «Ащы сөз» порталын осы сәттен бастап жабамыз! Бұдан былай, бір де бір адам лақап атпен пікір жаза алмайтын болады! Пікір жазу үшін аты-жөнін, адресін көрсетуге міндетті! Ой еркіндігіне, сөз бостандығына шектеу қойылмайды! Қоғамдық, саяси, рухани мәселелер жайында шындық сөз бен сын пікірлерге қашан да жол ашық! Бірақ, оның өзі мәдениетті түрде айтылуға тиісті. Дәрекі, анайы пікірлер жарияланбайды! Адамның жеке басын кемсітетін ешқандай да материалдар қабылданбайды және жарияланбайды! Ал, біреудің ар-ожданына тиіп, балағаттаған кісілер сотқа беріліп, жауапқа тартылады!

Жазықсыз жалаға ұшыраған мұғалім Қызбала Жарқынбекова мен театр режиссері Тойтан Ахановтан ресми түрде, көпшіліктің алдында кешірім сұраймыз!

Бибінұр: Иә! Иә! Кешірім! Кешулік болсын!

Тоты – Тотаня: Соттан аулақ! Мен темір торда отыра алмаймын! Бүрге мен қандаладан жаман қорқамын...ибәй-әй!

Тергеуші: Олай болса, осы тату-тәтті күйде тарай қойыңыздар! Анда –санда индукция, дедукцияны естеріңізге бір алып тұрыңыздар!

\ *Барлығы тарайды. Қызбала да кете беріп, бөгеледі.* \

Қызбала: \ *Тергеушіге:* \ Мен де сізге шын сырымды ақтарып айтайыншы. Мен бұрын адамдарға тек қана жақсылық тілеуші едім. Ал, қазір тілей алмаймын! Менде қазір адамдарға деген мейірім жоқ! Көңілім ешкімге, ештеңеге селт етпейді! Менде бір үлкен өшпенділік бар! Мені өсектеп, күйдірген кісілер де масқара болса екен, өсек-аянға қалса екен, жан азабын тартса екен! Күні-түні ойлайтыным да, тілейтінім де осы!

Тергеуші: Қара ниет өсекшілерге бола өмірден түңілудің қажеті жоқ! Өсекке мән бермеу керек! Мән берсең, семіре береді. Күшейе

береді. Мән бермесен, жеңіп шығасың!

Қызбала: Қалай мән бермейсің? Бүкіл жұрт мазақ қылып, қаралап жатса, қайтіп күймейсің?! Мен тіпті өсектен де қорқпаймын! Мен сол өсекке сенетін елден қорқамын! Кеткім келеді... Көргім келмейді ешқайсын! Неге біз осындаймыз? Мен туған халқын сүйген қазақтың қарапайым қызы едім! Бетіме түкіріп, итше талайтындай не жаздым?! Міне, кешірім сұрады! Жазықсыз деді, жала деді! Осымен бәрі біте салатындай... Қалай оп-оңай, ә?! Қанша уақыт абалап, талқыға сап табалап, қоғам болып қаралап, қарабет атандырып еді. Енді: «Кешіріңіз, біз жаңылып кетіппіз, сіз жазықсыз екенсіз ғой, пардон!»- дейді! Ал мен қайтемін? Қайтіп өмір сүремін әрі қарай?! Тілім-тілім болған жүрегімді қайтемін? Дым болмағандай қайқайып жүре берейін бе? Жүре алмаймын олай, менің ішімде әлдене үзіліп кетті! Кеткім келеді басқа бір тап-таза жаққа. Көз көрмейтін, сөз жетпейтін жерге...

Тергеуші: Сабыр, сабыр, қарағым! Ақылға кел! Ешқашан елге өкпелеме, жерді тепкілеме!

Сүрініп кетсең
Түңілме
Қайта түрегел,
Сілкініп тастап
Серпіліп алға жүре бер,
Сенен де бұрын
Бұдан да ауыр салмақты
Көтеріп кеткен
Ерлердің барын біледі ел.

Жығылып қалсаң
Тұрдым де жерге бір аунап,
Тырнадан үлгі ал,
Төбеңнен ұшқан тыраулап,
Сарала жапырағы
Саудырап түсіп жатқанда
Көктемін күтіп
Күлмей ме кейде қырау бақ?

Жаныңды жесе
Күйзеліс, уайым жегідей,
Өзіңді өзің
Езгілей берме тірідей,

Қарысып неге
Қасқайып қатып қалмайсың,
Аяғын шайнап
Қақпаннан шыққан бөрідей.

Басыңды көтер
Жігерді қайрап мін атқа,
Үргісі келген иттердің бәрін шулат та,
Тәуекел етіп
Көтеріп тағдыр жазғанын
Тарта бер тура
Өшпейтін үміт-шыраққа!

Қызбала ақырындап алға жүре бастайды. Қаракөлеңке түседі. Шәу-шәу етіп бір ит үреді. Қызбала селк ете қалып, сәл тоқтай беріп, тағы жүреді. Шәуілдеген итке тағы екі-үш ит қосылып үреді. Қызбала сескене басып, ақырындап жүре береді. Шәуілдеген иттерге абалаған иттер қосылады. Жазира тоқтамайды. Біртіндеп қараңғылық басады. Иттердің даусы күшейіп, бір-бірімен ырылдасып, абалай береді. Бір кезде қараңғылық сөгіліп, сәуле түсе бастайды. Үрген дауыстар бәсеңдеп, алыстай береді. Дүние жап-жарық болып кетеді. Иттер қыңсылап, бірте-бірте мүлде тиылады. Қызбала жап-жарық дүниеде аққудай боп жарасып бара жатады.

57 – Көрініс. Қыз арманы.

Қызбаланың пәтерінде.

Қызбала мен Тоты –Тотаня шай ішіп, сырласып отыр.

Тоты –Тотаня: Мен өз бағамды өзім білемін. Асқан талант емеспін. Рас, аздаған қабілетім бар. Бірақ, өнерім -өмірім деп, бүкіл өмірімді өнерге арнаймын деп айта алмаймын. Мен жүріп, тұрғым келеді. Әлемді аралап, қызық көргім, просто, өмір сүргім келеді. Ал менде оған мүмкіндік жоқ Тіпті, ешқашан болмай ма деп қорқамын! Міне, отызға да таяп қалдым. Не бай жоқ, не байлық жоқ! Жүрген жүрісім мынау. Тиіп-қашып, үзіп-жұлып сахнаға шығып, өңкей шошақай, жарымес қыздардың эпизодтық рөлдерін ойнап, ел күлгенге мәз болып жүре бермекпін бе? Түк те көңілім толмайды қазіргі күйіме!

Сенің Әйткендей сүйгенің бар!

Қызбала: \Күрсініп:\ Білмеймін, Тоты! Жұрттың сөзі Әйткенге де қатты тиген сияқты! Екі адамның арасын өсек бұзады ғой. Ол да қазір маған бұрынғыдай емес сияқты. Біртүрлі суыңқырап барады.

Тоты-Тотаня: \Ыршып түсіп:\ Қойшы, қайдағыны айтпай! Сендерді бөліп қарау мүмкін емес! Тіпті, көзге елестетудің өзі қиын! Қой, ренжіме! Мұның бәрі уақытша нәрсе. Шаң-тозаң сияқты. Самал жел соқса...үф!...ұшады да кетеді! Сен екеуің қаласың бірге! Мен соған сенемін! Шіркін, егер менің Әйткендей жігітім болса ғой! Мен ешқашан одан айырылмас едім!

Қызбала: Тоқта, Тоташка, тағы қуып кеттің! Әйткенді оп-оңай біреуге бере салатын мені кім деп едің! Тек мына бір жағдайдың жан-дүниемізді астаң-кестең еткенін саған айтып жатқаным ғой!

Тоты-Тотаня: Бәсе мен өзім де солай ойлаймын. Ал маған тіпті бір жөні түзу жігіт кездессе, ойланбастан кетер едім!

Қызбала: Әр нәрсе уағында. Бұйырғаны болар.

58 – Көрініс. Қызға құмар қарт.

Шалдың бөлмесі.

Бастық шал кеңсесінде бір әдемі мұқабалы, жылтырақ журналды қадала, қызыға қарап отыр. Басын шайқап, тамсанып, өліп- өшіп қарайды. Бір кезде үстелдің бір шетіндегі бір телефонды көтеріп: «Серкен! Серкен, маған тез келіп кетші!» – дейді. Телефонды қойып, тәтті қиялға беріліп: «Пай – пай, жиырма бес!Қайта айналып бір соғып кетер ме едің, шіркін!» деп, тамсана сөйлеп қояды.

Далбақтап Серкен кіріп келеді. Шал оған онша шырай бермеген соң, состиып тұрып қалады.

Шал: \ орындығында шіреніп, сыздана қарап, бұлдана сөйлейді:\ Иә, бала, халың қалай?

Серкен: \ елпілдеп, сасқалақтап, шалдың қас-қабағын бағып, мейлінше сыпайылықпен:\ Жақсы, жақсы, ағасы.

Шал: Иә, әйтеуір жүріп жатырсыңдар ма, былай?

Серкен: Иә, әйтеуір жүріп жатырмыз былай.., ағасы.

Шал: М-м-м-м, да! Тағы не айтасың?

Серкен: Не айтайын? Бәрі жақсы, ағасы.

Шал: Ағасы, ағасы... Басқа ештеңе айтпайсың ба?

Серкен: Не айтайын енді, ағасы?

Шал: \ турасына көшіп:\ Былай.., бала! Осы мен саған бір үлкен

жақсылық жасадым ғой, ә?!

Серкен: \ *бас шұлғып:* \ Жасадыңыз, ағасы.

Шал: Е-е, бәсе! Сені көрсем біртүрлі бұлданғым келіп тұрады әйтеуір... Осы балаға бір жақсылық жасап едім ғой деген бір ой ар жағымнан сумаңдап, ызыңдайды да тұрады. Бәсе! Міне, сол жақсылықтың қадірін білу керек!

Серкен: Енді... білеміз ғой, ағасы, білеміз.

Шал: \ *зілсіз, зекіген болып:* \ Білгенің сол ма, ей? Білсең, былай... Жөндеп рахмет айтпаушы ма едің?

Серкен: Рахмет, рахмет! Көп рахмет, ағасы!

Шал: М-м-м, да! Сол-ақ па, ей? Осы күнгінің балаларына жақсылық қылсаң, жөндеп рахмет айтуды да білмейді.

Серкен: Енді... айттық қой... айтып жатырмыз ғой, ағасы. Рахмет, Алла риза болсын, құдайдан қайтсын!

Шал: \ *өтірік күлген болып, әзіл-шынын араластырып:* \ Жә, жә! Өзің тіпті бүгінгі өмірден артта қалған су қараңғы екенсің ғой. Өзіңді дұрыстап оқытып алайын ба? Әй, бірақ саған оқу қонушы ма еді? «Жақсылығым құдайдан қашан қайтады?» – деп жүрем бе өстіп? Одан да ағаңа дұрыстап рахмет айтпайсың ба?!

Серкен: \ *әңгіменің ауанын сезіп, жорта аңқаусып:* \ Енді... білгенімізді айтып жатырмыз ғой. Тіпті, сыртыңыздан да рахмет жаудырып жатамыз! «Алғыспен ел көгерер» дегендей...

Шал: Мақалыңа қақал! Сырттан жаудырған рахметіңнен не пайда? Иә, айтпақшы, осы мен саған қандай жақсылық жасадым, ей? Түрмеден шығарып алып па едім?

Серкен: Астапыралла! Мен сотталып көрген емеспін, ағасы.

Шал: Өкінішті!

Серкен: Қалай?

Шал: Солай! Сотталып кетсең ғой, мен сені шығарып алар едім. Шығарып алған соң... иә... ар жағы белгілі...

Серкен: Маған белгісіз... ар жағы...

Шал: Шикі басым-ай, соны білмегенің үшін-ақ кәтәләшкаға қамап қояр ма еді? Зек болсаң, ісек болар ең, біздерге сеп болар ең, зонадан шығарып, қорама қамап, өмір бойы жеп болар ем! Енді ше? Аналардың зонасында отырғаннан гөрі, ағалардың қорасында тұрған жақсы емес пе, ә?! Жарайды, оны сотталған кезде түсінерсің. Ал, мен саған бір кер-рр-ремет жақсылық жасағандай боламын да тұрамын.

Серкен: Жасадыңыз, ағасы! Сіз мені жұмысқа алдыңыз...

Шал: Соған дұрыстап рахмет айтуды да білмейсің. Бәсе, сен сол

қадірімді білмей жүргендей қоңылтақсимын келіп...

Серкен: Айтып жатырмыз ғой, енді, ағасы...

Шал: Олай емес, былай...дұрыстап айту керек. Сендейлерге жақсылық жасағанда, қалай рахмет айтуды қоса үйрету керек болды ғой... Иә, қалай, қызметке үйренейін дедің бе?

Серкен: Рахмет, аға, ептеп-ептеп дөңгелетіп келемін.

Шал: \ қайтадан бастапқы әуенге түсіп:\ Қайдам, шырағым, дөңгелегінді көріп тұрғам жоқ. (*Серкен таңдана қарайды*). Көзінді дөңгелетпей-ақ қой... дым білмейтін дүңгана құсап. Сені осы жұмысқа тұрғызған кім?

Серкен: Сіз, ағасы!

Шал: Біз болсақ, оған не деу керек?

Серкен: Рахмет, рахмет, ағасы!

Шал: О, шіркін-ай, шіркін-ай! Қалай оп-оңай, ә? Ал сені жұмысқа алғызу үшін менің қаншама күш-қуат жұмсағанымды кім біліп, кім бағалап жатыр? Талайдың көңілін тауып, үлкен бастықтың өзіне дейін барып, сонша әуре болғанда тапқаным сенің андағы оттаубай аузыңнан әрең шыққан (*Серкеннің даусын салып*) «рахмет, рахмет» деген оқтаудай сөзің бе? Құрғақ қасық ауыз жыртады дегендей, қазір ағаң да ақшасыз арқаннан қақпайды, тәтең де тегін жақсы көрмейді, көкең де кәдесіз қолын бермейді. Ал, сен қашан менің қағанағымды қарқ, сағанағымды сарқ қыласың, ә?

Серкен: Ләпбай, көке, айтсаңыз, болды ғой!

Шал: Әлде, отырсаң опак, тұрсаң сопақ қылайын ба?

Серкен: О не дегеніңіз, көке, о не дегеніңіз! Осы жерде қатарға қосылып, адам болып жүргеніміз сіздің арқаңызда ғой!

Шал: \ кәдімгідей, шынымен марқайып:\ Біздің арқамыз?!

Серкен: Иә, сіздің арқаңызда жер басып жүрміз! Әйтпесе, мүлдем мүрдем кетуіміз мүмкін еді! Бәрі де сіздің арқаңызда ғой, аға!

Шал: \ Рахаттана күліп:\ Е-е, бәсе, міне, жөніңе енді көштің... Олай болса, ол арқаны не істеу керек?

Серкен: Сыйлау керек!

Шал: \ Тәтті қиялға батып:\ Сылап, сипап тұру керек, Серкешім! Былай ғой, бала...Ашығын айтқанда, мен сені жақсы жұмысқа тұрғыздым ба? Тұрғыздым!...Өз қарауыма алып, қолтығымнан жылы орын бердім бе! Бердім! Иә деп қой!

Серкен: Иә деп қойдым!

Шал: Ал ол не?

Серкен: Ол үлкен жақсылық! Сіздің бізге қамқорлығыңыз, аға!

Шал: Міне, енді дұрыс түсініп келе жатсың! Ал, бірақ, далада жай жатқан жақсылық жоқ! Қамқорлық дегеніміз – қарыз деген сөз! Қазіргіше айтқанда – кре – дит! Яғни, сен маған қарыздарсың! Ал мен сенің кредиторыңмын!

Серкен: Иә, аға, қарыздармын! Қайтарамын әлі талай!

Шал: Міне, ақылға енді келдің! Әйтпесе құр ғана рахмет деген құрғақ сөз құлаққа түрпідей тиеді! Кредит дегенді қалай төлеуді білесің ғой? Ол үстеме процентімен ұзақ жылдар бойы төленбей ме? Міне, жақсылық, қамқорлық деген де солай – өмір бойы еселеп өтуге тура келеді!

Серкен: Өтейміз ғой, ағасы, өтейміз! Өтемегенде қайда барамыз?! \ Бір шешімге келгендей:\ Айтсаңыз болды ғой, аға! Өзіміз бірдеме деуге сізден ұялыңқырап жүреміз!

Шал: Ә-ә, міне, жарайсың! \кеңк-кеңк күліп:\ Бәсе, сенен қателеспегенімді өзім де сезуші едім! Онда былай етейік. Алдағы демалыс күндерінде сенің облысыңа барайық! Сен бір коттедж жалда. Қазақ театрының маңынан! Елге көрінбей, сонда барайық, аунап-қунап, анау-мынау дегендей, біраз демалып қайтайық. Ұқтың ба? Қалғанын барған соң айтамын!

Серкен (ұшып тұрып, шалдың қолын алып, қуана құптаған кейін танытады): О-о, тамаша, керемет! Өзім де сізге айта алмай, күпті болып жүр едім. Әбден жақсы болды, ағасы, әбден жақсы!

Шал: \ қуаныңқырап, Серкеннің қолын құлшына қысып:\ Ал, жақсы болса, бара ғой! Сенің де жақсылығыңды бір көрейік!

Серкен шапшаң басып, шығып кетеді. Шал марқайып, журналдың мұқабасына тағы телміреді.

Мұқабаның бетінде – облыс аруы конкурсында жеңіп шыққан сәттегі Қызбаланың суреті.

Шал сұлу қыздың суретін құшырлана иіскеп, иіскеп қояды.

59 – Көрініс. Ару құмар Айбатша.

Кәсіпкер Айбатшаның үйі.

Айбатша (Қолында сотка. Журналдың мұқабасындағы Қызбаланың суретіне тесіле қарап, сүйсініп, өзінен-өзі сөйлеп жүр): Мә-ә-ә! Қыз деп осыны айт! Мен бұл қызды қалайда іздеп тауып, үйленуім керек, бітті! Мен сияқты асыл тұқым мен мынадай сұлулық қосылса, одан тараған ұрпақ керемет болмай ма, ә! Миллионерден жаралған мистерлер! Сұлудан туған суперлер! (Редакцияға

телефон соғады). Әлө, редакция? (*Қатқыл, тәкаппар*) Маған мына сайттарыңыздың бірінші бетіне суреті басылған облыс аруы байқауының жеңімпазы Қызбала Жарқынбекованың телефоны керек! Не-е? Ешкімге бермейміз? Ешкімге бермесен берме, бірақ маған бересің. Мен аламын дегесін, бітті, аламын, алмай қоймаймын!.. А-а, мен бе... Мен Ай-й-батша Бай-й-батшаевпын, енді ұқтың ба?... Не-ме-не? Ондайды білмеймін дейсің бе? Әй, Ай-й-бат-ша Бай-й-батшаевты білмейтін сен қай батшасың, ә, бәтшағар?.. Не дейсің? Мен сені есті қыз екен деп тұрсам, сен барып тұрған ешкі қыз екенсің ғой! Тоқта, тоқта, ана бастығыңа айт, маған збандасын, әй... (*Гук, гук*). Қап, мынаны-ай! (*Ойланып қалады да, тағы телефон соға бастайды*).

60 – Көрініс. Достық пен махаббат.

Қызбаланың пәтерінде.

Қызбала мен Әйткен әңгімелесіп отыр.

Әйткен: \ Сәл үнсіздіктен кейін: \ Сен өзің осыны қаламап па едің? Жұрттың аузына ілінуге, көзіне түсуге құмар болып едің ғой! Ал, мә, көр енді! Көзге түскен, сөз болған қандай екен!

Қызбала: Иә. Дауыс беру арқылы болған конкурстың бәрі өтірік екенін кеш түсіндім, әттең!

Әйткен: СМС жинау дегенің жұртты ақымақ қылып, қалтасын қағып, пайда табудың жолы емес пе? Сендердің қалай дауыс бергендерің емес, біздің қалай санағанмыз шешеді деген ғой көсемдер баяғыда. Бәрінен де мына сұмдықты айтсаңшы! Қайдан шыға келгенін ұқпай да қалдық қой!

Әжем де бәрін оқып, біліп отыр. Қатты ренжіді... Сенен де ұялып отыр. Көпшіліктің сөзінен де шошынып, не істерін білмей сенделіп қалды. Өзің де білесің ғой, ол кісі өте сезімтал, әсершіл. Мына сұмдықты естігенде жүрегі қысып, қаны тасып, сырқаттанып қала жаздады. Қысқасы, құдалық-мұдалықты қоя тұрайық дейді. Мына әңгіме бір жағына шыққанша, аңысын андағанды мен де мақұлдаймын.

Қызбала: Сонда қалай, кейінге қалатын болды ма?

Әйткен: Иә, әзірге солай... Сен тым қатты уайымдама, уақытша нәрсе ғой бәрі... Қашан келетінін үлкендер өздері айта жатар.

Қызбала: Е-е, солай де... Байқайық де... Бұта баққан бозторғай дегенді естуші едік, бұтаға бұққанды да көрдік! Дұрыс, ботаня, әжесінің бітті ботақаны, қаңқу сөзден қашқандарың әбден дұрыс!

Әйткен: Мен ештеңе білмеймін. Ауруда шаншу, сөзде қаңқу

жаман деген...Жел болмаса шөптің басы қимылдамайды деген.

Қызбала: Солай де! Тағы не айтарың бар?!

Әйткен: Артынан сөз еріп, аты шыққан қызды ақ тілекпен ақ босағадан қалай аттатпақпыз дейді туыстарым! Өсегі бірге келіп, өзегімізді өртемей ме өмір бойы дейді, ал?! Елдің аузына қақпақ боламын ба? Кімнің аузын жабамыз ертең дейді, ал?

Қызбала: Ал сен не дейсің?

Әйткен: Мен не деймін? Не деуім керек? Осынша жұрт жайдан-жай айтпайды ғой! Бірдемені білгесін айтады!

Қызбала: Сен не деп тұрсың, Әйткен!?

Әйткен: Маған айғайлама! Мықты болсаң, жап аузын аналардың! Дәлелде кінәсіз екеніңді!

Қызбала: Ах, солай де! Әттең! Сүйсең бұлай демес едің! Сүйген адам сүйгеніне қалтқысыз сенеді! Сүйгенін ешқашан да алдамайды! Ал саған дәлел керек! Дәкүмент керек жоқ па әйтеуір?! Полициядан... жо-жоқ, нотариустан...мөр бастырып алайын ба? Мүмкін, қол жинап әкелсем қайтеді қауымнан? «Құрметті әлем әртісі Әйткен! Сіздің сүйгеніңіз Қызбаланың жазықсыз жалаға ұшырағанын растаймыз! Оның түк жазығы жоқ, сүттен ақ, судан таза екендігіне сенім білдіріп, қолымызды қойып, мөрімізді басамыз!» деген күректей қағаз ба саған керегі?

Әйткен: \ *Ренжіп:* \ Мейлің! Еркің білсін! \ *Қызбала ренжіп, мұңайып, үнсіз қалады. Әйткен де не істерін білмей, дел-сал халде отырады. Сәлден кейін өзін-өзі қолға алып, қатайып:* \ Өмірлік дос болып қалармыз, бәлкім!

Қызбала: Не деп тұрсың! Досың не? Өмірлік серігім бол деп неге айтпайсың?

Әйткен: Білмеймін...Айтқым-ақ келеді. Айта алмаймын. Бірдеме жібермейді ішімде.

Қызбала: Ішіңе не боп қапты? Бұрын елжірегенде сондай едің ғой!

Әйткен: Білмеймін...өзім де түсінбеймін өзімді! Бірақ, саған деген көңіліме бір бәле болған сияқты!

Қызбала: Немене, қатып қап па? Енді қайтіп жібімей сонда?

Әйткен: Қызбала, мен саған өтірік айтайын ба, шынымды айтайын ба?

Қызбала: Өлтірсең де шыныңды айт!

Әйткен: Шыным сол! Дос болып қалайықшы!

Қызбала: Басқа біреуге ғашық болып қалдың ба?

Әйткен: Жоқ...иә...не...Ешкімге де ғашық емеспін! Тіпті, қыз

балаларға көңілім суып қалған сияқты!

Қызбала: Не бопты ол көңіліңе? Алаулап жанып, жан-жағын жандырып-ақ тұр еді ғой кеше ғана!

Әйткен: Ол кеше! Ал бүгін жоқ! Солай, селяви!

Қызбала: Апырмай, ә! Лап етіп жана салатын, жалп етіп сөне салатын ол қандай көңіл? Жаңқа ма, жапырақ па?

Әйткен: Қызбала, мені енді қинамашы! Жан-жағымнан жабылып, жанымды жеп қоятын болдыңдар! Менің мазамды алмаңдаршы! Маған тыныштық беріңдерші! Дос болып жүре берейікші! Ар жағын уақыт көрсетер!

Қызбала: \үнсіз отырып қалады. Әйткен ауыр ой үстінде.\ Иә, өмір біздің дегенімізге көнбейді!

Әйткен: Дүние сол баяғы қалпында. Уақыт бәріне де емші!

Қызбала: Иә, уақыт – төреші! Бәрін де көрерміз...Бәріне де көнерміз! Бәрін де жеңерміз! Досым дейміз бе енді!?

Әйткен: Иә, досым! Есінде болсын, сенің ең жақын досың менмін! \Бұрылып шығып кете береді. \

Қызбала: \ жалғыз қалған соң, тебіреніп, жылап отырып, күбірлейді: \ Досым! Досым дейсің бе, Әйткен! Ақымақ! Маған достық емес керегі! Маған сен, сенің махаббатың керек! Мен сені сүйемін ғой, досым-м!

61 – Көрініс. Бастықтың бабы.

Серкеннің жалдаған коттедждің кең залы. Бастығы – қонақ, Серкен сыйлап жатыр.

Серкен (ептеп қызу): Ағасы, ата-бабаларымыздың дәстүрі бойынша, сізге ат мінгізіп, шапан жабамын. Сол үшін ап қояйық!

Шал (қатты қызу): А-а, ат дейсің бе? Қандай ат ол өзі? Тұқымы қандай – арғымақ па, сәйгүлік пе? Арабы ма, ағылшын ба? Ақалтеке ме, текежәуміт пе? Қарабайыр ма, қазанат па? Жабы ма, жорға ма? Тұлпар ма, тұғыр ма? Алмауыт па, будан ба? Орловский рысак па, жоқ әлде, горловский гусак па, ә? Тойыс, аты бар да, заты жоқ боп жүрмесін дегенім ғой, ха-ха-ха!

Серкен: Жоқ, енді, жай былай жаман емес... Ақ көңілден атаған малымыз ғой сізге...

Шал: Жә, былай, жасы нешеде?

Серкен: Енді, оның жасын кім санапты? Әйтеуір, менен үлкен, сізден кіші дегендей... кәдімгідей, сақа жылқы.

Шал: Ірі болса жарады. Ал өзі арық па, семіз бе? Мінілген, жегілген, ақсаған, тоқсаған, сақау, маңқа, жауыр-мауыр, жамандатқыр емес пе?

Серкен: Жоқ, далада бос жүрген жануар ғой. Күйі жаман болмас.

Шал: Еркек пе? Әлде, ұрғашы ма? Маған аттан гөрі, байтал көбірек ұнайды, байтал-л-л!

Серкен: Бұйырғаны болар, енді.

Шал: Иә, бұйырсын де. Әйтпесе, көріп жүрміз осы күні, көзбояу, өтірік аттарды. Көпшіліктің алдында аталады да, артынан жоғалып кетеді көбісі. Жарайды, соғым кезінде өзің дұрыстап алып келерсің. Сол үшін! *(екеуі ішеді)* Бірақ, есінде болсын, мен малдың да, адамның да ұрғашыларын ұнатамын. Ұрғашы малдың еті тәтті, ұрғашы адамның... *(сал бөгеліп)*... беті тәтті! *(Ерсілеу күледі. Ішеді. Серкенге шекесінен шекіше қарайды)*. Әй, отырамыз ба осылай? Дұрыстап күтпейсіңдер ме... былай... кісіні.

Серкен: Күтіп жатырмыз ғой. Енді қайт дейсіз?

Шал: Не қарық қылдым деп отырсыңдар? Сендерге ет жеуге келді деп пе едіңдер? Күтіндер дұрыстап... по полной программе! Саунаға апарыңдар... сабындайтын сұлу тауып беріңдер! *(Қойнынан журналын суырып алып, мұқабадағы Қызбаланың суретін көрсетеді)*. Міне, маған мынау керек! *(Самбырлатып оқиды)*. Облыс аруы Қызбала Жарқынбекова! Облыстық қазақ театрының әртісі! Бұл осы жерде емес пе?

Серкен: Иә. Міне, тиіп тұр театр. Сіз қалай айтсаңыз солай болады ғой, аға! Коттежді тура театрдың түбінен жалдап алдым! Екі күнге!

Шал: Жарайсың! Олай болса, бері қара, бала! Мен бұл жерге жайдан-жай келген жоқпын! Көңілдегімді көздеп келіп отырмын! Облыс аруы Қызбала Жарқынбекованы теледидардан көріп, ғашық болып қалдым! Ондай сұлу қыз тек қана мына мен сияқты асыл тұқымға лайықты! Ұқтың ба, әй, Серкен, Серкешка! Сен өзі менің кім екенімді білесің бе?

Серкен: Білеміз ғой, енді, білеміз, ағасы! Дөкей бастықсыз... Еліміздің асқар тауысыз!

Шал: Білесің атаңның қақ шекесін! Міне, бұдан былай біліп қой! Мен – Малай бидің ұрпағымын! Сен білесің бе, әй, Малай бидің кім екенін? *(Серкен басын қасиды)*. Білмесең, бұдан былай білетін бол! Малай би Абайды сөзден тоқтатып, Біржан салға қалай ән салуды үйреткен! Ұқтың ба?

Серкен: Жоқ! *(Шал ежірейеді, Серкен сасқалақтап)*: Жоқ болғанда, нелеу ғой енді...

Шал: Нелеу?

Серкен: Ол кісі сондай керемет болса, кезінде даңқы неге шықпаған? Өзінің еңбектері... е-е, аталы сөздері мен әндері қайда дегенім ғой?!

Шал: Әй, ақымақ! Ана екеуінен асып түскеннен кейін, одан артық не керек саған, ә?

Серкен: Дұрыс айтасыз! Нелеуі нелеу болса да, илеуі келіссе, қара балшықтың мәрмәр тасқа айналатынын күнде көріп жүрміз ғой!

Шал: Сенің көрген, көрмегенің кімге дәрі! Одан да мен сияқты асыл тұқым орталарыңа кеп отырғанда, бабын тауып, барынды салмайсыңдар ма?

Серкен: Салғанда... салып жатырмыз ғой, иә, қайда салайық, енді?

Шал: Мында салыңдар! *(Қолымен қойнын, қыздың суретін көрсетеді)* Мынаны!

Серкен (жорта аңқаусып): Облыс аруы Қызбала Жарқынбекова!

Шал: Иа, иа, иес! Дәп осыны... осыны тауып әкеп бер! Құй, қане, толтыра! *(Серкен құяды)*. Басқа сый-құрметіңнің бәрін қайтып алсаң да мейлі! Бірақ, осы қызды әкеліп берсең, саған өмір бойы ырза болып, алақаныма салып, бар қолымнан келген жақсылығымды жасауға мына заһар тола стақанмен салтанатты түрде ант-су ішемін!

Серкен: Айтқаныңызға құлдық, ағасы! Бір ауыз сөзіңіздің садағасы! *(Екеуі масайрап, ішеді)*.

Шал: Айтпақшы, сен бұл қызды танысың ба?

Серкен: Жоқ. Тіпті жақсы, танымасақ, танысуға барып келеміз, тілін тауып, алдыңызға алып келеміз!

Шал (қалбалақтан): Ап кел! *(Үздігін)* Көндіріп ап кел, жарай ма? *(Серкен кетеді. Шал тағы бір стақан арақты қағып салып, әрлі – берлі әндетіп жүреді.)*

Аңсаған арманым сияқтанып,

Ай туып келеді қияқтанып...

Жол жаққа қараймын,

Сен жоқсың арайлым,

Кешікпей келем деп ең,

Мен тұрмын елеңдеумен!

62 – Көрініс. Жанашырлық

Театр. Қызбаланың гримеркасында.

Қызбала Қыз Жібек рөліне дайындалып отыр. Асқар келеді.

Асқар: \ *қипақтап, қысылыңқырап:* \ Қызбала, ренжімесен, сенімен бір әңгіме бар еді!

Қызбала: \ *Қитығыңқырап, бірақ сабырлы салмақпен:* \ Әңгіменің не туралы екенін білмей жатып, ренжімеймін деп қалай уәде бермекпін? Ренжитін әңгіме болса, айтпай-ақ қойғаның дұрыс! Ренжімейтін әңгіме болса, құлағым сенде!

Асқар: \ *Абдыраңқырап:* \ Ойпырмай, сен де бір...Әңгіме былай: Сендер, Әйткен екеулерің жараспай жүрген сияқтысыңдар. Ол бізге қатты батады!

Қызбала: \ *қатайып:* \ Бізін кім?

Асқар: Басқар екеуміз дағы...Достарың...Басқа кім болушы еді?

Қызбала: Е-е, солай де? Тағы не айтасың?

Асқар: Айтқанда сол... Жай – жапсарын білейік...Не боп қалды сендерге? **Қызбала:** \ *Ширызғып:* \ Немене, екіге жарылып қалсақ, жарастырып жібере қояйық деп пе едіңдер? Есінде болсын, екі адамның жан-жүрегі жарасым таба алмаса, оларды ешкім де, тіпті бүкіл жер-жаһан жабылып жарастыра алмайды! Мұны бір деп қой!

Асқар: Бір!

Қызбала: Менің махаббатым – ол менің жан сырым! Қасиетті құпия сырым! Оны ешкімге әйгілеп, жұрттың талқысына сала алмаймын! Екі деп қой!

Асқар: Екі!

Қызбала: \ *Сөзін үдете келе, ызалы күйге көшіп, зілдене түседі:* \ Адамның жеке басының ісіне араласу, жан-дүниесіне қол сұғу – жексұрындық! Мен ондайды жек көремін! Ешкімнің жеке өміріне кіріспеймін, жан әлеміне баса-көктеп кірмеймін! Және өзімнің жан сырымды жұртқа жайып салмаймын, әркімнің аяғына бастырмаймын!! Оған кіріскісі келген кісілерді түсінбеймін әрі жолатпаймын! Сондықтан, жайларыңа тыныш жүргендерің дұрыс болады! Бұл үш!

Асқар: \ *Сәл қитығып, қырсығып:* \ Үш болса үш!

Сен қыз жерге түс!

Қызбала: Осыменен қоймасаң,

Көрсетемін күш,

Аузыңдағы апандай,

Қағылады тіс!

Асқар еріксіз күліп жібереді. Қызбала да күледі.

63 – Көрініс. Қыз Жібек пен Төлеген.

Театр сахнасында «Қыз Жібек» спектаклі жүріп жатыр. Төлегеннің Қыз Жібекпен алғашқы кездескен сәті. Төлеген ролінде – Әйткен, Жібек бейнесінде – Қызбала. Залдағы көрермендер тым-тырыс, спектакльді беріле көріп отыр.

*Төлегеннің әні шырқалады. Жібектің монологы.
Көрермендер ду қол соғады.*

64 – Көрініс. Ләйліген шал.

Шал:\Өзімен – өзі ләйліп отыр:\ Иә, сәт! Қартам айналып, балтам майланып, қалқашты үйіріп, шақшаны шиырып бір атар ма екенмін?! (Қалтасынан әйелдердің қол айнасын алып шығып, қарана бастайды). Бр-р-р! Көзім бозарып, мұрным қызарып, бетім сазарып, не боп кеткенмін өзі, ә? Шашым селдіреп, әжімдерім көлдіреп кеткені несі, әй? Аузым арбайып, тісім сарғайып, ішім дарбайып, кепкен тораңғыдай тарбайыппын да қалыппын. Мұндай емес, тәуірлеу сияқты едім ғой! У-у-уһ! (Ақсаңдап, әрлі-берлі жүреді. Бетін шапалақтап, санын шапаттап, өзін-өзі үкілеп-сүкілеп, керіліп-созылып, секеңдеп әлек болады). Қандай едім, а, қандай едім! Қайран жастық, қас-қағымға бір қайырылып келсең ғой, әй, қайтейін, енді, қайтейін... Өттең, дүние, әй! Бұрылсам, буындарым ғытыр-ғытыр-р-р етеді, сүйектерім сықыр-сықыр-р-р етеді... Соңыра... сұлу қыз құшағына қысқан кезде, сарайдағы ескі-құсқы сайманнан құрап-сұрап жиналған салдаман самасыбал құсап, сау етіп шашылып қалмасам жарар еді! Ха-ха-ха! (Өзіне-өзі күліп алып, терең-терең тыныстап, жұлқынып). Жо-о-қ! Мен әлі қаусап тұрғам жоқ, мен ән сап тұрмын, махаббатты аңсап тұрмын!

65 – Көрініс. Өнер салтанаты.

Театр.

Спектакль аяқталады.

Көрермендер орындарынан тұрып, дуылдата қол соғады.

Әртістер сахнада тізіліп тұр.

Көрермендер гүл сыйлап жатыр.

Жібек – Қызбаламен кейбір жігіттер суретке түседі.

Оның кейбіреуін Әйткен жақшырмай қарап қояды.

Қыздар Төлеген – Әйткенмен суретке түседі.

Қызбала да көз қиығымен Әйткенді бақылап, қарап қояды.

Бір кезде Әйткеннің телефонына зың-ң етіп хат келеді.

Әйткен ашып, оқиды.

«Көптен бері көрермен Төлегенін сағынып жүр еді. Міне, бүгін тапты. Сіз сомдаған Төлеген бейнесі – өнер олжасы!»

Әйткен тауып айтылған сөзге риза болып, сүйсініп қалады.

Хаттың авторын іздеп, жан-жағына мойнын созып қарайды.

Қаптаған қыз-жігіттер дуылдасып, суретке түсіп жатыр.

Бір шеттен қолында гүлі бар Серкен келіп, Қызбаланы, әртістерді сырттай бақылап, аңдып тұрады. Қызбала сахнадан шығып, гримеркасына беттегенде, соңынан аңдып, ақырын басып, көрінбей, ешкімге білдірмей ере береді.

66 – Көрініс. Жаңа жанкүйер.

Қызбаланың гримеркасында.

Серкен Қызбаланың гримеркасына ептеп басып келеді. Қолында үш тал гүлі бар. Жан-жағына ұрлана көз жүгіртіп қойып, есікті тықылдатады. «Да!» деген дауысты естіген соң, ақырын еппен ашып, ішке кіреді. Иіліп, қызға гүлін береді.

Серкен: Мен сіздің жанкүйеріңізбін! Сіздің талантыңыздың фанатымын! Сіз үшін отқа да, суға да тартынбай түсуге бармын! Өйткені, мұндай табиғи дарын, шынайы өнер өте сирек! Бұрын да көп болмаған, ал қазір тіпті аз кездеседі. Міне, сондай мөлдірлікке, мына лас дүниеде бір жұтым таза ауаға жолыққанымашексіз бақыттымын!

Қызбала: \жанына жағып кетсе де сыр бермей, сабырмен:\ Рахмет ықыласыңызға!

Серкен: Сізбен бір естелік суретке түсуге болар ма екен? Елге мақтанамын ғой! Суретіңізді көрсетпесем, сіздей жұлдызбен жүздестім дегеніме ешкім сенбейді ғой!

Қызбала: А-а, келіңіз, рұқсат! \ екеуі селфи суретке түседі.\

Серкен: Рахмет! Ал енді сізді көргеніме өте қуаныштымын! Қуанышты болғанда да...сөзбен жеткізе алмаймын...Тіпті, қасыңыздан шыққым келмей қалды ғой. Сізді үйіңізге дейін шығарып салсам бола ма?

Қызбала: \ Серкеннің оғаштау мінезін қызық көріп, сабырмен жымиып:\ Рахмет! Бірақ, әуре болмаңыз!

Серкен: Сізге рахмет! \ Қалбалақтап, шығып кетеді. Қызбала басын шайқап, жымиып күледі.\

67 – Көрініс. Арбау.

Қызбала театрдан шығып, пәтеріне қарай келе жатыр. Соңынан біреу аңдып келеді. Қыздың ізін бағып, өзі көрінбеуге тырысып, бұқпантайлап, соңынан қалмайды. Қызбаланың пәтерінің алдына келгенде, қыздың қарсы алдынан сап ете қалады. Әуелде қыз шошыңқырап қалады. Бұл – Серкен.

Серкен (Қызбаланы көргенде, құбылып ойнап, гулеп кетеді): Сәлеметсіз бе, сұлу қыз!

Қызбала: Сәлем, сылқым жігіт!

Серкен: Мен сізді білетін сияқтымын.

Қызбала: (Серкенді әжуалап): Ал, мен сізді мүлде білмейтін сияқтымын.

Серкен: Ал, мен сізді білгім келетін сияқты.

Қызбала: Ал мен сізді білгім келмейтін сияқты.

Серкен: Аяулы облыс аруы, үздік әртіс Қызбала Жарқынбекова! Мен сіздің талантыңызға бас иемін! Мен сіздің өнеріңізге ғашықпын! Бәлкім, иә... не... өзіңізге де ғашық шығармын! Сіздің есіміңіз Гиннестің рекордтар кітабына жазуға әбден лайық! (Қызбала таңдана қарайды). Ал, Гиннестің кітабына жазылу үшін, бұрын-соңды адам баласының қолы жетпеген рекорд жасау керек! Мен сізге сондай рекорд жасауға шындап көмектесуге дайынмын.

Қызбала: Ол үшін не істеу керек?

Серкен: Ол үшін екеуміз үйленуіміз керек! Осы қазір! Бөгелместен! Өйткені әрбір секунд қымбат! Неге десеніз, біз әлемдегі таныса салып, ең тез үйленген жұбайлар ретінде енуіміз керек тарихқа! Бол, тез, әкел қолыңды! (Қыз қолын бермей, шегіншектейді). Бол, бол енді, уақыт өтіп барады. Танысқанымызға екі минут болып қалды!

Қызбала: Әлі танысқан да жоқпыз ғой!

Серкен: Онда танысайық. Менің атым – менеджер Серкен!

Қызбала: Қызбала!

Серкен: Міне, болды. Кеттік ЗАГС-ке! (Иығынан құшақтап, жүруге икемдей бастайды).

Қызбала: (Серкеннің қолын ақырын қайтарып): Сабыр етіңіз, менеджер Серкен! Ойнасаңыз да, ойланып алыңыз.

Серкен: (Тағы да қызды айналып, толғанып, үйіре, екпіндете сөйлейді. Еліге қоймаса да, қыз да әлдебір жұмбақ күйге ене бастағандай болады). Ойлануға мұрша жоқ. Махаббат – от-жалын,

оған ойланудың керегі жоқ, көзді жұмып, қойып кету керек! Не күйіп кетесің, не мұратыңа жетесің!

Қызбала: *(ыңылдап):* Махаббаттардың түбіне, ойланбау жеткен қашанда!

Серкен: Жоқ, олай емес. Махаббаттардың түбіне көп ойлану жеткен! Ойланып, толғанып жүргенде, талайлар сыңарсыз қалған. Жүріңіз, тәуекел, ең жылдам жарасқан жұбайлар ретінде рекордтар тарихына кіріп кетейік!

Қызбала: Ал егер қосыла салып, ең жылдам ажырасқан жұп ретінде рекордтар тарихына жазылып қалсақ, ұят болмай ма?

Серкен: Әуелі үйленіп алайық та. Қалғанын көре жатармыз!

Қызбала: *(әдемі күліп):* Әзіліңіз әдемі екен, көңілімді көтергеніңізге рахмет! Чао! Сау болыңыз!

Серкен: Чао, чао, сао! Сәл бөгеліңіз! Сізге қатысты өте маңызды әңгіме бар! *(Қыз әуестеніп, тыңдауға ыңғайлана береді).* Сізді республикадан келген атақты телережиссер, продюсер ағай іздетіп жатыр! «Облыс аруы – Қызбала» атты арнайы хабар түсіреміз, киноға таңдаймыз, жұлдыз қыламыз дей ме, әйтеуір, жер-көкті шаңдатып, шулатып жатыр. Сізді жарты облыс болып жабыла іздеп, көше кезіп, қырға шығып кетті ғой. Өзіңізді бірінші тауып, жақсы хабарды жеткізгеніме өте қуаныштымын! *(Қызбала қуанышын жасыра алмай, «о-о!» деп шаттана дауыстап жібереді)* Сүйіншіге... сүйіншіге... кәне, бетті әкел! *(Ұмтылып, қыздың бетінен сүймек болады. Қызбала бетін тоса беріп, жолатпай, лып етіп айналып кетеді. Серкен аузымен ауа қармап қалады.)* Ал, онда...Тез кеттік...Үлкен кісі күтіп қалмасын!

Қызбала: *(өзін-өзі тез қолға алып):* Мен қазір... *(Үйге кіріп кетеді. Серкен сан ойлармен арпалысып, екі алақанын сартылдатып, әрлі-берлі жүреді).*

68 – Көрініс. Мас пен жас.

Серкеннің коттеджі.

Шал мас. Қисалаңдап, ыңылдап отыр. Серкен Қызбаланы ертіп келеді де, өзі тасада жасырына қалып, бәрін бақылап тұрады. Соткаға түсіре береді.

Қызбала: Сәлеметсіз бе!

Шал: *Сәл...сәл...сәлем...(Қызды көргенде шал өзінше бойын түзеген болып, сиқырлана бастайды. Күлкілі қимылдар жасайды.*

Шашын саусақтарымен салалап, бет-аузын сылап-сипалайды. Қыз әуелде таңданып, үп-үлкен кісінің көзге өрескел қылықтарына аздаған әуестікпен күле қарайды. Оны өзінше жорыған шал кеудесін керіп, қарнын ішіне тартып, шалбарының ышқырын жоғары көтеріп, белбеуін қыса тартып тастайды. Балағы балтырына шығып кетеді. Шайқалақтап, өкшесін көтеріп-көтеріп қояды).

Қызбала: Мен – облыс аруы Қызбала Жарқынбековамын. Сіз шақырды дегесін кеп тұрмын.

Шал (құрақ ұшып): Қош келдіңіз, өте-мөте қош келдіңіз, облыс аруы Қызбала Жарқынбекова! Сіз облыс қана емес, бүкіл еліміздің, бар әлемнің аруы атануға әбден лайықсыз! Мен бұған қол қоямын!.. А-а, сізге Серкен мәселенің мән-жайын түсіндіріп айтты ма?

Қызбала: Иә, айтты.

Шал: Қалай, келісесіз бе?

Қызбала: Келіспесем, келемін бе? Мені таңдағаныңызға өте қуаныштымын!

Шал (секеңдеп): Өте қуаныштымын дейді, әй! Өте қуанышты! Мен де өте қуаныштымын! Келші бермен, құшақтап, бір сүйейін бетіңнен! (*Құшағын жайып, қызға қарай жақындайды*).

Қызбала (шегіншектеп, жуытпай): Ал, сіздің түсіру тобыңыз, камераларыңыз қайда? Серкен маған киноға түсіреді деген...

Шал: А-а, иә, түсіреміз... түсіп жатырмыз киноға. Образ шынайы болып шығу үшін, түсіру тобы көрінбей, жасырын камераға түсіріп алады. (*Серкен тасада тұрып басын шайқап, соткаға түсіре береді*). Камера... мотор... сцена сүйіс... кадр один, дубль один! Поехали! (*Қызды құшақтамақ болады*).

Қызбала (ұстатпай): Киноңыз бұзық кино сияқты ғой!

Шал: Қызық болғанда қандай! Нағыз бум... сенсация! (*Қыздың қолынан ұстап, екеуі ақырын тартысып тұрады*). Қазіргі көрерменнің өліп-өшіп, іздеп жүріп көретін киносы болады! Кел, кел, жаным, маған жабысып, ыңғайыма көне берсең болды, рөлді қалай ойнауды өзім үйретемін! Ертең-ақ киножұлдыз боп шыға келесің! Түрлі түсті журналдар жартылай жалаңаш дененді мұқабасына басып, киоскілерге жарқыратып іліп қояды! Телеэкраннан сенің ашық-шашық сирағың... саның... құйрығың... белің... кіндігің... қолтығың... емшегің елді есінен тандырып, бақталас қыздардың ішін күйдіріп, күн сайын бірнеше рет көрсетіледі де тұрады, көрсетіледі де тұрады! Атағын шығарып, ақша тапқысы келген аруға бұдан артық не керек!? Армандарың сол емес пе сендердің, а? Кел, жаным! (*Беліне қол жүгірте бастайды*).

Қызбала (ебін тауып сытылып шығады): Қойыңыз енді, ұят болады!

Шал (қобалжыңқырап): Несі ұят? Былай ғой... өзің де түсінесің ғой, жаным. Жігіт қызды жайдан-жай шақырушы ма еді?

Қызбала (ойнақыланып, екі иығын қиқаң еткізіп, іштей мысқылдап күледі. Аңқаусып): Түк түсінсем бұйырмасын, ата!

Шал: Ата деме ойбай, ата деме!

Қызбала: Жарайды, аты! Ат-ты!

Шал: Ата деме, бота де!

Қызбала: Ботя, бутя, бутик-мутик!

Шал: Болды енді, әй! Ботик деме, котик де!

Қызбала: Котикке келіңкіремейсіз! Одан да шал десем қайтеді, ә?

Шал: Қайдағы шал, әй! Мен – шал емеспін, шалғымын! Шалғының салып көр! (Қисалаңдап, өрескел қимылдап, билейді. Оны қызық көрген Серкен, тасадан сығалап тұрып, музыка қосады. Ордандап билеген шал қызды биге шақырады. Қыз «ал, қайтер екенсің» дегендей, бұрала билейді. Шал жарасымсыз билей келіп, қызды бас салып құшақтамақ бола бергенде, қыз бір жаққа бұлт етіп шығып кетеді. Ауа қармаған шал омақаса құлайды. Жерде, еңбектеп, төрт аяқтап тұрып өкіреді). А-а-а! Ө-ө-ө! (Кетуге ыңғайланған қызға қолын созып) Бо-бо-ботя, тойыс, тотя, тотяжан, тоқта. Тоқетері, маған тоқал болсаң, топайыңды топалға, бақайыңды бақалға малып, құлағыңа құйма алтын, тырнағыңа түйме алтын тағып, тойотаға мінгізіп, топ алдында жүргізіп, коттеджге кіргізіп, бұл өмірдің рахатын білгізер едім! (Мастығы жеңіп, қылжиюға айналады) Өттең- ең-ең сұлу, ең сұлу, сұлашы менің жаныма! Мен-мен-мең-зең! Үні өшіп, жатып қалады)

Қызбала(мысқылдай күліп): Міне, нағыз комик – киножұлдыз болдыңыз, аташка! (Кетеді. Серкен оның соңынан зытады).

69 – Көрініс. Тыңдамаймын!

Қызбаланың пәтерінің алды.

Серкен Қызбаланы пәтер үйінің алдында қуып жетеді.

Серкен: Қызбала! Қызбала! Тоқташы! Қызбала тоқтамайды. Серкен алдына шығып, бөгейді). Тоқташы, Қызбала, саған айтар сөзім бар! Тыңдашы, түсінші менің жан сырымды!

Қызбала(ызалы): Сендерге шеттеріңнен бірдеме көрінген шығар. Шалың бар, шауқаның бар, масың бар, жасың бар, бәріңді тыңдау

керек, түсіну керек. Менің неше құлағым бар, әй, бәріңді бірдей тыңдай беретін? (*Ерлердің даусын салып, мазақтап*): «Менің жаным қандай нәзік, таза, бірақ оны ешкім түсінбейді! Сіздің көзіңізде бір мұң бар екен, сондықтан менің жан сырымды сіз ғана түсінесіз-ау!» – деп, тізіліп келіп, үздігіп, сүзіліп біттіңдер ғой. Немене, мен сендерді түсінуге міндеттімін бе? Әркімнің жанын түсінемін деп жүріп, өз жанымды жоғалтып алмаймын ба?! Ал сенің жалған жаның маған неменеге керек, супер сутенер Серкешка?! Өзің ұят-аяттан, арнамыстан әбден жұрдай сорлы екенсің!

Серкен: Жоқ, сен олай тым артық кетпей, алды-артын ойлап, әдепшен сөйле, ару әртіс!

Қызбала: Артық кетпе! Әй, қайдағы әдеп саған! Арқасы құнысқан, қаңқасы құрысқан, терісі бырысып-тырысқан кәрі зинақордың көңілін табу үшін жеңгетай, сутенер болып жүргеніңе қорланбайсың ба тіпті?

Серкен: Тоқтай тұршы, Қызбала! Мұнда бір құйтырқы нюанс бар!

Қызбала: Бола берсін. Бірақ, оны тыңдауға менің уақытым да, зауқым да жоқ! (*Ызаға булығып кете береді*).

Серкен: Тым болмаса телефон нөміріңді беріп кетші! Мен бәрін де түсіндіремін саған!

Қызбала: (*Ызадан өксігендей, кетіп бара жатып, бөліп-бөліп сөйлейді*). Керегі жоқ... кісіні өстіп алдауға бола ма екен... Оңбаған! Кет, көрінбе көзіме! (*Пәтеріне кіріп кетеді*)

Серкен: Қап! Осылай боларын өзім де сезіп едім... Амалым жоқ қой, амалым! Ал, енді қайттім?! Мына шал бір бәле болды ғой... Жақсылығын бұлдап өлтіретін болды! Жә! Сынба, супер Серкеш! Бір айласы табылар!

70 – Көрініс. Айлакердің амалы.

Серкеннің коттеджі.

Таңертең. Серкеннің коттеджінде. Залда Серкен мен шал сөйлесіп отыр.

Шал (аһылап-үһілеп): Әй, кеше не болды өзі?

Серкен: \ *рахаттана кекетіп, аямай, айызы қанып*: \ Не болушы еді? Қызды көрген соң, екі сөзге келмей емпеңдеп ұмтылдыңыз. Тура бар ғой, төрт аяқтап шаптыңыз. Сізді үлкен зиялы адам ғой, сөзіңізді тыңдайын деп келген байғұс қыз есі шығып, бұрышқа тығылды.

Шал: Сосын?

Серкен: Не сосын? Төрт аяқтап тұрып, аспанға шапшып кісінедіңіз

келіп... Кісінегенде де кісінің түсінігіне сыймайтын, түсіне де кірмейтін кісәпір дауыспен күлдір-күлдір еттіңіз-ау!

Шал: Сосын?

Серкен: Не сосын? Сізге қосылып бүкіл ауылдың кемпірлері... ә-ә, тойыс, биелері кісінеді!

Шал: Әй, кісінегенімді өзім де білемін! Сосын?

Серкен: Сосын сол!

Шал: Содан кейін не?

Серкен: Не-е...?

Шал: Әлгі... қызды... былай... қысып, сүйдім бе?

Серкен (күледі): Оны мен қайдан білейін?

Шал: Білесің! Сен бәрін де білесің!

Серкен: Қазір, видикті қарай қояйын.

Шал: Не? Қайдағы видик?

Серкен: Кәдімгі видик (*соткасын көрсетеді*). Сапасы жақсы. Жеңгейге көрсетуге жарап жатыр. Тіпті, интернетке сап қойсам, қатып кетпей ме?

Шал: Әй, найсап, не оттап тұрсың?

Серкен: Оттап тұрғам жоқ, шоттап тұрмын! Болашақты хоттап тұрмын, өзегіңе от сап тұрмын! (*Шал шақыраяды*) Ойнаймын, ағасы, ойнасам да күні-түні сізді қалай сыйлауды ойлаймын, ағасы!

Шал: Маған сыйдың керегі жоқ! Мені сүю керек!

Серкен: Сүйеміз сізді, ағасы, сүйгенде қандай сүйеміз!

Шал: Сүйгендерің сол ма? Сұлатып салып, сілейтіп тастап кетіпсіңдер.

Серкен: Ағасы, өзіңіз де қызықсыз... Сүйгеннің жөні осы деп бір көргеннен сүліктей жабыса кетпейді ғой дені сау қыз. Басында бұлданып, түлкі бұлаңға салып, жігітті әуре-сарсаң етпей ме біраз? Әлде, арудың әзіліне ә дегеннен әлсіреп қалдыңыз ба? Бастамай жатып болдырып қалсаңыз, бармай-ақ қойыңыз! (*Шал оқыранып, еңсесін тіктеп, басын кегжситеді*): Е, бәсе, онда бүгін кешке Қызбала сізді өз пәтерінде күтеді!

Шал (толқып): Рас па, Серкенжан? Тек ойнадым демеші, рас деші!

Серкен: Рас, рас айтамын, ағасы.

Шал: Ал, оның пәтерін қайдан табамын?

Серкен: Қам жеменіз, ағасы, өзім жеткізіп тастаймын. Тек бір кішкене кілтипан болып тұрғаны...

Шал: Күлбілтелемей, айт қане! Кез келген кілтипанның кілтін табуға дайынмын!

Серкен: Қыздың көңілін аулау үшін өте бағалы сыйлық керек!

Шал: Болсын. Өзің айта ғой, не бергенім жөн болады?

Серкен: Бергенде...

Шал: Әлде, алтын сырға салайын ба?

Серкен: Асқар таудай басыңыз бар, ақсақалды жасыңыз бар, Алашқа аян атыңыз бар... Ұсақ-түйек сырға-мырға, жүзік-мүзік сізге жараспайды. Қызды бірден есінен тандырып, талдырып түсу үшін, «Тойота» тарту етіңіз!

Шал: Тай, тай... тойыс, Тойота?! (*Шыр айналып, шайқалаңдап*): Хай-хай-хай! Тойотаң тым көптеу емес пе? Тайрандаған тоқалға тай да жарап жатыр ғой!

Серкен: Онда арзандауын тауып аларсыз. Ал бұл – облыс аруы! Бүкіл бір елдің ең сұлуы Қызбала! Мұндай қыздардың көңілін табу үшін тіпті жас дөкейлердің өзі үй береді... күй береді.

Шал: Ойбай, менде ондай күй жоқ қой. Сен бірдеме ғып үйлестіріп жіберсеңші. Бұйтсек қайтеді... Ана сенің маған берген атыңды осы қыздың жолына атасам, қатып кетпей ме?

Серкен (Кекесін аралас күліп): Кер-ре-мет! Не деген тапқырлық! Бірақ, ол қыз бір атқа алдана қойса...

Шал: Үстіне бір айлық жалақымды қосып берейін!

Серкен: Уо! Онда бәлкім оң жамбасқа кеп қалар.

Шал: Ақшаны бірден қолына ұстата салайын ба, кетерде қалдырып кетейін бе?

Серкен: \ ойша өз пайдасын есептеп жіберіп:\ Былай болсын, ағасы. Әуелі, мен сіздің атыңыздан, алдын ала, кешегінің ат-шапан айыбын атап қояйын. Жол ашып, жобаға келтіріп дегендей. Онда сіз менен кейін ештеме дәметпейтін болыңыз! Келістік пе?

Шал: Иә, уәде! (*Екеуі қол алысады*).

Серкен: Ал ақшаны... өзіңіз... ептеп ретін келтірерсіз!

Шал: Ма-ма-мақұл!

Серкен: Келіңіз, сол үшін ап қояйық. Мұзға барсаң, бұзып бар, қызға барсаң, қызып бар! (*Шал қалбалақтап, қағып салады*).

71 – Көрініс. Ақша мен махаббат.

Театрда. Қызбаланың гримеркасында.

Қызбала гримеркасында рөлдің – Дездемонаның сөзін пысықтап отыр. Қолында үлкен гүл шоғы бар Айбатша келеді.

Айбатша: Сәлеметсіз бе?

Қызбала: (таңдана) Сәлеметсіз бе!

Айбатша қолындағы үлкен гүл шоғын ерекше бір сәнді қимылмен, шетелдіктер сияқты реверанс жасап қызға ұсынады. Қызбала оны қазақы сабырмен, жымпып қабыл алады.

Айбатша (французша прононсқа еліктеп, ептеп мұрнынан сөйлеп): О-о, мадьмазель... мисс... Гыз-з-бала Джаркунбекова! Сізбен кездесу мен үшін аса биік мәртебе! Танысып қоялық, мен мистер планеты, мировой миллионер Ай-й-бат-ша Бай-й-батшаевпын! Сіздің арулық атақ-даңқыңызды естіп, суретіңізді көріп, сұлулығыңызға естен тана ғашық болған бейбақтардың бірі хәм бірегейімін! А-а, бірақ, сіз мен күткеннен де асып түстіңіз! Сіз өмірде суреттегіден де сұлу екенсіз, өйткені сіздің жан шуағыңыз айналаңызды нұрландырып, жылылық беріп тұрады екен! Менің ет-жүрегім елжіреп, бойым балқып, сіздің алдыңызға бүкіл бар-болмысыммен, бар байлығыммен, мыңғырған малыммен, миллиондарыммен құладым! Қабыл алыңыз, амалы құрыған құрбандығыңызды! *(Театралыно тізерлеп, басын төмен салып, үнсіз қатып қалады. Қызбала мұның бәрін қызық көріп, күле қарайды. Біраз күтіп, дыбыс болмаған соң Айбатша ақырын басын көтереді).* Байғұс ғашығыңызды басынан сипап, тірілтіп алсаңыз да, бетінен қағып, өлтіре салсаңыз да еркіңіз!

Қызбала: Босқа әуре болмаңыз, ағай. Менің сүйген жігітім бар!

Айбатша (атып тұрып): Болса қайтейік? Кім ол менің жанымда? Түк те емес! Оны сүйкеп жіберсек, мүлдем сүймейтін боп кетеді! *(Әрлі-берлі адымдап жүріп).* Көрсетші менің көзіме, қалтасын көк қағазға толтырып, Колымаға көшіріп жіберейін!

Қызбала: Қолыңыздан келсе, Колымаға екеумізді қосып жіберіңіз! Махаббатқа Магадан да, Мадагаскар да мадақ айтады!

Айбатша: Жә! Шалықтамай, жерге түсейік! Қазіргі қыздардың арманы не? Қане, білсең, айта қойшы?

Қызбала: Адамда, әсіресе, қыздарда арман көп қой...

Айбатша: Сіз өйтіп жалтармаңыз! Ал мен білемін қыздардың арманын... Қыздардың басты арманы – ақшасы көп жақсы байға тию! Ал, жақсы бай дегеніміз – мына біз сияқты асыл тұқым, мықты жігіттер! Сіз сияқты сұлу қыздар біз сияқты мықты жігіттерге тиіп, асыл текті балаларды көптеп тауып, халқымыздың санын көбейтіп, сапасын көтеруге міндетті!

Сондықтан, айтқаныма көніңіз, қолыңызды беріңіз, етегімнен қа-а-тып ұстап, соңымнан еріңіз, тоқетері, маған тоқал болыңыз!

Қызбала: Кешіріңіз, ағай, көлденең көк аттыға еріп кете беретін мені кім деп тұрсыз? Қыздың жаны – құпия, оның жүрек кілтін

таппасаңыз, күшпен аша алмайсыз!

Айбатша: Дұрыс айтасыз... қыз жүрегінің кілтін табу керек дегеніңіз өте дұрыс. Ал, «кеудесі жақсылардың – алтын сандық» емес пе? Демек, алтын сандықты ашу үшін ал-л-ты-ынн кілт керек екен! Міне, сол алтын кілтіңіз алдыңызда... жо-жоқ, қолыңызда тұр!

Қызбала: Таппадыңыз! Қыз жүрегінің кілті – ақша да емес, басқа да емес, махаббат! Тек қана махаббат!

Айбатша: Жасасын махаббат! Ал, миллионердің махаббаты басқалардың махаббатынан миллион есе артық! Сол махаббатым жүрегіме сыймаған соң, өзіңізді іздеп келіп, ешкімге иілмейтін басымды иіп, алдыңызда кіріптар пенде болып тұрған жоқпын ба?

Қызбала: Ағай, сізде бізге деген махаббат болғанымен, бізде сізге деген махаббат жоқ!

Айбатша: Ақша болса, махаббат қайда кетер дейсің... Жата-жастана бола береді ғой...

Қызбала: Ғашықтық пен ақша – екі басқа нәрсе. Көбінесе, үйлесім таппай, бір-біріне қайшы келіп жатады!

Айбатша: Бірақ, бәрібір ақшасыз махаббат – махаббат емес, мазақ қой, көрген күні азап қой!

Қызбала: Қателесесіз! Сүйген жармен қоңыр үйде кешкен ғұмыр ғажап қой, махаббатсыз алтын сарай да тозақ қой!

Айбатша: Жә, ділмарсыма, дегдар қыз! Тоқ етері, маған тисең, жағдайыңды жүз есе жақсартып, ен байлықтың айдынында жүздіремін!

Қызбала: Ниетіңізге рахмет, ағай. Бірақ, бұл өмірде сатылмайтын да нәрселер бар екенін білетін шығарсыз?

Айбатша: Жоқ, білмеймін! Білгім де келмейді! Менің білетінім – бұл өмірде бәрі де сатылады, бәрін де сатып алуға болады! Тек бағасы ғана әр түрлі демесеңіз...

Қызбала (шамданып, қатқыл): Ағай, ар-намысын бәрінен де жоғары қоятын қыздар әлі де бар! Есіңізде болсын, адамның шын пейілін ешқашан да сатып та, тартып та ала алмайсыз!

Айбатша: Алғанда қандай... еше как аламыз... асықпа, қалқам...

Қызбала: Кешіріңіз, ал, жақсы, сау болыңыз! Қазір менің бірге тұратын құрбым келіп қалса, ыңғайсыз болады!

Айбатша: Құрбым-сұрбым, ырбың-дырдың! Міне, менің визиткам! (*Визиткасын береді*). Үш сағаттың ішінде маған збандап, құдаларды қайда жіберетінімді айтатын бол! Әйтпесе... (*Түсін суыта беріп, жымыйп*) Сені маған алып келеді... иә... жақсылықпен көріскенше! (*Кетеді. Қызбала басын шайқап қала береді*).

72 – Көрініс. Әртістермен ойнама!

Гримеркада. Әйткен келеді.

Әйткен: Қалайсың, облыс аруы?

Қызбала: Айтпашы олай деп...

Әйткен: Не деп?

Қызбала: Облыс аруы деп... Қайдан барып едім сол конкурсқа?

Әйткен: Сен шынымен өкініп жүрсің бе? Ойбай-ау, ол дегенің, мисс дегенің қыздардың арманы емес пе?

Қызбала: Адырам қалсын арман болмай! Жарнама да жынды қылды күні-түні! Құрбыларым да қыздырмалап... ақыры қалай барып қалғанымды байқамай да қалдым! (*Мұңайып*) Әттең, әжем болғанда ғой! (*Серкен де үндемей қалады*). Әжем жібермес еді мені! Мен әжемнің бауырында өскен қызбын. Ол кісі имандылық жолына, қазақы әдептілікке баулыды мені! Ал мына ару-сару деген конкурстары әдептіліктен де, имандылықтан да жұрдай, жартылай жалаңаш, сайтани нәрсе екеніне көзім әбден жетті!

Әйткен: Қой, қатты кетпе олай! Заманның ағымы солай! Барлық қыздан әдемісің, артықсың, арусың деген атақ жаман ба?

Қызбала: Бәлеге қалдым әбден. Тіпті дамыл бермейді.

Әйткен: Кім?

Қызбала: Кім болушы еді... Еркектер дағы. Анау да збандайды, мынау да збандайды. Жұмысқа, үйге іздеп келеді. Танитыны бар, танымайтыны бар, жасы бар, жасамысы бар, суретке түсеміз, интервью аламыз, кездесуге шақырамыз деп сылтауратып бағады. Бетіне күле қарасаң болды, жабыса кете жаздайды. Сұлулық – халықтыкі, сондықтан сен біздің бәрімізге тиесілісің дейді біреуі тіпті беті бүлк етпей! Әбден шаршап біттім! Әуелде қызық көрініп еді, енді ойлағым да келмейді. Қайтып алса ризамын. Атам қазақтың салтында жоқ сондай конкурстарды кім ойлап шығарды екен? Қыз байғұстардың соруы ғой! Әуелі, сол атаққа жетсем екен деп жанталасады. Жеткені жеңдім деп масаттанса, қалғандары оны көре алмай іштері күйіп бітеді. Тып-тыныш елді дүрліктіріп, тату-тәтті құрбыларды дүрдеараз қылған алдамшы атақта не мән, мағына бар?! Әр адам, әсіресе әйел заты өзінше қайталанбас сұлу, өз орнында әдемі емес пе?!

Әйткен (сүйсініп): Өзің керемет философ екенсің ғой!

Қызбала: Бірақ, өмір оған қарайтын емес. Ал, жеттің (*кекесінмен*) ең-ң сұ-ұ-лу – ең-ең-еңсұ-ұ-лу деген атаққа! Қане шыққан мүйізің?!

Көздің құрты болып, көрінгеннің көңілін бұзғанда мұратың ғасыл болды ма? Әйелдердің өзі, танитыны бар, танымайтыны бар, облыс аруы десе бітті, көздерімен ішіп-жеп, бір жеріңнен мін тауып, *(кекесінді кексе дауыспен)* «әй, ару деп жүргендерің мынау ма, адырам қалғыр? Ән жері әндәй екен, мін жері міндәй екен... қуыршақ құсап қылтиған, мойны қылқиған, бұты тылтиған неменің нәрмәлни қыздардан несі артық? – деп, жайдан-жай нервіңе ойнап, сан-саққа жүгіртіп, жаныңды жеп қояды.

Әйткен: Е-е, көре алмағасын айта береді. Қарап жүргенше, жұрттың ішін күйдіріп жүрген жақсы емес пе?

Қызбала: Несі жақсы дейсің? Сол өртке шарпылып, жаның жай таппай, күйіп-жана берсең, күндердің күнінде күлге айналып кетуің оп-оңай емес пе? *(Жеңіл күрсініп):* Тіпті біреулер тіке шабуылға шығып, бір түнде алып қашамыз деп жүр. Содан зәрем жоқ!

Әйткен: Саспа, мен айласын табамын олардың! Тек қана маған бәрін айтып берсең болды!

Қызбала: Иә, әрине! \ әзілмен қағытып:\ Адам досынан сыр жасыра ма? Ал біз өмірлік дос емеспіз бе?!

Әйткен: \ қысыла күліп:\ Иә...о не дегенің...дос болғанда қандай!

Қызбаланың иығынан өзімсіне қағады. Қыз оған ойлана, мұңая қарайды.

Қызбала: \ Серпіліп, ширығып, өзін-өзі қолға алып:\ Соңғы кезде бірер кісілер шындап мазамды алып жүр. Тіпті, қатты кететін түрлері бар. Сен өзің ара түспесең, жағдай ушығып барады.

Әйткен: \ көзі жанып, қаны қызып:\ Ах, солай ма? Ал, айтшы қане, кім олар? Қайдан келді? Аты, жөні, пәмиләсі, мекен-жайы, жұмысы... бәрін менің алақаныма сал да, қызығыма қарап тұр!

Қызбала: \ оған қызыға бір қарап, әңгімесін бастайды. \ Әуелі бір шал \ сылқылдап күледі.\ келіпті...Қалпағын қолына ұстап қалтырап, басының жалтыры, балағынан балтыры жалтырап...Облыс аруына ғашықпын дейді. Ой, бір комедия! Одан кейін байшыкеш біреу... Ұзын бойлы, келбетті кісі. Бұл өте қауіпті болып көрінді маған! Алған бетінен қайтпайтын қаһарман сияқты! Маған тисең, табаныңа доллар төсеп, төбеңнен теңге жаудырамын дейді.

Әйткен: Сен не дедің?

Қызбала: \ Ойнақыланып, Әйткеннің жанды жеріне тигізу үшін:\ Не деуім керек еді сеніңше? Әрине, тиемін дедім!

Әйткен: \ сәл қызғанып.\ Сонда не, бір көргеннен сүйе қалдың ба?

Қызбала:\ Ойнақыланып.\ Сүйдім бе, сүймедім бе, оның саған

қажеті қанша? Саған енді бәрібір емес пе? Біз доспыз ғой...Ал, шын достар бір-біріне тілектес болмай ма? Махаббатын тауып, бақытты болып жатса қуанбай ма?

Әйткен: \ шамданса да, әзілге бұрып.\ Әй, қойшы, әй! Қайдағы махаббат? Ақшасына қызыққан шығарсың?

Қызбала: \қасақана:\ Қызықпағанда ше! Қазір кім қызықпайды ағыл-тегіл, тегін ақшаға! Театрдың титімдей айлығына кіріптар болып, қиналып жүргенде, бір ақ боз атты ханзада көктен түсе қалып, төбеңнен теңге жаудырамын десе, қалай бас тартарсың одан! Бір сәт көзіңе елестетші, төбеңнен жалпақ-жалпақ теңгелер жапырақтай жалпылдап, төгіліп жатса, төгіліп жатса...

Әйткен:\ Қызбаланып:\ Жә! Сонымен...тоқ етерін айтшы өзің, езе бермей! Сөз беріп, уәделесіп қойдың ба?

Қызбала: \рахаттанып:\ Уәделеспесек те жақын қалдық! \ күліп:\ Жарайды, ойнап айтам! Жаның қатты ашиды екен маған, нағыз дос екенің көрініп тұр! \ сабырмен, шынына көшіп:\ Ал,шынына келсек, байбатшаның сөзі өктем! Көнбесең, өз еркінмен келмесең, алып қашамын деді! Дәлірек айтқанда, маған сені әкеліп береді деді! Соған қарағанда, біреулерді жалдап, жұмсайды-ау деп қорқамын!

Әйткен: \ қаны қызып, арқаланып:\ Ах, солай де! Оны көрерміз әлі! Әртістермен ойнағанның қалай болатынын көрсетерміз, бәлем! Әдрісін, әдрісін әкел бері!

Қызбала: \ Айбатшаның визиткасын береді.\ Міне! Дегеніме көнсеніз, звондаңыз деп, гүлмен бірге берген!

Әйткен: \ Визитканы алып, қарап жатып:\ А-а, гүл берді ме саған ғашығыңыз? Сен оны алдың ба?

Қызбала: Алмағанда, лақтырып тастаймын ба? Гүл болғанда қандай –керемет букет!

Әйткен: \ кәдімгідей қитығып қалса, сыр бермей, қиялданып:\ Тұра тұр, бәлем! Гүліңді – күлкі, күлкіңді күл қылармын!

Қызбала: \ ішінен рахаттанып, бірақ сыр бермей:\ Тек байқа, ашумен бірдемені бүлдіріп алма!

Әйткен: \ арғы жағындағы қыжсылын қалжыңға айналдырып:\ \ Әлден жаның ашып бара ма байбатшаңа? Онша бүлдірмеймін, тек аузын артына, мұрнын мұртына қаратамын!

Қызбала: \ Шындап кірісіп:\ Тоқта, тоқта, тұра тұр! Оны ақыл, айламен қатырып, қайтып мазамызды алмайтындай қылайық! Менде бір керемет ид – дея бар!

Осы кезде есік сарт ашылып, Тоты-Тотаня кіріп келеді.

Тоты: \ Самбырлап сөйлей келеді:\ Ол қандай ид-дея? Қане, мен де білгім келеді. Жоқ әлде маған білуге болмай ма? Екі ғашықтың құпиясы ма? Ал, менің білгім келіп бара жатса ше? Қызық, адамдар неге құпия атаулыны білуге құмар болады екен?

Қызбала: Бір қызығы, құпияны білгенше құмартып, өліп кете жаздайды да, білген бойда: Өй, қойшы, осы ма сол құпияларың? – деп, мұрнын шүйіріп шыға келеді!

Тоты: Жоқ, мен мұрнымды шүйірмеймін. Мен шынымен білгім келіп тұр ид-деяларыңды! Дос болсаңдар, айтыңдар!

Қызбала: \ Әйткенге қарап:\ Айтамыз ба?

Әйткен: Айтуға бола ма өзі? Сыр сақтай аласың ба Тотаня? Тағы да интернетке шығарып, жұртты шулатпайсың ба?

Тоты: Жо-жоқ, ондайым жоқ! Қойдым ондайды біржола!

Қызбала: \ жылы шыраймен:\ Бұған сенің де қатысың бар! Тіпті, көмегің де керек болуы мүмкін!

Тоты: \қуанып, шабыттанып:\ Керемет! Мен сенен қолымнан келгенін аямаймын! Тек тезірек айтыңдаршы...кісінің төзімін тауыспай...

Қызбала: Әңгіме былай, достар...\ Әйткенге қарап қояды да, сөзін бастайды.\ Айбатша мені алып қашпақшы болып, шындап белін бұған сияқты. Бұл бір үлкен қауіп болып төніп тұр! Сондықтан, айламен құтылмасақ болмайды-ау!

Әйткен мен Тоты оның аузына қарап қалған.

73 – Көрініс. Қыздың қылымсуы.

Гримеркада. Тоты Айбатшаға звондайды.

Тоты: Сәлеметсіз бе? Бұл мировой миллионер, мистер планеты Айбатша Байбатшаев мырза ма екен? Сізді мазалап тұрған – өзіңіз ғашық болған мисс мира, үздік әртіс Қызбала Жарқынбекованың жақын құрбысы! Жоқ, біз сізбен таныс емеспіз. Бәлкім, алдағы уақытта танысып, көрісіп, білісе жатармыз! Ал қазір мен сізге Қызбала құрбымның өтінішімен звондап тұрмын. Телефоныңызды да сол берді. Иә, әңгіме былай, Айбатша мырза! Ару сіздің айтқаныңызға көнетін түрі бар! Бірақ...қыздарды білесіз...және өзі үздік әртіс, ару болса...бірден жалп етіп түсе қалмайды ғой. Сондықтан, маған ақырын ғана емеурін білдірді...Ал мен оны сізге жеткізіп отырмын. Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді дейді ғой. Еңбегіміздің ырымын атарсыз өзіңіз...иә... кейін, кейін оның бәрі. Ал қазір қызды басқа бір

ғашықтары қағып кетпей тұрғанда, тезірек қолға қондыруды ойлаңыз. Ол үшін, өзіңіз айтқандай, алып қашу керек! Басқа амал жоқ! Ару сізге өз аяғымен бармайды ғой... Саспаңыз, ешқандай айғай-шу, зәкөн-пәкөн деген болмайды. Енді, қыз болғасын кішкене былай бұлданып, ептеп жынданып, ырымын жасап бақырып, шақырған болады да, артынан басылады! Оны маған өзі де, ашып айтпаса да, сездіріп отыр. Кешеден бері әңгімесі тек қана сіз туралы! Алып қашамын деп пе едіңіз? Е-е, бәсе, соны қайта – қайта айта береді. Ендеше, сөзіңізде тұрып, сенімді жігіттерді жіберіп, алып қашыңыз! А-а, ондаймен айналысып көрген жоқ па едіңіз бұрын? Кәсіби мамандарыңыз жоқ па? Саспаңыз... Іске мығым, аузына ие болатын, сыр сақтайтын, сертке берік батырдың тұқымдары тұрады осы маңайда. Олардың негізгі кәсібі де қыз алып қашып, ғашықтарды қосу! Ақысын келісіп, кішкене артықтау төлесеніз, қандай асау қызды тырп еткізбей үйіңізге кіргізеді де береді! Ар жағы өз қолыңызда! Менің де үлесімді ұмытпаңыз... Және бұл жерде кішкене бір есебім де бар. Қызбала екеуміз бір пәтерде тұрамыз ғой... Енді оны ақырын сізге қарай ұзатып жіберсем, өзімнің бір сіңліме орын босайын деп тұр! Міне, ид-дея деген осы! Бұдан артық ойыңыз бар ма? А, жақсы, жоқ болса, тезірек жетіңіз де, жігіттермен жолығып, бір-екі күнде бітіріңіз бәрін! А, бүгін жетем дейсіз бе? Тіпті жақсы, сіз тез шешім қабылдап, кесіп түсетін нағыз іскер кісі екенсіз! Онда жақсы, мен әлгі батырларға ескертіп қояйын. Әдірісін өзім тауып беремін. Тек қана мен айтты деменіз! Жақсы, жақсы, жолыққанша, мырза! \ *телефонын сөндіріп, қиялға беріліп, армандап:* \ Ай, ай, батша, Айбатша Бай-йбатшаев!

74 – Көрініс. Аңғал, Саңғал, Доңғал.

Әйткен, Басқар мен Асқар үшеуі облыс орталығының жұмыссыз, жұпыны киінген үш жігіті болып киініп, Қызбаланың пәтерінің маңындағы аласа, ескі үйлердің бірінің ауласында, бір қалтарыста қарт ойнап, шарап ішіп отыр. Қолдарында бір-бір қарт қалған, шамасы, соңғы, шешуші жүріс.

Асқар: (шарабын ішіп болып): Ух! Енді тірілейін дедім ғой...

Басқар: Тірілсең, жүр енді!

Әйткен: Ұр, қане! Не бел кетер, не белдік кетер!

Асқар: Нартәуекел! Міне кәрөл! *(Қолындағы жалғыз қартты құлаштап ұрады жерге)*. Кәрөл деген Құжжж, Көкке ұмтылған құззз!

Әйткен (қартын көтеріп, бірақ баспай тұрады. Аңғалдың

бетіне ыржалаңдап қарайды. Аңғал мен Саңғал да не болар екен деп, құмартып отыр): Ұрған кезде тұззз! Кәрөл болар мыжжж, мыжжж, мыжжж!

Асқар (қауіптенсе де, қайраттанып): Кәрөл деген патша!

Әйткен (қартын көтеріп, құлаштап ұрады): Тұз дегенің ақша!

Асқар күйініп, сенделіп қалады. Басқар қартына қарауға дәті бармай, күйбеңдеп отыра береді.

Осы кезде алыстан, ағаштардың арасынан Тоты көрінеді. Оның жанындағы Айбатша жігіттерге мойнын соза қарайды. Тоты қолымен үшеуін көрсетіп, өзі ақырын тасаға кетіп қалады. Айбатша жігіттерді бақылап тұрады.

Асқар (Басқарға үміттеніп қарап): Бол енді, таста қартыңды!

Басқар (қартын сығалап қарап): Ой, әкеңнің... алтылық...! (Қартын лақтыра салады).

Асқар (қуанып): Алтылық! Алтылық! Бар да алып кел жартылық!

Басқар созалаңдап тұра бергенде, Айбатша сөйлей келеді.

Айбатша: Алтылық пен жартылықтың арасында алқынып жүресіңдер ме өстіп өмір бойы!? Қарт соққаннан жалықпайсыңдар ма осы?

Жігіттер оған жалт қарайды.

Асқар: Сонда нені соғамыз?

Әйткен: Сені соғамыз ба?

Басқар: Жұмыс жоқ, қол бос, уақыт пішен! Бізге неғыл дейсіңдер енді?!

Айбатша: Неғылғанда... бір үлкен жұмыс бар! Ал, жігіттер, менің сөзімді жерге тастамай, кездесуге келгендеріңе рахмет! Әуелі танысып қояйық. Мен – мистер планеты, мировой миллионер Айбатша Байбатшаевпын!

Әйткен (еңсесін тіктеп, кеудесін кере ортаға шығып): Менің атым – Доңғал! Доғалаң батырдың ұрпағымын! Ғылым жүзінде айтқанда, асыл тұқымбыз! Мына жігіттер де оңай емес (екі қолын екі жаққа кезек-кезек кең жазып, құрметпен) Аңғал! Саңғал! Бұлардың да аталары менің атам Доғалаң батырдың үзеңгілес серігі болған. Аңғалдың атасы менің атамның атын баптаған! Саңғалдың атасы найзасын саптаған!

Айбатша. Әй, ер Доңғал, ер Доңғал, бізді де байқап көр, Доңғал! Аңғалдың атасы ат баптаған, Саңғалдың атасы найза саптаған, Доңғалдың атасы жауды таптаған! Солай ма?

Әйткен. Солай!

Басқар: Әрине, солай!

Асқар: Солай болмағанда қалай?!

Айбатша. Ал, сонда Айбатшаның атасы ай қараған ба, ә? Ал, білсеңдер айтыңдаршы, қане, қайда болған менің атам? (*Үшеуі үндей алмай, бөгеліп қалады*). Білмесендер, бетімен сөйлемендер. Менің атам сендердің аталарыңды алға бастаған! Сондықтан, нағыз асыл тұқым – мына менмін!

Әйткен: Немене? Сонда біз кімбіз, ә?

Айбатша. Кім болсаң о бол, менің жұмысым жоқ. Бірақ, мен тұрғанда асыл тұқыммын деп айтушы болма, ұят болады.

Әйткен: Әй, қарынбай, не оттап тұрсың өзің? Даусынан дүрбіт үркіп, жоңғар сасқан, торғауыт толқып, қалмақ қашқан дулығалы Доғалаң батырдың дойман тұқымы Доңғал палуан тұрғанда, саған қайдағы асылдық?

Айбатша. Жарайды, осы ауылдың, тіпті аймақтың асылы сен бола ғой. Ал мен бүкіл адамзаттың ішіндегі ең... ең... ең асыл тұқыммын! Ұқтың ба?

Әйткен: Әй, жақсылықпен доғар енді! Доғармасаң, мен, Доғалаң батырдың тұқымы Доңғал палуан, дал-дал қыламын сендей далбайды! Айтпақшы, асыл тұқымдардың қаны көк болады деуші еді ғой, қорқыратып ағызып, қолымды малып көрейін бе әлде? (*Айбатшаның қарынан ұстап, мытып-мытып қояды*).

Айбатша (*ауырсынса да, қалжыңға бұрып*): Жә, жә, батыр, әзіл ғой, ойнап айтам. Бәріміздің де аталарымыз осал емес екен, ендеше, ойынды қойып, іске көшейік! (*Журналды алып шығып, Меңсұлудың суретін көрсетеді*). Батырдың тұқымы екендерің рас болса, маған мына қызды алып қашып беріңдер! Алып қашып берсеңдер, жер жүзіне жар саламын. Аталарыңды да, өздеріңді де жарнамалап, осындай ерлер даламызда әлі де бар екенін айдай әлемге әйгілеймін!

Асқар: Айтсаңыз болды!

Басқар: Аламыз да қашамыз!

Әйткен: Қызбен уағдаңыз бар ма еді?

Айбатша: Қандай уағда?

Әйткен: Енді былай... алысқан қол, айтылған серт...

Басқар: Жүрек сезімі дегендей.

Асқар: Қазіргіше айтқанда, киска-миска, котик-мотик...

Айбатша: Жоқ! Тіпті, мен ол қызбен жаңа ғана таныстым! (*Жігіттер жарыса «а-а!» деседі*).

Әйткен: Онда қалай алып қашпақсың?

Айбатша. Кәдімгідей! Ата-бабаларымыздың салты бойынша!

Әйткен: Ата салты дегенің жақсы, әрине. Бірақ, жаңа танысқан қызды алып қашу обал емес пе?

Айбатша: Байсыз жүрген қызға бай болсақ, оның несі обал? Қайта сауап емес пе?

Асқар: Алда-жалда оңбаған қыз болып шықса, опық жеп қалмайсың ба?

Айбатша. Да ну... Әзер болса, тастай саламыз. Сендер алып қашып берсеңдер болды, ар жағын өзім білем.

Басқар: Бірақ, еріксіз қыз алып қашу – заңға қайшы!

Айбатша. Міне, сендерге заң! Міне сендерге қайшы! *(Бір уыс доллар алып шығады).* Мен аламын деген соң, бітті, аламын. Сатып аламын, тартып аламын, әйтеуір аламын. Алғым келген нәрсені алмай қоймаймын! Мә! *(Жігіттерге бірнеше жүз доллардан ұстатады).* Бұл аванс! Баланс кейін болады! *(Жігіттердің естері шығып, долларды айналдыра қарай бастайды. Айбатша кете береді).* Асыл тұқымдар... тасыр тұқымдар... жасыл тұқымдар...

75 – Көрініс. Қыздың иісі.

Қызбаланың үйінің маңы.

Серкен шалды алып келіп, Қызбаланың пәтерін нұсқап қоя береді. Шал қисалаңдап, бұқпантайлап үйге келеді. Толқып тұрады. Тәуекелге басады. Қараңғыда үйге кіреді. Соткасымен жарық түсіріп, ұрлана басып, жан-жағына қарайды. «Қызбала! Қызбалажан!» – дейді үздігіп. Жауап жоқ. Қыздың төсегін сипалайды. Ешкім жоқ. Қыздың төсегіне отырады. Төсекті қолымен сипап, қисайып жатып, жастығын иіскейді.

Шал: У-ух! А-а-а! Апырмай, қайда жүр екен? Жас жігіттермен қыдырып кетті-ау, ә! Ешкімге сүйгізіп қоймаса жарар еді! Әй, әй, әттең-ай, әттең, ішім күйіп барады, ішім күйіп! Қап, қайтейін енді! *(Қыздың жастығын жұмарлай құшақтаған күйі ұйықтап қалады).*

76 – Көрініс. Торуылдау.

Әйткен, Асқар, Басқар үшеуі қараңғыда ақырын басып, шу шығармай Қызбаланың пәтеріне келеді.

77 – Көрініс. Қыз ұрлау.

Қызбаланың үйінің маңы.

Үш әртіс құлақтарын төсеп, тыңдап, сақтанып, үлкен қапты ыңғайлап, ақырын есікті ашып үйге кіреді.

Ал осы кезде жүрісі күдікті үшеуін Серкен алыстау бір үйдің бұрышында, ағаштың тасасында тығылып тұрып, ақырын бақылайды.

Бір кезде әлгі үшеуі үйден қапқа салынған бірдемені көтеріп шығады.

Қапта жан жоқ, қозғалмайды.

Үш жігіт она иықтарына салып алып, бір жаққа қарай тартады.

Серкен әлденені сезгендей, зәресі ұшады.

Ақырын басып, үшеуінің соңынан тартады.

Жан-жағына жалтақтай қарап, жасырынып, бұқпантайлап, үш батырды аңдып келе жатыр.

Үшеуі келесі кішкентай көшенің бір қалтарысында тұрған машиналарына келіп, қапты багажникке домалата салады.

Қапта дыбыс жоқ.

Үшеуі машинаға отырып, жүруге ыңғайланады.

Серкен машинаның номерін ақырын соткасына түсіріп алады.

Жүгіре басып келіп, багажникті ашып, ішіне жата қалады.

Машина ақырын қозғалып, жүріп кетеді.

78 – Көрініс. Қап.

Машина таяу маңдағы Айбатшаның үйіне тез-ақ жетіп келеді.

Үш әртіс машинадан түсіп, багажникті ашады.

Қапты алып шығады. Қапта дыбыс жоқ, қимыл жоқ.

Әйткен, Асқар, Басқар үшеуі екі қаптан қосып жасаған үлкен қапты көтеріп, Айбатшаның үйіне алып кіреді.

Олар үйге кіріп кеткенде, Серкен багажникті ішінен ашып, сыртқа шығып, бір ағаштың тасасында жасырынып, бақылап тұрады.

79 – Көрініс. Қаптан шыққан қария.

Айбатшаның үйі. Үлкен, зәулім коттедж. Байлыққа малынған, кең, жарық үйдің залында, жұмсақ креслода Айбатша отыр. Баяғының байбатшалры сияқты жақсы, сәнді киінген. Қолында телефон,

әлсін -әлсін звондап, хат жазып, зың-ң етіп келген хаттарды асыға, әуестене оқып, мазасызданып отыр. Әріректе, бұрышқа қарай, кемпір мен Теңге диванға жайғасқан. Екеуінде де үн жоқ, бірақ түрлерінен әлденені күтіп, әуестеніп отырғандары да байқалады. Әрең шыдап, сөйлеуге Айбатшадан қорқып, әлсін-әлсін телефондарын шұқылап қояды.

Бір кезде дүрсілдетіп біреулер кіріп келеді. Отырғандар ұшып тұрып, әбігерленіп, безектеп қалады.

Бастарына қара перде киген үш жігіт үлкен қапты көтеріп әкеліп, алдына тастай салғанда, Айбатшаның есі шығып, қапқа біресе жақындап, біресе алыстап, толқып жүреді. Қапта үн жоқ, тырп етпейді.

Айбатшамен бірге күтініп, дайын отырған кемпір мен Теңге ақырын қапқа жақындайды. Кемпірдің қолында шашу, жеңгейдің қолында орамал.

Жігіттер әуестене қарап тұр. Айбатша дірілдеп, ақырын қапты ашады. Дыбыс жоқ. Сопаң етіп мас шал шыға келеді.

Кемпір «көөөтеек!» деп, сасқанынан шашуды шалға шашады. Есі шыққан Теңге «Ибәй, бетім ай!» деп шалдың басына орамалды сала салады. Шегініп, бір айналып шығып: «Ойбай! Ойбай! Масқара-ай!» – деп, әуестене қарап тұрады.

Барлығы аң-таң.

Бұлар шошынып тұрғанда ұйқыдағы масаң шал оянып, басын көтереді. Тізерлеп отырады.

Асқар (қос қолын беріп): Ассалаумағалейкүм, ата!

Шал: Әлікс... (Қолын ұстап тұрып) Мен қайдамын, қарағым?

Асқар: Сіз атақты кәсіпкер Айбатша Байбатшаевтың үйіндесіз. (Айбатша Асқарға «қап, айтпа», дегендей белгі беріп, безек-безек етеді).

Шал: Мен мұнда неғып жүрмін?

Басқар (Айбатшаға бір, шалға бір қарап, ыржыңдап): Мына Айбатшаға қатын керек болып... сізді алып қашып келдік! (Шалдың көзі бақырайып, дымы шықпай қалады. Басқалары да сілейіп қалған).

Шал: Әй, шырағым, байекең мені қайтеді шандыр-шандыр ғып? Жасырақ біреуді тауып алмай ма? (Мастығынан әлі айықпаған шал шынымен қорқып, тізесімен жылжып, жалына бастайды). Әй, мен ондайға жоқпын, обалыма қалмаңдар! (Ышқынып) Бай-бай-ай, бай-бай, бай-бай-ай! Қартайғанда қатын боп қалғаным ба шынымен!? Қайдасың, Серкенжан! Құтқар, құтқар мені мына бәледен!

Орамалды жұлып алып, әйелдерге қарай умаждап лақтырады. Теңге лып еткізіп іліп алып, қалтасына тыға салады.

Басқар: Жоқ, сіз түсінбей қалдыңыз. Біз шатасып, сізді қыз екен деп, байқамай, қапқа бір-ақ тығып, алып қашыппыз ғой!

Шал: О, сорлы басым!

Айбатша: Ата, зарламаңызшы. Ың-шыңсыз алған жерімізге қайта апарып тастайық. *(Асқарға)* Мынаны қайдан әкеп жүрсіндер? Қыз қайда?

Асқар: Қайда екенін қайдам... Кеткен шығар тентіреп бір тентекпен... Түнде бардық қыздың қойнына... ә-ә, не... үйіне. Төсегінде жатыр екен, бас салдық та, қапқа тығып жіберіп, бір-ақ тарттық! Қыңқ етуге шамасы келген жоқ! Сөйтсек, қыздың орнында жатқан мынау екен!

Әйткен (шалға): Әй, аташка-әтешка, ана қыздың үйінде қайдан жүрсіз? Төсегінде жатқаныңыз қалай?

Басқар: Ах, бәлем! Аруға барған ардагер!

Шал: Ойбай, атай көрме, барғам жоқ, барғам жоқ ол қызға... Шатасып... адасып жүрмін дағы!

Айбатша: А-а, солай ма? Тоқта, тоқта, шал! Сен менің қалыңдығымның төсегінде не істеп жүрсің? Айт, қане, жаның барында! *(Жағасынан алып, қылқындырып қояды).*

Шал: Ойбай, дым да істегем жоқ! Қызды көрсем, көртышқан боп кетейін! Күте-күте көзім талды. Жастығын иіскеп жатып, қылжиып ұйықтап қалыппын.

Айбатша: А-а! Жап-жас қыздың жастығында не әкеңнің құны бар, әй, кәрі ит? Неге иіскейсің оны мына сасық мұрныңмен? *(Шалдың мұрнын бұрай ұстап, әрлі-берлі сүйрелеп жүреді. Шал тізесімен жылжиды).* Ол қыздың... менің меншігімнің жұпарын жұтуға кім рұқсат берді саған, ә! Танауыңды кестіріп, шалбарыңды шештіріп, жалаңбұт жіберейін бе, осы?

Шал: Ойбай, жаздым, жаңылдым, бір жолға кешіріңдер! Осыдан аман кетсем, кемпіріме жетсем, қайтып қыздың маңынан жүрмеуге мына ала қаппен ант етемін! Әгәрки, ендігәрі өзі түгілі, басқан ізіне жолап кетсем, қалған ғұмырым осы қаптың ішінде өтсін!

Әйткен: Ха-ха-ха! Қалай, қалай қарғанады-әй мына қарабет! Ақылгөй ата, ардагер ақсақал, абыройлы асқар тауымыз болып төрде отырудың орнына, қараңғыда қатын іздеп қаңғырып, қапқа түскеніңізге қорланбайсыз ба? Балдарыңыздан ұялмайсыз ба?

Шал: Ұяты ұят енді. Бірақ, мені де түсінуге тырысып көріндерші бір!

Әйткен: Түсінетін түк те жоқ. *(Тізерлеп отырған шалдың ту сыртына шығып, сол қолымен мойнын орай қысып алады. Айбатшаға көзін қысып қалып).* Басеке, балансын тураласаңыз, турап, турап, туалетке ағызып жіберемін қазір... кәрі азбандай азынаған бұл азғынды!

Айбатша: Баланс болады! *(Әйткен қалтасынан үлкен бәкісін алып шығып, жарқ еткізіп ашып, шалдың кеңірдегіне тақайды. Зәресі зәр түбіне кеткен шал көзін жұмып, бет-аузын жыбырлата береді. Есіктің қоңырауы шырылдайды. Бәрі елең етіп, бір-біріне қарайды).*

Асқар: Саспандар! Мен есікті әбден бекітіп жапқанмын! *(Есік ашылып, жүгіре басып Серкен кіріп келеді):* Ой-буй, аңқау басым, жаптым деп қайта ашып қойған екенмін ғой!

Серкен: Сауға, сауға, батыр! *(Қолынан ұстайды ақырын. Әйткен шалдың кеңірдегіне бәкісінің сырт жағын батыра түседі. Шалда тырп етуге шама жоқ).* Аталарымыз жауға да сауға берген дархан еді, ағамыздың қасық қанын қи маған!

Әйткен: Атамның атын аузыңа алғасын, амал жоқ, бердім саған! *(Шалды босатып, бәкісін бүктеп, қалтасына салады).* Қаңқасы қаусап, маңқасы саулаған осырақ шалға қасиетті қолымды былғамай-ақ қойдым! *(Шалды Серкенге қарай желкесінен итере салады).*

Шал *(жүгіріп келіп, Серкенді қолынан сүйрелеп):* Жүр, жүр, Серкенжан, кеттік ойбай! Мені мына масқарадан құтқара гөр, қарағым, дереу тәксиге шығарып сал! Қайтіп бұл елге көрінбей, қарамды батырайын!

Екеуі шығып кетеді.

Үш жігіт Айбатшаға қарайды. «Ал, енді не айтасың?» дегендей.

80 – Көрініс. Зытқан шал.

Айбатшаның үйінің ауласында.

Аулаға шыққан соң, шал зыта жөнеледі.

Серкен секіре басып, әрең қуып жетеді.

Серкен *(шалға):* Ана қызға берем деген ақшаңызды тастап кетіңіз! Ауызбастырық беріп, аузын бастырып қоймасақ, ертең бәле болып жүрер!

Шал: Ойбай, мә, Серкенжан! *(Ақшасын береді)* Құтқар, құтқар ағанды! *(Қисалаңдап)* Осыдан осы жолы аман кетсем, бөлімге бастық қоям сені бала!

Серкен шалдың ақшасын қағып алып, екеуі кете шапшаң басып, арттарына қарай-қарай зытады.

81 – Көрініс. Келісу.

Айбатшаның үйі.

Айбатша ана мен Теңгеге қарап, көзімен: «Кетіңдер!» дегендей белгі береді.

Олекеуі Айбатшаға бір, жігіттерге бір қарап, кетуге ыңғайланады.

Кемпір: Айбатша қарағым! Біз үйге қайтайық! Рұқсат болса!

Теңге: Тағы керегіміз болса, айтарсыз!

Кемпір: \Шашуды теріп, теріп алып, кең камзолының терең қалтасына тоғыта береді. \ Айтсаң болды, кез-келген қызды көндіріп береміз!

Теңге: \Ападан қалыспай, қымбат кәмпиттерді теріп алып, қалтасына тықпалап жатып: \ Шалға шашқан шашу сұлу қызға жарамайды!

Кемпір: Иә, ырымға жақсы емес! \ Қалған кәмпиттерді теріп алып, қалтаға зытырады. \ Әрбір келген келіннің өз несібесі бар!

Теңге: Біз тұрғанда саспаңыз! Қандай шу асау болса да, тырп еткізбей көндіріп береміз!

Кемпір: Бізден қыз құтылып көрген емес! Айтқанымызға көнбейтін, айдауымызға жүрмейтін қыз туған жоқ әлі! Тіпті, шындасақ, әлгі шалды да шыңғыртып тұрып көндіріп беруші едік! Өзің керек қылмаған соң, қойдық амал жоқ!

Теңге: Қандай оқыған, ақылды қыз болса да, апам екеумізден айналасын асыра алмайды! Сондықтан, сіз келтіріп тұрыңыз, біз көндіріп тұрайық! Айтарсыз, керек кезінде!

Кемпір: Әй, сапылдақ! Болды, жұрттың басын ауыртпай, кетейік үйге!

Теңге: Өзіңізге тартқам ғой! Сіз бапылдап жатқан соң, қатардан қалмайын деп, мен да сапылдай бердім...Қызметімді мырза қайным көрсін деп...қадірімізді білсін деп...келіндер көптеп келсін деп... көрімдігін бізге берсін деп...

Айбатша: \күліп жіберіп, екеуіне теңге береді.\ Рахмет қызметтеріңізге! Үлкен жұмыс әлі алда! Ертең түнде дайын болыңыздар!

Теңге: Боламыз...болғанда қандай! \ Апаны қолтықтап, шыға береді.\

Кемпір: Әй, сенің атыңды Теңге деп тура біліп қойған...Тіпті бар ғой, Доллар деп қоймаған екен! \ Жымыңдасып, шығып кетеді.

Әйткен, Асқар, Басқар үшеуі аң-таң болып, екі әйелдің сөзі мен қимылына ауыздарын ашып, қарап қалады.

Олар кеткен соң, Айбатша жігіттермен сөз бастайды.

Айбатша: Ал, жігіттер, жағдай мынадай болады деп кім ойлаған? Енді қателікті түзету керек.

Асқар: Қалай түзетеміз? Болары болды ғой!

Айбатша: Қызды қайтадан алып қашу керек!

Басқар: Қайтадан? Қалай?

Айбатша: Әуелде қалай алып қашсаңдар, солай алып қашыңдар!

Әйткен: Ол оңай емес!

Асқар: Өте-мөте қиын болады!

Әйткен: Енді қыз әлденені сезіп қалған да шығар! Сақтанып, қорғанып отырса ше? Тіпті, достарына, туыстарына, полицияға хабарлап, сайланып күтіп отырмасына кім кепіл?

Басқар: Мә-ә! Қолға түсіп қалсақ – құрыдық!

Асқар: Құрдымға кетсек, сен алып шығасың ба бізді?

Басқар: Алып шығады! Алып шықпай көрсін! Мен бәрін айтып қоямын! Өзін бірге ала кетемін!

Айбатша: Жігіттер, саспаңдар! Мен тұрғанда ештемеден қорқпаңдар! Маған тек қызды әкеп берсеңдер болды, қалғанын өзім реттеймін!

Асқар: Ал, жақсы! Нартәуекел! Бірақ, аванс, баланс жағы қалай болар екен?

Айбатша: Ол жағын қатырамыз!

Басқар: Қатырғанда... Әуелі, бүгінгі еңбегіміздің ақысын беріп құтылыңыз! Қалғанын келісе жатармыз ары қарай!

Айбатша: Бірақ, бүгінгі жұмыстарың – брак! Сондықтан оған сұрақ жүрмейді!

Әйткен: Ах, солай ма? Аңғал, Саңғал! Батырлар, не дйсіндер бұған?

Асқар: Қалайша брак? Біз әкелуін әкеліп бердік. Алмаған өзің кінәлісің!

Басқар: Қараңғыда қап көтеріп қашу оңай ма? Нанбасаң, өзің көр көтеріп!

Айбатша: Дұрыстап қарап алу керек еді! Мен сендерге шал әкел деген жоқпын!

Асқар: Шал ма, қыз ба, мал ма- бәрібір, қаптың аты қап! Зілбатпан!

Әйткен: Және оны ұрлап алып келе жатсаң қандай ауыр! Ұрлатқанның айыбы одан да ауыр болатын шығар! Прокурорлар

біледі анығын! Асықпай сұрап көрерміз!

Айбатша: \ Қалтасынан уыстап доллар алып шығып, жігіттерге үлестіреді.\ Әй, жігіттер! Бірімізге біріміз бұлай бұлдана беріп қайтеміз! Жарайды, маған ана Қызбаланы әкеліп берсеңдер, еңбекақыларыңды екі есе қылып берейін!

Асқар: Пах! Міне ердің сөзі!

Басқар: Базар жоқ!

Әйткен: Онда не, ұрыста тұрыс жоқ деген батырлар! Ертең осы уақытта осы жерге шортандай шоршытып, ақ сазандай жарқыратып, айдай аруды аламыз да келеміз! Аңғал, Саңғал батырлар! Аттан, аттан!

Асқар мен Басқар қосылып: «Аттан! Аттан! Баста, Доңғал батыр!» – десіп, соткадан жауға аттанғандай дабылдатып музыка ойнатып, дауылдатып, салтанатты түрде жөнеле береді.

Айбатша қиялға батып, көзіне Қызбаланың мисс болған суретін елестетіп, соңынан қарап қала береді.

82 – Көрініс. Қыздардың сырласуы.

Қызбаланың пәтері.

Түн. Қызбала мен Тоты-Тотаня сырласып отыр.

83 – Көрініс. Қап көтерген үшеу.

Қызбаланың пәтерінің сырты.

Түн. Қызбаланың пәтерін үш көлеңке торуылдап жүреді.

Ақырындап үйге қарай жақындайды.

Жан-жақтарына жалтақ, жалтақ қарайды.

Асқар қалтасынан бір темір ашқыштарды алып шығып, есікті ашуға тырысады.

Онысынан түк шықпайды. Бұрап, бұрап, есікті итереді – ашылмайды.

Басқар алып, әрі бері бұрап көреді. Есікті иығымен бар күшін салып итереді, ашылмайды. Оған Асқар қосылып, екеулеп итереді – ашылмайды. Табандары жерді жыртып, бар күштерін салып, тыпырлап-ақ бағады – есік ашылар емес. Екеуі «ух!» -деп кері шегінеді.

Әйткен достарына бір қарап, күліп қойып, өтірік күшін жинаған болып, спортшыларша тыныс алып, арлы-берлі бұлқынып келіп,

есікті бар күшімен итеретін адам құсап тұрады да, ақырын ғана өзіне қарай тартып қалса, ашылып кетеді.

Үшеуі мәз болып, дыбыссыз күліп алады. Қарқылдай берген Басқардың аузын Асқар алақанымен баса қояды.

Аяқтарын еппен басып, ақырын үйге кіреді.

Салден кейін, тасыр-тұсыр, сарт-сұрт дыбыстар естіледі.

Қыздың «ой-й» деген нәзік үні шыға беріп, өше қалады.

Үш көлеңке біреуді қапқа тығып жіберіп, апыр-топыр ала қашады.

84 – Көрініс. Байға қарсы айла.

Әйткен, Асқар мен Басқар қапты Айбатшаның үйіне алып келеді. Айбатша қуанып қарсы алады. Қапты ортаға домалата салады. Қап қимылсыз жатады.

Айбатша (сал толқып): Әй, аңғал-саңғал батырларым, бұ жолы жаңылған жоқсындар ма? Анықтап көріп әкелдіңдер ме?

Асқар: Көргенде қандай! Сауыры мен бауырын сипалап, емшегін уқалап тұрып көрдім! Уо! Анық ұрғашы!

Айбатша (Асқарға ұнатыңқырамай бір қарап): Қолыңды неге жүгіртесің, әй, сумандатып? Жә, ешкім көріп, біліп қойған жоқ па әйтеуір?

Басқар: Көрсе көрген шығар... Көрмей қоюшы ма еді қаптаған көз...

Асқар: Көре берсін... неғылар дейсің.

Әйткен: Бірақ, ешкім ештеңе білген жоқ. Білсе де, ың-ң демейді, ала бер!

(Айбатша қапқа ақырын-ақырын жақындап, тікейтіп қояды).

Тоты-Тотаня (қаптың ішінен сөйлейді): Ағатайлар-ай, сүйген жігітім бар еді! *(Жігіттер дар-дар күледі)* Сіздердің де мендей қарындастарыңыз бар шығар. Оларды біреу өстіп еріксіз алып қашса, қайтер едіңіздер?

Әйткен: Әй, қыз, қысқарт сай-сүйегімізді сырқыратпай! Қыз алып кашу – ата дәстүріміз!

Басқар: Әлде сен ата дәстүріне қарсымысың?

Тоты: Біреудің әлпештеп өсірген баласын жылатуға қалай дәттеріңіз барады? Бүлдіршіндей қызды қорла, жылат деген де дәстүр бар ма еді?

Айбатша: Жаным! Қойшы енді, жаным! Мен сені сүйемін! *(Қапты құшақтап, сипай бергенде, қап шоршып түседі. Айбатша*

шошыңқырап, тағы ұстай бергенде, қап орғып-орғып қашады. Бәрі жабыла қуады. Ұстай бергенде, қап бұлқынып, қағып жібереді, Айбатша мен Асқар домалап түседі. Бір-біріне бөгет жасап, қабаттасып, босқа далбақтап жүргенде, самбырлап кемпір мен жеңгей кіріп келеді. Қолдарында кәмпит-сәмпит салынған табақ. Жігіттер де, қап та тынши қалады).

Кемпір: Ал, құсың құтты болсын!

Теңге: Қадамыңа гүл бітсін!

Кемпір: Ұзағынан сүйіндірсін! Шашу, шашу!

Теңге: Бақытты болыңдар! Шашу, шашу! *(Шашу шашады. Жігіттер «о, шашу, шашу!» десіп, шашу тереді).*

Тоты: Қайдағы шашу? Шашу емес, бұл зорлап алып қашу! Әпкетайлар-ай, әйелсіздер ғой, анасыздар ғой, мені аяңыздаршы! Түсініңіздерші! Мен өз еркіммен келгем жоқ! Мен бұл кісілерді мүлде танымаймын да! *(Айбатша әйелдерге дем беріп, бірдеме десеңдерші дегендей ымдайды. Жігіттер үнсіз тыңдайды).*

Жеңгей: Ештеңе етпейді, айналайын. Танымасаң, жата-жастана танысасың. Қайта қызық емес пе? Қандай романтика!

Кемпір: Е-е, шырағым, баяғыда бізден ешкім сұраған да жоқ, байға тигің келе ме деп... Өмірі көрмеген кісіге берді де жіберді. Үлкендер келісіп, солай ұйғарған соң, ың-ң демей көне бердік. Күйеуіміздің түр-түсін бірнеше күннен кейін ғана дұрыстап көруге шамамыз келді. Бірақ, содан жаман болған жоқпыз шырағым, он екі бала сүйдік, немерелер өсіп келеді. Өне, солай!

Жеңгей: Басында тулайтын әдетіміз ғой бәріміздің де. Келе-келе көндігіп кетесің. Күлім қағасың әлі!

Тоты: Сіз не деп тұрсыз? Мен көнбеймін! Көне алмаймын! Жақсылықпен босатпасаңдар, сотқа беремін!

Кемпір: Қой, айналайын, сот деген бәлені айта көрме. Білдей бір азаматты соттатып қойып, қарап отырады деп пе едің мынау елді? Бүкіл елге қарабет болып, жер басып жүремін деп отырмысың, әлде? Үй, атаңа нәлет қайыршы, сен қайдан шыққан кәр-рәматсың өзің, ә?

Тоты: Мейлі, не десеңіз о деңіз, мен бәрібір көнбеймін! Кетемін!

Кемпір: Кетіп көр осыдан!

Тоты: Кетемін дегесін кетемін! *(Қап орғып-орғып, есікке беттейді. Жігіттер қалбалақтап, жолын бөгеп, алдынан тосады. Кемпір олардан бұрын қапты қолымен тіреп тұра қалады).*

Кемпір: Көрейін сені, кәне, келін емес, кесапат боп кетсең де! Менің өлігімді... өлігімді аттап қана кетесің осы үйден, білдің бе? Ал,

мә, аттап өтіп көр осыдан! Қарғыс аламын, екі дүниеде оңбаймын десең, аппақ шашымды таптап, ақ батамнан аттап, қарғып өте бер! *(Кемпір ышқына сөйлеп, қаптың алдына көлденең жатып алады).* Осы байға тимесең, қу тізеңді құшақтап, сопиып жалғыз қаласың өмір бойы... Қапқа түскен қайыршы, қай бетіңмен шығамын деп тұрсың?!

Тоты: Қарғысың қара басыңа болсын! Мен не жаздым соншалықты қарғап-сілейтіндей? Өзім білмейтін, сүймейтін кісіге тимейтінім үшін кінәлімін бе? Бөгеменіз мені, жолымнан былай тұрыңыз! *(Көлденең жатқан кемпірге тақалады).* Мені жіберіңдер үйіме!

Теңге(жеңіл кекесінмен): Үйіме дейсің бе? Қайдағы үй саған енді? Қайтып келген қызды кім сағынып отыр дейсің? Одан да ойлан! Енді сенің үйің – осы үй! Кіммен қарайсаң, сонымен ағар деген...

Тоты: Сіз не деп тұрсыз өзі? Қарайған, ағарғаныңыз не? Мен тіпті бұл жігіттің түрін де көрген емеспін!

Теңге: Әй, қалқажан, бері қара да, енді мені тыңда. Біріншіден, бұл жігітті танымаймын дегеніңе кім сенеді, ә? Босаға аттап, қайтып келген деген атқа қаласың өмір бойы! Екіншіден, сен бұл жігітті танымаймын деп тұрсың. Танымағасын әлдәғандай боп тұрсың! Танысаң, жабыса кетер едің де, айырылмай қояр едің. Өйткені, сені алып қашқан – ауданымыздың ең бетке ұстар азаматы Айбатша Байбатшаевтың өзі! Миллионер! Бүкіл облыс қыздарының арманы! *(Қаптың басы қалтаңдап, кейін шегінеді де, сәл иілгендей болады).* Е-е, бәсе, біліп едім-ау өзім де! *(Лып еткізіп, қаптың басына орамал сала қояды да, бір жағынан қолтықтай құшақтайды).* Ал, келген жерің құтты болсын, бағың жансын! *(Кемпір де атып тұрып, қыздың бір қолтығынан демеп тұра қалады. Айбатша ақырындап қапқа жақын келіп тұрады...)*

85 – Көрініс. Қаптан шыққан жынды қыз.

Айбатшаның үйі.

Айбатша ақырындап қаптың аузын шешіп, ептеп басып, шегініп, телміре күтіп тұрады.

Қап ақырын сыпырылып түседі де, қыз шыға келеді. Орамал қыздың басында қалады.

Қаптан шыға келген қызға бәрі де әуестене қарап қалады.

Қаптан шыққан Қызбала емес, басқа қыз!

Тоты – Тотаня!

Жігіттер аң-таң болғансып, естерінен танғандай үнсіз, қызға

бір, бір-біріне бір қарап, сілейін қалады.

Қыздарды танымайтын кемпір мен жеңгей қызды шолп-шолп сүйеді.

Кемпір: Үлкендердің сөзін жерге тастамаған қарағым-ай, қадамың құтты болсын!

Теңге: Бізді жерге қаратпаған қарағым-ай, қосағыңмен қоса ағар!

Екеуі өз-өзінен мәз боп жүр. Қыз жан-жағына керіле қарайды.

Кемпір: Ее, айналып қана кетейін сол! Үріп ауызға салғандай бала екенсің! Текті жердің қызы екенің көрініп тұр! Біз де тегін кісілер емеспіз! Аталарымызды айтсақ, бірінен бірі өткен ығай-сығайдың нақ өзі! Арғы атамыз арыс болған, бергі атамыз болыс болған!

Теңге: Менің ұлы атам датқа болған! Кіші атам мыңғырған бай болған! Ал мына сіздің байыңыз Айбатшаның атасы Байбатшаның бақ-дәрежесі қай батшадан да кем болмаған!

Кемпір: Иә, иә, дәл солай болған! Өңкей асыл тұқымға тап келген маңдайыңның бағы бар екен, айналайын!

Айбатша: *(таңырқап, қызды айнала қарап шығып):* Әй, сен кімсің?

Тоты: Көріп тұрсыз ғой! Тотымын!

Айбатша: Қызбала қайда?

Тоты: Сайда!

Айбатша: Бізге Қызбала керек! Тотының керегі жоқ!

Тоты: Керек болса қайтейін! Мұнда Қызбала жоқ! Мұнда Тоты бар!

Кемпір: Кө-ө-тек!

Теңге: Ибәй-әй, бетім-ай!

Әйткен: Жә, жүріңіз, алған жерімізге ың-шыңсыз қайтып апарып тастайық!

Тоты: Иә, сонда қалай... мен сіздерге қуыршақпын ба, қаласаң әкеле салатын, қаламасаң, апарып лақтыра салатын!? Босаға аттап, басына орамал салынған қыз масқара болмай ма?

Асқар: Біз ешкімге айтпаймыз!

Басқар: Ешкім ештеңе білмесе, сөзге де қалмайсыз!

Тоты: Апаларымыздың ақ батасын қайтеміз? Аттап кете береміз бе?

Асқар: Өй, оларды қойшы, аузына келгенін айта береді...

Әйткен: О кісілер басқа біреу екен деп шатасып қалды ғой. Қажет болса қайтып ала салады да! Солай ма, апа?

Кемпір *(күмілжіп):* Енді... былай... не ғой... әлгі... өй, бар болғыр

болбықтар сол!

Теңге (жүні жығылып): Апырай, дұрыс қой, бәрі өмір ғой... иә, өмірде не болмайды...

Тоты: Жарайды, кетсем кетейін. Бірақ, апам көлденең жатып алып, қарғап-сілесе қайтемін!?

Басқар: Жоға, өйтпейді! Апамыздың ақылы бар!

Асқар: Кемпір де біледі өз есебін!

Кемпір: Иә, рұқсат, қарағым. Жүремін деген кісіге жол ашық қой қазір!

Теңге: Жер шарының қай тарабына қарай тартсаң да жолың болсын!

Кемпір: Қайда жүрсең де аман жүр!

Тоты: Жә, бірақ мына орамал (*жөндеп, мықтап байлап қояды*) маған арнап салынған екен, енді оны қайтіп лақтырып тастай салмақпын?

Теңге: Бір жапырақ шүберекте не тұр дейсің?

Тоты: Бірақ, маған сондай жарасатын сияқты!

Айбатша (Тотыға жақын келіп): Сіз кім боласыз өзі?

Тоты: Біз біз боламыз! Ак – три – са – мыз! Қызбаламен бірге бір пәтерде тұрамын!

Айбатша: Түсінікті. Сіз кешіріңіз... жігіттер жаңылып, басқа біреудің орнына сізді алып қашыпты. Ат-шапан айып бізден!

Тоты: Неге жаңылады? Неге басқа біреудің орнына алып қашасыңдар? Менің өзімді неге алып қашпайсыңдар, ә!

Асқар: Кешіріңіз! Келесі жолы есте болсын!

Тоты: Кешірмеймін! Ерегескенде, бұл үйден шықпаймын! (*Жан-жағына жақсылап қарап шығып*): Тамаша! Бұл үй маған сондай ұнайды!

Асқар: Әй, Айбатша, байбатша екенің рас болса, кеп тұрған қызды құр қайтармай, ала салсайшы. Өзер болса, артынан ажыраса саласың.

Басқар: Ана қызды да көп кешіктірмей әкеп береміз. Тіпті жарты ақшасына да дайынбыз.

Әйткен: Әй, Саңғал, саудаласып, құнын түсіретіндей ол саған құнажын емес, қыз ғой!

Айбатша: Жә, ол жағын кейін көре жатармыз. Қазір мына мәселені шешіп алайықшы. Әй, қыз, сенің денің сау ма өзі? Мүлде танымайтын еркекке қайтіп, қай бетіңмен тимексің?

Тоты: Несі бар? Сендер мүлде танымайтын қызды алып қашып жатқанда, біз неге тимеске? Оның үстіне, ақшасы көптеу, ақылы аздау

азз-заматқа кезіккен зам-матта көзді жұмып қойып кетуге әрқашан дайынбыз. (*Әндеітін*):

Әй, әй батша, Айбатша,
Сендей болмақ қай батша?
Қаптан шыққан қалыңдық,
Көңіліңді лайлатса.
Басың дауға қалмасын,
Күн тұтылып, ай батса.
Жақсылықпен жол тауып,
Бола ғой маған бай, батша!

Әйтпесе, қазір үсті-басымды дал-дал қылып, бет-аузымды қан-қан қылып, жер-көкті айғай қылып, төртеуіңді бай-бай қылып, түрмеге қойдай айдап тоғытамын да жіберемін! (*Айбатшаға қарай айбат шегіп, ақырын-ақырын жақындай түседі*).

Айбатша (*шошынып, шегіншектей береді*): Бәрібір сені алмаймын!

Тоты: Жоқ, байеке! Алмасаң алмай-ақ қой! Енді мен сені аламын!

Айбатша: Жүрекке әмір... махаббатқа зорлық жүрмейді!

Тоты: Жүргенде қандай! Жүгіріп жүресің әлі-ақ!

Айбатша (*кемпір мен жеңгейге жалынып*): Апырмай, апатайлар-ау, мынаған бірдеме десеңіздерші!

Кемпір: Не ғой, қарағым, бері қарашы... Тең теңімен, төсек қабымен дегендей... баяғы заман емес, әйелдің өз еркі өзінде ғой қазір, біреуге күшпен таңылып, малға сатылып қор болатын уақыт емес...

Теңге: «Махаббатсыз өмір – тұл» дегендей... Танымайтын, зорлап алып қашқан жексұрын еркекпен қалай бірге тұрмақсың өмір бойы? Заң бар, зәкөн бар дегендей...

Тоты: Саспаңдар, зәкөн бәріңе де табылады! Ал, оған дейін менің зәкөніме бағынасыңдар! (*Телефон соға бастайды*) Әлө, полиция полковнигі Қоспановты қосыңызшы. Бұл – жиені Тоты! Қашан келеді? Нағашыма айтыңызшы, маған шұғыл хабарлассын! (*Тағы біреуге звондағалы оқтала береді*).

Айбатша (*айбаттанып*): Жә, жетті! Доңғал! Аңғал, Саңғал! Батырлар! Қаптан шыққан мына қызды қайтадан қапқа тығып жіберіп, үйінің артына апарып домалата салыңдар!

Жігіттер *Айбатшаға байқатпай, бір-біріне көздерін қысып, жымыңдап, өтірік айбарланып, жан-жағынан Тотыға жақындай береді. Тоты оларға бір жымыып, бір қаһарлана қарап, терең тыныс алады да, «Ки-ай!» деп, қиқу салып, сарт-сұрт ұрып, теуіп жібергенде, үшеуі өп-өтірік ауырсынған болып, «ахылап, ухылап»*

іштерін басып, үш жаққа домалап кетеді. Қапыда соққы тиіп, таяқ жеген жігіттер атып тұрып, айқай-шу, қырғын төбелес басталып кетеді.

Әйелдер «әбеу, көтек» деп, үйден қаша жөнеледі. Сүрініп, қабынып, алды-артына қарамай зытады. Үш жігіт бірде қызды тықсырып, бірде қыз үшеуіне тойтарыс беріп, өтірік-шын біраз шайқасады. Неше түрлі қызық әдіс-тәсілдер көрсетіп, қол-аяқпен талай тамаша «театральный» соққылар жасайды. Біраздан соң жігіттердің беттері қайтып, қимылдары баяулай бастағанда, Тоты орталарында билеп жүріп төбелеседі. Сол кезде телефоны шырылдайды. Тоты жігіттердің қол-аяқтарын допша қағып-қағып тастап, домалатып жіберіп, телефонмен сөйлесіп жүріп төбелеседі.

Тоты: Ау, жеңеше! Сүйінші! Мені алып қашты!... Доңғал... (Доңғалды бір ұрып құлатады). Аңғал... Саңғал... (Екеуін екі теуіп, екі жаққа домалатып жібереді) деген долларға жалданған далбайлар! Жалдаған Ай-й-батша (басынан тебетіндей боп аяғын бетіне тақайды. Айбатша екі қолымен қорғана бергенде, іштен бір тебеді. Айбатша талықсып, отырып қалады). Бай-й-батшаев деген облыстың ең бай кәсіпкері... Жоқ, інісіне емес, өзі аламын деп отыр... Е-е, кім біліпті оның неше әйелі бар екенін... Қысқасы, таңертең түгел жетіндер... Екі вариантқа да дайын болындар... Иә, яки-яки... О, кей!

(Қыздан құтылу қиындап, іс насырға шаба бастағанын сезген топтың үнжырғасы түсуге айналады).

Әйткен: (орнынан әрең тұрғансып): Әй, байбатша, сенің алдыңда екі жол тұр. Не мына қызды алып тынасың...

Басқар: Не түрмеден бір-ақ шығасың!

Асқар: Саспаңыз, сізді ұмытпаймыз. Тамақ апарып тұрамыз... Калбаса-малбаса, шай-май, шылым-мылым, анау-мынау... Мен білемін не керек екенін, кезінде біраз отырып шыққанмын, жылқы ұрлап...

Басқар: Қайдағы жылқы-әй! Жұрттың адасып кеткен бұзау, торпағын ұрлап сатып сотталып едің ғой!

Асқар: Сен де қырық жылғыны ұмытпайды екенсің!

Әйткен: Әй, Аңғал, Саңғал! Осымен бәрін доғарайық та, зытайық аман-сауымызда! Екі ғашық, қаптың аузын ашып, алты қырдан асып, таң атқанша ақылдасып, болашаққа қадам баса ма, жоқ па, – өздері білсін! Әйда, кеттік! (Жігіттер кетеді. Амалы құрыған Айбатшаның үні өшіп, олардың соңынан «тоқтаңдар, қайда кеттіңдер?» дегендей екі қолын созып, ақырын басып, шығып кетпек болады. Тоты

жалғыз қалған Айбатшаға айбат шегіп, қол-аяғын тарбитып, ұрып жығатындай, көзін шұқып алатындай қимылдар жасап, жолын бөгеп, бұрышқа әкеп тығады. Қолдарын оңды-солды сермеп, Айбатшаның көз алдынан зу-зу еткізеді).

Тоты: Ои дзукимен ойып түсірейін бе? \ Сол қолмен тік соққы –прямой удар жасап қояды.\ Гияку дзукимен қиып түсірейін бе! (Оң қолымен әуелі тіке соғып, содан кейін ауаны тіліп, қия соғады. Айнала жүріп, аяғымен ауаны теуіп).

Қайдасың иоко гери кекомиым,
Бір тепсем шайқалады, көке, миың.
Бірақ та байбатшада ми болмайды,
Ондайды ойландыру өте қиын!

(Айбатшаға тиер-тиместей зып аяқпен теуіп-теуіп қояды). Ап чаги! Йоп чаги! (Тұра қалып, көзіне көзін қадап). Син-вадза-тай! Аруақ!

Оның қаһарлы қимылдарына ілесе алмай, амалы құрыған Айбатша қайраттанып: «Қи, ай!» деп бақырып, оңды-солды соққылар жасайды. Тоты оп-оңай жалтарып кетеді. Айбатша ашық қалған кезде саусақтарының ұшымен кеңірдекке «найза соққы» – нуките жасайтындай болған Тоты соңғы сәтте ұрмай, тек саусақ ұшымен кеңірдектегі жанды нүктесін баса қояды. Айбатша сылқ етіп отыра кетеді. Тоты оны қапқа тығып жіберіп, аузын тас қылып байлап тастайды.

Қыз «Уһ!» – деп, төсекке отырып, жан-жағына қарайды. Сәлден кейін қап қозғала бастайды. Тоты соткасымен смс жібереді.

Айбатша: Әй, қыз, босат енді, болды!

Тоты: Босатпаймын, мырза! Туысқандарым полициямен келгенше, осылай отыра тұр! Қапқа түскен қалай екен, мырза! Көрден гөрі кеңірек шығар? Тұншығып кетпессің! Әңгімелесуге рұқсат, әсіресе, мынадай роман-н-тиш-ш-ний түнде қаптан шыққан қызға қапта отырып махаббат туралы серенада айтсаң, тіпті тамаша болар еді!

Айбатша: Қап, сені ме! Әй, қыз... (Есіктің қоңырауы шарылдайды. Айбатшаның үні өшеді).

Тоты: Бұл кім?

Әйткен: \ қатты, қатқыл дауыспен:\ Ашыңыз, полиция! (Тоты ашады. Қап домалап, бұрышқа қарай қашып барып, қозғалмай жатып қалады. Спецназ формасын киіп, автоматтың макетін – театр реквизитін кезей ұстаған, бетін қара шүберекпен перделеп

алған Әйткен кіреді). Маған Тоты керек!

Тоты: Мен Тоты! (Көз қиығымен қапты көрсетеді).

Әйткен (түсінгенін білдіріп, басын изеп, қапты дауыстап): Мені полковник Қоспанов жіберді! Жиенім Тоты қыздың жағдайын біліп кел, егер де көмек керек болса, таң ата он машина ОМОН-мен келіп, ойран-ботқасын шығарамын деді! \ Қапқа тақап келіп, автоматтың ұңғысымен әр жерінен түртіп-түртіп қояды. Сәл шегініп,автоматын кезеп тұрады.\ Қымбатты Тоы қыз, егер мына байсымақ сізге жәбір-жапа көрсетсе, жасырмай айтыңыз! Полковник Қоспанов қарындасының ар-намысын аяқ асты етіп қоймайды. Ол кісі маған ондай жағдайда қанды қол қылмыскерді автоматпен дыр-р еткізіп бір-ақ тартып, бір қуысқа тыға сал деп бұйрық берген! \ Затворын сақылдатып тартып қояды. Қап қалтырап, дірілдейді. Автоматын дыр-р еткізеді –ойыншықтың дыбысы. Бірақ, әуелде шын сияқты, қаһарлы естіліп, тіпті Тотының өзі де: «Ой!» -деп, орғып, қолымен құлағын басып, көзін тарс жұмып, шошып кетеді. Қалтырап тұрған қап дырыл аяқталып, ойыншықтағы оқтар ысқырған кезде сылқ етіп құлап қалады. \

Тоты: \ Бәрін түсініп, өзін-өзі қолға алып, өтірік шошыған болып, алқынып, аптығып:\ Рахмет! Рахмет сізге, жауынгер! Бірақ әзірше бәрі дұрыс сияқты. Атпай тұра тұрыңызшы! Тіпті тіл алмай бара жатса, дырылдата салу қиын емес қой!

Әйткен: \ Өтірік сабасына түскен болып:\ Жарайды! Сіздің айтқаныңыз болсын! Нағашыңыз полковник Қоспанов сіздің айтқаныңызды екі етпей орындауымды мықтап тұрып тапсырған! Алда-жалда жәбірлеп яки тіл тигізсе, жасырушы болмаңыз! Керек десеніз, тіпті, қолыңызды сілтеп қалсаңыз болды, төбесінен төрт рет, арқасынан алты рет, қарынынан қырық рет атуға жететін екі магазин оғым бар!

Тоты: \ Сасқан болып, өтірік басу айтып, тоқтатуға тырысқан болады:\ Жақсы, жақсы! Әзірше бәрі дұрыс! Тимей-ақ қойыңыз! Нағашыма сәлем айтыңыз, таңертең өзім збандаймын. Алда-жалда менен хабар болмаса, таңғы тоғызда төбесінен түссін де, түгін қалдырмай талқандай берсін! Кәмитеттегі көкеме, соттағы тәтеме, әкімдіктегі әпкеме, теледегі бөлеме де ескертіп, бәрі жиылып бір-ақ келсін!

Әйткен: Құп болады! Міне, мынау визиткам... \ өтірік визитка береді:\ менің телефоным! Біздің топ таң атқанша осы ауданда кезекшілікте болады! Қажет болса, түн ортасында болса да, телефон

соғыңыз! Үш минутте жетіп келіп, үшкіріп жібереміз!

Тоты: Рахмет! Тура таңғы тоғызда рапорт беремін сіздерге!

Әйткен: \ сыр бермей, сұрланып, қапқа қаһарлана бір қарап: \ Сіздің хабарыңызды асыға күтеміз, Тоты қыз! Егер мынаның тарапынан қандай да бір оқыс қимыл болса, дереу бізге айтыңыз! Дыр-р дегізіп, атып тастап, қабымен апарып, Ащы тоғанға тоғыта саламыз! Көріскенше сау болыңыз! \ бұрылып шығып кетеді. \

Тоты: Сау болыңыз, батыр жігіт! Сізге көп рахмет! \ *Есікті жабады*). Ал, Айбатша Байбатшаев, таң атқанша ойланып-толғанып алыңыз! Бүгінгі таң не біздің жұбайлық өміріміздің алғашқы жарқын таңы болып атады, не сенің бостандықтағы өміріңнің ақырғы таңы болып атады! Нағашым сені осы қаппен сүйреп апарып, Ащы тоғанға немесе карцерге бір-ақ тығады, көр де тұр! Тағдырыңды өзің таңда!

Айбатша: \ Батырсынып, бірақ сәл жасыңқыраған дауыспен: \ Оны көрерміз әлі!

Тоты (*төсекке шалқасынан түсіп жатады*): Көрсек көрерміз! \ *соткасын қосып, музыка жібереді. Ырғалып, рахаттана тыңдап жатып, арасында қапқа қарап қояды. Қап та бұлғаңдап, билегендей болады. Тоты қаптың қарсысына келіп тұра қалып, ырғалып билейді. Қап бірге билейді. Бірте – бірте қап пен қыздың бии үйлесіп, жарасып кетеді.* \

Айбатша (*Біраздан соң тоқтап, алқынып:*) Әй, Тоты қыз, тоқта! Кел бері... келісейік!

Тоты: Өзің кел, керек болса!

Айбатша (*қабымен орғып-орғып, Тотыға жақындап келеді*): Жарайды, Тоты қыз, мен сені тоқалдыққа алсам ала салайын! (*Тоты бұрылып, тұра қалады.* \ *Тек айқай-шудың керегі жоқ!*

Тоты: Жа-а-рай-ды! Ойланып көруге болады! (*Жымыңдап, билей басып-барып, қапты құшақтап, сыртынан басынан сипайды. Қаптағы Айбатша Тотының құшағына тығыла береді*).

86 – Көрініс. Кірді де бір көрсем!

Театр сахнасы.

Әйткен, Қызбала, Асқар, Басқар әңгімелесіп отыр. Өмір мен өнер жолы туралы пікір талас.

Басқар: Өмір кейде ақымақшылықтардың ойыны сияқты болып көрінеді маған. Біз сол ойынның ерікті, еріксіз қатысушылары ғанамыз ба деп қорқамын! Сондықтан, кейде ештеме де ойламай, көзді жұмып,

сол ойынның қайнаған ортасына қойып кеткім келеді!

Қызбала: Ал сахнадағы ойын өмірден әдемі сияқты. Әр спектакль ақылдың ойыны ма? Оның қаншалықты қажеті бар? Әсері қандай? Өмір мұраты қандай? Алдағы мақсат не?

Асқар: Мақсатым – алдымен, бір үй алу. Одан кейін үй болу.

Басқар: Алдымен, көп-көп ақша табу! Содан кейін, ел көріп, жер көріп, дүние жүзін аралау.

Қызбала: Ел кезіп, тентірей берген де жақсы емес. Ал, сенің мақсатың не, әригинәлни әлем әртісі Айткен Айтиалиев?

Әйткен: Менің бе? \ күліп, әзіл-шыны аралас:\ Менде мақсат көп негізінде! Басты мақсатым – нағыз өнер туындыларын жасау. Үлкен, үлкен образдарды сомдап, сахнаға жаңалық әкелу. Содан кейін, керемет киноларға түсу! Одан кейін Голливудтан бір-ақ шығып, Қызбала айтқандай, әригинәлни әлем әртісі атанып, қазағымның мерейін өсіру!

Қызбала: Паһ, шіркін! Мені де тастамай, ала кет сол Солливуд... Голливудыңа!

Басқар: Әй, сендер қуыңқырап кеттіңдер! Тым биікті қайтесіңдер, жерге түссеңдерші. Менің арманым сендердей қияли емес, нақты! Мен көп, көп, көп ақша тапқым келеді! Кәдімгідей, ағаларымыз сияқты күреп, күреп алғым келеді!

Асқар: Әрине, ақша да керек. Адамға, негізі, бәрі де керек. Бірақ, нағыз адамға ақша, байлық ең басты арман болмауға тиісті! Дүние қолдың кірі деген аталарымыз!

Басқар: Кір болса кір болсын, мейлі! Шіркін-ай, мен де бір кірлеп көрсем ғой! Осы тап – таза қолмен шекемнің қызғаны шамалы!

Әйткен: Оны құныққандарға, дүниеқоңыздарға қаратып айтқан. Бірақ, бір де бір атамыз адамға мал керек жоқ деген ғой.

Асқар: Әрине! Бірақ, бір жақты қарауға болмайды!

Басқар: Көрерміз!

87 – Көрініс. Делдал мен «Джип».

Хабарландыру арқылы жап-жаңа «Джип -200» машинасының арзанға сатылатынын интернеттен оқып, қызыққан Басқар телефон арқылы делдалмен сөйлеседі.

Басқар: Әлә! Сәлеметсіз бе?

Делдал: Сәлеметсіз бе?

Басқар: Мен сізге хабарландыру бойынша хабарласып тұрмын.

Сіз жаңа Джип сатасыз ба?

Делдал: Иә, сатамыз!

Басқар: Су жаңа ма?

Делдал: Оны өзіңіз келіп, көзіңізбен көргеніңіз дұрыс. Барлық сұрақтың жауабын беруге дайынбыз! Келіңіз, көріңіз! Сөйлесіп жатқандар көп. Шынымен алатын ойыңыз болса, біреу қағып кетпей тұрғанда тезірек жеткеніңіз жақсы!

Басқар: Жақсы! Қазір жетуге тырысамын!

Телефонды қойып, толғанып, арлы-берлі екі қолын ысқылап жүреді де, бір кезде бір шешімге келгендей, өз машинасына қарай тұра жүгіреді. Театрдың сыртында, автотұрақта тұрған ескілеу көлігіне міне салып, заулата жөнеледі.

88 – Көрініс. Делдалдың гаражы.

Басқар ескі көлігімен зулап келіп, Делдалдың айтқан жеріне – гаражына келеді.

Делдал оны жылы жүзбен қарсы алып, қол беріп амандасады. «Сәлем! Сәлем!» дейді.

Делдал: \ құшағын жайып:\ О-о, сіз әртіссіз ғой! Өнердің жаңадан жарқырап шығып келе жатқан жұлдызы! Мен сізді кинодан, теледидардан көргенмін! Түріңіз әбден таныс! Тіпті, атыңызды да білемін... Сіз Ба-Ба-Бас – тау... Бастаушы... Бастауыш... Сомбаев емессіз бе?

Басқар: \ кәдімгідей марқайып:\ Санбаев... Басқар менің атым!

Делдал: Кешірерсіз... Бірақ менің де жобам дұрыс екен. Бастау – Басқар, бастаушы – басқарушы бәрінің мағынасы ұқсамай ма!?

Басқар: \ риза болып, қуанып, жайылып түседі:\ Иә, жобаңыз дұрыс! Өнерден хабары бар адам харамдыққа бармайды деп сенемін! Сондықтан, бүгін жолым болып қалар!

Делдал: О-о! Әртістердің интуициясы қандай керемет! Сіз қателескен жоқсыз! Мен өнер адамдарын ерекше сыйлайтын кісімін! Тіпті, Санбаевтың сахнада сомдаған сан түрлі бейнелері әлі күнге есімде! Есімі жалғыз менің емес, бүкіл еліміздің аузында жүрген жас өнер жұлдызы машинамы алып жатса, мен үшін үлкен мерей, құрмет емес пе!?

Делдал самбырлап сөйлей жүріп, гараждың есігін ашып, Басқарды кіргізіп, машинаны көрсете бастайды.

Басқар гаражда тұрған су жаңа, жалт-жұлт еткен қара Джип

машинаға қызығып, аузын ашып қарап қалған. Ары, бері айналсоқтап, жан-жағынан қарап көреді.

Әлекедей жаланған ысқаяқ делдал жігіт Басқардың әбден есі шығып, қатты қызыққанын көріп, оны одан сайын қызықтыра түседі.

Делдал: Сіздей жұлдызға осындай машина ғана лайық!

Басқар: \ мақтағанға кәдімгідей мастанып: \ Рахмет, рахмет!

Делдал: Кәне, мініп көріңіз! \ Басқарды қолтықтап мінгізіп, кілтті қолына береді. \ Енді от алдырып, далаға шығыңыз! Жарықта... жарықта қараңыз жан-жағынан...

Басқар: Рахмет! \ «Джипке» отырып, кілтті алып, қуанып, машинаны от алдырады. Ақырын жүргізіп, далаға шығарып, тоқтайды. Түседі. \

Делдал: \ ақырын қасына келіп: \ Қалай екен? От алдырғанда дыбысы да білінбейді, ә?

Басқар: Керемет!

Делдал: \ Қолымен ишара қылып: \ Міне, айнала қарап көріңізші! Жарықта тіпті жарқырап кеткен жоқ па!

Басқар: \ айнала қарап, жалт-жұлт еткен бояуына көзі тойып: \ Ия, айтатыны жоқ!

Делдал: Әбден жақсылап қарап алыңыз!

Басқар: \ Еңкейіп, көліктің астын қараған болып: \ Қарайтын несі бар? Керемет екені көрініп тұр ғой!

Делдал: Онда, келіңіз, рөлге отырыңыз. Мен қасыңызға отырайын. Бір кішкене былай, былай жүріп келейік... Сонда көресіз кереметін!

Басқар: \ көлікке мінеді. \ Көрсек көрейік!

Делдал: \ Сәл шегініп, машинада отырған Басқарға бір қырынан қарайды. Басқар оған масайрап, терезеден қол бұлғайды. Делдал бас бармағын көрсетеді: \ Тамаша! Мына машина сізге жарасып тұр! Ал сіз машинаға нұр беріп тұрсыз!

Басқар: Рахмет! Келіңіз, отырыңыз!

\ Делдал машинаға беттей бергенде, қастарынан өтіп бара жатқан бір қыз Басқарды көріп, кілт тоқтай қалады. Жылдам басып келіп, сызылып тұра қалады. \

Айко: \ Басқарға жымия, жалындай қарап: \ Сәлеметсіз бе?

Басқар: \ көңілді, жымыып: \ Сәлеметсіз бе?

Айко: Сіз Басқар Санбаев емессіз бе?

Басқар: Иә! Сіз мені қайдан білесіз?

Айко: Сізді елдің бәрі біледі! Әсіресе, жастар сіздің өнеріңізді

ауыздарынан тастамай, аңыз қылады.

Басқар: \ *мақтағанға майдай еріп, елжіреп:* \ Апырай, шынымен солай ма?

Айко: Иә! Жұлдыздың жарығы өзіне білінбейді деген! Біз сіздің рөлдеріңізді, әсіресе оқыған өлеңдеріңізді жібермей көріп, тыңдаймыз! Мен сізді бір көріп, таныссам деп армандаушы едім! Сізді керемет күйде елестетуші едім. Бірақ, сіз менің қиялымнан да асып түстіңіз! Мына қара Джипте отырған қалпыңызда тура Голливудтың супермендерінен айнымайды екенсіз!

Басқар: \ *бойы балқып, қысылыңқырап:* \ Рахмет! Тым қатты мақтап жіберген сияқтысыз!

Айко: Бірақ, шын сөзім осы! Мен бұл сөзімді ешкімнен жасырмай, жалпақ жұртқа жар салып айтамын! Рұқсат болса, осы күйіңізде суретке түсіріп, инстаграмға салсам бола ма? Тура әлгіндей коментпен?!

Басқар: \ *елпілдеп:* \ Е-е, рұқсат! Тіпті жақсы! Достарым көрсін, білсін!

Айко: \ *Соткасын алып, шырт-шырт еткізіп, Басқарды суретке түсіре бастайды. Басқар басын кегжитіп, көзін үлкейтіп, мойнын бұрып, неше түрлі қалыпқа енеді. Айко да біресе алыстап, біресе жақындап, бүйірлеп, қырындап, неше түрлі ракурстан түсіреді. Делдал риза болып, үндемей бақылап отырады. \ Міне...Міне...Міне, керемет план! Қатқан сурет! Бүкіл желіде гуілдейтін болады! Әсіресе, әртіс әріптестеріңіз естен танатын болды. Тіпті, алыстағы елдердің де назары сізге ауады бұл күйіңізде!*

Басқар: \ *Шаттанып:* \ Рахмет, рахмет!

Айко: Менің есімім Айко! Сіздің жанкүйеріңізбін. Сіздің өнеріңізге ғашықпын! Рұқсат болса, сізбен бір фотоға түсуге болар ма екен? Жо-жок, мұны ешқайда салмаймын. Тек қана өзім үшін!

Басқар: Сіздей талғамы жоғары өнер жанашырымен суретке түсудің өзі бір ғанибет! \ *Машинадан түсіп, қыздың жанына келеді. Бәрін бағып отырған Делдал лып етіп жетіп келіп, Айконың соткасын алып, суретке түсіруге ыңғайланады. Айко мен Басқар қара Джиптің жанына қатар тұрады. *

Делдал: \ *ары-бері қозғалып, ракурс, жарық таңдап, фотоға түсіруге дайындалады. \ Тамаша! Өнер жұлдызы мен техника жұлдызы жарасып тұр еді, оған ару жұлдыздың сұлулығы қосылғанда, тіпті құлпырып кетті ғой! Пай, пай, пай! Міне, міне... \ шырт-шырт суретке басып, басып жібереді. \ Тіпті, шетелдік журналдардың мұқабасына басып, жарнама баннерлерге іліп қойса да болатын-ақ сурет! \ Басқар*

мен Айко рахмет дейді, қуанып. \

Айко: \ Суретке түсіп болған соң, Айко кетуге ыңғайлана береді де, бөгеледі. **Басқарға қарап:** \ Сізге мына суреттерді салып жіберейін. Телефон номеріңізді бола ма!?

Басқар: Болғанда қандай! Хабарласып тұрыңыз! Кез-келген уақытта сізбен сөйлесу – мен үшін үлкен қуаныш! \ *визиткасын береді. Айко оны бір қарап, сөмкесіне салып алады.* \

Айко: Жақсы, рахмет! Сау болыңыздар! \ *Басқарға қимай, жанары алаулай бір қарап, бұрылып, бұлғаңдап жүре береді.* \

Басқар: \ *бұл да алаулап:* \ Сау болыңыз! Сізге де рахмет! Суреттерді күтемін! \ *Айко бұрылып, қолын бұлғап, кете берді. Басқар машинаға мінеді.* \

Делдал: Сау болыңыз! \ *машинаға отырған соң, Басқарға:* \ Бұл да бір жақсылықтың белгісі шығар! Жолы болар жігіттің, жеңгесі шығар алдынан деуші еді атам қазақ!

Басқар: Нәзік жанды сұлу екен! Ақылына көркі сай деп осындайларды айтқан ғой!

Делдал: Иә! \ *әзіл – шыны аралас:* \ Сұлу қыз, жүйрік ат ер жігіттің арманы емес пе? Байқаймын, сізге екеуі қатар келген сияқты-ау! \ *Басқар күліп жіберіп, машинаны от алдырып, орнынан еппен қозғалады:* \ *Өте шебер қозғалдыңыз! Көп жігіттер алғаш мінгенде, жұлқып, секіртіп жібереді ғой! Ал, сіз мұның ырғағын бірден таптыңыз! Тіпті, осы көлік сіз үшін шығарылған сияқты зауыттан! \ Басқар үлкен көшеден өтіп, кең далаға шығады. Заулата жөнеледі:* \ А-а, қалай екен?!

Басқар: Рахат екен! Тіпті жүрісі білінбейді! Су жорғаның нақ өзі!

Делдал: Бұл Джипті өнер жұлдызы Басқар Санбаевтың өзі жүргізген деген аттың өзі неге тұрады біз үшін!

Басқар: Рахмет!

Машинамен біраз жерді шарлайды.

Арасында құйғытып-құйғытып алады.

Делдал көзінің қиығымен Басқарды барлай қарап қояды.

Басқар бар дүниені ұмытқан. Есіл-дерті Джиптің жүрісінде. Екі көзі жолда.

Жүріп келе жатып, тормоз беріп, қайта жылдамдықты арттырып, оңды, солды бұрып, түрлі-түрлі жүрістерге салып көреді.

Біраздан соң гаражға қайтып келеді. Жайымен тоқтап, жеп-жеңіл ырғып, секіріп түседі. Сол кезде ескі көлігін көреді.

Қарағысы да келмей, көзін тайдырып әкетеді.

Жарқыраған Джиптен кейін көңілі көтеріліп, лепірген Басқар таңқылдап сөйлейді.

Басқар: Мынадай Джиптен кейін кісінің ескі көлікке қайтадан мінбек түгілі, көргісі де келмей қалады екен!

Делдал: Ал сіз оған мінбеңіз! Тіпті, қаласаңыз, енді қайтып көрмей-ақ қойыңыз! \ *Басқардың көлігіне көз тастап, қолымен нұсқап:* \ Мынау не? Осы да машина ма? Сіз шынымен осыны мініп жүрсіз бе? Мен мұны сіз жалдап келген тәкси шығар деп қалып едім! Сіздей жұлдызға, нағыз ер жігітке мұндай көлікпен жүру өте лайықсыз! Тіпті, ұят, масқара ғой! Тастаңыз мұны! Міне, бұдан былай сіздің тұлпарыңыз тек қана \ *сұқ қолымен қара Джипті көрсетеді.* \ мынау болуы керек!

Басқар: \ *өзінен – өзі абдырап, қысылып:* \ Ия, енді...жай... уақытша...жұмысқа мініп жүрген нәрсе ғой...жаяу жүргенше...Оның өзін бер ағайынымыз қарызға беріп еді!

Делдал: Мен сізді жақсы түсінемін! Бірақ, бұдан былай жарқырап жруіңіз керек! Атақты азаматтың көлігі де атына сай керемет болуға тиіс!

Басқар: Айтуыңыз орынды! Мен не, мінгісі келмейді дейсіз бе? Қол қысқа, қалта жұқа дегендей...Тұрмыс, тіршілік еркін құлаш жаздыра бермейді ғой...әттең!

Делдал: Оған қарамау керек! Сындыру керек ондай кісендерді! Бай адамдарша киініп, бай адамдарша жүрсеңіз, байлық өзінен – өзі сізді іздеп табады. Ақшаны ақша тартады. Ал сіздің атақ-даңқыңыздың өзі – үлкен капитал! Соны ұтымды пайдалана білсеңіз – қалтаңызға қаражат құйыла береді, құйыла береді.

Басқар: \ *Делдалдың екпінді, кесімді сөздеріне елтіп, арбалып:* \ Ия, сөзіңіздің бәрі рас! Бәрі заңды! Тек қана...

Делдал: \ *киіп кетіп:* \ Тек қана деген күмәнді сөздерді ұмытыңыз бұдан былай! Жұрт сіздің өнеріңізге бас иіп, басына көтеріп жатқанда, сіздің жар – би – иып бір жә – әмә- ән салдаман көлікпен салдырлап жүргеніңіз – кешірілмес күнә!

Басқар: \ *жасырмай, бірінші рет көріп тұрған делдалға бар шындығын бүкпесіз жайып салады:* \ Қай бір жетіскеннен жүр дейсіз! Шамам келсе, мына Джипті қазір-ақ мініп кетер едім! Әттең, қол қысқа!

Делдал: \ *жұмсақ жымыып, жәдігөйленіп:* \ Саспаңыз! Ретін тапқанға, қысқа қолды ұзарту қиын емес!

Басқар: \ *аңтарылып, аң-таң болып:* \ Иә, сонда қалай?

Делдал: Былай...Бір жақсы, мықты банктен тиімді процентпен

кредит алу керек!

Басқар: \ қолын бір-ақ сілтеп:\ Атамаңыз кредит деген бәлені! Онсыз да жағалай қарызбын. Жағамнан алып жатыр жұрт!

Делдал: Сіз жақсылап тыңдап алыңыз әуелі! Ондай ұсақ-түйек қарыздарға жүйкенді жегізбей құтылу үшін ретін тауып, ұзақ мерзімге, азғантай процентпен үлкен кредитті бір-ақ алу керек!

Басқар: Ал, содан кейін? Қалай құтыламын одан?

Делдал: Қорқатын дәнеңе жоқ! Қазір екінің бірі кредит алып, төлеп отыр. Солар аштан өліп, көштен қалып жатқан жоқ қой!

Басқар: Иә, бұл таныс жағдай! Басымызда бар!

Делдал: Онда тіпті жақсы. Үйреніскен жау шабуға жақсы, үлкен қарыз жабуға жақсы!

Басқар: Апырай, ә?

Делдал: Бері қараңыз! Сіз өнер жұлдызы болған соң, көкте жарқырап жүресіз ғой. Ал жердегі тіршіліктің ұңғыл-шұңғылын, бұрылыс- қалтарыстарын біле бермейсіз.

Басқар: Оныңыз рас. Біз көбіне қиял әлеміне кетіп қала беретініміз рас!

Делдал: Міне, жөн білетін кісімен сөйлескен қандай рахат! Бәрін де айтқызбай түсініп тұрсыз! Олай болса, кредит алудың бірінші заңы – тек қана теңгемен, төмен процентпен және ұзақ мерзімге көп алу керек!

Басқар: Ал? Содан кейін?

Делдал: Содан кейін жалақыңыздан үзіп-жұлып төлей бересіз. Жыл өткен сайын инфляциямен –ақ қарызыңыз өзінен – өзі арзандай береді!

Басқар: Охо!

Делдал: Бітті шаруа! Онда не тұрыс! Мен сізге бір жақсы банк тауып берейін! Барлық шаруаны жылдам реттеп, аз процентпен ұзақ мерзімге үлкен соманы кредитке беретін жекеменшік банк! Онда менің таныстарым бар! Егер келіссеңіз, осы бүгін жұмысын бітіріп, кешке мына қара Джипті мініп кетіп, театрыңызға қайқайып барасыз! Охо, әріптес әртістер мен режиссерлеріңіз қара Джиптен түсіп жатқан сізді көргенде, естерінен танатын шығар!

Басқар: Сенсация болады! Ғажап! Мә-ә, міне айды аспанға бір-ақ шығарды деген сол емес пе?!

Делдал: \ соткасын ашып, интрнетті қарап жіберіп:\ Сенсация болады емес, болып қойыпты! Мына қараңыз, Айко сіздің қара Джипте отырған ғажайып суретіңізде ғаламторға салып та қойыпты! Мәссаған, қандай керемет! Ал, кеттіңіз міне дүние жүзіне – Джип

мінген Джигит атанып!

\ Телефонын Басқарға беріп, суретті көрсетеді. Басқар өзінің әдемі суретінен өзі көзін ала алмай, сүйсіне қарап, отырып қалады. Оның жан толғанысын қапысыз бағып, танып, арбап отырған Делдал әдейі үнсіз қалады.

Басқар: *\ басын шайқап, тамсанып отырып, Делдалға бұрылып:* Иә, шынында да керемет екен! Бұдан кейін мына Джиптен айырылып, ескі көлікпен салдырлап барып тұрсам, ел – жұрттан ұят-ау!

Делдал: Онда не тұрыс?! Өмір деген картаның ойыны сияқты... қол жүріп кететін күтпеген сәттер болады. Мұндай су жаңа Двухсотка Джип осынша жеңілдікпен, арзан бағамен өте сирек кездеседі...тіпті мүлде кездеспейді! Сізге бұйырып тұрған шығар...бізге өте шұғыл арада сату керек болып қалды да, үш-ақ ай мінілгеніне қарамастан, бағасын жиырма процентке түсіріп сатқалы отырмыз! Сондықтан ұрыңыз көзір Тұзымен...қолыңыз жүріп тұрғанда! Тіпті, сізге бізден жеңілдік болсын, мына ескі машинаңыздың бағасын келісіп, біз сатып алайық...төлемнің есебінен...

Басқар: О-о, мынауыңыз керемет болады! Ескі көлікті есепке қоссаңыздар, маған көп көмек болар еді!

Делдал: Қосамыз, саспаңыз! Тіпті,бағасын көтеріңкіреп есептейміз! Мұның бәрін өзіңіздей сахна жұлдызына жасалған көрермендеріңіздің қамқорлығы деп білерсіз!

Басқар: *\ шынымен қуанып, толқып, көзіне жас алып:* Рахмет, рахмет! Көп рахмет!

Делдал: Рахметті машинаны мінген соң айтасыз! Ал, онда кеттік! Тартыңыз банкке қарай! Отырыңыз рөлге!

Басқар: *\ Машинаға мінеді:* Иә, сәт! *\ от алдырып, қозғалады.*

Делдал: Ақ жол!

Машина банкке қарай кете береді.

88 – Көрініс. Көзсіз мақтан.

Басқар қара Джиппен театрға қарай келе жатыр. Мәз. Телефон соғады.

Басқар: *\ телефонмен:* Әлө, Асқар, Асеке! Бұл Басқар, Басеке ғой! Сендер тез автотұраққа шыға қойындаршы! Мен келіп қалдым! Бір керемет сенсациям бар! А-а, қандай дейсің бе? Сондай-й! Оны көрген соң білесіңдер! Тез шығындар қызық болса!

Телефонын сөндіріп, екі езуіне жеткенше рахаттана күліп, театрдың артына, автотұраққа келіп тоқтайды. Асықпай жан-жағына маңғаздана қарап, бірелерді күткендей, керіліп отырады. Шыдамсызданып, сигнал беріп қояды.

Сәлден кейін театрдың артқы, қызметкерлерге арналған есігінен Әйткен, Қызбала, Тойтан, Нәркес, Асқар жүгіре басып шығады.

Оларды көрген Басқар Джиптің ішінде бұғып, тығыла қалады.

Әртістер жан-жақтарына қарап, Басқарды іздей бастайды.

Таба алмай, таңданып, елеңдеп тұрады.

Сол кезде Басқар сигнал береді.

Әртістер жалт қарайды.

Басқар Джиптің терезесінен оларға қол бұлғайды.

Барлығы оған қарай тұра жүгіреді.

Мәре-сәре, у-шу болады.

89 – Көрініс. Қуғын.

Көшеде.

Театрдың сыртындағы автотұрақта тұрған Басқардың қара Джипін біреулер алыстан торуылдап, сырттан бағып жүреді.

Әуелі бір бұрыштан Сәукен сығалап, ақырындап жақындап келеді.

Екінші жақтан Дәмелі шығады.

Ол да жан-жағына сақтана қарап қойып, ұрлана басып, Джипке жақындап келеді.

Осы кезде театр жақтан ұрлана басып Тостақ шығады.

Тостақ айналасын, әсіресе қара Джипті жақсылып тұрып, жан-жағынан соткасына, фотоға түсіріп алады.

Үшеуі машинаның жанында түйіседі.

Ақырын, үнсіз қол бұлғап сәлемдеседі.

Жалтыраған қара Джипке біртүрлі ызалы көзбен қарайды.

Бір-біріне көп мағналы ишара жасап, «көрдің бе, мына пәлені!» – дегендей назалы жүздерінен ызғар төгеді.

Дәмелі: \ Шыдай алмай жарылады. Бірақ, айналадан сақтанып, ызамен, ақырын сөйлейді. \ Міне, қараңдар! Масқара ғой мынау! Бұл иттің бізді қан қақсатып, қарызымызды бермей жүргеніне қанша уақыт болды! Біз мұны аяп жүрсек, бұл ит біздің ақшамызға мынадай машина алып, рахатқа батып, шайқап жүр!

Сәукен: Мен де осыны естігенде, талып қала жаздадым! Қашан көрсең де түгім жоқ деп, сүмендеп жүруші еді. Қарызды қайтар

десем, кейін,кейін деп, қашқақтай беретін. Сөйтсем, құлығына құрық бойламайды екен ғой!

Тостақ: Иә, сұмдығы ар жағында болып шықты бұл оңбағанның! Менің ескі көлігімді қарызға алып, соған әжептәуір болып жүретін. Енді міне, қараңдар! Отызға да келмей жатып, небір азаматтардың қолы жетпей жүрген Двухсотка Джипті мініп шыға келгенде, талайлар талып қала жаздаған шығар-ау!

Дәмелі: Осыдан қолыма түссін, ит терісін басына қаптайын!

Сәукен: Жонынан таспа тіліп тұрып, қарызымды сыпырып аламын...көр де тұр!

Тостақ: Басқа қарызы аздай, біздің банктен кредит алғаны тағы бар! Енді сол кредитін жабуын талап етеміз, не мына Джибін сот арқылы бақыртып тұрып тартып аламыз!

Осы кезде театрдың артқы есігінен ыңылдап:

Мен өзгеріп кетсем де,

Сен ешқашан өзгерме! – деп, әндегіп, көңілді шыққан Басқар екпіндеп машинасына қарай келіп қалады да, берешек кісілерін көріп, қалт тұра қалады.

Аналар да ай-шай жоқ оған қарай тұра ұмтылады.

Басқар шегіншектеп, айласын тауып ақырындап машинасына қарай өтпек болады.

Бұлар қолдарын құлаштай жазып, арбиып, тарбиып, оны Джипке қарай жібермеуге тырысады.

Басқар әлі де болса сытылып кетпек болады.

Бұлар адымдай басып, қуалай бастайды.

Басқар шегіншектей отырып, жолдың арғы бетіне өтіп, шеткі көшелердің біріне түседі.

Құғыншылар да жылдамдықтарын үдетіп, қалыспай қуады.

Облыс орталығының шет көшелерінің бірі.

Басқар зыта жөнеледі.

Үшеуі тұра қуады.

Жер жаңғыртқан қиқу, тасыр-тұсыр қуғын басталады.

Басқар көшеде қашып келе жатыр.

Оны қуып келе жатқан Тостақ, Сәукен, Дәмелінің айқайлары аспанды кернейді.

Тостақ: Әй, Басқар! Басқар! Тоқта! Тоқта деймін!

Сәукен: Қашпа, Басқар! Қашпа деймін!

Дәмелі: Басқаржан! Басқартай! Тоқтай ғой енді!

Тостақ: Тоқта, жақсылықпен!

Сәукен: Жердің тесігіне кіріп кетсең де суырып аламын!

Тостақ: Көкке ұшып кетсең де құтылмайсың!

Дәмелі: Бәлеге қаласың! Тоқта, одан да!

Басқар орғып, орғып, қуғыншылардың ырсылдап, қисалаңдап жүгіргендерін мазақтап, озыңқырап барып тосып алады. Барлығы ентігін басып, тоқтап, алыстан сөйлесе бастайды.

Тостақ: Әй, Басқар! Саспақ жаман!

Дәмелі: Қашпақ одан да жаман!

Тостақ: Белшеңнен қарыз болып жүріп, Джип алғаның қай сасқаның?

Сәукен: Қарыз –з! Қ-қарыз-зз-ымды қайт-тарр! Джибінді сатсаң да, қайтар менің қарызымды!

Дәмелі: Қайтармасаң, күн жоқ саған!

Басқар: Немен қайтарам? Қалай қайтарам?

Дәмелі: Қайтарасың! Жағдайың жоқ болса, Джипті қалай алдың?

Тостақ: Сотқа берем!

Басқар: Соттамақ түгілі, оттасаң да жоқ!

Тостақ: Әй, осы сендерді-ай! Жоқ, жоқ деп жылайсындар да жүресіңдер!

Сәукен: Бар деп бір айтпайсындар ғой!

Басқар: Жоқ нәрсені бар дегенмен, бар бола салмайды ғой!

Дәмелі: Болады! Неге болмасын!

Сөзге айналдырып тұрып, үшеуі Басқардың жан-жағынан қоршай бастайды. Ұстамақ болғанда, Басқар ұстатпай, секіріп, домалап, сытылып кетеді. Үшеуі ауа қармалап, сүрініп, жығылып: «Қап, бәлем, Басқар! Тұра тұр, Басқар!» – деп, қайтадан қаумалай бастайды.

Басқар: Ал, Басқар, өзіңді өзің басқар!

Қоршауды бұзып өтіп, бір қалтарыс қуысқа зып береді. Қуғыншылар алақтап, жан-жақтан іздей бастайды.

90 – Көрініс. Қарыздан қашқан қаһарман.

Басқардың пәтері. Кішкентай жер үй. \временка\.

Жанұшырған Басқар бір пәтерге қашып кіреді. Бұл досы Асқар тұратын пәтер.

Оны досының пәтеріне келіп, Асқарды күтіп отырған Әйткен таңдана қарсы алады.

Басқар: \ Алқынып, алас ұрып: \ Ойбай, тез мені жасыр!

Әйткен: \ *Қылжақтап:*\ Әй, сәлем қайда? Үлкен кісілерді сыйлауды әкең үйретпесе, мен үйрете қояйын! Сонымен, бірінші сабақты бастаймыз...

Басқар: Қайдағы сабақ? Мен қашып келдім! Қуғыншылар қаптап келе жатыр!

Әйткен: Қайдағы қуғыншы? Неғылған қуғыншы?

Басқар: Мені қуып келе жатқан қуғыншы?

Әйткен: А-а, сені ме? Мейлі, сені қуса қуа берсін! Мені қумаса болды!

Басқар: Ой, осы...қылжағың қалмайды екен? Тез жасыр мені!

Әйткен: Жасыр? Қайда жасырам? Қалтама тығам ба?

Басқар: Неғылсаң о ғыл, тек жасыр!

Әйткен: Жақсы! Бірақ, аға деп айт!

Басқар: Кетші, әй, бар! Түйдей құрдасты аға деп...

Әйткен: Қайдағы құрдас?! Сен бала, былай...ағаларыңмен байқап сөйлес...

Мен сенен бақандай қырық күн үлкен екенімді есіңнен шығарма!

Басқар: Қырық күн деген не ол?!

Әйткен: Әй, қырық күн деген қыруар ғұмыр емес пе? Қырық күнде мені қырқымнан шығарып, әп-әдемі қылып киіндіріп, бетімнен иіскеген. Мен кәдімгідей кісі болып, жұртқа көрінуге жарап қалғанда, сен аузы-мұрның қан болып, жарық дүниеге жаңа-жаңа тырбалаңдап шығып жатқансың!

Басқар: Оттапсың!

Әйткен: Оттағанды көресің қазір! Бар, онда, қайқай! Қай-қай!

Сырттан қуғыншылардың қиқуы естіледі.

Сәукен: Әй, Тостақ, тоқта! Бері кел! Басқар осында! Оның әртіс досы Асқар осы үйді жалдап, пәтерде тұрады!

Үйдің есігін қағады.

Тостақ: Асқар!! Әй, Асқар! Аш! Аш, қане!

Сәукен: Бізге Басқар керек!

Дәмелі: Шығарып бер жылдам!

Басқар: \ *Бұлардың қиқуын қорқа-қорқа тыңдап алып, жүні жығылып:*\ Әй, Айтуар – Әйткенжан, болды енді! Құрдасың құрып кетсін демесең, жасыр жақсылап!

Әйткен: Аға деп айт!

Басқар: Айтпаймын!

Әйткен: Онда мейлің...Құрдастың болмас елдігі деген...Қазір қарызқойлардың қолына беремін де, қызығыңа қарап тұрамын!

Басқар: Ой, ит-ай! Ал, аға десем ше?

\ Қуғыншылар қақпаны тарсылдаттып, «Аш! Ашыңдар қане!» – деп, айғайлап қояды.

Әйткен: О, онда әңгіме басқаша! Аға деген жаға, інілерге пана! Онда қамқорың, қорғаның боламын! Тіпті, анда-санда тлипоныңа тиын сап тұрамын!

Басқар: Ал, мейлі, мына пәледен құтқарсаң болды! Аға дейін, ал!

Әйткен: Жоқ, олай емес! Былай, дұрыстап, үлкен құрметпен Айтуар аға, ағатай деп айт!

Басқар: *\ бұл да әдейі рөл ойнап, жалынышты үнмен сызылып.* Ал, Айтуар аға! Ай-туар а-ға-тай!

Әйткен: О-о, міне қатып кетті! Осы айтқаныңнан қайтпа, енді! Өмір бойы ағалап өтетін бол!

Басқар: Ма-ма-құл!

Әйткен: Мақұл, Айтуар ағаке де!

Басқар: Ба-ба – бақұл, Ай-туар аға-ке!

Әйткен: Бақұлдасатындай өлейін деп жатсың ба? Мақұл де!

Басқар: Мақұл, аға-ке!

Әйткен: Бұдан былай, бетіме қарап сөйлемесің! Алдымнан кесіп өтпейтін бол! Көшенің арғы бетінде кетіп бара жатсаң, көлігіңді тоқтатып, жаяу келіп сәлем бер! Былай, дұрыстап, екі қолдап, иіліп... Аға, ағажан, ағатай деп алда, көңілімді аула! Ағанның ықыласы түссе – жаның қалуы әбден мүмкін! *\ Айғай күшейе түседі: Басқар! Асқар!*

Басқар: Енді қайттік?

Әйткен: Жат та, қата қал! Дымың шықпасын! Ес-түссіз жата бер! Қан тасып, жүрек қаққылап, жығылдың да қалдың! Ұқтың ба?

Басқар: Б-б-бұқтым! *\ серейіп жата қалады.*

Әйткен: *\ Бір қолымен телефонын шұқылап, қоңырау шала жүріп, есікті ашады. Үйге топырлап, таласып-тармасып кірген қаһарлы топқа қолымен салмақпен, зілденіп: «ақырын» -дегендей белгі беріп, сұлап жатқан Басқарды көрсетеді. Бәрі аңтарылып, үндей алмай тұрып қалады.* Әл-лө! Жедел жәрдем!? Тез жетіңіздер! Жағдай қиын, лөктірі!.. Менің досым Басқар ес-түссіз жатыр!.. Білмеймін... Әйтеуір, есіктен кірді де, жығылды!.. Жүгіріп, алқынып келді. Бірдемеден қорқып, толқып кеткен сияқты!.. Инсульт пе деп қорқып тұрмын, лөктірі!.. Жобасы, біреулер қуып, ұрып-соғып, тонамақшы болған сияқты!?... Жоқ, полицияға звондаған жоқпын... Керек болса, айтамыз. Әлгі қуып жүрген тонаушы, қарақшылар видеобақылауға түсіп қалуы мүмкін. Табамыз, керек болса!.. Иә, күтеміз, тез жетіңіздер, лөктірі!

Әдірісі ме, әдірісі – Біржан сал көшесі, 61- үй! \ *Телефонын сөндіріп, қуғыншыларға тесірейе қарап:* \ Ә-э, тоқта, тоқта! Сіздер емес пе мұны қорқытып, қуып жүрген?!

Тостақ: \ *Қызбаланып, күйгелектеніп:* \ Әй, шырағым! Сен не деп тұрсың өзі?

Әйткен: \ *салмақпен ақырын бастап, төпелеп, төндіріп:* \ Мен ештеме деп тұрғам жоқ! Көргенімді ғана айтып тұрмын. Ал менің көргенім – менің досым Басқар даладан жанұшырып жүгіріп келді. Қатты толқып, алқынып келді. Біреулер қорқытып, қуған сияқты. Содан есін жия алмай құлап түсті! Артынша сіздер қиқулап қуып келіп тұрсыздар! Ал, мен не деуім керек енді?! Бірдеме болып кетсе, ертең ел не дейді? Полиция, прокуратура кімді жауапқа тартады?!

Тостақ: \ *жүні жығылыңқырап:* \ Әй, шырағым, сен өзің қайда бұрып бара жатсың?

Сәукен: \ *бажылдап, байбаламдап:* \ Күллі жұртты қан қақсатқан алаяқты қарандар! Жұрттың есі шығып жүрсе, жатыр рахаттанып! Әй, қайыршы, кеңірдегіңді суырып алайын ба осы!

Әйткен: \ *салқын қабақпен, зілденіп:* \ Ақырын, ақырын...Сабыр, сабыр...Бірдеме боп кетсе, қиын болады...Бәріңізге де қиын болады! Сіздерден көреді!

\ *Үшеуі де шошып кетіп, шоршып түседі.* \

Дәмелі: \ *өз-өзінен қуыстанып, шошыңқырап:* \ Әбеу, көтек! Ит те болса аман болсын! \ *Тостақ пен Сәукенді қолымен ишара қылып, бөгейді. Сал үнсіздіктен кейін:* \ Күлесің бе, жылайсың ба, соңғы кезде мен осы иттің амандығын тілейтін болдым!

Сәукен: Әй, адырам қалсын! Тілектен садаға кетсін!

Тостақ: Арам қатсын, маған десе!

Дәмелі: \ *басын шайқап:* Е-е, бұл арам қатса, ақшанды кім қайтарады деп жүрсіңдер? \ *Ана екеуі: «Солай ма?» «Ой, онысы бар екен зой!» дегендей қолдарын сермейді.* \

Әйткен: \ *Сол салқын қабақпен, сабырлы салмақпен:* \ Ал, осымен қоя қойыңыздар! Ең дұрысы, жақсылықпен, тыныш қана тарқай қойыңыздар. Әйтпесе, мынау бірдеме болып кетсе, қарыз түгілі арызға ілініп кетіп жүрерсіңдер. Бәлесінен аулақ, барыңыздар. Мен де қазір жедел жәрдемге тапсырып, аман-сауында құтылайын деп отырмын.

Тостақ: Әй, мына итің шынында да тырқиып қалса қайтеміз?

Сәукен: Осыдан өліп көрсін...Көрінен суырып аламын! Көк тиынымды жібермеймін!

Дәмелі: Мына жатысы жайдан – жай емес! Мен бірдеме білсем,

кететін кісінің жатысы!

Сәукен: Сен жас кезінде ләктірде істеп едің ғой. Көрші тамырын ұстап... жүрегін тыңдап... тілін қарап...

Дәмелі: Аппаратым жоқ, мен не білемін? Үзіліп кетсе, бәлесінен аулақ!

Сәукен: Қорықсаң, өзім-ақ ұстап көремін. Менің әжем емші болған. Науқастың тамырын ұстап –ақ, сырқатын айтып беретін. \ *Батылданып, жақындап келіп, тізерлеп отыра қалып, Басқардың тамырын ұстап, көреді.* \ Соғысы жақсы емес, дүрс-дүрс етіп, атқақтап тұр, ойбай! Жаны шығайын деп жатқан сияқты!

Тостақ: Ә, не дейді, әй? \ *Былайырақ бұрылып барып, жанталасып звондай бастайды.* \

Дәмелі: Шынымен солай ма?

Сәукен: Нанбасаң, өзің ұстап қара. Міне!

Дәмелі: \ *лып етіп, Басқарға жетіп келіп, қолының тамырын ұстайды.* \ Қане, қоймадың ғой! \ *Тамырын ұстап, үнсіз отырып қалады. Сәукен оған демалмастан телміре, бақырайып, тесіле қарап отырады. Әйткен оларға ауыр оймен қарап тұрады.* \

Тостақ: \ *Телефонмен, ышқынып:* \ Әлө! Банк пе? Сіз менеджерсіз бе? Басекене айт, әлгі біздің кредитор Басқар Санбаев байғұс өлгелі жатыр екен! Кредиті қанша еді? Қарап жіберіп, оны-мұны жақтарын заңдастырып, қамдастырып қойыңдар! Форс-мажор? Форс мажор! А-а, не дейді? Оны неге басында ойластырмағансыңдар?! Қап, әттең! \ *Телефонын сөндіреді. Сәукен мен Дәмелі де шегіншектеп, мұның жанына келеді. Үшеуі бір-біріне бақырая қарап, үнсіз үрейленіп, ақырын жылжып, жылыстап, шығуға айналады.* \

Тостақ: Ал, қарағым, біз кеттік! Аман қалсын, әйтеуір!

Сәукен: Иә, ит те болса аман болсын! Басқа әңгіменің керегі жоқ!

Дәмелі: Бірдеме болып кетсе, сен бізді, біз сені көрген жоқпыз!

Тостақ: Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген жоқ сөз!

Әйткен: Жарайды, барыңыздар! Мен де зытамын қазір! Осымен бітсін бұл әңгіме! \ *Олар кетісімен, өзіне өзі:* \ О-о, ид-дея! \ *Сұлап жатқан Басқарды қабырғасынан «ыңқ» еткізіп түтіп қалады.* \ Бұларға не істеп қойып едің?

Басқар: \ *Орнынан тұрып:* \ Қарыз алып едім!

Әйткен: Алсаң, қайтармайсың ба?

Басқар: Қайтаруға қауқарым жоқ!

Әйткен: Онда неге алдың басында?

Басқар: Қажет болған соң алдым!

Әйткен: Соншалықты көп қарызсың ба?

Басқар: Басымнан асады!

Әйткен: Басыңнан асырғанша, басыңмен неге ойламадың?

Басқар: Бір жөні болар деп!

Әйткен: Әй, сен қай жеріңмен ойлайсың осы? Ит сүйекті жұтарда артына қарап алады екен, ертең түсе ме, түспей ме деп!

Басқар: Мен үретін ит емеспін! Мен кіретін ит, яғни, кред – итпін!

Әйткен: Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжуыр байлапты дегендей, кредитте нең бар!

Басқар: Әдемі киініп, жақсы машина мініп, жұрт қатарлы жарқырап жүргіміз келді. Оның несі айып?

Әйткен: Айып емес, лайық! Бірақ, көрпеңе қарай көсіл. Талтаңдасаң талтаңда, ақшаң болса қалтаңда! Қалай қайтарамын деп ойламадың ба?

Басқар: Енді...Жұрттың бәрі кредит алып –ақ, жап-жақсы болып жүр ғой...

Әйткен: Жә, іске көшейік...Қанша қарызсың?

Басқар: Ойбай, көп...Сұмдық көп!

Әйткен: Көп болғанда, қанша? Көрейік те есептеп.

Басқар: Дәл есебін өзім де білмеймін...

Әйткен: Сонда...саппас-ау, санамай ала бердің бе?

Басқар: Санағанда...санадым ғой. Бірақ, аяғында сан жетпес болып кетті!

Әйткен: Сан емес, сана жетпес десейші!

Басқар: Қарыздың қысқаны бір сәрі. Өсімі өлтіріп барады.

Әйткен: Кесімі аздай, өсімің не, әй?

Басқар: Қазір өсімсіз ешкім бермейді қарызды!

Әйткен: Неше банктен алдың?

Басқар: Бірнешеу! Әсіресе, ең соңғысы тым үлкен! Былтыр жазда Жерорта теңізіне демалысқа барып едім!

Әйткен: Не дейді? Кредит алып, көрөртке барып жүрсің бе?!? Ой, ташбаш!

Басқар: Жұрттан қалмайық деп...Немене, сонда бізге демалуға болмай ма?

Әйткен: Жоқ, бара бер! Бірақ, қарызданып қалай демалуға болады? Белшеңнен қарызға батып тұрып, қалай ұйқың ұйқы, күлкің күлкі болады,әй?

Басқар: Күлмегенде күйіп кетейік пе? Күйіне бергенше, көңіл көтеру керек деп жатыр ғой қазір...Тіпті, керек десең, өмірдің өзі

– кредит! Иә, шынында солай-ау, ә? Бұрын қалай ойламағанмын? Өмірдің өзі адамға берілген қарыз сияқты екен ғой! Сағаты соққанда, қайтып алады!

Әйткен: Өй, сен көкке кетіп қалдың! Жерге түс!

Басқар: Түссем – түсейін! Жылды қалай бастасаң, солай өтеді деген соң, аспанға от шашып, фейерверк аттым биыл!

Әйткен: Ойпырмай, саған дауа болмас! Ауаны улап, айналаны былғадың – бір! Екіншіден, қанша ақшаны әп-сәтте аттың да жібердің!

Басқар: Саспа, Қаспағым, өмір деген от шашудай қас-қағым! Сондықтан, оны жарқыратып, қайнатып өткізу керек! Кредиттің ақшасын аяймыз ба? Аспанға шашпағанда, астымызға басып отырайық па?

Әйткен: Әй, сен...қарызданып...атып...шашып жүрсің бе?

Басқар: Е-е, қарызданбағанда... Атамнан қалған мал бар деп едің!?

Әйткен: Қап! Не істейін енді? Талайды көріп едім, бірақ дәп мұндайды көргем жоқ! Күштінің арты диірмен тартады дейтін аталарымыз. Ал, қазіргілердікі фейерверк атады! Ол не үшін!?

Басқар: Қызық болсын деп...Жұрт таңғалсын, есінен тансын деп...

Әйткен: Ал, жұрт таңғалды да тарады! Одан не пайда?

Басқар: Солайы солай-ау, бірақ қызық!

Әйткен: Құтырық! Жалт-жұлт еткен жарнама – жын!

Басқар: Кейде бізді не құтыртып бара жатқанын өзім де түсінбей қаламын! Ал, қызықтың шыжығы бар!

Әйткен: Шыжығы?

Басқар: Быж-ж, быж-ж! Жаңа жылда...аулада... жұрт жиналып, отшашуды тамашалап тұрған! Тарсылдатып атып жатыр едім, бір кезде біреу «ойбай» салды. Әйелдің даусы! Мұндай ащы болар ма!

Әйткен: Хм! Ойбайдың тәттісі болушы ма еді?

Басқар: Жоқ, мынау тіпті бөлек ойбай! Сөйтсек...әлгі отшашудың біреуі қисайып құлап кетіп, ұшқыны тура көпшілікке қарай ұшқан ғой! Сөйтіп, әлгі әйелдің басына тиген!

Әйткен: Ал?

Басқар: Тура төбе құйқасына түскен! Содан, құйқасы бырысып-тырысып, күйе бастаған!

Әйткен: Мәссаған!

Басқар: Өзі де бір дәу әйел екен...Құйқасы тура құнан қойдың құйқасындай...Бүкіл ауланы үйтілген қойдың исі алып кетті! Уыс-уыс қар сеуіп, зорға сөндіріп алдық!

Әйткен: Содан?

Басқар: Содан сорлатты мені! Сотқа берем деп, сотқаға түсіріп, әктілей бастады! Әке, көке, әпкетай-жәпкетай деп әрең аман қалдым! Бірақ, құйқасына... шипасына...ұйпа-тұйпасына... төрт жүз доллар төледім!

Әйткен: Ой, қуғынбай!

Басқар: Жоқ, онша қуғынбай емеспін. Бізде де бас бар, есеп бар. Мәселен, мен көлік алғанда...

Әйткен: Сен көлік алдың ба?! Онда нең бар, күніңді көре алмай жүріп!?

Басқар: Немене, жаяу жүруім керек пе? Жұрттың бәрі мініп жатқанда...

Әйткен: Әй, міне бер...маған десең екеуін мін! Бірақ, қарыз болма!

Басқар: Қойшы, әй, сен де...ақылгөйсімей...Мен бірдеме білсем, қарызсыз өмір жоқ! Адамдардың бәрі біріне қарыз. Қарыздар! Сондықтан, қарыздан қорқып керегі жоқ, берсе, ала беру керек! Менен қайтпаса, құдайдан қайтар деп, жүре бер! Жә, бері қарашы... Маған Тостақ деген жамағайынымыз ескілеу бір көлігін арзандау бағаға ала ғой деді. Жүруге жарап тұр, әлі он жылға шыдайды, басқаға беруге қимаймын, жақыным болғасын, саған ғана арзанға беремін деді. Ақшам жоқ деп едім, қолхат жаз да ала бер, кейін берерсің, жас күніңде жаяу жүрмей, шалқып жүр деді. Такси болып, пайдаға батасың деді! Алдым да міндім!

Әйткен: Ал? Содан?

Басқар: Содан, сол...Салдаман екен, бір айдан соң салдырлап, сынды да қалды! Енді Тостақ ақшасын даулап, артымнан қуып жүр!

Әйткен: Неге беріп құтылмадың?

Басқар: Немді беремін?

Әйткен: Бере алмасаң,неге алдың?

Басқар: Бір жөні болар деп...

Әйткен: Е-е, өтпей тұрған көлігін итере салған ғой!

Басқар: Ол тіпті ескі көлігінің ақшасын доллармен есептеп, кешіктірген уақытым үшін процентке қойды!

Әйтқан: Шотшик!

Басқар: Иә, шотшик! Осы шотшик-потшик мені құртқан! Ана саудагер Сәукен... Арзан,жылтырақ, өтпей тұрған заттарын маған қарызға берді. «Саған мүлде арзанға беремін! Мұндай арзан баға – тек саған ғана! Ауылға апарып, сатып-сатып, қарық боласың!» – деп, жатып қалған заттарын алдап-сулап алғызды ғой.

Әйткен: Ой, есалаң! Неге аласың ондайды?

Басқар: Алмасыма қойды ма? Майда тілімен арбағанда, басым айналып, ала бердім, ала бердім. Сөйтсем, ол да шотшикке қойыпты! Доллармен!

Әйткен: Әй, Басқарым, Басқарым!

Қақпағасын бастарың,
Әркімге бір алданып,
Шоқ басуың қас-қағым!

Басқар: Амал қанша, қай бір жетіскеннен батты дейсің қарызға! Жетпеген соң, керек болған соң кіріп кеттік қой көзді жұмып. Ал мынау Дәмелі деген –барып тұрған өсімқор. Процентпен ақша берді қарызға. Доллармен! Процентін де доллармен есептеген! Содан, теңге құлдыраған жоқ па? Сол оқсатты мені!

Әйткен: Тәк! Тоқ етері – не істейміз? Қалай құтыламыз бұдан?

Басқар: Өзің бірдеме қылмасаң, менің басым мүлде қақпай қалды. Әй, аға, ағатай, осыдан құтқарсаң, дәләнді беремін!

Әйткен: Өлә, дәлә, долана! Әй, дорақ, неңді бересің, әй?

Басқар: Барымды аямаймын!

Әйткен: Хе-хе-хе! Бірақ, ақылды адамдар өздері-ақ ретін келтіріп, тіпті, моладан да дәлә ала біледі!

Басқар: Ал!

Әйткен: Қарыздан құтылудың үш жолы бар!

Басқар: Қандай? Айтшы тез, Қаспақ!

Әйткен: Әйтеке, Әйтеке де!

Басқар: Әйтеке, Әйтеке!

Әйткен: Бірінші және ең керемет жолы – қарыз алмау! Шамаң келсе, ешкімнен, ешқашан қарыз алма!

Басқар: Әй, қу тірлік оған қарата ма!

Әйткен: Қара нан жесең де, қарызсыз жесең – бақыттысың!

Басқар: Жә! Ал, екінші жолы қандай?

Әйткен: Амалсыз қарыз алғандай болсаң, шамаңа қарай шақтап ал! Және өсімсіз ал, ешқашан да шотшикке кіруші болма! Ең бастысы, уағымен қайтара біл!

Басқар: Әй, сен де бір...Бірдеме үйретеді екен десем...

Әйткен: Ал, үшінші жолы – күшті жол! Қарыздан да, бүкіл қиындық атаулыдан да ың-жыңсыз бір-ақ құтылатын жол!

Басқар: Бол, айтшы сол жолыңды!

Қаспақ: Өлә, дәлә, мола! Долана, молаға қарай домала!

Басқар: Не? Немене? Сонда-а...

Әйткен: Иә, енді саған өлу ғана қалды!

Басқар: Астапыралла!

Әйткен: Жан керек екен, ә?!

Басқар: Кімге керек жоқ дейсің...

Әйткен: Ах-ха! Олай болса, өтірік өлу керек саған!

Басқар: А-а! Не дейді, ойбай!

Әйткен: Қысқасы, не өлесің, не қарызын бересің! Қайсы келеді қолыңнан, қане? Меніңше, тып-тыныш өле салғаның жөн!

Басқар: Ал, содан кейін?

Әйткен: Содан кейін, бәрі белгілі...Ел болып ептеп жылап – сықтап, азырақ мақтап, қараңды ақтап, аттандырып жібереміз...ана жаққа! Бүкіл күнәларың да, қарыздарың да капут болады...кешу!

Басқар: Ал содан кейін?

Әйткен: Содан кейін сол! Барлық қарыздан құтылып, тап-таза болып қайта туасың!

Басқар: Пах! Кер-ремет!

Әйткен: Олай болса, тырп етпей серейіп жатуыңды біл! Қалғанын Қасекен, мына Қаспақ ағатайың өзі қатырады! \ *Басқар* дв жатқызады. *Телефон соға бастайды.* \ Әлө! Әлө! Қайда жүрсің, Асқарым?

Бір тайталас бастадым!

Тез арада жеткейсін,

Бәрін шешер қас-қағым! Қас-қағым! \ *Телефонынан музыка қосып, әндетіп, айнала билеп жүреді. Сәлден кейін жедел жәрдемнің сиренасы естіліп, у-шу болып кетеді. Қаракөлеңке түседі. Жүгіре басып дәрігер келеді. Әйткен оны қолтықтап, бірдемелерді айтып, Басқарға қарай бастай береді. Сол кезде шам сөніп, қараңғылық басады.*

91 – Көрініс. Өтірік өлген әртіс.

Басқардың пәтері. Басқардың «қазасы» жайлы хабарды естіген жақын туыс, жолдас-жора келіп, кетіп жатыр. Құдағи келеді. Қаспақ бәрін қабылдап, дым білдірмей сөйлесіп, батаға әкелген қаражаттарын бір дәптерге тізіп жазып, ақшаны қойны-қонышына сүңгітіп жатыр.

Құдағи: \ *Батаға ақша береді:* \ Қырық мың...Құдағи атым бар ғой...

Әйткен: Қабыл болсын!

Құдағи: Жақсы кісі еді! Ақшадан басқаға иттігі жоқ еді! Жап-жас...жиырма бесте жанып тұрған кезі. Қиятын емес, тіпті...

Басқар: Өттең, амал қанша!

Құдағи: Е-е, дүние-ай, несін айтасың! Біз құда болғалы не заман! Қаршадайынан білемін ғой... Бұл бишара жас та болса, не көрмеді! Өке-шешесі ауылдан ұзап шықпаған момындар... Қолдағы малға қарап қалды. Күнкөрістен артыққа қауқары жоқ. Басекеңнің, Басқаржанның әуірімдеп бітірген оқуы іске аспай қалды – жұмыс жоқ деп еш жерге алмай қойды. Қазіргі жастар қалаға қашып жатқан жоқ па? Солардан қалмаймын деп кетті бұл да... Не үй жоқ, не күй жоқ, жүрді қаңғырып. Оның не істеп жүргенін кім біліпті? Әйтеуір, анда-санда құйындай бір соғып кететін... Кәсіпкер болдым, жұмысыма керек деп бізден қарызға ақша сұрайтын. Әуелде, құда ғой деп, ұялғаннан аузымыздан жырып, бірдеңе берген болдық. Басекең дәнігіп, тіпті, құнығып алды. Содан, қарасын көрсек, қабағымыз қарс жабылып, талағымыз тарс айырылатын болды! Мұндай боларын кім ойлаған?

Әйткен: Қанша қарыз болды Басекең?

Құдағи: Бәрін қосқанда жүз мың!

Әйткен: Охо! Бірақ, кетер құда кетті, құдағи! Енді не істейміз?

Құдағи: Не істегені несі?

Әйткен: Қарызды қайтеміз, қарызды? Оны кім қайтарады?

Құдағи: Қайтарғанда...не ғой енді...

Әйткен: Қайтарғанда да, қайтармағанда да қайтпайды енді! Ертең жаназада құдаңызды жағадан алып, даулаймын десеңіз еркіңіз!

Құдағи: Астапыралла! Ондай сұмдықты айтпа! Қазақ емеспіз бе! Кешулік, кешулік болсын!

*\ Тостақ келеді. Құдағи кетеді. *

Тостақ: *\ Шартып:* Дә-әә! Тә-ә-кк!

Әйткен: Кә-ә-кк?

Тостақ: Қап-п! Мынаның қылғанын қарашы!

Әйткен: Неғыпты сонша? Тыныш өлуге де рұқсат жоқ па кісіге?

Тостақ: Жоқ! Қайдағы тыныштық? Сонша қарызды арқалап, қайқайып тартып отырмақ па?

Әйткен: Енді, оған қандай амал бар? Кешіру керек бәрін де!

Тостақ: Кешкенде...Кешпегенде...Сонда мен арқа етім арша, борбай етім борша болып тапқан табысымды жатыпішер біреуге беруім керек пе?

Әйткен: Апырмай, енді, ағайын, туыс емессіздер ме?

Тостақ: Ағайын болғанда да...Алыстан қосылады деген аты ғана. Әйтпесе, айдаладағы біреу.

Әйткен: Иә, ақша тұрғанда, қайдағы ағайын!?

Тостақ: Басқарға бола басты қатырмай-ақ қой! Оның арғы атасы Қасқат, Қасқаттан Жақсат, Жақсаттан Мақсат, Мақсаттан Басқақ, Басқақтан Қоспақ, Қоспақтан Басқар туады. Ал мен, Тостақ, бұларға арғы атамыз Аспаптан қосыламын! Аспаптан Басқарға дейін алпыс алты ата бар шығар!

Әйткен: Шынында да алыстау екен! Дегенмен, түбі бірге тұтпейді деген де бар ғой!

Тостақ: Түткенде...түтпегенде...Тым болмаса, алғанын қайтарсаңдар...қалғанын кешірейін!

Әйткен: Ал, көрейік...айтыңызшы алғаны мен қалғанын.

Тостақ: Басқасын былай қойғанда, бұған мен мәшинәмді де бердім.

Әйткен: Мәшинә деп тұрғаныңыз ескі драндулет пе? Тәрәләйкәні несіне бердіңіз?

Тостақ: Тәкси болып, күн көрісін айырсын, тиын-тебен тапсын деп бердім!

Әйткен: Бірақ, салдаман мәшинә санаулы уақыттан кейін, салдыр-гүлдір етіп, сынды да қалды!

Тостақ: Оған мен кінәлі емеспін! Ұқсатып міне алмаған олақтығынан көрсін!

Әйткен: Оқсаттыңыз! Басқарды қан-қақсаттыңыз! Әрең-әрең күнін көріп жүрген ағайыныңыздың мойнына мәшинәңізді арта салдыңыз! Процентімен!

Тостақ: Әне! Кісіге жақсылық қылсаң да жақпайсың!

Әйткен: Жақсылық қылсаң, бүтін қыл деген...Енді, кешіргеннен басқа жол жоқ!

Тостақ: Қап! Кешкенде...кешпегенде...Жарайды, екі доңғалағын тауып берсеңдер, екі доңғалағын кешірейін!

Әйткен: Екі доңғалақ...екі дөңгелек...Қатырасыз-ау, Тостеке!

Тостақ: Қатырғанда да...қатқанда да...

Осы кезде Дәмелі сөйлей келеді.

Дәмелі: Апырмай, мұндай болады деп кім ойлаған! Қайран Баспақжан – ай, Басекең –ай! Ақ көңіл еді...аңқау еді, аңқылдақ. Ешкімді алдамайтын. \ *Тостаққа қарап:* \ Жұртқа сондай сенетін. Біреу алдайды деп ойламайтын.

Тостақ: \ *Қысылыңқырап:* \ Ия, Алаштың азаматы еді! Қатарының алды еді! Бірегей еді! Бергенінен берері көп еді...Аларын алып, берерін беріп болмай неге кетті екен?

Әйткен: Оу, майталмандарым! Мәйітті мақтағанда майын тамызасыңдар – ау! Сендер өлген кісіні мақтағанда бар ғой, тірі

кісінің өлгісі келіп кетеді! Мұндай мадақ сөздерді Баспаққа қимай, тіпті ішіміз де күйіп барады! Ал, шынына келгенде, осының бәрін тірісінде айтсаңдар, Басқар өлмеуші еді!

Тостақ: \ ұялыңқырап:\ Жә, болары болды, қайтеміз. Мен бір шұғыл жиналысқа баруым керек еді, бір айналып келермін. \ Кетеді. \

Дәмелі: \ Тостақтың сыртынан жұдырығын түйіп:\ Басқардың түбіне жеткен осы ит!

Әйткен: Жә, сіздің қанша қарызыңыз бар?

Дәмелі: Екі мың доллар! Екі мың әмерикәнскәй доллар!

Әйткен: Пой, пой, пой! Сонша соманы қалай беріп жүрсіз?!

Дәмелі: Берейін деп берді дейсің бе? Бермесіме қоймады ғой!

Әйткен: Ап-пырмай! Алданып қалған екенсіз дә!

Дәмелі: Алданғанда...аңқитып соқты...

Әйткен: Ал?

Дәмелі: Алғанда...

Әйткен: Алғаны, кәңкіретні алғаны қанша?

Дәмелі: Алты жүз доллар! Екі жылғы өсімімен екі мың доллар болды!

Әйткен: Ойпырмай! Ешкіні білуші едік, егізден табатын. Сіздің долларыңыз доңыз сияқты екен....сегізден табатын!

Дәмелі: Доңыз десең де, қоңыз десең де мейлі! Қу құлқынын ойламайтын кім бар екен осы күні!

Әйткен: Ойлағанда да, шектен шықпау керек қой! Мұны қайдан үйреніп жүрсіз?

Дәмелі: Нені?

Әйткен: Жеуді!

Дәмелі: Осыны да жеген деп тұрсың ба?

Әйткен: Жоқ енді...қарыз беріп, өсім алғанды айтамын да...

Дәмелі: А-а, оны банктен үйрендім! Мен банкте істегенмін өмір бойы! Уот, жеді деп біздің бастықты айт! Жегенде, жұртты алдап-арбап, жан-жағын жалмап жейтін! Жұтып қойғанын жан білмей қалатын! Және өзіне майдай жағатын! Жаман қызығатынбыз!

Әйткен: Иә! Сондай қолы ыңғайлы, аузы майлы жемпаздар болады!

Дәмелі: Ақыры, арты ашылып, масқара болды бір күні!

Әйткен: Әп, бәлем! Қайтарды ма алғанын?

Дәмелі: Жоға, шетелге зытып кетті.? Ақшаның көбін алдын-ала аударып жіберген екен, бітті! Жалмап жеген құтылды, жалап жеген біз тұтылды! Көрмегеніміз жоқ. Әйтеуір, сотталмай аман қалғанымызға

қуандық.

Әйткен: Солай – селяви...

Дәмелі: Содан, күнкөріс керек, ептеген тиын-тебенді айналдырып, қысылғанға қарасып, қарыз беріп, өстіп өмір сүріп жатырмыз. Енді қайт дейсің маған?

Әйткен: Білмеймін не дерімді...

Дәмелі: Ал мен банк болмаса да, банкадағы барымды білемін! Соны дұрыстап ұстап, бірді екі қылмасам, қаңғып қалатынымды да білемін! Сондықтан, сен маған мән үйретпе, балақай! Селяви- солай ма?!

Әйткен: Үйреткенде...Үйретпегенде... Кең болсаң, кем болмайсың деген аталарымыз! Қарызды кешіргеннен басқа амал жоқ!

Дәмелі: Кешкенде...Кешпегенде...Жә, олай болса...жақсы бала еді, бір ширегін кешейін!

Әйткен: Ширегіңіз...ширек қой! Сіздей тәте сирек қой! Бірақ, мұныңыз көп түйнек қой!

Дәмелі: Апырмай, ә! Мейлі онда, үштен бірін ап тастайын!

Әйткен: Үштен бірін алғанда да, бір мың үш жүз отыз үш доллар! Әмерикәнски! Мүмкін емес!

Дәмелі: Қап,әттегене, ай! Мына қайыршының қарызымды қайтарғанша жүре тұрмай, арам қатқанын қарашы! Тіпті ретсіз кетіп отыр, атаңа нәлет!

Әйткен: Қайтесіз енді! Солай боп қалды!

Дәмелі: Бопты онда! Жартысын кештім!

Әйткен: Жартысы жартылық емес қой! Бақандай мың доллар! Оны сізге кім береді?

Дәмелі: Кім бергені несі, әй?

Әйткен: Кететін Басқар кетіп қалды! Енде сізге ешкім де жауапты емес! Қуып барып, қылкөпірде кеңірдегінен аламын демесеңіз...

Дәмелі: Артында туыстары бар емес пе?

Әйткен: Бар болғанда, біреудің қарызына біреу жауапты емес, заң бойынша! Сондықтан, сіздің ақшаңыз ақыретке кетті дей беріңіз!

Дәмелі: Ойбай-ай, ойбай...енді қайттім? Өсімі құрсын, тіпті, өз ақшамнан айырылып қалатын болдым ғой! Әй, Қаспақжан, ақылың бар ғой, осы өсімінің бәрін өшіріп тастайын, ана қолымнан алған алты жүз долларымды қайтарсаңдар болды! Соған да мақұлмын!

Әйткен: Мақұлы мен де мақұлмын! Бірақ, тақырмын!

Дәмелі: Тақылдамай, тап жылдам!

Әйткен: Таппаймын, тәте, таба алмаймын!

Дәмелі: Онда мен сотқа беремін!

Әйткен: Бере беріңіз! Кімді бересіз, не деп бересіз сотқа?

Дәмелі: Қап, әттегене, ай!

Әйткен: Одан да былай етейік! Ертеңге дейін батадан бірдеме түсіп қалар, содан қағыстырып үш жүз долларыңызды тауып берейін! Қалған үш жүз долларыңызды батаның есебіне жазып қояйын!

Дәмелі: Қап! Ибәй-әй, ибәй-әй! Амал қанша! Мейлің, енді, солай-ақ болсын!

*\ Кете береді. Осы кезде буда, буда ала сөмкесін көтеріп, самбырлап Сәукен келеді. *

Сәукен: Әй, Әйткен, Әйткентай! Бермен қара қас қақпай!

Әйткен: Бұл не?

Сәукен: Бұл ма, бұл- қып-қызыл пұл! Батаға әкелген мата – шата, орамал-сорамал, жыртыс-мыртыс, шәй-пәй, тәтті-пәтті,, шәкәләт – мәкәләт,кәмпит-сәмпит, бірәндік-сірәндік, мөмпәси – көмпәси, мормелат – сормелат, бапыли-сапыли!

Әйткен: Ой, апай, бапылдап, сапылдап кеттіңіз ғой? Мұны қайтемін?

Сәукен: Е-е, қазақтың ырым-жырымы көп қой, бір кәдеге жарап кетер...

Әйткен: Ырым –жырым деп жүріп, жырым-жырым боп біттік! Жат жұрттық саудагерлер: «Қашан қазақтардың құдалығы не дұғалығы болар екен?» деп, аспай-саспай күтіп отырады-ау! Тіпті, осы қазақтар тезірек өлсе екен, көбірек өлсе екен деп, тілеп отырмасына кім кепіл? Соларға жем болып, мазақ болып, түкке жарамайтын, түртіп қалсаң жыртылып қалатын үлбіреген шүберектерге, сасық, зиянды нәрселерге неге құмар болдық екен! Жол – жоба, кәде – сәде деп, көди-сәдиге неге маталдық сонша?!

Сәукен: Көп сөзді қайтесің, қане, хаттап-шоттап қабылдап, қағазыңа жазып қой мынаны!

Әйткен: Ал, қане көрейік! *\ Сәукеннің сөмкесін ақтара салады да, әкелген заттарын шетінен қарай бастайды. * Тү-үү, мүңкіп кетті ғой! Осынша сасық нәрсені қалай әкеп жүрсіз? Міне, мына шәй-пәйіңіз де, тәтті –пәттілеріңіз де жарамайды. Сертификаты жоқ! Қоспасы көп! Зиянды! Капут! ОТК-ден өтпей қалды!

Сәукен: Өй, ӨТК-ің өтіңмен кетсін! Кім оны қарап жатыр? Дұғада көпшілікке жарай береді!

Әйткен: Жоқ, жарамайды! Ішіне не қосылғаны белгісіз, күмәнді нәрселерді жегізіп, халықты уландыруға хақымыз жоқ!

Сәукен: Мұндай заттарды біз шығарған жоқпыз! Бізге әкеп береді. Оптом алып, топтап сата береміз! Соның арқасында көштен қалмай, күн көріп отырмыз! Оны сатпай, арам қатайық па?

Әйткен: Бірақ, өз халқыңызға өзіңіз зиянды заттар сатып жатқаныңызды неге ойламайсыз?

Сәукен: Сасықты сатқан мен сабаз ба, сатып алған сен сабаз ба?!

Әйткен: Сатқызған сабаз! Самал ескен сардаланы сасытқанның бәрін де сотқа тарту керек!

Сәукен: Жә, қолыңнан келмеске аузыңды ауыртып қайтесің! Одан да мына батаны қабылдап ал! Анау-мынау емес, бақандай елу мың теңгенің нәрсесін әкеп тұрмын!

Әйткен: Иә, қарық қылдыңыз! Өз бағасына баға қосып, көпірткеніңіз осы ма? Мұндай нәрселерді пайдаланбақ түгілі, қолға ұстаудың өзі қауіпті. Химия-симия, микроб-сикроб дегендей. Мұнда не бәле жоқ дейсің! Тоқ етері, сасық, зиянды, түкке қажеті жоқ кәкір-шүкір нәрселермен жасалған бата қабылданбайды! ОТК отказ береді!

Сәукен: \ *Ұялғансып, заттарын қайтадан сәмкесіне тоғытып, аузын байлап жатып:* \ Әй, қойшы сен де, төндіре бермей...Осы мен сатқан нәрседен өлген кісіні көрген жоқпын.

Әйткен: Кім біледі? Кетіп жатыр ғой не бір қыршындар! Бәлкім, осы заттармен келген бәлелер біртіндеп құртып жатқан шығар! Мұны тексеріп жатқан ешкім жоқ! Тым болмаса, халық өзін-өзі қорғап, сақтанып, мұндай қауіпті нәрселерді алмай қою керек қой!

Сәукен: Алмай қайда барады! Жаман екенін көріп, біліп тұрып алады! Әйткені, арзан! Ал, қайтесің!?

Әйткен: Ех, әттең! Халықтың мұқтаждығын пайдаланып, арзан, жылтырақ бұйыммен көзін арбап, тәтті сөзбен өзін алдап соғып отырсындар ғой! Мына Баспаққа берген қарызыңыз да сондай заттар! Ұялмай ақшасын талап етіп, ақыры құртып тындыңыздар!

Сәукен: Мен туыс болған соң, қарызды он – ақ процентпен бердім! Егер, жиырма процентпен бергенде, бұдан да жаман болатын еді!

Әйткен: Туыс болсаңыз, онда осы қарызыңызды кешіп неге жібермейсіз?

Сәукен: Кешкенде, ия, кешеміз ғой енді ептеп...Бірақ, қалғанын түгел тауып беремін деп, сен маған кепілдік бер!

Әйткен: Қалғаны қанша болады?

Сәукен: Қазір қағып жіберейік оны! \ *Телефонының калькуляторын басып, басып:* \ Тәк, Қаспақтай, бері қара! Баспақжан маған бас-аяғы үш мың доллар қарыз!

Әйткен: Мәссаған! Соның бәрін тауармен ала берген бе?

Сәукен: Ия! Оның қызығы бар. Тостақтан алған көлігін жөндетпек болып, ақша іздеді емес пе? Содан, менен тауар алды. Ауылға апарып сатып, пайдасына көлігін жөндемекші болған.

Әйткен: Содан бірдеме шықты ма?

Сәукен: Жоға! Сата алмай, қарызға беріп, аяғы құн-жұн болып кетті.

Әйткен: Ал, сіз туысыңыздың қиналып жүргенін көріп тұрып, шотшикке қойдыңыз ба?!

Сәукен: Оған мен жазықты емеспін. Ақ қар, көк мұзда, базарда біреу үшін бозарып тұрыппын ба? Менің нәрсемді алғаны рас, ендеше қайтарсын!

Әйткен: Жә, берген товарыңыздың қаншасы сіздің қосқан наварыңыз?

Сәукен: Ол енді құпия! Кәмершеская тайна!

Әйткен: Қаншасын кешесіз, қысқасы?

Сәукен: Екі мыңын ертең тауып берсең, бір мыңын кешірейін! Туыс қой, қанша айтқанмен!

Әйткен: Екі мың? Оны кім береді сізге?

Сәукен: Енді, ел-жұрт бар емес пе? Батадан жиналмай ма?

Әйткен: Дұрыс айтасыз! Табылған ақыл! Сіз екі мың доллармен бата жасай қойыңыз да, парызыңыздан құтыла қойыңыз! Біз оны сізге қайтарып беріп, қарызымыздан құтыла қояйық!

Сәукен: Тапқан екенсің ақымақты!

Әйткен: А-а, сіз ақылдысыз ба! Қазір не көп, ақыл көп! Бірақ, ақша жоқ! Болмайды да!

Сәукен: Апырмай, Әйткенжан-ай, бір амалын тапсайшы енді!

Әйткен: Қандай амал? Қайдан табам?

Сәукен: Қап! Енді қайттік?

Әйткен: Қайткенде...Былай болсын. Сіз қарызыңыздың бәрін кешіріп жіберіңіз! Ал, мен сізді екі де, үш те емес, тұп-тура бес мың доллар бата жасады деп жазып қояйын! Бірақ, қорықпаңыз, сіз қосымша ештеңе бермейсіз! Ал, мен сізді жұртқа жарнамалап, жақсы атыңызды жалғанға жаямын! Сәукен тәтемізге жететін жомарт жан жоқ! Алыпсатарлар мен алпауыттардың ішінде бәрінен асқаны осы деп жер-көкке әйгілеймін! Молдалардың батасын алып беремін! Сонда, анау бақталас ағайынның аузына құм құйылмай ма?! Міне, көзге түсетін жеріңіз осы! Реті кеп тұрғанда, көрініп қалыңыз!

Сәукен: Апырмай, Әйткенжан, сен шынында бір көреген кісі

екенсің! Бірақ, біртүрлі неғып тұрмын...Жартысын кешсем жетпей ме?

Әйткен: Жартысы деген не сөз? Жартылай ғана жақсы атты боласыз! Ана Дәмелі де кешті қарызының жартысын! Сіз енді ол емессіз ғой! Сау-у-дагер Сәу-у-кен атыңыз бар ғой!

Сәукен: А-а, анау өсімқор неме сөйтті ме? Онда мен оған көрсетейін! Айтқаның болсын! Тек батттып тұрып жазып қой! Көрсін, білсін бәрі...кімнің кім екенін!

Әйткен: \ *Дәптерге ұқыптап жаза бастайды:* \ Айтсаңыз болды, Сәукен тәте! Міне, бәрінен асып түсетініңізді тағы бір дәлелдедіңіз! Жә, жақсы! Жарайсыздар! Ел екенімізді, ер екенімізді ең болмаса осылай бір көрсетіп қояйық та! Жақсы, жақсы! Ал, ертеңге дейін!

Сәукен кетеді.

Ол кеткен соң Әйткен оның артынан барып, есікті мықтап жабады.

Басқардың жанына келіп, досының түріне қарап: «Е-е, өмірден тапқаның осы ма?» -дегендей, ауыр ойға батып тұрады...

Серейін жатқан Басқардың денесі ұйып, талып, арлы-берлі аунағысы келеді, бірақ қорыққанынан тырып ете алмай, әрең шыдап жатады. Ешкім көріп тұрмаған шығар деп, бет-аузын ептеп жыбарлытып, қисаңдатып қояды. Ақырын бір көзін, содан кейін екінші көзін ашады. Үстінде төніп тұрған Әйткенді көріп, қайтадан тарс жұма қояды.

Әйткен күліп жібереді.

Ол күлгенде, селк ете қалған Баспақ сымдай тартылып, қақиып, серейе түседі.

92 – Көрініс. Есеп-қисап.

Басқардың пәтері.

Әйткен: \ *серейін жатқан Басқарды саусағымен түрткілеп:* \ Тұр, әй, Басқар! Басмач! Тұра ғой! \ *Басқар қозғалмай, тыныс алмай жата береді.* \ Әй, мынау шынымен неғып кеткеннен сау ма? Тіріл жаның барында! \ *Басқар былқ етпейді.* \ Әй, мынау жалажансар бірдеме ғой өзі...Ә, жарайды, онда мен сені біржолата дұрыстап өлтіре салайын! Әлгі укол қайда, укол? \ *Өтірік қарманған болады. Басқар ытқып тұрып, басын көтеріп, отырады.* \ Ал, шегінетін жер жоқ! Кел, есебіңді тыңда!

Басқар: Есің дұрыс па? Есебің не?

Әйткен: Есебім де, есім де тұп-тура! Міне, бері қара! Жамағайының Тостақ қарызының өсімін кешуге келісті әйтеуір! Бата жасағаным болсын дейді!

Басқар: Өсімін қайтіп қиды екен? Оның дүниеқоңыз екенін бүкіл ел біледі!

Әйткен: Ел дүрлігіп, келіп жатыр...

Басқар: Енді, қадіріміз бар дағы! Айналайын халқыма рахмет! Жылағандарын естігенде, қосыла жылап жібере жаздадым ғой! \ *Кемсеңдеп:* \ Кісі қимайды екен!

Әйткен: Атып тұрып, құшақтасып, қосыла еңіреп жібермедің бе? Әй, керемет қызық болатын еді! Баспағым-ай деп мөңіреп тұрсаң... өзіңді-өзің жоқтап!

Басқар: \ *Қосыла күліп:* \ Кетші-әй, сен де!

Әйткен: Тәк, тәк! Құдағиың қырық мың берді!

Басқар: Құдағи ма, құдағи...Әбден әккі болып алған! Көрінетін жерін біледі!

Әйткен: Нағашың жиырма жеті мың!

Басқар: Неге жиырма жеті мың?

Әйткен: Негізі отыз мың берген, бір қойдың құны деп! Үш мыңын мен алдым! Он проценті – шәпкі ғой!

Басқар: Шәпкі? Не шәпкі?

Әйткен: Кәдімгі шәпкі ше, шәпкі! Откат!

Басқар: Қайдағы откат? Батадан откат алғанды қай атаңнан көріп едің?

Әйткен: Откат болмаса, подкат болады! Заман солай, заң солай! Қарыздың өтеуіне өлікті сойып, көзін ойып, жүрегін кесіп, бүйрегін тесіп алып жатқанда, шәпкіге бола шат-шәлекей болып қайтесің!

Басқар: Ох, сендерге дауа болмас!

Әйткен: Оны өзіңе айт, алдымен өзіңді жөндеп ал!

Басқар: Жә, қойдым, Әйтеке! Сонда, әлгі нағашым қойдың құны деді ме?

Әйткен: Иә!

Басқар: Қойы несі, әй? Тым болмаса таймен келмей ме? Баяғыда оның әкесі өлгенде, менің әкем бие апарған!

Әйткен: Қап! Әкең де өзің сияқты ақымақ болған екен ғой!

Басқар: Жоқ! Әкем ақымақ емес, ақкөңіл болған! Өзім сияқты аңқылдақ еді, жарықтық!

Әйткен: Аңқылдаған пақырларым, таңқылдаған тақырларым-ай!

Басқар: Мүңкіп жүргеннен де, аңқып жүрген жақсы ғой!

Әйткен: Аңқып, шалқып жүріп, ақырында қалқып, қаңғып кетпесеңдер болды! Жә, анау Аңқабай досың екі мың теңге берді.

Басқар: Аңқаштың әкелгені сол-ақ па? Ұят жоқ екен ғой!

Әйткен: Ұят бары бар ғой, бірақ, ақша жоқ қой!

Басқар: Жылай береді осылар...

Әйткен: Жыласа да, жыламаса да, құдалық пен дұғалық жұрттың дымын қалдырмайтын болды!

Басқар: Әй, қойшы! Қарным ашып тұр! Айран бар ма?

Әйткен: Саған тамақ жеуге болмайды!

Басқар: Неге?

Әйткен: Енді...сен несің ғой...

Басқар: Немін?

Әйткен: Тірі емессің ғой...

Басқар: Қалай тірі емеспін?

Әйткен: Солай!

Басқар: Әй, сен де...Бол, бірдеме бер, шегім шұрылдап, қарным қабысып қалды!

Әйткен: Болмайды! Тамақ жесең, туалетке жүгіресің, бәрін бүлдіресің! Мә, қандай масқара – жұрт келіп, көңіл айтып жатқанда, сен туалеттен шығып келе жатсаң... Қой, одан да, тыныш жат. Шыдай тұр, ертең бітеді бәрі...

Басқар: Біткенде...шынымен құтыламын ба бәрінен?

Әйткен: Мүмкіндік бар!

Басқар: Қылжағынды қойшы, әй!

Әйткен: Жә! Қарызын кешкендері бар, азайтқандары бар, түскен ақша бар, бәрін қосқанда, жобасы жақындап қалды. Қалғанын көмгеннен кейін келетіндер беріп қалар деп дәмеленіп отырмыз!

Басқар: Көмгенің не,әй? Кәлләң кетіп қалған жоқ па?

Әйткен: Өлгеннен кейін көмбегенде, көрмеге қояды деп пе едің?!

Басқар: Кет, үй, кет! Мен бұған көнбеймін!

Әйткен: Көнбегенде қайда барасың?

Басқар: Қой, ондайды! Қайтадан тірілтіп ал, амалын тауып?

Әйткен: Қалай тірілтемін? Қайтіп? Ақшаның бәрін жиып алдық, елге қай бетіңмен қарайсың?

Басқар: Сонда мені... шынымен...жөнелтіп жібермексің бе?

Әйткен: Жөнелмесең болмайтын сияқты...Әуелде ойда жоқ еді,енді қайттік?

Басқар: Қайткені несі? Қателесіп кетіппіз, есінен танған екен, тірі екен, бір ажалдан қалыпты дегендей бір амалын тап!

Әйткен: Табуын таптық дейік...Ал, мына жұрттың қарызын қалай қайтарасың? Тіпті, қарызбен бірге батаның ақшасын дауласа қайтесің?

Басқар: Дауламайды! Дауласа- кейін ештеңе әкелмей-ақ қойындар дерміз!

Әйткен: Қалай, қалай? Кейінің не, әй?

Басқар: Кейін шындап неғып кеткенде, ештеңе әкелмей-ақ қойсын!

Әйткен: Неғып кеткенде?

Басқар: Мен шындап өлгенде деймін!

Әйткен: Оған көнсе жақсы!

Басқар: Неге көнбейді, әй? Өлгенде қиғанын тіріде қимайтын не деген адамдар өзі! Өлтірген өзің, енді өзің тірілтіп ал!

Әйткен: Тіріліп көр! Түтіп жейді!

Басқар: Енді қайттік?

Әйткен: Қайттік, қайттік? Қайтып келгеннен де қайтып кеткенің оңай сияқты!

Басқар: Әй, қайтқаның не? Кеткенің не?

Әйткен: Кетпей көр, не болар екенсің?

Басқар: Кетші, әй, сен де! Сонда, мені біржола зытырайын деп тұрмысың?

Әйткен: Зытыруды емес, құтылуды ойлап тұрмын! Жә! Көрейік, нар тәуекел!

Басқар: Иә, тәуекел!

Әйткен: Бірақ, жағдай ушығып бара жатса, қайтадан жата қал!

Басқар: Жата қалайын! \ *Жата қалады* \

Әйткен: Ес-түссіз қата қал!

Басқар: Қата қалайын! \ *Қата қалады. Біржан салдың «Теміртасын» күңіреніп айтады:* \

Қара су есік алды ылайланды,
Бай болмақ, кедей болмақ құдайдан-ды.
Қамзолдай келте пішкен дөңгелентіп,
Дүние кетерінде шыр айналды.

Су шықпас ойпаң жерден қазбаған соң,
Қара нар жүк көтермес саздаған соң,
Жете алмай мұратыма болдым қапа,
Қайтейін тағдырыма жазбаған соң!

Жөкейдің ат суардым тұнығынан,

Ажалдың кім құтылған құрығынан.
Кешегі ел қыдырған есер шақта,
Қызыл су келмеуші еді жұлығымнан!

*\ Осы кезде сүріне-қабына бір шал мен кемпір кіріп келеді. Кемпір дауыстап жылай бергенде, Әйткен оны құшақтай алған болып, аузын иығымен баса қояды. Кемпірдің дыбысы өшеді. Әйткен жіберсе, қайтадан боздай бастайды. Әйткен тағы қыса қояды. Кемпірдің дыбысы өшеді. Ұзағырақ ұстап барып, босатқанда, тұншыға жаздаған кемпірдің жылауға шамасы келмей, «аһылап-үһілеп, бір шетте тұрған шалының жанына барады. *

Шал: Жақсы бала еді. Қашан көрсе де, күліп амандасатын.

Кемпір: Қарызды да күліп тұрып сұрайтын!

Шал: Өй, тыныш отыр бүлдірмей!

Кемпір: Енді не бүлінеді деп едің? Жұрттың бәрі біліп отыр.

Әйткен: Мәссаған! Сіздерге де қарыз ба Басқарым?

Кемпір: Болғанда қандай!

Шал: Көрші хақысы дегесін...Қысылып тұрмын дегесін... Пенсиядан жырымдап жиырма мыңды жылай-жылай беріп едім... Жыл өтті, жым-жылас!

Әйткен: Ата, жағдайды көріп тұрсыз! Үлкен адамсыздар, кеңшілік қылып, кешірерсіздер!

Шал: Кемпір кешсе, мен кештім!

Кемпір: Кешкенде...Кешпегенде...Енді қайттік?

Осы кезде ақ халатты, аузы-басын маскамен- ақ дәкемен тұмшалап алған дәрігер болып Асқар келе қалады. Ол серейіп жатқан Басқарды қарап жіберіп, жүрегін тыңдайды. Төбесін тоқылдатады. Бір кезде табанын қытықтай бастайды. Басқар сықылықтап күліп, атып тұрады!

Шал шошып, шоршып түседі. Кемпір үн-түнсіз құлай кетеді. Шал талып қалған кемпірінің қол-аяғын уқалап әуре. Дәрігер тамырын ұстап, үпілеп-сүпілеп, есін жисызады.

Кемпір: \ Әлі де сөйлей алмай, кемсеңдеп, булығып:: \ Нң-ң! Мм-м!
\ Басқарды нұсқайды қолымен. \ Үү-у-х!

Шал: Ту-ух! \ Дәрігерге, Басқарды нұсқап: \ Мынаған не болды деп сұрап жатыр!?

Асқар: Е-е, Басқар ма? Басқарға не болушы еді...Қатты уайымдап, жаны күйзеліп, қаны қоюланып, жүрмей қалған. Ғылым тілінде, стресс...Қазақша- іс тірес, іш тірес, мыс тірес, күш тірес! Күлкі

витами́н, жазып жіберді бірден! Міне, өмірде күліп жүру керек! Қателіктеріңді кешіріп...иә, арыз, қарыздарыңды кешіріп, бір-біріңнің жандарыңды қинамай, көңілді жүрсендер, өлмейсіңдер!

\ Кемпір кеңкілдеп күліп жібереді. Барған сайын үдетіп, күлкісін тия алмай селкілдейді. Шалын қытықтай бастайды. Шал да шықылықтап, сықылықтай бастайды. Оларға Әйткен, Асқар, Басқар қосылады. Бәрі бірге күледі. Дәрігер кемпір-шалға ақырын шығып кете беріңіздер, Басқарды емдеймін дегенді ымдап көрсетіп, есікке қарай бастайды. Кемпір – шал күле –күле, сүрініп-қабынып, бір-біріне сүйеніп, шығып кетеді. Үшеуі күліп қала береді.

93 – Көрініс. Тіріліп кеткен әртіс.

Көшеде.

Саудагер Сәукен бұлқан-талқан болып, көшеде телефонмен сөйлесіп келе жатыр.

Сәукен: Әлө, әлө! Дәмелі? Дәмелісің бе, деймін? Не? Мен сенен ештеме де дәметіп тұрған жоқпын! Маған Дәмелі керек! Қайдағы Дәмелі болушы еді? Кәдімгі бұрынғы банкир, қазіргі өсімқор Дәмеліге соғып тұрмын! Ростовщица! А-а, бұл полицай ма? Қап! *\ телефонын сөндіріп, қайта звондайды.* Әлө! Дәмелі! Ой, Дәмеш, Дәмешжан! Масқара! Сұмдық! Ана сұмырай тіріліп кетіпті! Иә, иә, әлгі Басқарды айтамын! Тірі екен! Тездетіп барып, кеңірдектен алмасақ, қағыламыз бәрінен! Міне, мен ұштым солай қарай! Тостаққа...ватсапқа... тастай сал!

94 – Көрініс. Қолхат.

Басқардың пәтері.

Пәтерге құйындатып құдағи келеді. Әйткен қасқайып қарсы алады. Құдағидың екпінінен шошыған Басқар дәрігер Асқарды тасалап, есіктің артына тығылады.

Құдағи: Қайда әлгі қайыршы?

Әйткен: Қайдағы қайыршы? Қай қайыршыны айтып тұрсыз?

Құдағи: Әлгі қайыршы құданы айтып тұрмын! Қане, көрсетші көзіме! Берші қолыма!

Әйткен: Оу, құдағи! Құдағи, кеше тіпті құдаңызды қимай егіліп отыр едіңіз...Бүгін не боп қалды?

Құдағи: Не болушы еді? Елде жоқ сұмдықты бастап, бұл Басқар

біткен екен әбден! Қарыздан қашса да құтылмайды!

Әйткен: Басқар деп басып барасыз...кеше ғана бәсеке, бәсекем деп отыр едіңіз...

Құдағи: Е-е қайдан білейін. Байғұс,шынымен өліп қалған екен деп, әспеттеген түрім ғой. Әйтпесе, Басқарға бәсеке болу қайда! Бастық болса, бәсеке болса, бәсеке де, бәс те жоқ!

Әйткен: \ басын қасып,ойланып қалады.\ Тәк, тәк, тәк...Демек, Басқар болмай, бастық болса, әңгіме де басқаша болады деңізші!

Құдағи: Әрине! Бәсекеңе қарыз бермейтін және берген қарызын қайта сұрайтын кімнің басы екеу дейсің! Басқар бастық болсыншы, осы қуып жүрген жұрт бәсірең деп, базарлығың, байғазың деп, жолың, жөн-жобаң деп, қаражатпен бастырып тастар еді!

Әйткен: Солай ма?

Құдағи: Солай! Ал, қазір күнін әрең көріп жүрген Басқарға қаспақ та жоқ!

Әйткен: \ Шапшаң сырт айналып: \ Уо! Ид-дея! Қарыздан құтылудың тағы бір жолы бар! Ол – бастық болу! Тіпті,бастық бола алмасаң...тәк...тәк,тәк! \Дәрігер Асқарды қолтықтап, шығарып салған болып, құлағына сыбырлайды. Анау басын изеп, кете береді.\

Құдағи: \ Қайта оралған Асқарға:\ Батаның ақшасын қайтарып бер!

Әйткен: Оны Басқарға бердіңіз ғой!

Құдағи: Басқарға емес, батаға бердім!

Әйткен: Басқардың батасына бердіңіз ғой!

Құдағи: Мен өлген Басқарға бердім! Тірі Басқарға міндетті емеспін!

Әйткен: Өлгенде қиғаныңды тірісінде қимайсың ба? Сол үшін өле жаздады емес пе?

Құдағи: Мейлі! Тірі кісі өз тірлігін өзі істесін! Менің ақшамды қайтар!

Әйткен: Алмай-ақ қойсаңызшы! Жағдайды көріп тұрсыз! Құдағи-и деген атыңыз бар! Тізімге жазып қойдық! Кейін құр қол келе берсеңіз де болады!

Құдағи: Кейінің не айтып тұрған?

Әйткен: Кейін...Басқар шынымен неғып кетсе, нетесіз...ә, жоқ... нетпей – ақ қоясыз дегенім ғой!

Құдағи: Нетпей – ақ қоямын?

Әйткен: Кейін, бір замандарда Басқар шынымен тырқып қалса, бата жасамай-ақ қоясыз! Міне, тізімге жазып қойдық – бітті! Бұл

тарихи дәкумент! Бердініз – болды! Тіпті, өлгенде беретініңізді тірісінде беріп қойғаныз қатып кетті!

Құдағи: Тірі адамға бата жасағанды қай атаңнан көріп едің, әй!

Әйткен: Өстіп өлтіресіңдер ғой кісіні! Сендер бірдеме беру үшін, міндетті түрде өлу керек пе?! Ал, мейлің, ақшаң жоқ! Кетті жұмсалып... жанармайға, анандайға, мынандайға...

Осы кезде дауылдатып Сәукен, іле –шала даңғырлап Дәмелі, тарсылдатып Тостақ келеді. Олар ай-шайға қаратпай, Басқарды құшақтап, ортаға алады.

Сәукен: Алақай!

Тостақ: Кер-ремет!

Дәмелі: Жарайсың, аз-замат!

Сәукен: Басқаржан, аман қалғаның қандай жақсы болды! Қалғанын реттеріміз біртіндеп!

Дәмелі: Иә, аман болшы, айналайын! Бас аман болса, ақша табылар!

Тостақ: Несін айтасың! Сондай қуаныштымын! Қарызымыз қайтпай кететін болды-ау деп қорқып едік!

Сәукен: Иә, біз де қимай қалып едік! Енді қайтарады ғой бәрін де!

Дәмелі: Қайтарғанда қандай! Қайда алып кетеді дейсің!

Әйткен: Әй, жаңа ғана кешіп едіңдер ғой!

Тостақ: Біз өлген адамды кешірдік!

Әйткен: \ *Басқарға:* \ Басқа амал қалған жоқ, Басқар! Саған қайтадан өлу керек! Кел, өзім дұрыстап өлтіріп тастайын сені!

Басқар: \ *Кәдімгідей ренжіп:* \ Өй, қойшы сендерді... Жаңа кешірілді, сонымен бітті! Мен енді мойындамаймын!

Тостақ: Міне! Қолхатың менде! Тіріде құтылмайсың!

Дәмелі: Міне! Міне, қарыз алдым, қайтарамын деген қолхатың!

Сәукен: Мінекей! \ *Үшеуі үш жағынан қолхаттарымен желпіп, төне бастағанда, Басқар бас сауғалап, Әйткенді паналайды.* \

95 – Көрініс: Қоқан-лоққы.

Басқардың пәтері.

Полиция офицері болып киінген Қызбала кіріп келеді. Қарыз бергендерді тергеп, қыса бастайды.

Қызбала: Өздеріңе тиімді процентпен қарыз беріп, артынан қайтар деп қысым көрсеткенсіздер! Бұл, біріншіден, өсімқорлық, екіншіден адамды күштеп, қоқан-лоққы көрсетіп, өзін – өзі өлтіруге мәжбүрлеу!

Заң алдында жауап бересіздер бәріңіз де!

Өсімқорлар үртіп қалады.

96 – Көрініс. Ойбай, Осекең!

Басқардың пәтері.

Әйткен: \ Осы кезде оның телефоны шырылдайды. Құлағына тақап, саусағын сермен, жұртқа: «Қане, тыныш!» деп белгі беріп, өте маңызды кісіні тыңдап тұрғандай кейіп танытады. \ Иә, иә! Түсіндім...Құп болады! \ Телефонды сөндіріп: \ Ойбай, Осекең келе жатыр! Қане, сымдай тартылып тұра қалыңдар!

Тостақ: Кім ол Осекең деген!

Әйткен: Оспақ Тастақович!

Тостақ: Оспақ Тастақович?

Сәукен: Бәрімізді сымдай тартатын кім ол соншама?

Дәмелі: Ойбай, дымың ішінде болсын! І-ні-сі!

Сәукен: Інісі?

Тостақ: Кімнің інісі?

Дәмелі: Асқақ Басқақовичтің інісі!

Тостақ: А-а?

Сәукен: Ә-ә!

Әйткен басқаларға байқатпай, Басқарға қолымен белгі береді. Басқар серейіп жата қалады.

Асқар – Оспақ: \ Түнеріп кіріп келіп, жан – жағына зілдене қарайды. Жиналғандар қоғадай жапырылып, қысылыңқырап тұрады. Қаспақ ақырын келіп, құшақтасады. Оспақ күңірене бастайды: \ Не болды менің Басқарыма? Неге өлді? Неден өлді? Кім өлтірді оны?

Дәмелі: Тостақ!

Сәукен: Баспақты құртқан Тостақ!

Асқар – Оспақ: Тостақ? Ол кім? Қайда? Көзіме көрсетші! Қолыма берші! Мен ол Тостақты Басқардың жастығына жастап, тасқамалдың төбесінен тастаққа тастап жіберейін!

Дәмелі: Міне, мынау Тостақ деген! \ Тостақты нұсқап, қолынан тартып, Оспаққа ұстатады. Тостақтың көзі тостағандай болып, тартыншақтаса да, тырп ете алмай, Оспақтың жетегіне көне береді. \

Сәукен: Қарызын даулап, жүйкесін жеп, қанын тасытып құртқан осы!

Асқар: \ Қаһарланып: \ Әй, Тостақ! Постыңды сайлап, тостыңды

дайындай бер!

Тостақ: Біз бөтен емеспіз ғой, Оспақ Тастақович! Мінеки! Басқар Қоспақтан, Қоспақ, Тастақ, Асқақ Басқақтан, Басқақ...

Асқар: Қысқасы...қысқасы...

Тостақ: Қысқасы міне! Аспап! Бір деп қой! Аспаптан Қасқат, Қасқаттан Жақсат, Жақсаттан Мақсат, Мақсаттан Басқақ, Басқақтан Қоспақ, Тастақ, Асқақ туады. Қоспақтан Басқар, Тастақтан Оспақ туады. Ал мен, Тостақ сендерге Аспаптан қосыламын!

Әйткен: Тостеке, Тостеке, кешелі -бері Басқарды тым алыстатып тұр едіңіз, табан астынан жақындатып жібердіңіз бе, қалай? Басқармен алпыс алты атадан қосыламыз дегеніңіз есімде. Алпыс атаны қысқартып жібердіңіз бе қолма-қол?

Тостақ: Е-е, Әйткенжан, шежіренің бір қасиеті сонда! Қажетіне қарай алыстап, жақындап тұрады! Әйтеуір, бір Аспаптан тарағанымыз анық!

Әйткен: Қандай шебер шежіре! Олай болса, Басқардың қарызын кештім деген сөзіңіз қазір қай атаның тұсында тұр?

Тостақ: Айтқан сөз атылған оқ! Міне, Оспақ Тастақовичтің алдында айтқаным айтқан! Кештім қарызымды Басқаржанға! Тіпті, сыйлыққа бердім сол көлікті! Ағайын адамдар бір-бірін тірісінде сыйлап, сүйемелдеп, көтермелеп жүруі керек! Солай емес пе, Оспақ Тостақович!?

Асқар: Әлбетте солай! Біз мұны ескереміз, Тостақ Аспапович!

Тостақ: Ескерсеңіз болды!

Асқар: Ескертуімді де ұмытпассыз!

Тостақ: Әлбетте, әлбетте! Ескертуіңіз естен кетпес! Бірақ, ескілікті ескеріп, есіркеп тұрсаңыз болды!

Асқар: Әрине! Ескереміз де, есіркейміз де!

Тостақ: Маған осы бір ауыз сөзіңіз – өмірлік азық!

Әйткен: Олай болса, Тостеке, ағайыныңыздан қолхат алғаныңыз қалай?

Тостақ: Қайдағы қолхат, Әйткенжан? Мынау ма? \ *Қағазды қалтасынан алып, Әйткенге береді:* \ Бұл жай анықтама қағаз. Мә, өзің оқып көр де, өртей сал!

Әйткен: Е, бәсе! \ *Қағазға көз жүгірткен болып, жыртып, жыртып, ауаға үрлеп ұшырып жібереді.* \ Араздық осымен кетсін, қарызың осымен бітсін!

Тостақ: Оспағым мен Басқарым аман болсын!

Әйткен: \ *Сәукен мен Дәмеліге бұрылып:* \ Бәріңнің де бастарың

аман болсын!

Сәукен: Иә, бастың амандығынан садаға! Оспақжан, сенің жолың үшін Басқаржанның барлық қарызын кештім! \ *Асқар қостағанын білдіріп, басын изейді.* \

Дәмелі: Мен де кештім қарызды! Сені бір көргенімнің көрімдігі, Оспақжан!

Асқар: Ох-хо! Көрімдік беретіндей, мен күйеу бала болдым ба?

Дәмелі: Сүйеу болсаң жетеді бізге, Оспақжан!

Бәрі жан-жағынан қаумалап, Оспақты ортаға алып, әндетіп, әспеттеп әкетеді.

Оспақ біздің досымыз,

Қалай боп тұр осымыз,

Біз Басқарды кешірдік,

Сіз де бізді кешіңіз!

Айыбымыз дайын,

Ақылменен шешіңіз,

Қас-қабағың бағамыз,

Досыңызға қосыңыз!

Қолтықтап апарып, таққа отырғызғандай бір орындыққа отырғызып, бастарын иіп, қолдарын қусырып, тағымен қоса көтеріп алып кетеді. Бір шетте елеусіз қалған Әйткен Басқарды шақырады.

Әйткен: Бас-қар! Басқартай! Ку-ку-ку!

Баспақ: \ *Керіле басып келеді:* \ Не-е-ме-не?!

Әйткен: Басқартай! Қызық болып жатыр! Қарызы бардың барлығы қарыздарын кешті де жіберді!

Басқар: \ *Кергіп:* \ Солай болуы керек қой!

Әйткен: Тіпті, банктердің өзі кредиттерін форс-мажор деп, көзді-ашып жұмғанша жапты да тастады! Міне,ғажап!

Басқар: Һмм! Ғажап емес, мазақ де!

Әйткен: Мейлі, не болса да қарыздан таза құтылдың!

Басқар: Иә, құтылдым!

Әйткен: Құтқарған кім екен Басқарды?

Басқар: Оспақ Тастақович! Сол кісінің бауыры болғандықтан ғой бәрі де!

Әйткен: Дұрыс-ақ! Ал, бірақ, осының бәрін ойлап тапқан, іске асырған Қаспақ ағатайыңызға риза шығарсыз, Басқартай?

Басқар: Әй, Әйткен! Сен мені бұдан былай мені басынғаныңды қой!

Әйткен: Е-е! Ех-хе!

Басқар: Ехе-мехе! Бұдан былай сен мені Басқар Қоспақович деп,

басыңа көтеріп, маған бас ұратын бол!

Әйткен: О-хо-хо! Басқар Қоспақович! Ал, сонда, Әйткен аға, Әйтеке дегенің қайда қалды?

Басқар: Әй, Әйткен, қысқарт! Маған аға болудан бас тарт! Енді Басқар сенен аспақ! Әйткені, оның туыстары Асқақ пен Оспақ!

Әйткен: Мәссаған! \ *Телефон соғып, Оспақты шақырады.* \ Оспақ Тастақович! Осеке! Осаға! Тез келіп кетіңізші! \ Басқарға:\ Тек қана сен ол кісі келгенде, былай кішірейіп, ілтисат білдіріп, көзіңді жұмып қарсы алатын бол! \ *Асқар – Оспақ келеді.* \

Басқар: \ *Көзін жұмып, құшағын жайып:* \ Оспақ Тастақович! Осекем! Осағам!

Асқар: \ *Құшақтап:* \ Басқарым, Басекем!

Әйткен: Аш көзіңді, Басқарым! Танысып қой – бұл менің досым Оспақ!

Басқар: \ көзін ашып, Асқарды көргенде, есінен танып қала жаздайды.\ А-а? Досың? Әй, Асқар! Сен қайдан жүрсің мұнда!

Әйткен: Иә, құлын-тайдай тебіскен, құрт пен майды бөліскен досымыз әртіс Асқар!

Басқар: Әй, Асқар! Сен қайдан жүрсің мұнда!

Асқар: Басқар қайда болса, достар қайда болса, Асқар сонда!

Басқар: Оп-пырмай! Масқара! Сонда қалай, Оспақ Тастақович Асқақ Басқақовичтің інісі емес пе?

Әйткен: Әрине, жоқ!

Басқар: Менің де туысым емес пе?

Әйткен: Амал қанша, солай – селяви!

Асқар: Негізі, ауызға сот жоқ! Айта берейік те, кім тексеріп жатыр! Тіпті, бізге де бірдеме тиіп қалуы мүмкін!

Басқар: Пай-пай-пах! Бұл маған да ұнайды! Енді ме, енді мен талайдың шәпкісін шыр айналдырармын! Мен – Басқар Қоспақович, ано-оу Асқақ Басқақовичтің інісі Оспақ Тастақовичтің бауырымын десем бітті, қатып кетпей ме?

Асқар: Қатқанда қандай! Оқсатамыз әлі!

Әйткен: Есіңді жи, Басқарым,

Орныңды біл, Асқарым,

Ақылға сап ,байқандар,

Бұл жай әзіл – оспағым!

Менің тапқан айламды,

Ұқтыңдар ма, достарым!

\ *Басқар мен Асқар қосыла күледі.* \

Қайдағыны бастадың
Қарызданып Басқарым.
Қызық болды қашқаның
Қатырды оны Асқарың.
Мұның бәрі ойын ғой,
Әзіл менен оспағым.
Шарап емес, шұбатқа,
Толы болсын тостағың.
Қатар қонып қостарың,
Пісе берсін бастарың!

97 – Көрініс. Токалина – Каролина.

Театр сахнасында.

Қызбала мен Әйткен рөлге дайындалып отыр.. Сол кезде самбырлап Тоты келеді. Малынып киінген, алтын, күміс, гауһарларды жарқыратып, салпылдатып тағып алған. Мүлде өзгерген. Баяғы әртіс тотаня емес, нағыз бай келіншек болған. Шұрқырасып амандасады.

Тоты: Сә-ле-м бердік бүгінгі мөлдір махаббат әлеміне!

Әйткен, Қызбала (жарыса, шаттанып): О-о, сәлем! Халың қалай, Қарағыз?

Тоты: Халды көріп тұрсыңдар ғой... *(Жеңіл, әсем қимылмен, мода көрсеткендей өзінің үсті-басын бір көрсетіп шығады).* Айтпақшы, мен қазір Тоты-Тотаня емес, Каролинамын! О-о, менің Каролинам, менің королевам деп, Айбатшаның қойып жүрген аты ғой! Бәтшағардың шығармайтыны жоқ!

Әйткен: Мә-ә, күштісіңдер ғой!

Тоты: Күшті болғанда қандай!

Әйткен: Тоқал деп тұқыртпаса жараған екен!

Тоты: Мен оған бірден айттым – егер де тоқал, тоқалка деген түрпідей тиетін тақұл-тұқыл тықыр сөзбен төбемді тесіп отыратын болсаң, бір күні түскі тамағыңа бірдеме қосып жіберіп, тырапай асырамын дедім.

Әйткен: Пах! *(Қызбала ықыластана тыңдап, жымылып күледі).*

Тоты: Содан, токалина дейтін болды!

Әйткен: Токалина!? Мынауың тіпті тамаша ғой! Міне, қараңдаршы қандай әуезді – то-ка-ли-на-а!!! Бұл жиырма бірінші ғасырда, нанотехнология заманына сай туған жаңа сөз! Иә, содан...

Тоты: Әуелде, өздерің білесіндер, менімен амалсыз некеге тұрғасын, күйініп, біраз тулап жүрді. Мен де ауыздығын бірден қатты тартсам, үзіп кетер деп, жіберіп тартып, жіберіп тартып, жібітіп отырып жөнге салдым ғой!

Әйткен: Пах, шіркін!

Тоты: Алғашқыда майдалап, маңайыңда саған жететін кісі жоқ, – деп мақтай бастап едім, онша місе тұта қоймады. Бұл аймақтың қаймағысың, – дедім үстемелеп. Одан іле-шала, бұл елде сенен асатын адам жоқ, сен еліміздегі нөмір бірінші жігітсің! Сен ерекше жаралған жансың, нағыз асыл тұқымсың! – дегенімде, майдай ерігені сондай-й... у-уһ... көкке ұшып кете жаздады ғой!

Қызбала: Күйеуге тигелі әртістік талантың ашыла түскен сияқты ғой!

Тоты: Тура төбесінен түстің! Ең керемет, театр – өмірдің өзі емес пе?!

Әйткен: Ал, содан?

Тоты: Содан бері есін жиғызбай: «Сен әлі бүкіл әлемнің алды боласың. Шындап таразылайтын болсақ, жер жүзінде сенімен ешкім теңесе алмайды! Басқа планетадан табылмаса, бұл планетада сендей адам жоқ! Бұрын да болмаған, қазір де жоқ, болашақта да бола қоюы екіталай! Сен адамзатқа жол көрсету үшін ғарыштан келген ерекше құбылысың!» – деп, қайта-қайта күмпілдетіп мақтап-мақтап, миын майландырып, басын айналдырамын да отырамын, айналдырамын да отырамын!

Қызбала: Браво, брависсимо! Ақыл, ойың толысып, ал айла-амалың тіпті күшейіп кетіпті!

Тоты: Тағы да тап бастың! Бұл заманда ақыл, ойсыз өмір сүруге болар-ау, ал бірақ, амал, айналасыз айдалада қаласың! Тіршіліктің қатал тәжірибе, сабағы осындай!

Әйткен: Иә, несін айтасың! Ал, ары қарай не болды?

Тоты: Не болушы еді? Айбатша менің мақтауыма иланғаны сондай – көзін жұмып алып, жұта береді не айтсам да! Жұмыстан шыға сала үйге шабатын болды... менің жанына майдай жағатын жылы сөздерімді есту үшін. Мен де қарап қалмай, жаңадан қалай мақтасам екен деп ізденіп, телевизор қарап, газет ақтаратын болдым. Әбден төселіп алғаным сондай – мақтағанда сай-сүйегін балқытып жіберемін. Қазір, Айбатша үшін менен сүйікті адам жоқ!

Әйткен: Сонда... соның бәріне... сене бере ме?

Тоты: Сенгенде де көзсіз сенеді. Кейде, қайтер екен деп, әдейі

мақтамай қоямын. Мақтасам да аузымның ұшымен, жауыр болған жеңіл-желпі штамп сөздермен жүрдім-бардымдау, мардымсыздау бірдеме дей саламын. Бітті! Құрақ ұшып, асты-үстіме түсіп бағады. «Не боп қалды? Мазаң жоқ қой! Бір жерің ауырып жүр ме? Курортқа, шетелге апарайын ба?!» – деп бәйек болады. Болды, қалағанымды алғызып, ойлаған жағыма бұрғызамын.

Қызбала: \ Қолын соғып:\ Мә – ә-әсаған, Тоты! Мынауың енді нағыз керемет –высший пилотаж!

Тоты: Содан, алыс-алыс жерлерге, даңқы шыққан елдерге алып барады. Шетелде жүргенде: «Мақтап жүрген шетелдерің осы ма?» – деймін қасақана. «О не, ұнамай ма, Каро? Керемет қой енді!» – дейді. «Жоқ, жалпы ұнайды, адамдары да тамаша. Бірақ, сен тұрғанда бұлар кім? Сенің жаныңда керемет деген кісілерінің өзі көмескі тартып қалады екен! Мына шетелге шырай кіргізіп тұрған сенсің! Әттең, елдеріне қандай киелі адамның келіп, жерлеріне қандай қасиетті табанның тигенін сезбейді-ау! Ештеңе емес, тарих бәрін орнына қояды әлі-ақ! Сендей ұлы адамның басқан ізіне тәу етіп, тілек тілеп, түнейтін болады бар адамзат!» – деймін. Бітті, ө-ө-өліп түседі!

Әйткен: Пах, шіркін!

Тоты: Нағыз «Пах, шіркін!» мына сендерсіндер! Шынымды айтсам, мен кейде сендерге қатты қызығамын! (*Әйткен мен Қызбала таңдана қарайды. Тоты жеңіл күрсінеді*). Шын сүйгенге, шынайы сыйласқанға не жетсін! (*Бұрылып кетіп, бір айналып шығады*). Саған ризамын, Әйткен! Бәрін жан-жақты ойластырып, сол күні Қызбаланың кереуетіне ауысып жат деп кеңес бергенің қандай керемет болды! Айтар алғысымда шек жоқ!

Тойға, аукционға шақырады.

Тоты: Келіп көріңдер! Қолдап, дем беріңдер! Бір әдемі ән шырқап жіберсеңдер, ғажап болар еді! Ставкаларыңды жақсылап төлетемін! Асқар мен Басқар да келсін! Тоты-Тотаняның қалай Каролина-королева болғанын өз көзімен көрсін!

98 – Көрініс. Айко.

Айко Басқарға телефон соғады. Қара Джиппен көшеде келе жатқан Басқар қуанып кетеді.

Айко: \ Сызылып, нәзік дауыспен:\ Әлә! Сәлеметсіз бе!? Бұл мен, Айкомын! Есіңізде ме, сіз жаңа машина алғанда кездесіп едік қой...

Басқар: \ Оның сөзін бөліп,киіп кетіп:\ Есімде, әрине есімде!

Сіздей жанды ұмыту мүмкін бе? Өзім де сізді ойлап, телефон соғайын деп келе жатыр едім...Сіз соны сезгендей тура хабарласып тұрсыз? Иә, халыңыз қалай? Қолыңыз бос болса, кездессек қайтеді?

Айко: Әрине, сіз үшін қолым қашанда бос! Мен де сізбен кездесіп, спектакліңізді көрсем деп едім. Және сіздің достарыңызбен, өнер адамдарымен жақынырақ танысқым келеді!

Басқар: Онда не тұрыс? Менің достарым сізбен қуана-қуана танысады. Сіз қай жердесіз? Мен сізді алып ктеейін қазір!

Айко: Жақсы! Мен универсамның алдында күтейін!

Басқар: Ал, міне ұштым сізге қарай! \ *телефонын сөндіріп: иес! – деп шаттанып, машинасын заулата жөнеледі.* \

Дүкеннің маңында жүрген Айко да телефонын сөндіріп, көзінде жұмбақ сиқыр ойнап, түрі құбылып, қуанып, мәз болады.

99 – Көрініс. Театрда.

Басқар машинамен Айконы театрға алып келеді.

Достарымен таныстырады.

100 – Көрініс. Оңай олжа.

Театрда. Қызбаланың гримеркасында.

Қызбала, Нәркес, Айко үшеуі шай ішіп отыр.

Айко: Сіздермен танысқалы мен бір нәрсеге қайран қалып жүрмін. Сіздер, өнер жұлдыздары, қандай рухани бай адамсыздар. Айтқан сөздеріңіз де, ойларыңыз да жай кісілерден ерекше. Бірақ, сондай дарынды адамдардың дұрыс үй ала алмай, тіпті, жастардың баспанасыз жүргені мүлде түсініксіз.

Нәркес: \ *қызбаланып:* \ Өй, мұны біз өзіміз де түсінбейміз! Бұл дегенің театрлардың баяғыдан келе жатқан ауруы ғой. Және де ешқашан жазылмайтын ауруы!

Қызбала: \ *Қостан:* \ Мне, сондықтан амалсыз пәтер жалдап, күн көріп жатқан жайымыз бар!

Нәркес: Сахнада серілерді, корольдерді рахаттанып ойнаған өнерпазға, былай шыққан соң жалдамалы пәтерге барып, қоңырқай тіршілік кешу дегеннің өзі қандай қиын екендігін ойлап көріңіз!

Айко: Иә, қандай қисынсыздық! Парадокс! Өмір мен өнердің парадоксы!

Қызбала: Абсурд!

Айко: Ал парадоксты парабокспен ұру керек!

Нәркес: \ *елең етіп:* \ Парабокс? Мынауың қызық екен!

Қызбала: Шынында да қызық сөз екен...Парадокс пен парабокс!
Бірақ, қалай, қайтіп ұрмақсыз?

Айко: Оп-оңай!

Нәркес: Ал, қалай сонда? Айтшы жолын білсең...

Қызбала: \ *Айко үндемей шайын ішіп, ойланып отырып қалады.* \
Пауза! Міне, драматургия! Менің де төзімім таусылып барады. Айко, менің байқауымша, сен сахнаға келсең, мықты актриса болар едің!

Айко: \ *күліп:* \ Менің өз сахнам бар! \ *Бір тәуекелге келгендей, кесіп-кесіп, сеніммен:* \ Парадокстен қорықпау керек! Проблеманы шешу үшін, одан қашпай, сол проблеманың ішіне кіру керек!

Нәркес: Өте дұрыс айтасың! Бірақ, проблеманың ішіне кіргенмен, оның бізге үй болатын түрі көрінбейді!

Айко: \ *батыл, кесімді:* \ Әңгіме оның жолын табуда! Ал мен сіздердің мәселелеріңізді оңай әрі тез шешудің жолдарын жақсы білемін! Тез арада сіздерге арзан бағамен жақсы пәтер алып беру қолымнан келеді. Сенімді адамдарым бар! Солар арқылы талай нәрсені у-шусыз, ретімен тындыруға болады. Маған сенесіздер ме?

Нәркес: Ойбай, сізге сенбегенде... Басқардың досына сенбегенде, кімге сенеміз? Ойпырмай, арзан бағаға пәтер әперсең, сенбек түгілі, саған табынуға бармыз айналайын! Міне, қанша жыл төрт баламен, қуықтай екі жарым бөлмелі пәтерде итшілеп келе жатырмыз. Бармаған жеріміз, айтпаған сөзіміз жоқ! Өне, міне деп сөзбұйдаға салып келе жатыр бәрі де!

Қызбала: Қызық екен! Ойланып көруге болады!

Нәркес: Өй, осы сен –ақ ойланасың да жүресің! Сөйтіп, басыңды қатырып жүргенде, айырыласың да қаласың! Тіпті, сену, сенбеу дегенді былай қоя тұрайықшы! Қолымызға үйдің кілті тисе болды ғой! Кіріп алайықшы әуелі, ар жағын көре жатармыз!

Айко: Онда не тұрыс? Тездетіп іске кірісейік! \ *шабыттанып, бірақ бәрін жіті бақылап, тізгінді мықтап ұстап, екі әртісті, әсіресе Нәркесті ерекше арбап, алдап:* \ Көп адамдар керіліп, созылып жүргенде, уақытты өткізіп алады. Ал мұндайда тәуекел деп, қойып кету керек! Ай-шайға қаратпай, опыр-топырын шығарып, естерінен тандырып, қалтасына салып, ауыздарына тығындап, қолдарын қойдырып, мөрлерін бастырып, керек қағаздың барлығын сыпырып әкету керек! Міне, болды, бітті! Парабокс деген осы!

Қызбала: А-а, сонда ертең...естерін жиған соң айнып кетпей ме

олар? Заңсыз болып жүрмей ме?

Нәркес: Үйбәй-ау, онда біздің жұмысымыз қанша? Оған тиісті орындар басын ауыртсын! Ал біз ақшамызды төлесек, құжатымызды реттеп, кілтті алып, үйге кіріп алсақ болды емес пе? Е-ех, шіркін! Кең, жарық үйге бір кіріп алайыншы... Содан кейін мені шығарып көрсін, мықты болса! Менің алған нәрсемді қайтып алатын, кірген үйімнен қуып шығатын адам әлі туған жоқ бұл дүнияды!

Айко: Ондайды ойлап та қажеті жоқ! Мен қанша адамға көмектесіп, керекті үйлерін алып бердім. Бәрі де тұрып жатыр тыптыныш. Негізінде, бұл үйлер жоспардан тыс, артық салынған үйлер. Фирмалардың өз меншігі. Заң жүзінде, оған ешкімнің таласы жоқ. Ал мен солардың штаттан тыс дилері, қазақша айтқанда делдалы сияқтымын. Еркін, ел ішіндегі делдал! Олар маған әрбір сатылған үйден үлес беріп тұрады. Ал мен оларға қалыптасқан тәртіппен клиент тауып беремін. Міне, бұл әбден қалыптасқан жүйе! Бірақ, мұның жолын білетін адам ғана бәрін реттеп, алып шығады! Ең бастысы – құпиялылық! Конфиденциальность! Яғни, іс бітіп, кілт қолға тигенше ешкімге тіс жаруға болмайды!

Нәркес: Апырмай, ә?! Мынауың шынында керемет екен! Бұрын қалай білмей келгенбіз, ә?

Айко: Ештен кеш жақсы деген! Егер келіссеңіз, мен қазірде баста кірісе беремін!

Нәркес: Кіріс, айналайын, Айкожан! Тез кіріс! Кезек көбейіп кетіп, айырылып қалмай тұрғанда, бір шетінен ілігіп қалайық. Мені бірінші деп жазып қой! \ *Қызбалаға қарап:* \ Ал, сен ше? Кіресің бе?

Қызбала: Идея жақсы. Бірақ, әлі де ойланатын тұстары бар. Мен сәл күте тұрайын... жағдайыма қарап, ақылға салып көрейін...

Айко: Өте жақсы! Біз ешкімді асықтырмаймыз! Әркімнің өз еркі біледі. Бірақ, түбінде үйге мұқтаждардың бәрі де бізге келеді. Сондықтан, сізді де күтеміз! Ал, Нәркес тәте, онда мен сіздің жағдайыңызды тиісті кісілермен сөйлесіп, келісе берейін бе?

Нәркес: Иә, келісе бер!

Айко: Онда әңгіме былай. Алдымен, сізге неше бөлмелі үй керек?

Нәркес: Төрт немесе бес бөлмелі үй керек!

Айко: Керек десеңіз болады! Бірақ, ол үшін біраз жүгіруге тура келеді.

Нәркес: Мақұлмын бәріне де!

Айко Нәркестің миын айналдырып, соңынан ертіп алады.

Анда, мында апарып, қажетті құжаттарын алады.

Барған жердің барлығында оны: «О-о! Айко! Хош келдіңіз!» – деп, құшақ жайып қарсы алады.

Оны көріп Нәркестің көзі біржола байланып, Айкоға көзсіз сенеді. Ақырында өз пәтерін кепілге салып, кредит алады. Ақшасын Айкоға береді.

Нәркес ақшаны Айкоға бергеннен кейін, Тойтан оған ренжиді.

Тойтан: \ *Нәркеске ренжіп, уайымдап:* \ Сонша ақшаны ойланбай ұстата салдың... Алдап кетсе қайтесің...

Нәркес: Жоқ, алдамайды! Неге алдайды? Алдайтын болса, айтар еді ғой...

Тойтан: Не деп? Алдайтын болса, не деп айтар еді, әй, кеңе?

Нәркес: Алдаймын деп... Абайла деп... Мен өзім алдайтын болсам, айтамын... өтірік айтамын, алдаймын деп!

Тойтан: Әй, милау! Сенің есің дұрыс па өзі? Не лағып тұрсың?

Нәркес: Соны өзім де білмей қаламын кейде... Бір қарасам, есім дұрыс сияқты... Бір қарасам, дұрыс емес сияқты!

Тойтан: Ал қазір қай жағында тұрсың? Есіңнің дұрыс жағында ма, дұрыс емес жағында ма?

Нәркес: \ *шаптығып:* \ Ол саған байланысты. Сен дұрыс болсаң, мен де дұрыс! Сен жынды болсаң, мен де жынды!

Бір күннен кейін Айко жаңа үйдің құжаттары мен кілтін алып келеді.

Нәркес: \ *Тойтанға қойқаңдап:* \ Міне, алдаған жоқ қой... \ Тойтан үндей алмай, басын шайқай береді. \

Сол күні Айко Нәркес пен Қызбаланы ертіп алып, бір жаңа үйге алып келеді. Төрт бөлмелі пәтерді ашып кіріп, кілтін Нәркеске береді.

Айко: Нәркес апай, мынау сіздің үйіңіз! Міне, бүкіл керекті құжаттары! Қол қойылып, мөр басылған! Бәрі заңды!

Нәркес: \ *Есі шығып, қуанып, самбарлап:* \ Мә-ә-ә-с-с-саған! Не дейді? Шынымен бе? Рас па? Өй, рахмет, өркенің өссін, Айкожан! Тоқта, тоқта! Сүйіншіңе... міне! \ *саусағындағы алтын жүзігін сыпырып алып, Айконың қолына тағады.* \ Ал, қараңдар! Көріңдер біздің үйді! Мынау не деген керемет! Кең! Жарық! Өй, балдар бір рахаттанатын болды-ау!

Қызбала: \ *ақ күмістен шашу шашады.* \ Өткенде ойланбағанда ғой, мен де алып кетуші едім. Әй, Әйткен, сен де кері тартып...

Айко: Әлі де кеш емес. Жарты бағасына бір бөлмелі үй дайын тұр. Ақшасын берсеңіз болды, үш-ақ күнде кіресіз!

101 – Көрініс. Соққы.

Басқар Айкомен телефонмен сөйлеседі.

Басқар: Қысқасы, маған қазір сен керексің, Айко! Менің сүйенішім де, қамал-қорғаным да, барым да, байлығым да, бағым да тек қана сенсің!

Айко: Ал сен маған мүлде керек емессің!

Басқар: \ *Ренжісе де, өзін-өзі ұстап, әлі де үміттеніп:* \ Ойнап айтып тұрсың ба, Айко жаным!

Айко: Жоқ! Шын айтып тұрмын! Өзіңнің өмірге бейімің, тіршілікке түк ебің жоқ болса... онда мені несіне мазалайсың? Қайтіп маған қамқор, пана болмақсың? Сендей жігітке кім сеніп тапсырады тағдырын?

Басқар: Айко, оның бәрі түк те емес. Ең бастысы- мен сені шын сүйемін! Кел, екеуміз қосылайық! Қалғанын қол ұстасып жүріп көріп алармыз!

Айко: \ *Мазақтап:* \ Бір басыңды баға алмай жүріп, шаңырағыңды қайтіп көтермексің? Іргеңді қалай бекітесің? Осының бәрін ойлайтын ақылың жоқ, мені алақанға салардай ақы-пұлың жоқ, қай бетіңмен сөз салып тұрсың? Сен бар ғой... сен, барып тұрған бейшара, ақымақ екенсің ғой! Сенің бұл өмірдегі орның қане, жүретін жолың қайда?! \ *Басқар үнсіз булығып қалады. Жауабың, жауабың? Жас жігіт... үндей алмайсың, ә?! Олай болса, сенің бұл дүниеде барың не, жоғың не, бәрібір емес пе!? \ Телефонды тастай салады. Басқардың басына тағы бір соққы «дүңк» еткендей болып, есі ауыңқырап қала береді.* \

102 – Көрініс. Қыз отказ.

Басқар Бикешпен театр сахнасының сыртында, кулисаның артында сөйлеседі.

Басқар: Бикеш, менің сізге айтатын бір ауыз сөзім бар еді. Егер сабыр сақтап тыңдасаңыз, бір жауабын берерсіз!

Бикеш: \ *Өзін-өзі қолға алып, қатайып:* \ Айтыңыз... Құлағым сізде!

Басқар: Айтсам... Сіз маған өте ұнайсыз! Мен сізді жақсы көремін!

Бикеш: Сіз де маған ұнайсыз... Әріптес, әртіс ретінде, адам ретінде мен де сізді жақсы көремін!

Басқар: Дұрыс қой оның бәрі! Бірақ, маған олай емес, басқаша жақсы көргеніңіз керек! Мен сізді сүйемін!

Бикеш: \ *Кенет жадырап, жарқырап күліп жібереді.* \ Ой, аға, кешіріңіз! Басқаша жақсы көре алмаймын әзірге! Сіз мені жаныңызбын жақсы көріп тұрсыз ба? Жоқ әлде кешегі Аикоңыздан айырылып қалған соң, соның орнын басуға осы қыз да жарап қалар деп, жармасып жатсыз ба? Ал ертең алаяғыңыз айналып келіп тұрса ше?

Басқар: \ *Қысылып, ұялып.* \ Жоқ, Бикешжан! О не дегенің! Мен сізді шынымен жақсы көргесін айтып жатырмын! Жан сырым бұл, жаным! Аикоға алданғаным рас, бірақ енді оны мәңгілікке ұмытамын!

Бикеш: Сіз ұмытқанмен біз ұмытпаймыз ғой! Сондықтан, сол дос, әріптес қалпымызда сыйласып жүре бергеніміз жөн болады! Сау болыңыз! \ *Бұрылып, бұлғаңдап жүре береді.* \

Басқар амалы таусылып, жігері құм болып, жасып қалады.

103 – Көрініс

Басқар сең соққандай болып, сенделіп жатақханаға келе бергенде, алдынан Кредиторы – Дәмелі апайы шығады.

Дәмелі: Әй, бала, хал жақсы ма?

Басқар: Жа-жа-жа –ман...емес...

Дәмелі: Жа-жа-жа-ман болмаса, жа-жа-жақсылықпен ақшамды қайтара ғой.

Басқар: Жо-жо-жооқ!

Дәмелі: Не жо-жо-жоқ?

Басқар: Не жоқ болушы еді қазір? Ақша жоқ!

Дәмелі: Әй, осы сендердің жоқтан басқа сөздерің бар ма? Бар деген сөзді ұмытып та қалған шығарсыңдар, ә?

Басқар: Болады, апай, болады әлі!

Дәмелі: Е-е, бәсе...Болсын, болсын тезірек...

Басқар: Сәл күте тұрыңызшы, апай...

Дәмелі: Күткенде, қанша күтейін?

Басқар: Күзге дейін...

Дәмелі: Күзде көктен ақша жауа ма саған?

Басқар: Жазда, демалыста қосымша жұмыс істеймін.

Дәмелі: Жақсы. Тек есінде болсын, процентің көбейеді енді. Күзде қайтармасаң, масқаралап, шулатып тұрып жұмыстан шығартамын! Сотқа беремін! Қашып құтылмайсың, қолхатың бар, қайда барасың? Солай, бала,

жақсылықпен қайтар ақшамды!

\Басқар басын изеп, «жақсы» деп, кетеді басы салбырап. Кредитор оның соңынан жаман, аш көзімен қарап, сиқырлана күледі.

104 – Көрініс. Басы қатқан Басқар.

Театрда. Жігіттердің гримеркасы.

Әйткен, Асқар, Басқар шай ішіп отыр.

Кредиттерін уағымен төлей алмай, басқа да қарыздары қысып, қаражаттан әбден қиналған Басқар қара Джипті сатпақ болады.

Гримеркада шай ішіп отырып, Әйткен мен Асқарға сырын айтады.

Оның мұңайып, мүжіліп кеткен түрін көріп, жігіттер хал сұрайды.

Әйткен: Оу, Басеке, не болды сонша? Ұнжырғаң түсіп кетіпті ғой! Байқаймын, соңғы кезде мүлде көңілсіз жүрсің.

Асқар: Айкодай алаяқтан айырылу оңай ма? Соның күйігі шығар... Әйтпесе, жұрттан бұрын, жиырма сегіз жасында Джип мінген жігіт жарқырап жүрсе керек еді ғой!

Басқар: Өй, бар болсын! Басым қатып кетті. Өлетін болдым әбден.

Асқар: Өй, не дейсің,әй! Ондай сөзді айтушы болма!

Басқар: Айтқанда да, айтпағанда да бәрін көріп, біліп отырсындар ғой. Мына алаяқтарға қайдан кездесіп, қалай алданып қалғанымды өзім де білмей қалдым. Енді, міне, пәлен миллион кредитті мойныма іліп алып, басым қатып отырмын. Мына Джибің де бір бәле екен. Жанармайының өзіне жарты жалақым кететін болды. Әншейін желігіп алып жіберіппін, әйтпесе біз мінетін машина емес екен!

Әйткен: Ал, енді қайтпексің?

Басқар: Қара Джипті сатсам ба деймін! Мен өз құнынан әжептәуір арзанға алдым ғой. Енді бағасын біраз көтеріп сатсам... Сөйтіп, барлық қарыздарымнан құтылып, мына кредитті жеткенінше азайтып, қалғанын біртіндеп төлеп құтылсам... Ух деп бір еркін тыныс алып, содан кейін қарыз дегенге жоламай, барға қанағат деп тыныш жүрсем... Осыным қалай?

Асқар: О, міне, осының дұрыс! Тек байқа!

Әйткен: Сатқанда тағы алданып қалма!

Басқар: Иә, әрине байқаймын. Аузым күйіп болды ғой әбден. Енді алданбауға тырысармын!

Театрдың сырты. Автотұрақта.

Басқар интернетке хабарландыру береді.

Хабарландыру бойынша біреулер хабарласады.

Театрдың автотұрағында, оңашалау бір бұрышта тұрған машинаның жанында алушы кісі Басқармен бірге машинаны көреді. Қасында екі маманы бар.

Олар әлдебір аппаратпен Джиптің бүкіл электрон жүйесін, құрылысын, бөлшектерін, корпусын түгел тексереді.

Алушы кісі мен Басқар бақылап қарап тұрады.

Әлгі екі маман сондай епті екен. Әбден ысылған, өз істерінің шебері екені көрініп тұр. Лып, лып етіп, машинаны шыр айналдыра қарайды.

Осы кезде Әйткен мен Асқар театрдың артқы есігінен шығып, автотұраққа беттеп келеді.

Басқардың жанына келіп, алушымен амандасып, үндемей бақылап тұрады. Бұлар Басқардың жанашыр, қолдаушылары.

Әлгі екі маман сондай епті екен. Әбден ысылған, өз істерінің шебері екені көрініп тұр. Лып, лып етіп, машинаны шыр айналдыра қарайды.

Бір кезде аппараттарын Джиптің корпусына тақап, қайта – қайта электрон приборларына қарап, бірдемелерді бір-біріне көрсетіп, қолдарымен машинаны сипалап қойып, өзді-өзі сыбырласып сөйлеседі.

Бақылап тұрғандар оларға мән бермей, сабырмен күтіп тұрады.

Бір кезде әлгі екі маман алушы үлкен кісі мен Басқарға келіп, көрген – білгендерін баяндайды.

1-Маман: Электрондық талдау, сараптау нәтижесі мынаны көрсетіп тұр. Бұл машина шынында да қағаздарына сай жап-жаңа, шыққанына үш-төрт – ақ ай болғаны рас! Бірақ, өте қатты аварияға ұшыраған! Тіпті, қатты жылдамдықпен келе жатып, бірнеше мәрте домалаған сияқты. Мұнымен біреулер аң қуған болуы керек, өйткені ақауларының жобасы соған келеді. Содан кейін бір кесек металл болып, жапырылып қалған мұны біреулер өте арзанға сатып алып, жақсылап тұрып жөндеген. Әбден сырлап, сылап, сипап, жап-жаңа қылып шығарған да, бағасын сәл түсіріп, аңғал жандарға алдап сатып жіберген!

Алушы кісі: Сонда мұның құны қанша қазір? Осы күйінде қанша

тұрады?!

2- маман: Жаңа Джиптің жартысына ғана татиды! Өйткені, бүкіл корпусы, моторы, тіпті электрон жүйесіне дейін қолдан құрап-сұрап салынған!

Алушы кісі: \ оларды мұқият тыңдап алып, Басқарға бұрылады. \ Ал, бұған не дейсіз, әртіс мырза?

Басқар: \ Әрең тілге келіп: \ Ке-ке-кешіріңіз... Мен мұның бірін білген жоқпын! Маған мақтап, мақтап сатты ғой! Ах, оңбаған! Алаяқ!

Алушы кісі: \ таңданып: \ Сонда қалай, сіз бұл Джипті техникалық тексеруден өткізбей алдыңыз ба?

Басқар: Иә! Жай былай жүріп көрдім... Жаңа дегесін, сөзіне сендім. Өзі мені біледі екен...

Алушы кісі: Ойпырмай, бауырым-ай! Осынша аңғал болармысыз? Мұндай қымбат затты аларда техникалық тексерістен өткізіп алу керек қой!

Басқар: Қазір... Мен ол кісіге хабарласып көрейін. \ Делдалға телефон соғады. «Телефон номері тіркелмеген» – деген жауапты естіп, күйініп: \ Ах, алаяқ неме, алдап соққан екен ғой! Тұра тұр, бұл үшін жауап бересің әлі!

Алушы кісі: Енді оларды таба алмайтын да шығарсыз. Ал, енді әңгіме былай. Сараптама нәтижесін өзіңіз де естіп тұрсыз ғой. Менің беретін бағам сол! Бірақ, сіз бізге де сенбеніз. Тағы бір тексерістен өткізіп көріңіз. Басқа алушы таппасаңыз, маған хабарласыңыз! Міне, менің телефоным! Ал, сау болыңыз! \ визиткасын береді де, екі маманын ертіп, кете береді. \

Басқар олардың соңынан қарап тұрып, басы айналып, қара Джиптің капотына сүйеніп, есеңгіреп қала береді. Айналаны қаратүнек басқандай болып, іші алай-дүлей азынап, күңіреніп кетеді.

Әйткен мен Асқар да ләм дей алмай, үн-түнсіз сілейіп тұрып қалады.

Басқар: \ ауыр, күңірене сыбырлап: \ Мен қандай ақымақпын! Ақымақ!

Әйткен: Қой, олай деме! Сен ақымақ емессің, сен ақкөңіл, аңғалсың! Адамға сенгішсің! Өзің адал болған соң, өзгелер де алдмайды, арамдық жасамайды деп сенесің!

Басқар: Соның бәрі ақымақтық! Бір сөзбен айтқанда солай!

Асқар: Әй, тоқтай тұршы! Мына жағдай шынында да қиын екен! Міне, қараңдар... Егер де жаңа Джиптің бағасын 100 процент деп алсақ... Алаяқ саған 20 процентін түсіріп, 80 ге берді дейік. Ал,

мыналар оның бағасы жаңаның жартысы ғана деп отыр. Сонда 50 – ақ болып шыға ма? Мәссаған, сонда сені машина бағасының 30 процентіне алдап соққан болып отыр ғой!

Басқар: Солай ма, жоқ па –маған енді бәрі бір! Енді жоғалтатын түгім де жоқ!

Бұрылып, кете береді. Артынан жүгіріп, «өй, тоқта! Тоқташы!» деген достарына да қарамай, тарта береді. Екі дос соңынан жүре береді.

106 – Көрініс. Суицидке дайындық.

Театр жатақханасы.

Жатақхананың сырт жағында, тротуармен, келе жатқан Әйткен кенет бірдемені сезгендей жоғарыға қарайды.

Қараса – терезенің жақтауында Басқар отыр.

Әуелі күліп, қолын бұлғаған Әйткен Басқардың түрін көріп, шошып кетеді. Анау ұшып яки секіріп кететін сияқты болып көрінеді.

Әйткен тұра жүгіреді.

Жүгірген бойы жанұшырып Басқардың бөлмесіне келеді.

Есікті жұлқи ашып, кіріп келеді.

Басқар терезенің жақтауында отыр.

Ауыр ой үстінде. Өте ренішті.

Жүгіріп келген досына мұңайып қарайды.

Әйткен: Әй! Терезеге асылып, неғып тұрсың?

Басқар: Секірейін деп тұрмын!

Әйткен: А-а?

Басқар: Мен құрыдым...біттім...Енді өмір сүргім келмейді!

Әйткен: Өй кетші, ей! Дүние бір алаяқ қызға байланып қалып па? Басың аман болса талай қыз табылады әлі...

Басқар: Әңгіме жалғыз онда емес...Мені өмір лақтырып кеткен сияқты! Мен өзім де түсінбеймін неге екенін, бірақ сұмдық өлгім келеді!

Әйткен: Қой, өйтіп басты қатырма! Ата-ананды ойла, болашағыңды ойла...Ертеңгі күн бүгіннен де жақсы болады!

Басқар: Жә, қысқарт! Ақылыңды езіп же! Ертең бұдан да өткен ит тірлік басталмай ма? Мен өлмес күнімді көруге разы емеспін! Мен жақсылап өмір сүргім келеді! Ұғасың ба сен? Ұқпасаң – жайыңа кет! Тыныш өмір сүргізбеп едіңдер, тым болмаса тыныш өлуге рұқсат етіндер!

Әйткен: \ *Үндей алмай, еңсесі түсіп, ойға батып отырып:* \ Шынын айтқанда, мұндай сұрақтарға жауап жоқ! Бізге қалай өмір сүру керектігін өмір өзі көрсете жатар. Ал, саған айтар бір-ақ сөзім бар. Қандай жағдай болса да, ешқашан да өлуге асықпа! Өзіңді өзің ешқашан да өлтірме! Аман – сау болсақ, бәрін де шешерміз!

Басқар: \ *Сәл жұмсарып:* \ Жә, мұның бәрі жаттанды сөз! Дос екенің рас болса, ақтық тілегім -- сен маған қиналмай аттанып кетуге көмектес! Бір-ақ сәт...ойлап қарасаң...бұ дүниеден о дүниеге өте салу онша қиын шаруа емес-ау...Тіпті, орныңнан қозғалмай-ақ, қасқағымда ана жаққа өте салуға болады екен ғой!

Әйткен: \ *Басқардың сөзін ден қоя тыңдап, жүзіне зер сала қарап, шын екеніне көзі жеткен соң, бір шешімге келгендей ширығып:* \ Жарайды онда!

\ *Орнынан тұрып, офицерлерше сымдай тартылып, салтанатты, салмақты үнмен, кесіп-пішіп:* \ Досым деп маған сенім артқаныңа рахмет! Ардақты азамат, әртіс Басқар Санбаев! Мен сені о дүниеге жақсылап тұрып аттандырып жіберейін! Бірақ, сен де менің бір тілегімді бер! \ *Басқар таңданыңқырап, үнсіз қарайды.* \

Басқар: Жақсы!

Әйткен: Ақыры өлетін болсаң, дұрыстап өл! \ *Басқар таңдана қарайды.* \ Ол үшін менің айтқанымды істесең болды! \ *Басқар селқостау басын изейді.* \ *Кел...* \ *Доскен екі алақанын ысқылап, құлшына кіріседі.* \ екі дос әуелі оңашада ақылдасып, әбден пісіріп алайық! Иә, алдымен басын ашып алатын нәрсе, қашан, қалай өлмекке бел будың?

Басқар: Осы қазір терезеден секіріп кетсем бе деп отырмын...

Әйткен: Секіріп...? Болмайды, әй, болмайды! Өзің ойланып қарашы... Біріншіден, бесінші этаждан секіріп ешкімді таңғалдыра алмайсың. Екіншіден...бірден өле қалсаң жақсы, ал, тізеңмен түссең, ой, қандай жаман...қан қақсап, жаныңды көзіңе көрсетеді. Арқанмен түссең тіпті қиын...омыртқаң сынып, өмір бойы сал болып, төсекке таңылып азап тартасың! Үшіншіден, сеспей қату үшін тас жолға тура баспен түсу керек! Бірақ, жан-жаққа қаның шашырап, миың бырқырап...бр-рр...шашылып жатқанның несі жақсы?! Көзіңе елестетіп көрші өзің... сен жатасың қан-қан болып...Жұрт жиылып тұрады тамашалап... Полиция, дәрігерлер абыр-сабыр...Бір жақта ата-анаң, бауыр-туыстарың зарлап жылап тұр...Барлығын жерге қаратып кеткен қарабет әкеңнің аузын... деп, бүкіл жұрт сені боқтап қояды арасында. Сенің дененді жиып-теріп жүргенде, қаныңды... әсіресе миыңды аяқтарына былш-былш басып кетеді...Ә-ә?! Қандай жаман!

Сондықтан, секірмей-ақ қойсаң қайтеді?!

Басқар: Жақсы! Бір айтқаның болсын... секірмей- ақ қояйын! Бірақ, мен өлемін деген соң бәрібір өлемін! Сен маған жан қинамай өлудің оңай жолын айт!

Әйткен: \ *Кеңірдегін екі қолымен ымдап, асылғанды көрсетеді.* \ Қалай болар екен?

Басқар: Буынып өлуге арқан таппай отырмын...

Әйткен: Иә, мәселе... мәселеңки...Қой, кір жаятын жіпке ілініп өліпті деген аты да жаман ғой! \ *Қабырғаларға, төбеге қарап жіберіп.* \ Және, дұрыстап асылатын да ештеме жоқ екен. Шіркін, бір мықты темір күршек болғанда ғой төбеде... \ *Басын шайқап, ойланып отырады.* \ *Басқардың да ұнжырғасы түсіп кетеді. Доскен бір кезде айқайлап атып тұрады:* \ Таптым! Сеппуку! Харакири! \ *арлы-берлі адымдап жүреді:* \ Самурайларша өзінді- өзің жарып жіберсең- өлімнің төресі осы! Жер-жаһанға жапондардан кем емес екенімізді жария қылып, бізден де бір көзсіз батыр шықты деп жарнамалауға да жақсы!

Басқар: Жарнама?!

Әйткен: Иә, жар-на-ма! Қазіргі даңғаза заманда жарнамасыз жанжалға да жарымайсың! Сондықтан, сенің самурайлардың ерлігіне пара-пар батырлық ажалыңды ғажайып оқиға ретінде жапан дала мен жапонға, тіпті, жер-жаһанға жарнамалау керек! Енді, сен үн-түнсіз, елеусіз өле салатын сумұрын сұмырай емессің ғой! Атақты әртіс, өнер жұлдызы деген даңқың бар! Сенің суицидінді әлемге әйгілеп, адамзатқа үлгі қылуымыз керек! Беделді телеарналардың бірін шақырып, тікелей хабар таратуымыз керек! Репортажды жүргізуге тележұлдыздармен бірге, мен өзім де қызу ат салысамын! О-о, елге танымал боп кетсем, рейтингім көтеріліп, үлкен тойларға шығып, ақшаның астында қалар едім!

Басқар: \ *Доскен шабыттана сөйлеп, шаттана дауыстаған сайын, Басқардың басы айналып, көзі бұлдырайды:* \ Ақша, ақша...Кісі өлейін деп жатса да ақша!

Әйткен: \ *оның сөзін әдейі құлағына да қыстырмай, заулатып сөйлей береді:* \ Мә-ә! Қайтсем елді елең еткізіп, есінен тандырамын деп басым қатып жүргенде, мына жаракири керемет болды! Енді сен аман-есен қарыныңды жарты әлемге жарқыратып жарып тастасаң, жағдайымыз жақсарып, жұлдызымыз жанады! Тойдан тойға таласып, бірінен бірі ақшасын асырып, кезекке тұрып шақыратын болады. Асқар екеуміз майға бөгеміз әлі! Солай, достым, сен жай кетпей, бізге пайдаңды тигізіп кет! Өзің де бұл өмірде бір із қалдырып, өлерінде атақ-

даңқа бөленгенің дұрыс! \Басқардың есі ауып, көзі алара қарайды.\
Жо-жоқ, сен ештеңеге де алаң болма, менің айтқанымды істеп, уағда бойынша уағымен нетіп жіберсең болды! Қалғанын өзім қатырамын!
Келістік пе?! Тек айнып қалма! Сен өлуіңді біл, мен көмуімді білейін!
\Басқар бей-жай қалыпта қолын бір-ақ сілтеп, кереуетке етпетінен түсіп жатып қалады.\ Ал, жақсы, үлкен сынақтың алдында сәл тынығып ал, мен қазір бар шаруаны реттестіре қояйын! \ Доскен телефонның жүре терген күйінде, »әлө,әлө!» деп, шығып кетеді.\

107 – Көрініс. Тосын жағдай.

Қызбала театр сахнасында рөлге дайындалып жүр. Сауыт, сайман, дулыға киген, бес қаруын асынған, батыр қыздың рөлін ойнап тұр.

Шапса балта өте ме,
Шақырлаудың тасына,
Нелер келіп, не кетпес,
Ер жігіттің басына!
Өлім жайын ойлама,
Өмір тіле басыңа,
Өмір берсе басыңа,
Кеткен дұшпан дос болып,
Қайра келер қасыңа! \ «Манас\

Осы кезде оған Әйткен телефон соғады.

Әйткен: Халдарың қалай? Маған сенің көмегің керек!

Қызбала: \ бас изеп тыңдай береді де, көзі бақырайып, басын шайқап, мазасы кетеді.\ А-а? Ой, сұмдық-ай! \ Тыңдап болған соң:\
Ұқтым, ұқтым! Міне, қазір келемін! Иә, иә... Саспа, бәрін қатырамыз!

108 – Көрініс. Асханадағы идея.

Әйткен Асқарға телефон соғады. Асқар асханадан тамақ ішкелі жатыр екен.

Әйткен: Тез жет, Басқардың жанында бол!

Асқар: Не боп қалды? А-а?! Не дейді? Жақсы! Қазір! Бірақ, тамақ ішіп алайыншы! Қарным қатты ашып тұр!

Әйткен: Қайдағы тамақ? Досың өлейін деп жатқанда!

Асқар: Мен асханада, кезекте тұр едім. Қап!

Әйткен: О-о! Ид-дея!

Асқар: \ Үнсіз тыңдап: \ О кәй! \ Телефонды сөндіріп, қалтасына салып, асхананың тамақтарына аш көзімен қызыға қарап, тамсанып, таңдап тұрады.\

109 – Көрініс. Дүрбелең.

Әйткен жатақхананың коридорында тұрып, режиссерге телефон соғады.

Әйткен: Әлө, әлө! Ағай! Сұмдық...

Тойтаның кабинеті. Ол телефонмен сөйлесіп отыр.

Тойтан: А-а...Қап, иттің баласы! Қазір келеміз!

Жатақхана. Әйткен телефонын сөндіріп, бірдеме ойлағандай, сұқ саусағын безеп жүгіре басып кетеді.

Тойтан Нәркес екеуі сөйлесіп отыр.

Нәркес: Полиция шақырып, қол-аяғын байлатып, қамап тастау керек. Аштан-аш, қараңғыда бірер күн отырса, есін жиятын шығар!

Тойтан: Жә, сабыр! Полицияны да шақырармыз, қаматып та тастармыз. Бірақ, артын ойлайықшы.

Нәркес: Неге оны біз ойлауымыз керек? Өзі ойласын... Өзінше сыншы болып, шыншыл болып, бізді өтірікші деп өректіген неме, өрем қапсын, маған десе!

Тойтан: Жә, сабыр! Қалай дегенмен, біздің әріптесіміз, қарауымыздағы қызметкеріміз екенін ұмытпа! Өткенде егесіп, ұрысқанымызды да жұрт көрді. Шынымен бірдеме боп кетсе, ертең бізден көрмесіне кім кепіл? Біз оған жауаптымыз!

Нәркес: Содан қорқамын...Бәлесінен аулақ! Бірдемеге ұрынып қалмай тұрғанында, палицайларға беріп құтылайық!

Тойтан: Оны күштеп райынан қайтара алмаймыз. Адам өлемін деп бел буса – өлмей қоймайды. Оның айласын тауып, ақылмен тоқтатқанымыз жөн. Қисықты күшпен түзеймін деп, сындырып алсақ қайтеміз?!

Нәркес: Ал сонда не істейміз?

Тойтан: Әзірге дабыралаудың қажеті жоқ. Барып баламен сөйлесейік. Достарының айтуына қарағанда, бұл әбден қарызға батқан. Көп, өте көп кредит алған екен. Жан-жақтан, банктен, жеке адамдардан ала берген. Оған өсімқор кредиторы процент қосып, пеня-сеня, деп, тіпті өсіріп, көбейтіп жіберген. Оған қоса, сүйген қызы, әлгі Айконың алаяқ болып шығып, алдап соққаны аяусыз соққы болған сияқты!

Нәркес: Өй, бейшара –ай! Байқамай ма? Қап, бәлем, алаяқ Айко!
Қолыма түсер ме еді бір!

Тойтан: Өй, оны қоя тұр! Мына бәледен құтылуды ойла!
Нәркес басын изейді. Тойтан екеуі сыртқа беттейді.

110 – Көрініс. Аласапыран.

Басқардың бөлмесіне ентігіп Асқар келеді. Аптақ болып отырған Басқар оған назар аудармай, бір нүктеге қадалған күйі, үнсіз отыра береді.

Асқар: Өй сен де...өлетін уақытты тапқан екенсің...Кісі асханаға кірейін деп тұрғанда. Сен үшін...тамақ ішпей келдім. Әйткен телефон соғып... Амал жоқ... Суицид дегесін...онда да сен болған соң... Басқа біреу болса қозғалмаушы едім...қырқына дейін бір барармын деп... \ *Тефалды қосып, су қайнатады. Сәмкесінен қып-қызыл боп қуырылған окорочка мен латшасын алып шығады.* \ Менің қарным ашып тұр. Пышағыңды бере тұршы!

Басқар: \ *үнсіз, жоқ дейді ыммен.* \

Асқар: Қалай жоқ? Әлгі жаракириді бере тұр. Ә, Тықыр әлі әкелген жоқ па? Әкеледі...ол қатырады бәрін де. \ *Тауықтың иісін бұрқыратып тұрып, рахаттанып, әдемілеп жейді. Басқарға:* \ Жейсің бе? Қарның ашқан жоқ па? Саған да ала салдым. \ *Екіншісін шығарады.* \ Мүмкін, соңғы рет соғып аларсың? Тойға барсаң тойып бар дегендей...тозаққа, тойыс, о жаққа да тойып барғаның дұрыс шығар... Ә-ә, саған жеуге болмайды ғой...

Болмайды, иә болмайды... Жаракири...бырқырап кетеді... жеркөкті былғайды. Шегіңмен бірге лапша шығып, созылып жатса, жұрт түсінбейді ғой. Жарайды, мен өзім жей салайын. Негізі мен двойной порцияны жақсы көремін. Не нәрсенің де жұп болғаны жақсы ғой. Шіркін, екі өмірім болса ғой! Міне, саған өмір керек жоқ, ал маған өте керек. Уот, сенің керек қылмаған өміріңді маған берсе ғой. \ *Тамсанып, тамағын соға береді. Басқар оған қарап, ренжіп, бірақ үндемей отырады.* \ Сен маған ренжіме. Қарным ашып тұр! Сен маған тамақ болмайсың ғой. \ *Асқар сәлден кейін сәмкесінен балмұздақ алып жей бастайды. Басқар үнсіз тесіле қарап отырады. Асқар рахаттанып, тамсанып жейді. Басқарға қарап қойып:* \ Жейсің бе? Керемет...Басқаға басынды қатырмай, балмұздақ жеу үшін – ақ өмір сүруге болады ғой. Иә, өмір деген балмұздақ сияқты! Сондай тәтті! Тоймайсың! Тез бітіп қалады! Шіркін, кө-өп балмұздақ болса...

бітпейтін! Балмұздақ біткенше өлмейтін болсам ғой!

Бірақ, саған енді бәрібір шығар! Бәлкім, өлмей-ақ қоярсың, ә?... Иә, шегінерге жол жоқ...Енді, сен өледі екен деп, балмұздақ жемей қоямыз ба? Өлесің де қаласың...ал өмір жалғаса береді. Ешкімнің ештемесі кетпейді...тіпті, тәбеті де бұзылмайды... Шамаң келсе, өлмеуге тырыс! Жабыса бер өмірге... ең соңғы деміңе дейін жармас!

*\ Асқар сөйлей жүріп, кереуетке отырады, бірте-бірте қисайып жатады.Сөзін аяқтай беріп, қор ете түседі. *

Басқар: *\ шыдай алмай, дауыстап оятып жібереді.* Әй, сені де досымыз бар деп жүрміз-ау! Тіпті селт етпейсің ғой...кісі өлейін деп жатса...

Асқар: *\ Басын көтеріп:* Ә-ә? Немене, біреу өлгісі келді екен деп, ұйқымызды бұзамыз ба енді? Әуелі өліп алсайшы. Оған дейін мен біраз тынығып алайын. Әлі қайда...әуре-сарсаң жетеді...сенің денеңді анда – мында тасу керек...моргке, полицияға апарып, қаншама қағаз алу керек...сені кескілейді...экспертиза...анализ... Сондықтан, асықпа, менің достық қызметімді өлгеннен кейін көресің...көмгенде де көп кешікпей келуге уәде беремін!

Басқар: Туһ, саппас! Не деген ит едің!

Асқар: Он екіде бір гүлі ашылмай жатып, өз-өзіне қол салып, көктей солайын деп отырған сен ит пе, жоқ, тыңқиып тойып алып, тыныш жатқан мен ит пе?*\Есінеп, жата кетеді.* Сен өлді екен деп ешкімнің де қылы қисаймайды, көр де тұр! Бір қуысқа тыға салады – бітті, капут!

Бөлмеге қолында балтасы бар Әйткен келеді.

Асқар: *\ Басқарға:* Айтпақшы, ана импорт қаламыңды сен маған беріп кетші. Көзіңдей көріп ұстап жүрейін! *\ Басқар үнсіз күрсінеді.* Әй, неменеге күрсінесің? Жаныңды қиғанда сондайсың, қаламыңды қимайсың ба? Саған енді керегі жоқ қой!

Әйткен: Жоқ, ол қалам менікі! Көптен бері көзім түсіп жүрген...

Асқар: Қалайша сенікі? Басқар кімге қалдырса,соныкі!

Әйткен: Менікі!

Асқар: *\ Атып тұрып:* Менікі!

Әйткен: Көр де тұр, маған қалдырады!

Асқар: Жоқ, маған!

Әйткен: Басқаржан, айтшы, маған қалдырасың ғой қаламыңды! *\ Басқар үнсіз, есінен танардай болып отыр.*

Асқар: Маған, маған қалдыр! Мен Доскеннен гөрі саған жақындауымын ғой!

Әйткен: Жоқ, мен жақынмын! \ Басқарға:\ Жанашыр екенімді жақсы білесің ғой, жан досым! Маған бересің-бітті!

Асқар: Жарайды! Онда маған сары жылтырағы бар галстугынды беріп кетші! Ылғи қызығып жүруші едім! Шіркін, сен бай болғанда ғой...Бүкіл дүние-мүлкің бізге қалар еді!

Әйткен: Байлар өзін-өзі өлтірмейді!

Асқар: Неге?

Әйткен: Себебі жиған байлығын қимайды! Ал кедейлерге бәрі бір...жоғалтатын ештемесі жоқ! Жарлыға жарыла салу – оп-оңай!

\ Ол балтасын былай қойып, жерге аппақ төсеніш төсеп, аппақ көйлек киген Уылдырықты тізерлетіп, теріс қаратып отырғызады. Балтаның жүзін бармағымен тексеріп көріп, салмақтап біраз тұрады.Басқар таңдана қарайды.

Басқар: Балтаның керегі не?

Әйткен: Енді...егер де сен жаракири жасағанда бірден өле қоймасаң...қан-қан болып, қорқырап, қиналып жатсаң, саған көмектесіп, басыңды қағып жібермеймін бе? Кинодан көрдік қой талай, самурайлар сөйтеді екен ғой...және ол екеуіне де, яғни шапқанға да, шабылғанға да зор құрмет болып саналады екен! \ *Асқар басын шайқап,,отырады.*

Басқар: Олар шапса өткір семсермен әдемілеп, ауыртпай, бір тартқанда қиып түсірген. Ал сен немене, мені балтамен отын сияқты бұтарлап, жаңқалайын деп тұрмысың? Ауырады ғой!

Әйткен: Ауырмағанда...өзінді-өзің өлтіру оңай деп пе едің? Ауырса да шыдайсың енді, елдің бәрі құлақтанып қалды, хабарынды күтіп отыр...шегінетін жер жоқ! Дабай, дайындал! Кел, бір-екі рет репетиция жасап алайық! \ *Басқар оған ренжіп қарайды. Доскен түк болмағандай, балтасын салмақтап, ақырын сілтеп, Басқардың мойнына тақап, бір-екі рет тигізіп көреді.* Міне, осылай тартып жібергенде, сен түгілі түйенің басы да топ ете түспей ме?

Асқар: Саспандар! Домалап бара жатқанда, мен май табаныммен басып тоқтата қоямын! Негізі, балтаның жүзін тігінен салмай, қия тартсаң, қиып түседі! \ *Бос баклашканы алып, Басқарға білдірмей ту сыртынан келіп:* Міне, былай! \ *Баклашкамен басынан салып,салып жібереді. Басқардың басы қалтаң-қалтаң ете қалады.Зәресі кетсе де, білдірмеуге тырысып, демін әрең алып,үнсіз шыдайды. «Қалай, достым?» – дегендей, Асқар масайрай, мазақтай қарайды оның бетіне.*

Әйткен: Bravo! \ *Басқарға:* Тура осылай,бір-ақ шабуға тырысамын!

Тек қана сен уәдеңде тұратын бол! Мен қашан дабай дегенше сен ешқандай әрекет – қимылға бармайсың! Қандай жағдай болып жатса да кіріспейсің! Өз ойыңмен өзің болып, селт етпей, теріс қарап отыра бер!*\ Балтаны салмақтап-салмақтап, бұрышқа сүйеп қояды.*

Жүгіре басып, үрейленген Бикеш пен Қызбала кіреді. Бөлмедегі көріністен одан сайын зәрелері ұшып, сөйлей алмай қалады.

Асқар: Бикеш, қуаныштан секіре беруіңе болады! Осының бәрі сенің кесірің!

Бикеш: Менің?

Асқар: Иә, сенің күйігіңнен... мінеки! *\ Жанына жетіп келіп:* Әй, нең кетеді, Басқарға тие салсайшы!

Бикеш: Қалай тие сал?

Асқар: Кәдімгідей... тие сал!

Қызбала: Не деген тас жүрексің! Білдей бір азамат жарылып өлейін деп жатса...

Бикеш: Ойбай, сендер қандай қызықсындар? Мен оны сүймесем қайтіп тиемін?

Қызбала: Міне, сен сүймегесін өлейін деп жатыр. Сүйсең- өлмес еді! Мұны аман алып қалу үшін – сен оны сүюің керек!

Бикеш: Қайтіп сүйем? Жүрегім қаламаса...

Асқар: Қайдағы жүрек, әй? Ертең... мынау шынымен неғып кетсе... ата-анасына неңді айтасың? Елге қай бетіңмен қарайсың, әй?

Бикеш: Шынымен мен кінәлімін бе сонша?

Қызбала: Әрине! Тіпті, кінәлі болсаң да, болмасаң да сенен көреді ертең бәрі!

Бикеш: Ал, ендеше, ерегескенде... он рет өлсе де мен оны сүймеймін де, тимеймін де! *\ Бұрылып, шығып кетуге оқталады. Осы кезде Асқар оның қасына жетіп барады. Әрең отырған Басқар шыдай алмай, мойнын бұрып, Бикешке бақырая қарап қалады.*

Сол кезде Әйткен Қызбалаға уақыт болды дегендей белгі береді. Қызбала басын изеп, ешкімге байқатпай, ақырын шығып кетеді.

Асқар: Бикеш, Бикешжан, бері қарашы! Басқар болмаса Асқар бар! Жан-жарың болуға мен дайынмын! Иә десең болды жаным, жетегінде жүре беремін!

Әйткен: Ой, ақырын, анау естіп отыр ғой. Ұят емес пе?

Асқар: Ұят? Кімнен? Мына өлімтіктен бе? Жоқ, ол ештеңе естімейді. Он же труп!

Бикеш: *\ Асқарға:* Ах, ұятсыз, оңбаған! Досыңның топырағы суымай жатып... э-э, астапыралла... досың әлі өлмей жатып, оның

ғашығына сөз салуға қайтіп дәтің барады, ә?

Асқар: Енді, жасыратын не бар, мен саған көптен бері қызығып жүруші едім. Бірақ, Басқар тұрғанда достықтан аттамайын деп, жаныңа жуыған жоқпын! Ал енді ол бүгін ана жаққа аттанып кетемін десе, жолы болсын. Алды өзіне жарық, арты бізге қайырлы болсын! Біз бәріміз оның артынан тұра шаппаймыз ғой, тіршілігімізді істейміз! Біреу қағып кетпей тұрғанда, сендей алтын балық қызға қармағымды салсам несі айып?

*\ Әйткен үнсіз, таңдана қарап қалған. Басқар қозғалақтап қояды. *

Бикеш: Ойпырмай... енді...айып емес...

Асқар: Кайф!

Бикеш: Бірақ, біртүрлі нелеу екен...аяқ астынан...

Асқар: Шыныңды айтшы, мен саған ұнаймын ба?

Бикеш: Былай жаман жігіт емессің негізі...Басқар сияқты боркемік емес, пысықсың! Қазіргі заманда өмір сүре білу үшін жігіттер сендей болу керек!

Асқар: О-о, жаным Бикеш! Сенің бір ауыз жылы сөзің үшін ғана өмір сүруге болады!

Бикеш: Сен менің сөзімді сондай бағалайсың ба?

Асқар: Сенің сөзіңе де, өзіңе де баға жетпейді ғой!

Бикеш: Дұрыс қой, бәрі де...Бірақ, досым Басқардың ғашығы еді деп, бір сәт ойланбайсыз ба?

Асқар: Оны неге ойлауым керек? Қой дедім, қоймады! Қалағаны өлім болса, бара берсін! Ол өлді екен деп, өмір тоқтап қалмайды ғой! Басқар деген бір ақымақ, нашар жігітсымақ өзіне-өзі қол салды екен деп, артынан бірге өлетін біреу табылса, мен мына мұрнымды кесіп берейін! Көр де тұр, ешкімнің ештемесі кетпейді!

Бикеш: Иә, дұрыс айтасың! Біз өмір сүргіміз келеді! Сүйгіміз келеді!

*\ Асқар оның қолынан тартады, Бикеш оған жақындап, кеудесіне басын қояды. Мойнын бұрып, артына қарап отырған Басқар мұны көргенде қалшылдап, қозғалақтап, әрең шыдап отырады. *

Асқар: Басқар қара жердің суық қойнында қақиып жатқанда, мен сендей сұлудың ыстық құшағында балқып жатпаймын ба?! Оған енді түк те керек емес. Оның көзінше сүйісе берсек те болады. Оған бәрі бір! *\ Бикеш екеуі құшақтасуға айналады. Басқар күйіп кете жаздап, қозғалақтап, әрең шыдайды. *

Осы сәтте дауылдатып Тойтан мен Нәркес кіріп келеді.

*Құшақтаса берген Асқар мен Бикеш бөлініп кетеді. *

Нәркес: \ Ойбайлап Басқарға жақындап келіп, бата алмай бөгеліп:\ Ойбай, ойбай! Бай-бай-ай, бай! Бұл не сұмдығың айдың күннің аманында? Тоқта, айналайын! Алтыным,жаным, тоқташы, өлмеші! Сен бізге керексің! Театрға керексің! Өнерге керексің! \ Басқар оған селт етпей отыра береді.\ Әй, өзің аман-есен кетші ауылыңа! Бәлеңнен аулақ! Үйіңе барғасын үйтіліп қалсаң да мейлің! Тек, әзірше тұра тұршы бізді масқараламай! Айтқаныңды істейік,не жетпейді саған...ашып айтшы. Қолдан келгеннің бәрін де жасайық! Өлемін дегеніңді қойсаң, саған қалаған басты рөліңді алып берейін!

Тойтан: \ Сазарып тұрған қалпы:\ Жоқ, ол болмайды! Біреу өлемін деп қорқытады екен, соған бола біз сахнаның сәнін кетіріп, басты рөлдерді үлестіре береміз бе? Театр сахнасы немене, ойыншық па? Ертең мұны естіген әртістердің бәрі жұмысты қойып, спектакль сайын мойнына қыл арқан салып, тізіліп тұрмасына кім кепіл?

Нәркес: Кешіріңіз...мен қай бір жетіскеннен айтып тұр дейсіз... Шынымен неғып кете ме деп...

Тойтан: Әлі тірі ғой...өлсе, әңгіме басқаша... онда бәрін де береміз! \Әртістерге бұрылып, өктем үнмен:\ Сендер неғып жүрсіндер мұнда топырлап? Суицидтен шоу жасайтын дәнеме жоқ!

Осы кезде Басқардың бөлмесіне видеокамерасын көтеріп тележурналист Экран – Қызбала кіріп келеді. Бірақ, әбден гримделіп, боянып алған оны ешкім танымайды. Әртістер алқақотан жайғасқан күйде тележурналистен ыңғайсызданып қалып, телекамераға түсуге еріксіз дайындала бастайды. Сервер шашын тарамақ болғанда, Айфон оған қол айнасын тоса қояды. Өзі де бет-аузына пудра-далабын жағып, қозғалақтап қалады. Қыздар да бір-бірінің шаштарын жөндеп, сәнденіп жатыр. Уылдырық бұрышта, ақ көйлек киген, тізерлеп,бір нүктеге қадалған күйі селт етпей отыр. Әйткен Қызбала – Экранды қарсы алып, қолымен бұрышты ымдап көрсетеді.

Қызбала – Экран: \ Даусын мүлде өзгертіп, Әйткенге бәрі естісін дегендей таңқылдап:\ Жақсы, жақсы, біз бәрін түсіреміз... таптырмайтын тамаша материал...жұрт қызыға көретініне күмән жоқ. Тек сізден өтініш – өтірік болмасын, иә, иә, анық болатын болсын. Біз аппаратымызды арқалап әуре боп келдік...ал ол өлмей қалса...ұят болады! \Сөйлей жүріп, ыңғайлы жер таңдап, камерасын дайындап, түсіре бастайды.\ Қайырлы күн, құрметті телекөрермендер! Міне, біз суицид алаңынан тікелей репортаж жүргізіп отырмыз... Біздің бас кейіпкеріміз Басқар қазір қызу дайындық үстінде... Бұрын-соңды

бүкіл әлемдегі бір де бір елде болып көрмеген мұндай репортажды тікелей эфирден жүргізу – біздің арнаның жаһандық жаңалығы. Бізді қазір жер шарының жүзден астам мемлекеті көріп отыр!

Әйткен: \ *Басқарға:* \ Әнеки...кеттің эфирге! Енді шегінетін жер жоқ! Бүкіл әлем сенің қарыныңа қарап отыр!

Бикеш: Біздің де күткенімізге біраз боп қалды. Ал, енді не болар екен?

Нәркес: Тезірек бір жағына шықса екен не болса да!

Бикеш: Менің қарным ашты. Түскі тамаққа да бара алмай қалдық қой...осыны аңдимыз деп жүріп...

Қызбала - Эcran: \ *Алақанын шарт еткізіп:* \ Хоп, хоп! Тамақты қоя тұрыңдар! Асықпай, жайланып отырып ішеміз кейін...Қазір суицид алаңынан репортажды бастаймыз!

Әйткен: \ *Эcranға:* \ Мен өзім бірге жүргізейін репортажды! Біздің де атымыз шықсын, елге танылып қалайық!

Қызбала – Эcran: Мақұл, қатыса беріңіз... атақ-даңқ бәрімізге де жетеді...тек өлетін сәтін жіберіп алмайық...әдемілеп түсіріп, әсірелеп жүргізу керек!

\ *Қызбала Әйткенді эфирге дайындап, үсті-басын, шашын жөндеген болады.* \

Нәркес: \ *Тойтанға, бәрі естісін дегендей:* \ Мына Айталиев құтырып алыпты ғой өзі!

Тойтан: Енді ше...бір досыңнан құтылу дегенің аз олжа ма? Егер менің де кейбір достарым өстіп кете қойса – мен тай сойып, той жасар едім!

Әйткен: \ *Камераға ойнап:* \ Құрметті телекөрермендер, менің аты-жөнім Айтуар Айталиев! Мен бүгінгі бас кейіпкеріміз Басқармен бірге жұмыс істеймін, бір сахнаға шығып тұрамын! Шынын айтқанда, менің досым шатыры шайқалған, жүйкесі жұқа, күйгелек, өзін-өзі жеңе алмайтын әлсіз, нашар жігіт болып шықты. Тіршіліктің түйткілдеріне төзе алмай, күйіп-пісіп, ажалынан бұрын арам өлгелі отыр. Қой деп қанша айтсақ та, тыңдайтын емес! Сірә, әбден түңіліп, ашынса керек!

Қызбала – Эcran: Иә, өмірде адамды ашындырып, осындай халге жеткізетін әртүрлі жағдайлар да болады. Ақырындап сұрастырып көргенімізде, бұған бас режиссерден бастап, әртістердің біразы кінәлі деп шулап отыр жұрт! Мәселен, Нәркес деген әртіс өзінің беделін, жасының үлкендігін әрі күйеуінің басшылық қызметте отырғанын пайдаланып, Басқарды аяғынан шалып отырған! \ *Камераны Нәркеске бұрады.* \ Әйткені, кезекті бір спектакльді тапсыру кезінде Басқар

Нәркес ханыммен шындық пен өтірік жөнінде пікір таластырып қалған екен. Соған ерегескен көркемдік кеңестің мүшесі, үлкен, беделді әртіс Нәркес оған төмен баға қойған. \ *Камераны Тойтанға бұрады.* \ Нәркестің күйеуі, театрдың көркемдік жетекшісі және бас режиссері әйелінің сөзін сөйлеп, Басқарды басты рөлден алып тастап, жатақханадан қуып шықпақ болған! \ *Камерадан қашқақтап, қолдарымен беттерін көлегейлеген Тойтан мен Нәркесті алқымдап:* \ Сіздер немене, өзіндік пікірі үшін осынша қудалайсыздар ма адамды? Өтірікті өтірік деп айтқанның несі айып? Шындық үшін шырылдаған жас адамды жабыла жазалап жатқандарыңыз адам деген аттарыңызға жараса ма? Обал емес пе бұларыңыз, обал! \ *Тойтан мен Нәркес камерадан қашқақтап, жүздерін жасыруға тырысады.* \

Тойтан: Әй, шырағым, сөндірі андағы камераңды! Біз ешкімді де бұл дүниеден о дүниеге қудалап аттандырып жатқан жоқпыз! Мен бұл мәселе жөнінде телеарнаға сұхбат беруден бас тартамын!

Нәркес: Адамныңөзі келісім бермесе, оны камераға түсіріп, экраннан көрсетуге хақыларың жоқ! Осыдан бізді қаралап көрсетеді екенсіңдер, мен адам правосын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымға арыз беремін! Сотқа беремін сендерді... бүкіл арналарыңмен қосып!

Қызбала – Эcran: \ *оның сөзіне мән бермей:* \ Негізінде, жұрттың айтуына қарағанда, Басқар шыншыл жігіт. Өтірікке қарсы шығып, сол үшін күйіп кеткен...

Тойтан: Ол үшін күйетін дәнеңе жоқ. Біреу өтірік айтты екен деп өле қаласыңдар ма сонша? Мен сендерді, осы күнгі жастарды түсінбеймін. Бесіктен белдерің шықпай жатып, өлім туралы ойлайтындай алжастыңдар ма, әй? Айтқан әндеріңе дейін, жазған өлеңдеріңе дейін, сөйлеген сөздеріңе дейін «сұм жалған, бес күндік баянсыз өмір, қамшының сабындай қысқа ғұмыр, дүние алдап кетер сағым, алдымызда ажал» деген сияқты зар болып келеді. Әй, естерің дұрыс па, әй, өмір жолын бастамай жатып, өлімді ойлап, қайғыдан қан жұтып не көрінді сендерге? Құдайдың берген ғұмырын сүріп алсаңдаршы әуелі!

Қызбала- Эcran: \ *Тойтанға қарап:* \ Ағай, осындай асыл сөзіңізді ертерек неге айтпадыңыз? Жас әртісті қудаларда, өзіңіз неге еске алмадыңыз? \ *Тойтан үндей алмай, төмен қарайды. Эcran камераға бұрылып:* \ Жұрттың сөзіне қарағанда, өзіне өзі қол салуға бел буған жас жігіт белшесінен қарызға батқан. Оған кредитор апай.. Қане апай, бері шығыңыз, жақсылап көрсетейік сізді... \ Әртістер қаумалап, өсімқорды ортаға шығарады. \ Басқарға тоқсан мың теңге қарыз...

кредит беріп, тоғыз айдың ішінде бес жүз мың теңгеге бір-ақ өсірген. Оны өтеуге жағдайы болмай жүргенде, бастықтар оның гонорарын кесіп тастаған. Осының бәрі жігіттің жүйкесін тоздырып жіберген. Апай, айтыңызшы, неліктен осынша аш көз болдыңыз? Қарызды мұнша өсіріп, ауадан ақша жасағаныңыз қылмыс емес пе?

Кредитор: Қайдағы қылмыс? Қайта мен оны қысылып тұрғанда, құтқарып жібердім емес пе? Алған соң, қайтарсын қарызды өсімімен. Оны ешкім зорлаған жоқ, өз еркімен келістік. Сүйген қызыма сыйлыққа сақина әперемін деген соң, жастардың махаббаты үшін тауып бердім.

Қызбала – Эcran: Ал, апай, бәлкім, берген қарызыңызды ғана қайтарып, қалған өсімін кешіріп жіберерсіз?

Асқар: Кешірмей көрсін!

Қызбала-Эcran: Өзін сотқа береміз!

Кредитор: Бере бер! Заң мен жағында! Процент, пеня деген барлық елде бар, заңмен бекітілген!

Әйткен: Жақсылықпен тоқсан мың теңгенді ал да, қалған пеня – көбігінді үп деп үрлеп, ұшырып жіберсең, түк пәле жоқ! \ *Қалтасынан ақша алып шығады.* \ Міне! Санап-санап қағып ал, сол қалтаңа салып ал!

Кредитор: \ *Күмілжіп:* \ Апырмай... аяқ астынан... Қанша уақыт өтті қарыз алғалы. Инфляция, девальвация деген бар... Мүмкін... жартысын берерсіңдер... Жартысын кешіруге болады!

Әйткен: Кісі жарылып өлейін деп отырса, жартысы дейді ғой...

Кредитор: Енді... жартысын кешсем де, жеңілдеу болмай ма?

Әйткен: Сонда немене, жартысын кешсең, жартылай жарылады деп тұрсыз ба?

Кредитор: Енді, жеңілдеу болады ғой...

Асқар: Жартылай жарылды не, түгел жарылды не? Жарылғасын бітті емес пе?

Әйткен: Жарты-мартыңды білмеймін. Міне тоқсан мың! Алсаңыз – алдыңыз, алмасаңыз – қалдыңыз! Қазір мынау жаракири жасап, жарылып өлсе – бітті, бір тиын да жоқ сізге! Одан да осыны алыңыз да, зытыңыз бұл жерден!

Кредитор: Қой, болмады ғой... Жақсы онда...

Әйткен: \ *Кредитор қолын соза бергенде, ақшаны ұстатпай:* \ Қолхатын қайтып бер де, пеня-пена – көбігін кештім де!

Кредитор: Ма-ма-мақұл! \ *Қолхатын қалтасынан алып шығып, Әйткенге береді. Әйткен ақшаны ұстатады.* \ Кештім қалғанын! \

Күйбеңдеп, шығып кете береді.\

Қызбала: Ура! Басқаржан, кредиттен құтылдың, енді қандай әңгіме бар?! Бітті, суицид құрысын осымен!

Басқар теріс қараған күйі, былқ етпей отыра береді.

Әйткен: Бұл бер жағы ғана! Аржағы тіпі жаман болып тұр ғой! Амал жоқ енді, жаракири!

Тойтан: Иә, солай де. Жаракири! Жаракири! Тарихта талай батырлар болған. Бірақ, өз қарынын өзі жарып өлген ешкім жоқ қазақта!

Асқар: Ең бірінші – Басқар батыр! Аттарыңды шығарғыларың келсе – қарындарыңды жарындар!

Қызбала – Эcran: \ *Әйткенге, жұрттың бәрі естісін дегендей айқайлап:* \ Сіз ана досыңызбен сөйлесіп көріңізші, мына кісілерден көрген жәбір-жапасын айтып, мүмкін, біздің арнаға бұл өмірдегі ең соңғы сұхбатын берер, ә? Ойлап көріндерші, шынында керемет қой... Жан сырын ақтарып, бәрімен қоштасып болып, менің өліміме осылар кінәлі деп тікелей эфирде өзін-өзі бауыздап жіберсе... қанын камерға шашыратып... мә-ә, бүкіл дүниежүзінің тарихында ондай кадр болып көрмеген! Барлық елдер, күллі адамзат қалай қызығып көрер еді ондай репортажды!

Әйткен: Жақсы, мен айтып көрейін қазір!\ *Теріс қарап отырған Басқарға бірдеңе деп сыбырлайды. Басқар басын шайқағандай болады.* \

Қызбала – Эcran: Тек байқап, майдалап айт, айнып кетіп маскара қылмасын бізді!

Әйткен: \ *Эcranға жақындап келіп, камераға және жиналғандарға қарап, ерекше шабытпен:* \ Сонымен, құрметті халайық, салтанатты соңғы сәт те туды! \ *Басқарды қолтығынан демеп, бұрып, жұртқа қаратып отырғызады.* \ Міне, қазір біздің бауырымыз Басқар өзіне-өзі харакири, қазақша айтқанда жаракири жасайды, яғни, өзінің ішін өзі жарып жіберіп, шек- қарынын жарқыратып ақтарып тастайды! \ *Жұрт сілтідей тынған. Әйткен Эcranға ымдап, қалай түсіруді көрсетеді.* \

Қызбала – Эcran: \ *Камерасын ыңғайлап, Басқардың бетіне, қарнына қарата қойып:* \ Рахмет, рахмет, осы ракурстан... орта планнан бастап... жарған кезде наездбен крупный план алып... қан-жынға акцент... жаны шыққандағы соңғы демі – деталь... керемет! Бүкіл әлем аузын ашатын болды!

Әйткен: \ *Басқар төбеге қарап, сабырлы салмақпен дайындала бастайды.* \ Міне, ол баяғы батыр бабалары сияқты ажалды лайықты

қарсы алуға бекініп, көк аспанға көңіл бұрып, жер-жаһанға, күллі ғаламға, екі бірдей дүниеге ой жүгіртіп өтті. Ал, аяулы Басқар, сен үлкен айдындарда кит балық болып жүзуің керек еді, оның орнына ит балық болып арам өлейін деп отырсың! Амал не, өзің осылай ұйғардың, қош бол! Мен саған берген достық антымды адал атқарып, ақтық тілегіңді орындауға дайынмын!

\ Қойнынан ақ орауды алып, Басқардың алдына қояды.

Жіңішке ақ шүберекпен салтанатты түрде Басқардың екі көзін байлайды. Бұрыштағы балтаны алып, шабуға дайындалып тұрады.

Басқар ақ орауды жазып, ақ пышақты жарқыратып шығарады.

Жұртта үн жоқ, қорқыныштан қатып қалған.

Басқар пышақты оң қолымен қыса ұстаған күйі ақырын ішіне тақап тұрып, есіп кеп жібереді де, бүк түскен қалпы дыбыссыз отырып қалады. Жұрт «үһ-һ!» дегендей болады.

Не болғанын әлі онша түсіне қоймаған Басқар көзіндегі байлауды жұлып тастап, тағы бірнеше рет пышақпен ұрғылап, кескілейді өзін.

Өтпейтін пышақпен ішіне тағы да ұрып-ұрып жіберіп, көзін жұмып, отырып қалады.

Сол мезетте Әйткен қатты ақырып, қолындағы балтасын құлаштай үйіріп алады.

Жұрттың зәресі кетіп, көзін жұмады.

Әйткен балтасын құлаштай сермеп, Басқардың басынан қағып жібереді.

Басқардың басы қалтаң ете қалады.

Әйткен сол екпінімен бір айналып келіп, театрально, кинодағы самурайлар құсап, балтасын көтерген күйі қатып тұра қалады.

Балтасы басқа тигенде былқ етіп, мыжылып қалады. Жай ғана ойыншық балта!

Не болғанын түсіне алмай теңселіп отырған Басқар бір кезде ашуға булығып, пышақты лақтырып тастап, орнынан айқайлап атып тұрып, ортаға шығады..

Басқар: О-о, иттің балалары! \ Не істерін білмей, сөйлей алмай, алқынып, қолдарын сермеп, басын шайқап, арлы-берлі сенделіп жүреді. Жұрт есін жия алмай, үнсіз отырып қалған. Әйткен балтасын бұрышқа қойып, Асқардың тасасына тығылады. \

Қызбала – Экран: Сүйінші, құрметті халайық, әйтеуір, бәрі жақсы аяқталды... ең бастысы, кісі өлімі болған жоқ!

Басқар: \ Камераға жетіп келіп, ышқынып: \ Жоқ, өлім болды! Және қандай адамдар өлді десеңдерші! Менің достарым, айлакер

зұлым, оңбаған Әйткен мен мәңгілік маубас, опасыз ит Асқар өлді бүгін! Барлық маскалары сыпырылып, маскара боп өлді! Олардың тірі жүр деген аты ғана! Олар рухани өліктер! Мен үшін олар енді жоқ! Мен соларға ерегескенде енді ешқашан, ешқашан өлмеуге тырысамын! Соларға ерегескенде жақсы өмір сүруге және керемет істер атқарып, айтулы азамат болуға ұмтыламын! Мен...мен...осыған ант етемін! \ *Жиналғандар қол соғады.* \

Әйткен: Міне, біздің досымыз Басқар тірі қалды! Жо-жоқ, ол өліп қайта тірілді! Бүгінгі күннің ең басты жаңалығы осы!

Қызбала – Экрaн: Bravo, маэстро, bravo! Керемет спектакль! Бірақ, бистің керегі жоқ!

Басқар: Спектакль?! Әй, адамның трагедиясын шоуға айналдырған шошақай тақылдақ, не деп тұрсың, ә? Осы сендер неге өсек-аянға соншалықты құмарсыңдар, ә? Неге жұртқа тыныштық бермей, адамдардың өміріне, жеке басының ісіне тұмсықтарыңды тыға бересіңдер, ә?

Қызбала – Экрaн: Иә, спектакль! Суицид туралы комедия-экспромт! Бас режиссері – әртіс Айтуар Айталиев!

Басқар қолдарын сарт еткізіп, енді түсінгендей күйініп, өкініп, отырып қалады.

Жұрт аң-таң. Қызбала – Экрaн Әйткенге бұрылып: \ Мен қалай шықтым? Жақсы ойнадым ба рөлімді?

Әйткен: Керемет! Тіпті, мен өзім де нанып қалдым! \ *жиналғандарға:* \ Танысып қойыңыздар – талантты тележурналист Экрaн! \ *Жұрт қол соғады.* \

Қызбала – Экрaн: \ *Ойнақыланып:* \ Рахмет!

Әйткен: Саған рахмет! Досымыз үшін осынша әуре болғаныңды түсініп тұрмын...

Қызбала – Экрaн: Бір жағынан, менің өзіме де қызық болды... Қорқып та жүрдім...шынымен пышақталып қала ма деп...

Әйткен: Жоқ, мен бәрін ойластырып қойғам. Алмас қанжар деп бергенім – әншейін нанға май жағып жеуге ғана жарайтын, ештемеге өтпейтін добал бас жылтырақ темір ғана!

Бикеш: Сонда мұның бәрін не үшін істеп жүрсің?

Асқар: Райынан қайтсын деп жүр-дағы! Қайтсем Басқарды аман алып қаламын деп, мені де қайдағы жоққа көндіріп қойған осы!

Бикеш: \ *қосарланып:* \ Бізді де!

Қызбала \ *Басындағы паригін, көзәйнегін сыпырып алып:* \ Мені де! \ *Жұрт Қызбаланы көргенде: Bravo! Bravo! – десіп, ду қол соғады:* \

Тойтан: \ таңданғанын жасыра алмай:\ Міне талант! Міне, перевоплощение!

Нәркес: Танымай да қалдық!

Асқар:\ Қызбалаға сүйсініп:\ Кереметсің, әй, қызғалдақ! Тіпті, сен екенінді мүлде сезгеміз жоқ!

Тойтан: \ Қатқыл дауыспен:\ Әй, шырақтарым, сонда манадан бергі репортаждарың тікелей эфирден көрсетілген жоқ па?

Қызбала: Әрине, жоқ!

Тойтан: \ Қуанып:\ Онда жақсы болған екен!

Нәркес:\ Қуанып:\ Бұған да рахмет!

Тойтан: Ал, мына түсіріп алған материалды не істемексің?

Қызбала:\ Сәл ойнақыланып:\ Ғаламторға, ютубқа сап қоямын... естелік үшін...ел көрсін, білсін... Міне, қандай қайталанбас кадрлар! \ Кассетаны сәл кері айналдырып, қарап жіберіп:\ Мәссаған, Әйткен, сен мынаған қандай кассета салғансың...ештеңе жазылмапты ғой....

Әйткен: Мен онда жазылмайтын кассета салып қойғанмын. Досыңның бір әлсіздік танытқан сәтін әйгілеп керегі не? Жалпы, әр нәрсені жазып алып, жұртқа көрсете берген жақсы емес қой!

Басқар: \ басын шайқап, шекесін саусағымен тоқылдатады. Әйткенге жақындап келіп:\ Әй, Айтуар аға, ағатай! Сен нағыз доссың!\ Екеуі құшақтасады. Оларға Асқар қосылады.\

Жұрттың бәрі қуанышты.

Бикеи қана тартыншақтап, жолаңқырамай, кетуге ыңайланып тұрады.

Басқар ән бастайды.

«Сүймесең сүйме» әні.

Жұрт билей бастайды.

Бикеи тоқтайды.

Баяу бұрылып, ақырын басып Басқардың жанына келеді.

Екеуі қол ұстасады.

Ән қалықтап, достар құшақтасып, бәрі билейді.

111 – Көрініс. Ат қою..

Айбатшаның үйі. Бай мен Тоты әңгімелесіп отыр.

Айбатша: Иә, айтпақшы, есіңе бір салып қояйыншы... қыз кезіндегі уәдеңнен айни қоймаған шығарсың....

Тоты: Сіз де қырық жылғыны ұмытпайды екенсіз! Қайдағы уәде, қандай уәде? Әйелдердің жады да жаны сияқты нәзік, бір кішене

уақыт өтсе бітті-ұмытады да қалады. Ал, айтшы енді, қыз кезімде қара басып қандай уәде бердім екен мен сізге?

Айбатша: Мақұл, мен есіңе сала қояйын, сен менің тілімді ала ғой! Айтқаныңды орындайтынына, алдамайтынына сенемін, жаным!

Тоты: Алдауын алдамаймын, бірақ ұмытып қала беремін!

Айбатша: Оқасы жоқ, оқу-тоқудың төресі – қайталау! Сонымен, уәдеңіздің бірінші әрі ең басты бабы – нағыз қазақы келін боламын дегенсің!

Тоты: Қойыңызшы! Түп-тура сүйдедім бе? Мүлде есімде жоқ! Жә, ренжімеңіз, менің кейде сөйтіп бетімен сөйлей салатыным болады, ондайға мән бермей-ақ қойыңыз! Әйел болғасын бірдемені ойланбай айта салмасақ бола ма – соған сонша мән беріп, осы сіздер, еркектер, қырылысып жататындарыңызға қайранмын!

Айбатша: Өзің склероз емессің бе?

Тоты: Жоға, құдай сақтасын? Оны неге сұрадыңыз?

Айбатша: Енді, бірер апта ғана бұрын берген осындай өмірлік маңызы бар уәденді ұмытып тұрсың ғой!

Тоты: Ұмытатын нәрсені ұмытамыз, ұмытпайтын нәрсені ұмытпаймыз! Әйелдердің миы дегенің компьютерден де жүйрік! Керек нәрсені қағып алады да, керек емес нәрсені сол сәтте өшіріп тастайды!

Айбатша: Ендеше есіңе түсір, нағыз қазақы келін боламын дегенсің!

Тоты: Қалай түсірем есіме... егер де ондай ештеңе айтпасам?! Тіпті, мен ондай сөзді де білмеймін! Қазақы қой, қазақы ит дегенді естуші едік! Ал, қазақы келін деген қандай келін екен, ә?!

Айбатша: Қандайы несі? Кәдімгідей... қазақы келін деген қазақы келін! Оның ойы да, тұла бойы да тұнып тұрған қазақылық болуы керек!

Тоты: Қатырдыңыз! Келістірдіңіз! Түк түсінсем бұйырмасын! Сонда қалай, шетелді жақсы көретін, әлемдік жұлдыздарға еліктейтін мен бұл талапқа сай келмеймін бе? Қазақы келін міндетті түрде қараңғы, қой аузынан шөп алмайтын ынжық болуы керек пе?! Баяғы заманды қайтадан орнатамыз деп, бастарың айналып жүр ме әлі де?!

Айбатша: Жоға, кім өйтейін деп жатыр! Тек әйтеуір қай ғасырда, қай заманда өмір сүрсек те, атадан қалған салт-дәстүрімізді, ана тілімізді сақтайық дегеніміз ғой!

Тоты: Оған кім қарсы болып жатыр? Бірақ, әсіре қазақ боламын деп тағы адаспайық! Қысқасы, былай жаным! Ата-анамызды

сыйласам, өз басыңызды қадірлесем, әдептен аттамасам болды, қалған қазақшылығыңды қалтаңа салып қой! \ *сәл тікірейін:* \ Әлде, мені үндемей илеуіңе көне беретін күнім деп қалдыңыз ба?

Айбатша: \ *сасыңқырап:* \ Жо-жоқ, күні несі-ей, мен сені күнім деймін!

Тоты: \ *жұмсарып:* \ Е-е, бәсе, күң болып күңіреніп тұрғанша, күн болып күлімдеп тұрайық та!

Айбатша: \ Күлгеніңнен айналайын, ойымды айтқызбай білгеніңнен айналайын! Дегенмен, иә, дегенмен, бір кішкентай түйткілдерді еске түсіріп, жөндеп жіберерсің, ә!?

Тоты: Ал, қане, кілтпаныңызды көрейін, керек болса, жөндемек түгілі үтіктеп, үгітіп, үптеп берейін!

Айбатша: Жарайды, басқасы басқа болсын, бірақ, қайнағаларының аттарын атамай, өзіңше бір ат қоюға келісетін шығарсың?!

Тоты: Келіскенде қандай, кісіні кличкасымен атау қызық қой бір жағы!

Айбатша: Өй, кличка деме, өкпелеп қалады! Лақап ат десең дұрыс! Ал, енді сен әртістің оқуын оқыған, шетелге еліктейтін тәрбиелі келінсің ғой, қайнағаларыңның көңіліне қаяу салмай, көрікті, мәдениетті, қызықты ат қоюға тырыс!

Тоты: Ол райт, о жағын қатырамыз ғой!

Айбатша: Кел, онда, ақырын ат қойып көрейік! Таубай қайнағанды қалай атайсың?

Тоты: Дөкей қайнаға!

Айбатша: \ *қуақыланып:* \ Атшабар ағайды ше?

Тоты: \ *бұл да әзілдеп:* \ Жокей қайнаға!

Айбатша: Ал Мақұлбек деген ақылды ағамызды не дер екенсің?

Тоты: О кісіні О кей қайнаға десем қатып кетпей ме?!

Айбатша: Ғажап! \ *Тотының тапқырлығын қызық көріп, шапшаңдата сұрайды:* \ Мақұл, мақұл Мақұлбек, о, кей! Ғажап! Жә, Арыстан қайнағаңызды...

Тоты: \ *Бір жағы әзілге сүйен, Айбатшаның сөзіне сай, шапшаң, тақ-тақ жауап беріп отырады.* \ Кугуар!

Айбатша: Жолбарысты?

Тоты: Ягуар!

Айбатша: Серікбайды ше?

Тоты: Коллега!

Айбатша: Өрікбайды?

Тоты: Курага.

Айбатша: Алмабекті?

Тоты: Апорт!

Айбатша: Қаламбекті?

Тоты: Рапорт!

Айбатша: Айдосты?

Тоты: Лунатик!

Айбатша: Ал Біттібай қайнағанды не дер екенсің?

Тоты: Капут қайнаға дейін!

Айбатша: Немісше атағаның қалай болар екен? Үйренген орысыңнан қарастырсаң қайтеді?

Тоты: \ күліп:\ Онда масқара болады! Осы капут қайнаға дегенім дұрыс!

Айбатша: \ Күліп жіберіп:\ Мейлі, капут дегеннен Біттібай капут боп кете қоймас, өз атын тікелей атамасаң болғаны! Ал, Тышқантай қайныңды қалай мәймөңкелеп жібересің?!

Тоты: Микки Маус!

Айбатша: Зәрубекті ше?

Тоты: Дефицит!

Айбатша: Тамаша! Зәкең риза боп қалатын шығар! Ал Көнбайды ше?

Тоты: Кожанка!

Айбатша: Қой, Көнекеңнің көн терісі тырысып, жыны қозыңқырып кетсе, кожыңқың созыңқы боп кетіп жүрер!

Тоты: Онда дубленка дейік!

Айбатша: Міне, мұның жобаға келеді! Ал, Көңбай қайнағанды қалай әспеттейсің?

Тоты: О кісіні түп-тура гербицид қайнаға деймін!

Айбатша: Гербицид? Көңбай – гербицид?!

Тоты: Таң қалатын түгі де жоқ – көң дегенің де, гербицид дегенің де тыңайтқыш емес пе? Қайта, мен қайнағамның дәрежесін дүниежүзілік деңгейге көтеріп тұрмын ғой! Қазір қазақты әлемге танытамыз деп жатқанда, гербицид қайнаға дегенім мүлде қатып кетті!

Айбатша: Ал, жарайды, мына Ермек қайныңды...

Тоты: Хобби!

Айбатша: Мылтықбайды ше?

Тоты: Бердеңке!

Айбатша: Қой өкпелеп қалар! Ірі тұлғалы, келбетті кісі ғой, калибрін үлкейт кішкене!

Тоты: Онда винчестер қайнаға дейік!

Айбатша: Аманжолды ше?

Тоты: Чао!

Айбатша: Өмірбекті?

Тоты: Селяви!

Айбатша: Селяви болса, селяви! Әй, жарайсың, қатырдың! Ал, ат қою науқанын аяқтасақ, өзара сыйластықтың кейбір шарттарын бекітіп алайық – кейін мат болмас үшін!

Тоты: Ешқандай шах та қоймай, мат та болмай, шын жүректен сыйласып, ақ боп жүрсек қайтеді, жаным?!

Айбатша: Жоқ, болмайды, тәртіп керек! Қазақы келін болудың жолы оңай емес, есінегеніңе дейін ереже, қадам басқаныңа дейін қағида! Мен саған соның жеңілдетілген нұсқасын ұсынып тұрмын. Заң бойынша, жұрттың көзінше кердендеп, менімен қатар жүрмей, сәл кейіндеу жүретін бол!

Тоты: Еркіңіз білсін! Сіз қалай айтсаңыз, солай болады! Бірақ, көрген жұрт мировой миллионер Айбатша Байбатшаевты әйелі алдына сап айдап әкеле жатыр деп, мазақ қып жүрмесе болғаны да!

Айбатша: Ә-ә, сондайы бар ма еді, қап! Онда сен сәл алға жүр-жұрт мен сені қуып келе жатыр екен деп ойласын!

Тоты: Жәрәйт! Бірақ, жұрт мынаны әйелі жетектеп келе жатыр демесіне кім кепіл!

Айбатша: Қап! Енді қайттік?!

Тоты: Қайткені несі, жаным-ау! Қатарласып, қол ұстасып, жұбымыз жазылмай жүргенге не жетсін! Міне, нағыз махаббат, нағыз қазақы келін сол болар!

Айбатша: Шынында да солай екен-ау, ә?! Бірақ, бұл әлі біраз ойланатын мәселе болып тұр

Тоты: Ойлай берсеңіз, ойланатын нәрсе көп қой. Бірақ, әр нәрсеге басты ауырта беріп не керек?! \ *Жеңіл билей басып, Айбатшаны бір айналып шығады.* \ Өмірді қызықтап, ах-аха-хау сайран салғанға не жетсін! Сондай бір керемет қызықәңгімені әлгінде естідім. Дуня айтты. Біраз жаңалықты содан естіп, қарық боп қалдым. Телевизор карауға қол тие бермейді, осы Дуня рахат болды, аузы тола ақпарат! А десе ақтармайтыны жоқ, үйіп-төге салады ғой шіркін!

Айбатша: \ *Мырс етіп:* \ Әйелдердің аузы сутегін архив десейші! Бұл Дуняның бұл дүниеде білмейтіні жоқ шығар! Дүниекул деген атының өзі айтып тұрған жоқ па!?

Тоты: Дүниекул?! Оның шын аты солай ма еді?! Қарай гөр өзін, ата-анасының қойған атын місе тұтпай, өзіне-өзі ат қойып алғанын!

Дуня емес, дур-ря деп атау керек еді біржола!

Айбатша: Ештеңе жоқ! Сен де жүрсің ғой, эп-әдемі Тотының орнына Каролина боп.

Тоты: Ой, Омпиым менің, томпиым менің! Қайдағыны ұмытпайды екенсің! Мен Еңлік атынан қашпаймын, бірақ біздің элитада ондай ескілікті есімдер ерсі көрінеді! Есте қалмайды, тіпті, көп достарымыздың Тоты деуге тілдері де келмейді. Ал, Каро десең қандай жарасымды әрі әуезді! Сен де жүрсің ғой, оп-оңды Айбатша атыңды Омпиға ауыстырып!

Айбатша: Омпи емес, Омпа, Омпанио! Қоңқабайды біз Қомпи деп кеткен соң, ол да маған ерегісіп, Омпи деп шығарып алыпты! Айбатша деп тілі бұратылып тұрғаннан да, Омпа, Омпанио әндеткен қандай әдемі – жұмбақ шетелдік ат сияқты!

Тоты: Иә, Омпанио, Омпи – Томпи! Саған еліктесем айып па?!

Айбатша: Ал, мейлің, Тотысың ба, Каролинасың ба, маған бәрібір! Содан сенің мазмұның өзгере қоймас! Жә, сонымен дүниеде не боп жатыр дейді Дүниекул?

Тоты: Жақын арада біздің қалада бір үлкен аукцион өткелі жатыр дейді!

Айбатша: Аукцион? Оның несі жаңалық?

Тоты: Аукцион болғанда да бұл бір айрықша аукцион дейді! Бүкіл әлемдік статусы бар көрінеді. Жарнамасы жер-жаһанға жайылып жатыр екен қазірден! Оған қатысқандардың аты-жөндері хатталып, шотталып, халықаралық дәрежеге, мемлекетаралық мәртебеге ие болады дейді!

Айбатша: Апырай, ә!?

Тоты: Ал жеңімпаздың жөні мүлде бөлек! Оның атақ-даңқы шарықтап, барлық бәсекелестерін басып озған алпауыт ретінде әлемдегі ең бай адамдардың тізіміне енеді екен!

Айбатша: О-о, мынауың шынында керемет екен! Ал сонда, мұндай саудаға түсіп жатқан ғаламатыңыз не нәрсе?

Тоты масайрап, үлкен, жап-жалпақ ұялы телефонын қосады. Омпи қызыға тыңдайды. Даңғыр-дұңғыр музыка ойнайды. Диктор қыз саңқылдап қоя береді.

Телефондағы диктор қыз: Сенсация! Сенсация! Сіз әйгілі Мона Лизаның түпнұсқасын алғыңыз келе ме? Иә, бұл мүмкін емес әрине! Бірақ сіз өкінбеңіз! Мона Лиза болмаса, Нова Лиза бар! Иә, иә, Нова Лиза! Нова Лиза! Бүкіләлемдік көркемөнер тарихындағы керемет жаңалық! Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Внимание! Внимание!

Ахтунг! Ахтунг! Барлық ақпарат құралдары мен интернеттің бүгінгі күнгі басты тақырыбы да осы! Әлеуметтік желілерде қызу пікірталас тудырып жатқан оқиғаға назар салыңыздар! Сенсация! Сенсация! Әлемдегі білікті мамандар бір ауыздан таңғажайып құбылыс деп бағалаған Нова Лиза картинасы таяуда аукционда сатылайын деп жатыр!

Омпи мен Эля аузын ашып тыңдайды. Даңғыр-дұңғыр музыка ойнайды. Тоты келесі хатты ашады. Диктор жігіт екпіндеме соғып жсатыр.

Телефондағы диктор жігіт: Нова Лиза! Нова Лиза! Бұл картинаны ұрылар бірнеше рет ұрлай жаздаған! Абырой болғанда қырағы полиция сақшылары дер кезінде қарақшыларды құрықтап, қазіргі таңдағы сурет өнерінің ең озық үлгілерінің бірі – Нова Лизаны аман алып қалған! Өнертанушылар келешекте Нова Лиза атақты Мона Лизаның жанына жайғасады деген нық сенімде! Иә, иә! Мона Лиза – Нова Лиза! Сондықтан да бұл картинаға деген қызығушылық күн сайын артып, бағасы өсіп келеді! Аукционға келіңіздер, ғажайып өнер туындысын тамашалаудан құр қалмаңыздар! Қалталы қадірлі азаматтар, қарсыластарыңыз қағып кетпей тұрғанда, қазіргі заманғы Мона Лиза – Нова Лизаны алып кетуге тырысыңыздар! Сізге, құпия түрде құлағыңызға сыбырлап қояйын... Нова Лизаны төріне іліп қою дегенің – әлемдік рейтингте өте мәртебелі деп танылып, аса жоғары дәреже саналады! Сондықтан, алға, аукционға! Аукцион, аукцион! Нова Лиза! Нова Лиза! *(Даңғыр-дұңғыр музыка ойнап кетеді. Тоты Омпиға күлімсірей қарайды).*

Тоты: Жане-е-ем! Жән, жән, жөн, жөн!

Айбатша: \ Жібiңкiреп келе жатса да, желпiлдемей, әзiлдеп: \ Жүң-жүң демесең болды бір күні!

Тоты: \ Оған мән бермей, екпiндей түсiп: \ Жаңағы Нова Лиза дегендi айтамын да... Сонша қызығып қалғандайсыз... менен де қызық па сiзге сол сурет!?

Айбатша: \ Мән бермегенсiп: \ Жоға... Сенсация деген соң... Әншейiн әуестiк қой...

Тоты: \ Сөзiн өткiзуге тырысып: \ А бiрақ, барып қарауға болмай ма... қызықүшiн! Егер айтқандарының оннан бiрi рас болса, онша жаман болмағаны ғой, ә, жән-жән-жәнiм! Және де қаладағы буржуйлардың бiразы баратын шығар... тiптi, саудаласулары да мүмкiн ғой, ә? Бiр бас қосып қаламыз, әрi мықтылардың мүйiздескендерiн де тамашалап, көңiл көтерiп қайтпаймыз ба!?

Айбатша: \ Көнген сыңаймен, бірақ немқұрайлылау болғансып: \ Барсақ барайық, иә, қызық үшін!

Осы кезде жұмсақ басып, дыбысын білдірмей Алаяқ кіріп келеді.

Алаяқ: Сәлеметсіздер ме? Халдарыңыз қалай?

Айбатша мен Тоты оны жылы қарсы алады. «О-о, сәлем! Сәлем! Хош келдің! – деседі.

Алаяқ: \ Әр сөзіне үлкен мән беріп, екпін түсіріп: \ Қалай, естіп жатсыздар ма сенсациялық жаңалықты!?

Айбатша: \ Оңша мән бермегенсіп: \ Иә, бір сурет саудаға шығып, жұрттың бәрін есінен тандырып жатыр дей ме, немене?! Жұрт та қызық, не болса соған елігіп, желіге береді-ау!

Алаяқ: \ Қолдарын сермеп, даусын қаттырақ шығарып, сайрай жөнеледі: \ Ойбай, желігетіндей жөні бар! Шынында да, керемет сурет! Мона Лиза болмаса да, Нова Лиза атанған ғаламат! Нова Лиза, яғни жаңа заманның Лизасы! Масқара шу боп жатыр... Елдің аузында Мона... тойыс, Нова Лиза!

Тоты: \ Айбатшаны иландыруға тырысып, шаттанып: \ Айттым ғой әне мен сізге! Жайдан – жай шулатпайды ғой жер жүзін!

Алаяқ: \ іліп әкетіп, лепіртін, екпіндеп: \ Ең кереметі – біздің мемлекетімізде мұндай көлемдегі аукцион бірінші рет өткелі отыр! \ Орнынан тұрып кетіп, арлы-берлі адымдап жүреді. Қолын сермеп, сұқ саусағын әлдеқайда, алысқа безеп: \ Ал оның ішінде біздің туған қаламызға келуі – сұмдық керемет, тарихта болмаған таңғажайып оқиға! Бұл да болса біздің мерейіміздің үстем болып, тұрмыс – тіршілігіміздің түзелгенін, өзімізбен қатарлас, бәсекелес басқа облыс орталықтарынан әлдеқайда озып кеткенімізді көрсетсе керек.

Тоты: \ қалыспай, қолпаштап қыздыра түсіп: \ Иә, мұндай ірі сурет аукциондары бұрын тек қана шетелдерде өтетін. Онда да айтулы, аса ірі байлар тұратын үлкен, атақты тарихы терең қалаларда ғана болатын. Біз тек атын ғана еститінбіз!

Алаяқ: \ Алақанын алақанына сарт еткізіп, көзін үлкейте, дөп-дөңгелек қылып ашып, қайта жұмып: \ Пах, шіркін десейші! Жеттік, жетілдік, озық қалалардың қатарына қосылдық деген осы емес пе!

Айбатша: \ қаны қызып, шабыттанып: \ Пай-пай! Айтатын іс болу керек, ондай істі осылай айта білу керек!

Алаяқ: Ал осы аукцион бізде өтеді дегелі елде тыныштық жоқ!

Тоты: Ажиотаж! Сауда басталмай жатып – ақ, бәсеке қызып тұр!

Алаяқ: Иә, рас айтасыз! Қала жұртшылығы қайнап, күйіп тұр! Байы бар, байшыкеші мен байсымағы бар... осы суретті қайтсек те

сатып аламыз деп бақадай бақылдап, сақадай сайланып жатқан көрінеді! Тіпті, шетелдік жайындар мен шортандар да қатыспақшы дейді!

Тоты: Ур-ря! Нағыз байларды көреді екенбіз ғой!

Алаяқ: Қорқатынымыз да солар – көк соққан көксеркелер біздің көкелер мен еркелерді шаң қаптырып кетпесе неғылсын!

Айбатша: \ *Шамданыңқырап, ширығып:* \ Тәк, тәк, тәк! Олар немене сонша, бізден артық дейсің бе? Көктен түсіп пе, жоқ жерден шығып па? Көерерміз, әуселесін!

Алаяқ: Көргенде...көресіз ғой...Біздің қаупіміз- Мона... тойыс, Нова Лизаны олар қағып кетсе, оның бағасы күрт өсіп, шетелдік аукциондарда ондаған миллион долларға бір-ақ шырқап кетеді деген болжам айтып отыр білетіндер! Сәуегейлер мен көріпкелдердің де сөз сыңайлары солай қарай ойысып барады.

Тоты: Иә, олар бірдемені сезеді! Негізі, озық елдер суретті бағалай біледі ғой... \ *Айбатшаға қаратып:* \ Біз сияқты емес!

Айбатша: \ *Шамданып:* \ Тәк, тәк, Каролина! Эстетика мен есептен біз де мақұрым емес шығармыз...

Алаяқ: \ *Екеуінің көңіл ауанын байқап, сөзді індетіп, шегелеп қояды:* \ Білсеңіз- білек сыбанып кірісер кезіңіз келді! Жарқ етіп көзге түсетін де, бәсекелестеріңізді етпетінен түсіретін де жеріңіз осы! Тоқ етері – ендігі заман Нова Лизаныкі! Әй, бірақ аузымен аспандағы айды алатын қазағым есіктің алдына өз аяғымен келіп тұрған кереметті сатып ала алмай, тағы да аузын ашып қала ма деп қорқамын!

Айбатша: Сен өзің көрдің бе суретті!?

Алаяқ: Ептеп қана, көз қиығымен... Күзеті күшті, бет бақтырар емес. Әйтеуір, ебін тауып, терезенің саңлауынан ғана... былай қарап қалғанымда, жарқ ете қалды ғой. Есімнен танып қала жаздадым! Мына Нова Лизаның жанында Мона Лизаңыз моды болмай қалады-ау деймін түбінде!

Айбатша: Апырмай, ә! Кімнің суреті екен!?

Алаяқ: Аукциондыкі!

Айбатша: Жоқ, авторы кім деймін?

Алаяқ: Авторын ұмыттым... қазіргі заманғы европалық бір суретші... Бірақ, өй бір қатырып салған! Міне, қарашы өзің... \ *Орнынан тұрып, қолдарын сермен, суреттей бастайды. Айбатша аузын ашып тыңдай береді. Тоты оны қостап, басын бірге шұлғи береді.* \ Күзгі орман. Сарғая бастаған ағаштардың арасында... бір қисық қайыңға сүйеніп, айдай сұлу аппақ қыз тұр. Сары алтындай шашы жайылып

кеткен. Қызығы сонда, сұлу қыз лыпасыз тыр жалаңаш! Денесі деген керемет енді... жасылы басым, шет-шеті сарғыштау жапырақтарға оранған аппақ ару... контраста... мә, көрсең ғой!

Айбатша: Паһ! Не деген шеберлік, әй!

Алаяқ: Ал енді ең қызық жеріне келгенде... Ой, әкең... бұлар біледі, әй, қалай салуды... Сол қызығын ақ қайыңның жұп-жұқа, сәл сарғая бастаған жеңіл ғана жапырағы жауып тұр, жауып! Ой, көздің жауын алады енді, көздің жауын! Және дұрыстап қарасаң, самал жел соғып тұрғаны байқалады. Әлгі жапырағы бар болғыр сәл-сәл көтеріліп тұрғандай... жел бір кішкене күшейсе, ашылатындай болып көзді алдап, арбайды ғой... Мона Лизаның қасиеті жұмбақ күлкісі мен жанарында дейміз... Ал, Нова Лизаның қасиеті жамылған жапырағының ар жағында! Ең қызығы да осы емес пе!

Айбатша: \ *Аузының суы құрып, дауыстап жібереді:* \ Осы ғой, осы! Ашыла ма, ашылмай ма өзі? Соны айтшы!

Алаяқ: \ *Өп-өтірік аңқаусып:* \ Не ашыла ма?

Айбатша: Жапырақты айтамын... жел соққанда ұшып кетпей ме?

Алаяқ: Міне, Айбатша мырза, сіз нағыз талғампаз эстет екенсіз! Тура суреткерлік құпияның үстінен дөп түстіңіз! Мона Лизаның күлкісінің жұмбағын табамыз деп, әр қырынан қарап келеді ғой адамзат қанша уақыт... Сол сияқты, Нова Лизаның да қызығын көреміз деп, әр қырынан сығалайды әлі сан ғасыр... Өне ашылады, міне ашылады деп, сарылып тосатындар да табылады, көр де тұр! Мұның бағасы уақыт өткен сайын арта беретіні сөзсіз! Мә, мұндай картинаға ие болған адам бүкіл әлемнің аузына ілініп, атақ-даңқтың төріне бір-ақ шығып, ақшаның астында қалатын шығар-ау!

Айбатша: Апырмай, ә? Шынымен керемет қып салған екен!

(Елеуреп, шындап қызыға бастағандай, әрлі-берлі адымдап жүре бастайды).

Алаяқ: \ *Сөзді қыздыра түсіп, Айбатшаны байқатпай қайрай береді:* \ Соны сезіп қойды білем, ана Тампық пен Қомпи қайткенде сатып аламыз деп, қамданып жатқан сияқты! Жоқ, ана талтақ Тампыққа не жоқ? Талтаң-талтаң етіп, таңы айырылғанша тыртаңдап жүргені қашан көрсең! Оның қарабайыр, көркем өнерден мүлде мақұрым екені мұқым елге белгілі ғой. Жапырақ жамылған жұмбақ сұлу оның теңі?

Айбатша: Қатардан қалғысы келмейді дағы! Қайтсін енді!

Алаяқ: \ *Түк білмеген жандай болып, ары қарай көсілте түседі:* \ Бірақ, бұның қолынан келе қоймас! Ауқаттылардың барлығы

аукционда аузымызды аңкитып кетер ме екен деп, Қомпидан қорқып отыр! Тіпті, мұндай сурет тек қана сондай тектінің төріне лайық деп долбарлап, тон пішіп қойғандар да толып жатыр!

Айбатша (аздаған қызжылмен): Е, солай де!

Алаяқ: Солай демегеннен басқа шара жоқ! Өйткені, аукционда Қомпекенмен тартысуға қалтасы шыдайтын қазақ баласы көрінбейді! Менімен таласатын қазақ туған жоқ әлі деп, Қомпекеннің өзі де қомпиып жүргелі не заман! Әй, адамына жолықпай жүрген шығар! Әумесердің әуселесін бір көрер ме еді, шіркін!

Айбатша: «Мың асқанға – бір тосқан» деген бар ғой! Көрерміз!

Алаяқ: Иә, бүкіл қала мен облыс жұртшылығы да көрерміз деп күтіп отыр! Сондағы бар үміттері – бір өзіңізде! Айды аспанға бір шығарса, Айбатша Байбатшаев қана шығарады деп отыр!

Тоты: Ой, Омпаша, Омпанио! Асықты омпасынан түсіріп, байсымақтардың аяғын аспаннан бір-ақ келтіріңізші!

Айбатша: \Үндемей, сұқ саусағын алысқа безеп:\ Тс-с-с! Дымдарың іштеріңде болсын! Әр нәрсенің өз сағаты бар! Сәтін салса көрерміз! Сыбағасын берерміз де жеңерміз! \ Оның бетінде көп мағыналы сиқыр күлкі ойнайды. Тоты мен Алаяқ оны қоттап, қол соғады. \

112 – Көрініс. Рөлге дайындық.

Театр сахнасы.

Қызбала мен Әйткен Шекспирдің «Отеллосына» дайындық үстінде. Қағаздарына қарап, рөлдің сөздерін іштерінен оқып, қолдарын сермеп, арлы-берлі жүр.

Қызбала: Жә, Әйткен, сөзді қойып, іске көшейік. Кел, Отелло мен Дездемонаның сахнасын пысықтап қояйықшы. Қазір Тойтан ағай төбемізді тесіп жүрмесін.

Әйткен: Қайсын?

Қызбала: Қызғаныш сәтін...

Әйткен: Жақсы...қазір...Міне, міне, рөлдің рухы келе жатыр оянып... охо-хо-хо, Әтеллі – Әйткен...кәне, Дездемонаның әкесін танытшы бір! \ Арлы-берлі жүріп, шабыт шақырып: \ Айтпақшы, Дездемона-Қызбала, кім ана кеше...сенімен селпиге түсіп, инстаграмға сап қойған саппас? Жабыса қапсыңдар...біртүрлі!

Қызбала: Қойшы сен де! Қазір кім-кіммен селпиге түспей жатыр?

Әйткен: Сонда да! Жігіттер де мазақтап бітті! Сен Отелло, Отелло деп өкіріп жүргенде, селпидегі селтиген сүмелек Дездемонанды...

тойыс, Қызбаланды әтелге, одан ары шетелге алып кетпесін дейді! Жыныма тиіп бітті, әсіресе...әне біреу...

Қызбала: Қайсы бірін айтайын, ей!

Әйткен: Әне біреу сүмсіген сүмелек... Иығыңа иығың тақап түскенді айтамын...

Қызбала: Е-е, иыққа иық тақағанда тұрған не бар екен!?

Әйткен: Тақалған соң бітті ғой...Кім білсін, сүйіскен де шығарсындар?!

Қызбала: Өйдөйт! Тақалғанның бәрімен ауыз жаласа кететін мен немене, сен деп пе едің!? Сенің селпилерің тіпті сұмдық қой! Қарауға қорқамыз! А-а! Тоқта, бәлем! Анау оң иығыңа басын қойып түскен жирен шашты шаталағың кім? Сол иығыңа жабысып қалған сары шашты сапалағың кім? Арқаңа асылып, құшақтап қатып қалған жалбыр шашты жапалағың кім?!

Әйткен: Өй, өй, Қызбала, сен өйтіп қызбаланба! Олар жай әншейін...

Қызбала: Ә, жай әншейін бе?

Әйткен: Иә, оған бола күйдірме кісіні...Сенің де маңайыңда үйіріліп жүрген жоқ па...

Қызбала: Иә... Инстаграм тола ғашықтар...Қызық болғанда, бәрімен жүріп кеп кетсем бе екен? Вариант деген болу керек қой, былайша айтқанда...Таңдап, салыстырып көрсек, бізге кім қой деп жатыр, ә?! Еркек пен әйел тең ғой, заң бойынша! Гендер-рр! Ал, мына бір топ жігіт-тендер-рр! Топырлатып таңдай бер! Бұған не дейсің, Отелло, Әтелләшкә!?

Әйткен: Не дегенде...енді...не дейін? Мұныңыз нелеу...он жерден жұлдыз болсаң да!

Қызбала: А, нелеу ме екен? Ал, сізге бірнеше қызбен қатар жүріп, таңдауға болғанда, бізге неге болмайды,ә?

Әйткен: Енді, біз еркекпіз ғой...табиғаттың заңы дегендей... Қайдағыны айтпа! Тоқта, тоқта...Маған бір ой ғайыптан ұшып кеп, қона қалғаны!

Қызбала: Осы саған –ақ ғайыптан ұшып кеп қона салады екен!

Әйткен: Менің ғайыбым айтады...Ең ақылды, парасатты қыздар қайда? Айта қойшы, қане?

Қызбала: Әрине, театрда!

Әйткен: Театрда? Жо-жоқ, театрда ойлаудан гөрі, ойнау басым!

Қызбала: Онда, әрине әнші жұлдыздар!

Әйткен: Атай көрме! Олардың кемеңгерлігі көкейінде емес,

көмекейінде!

Қызбала: Ә-ә, таптым! Тележүргізушілерден ақылды кім бар дейсің қазір!

Әйткен: Олар тақырыпты ашудан гөрі, өздерін танытуды көбірек ойлайды!

Қызбала: Енді кім қалды сонда? А-а, киноәртістер!

Әйткен: Иә, оларда ептеп бірдеңе бар. Бірақ, есінде болсын, олар жазушының жазып берген сөзін сөйлеп, режиссердің көрсеткен рөлін ойнайтынын ұмытпаңыз!

Қызбала: Ал, жарайды...сонда сенің ғайыбың кімді керемет санайды екен?

Әйткен: Кітапханашы қыздар!

Қызбала: Кітәби қыз! Кітаптағы қыз!

Әйткен: Иә, кітап оқитын қыздың жан-дүниесі қандай көркем! Табиғи, қарапайым, елтең-селтенде жұмыстары жоқ! Әнеки! Сүйсең –кітапханашы қыздарды сүй! Мың кітапты құшақтап, оқығандай боласың!

Қызбала: Ах, солай ма? Жә, кім ол, әлгі кітаби қызың?

Әйткен: Көп оқыған, ойлы қыз! Өнерді керемет түсінеді!

Қызбала: Солай де! Қызға көп ақылдың керегі не, айласы болса болды емес пе? Бұл заман оқымайтындардың заманы, демек, көп оқыса, артта қалған, ескіліктің адамы болғаны да! Ойлы дегенше, қияли десеңші! Қазіргі іскерлік заманында адамға, әсіресе, әйел затына көп ойдың қажеті жоқ! Көп ой қуалай берсең, не сұм боласың, не жын боласың!

Әйткен: Бірақ, енді спектакльдерді, рөлдерді талдағанда... Талғамына таң қалдым!

Қызбала: Немене? Сен онымен спектакльдерді талдадың ба? Қайда? Қашан? Бәлкім, таң атқанша талғамдарыңды таластырған шығарсыңдар?!

Әйткен: Жо-жоқ...Тіпті, мен оны көрген де жоқпын. Бар болғаны, ол маған ватсапқа хат жазыпты. Бірақ, хаттары сондай керемет! Жаныңды тебірентеді!

Мына қарашы! \ соткадан оқиды:\ «Өмір-сахна, ал адамдар – әртіс деген бар ғой. Иә, бәріміз де әртіс болып, бір-бір рөл ойнаймыз. Бірақ, еріктіміз бе? Әркімнің режиссері бар! Ол қалай бұрса, солай жүреміз. Ал, режиссерің самодур болса қайтесің? Жынды болса ше?» Міне, қалай жазады!

Қызбала: Бар бәле хат жазудан басталады ғой әдетте!

Әйткен: Сын пікірлерін қарашы...ойып түсіреді. «Сіздер, әртістер, рөлдің сөзін дұрыс айта алмайсыңдар. Пьесаның текстінен шығып кетіп, өздеріңше соғып жібересіңдер. Оларың олпы-солпы, нашар! Сөздің мағнасын ғана емес, ырғақ, әуенін де әлсіретіп жібергендіктен, рөлдеріңіз солғындап шығады» – дейді. Ал!?

Қызбала: Ал! Көрерміз, әлі, Әтелләтәйім!

Әйткен: Әтеллі – әтәйің, әтелләтәйің! Әңгімені қалай айналдырып жібердің, ә? Әбден әккі болып кеткенсің бе? Мен сенен ана селпидегі селтиген сүмелек кім деп сұраған сияқты едім, а, Дездемона – Қызбала!?

Қызбала: Қойшы енді! Айттым ғой, мен оны дұрыс танымаймын да...көп жанкүйердің бірі шығар!

Әйткен: Жанкүйер – манкүйер...Бәленің бәрі осы жан күйгеннен басталады! Байқа, Қызбала, менің жанымды күйдіре берме!

Екеуі театр сахнасында репетицияға кіріседі.. Отелло – Әйткен арыстандай ақырып, айбатын шақырып, ашуланбақ болады. Онысы күлкілілеу шығады. Буырқанып, толғанған болып, Дездемона – Қызбаланы іздеп, аласұрғансып жүреді.

Әйткен: Дездемона! Дездемона! Қайдасың?!

Қызбала: \ Дездемона ролінде. Есі шығып жүгіріп келеді.\ Мен мындамын!

Әйткен: \ Шекспирдің сөзін ұмытып қалып, өзінше соға береді:\ Сен қайда жүрсің?

Қызбала: \ Әйткеннің пьесаның сөзін ауыстырып тұрғанын байқап қалып, таңданса да сыр бермеуге тырысып, партнердің сөзіне әйлестіріп, қолма-қол жауап береді.\ Қайда жүргені несі?

Әйткен: Кіммен жүрдің деймін?!

Қызбала: Ешкіммен жүргем жоқ!

Әйткен: \ Өзін-өзі қайрауға тырысып, ырғақтап, екпіндеп:\

Селпидегі селтеңбай кім,

Айт шыныңды, Дездемона!

Қызбала: Неге менің күйдіресің,

Қайдағы бір сөзге бола?

Әйткен: Отеллоңды сүйсең шындап,

Жалғыз көше кезбе, бала!

Қызбала: Қызғанышың – қара шыбын,

Ызыңдаған көзге қона!

Әйткен: Алданбаймын қулығыңа,

Алданса да өзге бала,

Айт, қанеки, жаның барда,
Қайда болдың, Дездемона!?

Кіммен болдың?! Айт, жаныңның барында? Әйтпесе қазір
кеңірдегіңді суырып алып, шлэнгі қыламын!

*\ Қызбаланы ұстап алып, кеңірдегінен қысып, шындап буындырмақ
болады да, кенеттен күліп жібереді. Қызбала да күледі. Екеуі саханада
домалап, шек-сілесі қатқанша күледі. Алдымен Қызбала есін
жияды. *

Қызбала: Өй, Әйткен досым, саған не болды сонша?

Әйткен: Өзім де білмеймін. Рөлге кіре алатын да емеспін, сені
буындыруға да түк құлқым жоқ! Рас, мен сені тұншықтырып өлтіре
алмайды екенмін, Қызбала!

Қызбала: Мәссаған! Не деп тұрсың? Премьераға көп уақыт қалған
жоқ! Сенің мұның не? Тіпті, рөлдің сөзін де жаттамапсың. Шекспирдің
сөзін өзіңше соғып жібердің ғой.

Әйткен: Сен де кеттің ғой айдалаға!

Қызбала: Мен, амал жоқ, саған ілесе бердім!

Әйткен: Әй, дегенмен импровизация қызық шықты

Қызбала: Бірақ, бұл жарамайды ғой. Ертең Отеллоның образын
қалай сомдайсың?

Әйткен: Білмеймін... Ішімде ештеңе жоқ. Бәлкім, ол үшін сені
шындап қызғануым керек шығар. Бірақ, сені ешкімнен қызғанбаймын.

Қызбала: Неге?!

Әйткен: Оған ешқандай себеп жоқ! Мен саған сенемін ғой, досым!

Қызбала: Солай де! Рахмет! Бірақ әңгіме мен туралы емес, Отелло
мен Дездемона туралы ғой!

Екеуі бастарын шайқап, ойға шомады.

113 – Көрініс. Қызғаныш.

Театр сахнасында.

*Сахнаның бір шетіне, қабырғаға «Шекспирге барар жолда.
Отеллоға дайындық!» деген тақырыппен бір үлкендеу плакат – қағаз
іліп қойыпты. Отелло рөліндегі Әйткен мен Дездемона рөліндегі
Қызбаланың бірнеше суреті бар. Бірақ, негізгі акцент – репетиция
кезінде режиссер Тойтанның Қызбаланы рөлге дайындап, жанына
жақын келіп, қолынан, иығынан ұстап, арқасынан қағып, бетіне
бетін тақардай болып тұрып, қолын алға қарай сілтеп, жөн үйретіп,
сөйлеп түскен бірнеше фотосында!*

Асқар мен Басқар суреттерге қарап, бастарын шайқасып, күліп тұр.

Сол кезде Әйткен келеді.

Суреттерді көріп, жыны ұстаңқырап қалады.

Достары оған бір жағы күліп, бір жағы: «Мынау не?» дегендей мысқылдап қарайтын сияқты.

Әйткеннің жан-дүниесі төңкеріліп түскендей болса да, сыр бермей, сазара қалады. Толғанып, іштей өзімен өзі күңіреніп сөйлеседі.

Әйткен: \ *іштей:* \ Мұның бәрі жазықсыз жала, өтірік өсек екенін айтты ғой. Ант-су ішті ғой! Көпшіліктің алдында ағынан жарылып, дәлелдеп, жұрттың бәрі осы сөзге тоқтады ғой!

Құлағына күңгірлеген жұрттың даусы келгендей болады.

Дауыс: Мен ақпын, тазамын, ешкіммен жүргем жоқ, ешкімді сүйгем жоқ, ешкімді көргем жоқ, білгем дегеніне сеніп, алданып жүрсің бе? Қыздар немене, ақымақ па, өз құпиясын жұртқа жайып, өз күнәсін өзі мойындайтын?

Дауыс: Қай заманда, қай жерде, қай қыз кімге шынын айтушы еді? Мен анамен жүрдім, мынаны сүйдім деген қызды көрген кім бар? Қыздардың өтірік, шынын айыру мүмкін емес! Әйел заты өтірік-шынның детекторын да оп-оңай алдап кете береді.

114 – Көрініс. Отеллоның ашуы.

Театр сахнасы.

Қызбала мен Әйткен Шекспирдің «Отеллосына» дайындық үстінде. Бұл кезде спектакльдің дайындығы аяқталып, піскен кезі. Әйткен Отелло болып, Қызбала Дездемона болып киініп, боянып алған.

Сол кезде екпіндеп Тойтан келіп қалады.

Тойтан: Ал, қане, жиырма бірінші ғасырдың Отелло мен Дездемонасы! Дайынбыз ба рөлге?! \ *Әйткен мен Қызбала тез естерін жиып, дайынбыз дегендей қолдарымен ымдайды.* \ Дайын болсақ, кеттік!

Әбден рөлге кіріп, беріліп ойнайды. Бұл Әйткеннің Қызбаланы Тойтаннан шындап қызғанып жүрген кезі.

Сахнаның бір жағынан екпіндеп, ызаға булыққан, өзін-өзі әрең ұстап, жарылардай болған Отелло шығады.

Әйткен-Отелло: \ *қатты, қаһарлы дауыспен:* \ Дездемона!

Қызбала – Дездемона: \ *Сахнаның екінші жағынан ұлт етіп ұшып*

шығады: \ Не тілейсіз?

Әйткен-Отелло: Бері келші, көгершін.

Қызбала – Дездемона: Не қыл дейсіз?

Әйткен-Отелло: Көзіме қараңыз!

Тура қараңыз!

Қызбала – Дездемона: Қорқыныш қой қырыңыз!

Айтыңызшы, тізе бүгіп өтінем,

Не мәні бар сөзіңіздің?

Зәрін сезем, бірақ мәнін ұқпадым.

Әйткен-Отелло: Сен кімсің?

Қызбала – Дездемона: Адал, таза жарыңмын.

Әйткен-Отелло: Осының рас болса,

Тазамын деп антыңды бер!

Қызбала – Дездемона: Құдай куә!

Әйткен-Отелло: Құдай куә! Дозақысың жалғаншы!

Қызбала – Дездемона: Отелло, кімге қалай,

Кіммен жалған етіппін?

Әйткен-Отелло: О, Дездемона, кет, жоғал, жоғал!...

Қызбала – Дездемона: Япырмау, менің күнәм не?

Әйткен-Отелло: \ Дездемонаның даусына салып:

«Күнәм не?»

Ұятсыз, күнәм не дейсің.

Ісіңді сенің атасам,

Бетім оттай жалындап,

Ұятым күлдей сөнер ед.

Дездемонаның даусына салып:

«Күнәм не?»

Күнәннан аспан қысылып,

Ай да көзін жұмады.

Арсыз жел де,

Естуден де ұялып,

Тығылыпты тереңге.

Күнәң сенің немене! О, бұзық!

Қызбала – Дездемона: Құдай ақына сөзің бекер!

Әйткен-Отелло: Бұзық емессің бе?

Қызбала – Дездемона: Емеспін, иманыммен ант етем,

Денені сақтап ер үшін,

Арамдықтан пәк болу

Құтқара болса бұзық аттан-

Бұзық емеспін, жарым, сен!
Әйткен-Отелло: Сүйтіп, сайқал да емес пе едіңіз?
Қызбала – Дездемона: Ақтығыммен ант етем!..
Әйткен-Отелло: Рахымды тәңірі кешпестей,
Күнәң бар ма еске алатын?
Тез дұға қыл сол үшін!
Қызбала – Дездемона: Япырмау, жарым, не демекші болдыңыз?
Әйткен-Отелло: Намаз оқы, қысқа оқы. Былай тұрам,
Өлтірмейін әзір емес күйінде,
Сақта, құдай, өлтіруден жаныңды.
Қызбала – Дездемона: Өлтіру...дейсіз бе?
Әйткен-Отелло: Ия!
Қызбала – Дездемона: Есіркей гөр, а құдай!
Әйткен-Отелло: Әмин, бар тілеуім.
Қызбала – Дездемона: Өлтірмейсіз, мұндай сөздің артынан!
Әйткен-Отелло: Мм..
Қызбала – Дездемона: Сонда да қорқамын: суықсыз ғой.
Жарқылдайды көзіңіз. Қорқам..
Айыпсыз, ақпын, неліктен?
Бірақ тегі қорқамын.
Әйткен-Отелло: Күнәңді ойла.
Қызбала – Дездемона: Менің күнәм – сізді сүйю.
Әйткен-Отелло: Ия, өлесің сол үшін.
Қызбала – Дездемона: Сүйген үшін өлтіру сұмдық болар.
О, неге ерінді тістейсіз?
Қанды ашумен қиналыпсыз.
Жаман белгі; бірақ сенем,
Беттегені мен болмаспын.
Әйткен-Отелло: Үндеме де ұсына бер.
Қызбала – Дездемона: Ия, жақсы. Не қыл дейсің?
Әйткен-Отелло: Мен сүйетін, саған берген орамалды,
Кассиоға сен бердің ғой.
Қызбала – Дездемона: Жоқ, жаныммен ант етем.
Сұраңызшы өзінен.
Әйткен-Отелло: Көгершінім, жалған анттан,
Сақ бола гөр – өлер халде отырсың.
Қызбала – Дездемона: Дегенмен қазір өлмеспін?
Әйткен-Отелло: Қазір!
Сол себепті тәуба қыл.

Бірақ тегі, ант ішіп те танар болсаң,

Байлауымды бұза алмайсың

Еңіресем де соңынан.

Сен өлесің.

Қызбала – Дездемона: Есірке мені, жасаған!

Әйткен-Отелло: Әмин!

Қызбала – Дездемона: Аяңызшы сіз-дағы. Ешуақытта сізді мен

Ренжіткен жан емеспін.

Кассиоға сыйлық берген жерім жоқ!

Әйткен-Отелло: Ант етейін, қолында көрдім орамалды.

Жаннан безген.

Жүрегімді тас еттің.

Құрбандық дер ісімді,

Қанқорлық деп атамақсың.

Орамалды өзім көрдім.

Қызбала – Дездемона: Орамалды берген жоқпын!

Тауып алған шығар, бәлкім!

Шақыртыңыз осында:

Келіп шынын айтып берсін.

Әйткен-Отелло: Ол айтып болған!

Қызбала – Дездемона: Не деп еді?

Әйткен-Отелло: Сенімен жақын екен.

Қызбала – Дездемона: Қалай? Бұзық түрде ме?

Әйткен-Отелло: Ия!

Қызбала – Дездемона: Ол айтпайды мұндайды!

Әйткен-Отелло: Үні өшкен соң айтпайды.

Қызбала – Дездемона: О, сұмдық-ай! Ол өлген бе?

Әйткен-Отелло: Әр тал шашы жаны болса,

Бас-басынан кек алар ем!

Қызбала – Дездемона: О, ол алданған! Мен де біттім!

Әйткен-Отелло: Шық, сайқал, көзімше,

Жас төгесің ол үшін!

Қызбала – Дездемона: Қусаңыз да өлтірмеңіз.

Әйткен-Отелло: Өлсін сайқал!

Қызбала – Дездемона: Ертең өлтір.

Күндік өмір беріңізші.

Әйткен-Отелло: Қарсыласпақ болдыңыз ба?

Қызбала – Дездемона: Жарты сағат тым құрыса!

Әйткен-Отелло: Мұрсат қажет емес.

Қызбала – Дездемона: Тым құрыса дұға оқийн!

Әйткен-Отелло: Кеш қалдың!

\ Әйткен – Отелло Қызбала- Дездемонны кеңірдегінен қысып, ашумен шындап буындыра бастайды. Жаны алқымына таялған Қызбала – Дездемона ышқына бұлқынады. Әйткеннің шындап бара жатқанын байқап қалған Тойтан тұра ұмтылып, Әйткен – Отеллоның қолына жармасып, алысады. «Өй, Отеллі! Әй, әкеңнің, Әйткен! Жібер! Босат деймін! Есіңді жи!» – деп, жанұшыра айқайлайды. Қызбала да бұлқынып, ақыры Тойтанның көмегімен әрең дегенде босап шығады.

Қызбала: У-ух! Өй, мұның не? Жаным көзіме көрінді ғой! Жындымысың өзің!?

Тойтан: *\ Әйткеннің ұятқа қалғанына қуанып, құбылып:* \ Тура айтасың! Мынауың байлаусыз жындының өзі! Байқа, Қызбала, сақ бол мынадан! Өмірде деймін дағы... Ал театр сахнасында... Театр сахнасына мұндай психикасы тұрақсыз, аумалы-төкпелі әумесер әртісті жолатуға болмайды! Аластау керек! Аулақ, аулақ бізден! Өнерден аулақ!

Әйткен: Тойтеке, олай қатты кетпеңіз! Мен кішкене... Отеллоның образына былай... шынайы... нетіңкіреп... кетіңкіреп қалғаным болмаса, дені сау, ақыл-есі бүтін адаммын!

Тойтан: Саусың, ия?

Әйткен: Сап –саумын!

Тойтан: Атаңның басы саусың! Сау болсаң, былай шықшы! *\ Оңашалап бұрышқа қарай алып барып, бәсеңдеу дауыспен:* \ Әй, саған не керек сонша? Жұмыс бергіздім. Бас геройды бергіздім! Енді не жетпейді саған? Жаныңды күтіп, жіптіктей болып жүре бермейсің бе? Әлде, геройларды ойнағанға, героймын деп қалдың ба?

Әйткен: Сонда маған не істе дейсіз?

Тойтан: Ордандама... Орныңа қоюым оп-оңай!

Әйткен: Мен ордандап не бүлдірдім сонша?

Тойтан: *\ Көзімен тамағын уқалап, өзімен-өзі бір шетте тұрған Қызбаланы көрсетіп:* \ Араға түспе! Бөгет болмай зыт!

Әйткен: А-а, солай ма, ағасы! Оныңыз бола қоймас! *\ Орғи басып ортаға шығып, айқай салады:* \ Оныңыз бола қоймас!

Тойтан: *\ Бұл да қиқулап, ортаға шығып:* \ Олай болса, сау екеніңді дәлелде бізге!

Әйткен: Мақұл! Бірақ, қайтіп дәлелдеймін?

Тойтан: Қазір психиатрға бар да, тексеріліп, сау деген қағаз алып

кел!

Әйткен: Психиатр? Жындыхана ма? Қойыңыз, бармаймын онда!

Тойтан: Барасың! Барғанда да шауып барасың! Жақсылықпен бармасаң, шақырттырамыз! Шақыртуға бармасаң- қашқын атанып шыға келесің. Оның арты – қуғын –сүргін, пиф-паф! Құдай сақтасын! Одан да бара ғой, бар! Дені сау деген қағаз алып келсең, мен бүгінгі тосын жағдай, яғни, Қызбаланы қызғаныштан қылқындырып тастай жаздағаның туралы ешкімге ештеме демеуге сөз беремін. Ал егер де бұл айтқанымды істемесең, онда театр әкімшілігіне ресми қағаз жазып, бар жағдайды баяндауыма тура келеді. Өйткені, Қызбаладай аяулы жанның үлбіреген аппақ тамағын сендей қояншықтың бақандай қолына сеніп тапсыру үшін денің сау екендігіне біздің көзіміз әбден жетуі керек! Келістік пе осыған?! Міне, Қызбала да келісіп тұр! \ *Әйткен Қызбалаға сұраулы жүзбен аңтарыла қарап, үнсіз тұрып қалады.* \

Қызбала: Дәлелде десе – дәлелде!

Әйткен: Қайтіп?

Қызбала: Дені сау деген дәкумент әкел!

Әйткен: Қызық! Дені сау маған дені сау еместер дені сау деген қағаз беруі керек екен! Сонда ғана менің сүйгенім менің денім сау екеніне сенеді екен! Әй, махаббат қағазға қарамайды ғой! Әлде, мені сүйетінің өтірік пе?

Қызбала: Сүюін сүйемін, бірақ денің сау болмаса – тимеймін!

Әйткен: Ах, солай ма?! Жарайды онда, мен барып: «Әригинәлни әртіс Әйткеннің дені сау! Оның бар жазығы – ол гениәлни!» деген күректтей қағаз алып келіп, қабырғаға керіп тұрып іліп қояйын! \ *шамырқанып, шапшаң басып кете береді.* \

Тойтан: Иә, сөйт! Сөйте ғой көрр-рәмәтім!

Әйткен жалт бұрылып, екпіндеп Қызбалаға жетіп келеді.

Әйткен: Кезбемона...Қызбала! Сен шынымен менің денім сау екеніне сенбейсің бе?

Қызбала: \ *Тамағын сипалап:* \ Тамағым әлі ауырып тұр... Кеңірдегімді жұлып ала жаздадың ғой.

Әйткен: Қызғаныштан күйіп кеттім ғой...күйдіріп жіберген өзің! Кісі сүйгендіктен күйеді ғой!

Қызбала: Сүйсең –сүй, бірақ құр босқа қызғанып күйме! Бұдан былай кеңірдегіме тиме! Негізі, дәрігерге барып келгенің дұрыс! Сау боларсың деп үміттенемін! Айтпақшы, көрінген көк көйлекке көңілі кете бермейді деген күректтей қағаз ап келсең, тіпті тамаша болар еді!

Чао!

Әйткен: Сао! \ *ширығып,шығып кетеді. Сахнада оңаша қалған соң, Тойтан Қызбаланы Дездемона рөліне дайындай бастайды.*

Тойтан: Негізі, дарыны бар бала! Бірақ, шалығы да бар ма деп қорқамын! Біртүрлі...куыңқырап кететін сияқты кейде... Байқа! \ *Қызбала оның сөзіне рай бермей, бұрылып кетеді.* \

115 – Көрініс. Азғыру

Тотының телефоны шырылдайды.

Тоты мен Қомпидың әйелі Дуня телефонмен сөйлеседі.

Тоты: Әләу!

Дуня: Хэлоу, Тоташа!

Тоты: Сәлем, Дуняша!

Дуня: Тотыжан, біз аукционға баратын болдық!

Тоты: Біз де барамыз ба деп отырмыз... қызығын көрмекке!

Дуня: Ал біз Нова Лизаны аламыз ба деп отырмыз!

Тоты: А-а!? Солай ма?

Дуня: Солай! Біздің үйдің үшінші қабатындағы үлкен залды білесің ғой, соның төр жақтағы қабырғасы бос тұр. Біртүрлі көрінеді екен! Соған әлемдік шедевр атанған суретті іліп қойсақ қайтеді деп, Компанио – Қомпи қатты қопандап отыр!

Тоты: Ал, сен қалай ойлайсың?

Дуня: Дуня қашанда дұрыс ойлайды ғой! Қомпи қай жаққа қарап қоңқ етсе болды, Дуняша сол жаққа қолқ ете түседі! Және де ол суретті жеңіп алсақ, бірнеше жағынан тиімді болатын түрі бар. Біріншіден, эстетика! Үйге келген жоғары мәртебелі меймандар Нова Лизаны көріп, ауыздарының суы құрып мақтайды. Суретті ғана емес, осындай жаңа эстетикалық құбылысты қапысыз таңдаған Компанионың ой-өрісінің кеңдігін мақтайды! Аяғында, Қомпиға сондай суретті алдырған менің, яғни Дуняның дүниетанымын дүниеге сыйғызбай мадақтайды!

Тоты: А-а?! Айтпақшы, жаңа эстетика дегенді қалай түсінесің?

Дуня: Не түсінетіні бар оның? Жаңа эстетика – жалаңаш эстетика, яғни, жалаңаш адам денесінің, әсіресе, сұлу әйел мүсінінің әдеп пердесін сыпырып тастап, эротикалық салтанат құруы!

Тоты: Бұл енді даулы мәселе! Әдемілікке әдепсіздік жараспайтын сияқты!

Дуня: Бірақ, бүкіл әлем басқаша ойлайды! Жер-жаһан тыр жалаңаш

шешініп тастаған қазір! Жарайды, бұл бұлай тұрсын. Екіншіден, Нова Лизаның құны келешекте шарықтап өсетіні сөзсіз! Сондықтан, бұл сурет кез келген банк салымынан сан мәрте тиімді деген сөз!

Тоты: \ Осы кезде үйге Айбатша кіріп келеді).

Иә, сенің таппайтының жоқ әйтеуір! Жақсы онда, ертең аукционда кездескенше!

Дуня: О кей!

Айбатша: Тағы да сол аукционның әуені ме?

Тоты(телефонды сөндіріп): Дуня ғой баяғы.

Айбатша: Иә, не дейді дүниелік ақпарат агенттігі Дүниежүзі?!

Тоты: Дүниежүзі: «Дүние күйіп кетсе де ертең аукционда Компанио – Қомпи бәрін жеңіп шығып, Нова Лизаны үйіміздің төріне іліп қоямыз!» – дейді.

Айбатша: Ә-ә, солай ма? Оған көздері анық жете ме екен?!

Тоты: Нова Лиза Тампықтың төрінде шырайланып тұрса, қалай тыныш ұйықтайсың? Қомпидың қабырғасында арайланып тұрса, қайтіп шыдайсың?! Ондай әлемдік деңгейдегі өнер туындысы тек қана ең озық, ең бай адамның үйінде ғана тұруға тиісті! Ондай адам бар ма біздің қалада?! Әрине, бар! Ол кім? Тек қана сен, Омпанио, Омпа!

Айбатша: Омпанио – Омпа! Тамтық пен Қомпидың омпатомпасын шығармасам, Омпанио болмай кетейін!

Тоты: Жән, жән, жән-нем! Әлемдік атақ-даңқ пен құрметке тек сен ғана лайықсың! Тек сен ғана!

Айбатша: Және сен, жән, жән, жән-е-емм!

116 – Көрініс. Жолда.

Әйткен жындыханаға кетіп бара жатыр.

117 – Көрініс. Қастандық.

Театр. Сахна сыртында.

Тойтан: \ Сахнаның сыртында, кулисаның артында телефон соғып, біреумен сөйлесіп тұр.\ Әлө! Бұл жындыхана ма? Ә, иә, кешіріңіз...Психикалық клиника...иә...жүйке ауруларын емдейтін медициналық мекеме! Жұрт жындыхана деп кеткен соң, ауызға түсіп жатыр, иә. Міне, енді жақсы болды, білетін болдық...Сіз директорсыз ба? Жақсы, өте жақсы, директор мырза...Бұл облыстық қазақ

театрынан. Дирекциядан...Сіздерге біздің бір әртісімізді жібердік... Айтуар Айталиев деген...Иә, ән де салады, өлең де оқиды, би де билейді...Бірақ бұл жолы кездесу өткізуге емес. Тексеруге! Иә, оның денсаулығын тексеріп, ауру-сауын анықтау керек болып тұр! Өйткені, әрнәрсені қиялдай берген соң, кейде адамның қуып кететіні болады. Әсіресе, өнер адамдарының жаны нәзік, жүйкесі жұқа болады. Көп жүк түсе берген соң, жындана жаздайтын, тіпті, жынданып та кететін кездері болады. Мына Өйткен деген әртісіміз де соған жақын болып тұр. Сахнада, әріптесін, әп-әдемі әртіс қызды, буындырып өлтіре жаздады! Зорға айырып алдым! Енді бұл айналасына қауіпті болып тұр! Осыны жақ- с ы- лап, а –сық- пай тексеріп, жындылығы...тойыс, жүйке ауруы қандай дәрежеде екендігін анықтап, ем-домын жасап берсеңіздер екен. Өйтпесе, әп-әдемі әртісіміз орбитадан шығып кетсе, обал ғой! Жақсы, жақсы, қазір келеді сізге. Жақсылап қарсы аларсыздар...былай, жаман жігіт емес, сөйлесуге де болады...бірақ, көтеріліп кетсе, қиын! Өте қиын! Өйткені, өзі қарулы, күшті спортшы, сондықтан, жыны ұстап кетсе, жан –жағын жайпап, қиратып кетуі мүмкін! Сақ балыңыздар! Абайлап, алдап-сулап, амалын тауып, сабасына түсіріп, ем-домын жасап, жұп-жуас қылып берерсіздер деп сенеміз! Ә-ә, иә, иә, сіздерді білеміз ғой! Түсінікті! Рахмет! Жақсы, сау болыңыз! \ телефонын сөндіріп, рахаттана жымыйып:\ Солай, Өйтеке, Тойтекеңмен ерегеспей қой, теке! Түрмеден шығуға болады, бірақ, бөтелке мен жындыханадан шығу одан да қиын!

118 – Көрініс. Аукциондағы арпалыс.

Аукцион.

Айбатша, Тоты, Тампық, Алаяқ, Қомпи Дуня бәрі осында.

Көрермен залында отыр.

Жұмбақ шетелдік Анти топтан оқшаулау бөлек тұр.

Асқар мен Басқар көрермен болып залда отыр.

Аукцион саудагері қолындағы ағаш балғамен үстелді сарт еткізіп бір ұрады.

Саудагер: Ал, бәріңіз де асыға күткен суреттің – Нова Лизаның саудасын бастаймыз!

Суреттің жамылғысын салтанатпен ашады. Әдемі күзгі қайыңға сүйеніп тұрған жалаңаш аққұба әйелдің бейнесі шыға келеді.

Саудагер: Негізі, бұл сурет уақыт рухына сай, Нова Лиза атанып

кеткен! Әйтпесе, өз атауы – «Жапырақ жамылған жалаңаш ару». Бұның бағасы болашақта шырқай көтеріледі... Арзан кезінде алып қалыңдар... Бұл ақша сақтаудың әрі көбейтудің ең тиімді әдісі... Тарихқа ой жүгіртсеңіздер, классиканың күллісі кезінде керексіз болып, көлеңкеде қала берген. Кезі келгенде көзіқарақты өнерсүйгіш қауымның құрметіне бөленіп, өте қымбатқа бағаланып, миллиондаған долларға сатылған. Мына Нова Лизаның портреті де келешекте Мона Лиза сияқты кереметке айналып, бағасы да шарықтайтыны сөзсіз! Мона Лизаның жұмбағы жымиғаны мен жанарында болса, Нова Лизаның жұмбағы – желмен сыбдырлаған жапырағында! Ол жұмбақты нағыз еркектер ғана шеше алады! Ал, ендеше кеттік! Нова Лиза! Бастапқы бағасы – он мың доллар! Он мың доллар, бір! Он мың доллар, екі!

Тампық: Он бір мың!

Саудагер: (Балғасын оңды-солды сермен, әрлі-берлі орғып-орғып жүріп, екілене сөйлеп, сауданы қыздырып, алушыларды азғырып-ақ бағуда). Он бір мың доллар, бір! Оу, қане, қане, қайдасыңдар қалталы азаматтар!? Он бір мың доллар екі!

Қомпи: Он бес!

Дуня: Уау! Иес!

Саудагер: Он бес мың доллар! Бір! Он бес мың – екі!

Тампық: Жиырма мың!

Саудагер: О-о! Тампекең жарады! Жиырма мың, бір! Қане, Тампықтан асатындарың бар ма? Жиырма мың, екі!

Қомпи: Отыз мың! (Жұртшылық қызына бастайды, әсіресе екі әйел мен көрермен, алаяқ айрықша белсеніп, қиқу салады. «О-о!» «Охо!» «Ой, азамат, жарайсың!», «Пай-пай!» «Паһ, шіркін!» «Ой, ерің!» десіп, елеурей түседі).

Тампық: Қырық мың! Жұрт шу ете түседі.

Асқар: \ *Басқарға:* \ Мә, мына Тампығың тымпиып жүріп, тындыратын шығар бәрін де!

Саудагер: Қырық мың доллар, бір! Қырық мың, екі!

Асқар: Әкетті Тампық! Әй, жарайсың, ер екенсің! Қомпиып жүргендерді бір тоңқ еткізетін болдың-ау, сірә!

Қомпи (қаны қызып, айналасына, әсіресе Омтига қоқилана қарап): Елу мың доллар!

Саудагер: Елу мың доллар, бір! Қане, кім бар!?

Тампық: Елу екі мың!

Қомпи: Алпыс мың!

Тампық: Алпыс бір мың!

Қомпи: Жетпіс мың!

Тампық: Мен пас!

Басқар: Ойбай-ау, Тампық-ау, не тантип тұрсың? Тайқып кеткенің бе, тайталаспай жатып!

Тампық: Тоқтайтын жерде тоқтай білмейтін таңқылбайлардың таңы айырылып, тамтығы қалмайтынын тарих талай көрсеткен! Жансыз суретке бергенше, өз әйеліме апарып бергенім артық! Мен пас!

Саудагер: Жетпіс мың доллар! Бір!

Алаяқ: Қап! Әттеген-ай! Қомпиға Тампықтың төтеп бере алмайтыны әу бастан белгілі ғой! Бірақ, бір азамат шығар-ау, Қомпиға майдан берер-ау деп едік... Ешкім шықпағаны ма шынымен!?

Саудагер: Жетпіс мың доллар! Екі! Ал, қане, бар ма бәсекеге қабілетті қара нарлар!?

(Алаяқ, Тоты бәрі Айбатшаға қарайды ақырын. Ол беті бүлк етпей отыра береді).

Анти: Сексен мың доллар!

(Жұрттың бәрі жым болып, жалт бұрылып, жұмбақ шетелдік байға қарайды. Үнсіз қалады бір ауық).

Саудагер: Пау дегенің! Міне, қызық енді басталды! Кесек турап, тұтас жұтып үйренген кісінің ісі ғой бұл! Сексен мың, бір!

Алаяқ: Қане, қане, Қомпекең не дер екен бұған!

Дуня: Ну, Компанио, за компанию!

Саудагер: Сексен мың, екі!

Алаяқ: Қомпеке, төбеден томп еткізіңіз... тоңқалаң асатындай қылып...

Қомпи: Тоқсан мың!

Саудагер: Тоқсан мың, бір!

Басқар: Е-е, бәсе! Өстіп айламен іштен шалмасаң, мына альбионның алпауыты алдырмас!

Саудагер: Тоқсан мың, екі! Ал, қане, кімің бар енді!?

Анти: Жүз мың!

(Жұрт тым-тырыс боп қалады.)

Саудагер: Жүз мың, бір!

(Жұрт Қомпиға қарайды).

Саудагер: Жүз мың, екі!

Қомпи: Жүз он мың!

Басқар: Пау дегенің! Қомпидың атасы Томпи жарықтық қартшы

болған... түнімен ұтылып отырып, таң алдында сыпырып алатын! Томпидың қолы таң ата жүреді деген сөз содан қалған! Жарайсың, «атадан ұл тумай ма, атаның жолын құмай ма» деген осы!

Саудагер: Жүз он мың, бір!

Анти: Жүз жиырма бес мың!

Қомпи: Жүз елу мың доллар!

Саудагер: Жүз елу мың, бір!

Алаяқ: Қатырды деген осы! Қомпекеннің даңқы кететін болды ертең дүниенің төрт тарабына!

Саудагер: Жүз елу мың, екі!

Анти: Жүз жетпіс бес мың!

Саудагер: Жүз жетпіс бес мың, бір! Жүз жетпіс бес мың, екі!

(Қомпи үндемей қалады).

Айбатша(Қомпига мысқылдай бір қарап): Екі жүз мың!

Тоты: Омпа!

Дуня: Омпи против Қомпи!?

Саудагер: Екі жүз мың доллар! Бір!

Дуня: Ну, Компанио, Комби! Даешь комбинацию!

Қомпи (Айбатша – Омпига ерегісе бір қарап, көрерміз дегендей қолын ербеңдетіп): Екі жүз жиырма бес мың!

Асқар: Мәссаған! Осы екеуі бақталас деуші еді! Бір айқасты-ау ақыры!

Алаяқ: Иә, бетпе-бет деп осыны айт! Бәсекеге бас тігетін батырдың тұқымдары емес пе, әй, онайшылықпен берісе қоймас!

Айбатша: Екі жүз елу мың!

Саудагер: Екі жүз елу мың! Бір!

Анти: Екі жүз жетпіс бес мың!

Қомпи: Үш жүз мың!

Айбатша: Үш жүз жиырма бес мың!

Анти: Үш жүз елу мың!

Қомпи: Үш жүз жетпіс бес мың!

Айбатша: Төрт жүз мың!

Қомпи: Төрт жүз жиырма бес мың!

Айбатша: Төрт жүз елу мың!

Қомпи: Төрт жүз жетпіс бес мың!

Айбатша: Бес жүз мың! Жарты миллион доллар!

(Жұрт тына қалады).

Дуня (Қомпига тақап келіп, қолынан тартып, шетке шығарып алып): Компанио, комплект комплекті комбинациямен зомбиланған!

Компаньон қомпайғанды қаламайды!

(Қомпи сәл ойланып, басын шұлғып, екі қолын көтереді).

Дуня: Компанио пас!

Тампық: Қомпи капут!

Алаяқ: Пай, пай, пай! Болды қызық!

Тоты: Омпанио, Омпа, ты лучше всех!

Асқар: Тампық томп етіп, Қомпи комп етіп, Омпидың асығы омпы түсті деген осы да!

Саудагер: Тоқта, тоқта, тоқтаңыздар! Аукцион әлі аяқталған жоқ! Заң бойынша, үш қайырмай, балға соғылмайды! Бес жүз мың! Жарты миллион доллар! Бір! Бес жүз мың, екі! Қазіргі заманның Мона Лизасы атанған Нова Лиза картинасы бес жүз мың, яғни жарты миллион долларға сатылғалы тұр! Қане, кім бар таласатын?! Жарты миллион, яғни...

Анти: Алты жүз мың доллар!

Жұртшылық сілтідей тынып, оған бұрылып қарайды. Ол қатып қалғандай қақиып тұр. Енді жұрт бұрылып Омпиға қарайды. Жаңағы жеңіс салтанатынан айыға алмай, Тоты екеуі әрең есін жиып, бір-біріне қарайды.

Саудагер: Алты жүз мың доллар, бір!

Алаяқ: Атаң жаудан қайтпаған! Аттан!

Басқар: Ұр! Әкесін таныт! Алға, қазағым!

Асқар: Алға, алға, тек алға!

Алаяқ: Алды артыңа карама!

Тампық: Мықты екенің шын болса, шетелдік кәпиталисті шемішкедей шағатын кезің келді!

Қомпи: Ұлттық намысымыз сенің қолыңда! Өкірт, Омпеке!

Алаяқ: Айды аспанға бір-ақ шығарып, әлемге даңқың тарайтын сәт туды! Аруақ! Аруақ! Ұр, Омпижан!

(Бәрі қосылып: Омпанио, Омпи! Омпанио, Омпи! – деп ұрандап кетеді).

Саудагер: Алты жүз мың доллар, екі!

Айбатша *(ұранға қаны қызып, қайта еліріп):* Жеті жүз мың!

(Жұртшылық қолпақтап, шуылдайды. Шетелдік шеттеп кетеді).

Саудагер: Жеті жүз мың доллар! Бір!

Анти: Жеті жүз елу мың!

Айбатша: Сегіз жүз мың!

Анти: Тоғыз жүз мың доллар!

Айбатша: Тайм-аут! Біз ақылдасып алайық!

Анти: Ок!

Дуня (Омпиға екпіндеп жетіп келіп): Омпи-томпи! Қомпиды шоңқиттым деп мәз болғанша, мықты болсаң Антиды аңқитып бер! Ал, шамаң келмесе, орныңа Қомпиды қайта жібер! (*Қайқайып, Қомпидың қасына барады*).

Саудагер: Егер де қазір Омпи жеңіп шықса, жаңа әлемдік эстетиканың шедеврін шетелдік алпауытпен аукционда айқасып, жеңіп алған алғашқы жаңа қазақ байы ретінде тарихқа кіріп, зор атақ-даңққа бөленгелі тұр! Ол дүниежүзілік қауымдастық алдында биік деңгейге көтеріліп, үлкен дәрежеге ие болады!

Айбатша: Бір миллион доллар!

Саудагер: Бір миллион доллар, бір! Бір миллион доллар! Екі! Бір миллион доллар! Үш! Сатылды! (*Балғамен үстелді сарт еткізеді*).

Жұртшылық «уралап», ұрандап, «алақайлап», «жарайсың, азамат, ой, ерің!» десіп, Айбатша – Омпиды көкке лақтырып, мәз-мәйрам болады).

119 – Көрініс. Жынды диктатор.

Жындыхана. Бас дәрігердің кеңсесі. Жеңіл ырғақты музыка ойнап тұр. Шайхан телефонды қоя салып, қуана алақанын ысқылайды.

Шайхан: \ өзімен өзі сөйлесіп, масайрап: \ Міне, міне, таптырмайтын науқас өз аяғымен келе жатыр! Әртіс дейді! Мұндағының бәрі әртіс! Жалпы, қазір әртіс емес кім бар? Бәрі де бір –бір рөлді ойнап жүрген жоқ па? Тек қана мәселе – кімнің шынайы, кімнің жалған рөлде екендігінде! Ең бастысы – кім сау, кім жынды деген сұраққа келіп тіреледі! Ха-ха-ха! Ал, менің көзім жеткені – өмірде адамдардың бәрі жынды! Ал мен жындылардың патшасымын! \ орнынан атып тұрып, музыканы күшейтіп, өзімен-өзі әндеп, билеп кетеді..

О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Табыңдар маған жындыны,

Меланхолик мұңдыны,

Жарығынан жалғанның,

Жақсы емес пе оларға,

Жындыхананың мың күні!

О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Қайдасындар, қанеки,
Дуаланған дүңгәна,
Қияли мен құлғана,
Қояншық пен айкезбе,
Бәріңдікі бір ауру,
Бойды бұған жын ғана! Жын ғана!
О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Жалмай берсем дейтұғын,
Біріңдікі қара жын,
Ала берсем дейтұғын,
Біріңдікі ала жын,
Жұрттан қалай асам деп,
Жанталасқан дара жын!
О – хо-хо! Йо-хо-хо!

Жындарыңды қағатын,
Жөнге жылдам салатын,
Жындыларың жаһанның,
Жұп-жуас қып бағатын,
Кең ақылды кем қылып,
Милау қылып алатын,
Жынды әлемнің жалмауыз,
Падишасы мен ғана! Мен ғана!
О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Осы кезде есік қағылады.

Шайхан музыканы сөндіріп, терең тыныс алып, өзіне – өзі келіп, орнына барып отырады.

Есік тағы қағылады.

Шайхан қатты, қатаң дауыспен: «Иә! Кіріңіз!» – дейді.

Әйткен кіріп келгенде Шайхан оған қадала қарап, ыржсып тұрып күледі. Оның күлгенін қызық көріп, Әйткен де күледі.

Шайхан: \қабағын түйіп: \ Сен неменене жетісіп күліп тұрсың, әй?

Әйткен: Сіз күлгесін күліп жатырмын дағы... Сізге күлген сондай жарасады! Ылғи күліп жүресіз бе?

Шайхан: Сен немене, маған мән үйретейін деп пе едің...бір шаригін кем болып алып...

Әйткен: \ сабырмен, салмақты, жеңіл кекесінмен:\ Менің бір шаригім кем емес. Артық болуы мүмкін, бірақ кем емес!

Шайхан: Артық болса – тожы аурусың! Бәрібір ненәрмәлни деген сөз!

Әйткен: Осы ненәрмәлни, ненәрмәлни деп қоймайсындар. Ал сонда нәрмәлни деген не өзі? Ол кімнің, ненің өлшемі? Кім оны бізге өлшеп берген?

Шайхан: Нормада жұмысың қанша? Одан да өзіңнің ненәрмәлнилығыңды мойындап, нәрмәлни жауап бер!

Әйткен: Мен қазақ театрынан...әригинәлни әртіс Айтуар Айталиев. Бастықтар мені сізге жіберді. \ *Направлениені береді.* \ Мені тексеріп, жүйкесі сау, басы істейді, жынды емес деген анықтама жазып бере қойсаңыз...

Шайхан: \ *Қағазды мұқият қарап:* \ Саған қалайша дені сау деген анықтама беремін? Театрда дені сау адам болушы ма еді? Әртіс дегеннің бәрі жын-шайтанның нағыз өзі емес пе?

Әйткен: Ол қай жақтан қарағанға байланысты.

Шайхан: Ал мен жан-жақтан қарай беремін...Қай жақтан қарасам да жындыларды бірден танимын! Отыр, әртісім. Қазір картотеканы қарайық! \ *Орнынан тұрып барып, шкафта тізулі папкаларды қарай бастайды.* \ Мңне, мұнда жындылар тарихы жазылған!

Әйткен: \ *сеніммен:* \ Босқа әуре болмаңыз! Мен бәрібір онда жоқпын!

Шайхан: Бізде не жоқ дейсің! \ *Бір папканы суырып алып:* \ Міне, көрдің бе – Айтуар Айталиев! Сопаң етіп шыға келдің!

Әйткен: \ *аң-таң болып:* \ Апырмай, ә! Бұл қалай?

Шайхан: Бұл солай! Бізде бәрі тіркеулі! \ *Әртістің ісін ақтарып отырып, шұқшия оқып:* \ Венаңды неге кестің?

Әйткен: Қайдағы вена? Мен кескем жоқ ешқашан!

Шайхан: Соқ өтірікті! Міне, мында жазылған –мектепте оқып жүргенде бір қызға ғашық болып, ана қыз қарамағасын, өлемін деп қолының күре тамырын өткір ұстарамен осып жіберген деп...

Әйткен: \ *есіне түсіп, күліп жібереді:* \ Ә-ә, солай ма? Міне,қызық! Ол псих...тойыс, психиатр мені дұрыс түсінбеген ғой! Ол менен ғашық қызың бар ма деп сұрады. Мен бар дедім де, қызға шығарған өлеңімді оқып бердім. Міне, ұмытпасам, былай:

Сүймей қойсаң нетер едім,
Елден жырақ кетер едім,
Волга-Донда бір сені ойлап,
Каналды да салар едім,
Қолыма лом, қайланы алып
Беломорды қазар едім,
Колыма мен Лена бойлап
Магаданға барар едім!

Байкал – Амур темір жолын
Бір сен үшін тартар едім,
Аляскада айға қарап
Серенада айтар едім!

Бір сені іздеп кетер едім,
Мұхитқа да жетер едім,
Сенаны да кешер едім,
Венаны да кесер едім,
Темзаны да тіліп өтіп
Тескентауды тесер едім,
Занзибардың жағасында
Каннибалға бөсер едім,
Жанымды көп қинай бермей
Тие салсаң, өсер едім!

Шайхан: Браво! *\қолын соғады.*

Әйткен: Ал ол дәрігер менің өлеңімнің өңін айналдырып, өтірік жазып жіберген ғой!

Шайхан: Ол сізге тағы не деді?

Әйткен: Ол кісі қорқынышты түстер көресің бе деп сұрады. «Көргенде мен көрейін. Бірақ, түсімді тыңдайтын адам жоқ!»-деп, ағымнан жарылайын. «Ал, ендеше, емін-еркін айта ғой түстеріңді!» -деді бейілденіп. «Сіз бір түс тыңдайтын жақсы адам екенсіз!»- деп, ал қоя берейін түсімде көрген не бір таңғажайыптар мен сұмдықтарды! Ол рахаттана тыңдай берді, ол тыңдаған сайын мен де соға бердім, соға бердім. Сөйтсем, өз ыңғайына келтіріп жаза беріпті ғой қасқаң!

Шайхан: Тәк! Тәк, ал қазір қандай түстер көресіз?

Әйткен: Әр түрлі.

Шайхан: Әр түрлі болғанда...Түсі...түсі қандай түсіңнің?

Әйткен: Түстің түсі?!

Шайхан: Өй, түсің қашып кетті ғой өзі!

Әйткен: Кешіріңіз... Түстің түсі дегеніңізді түсінбедім.

Шайхан: Түсінбейтін түгі де жоқ – түсіңнің түсі қандай деп сұрап тұрмын! Ой, кеше! Ақ пен қара ғана ма, жоқ қызыл-жасыл-сары-қоңыр-күлгін түстер де көресің бе?

Әйткен: Енді...бір түсті түс деген бола ма екен! Өмір қандай көп бояулы болса, түс те сондай болады да!

Шайхан: Тэк, тэк, түрлі-түсті түстер көреді деп жазып қояйын! Цветной түстер көру – өте қауіпті психикалық дерттің белгісі! Психоанализ теориясы бойынша! \саусағын шошайтып:\ Фрейдизм!

Әйткен: Брейдизм?! Ол не – бренд пе әлде бред пе?

Шайхан: Фрейд, Фрейд! Эф, эф, Фрейд! Зигмунд Фрейд! Психоанализдің атасы! Біздің жолбасшы ұстазымыз, адам психикасының аналитигі!

Әйткен: Идолымыз десеніңші... Сонда, құдай жаратқан адамдардың сан алуан тағдырын тас құдайларыңыздың теориясына тоғыта бересіздер ме? Ал менің ғайыбым айтады, адамның жан-дүниесі ешқандай теорияға сыймайды дейді! Жалпы, сіз құдайға сенесіз бе?

Шайхан: Мен ғылымға, оның ішінде психоанализ теориясына сенемін!

Әйткен: Сонда, құдайға сенетін маған құдайға сенбейтін сіз қалай анықтама бермексіз? Қайсымыздың деніміз сау екен өзі? Менің жаным – иманды, демек –сау! Ал мына сіздің саулығыңызға күмәнім бар!

Шайхан: Сен немене,біздің бәріміздің шатырымыз шайқалған деп тұрсың ба!?

Әйткен: Иә! Ана жақтан да, мына жақтан да жел соғып жатқанда, әлсіз пенденің шатыры шайқалмақ түгілі, шалбары да ұшып кетіп жатқан жоқ па? Анау идея керемет, мынау идея тамаша, қаптаған данышпан...сансыз сұрақ... сана-сезіміңді арбап, қайсына сенеріңді, қайсына ереріңді білмей, қалбалақтап қалдық емес пе?

Шайхан: Жә! Ылғи шатыры шайқалғандармен сөйлесе берсең, өзіңнің де шатырың шайқалмай қоя ма?

Әйткен: Жоқ, бұл бір жағынан қарағанда! Екінші жағынан қарағанда, біздің шатырымыз шайқалмаған! Біздің шатырымыз өте биік, әдемі! Біз оны одан сайын әшекейлеп, керемет қылып көрсету үшін бүкіл күшімізді салып жатырмыз!

Шайхан: Оның несі жаман!?

Әйткен: Бірақ біз подвалымызда не болып жатқанын білмейміз.

Біздің подвалда жұмысымыз жоқ! Шатырды ұстап тұратын фундамент, подвал, қабырғалар екені есімізден шығып кеткен! Шатырың шайқалмау үшін фундамент, қабырғаларың мықты болуы керек қой!

Шайхан: Қысқарт! Әңгіме онда емес, әңгіме қағазда! Қағаз бойынша, жынды сенсің! Сондықтан, мені қойып, өз жайыңды ойлағаның жөн! Көрген түстеріңнің түсіне қарағанда, сен жай жынды емес, түрлі-түсті, яғни қызылкөз жындысың!

Әйткен: Мұның бәрі өтірік! Қиялдамайтын, қияли түс көрмейтін кісі бола ма екен? Соның бәрін тізбелеп, теория жасай берсек, түгіміз қалмас, сірә! Сіздің теорияңыздан да, түс түлкінің боғы деген аталарымыздың бір ауыз сөзі артық!?

Шайхан: Түлкі ме, кірпі ме – бізге бәрі бір! Біз аталарыңа емес, қағазға сенеміз! Міне, мында бәрі жазылып, мөр басылып, қол қойылған! Сені ұстамасы бар, бақылауға алу керек деген! Психоанализ теориясы бойынша!

Әйткен: Не дейді? Мен сап-саумын! Ақыл-есім бүтін, ар-иманым бойымда! Андағының бәрі өтірік, жала! Сендер өздерің аурусыңдар шеттеріңнен!

Шайхан: Әй, сау болсаң неге айқайлайсың? Бүйтіп күйіп-піскеніңе қарағанда күйгелек, жүйкесі жұқарған жан екенің айдан анық!

Әйткен: Енді, өтірікпен күйдіріп тұрсаңдар, күйіп –піспегенде қайнап піседі деп пе едіңдер? Кез-келген адамға нахақтан нахақ жала жапсаңдар, жынданбағанда қайтеді?! *Әйткеннің даусы қатты шыға берген соң, қара перде киген төрт дәу қызметкер, қолдарында усмирительный рубашкалары бар, алақ-жұлақ етіп, жүгіре басып келеді. Шайхан оларға тұра тұрыңдар дегендей белгі береді қолымен. Төртеуі басылып, босағада аңдып тұрады.*

Шайхан: \ салқын, ресми сізге көшіп:\ Сіз неге екпіндеп, еркін сөйлейсіз?

Әйткен: Е-е, еркін сөйлемегенде, мәнекен құсап мәлиіп тұрайын ба? Менің арқам бар!

Шайхан: Ол не арқа деген?

Әйткен: Арқа деген... Ол аруақ, былайша айтқанда....

Шайхан: Во-во-во! Мінеки, жазып қоямыз –арқасында жыны бар! Яғни, жын- ды! Өзің де мойындап тұрсың ғой!

Әйткен: Жыны жоқ адам бола ма екен? Байқауымша, мына сіздің де жыныңыз ұстап жүреді үнемі...

Шайхан: Ылғи жындылармен бірге жұмыс істеп жүрсең, жының ұстамағанда, жаның жадырайды деп пе едің? Тәк, ол басқа әңгіме. Ал

қазір сіздің шаруаңызды бітірейік... Сіз кімді жақсы көресіз?

Әйткен: Кімі несі? Ата-анамды, бауырларымды...

Шайхан: Тоқта, тоқта! Нақты кесіп айт – ең жақсы көретін адамыңыз кім?

Әйткен: Кім болушы еді...ата-анам, бауырларым...

Шайхан: Тоқта, тоқта, топырлатпа! Біреуін ғана айт- әкеңді жақсы көресің бе, әлде шешенді жақсы көресің бе?

Әйткен: Екеуін де бірдей жақсы көремін!

Шайхан: Жоқ, дені сау кісі екі адамды бірдей жақсы көре алмайды, психоанализ теориясы бойынша. Біреуін айт қане! Әкең артық па, шешен артық па?!

Әйткен: Апырмай...енді...әрқайсының өз орны бар ғой...

Шайхан: Міне, мен сол орындарын сұрап тұрмын! Жарайды, мысал үшін үйлерің лапылдап жанып жатса...

Әйткен: Астапыралла!

Шайхан: Сол өрттің ішінде әке-шешен қалып қойып, шырылдап сені көмекке шақырып жатса...сен бірінші кімді алып шығар едің...

Әйткен: Әрине, анамды алып шығамын!

Шайхан: Міне, түсінікті! Сонда байғұс әкең тірідей күйіп, күлге айналып қала берсе де мейлі екен ғой саған, ә!

Әйткен: Жоға, не деп тұрсыз! Біздің шал өзі-ақ бұзып-жарып шығады!

Шайхан: Өйтіп күлкіге айналдырма! Түсінікті! Шешесіне қарағанда, әкесін онша жақсы көрмейді екен, шамасы, бала күнінде қатаң болып, тәртіпке көп шақырса керек! Сондықтан да бұның бала кездегі реніші ішінде беріш боп қатып қалып, кейінгі психикалық ауытқуларына себеп болған деп жаза қояйын!

Әйткен: Жоқ, мұныңыз тіпті қисынға келмейді! Мұныңыз қыпқызыл қиянат! Мен әкемді шешемнен кем жақсы көрмеймін!

Шайхан: Мейлің! Не десең о де! Бірақ, әлгі өрттегі әрекетің – психоаналитикалық факт! Подсознание! Өзіңіз түсініп, сезінбеуіңіз де мүмкін, ал бірақ ар жағыңызда әкеңізді тірідей өртеп жіберіп, күліне күле қарап тұрғыңыз келетіні ақиқат...психоанализ теориясы бойынша!

Әйткен: Ойбай-ай, қалай күйдіресіздер кісіні!

Шайхан: Тәк... содан кейін кімді жақсы көресіз?

Әйткен: Айттым ғой жаңа, бауырларымды жақсы көремін деп...

Шайхан: \ дәу қарауылдарға қарап:\ Міне, көріп тұрсыздар ғой, естіп тұрсыздар ғой! Бауырларын жақсы көреді! Ал басқаларды, соның

ішінде бізді де, сіздерді де жақсы көрмейді! Тіпті, жек көруі де әбден мүмкін! Өйткені біз бұның бауырлары емеспіз! Біздің ауылымыз, руымыз басқа! Знэшит, рушыл, трайбалист деп жазып қояйын!

Әйткен: Мен руымды білемін, бірақ рушыл емеспін! Мен туған халқымды жақсы көремін!

Шайхан: Тәк, знэшит националист!

Әйткен: Өз ұлтын сүйю- ұлтшылдық емес қой!

Шайхан: Ұлтшылдық болғанда қандай!

Әйткен: Мен өз халқыммен бірге, бүкіл адамзатты жақсы көремін!

Шайхан: Түсінікті! Синдром космополитизма! *\жазып қояды.* Жалпы, сіз өне бойы толған жын, қалыпқа сыймайтын ерекше қызық объекті екенсіз, психоанализ теориясы бойынша! Сондықтан, сізді асықпай, жан-жақты зерттеуіміз керек болып тұр! Зерттеу үшін сіз біздің қолымызда болуыңыз керек! Демек, сізді жүйке ауруларын емдейтін ауруханаға жатқызамыз!

Әйткен: Жоқ, мен бұған қарсымын! Мен жынды емеспін!

Шайхан: Бұл жерде тек жындылар жатады деп кім айтты сізге? Менің қоластымда тек жындылар ғана емес, ақылы аздар мен...ақыл-ойы...қалай айтсам екен...әлсіреген...тәк, тәк, тоқ етері, слабоумный... кем ақылдар толып жатыр. Бері қараңыз, әншейінде ақыл – ойы асыптасып жүргендер бізге келген соң әп-әдемі, моп-момақан кем ақылға айналады.

Әйткен: Мұныңыз сұмдық екен! Бұл адам баласын қорлау! Барып тұрған қылмыс!

Шайхан: Жоқ, ешқандай да зорлық-зомбылық көрсетіп, жәбір-жапа шеккізбейміз! Бәрі де заңды тәртіппен, ерікті түрде жүзеге асады. Тиісті ем-домын жасап, қажетті дәрі-дәрмегін береміз – болды! Өзіміздің кәсіби әдіс-тәсілдерімізбен бірнеше күннің ішінде сана-сезімі тым сергек серкелерді милау қалыпқа түсіреміз! Ол қалыптан ешкім де шыға алмайды! Шыққысы да келмейді! Бір кереметі, әлгі милаулар мені көрген сайын: «Аса құрметті бас дәрігер! Сізге мың рахмет! Бәрі де сіздің арқаңыз! Сіз бізді жараттыңыз! Әкеміз де, шешеміз де сіз! Сіз болмасаңыз біз қайтер едік!» – деп, жібектей есіліп, жіптіктей болып тұрады. Өзіңіз де көресіз! Бұл жындыхананың тіршілігі бір керемет қызық тіршілік!

Әйткен: Иә, қазір жұрт ақылды, парасатты адамдардан гөрі, әртүрлі әңгүдіктердің – придуроктардың – тірлігіне қатты қызығады! Оларды кинодан көрсетеді, герой жасайды. Егер де өздерінің де шатыры шайқалмаса, онда қызықпас еді ғой! Жалпы, адамзаттың тарихы,

әдебиет пен өнер тарихы – жындылардың тарихы. Мәселен, Парис Менелайдың әйелі Еленаны алып қашпаса, Троя соғысы болмас еді, Илиада жазылмас еді. Отелло қызғаныштан, яғни пендешілік ашумен Дездемонаны буындырып тастамаса, атақты трагедия болмас еді, ә?! Кез-келген керемет деген шығарманы ал, бәрі де солай – пендешілік сезімдерге, адамның ақымақшылықпен жасаған жындылықтарына, шектен шыққан әрекеттеріне құрылған. Былай қарасаң, адамзат қарапайым ғана шындыққа, әділдікке жүгініп, ақылмен, сабырмен дұрыс өмір сүруге тиіс сияқты! Бірақ, ондай адамдарда түк қызық жоқ қой! Сондықтан, жасасын пенделік, әпенделік, жындылық! Ал, жынды адамдар дегеніміз- оригинальный, гениальный адамдар!

Шайхан: Әй, заржақ, есалаң, кеңкелес, қояншық, қияли, жынды, әумесер, әңгүдік, айкезбе, ауыш, айналма, ақ жын, көк жын, мәжнүн, суми, көк ми, омби-домби-зомби, көгала, дүндік, дүлей, дүңгәнә, милау! Мен сені қоғамнан аластап, жындыханаға жаптырып тастаймын. Түрмеден шығуға үміт бар, ал жындыханадан өле-өлгенше құтылмайсың! Біз сен түгілі академиктерді де, жазушыларды да жындыға санап, біржола қамап тастағанбыз! Бұрынғыда жындарға билігін жүргізген тақ Сүлеймен патша ғана! Одан кейін мен – жындылардың бүгінгі патшасымын! Менің қоластымда кім жоқ дейсіз! \ *Әнде те билеп:* \

О-хо-хо! Ио-хо-хо!
Алты Абылай, бес Абай,
Төрт Толстой, үш Пушкин,
Наполеон, Конфуций,
Кутузов пен Кукушкин!

Пиаф пенен Пьеха,
Отыз шақты от ару,
Монро, Бордо, Гарбо мен
Пугачева, Ротару!

Арыстандай айбатты,
Робин Гуд та торда отыр,
Жолбарыстай қайратты
Зорро деген зор да отыр!
Әйткен: Сұрауы бар судың да,
Бересің жауап- көр де тұр!

Шайхан: Мұнымен не айтқың келіп тұр?!

Әйткен: Екеуміз бірдейміз-екі жарты бір бүтінбіз! Менің ғайыбым айтады, психтар болмаса, психиатрлар да болмас еді! Сен менің арқамда нан жеп отырсың, сондықтан маған рахмет айт! Екеуміз бір-бірімізге байланып қалғанбыз! Мені қамап, аңдып отырған сен де азат емессің! Жындыхана –сенің өз орның!

Шайхан: Міне,сенің өстіп ұстап кететін жының бар! Демек, психоанализ теориясы бойынша, сен қоғамға қауіпті адамсың! Жындыхана сені ғайыбыңмен қосып, айыбыңды мойындатып, кәйібіңді келтірмей қоймас! Ең бастысы – сен еркін ойлайтын тәуелсіз жан екенсің! Ал бізге ондайлардың керегі жоқ! Бізге милаулар керек! Сондықтан...*\Қара киім киген, бет ауыздарын қара пердемен тұмшалап алған қорқынышты дәулерге бұйырады\Ұстандар мынаны!*

Әйткен: Көгерміз әлі, жындыханаға кімнің лайық екенін! *\Қашуға айналады.*

Қолдарында усмирительный рубашка, төрт қарауыл мен Шайхан бесеуі тұра қуады.

Арпалыс, алыс-жұлыс, төбелес.

Төрт қарауылдың екеуін ұрып жысып, қалған екі қарауылмен алысып, тартысып тұрған Әйткеннің артынан Шайхан байқатпай келіп,құйрығына укол салып жібереді. Әйткен есінеп, есінен танып, сылқ етіп құлап түседі.

Қарауылдар оны сүйреп апарып, жындылардың палатасына бір-ақ тығады.

120 – Көрініс. Мысалдың мәселесі.

Театр сахнасында Нәркес пен Тойтан оңаша отыр.

Нәркес: О, менің махаббатым, махараджам, мақалайым, мақақам, мақал-мәтелім, мақұл... л-л-л... д-д-дығым! Бүгін ерте келіппіз... Әртістер жиналғанша әлі бір сағат бар....Менің ішім пысып кетті, кел, қызық болсын, мысал айтып ойнайық!

Тойтан: Мысал?

Нәркес: Иә. Мисал үшін...

Тойтан: Мысал үшін, ма-а-ақұл!

Нәркес: Жә! Мысал үшін, екеуміз Американы аралап, саяхаттап жүргенде, Атакама шөлінде адасып кетсек...

Тойтан: Әй, Атакамаң не, әй, ә? Адасқыш болсаң өзіміздің Қызылқұм мен Қарақұм, яки Үстірт пен Бетпақдала, тіпті болмаса

Гоби мен Такла – Мекен тақияңа тар келді ме? Айдаладағы Атакамаға атаңның басын іздеп барасың ба?

Нәркес: Мысал үшін ғой енді... Тым болмаса өстіп қиялымызбен жер- жаһанды кезіп қайтуға болмай ма? Жә, сонымен, атекемнің басын іздеп, Атакамада адасып кетіп, аңқамыз кеуіп, сілеміз қатып, тырапай асуға жақын қалғанда, бір жұтым су, бір үзім нан тауып алсақ, мысал үшін... Сен өзің ішпей-жемей маған берер ме едің, қайтар едің?

Тойтан: Саған беретіндей мен соншалықты ақымақпын ба, өзім соғып аламын түк қоймай!

Нәркес: Ах, оңбаған эгоист!

Тойтан: Жоқ, сен тоқтай тұр, байыбына барып алсаңшы! Мен оны өзім үшін емес, сен үшін ішіп жеймін.

Нәркес: Қалайша мен үшін? Басқа жағымыз бірге болғанымен, асқазанымыз бөлек екенін ұмытпа!

Тойтан: Гәп сонда болып тұр! Ана ас-суды сен ішіп қойсаң, одан түк пайда жоқ! Ал мен ішсем, екеумізге де пайдалы!

Нәркес: А-а! Қалай?

Тойтан: Былай! Сен ішіп-жеп алдың дейік, мен әлсіреп құлап қалдым дейік. Сонда сен мені көтеріп алып шығасың ба әлгі Атакама шөлінен?

Нәркес: Беті аулақ! Осы үйдің бар шаруасын мойныма артқаным аздай, алпамсадай ғып сені Атакамада арқалап жүретін жайым жоқ!

Тойтан: Міне, көрдің бе, өзің де мойындадың! Ал мен әлденіп алсам, сені Атакама түгілі, Атлант мұхитынан да алып шықпаймын ба алақаныма салып! Есінде болсын, ер-азаматтың қашанда тоқ болғаны жақсы!

Нәркес: Ал, жәрәйт! Екеуміз, мысал үшін, Африкада, Занзибар өзенінің бойында қалың жүңгидің ішінде каннибалдардың қолына түсіп қалсақ қайтар едің?! Кісі жейтін мумбо-юмбо тайпасының күнге қақталған қайыстай терісін керген бұлшық еттері бұлт-бұлт еткен, алақандай көзі жалт-жұлт еткен, сақылдаған сойдақ тістері жарқ-жұрқ еткен, тоннелдей таңырайған танауынан шуылдап шыққан желінен жүңгілідің жасыл құрағы жапырылып, жапырақтары ұшып жатқан қаратастай көсемі: «Ал, қазақтарым, сендерде жазық жоқ, бізде азық жоқ! Адамды бостан-босқа қырып тастайтын қанішер жауыз емеспіз, сондықтан біреуіңді тамақ қыламыз да, біреуіңді қоя береміз! Қане, қайсың құрбан боласың өз еркіңмен?!» – десе, тажалға тайсалмай қарсы барып, мені құтқарып жіберуге ерлігің жетер ме еді?!

Тойтан: Ерлігім жетуін жетеді, бірақ жан шіркін тәтті ғой! Ол

бәтшағар мені бас салып, бұтыр-бұтыр шайнап жеп қойса, сен менсіз қалай өмір сүресің ә?!

Нәркес: О жағынан қам жеме! Аман болсам, сенсіз де бірдеңе ғып күн көрермін!

Тойтан: А, жоқ, оның бола қоймас! Менің қызығымды мумбо-юмбо көсемінің асқазаны көрсе, сенің қызығыңды дос-жараның көрмек пе? Оныға көне алмаймын! Одан да өз қолымнан сойып бергенім жақсы каннибалдарға!

Нәркес: Жоқ, сен жөніңді айт қылжақтамай! Мысал үшін, сүйген жарыңа араша түсіп, ажалға қарсы бара алар ма едің?!

Тойтан: Барғанда қандай! Занзибардың жағасында каннибалдарға тік қарап тұрып: «О, жалғандағы жазықсыз қан төкпейтін жалғыз мейірбанды көсем, менің сүйген жарымды азат ет те, мені сойып жей ғой, ризамын!» – деймін.

Нәркес: Міне, жарайсың! Жаңа-жаңа адам бола бастадың! Жары үшін жанын аямаған жайсаң деп жарнамадан жалғанға жария қылатын-ақ жөнің бар! Айтшы, жаным, шынымен сөйтер ме едің, әлде мысал үшін ғана ма?

Тойтан: Жоқ, шынымен! Өйткені бізде де есеп бар! Осы біздің қазақ еркек малдан гөрі ұрғашы малдың еті тәтті болады демеуші ме еді! Кісі жеп үйренген кәсіпқойлар емес пе, каннибалдар да бірдеме білетін шығар!

Нәркес: Қап бәлем! Онда бері қара, мысал үшін, мен ауырып қалсам, сен мені бұрынғыдай сүйер ме едің, қайтер едің?

Тойтан: А-а? Қайдағыны айтпашы, әй, құдай үшін!

Нәркес: Мысал үшін, әй, мысалы, мысалы деймін!

Тойтан: Сенің бүйткен мисалың бар болсын! Кіп-кішкентай мишығыңнан қандай әйдік мисалдар шығады ей, ә? Шетінен бір қорқынышты, қисынсыз

мисалдарыңның қисабы жоқ, қиссалардан кем болмады ғой!

Нәркес: Үрейлі болмаған да ше? Дүние толы қорқыныш, адамдардың бәрін үрей буған, үйлерінде де уайымсыз ұйықтай алмайды! Сенбесең, сұра бәрінен! Бірақ үрпие берсек, ажалдан бұрын өлерміз, одан да кел, сол үрейдің өзімен қалжыңдасып көрейік, бәлкім бізден беті қайтып, жайына кетер, ә, мысал үшін! Жә, сонымен мен ауырып қалдым дейік...

Тойтан: Ауырып қалсаң, мисал үшін, дәрігерлер бар, аурухана бар... балдыздар бар... олардан қалсаң, мен бар, бірдеңе ғып күтерміз енді!

Нәркес: Күтесің! Күтпегенде қайда барасың? Бірақ мен сенен күтесің бе деп сұрап тұрғам жоқ, сүйесің бе деп сұрап тұрмын! Маған махаббат керек!

Тойтан: Сүйеміз ғой, сүйеміз! Бірақ смотря қандай ауру? Дәрігерлер де гигиена сақтандар деп қақсап жатқан жоқ па?

Нәркес: Әй, қайдағы гигиена!? Әңгіме махаббат туралы! Мысал үшін, сен сонда да қорықпай бұрынғыдай өліп-өшіп сүйер ме едің мені, қайтер едің? Тоқ етерін бір-ақ айт!

Тойтан: Қа-қа-қалай айтам? Дәтім бармайды! Енді не істе дейсің маған? Мисал үшін, мисал үшін деп, миымды айналдырып жібердің әбден! Айтсаң, дені дұрыс мисал айт, айтпесе, доғар осымен! Тоқтай тұр, осы сен өзің мені мисал үшін емес, шын сүйесің бе?

Нәркес: Мүмкін, иә!

Тойтан: Олай болса, мені сүй деп қолқамды суырғанша, ауруынды, мисал үшін, маған да, жұртқа да жұқтырмайын деп, алдымен өзің ойланып, сақтанбайсың ба?

Нәркес: Жәрәйт! Мұның да дұрыс екен... Ары қарай ойнайық... Мысал үшін, екеуміз Ориноко өзенін бойлай жүзіп келе жатқанда, қайығымызды крокодил қағып жіберіп, төңкеріп тастаса...

Тойтан: Қолтырауынды қойшы айналайын, қараптан- қарап кісіні қалтыратпай...

Нәркес: Мысал үшін ғой...

Тойтан: Крокодиліңді алып тастап айта берші! Ориноко өзенінде ол құбыжық кездесе, ешқандай мисалдан қайран жоқ – бірден капут боламыз!

Нәркес: Ал жәрәйт... мысал үшін Ориноко өзенінде өлең айтып келе жатқанда, қайығымыз аударылып, суға кетіп бара жатсақ, сен мені құтқарып алар ма едің?

Тойтан: Жаным, күнім, айым, алтыным, жарқыным! Саған бірден ашып айтып қояйын – мен малту білмеймін! Сондықтан саған қайырылып та қарамаймын – қайыққа жармасып жан сауғалаймын! Солай, маған сенуші болма, судан сақ бол!

Нәркес: Мейлі, бірақ махаббат ондай ұсақ-түйекке қарата ма екен? Сүйетінің шын болса, сен мені құтқарып алып шығуың керек!

Тойтан: Қалай құтқарам ей? Айдаладағы Ориноконың айдынынан суырып алып шық деп тұрғаның қай сасқаның?!

Нәркес: Сасқаным емес, сынағаным! Сонда қалай, көз алдында жан жарың жанұшырып суға кетіп бара жатады, ал сен қайығыңа жармасып, жайымен қарап тұрмақсың, ә?

Тойтан: Жоқ, жайымен тұрмаймын, ойбайлап тұрамын! Бірақ одан не пайда?

Нәркес: Әне, сонда да пайданы ойлап тұрасың. Сенімен бірге кетемін су түбіне деп неге айтпайсың, ә?!

Тойтан: Неге сенімен бірге кетуім керек? Екеуміз бірдей сонау жердің екінші бетіндегі Ориноконның түбінде қалсақ, сұмдық емес пе?

Нәркес: Сонда мені су түбіне жіберіп, өзің аман-сау қалып, ахахау дәурен сүрмексің бе ұялмай?

Тойтан: Әй, сен шындап барасың ғой, мен мисал үшін айтып жатсам...

Нәркес: Мысал үшін! Мысал деген сылтау саған! Жақсы көрмейсің! Әйтпесе кім әйелін мысал үшін суға батырып жатыр?!

Тойтан: Қойшы енді! Мисал үшін ұрысқанша, суға жүзуді үйреніп алсаңшы! Кісіге масыл боп жүретінің-ай осы, тіпті Оринокода да тыныш жүздірмедің-ау! Ойнасақ дұрыстап ойнайық, әйтпесе қояйық!

Нәркес: Ал, онда ойнағанды көрсетейін...Ориноко өзенінде жүзіп келе жатқанда, жанымызда Қызбала болса қайтер едің?

Тойтан: Қайткені несі?

Нәркес: Аңқаусыма өйтіп! Қайығымыз аударылып қалса, кімді бірінші құтқарар едің? Мені ме, Қызбаланы ма? А-а? Айт қане...мисал үшін...мисал үшін...

Тойтан: Қойшы-ей қайдағыны айтпай...

Нәркес: Қайдағыны емес, ойдағыны айтып тұрмын...Мисал үшін...

Тойтан: Қызбала жүзу білетін сияқты ғой...

Нәркес: А-ах, солай ма? Оның жүзе білетінін қайдан білесің? Өзенге апардың ба? Бассейнге бірге түстің бе? Айт, қане жаның барында!

Тойтан: Өй, қойшы, ей! Мисал үшін ғой...

Нәркес: Мисалды көресің қазір... Мысал үшін террористер мені ұстап алып, аманатқа алып кетеміз, бірақ, мұның орнына басқа біреуің келсеңдер босатамыз десе, сен менің орныма басыңды байлап барар ма едің, қайтер едің?!

Тойтан: Барғанда қандай! Тіпті ойланбаймын да!

Нәркес: Ой, жаным сол, мен үшін қандай да бір қиындықтан қайтпайтыныңды қыз күнімде-ақ біліп едім!

Тойтан: Өй, оның несі ерлік? Сенің айқайыңды естіп, басымды қатырғанша, террористердің қолында бірер күн демалғаным артық шығар! Олар әйтеуір әйел емес қой, ертелі-кеш байбалам сала беретін. Және үш мезгіл тамақ та беріп тұратын шығар дұрыстап! Телевизорға

түсіп, атым да шығады!

Нәркес: Ой, рахмет! Ал, бірақ, террористер оған көнбесе ше? Мені босату үшін кө-өп, кө-өп ақша сұраса қайтесің? Төлер ме едің?

Тойтан: Туһ, сенің де таппайтын бәлең жоқ екен! Қалай төлеймін? Немді беремін, әй?

Нәркес: Кредит ал!

Тойтан: Кредит?! Атама, ойбай! Өмір бойы мойынға қарыздың қамытын киіп, азапқа қалар жайым жоқ! Одан да... \ үнсіз, театрально пауза жасайды. \

Нәркес: \ Тойтанның қыңыр қылжағын сезе қойып, бұл да қасақана үнсіз бедірей қарап алып: \ Не...одан да?

Тойтан: Сол...одан да...

Нәркес: Сонда не айтқалы тұрсың? Білдім сенің ар жағыңды! Қарызға батқанша, қатыным құрбан деп тұрсың ғой! Ә-ә, міне, кім екенің көрінді... Көк тиыныңды да қимайсың мен үшін...

Тойтан: Жоқ, енді...қиғанда...қимағанда... Ол содырлармен сөйлесіп көремін ғой әуелі былай...келісіп дегендей...

Нәркес: \ ызаланыңқырап: \ Саудаласып десейші...қайыршы!

Тойтан: Жә, олармен саудаласпай-ақ қояйын... Сен өзің –ақ айтшы... Сонда сен үшін қанша төлеуім керек әлгі содырларға? Сенің бағаң қандай өзі? Қанша тұрамын деп ойлайсың?

Нәркес: \ шынымен қысылыңқырап: \ Апырмай енді... Айтуға да ыңғайсыз екен... Дегенмен, былай жаман емеспін ғой... Бірталай бағамыз бар шығар-ау! Бір миллионнан кем бола қоймаспыз деп ойлаймын!

Тойтан: Теңге ме?

Нәркес: Не!? Теңге болатын мен саған немене, жеңгемін бе? Мендей әйелдің бағасы тек қана доллар болады да!

Тойтан: Бір миллион доллар?! Қой, содырларда да есеп бар шығар! Олай сұрай қоймас! Сұрай қалса да, келіспеймін! Келісе алмаймын!

Нәркес: Неге келіспейсің?

Тойтан: Өй, ол енді мүмкін емес қой!

Нәркес: Ал, жарайды онда, мүмкінін көрейік! Сен қанша деп ойлайсың? \ Тікелей шабуылға шығып: \ Мені қаншаға бағалар едің? Қанша беріп, алып шығар едің мені азапты тұтқыннан?!

Тойтан: Қойшы енді... миды ашытпай...

Нәркес: Қоймаймын, айт қане!

Тойтан: Қоймасаң... Мен сенің үстіңе ақша қосып беріп, содырларға өткізіп жіберер едім!

Нәркес: Ах, солай ма?
Тойтан: Мысал ғой...мисал үшін ғой! Ха-ха-ха!
Нәркес: Хи-хи-хи!

121 – Көрініс. Шошыну.

Театрда, гримеркасында рөлдің сөзін пысықтап отырған Қызбалаға Асқар мен Басқар жүгіре басып келеді.

Асқар: Масқара! Масқара болды, Қызбала!

Басқар: Әйткенді жатқызып қойыпты!

Қызбала: \ *Шошып кетіп:* \ Не? Немене?

Асқар: Әйткенді ауруханаға жатқызып қойыпты!

Қызбала: Қайдағы аурухана?

Басқар: Жындыханаға!

Қызбала: Мәссаған! О, сұмдық-ай!

Үшеуі жындыханаға барады. Айла жасап, амалын тауып, Әйткенді құтқармақшы болады.

122 – Көрініс. Телефонмен табалау.

Айбатшаның үйінде және Қомпидың үйінде.

Айбатша мен Тоты үйінде. Кешегі суретті тамашалап, айналып, еңкейіп, шалқайып, әр қырынан қарайды.

Тотының телефоны шырылдайды.

Бұл Дуня. Өз үйінен звондайды.

Қомпи Дуняның қасында тыңдап отырады.

Тоты да дыбыс күшейткішін қосып, Айбатша – Омпи бірге тыңдайды.

Дуня (*жорта салтанатты дауыспен*): Салют жеңімпаздарға! Қалай, шаттанып, мақтанып жатырсыңдар ма? Неге фейерверк атпадыңдар, жеңіс тойының құрметіне артиллериядан отыз дүркін салют беретін шығар деп, кеше түнде сіздің жаққа мойнымызды созып қараймыз келіп, қараймыз! Тым-тырыс жатқандарың қалай? Жыртылып айырылатын кездерің емес пе?!

Тоты: О, сәлем, Дуняша! Кеше жуудан қол тимей... түнімен ресторанда тойладық... енді, мұндай жеңіс сирек болады ғой өмірде!

Дуня: Өте құнды пікір! Бірақ, жеңістің сәні – отшашу ғой! «Күштінің арты диірмен тартады» деген атам қазақ, ал қазіргілер

фейерверк атады! Көк майсалы қаланы көк түтінге көміп, күкірт сасытып қоймағасын, как-то онша емес!

Тоты: Кім онша емес?!

Дуня: Мен сөздің мәтеліне айтып жатқаным ғой! Әйтпесе, кешегідей мировой аукционда миллионерлердің бәрін мизермен ұрып алған мистер Омпи мен оның еркекетотайы леди Каролинаны кім онша емес десін? Онша болғанда да... ой-йой-ой! Шырқадыңдар, әй! Біздің Қомпидың жүрегі қысып, өкпесі ысып, өзі ішіп-ішіп, балконнан ұшып кете жаздады ғой! (*Қомпи рахаттанып, сылқ-сылқ күліп, Дуняға бас бармағын көрсетіп қояды*). Қысқасы, сенің Омпиано – Омпиың бәрінің де әкесін танытты! Азамат, тусаң ту!

Омпи өз үйінде әжептәуір болып, қоқиланып қояды.

Қомпи өз үйінде жорта қираған болып, қисалаңдап, құлап қалады.

Тоты: Рахмет, рахмет, Дуняша! Сендер де ренжімеңдер енді... бәсекенің аты бәсеке ғой!

Дуня: Жоқ, реніш жоқ! Біз қайта өте қуаныштымыз!

Тоты: Солай де! Сонда қалай, Қомпидың Омпидан омақа асқанына қуанасың ба!?

Дуня: Кімнің омақа асқаны айдан анық қой! (*Әнде тіп*):

Омпидым жеңеше-ай,

Омпидым жеңеше-ай,

Мен саған өкпеледім,

Томпидым жеңеше-ай!» деген әнді білетін шығарсың!

Тоты: Білгенде қандай! Бірақ, бізге оның не қатысы бар?

Дуня: Тікелей сендерге, әсіресе Омпиыңа арнап айтылғандай! Әттең, ымға түсінбеген дымға да түсінбес деген!

Тоты: Ымы біздікі, дымы сіздікі!

Дуня: О кей, енді не десең де өзің еркің! Болар іс болды!

Тоты: Иә, бояуы сіңді!

Дуня: Иә, енді сол бояуларыңды... әлгі суреттеріңді не істемексіңдер?

Тоты: Не істегені несі? Іліп қоямыз әдемілеп... өзің айтқандай, үшінші қабаттағы үлкен залдың қақ төрдегі қабырғасына... жарқыратып!

Дуня: Ә, иә, жарқырайтын жері жеткілікті ғой!

Тоты: Онымен не айтқың келіп тұр?!

Дуня: Талай нәрсені айтып тұрмын! Омпиға сәлем айт, ананың жапырағына телміремін деп, біржола сені ұмытып кетіп жүрмесін!

Тоты: Қысқарт енді, Дуня! Сен лағып кеттің!

Дуня: Мен емес, сендер лағып кеттіңдер! Лаққанда да айдалаға қаңғып кеттіңдер! Әлі түсінген жоқсыңдар ма?! Түсінбесең мейлі, бірақ әлгі суреттің... Нова Лизаның жапырағын қайшымен қиып тастасаң қайтеді? Омпиың аузы аңқиып, қарап отырсын өмір бойы!

Тоты: Дөрекі сөйлеп барасың, Дуня! Мұндай ұятсыз емес едің ғой!

Дуня: Жалаңаш қатынның суретін миллион долларға сатып алып, төріне талтайтып іліп қойған сен ұятсыз ба, соны сөз қылған мен ұятсыз ба!?

Тоты: Ол – сурет, өнер туындысы!

Дуня: Адырам қалсын! Біздің Қомпидың сіздің Омпидан анағұрлым ақылы артық екеніне кеше тағы да бір көзім жетті! Кеше миллион долларын желге шашқан Омпиың енді менің Қомпиымнан көп кейін қалды!

Тоты: Жоқ! Қалайша? Ол миллион ешқайда да кеткен жоқ, тұр, міне, үйде, мына шедевр картинада!

Дуня: Айтақ саған шедевр! Ұятсыз сурет десейші! Ұятсыздық болғанда да, барып тұрған ұятсыздық!

Тоты: Өнер туындысы неғұрлым ұятсыз әрі түсініксіз болса, соғұрлым қымбат болады!

Дуня: Шимай-шатпақ!

Тоты: Бірақ, өте шебер шимайланған!

Дуня: Мен мұндай маз-ы-ынияға... мазақнамаға соқыр тиын да бермес едім!

Тоты: Сенің соқыр сенімің мен соқыр тиының кімге дәрі? Әлемдік нарықта мұндай ғажайып туындылар талғамы биік өнерсүйер қауымды сүйіндіріп, миллиондаған долларға бағаланады! Әлемдік қоғамдастықтың жанында сен кімсің сонша!? Түк те емессің... нөлсің!

Дуня: Мен мұндай миғұла пікірге қарсымын!

Тоты: Не дедің, Дуня-дуря!? Сен кімді миғұла деп тұрсың?

Дуня: Сені және сенің омпиған байынды миғұла деп тұрмын!

Тоты: Тіліңді тарта сөйле, Дүниекүл!

Дуня: Миғұла болмасаңдар, миллион долларға мұндай сурет сатып аласыңдар ма!

Тоты: Бұл капитал сақтаудың және көбейтудің жолы! Біздің Омпанионың сіздің Компаниодан ойының озықтығы да осыдан көрініп тұрған жоқ па?! Біраз уақыт тамашалап, жұртшылыққа мақтанышпен көрсетеміз де, шетелге шығарып, екі немесе үш есе қымбатқа сатамыз да жібереміз!

Дуня: Сатып алу – оңай, сату – қиын! Кімге керек ол шетелде? Ондай жалаңаш қатындардың мыңдаған суреті жатыр үйіліп қоймаларында!

Тоты: Бірақ, онда Нова Лиза жоқ қой!

Дуня: Болмайды да! Нова Лизаны сатып алатындай, ондағылар ақымақ емес!

Тоты: Әй, Дүниеқұл, әуелде осы сен емес пе едің, Нова Лизаны сатып алып, төрімізге ілгелі жатырмыз, ойбай, сұмдық, керемет деп аузыңның суы құрыған!

Дуня: Иә, әуелде, хе-хе-хе, суретті көрмей тұрғанда солай ойлағаным рас!

Тоты: Енді міне, қолың жетпей қалған соң, жамандайсың келіп! Біздің жеңісімізді көре алмай, ішің күйіп барады білем!

Дуня: Ол менің правом!

Тоты: Не сенің правоң?

Дуня: Сендерге ішім күйе ме, күймей ме, өз еркім дегенім ғой! Ал, бірақ, дәл қазір ішім күйіп тұрған жоқ, ішім, ой, хи-хи-хи, ой бір рахаттанып күліп тұр! Күйсе, мына сендердің іштерің күйеі керек!

Тоты: Неге күйеі керек менің ішім? Менің ішім... сенен де артық рахаттанып, ой... хи-хи-ха, күліп тұр, ал?!

Дуня: Айтақ! Неменеңе жетісіп күлесің, әй, сен?

Тоты: Қалай неменеңе? Дүйім жұрттың... дүниежүзінің алдында менің мистер Омпиым сенің қоңқиып жүрген Қомпиың мен таңқиып жүрген Тампықтың тамтығын қалдырмай талқанын шығарғанына рахаттанып тұрып күлемін! Ал сен Омпидың әлемдік атақ-даңққа бөленгенін көре алмай күйінгеннен күлесің!

Дуня: Қайдағы атақ-даңқ? Ақшаларың желге ұшып, абыройларың айрандай төгілгенін әлі түсінген жоқсыңдар ма?!

Тоты: Көре алмаған соң айтып тұрсың бұл сөзді!

Дуня: Көре алмай тұрған мен емес, көз алдындағыны көрмей тұрған, көре алмай тұрған сен! Әйтпесе, кеше аукционда, бәсекенің ең қызған кезінде Қомпи неге жарыстан шығып кетті деп бір сәт ойланар едіңдер ғой!

Тоты: Несі бар оның ойлайтын? Омпидан оңбай ұтылды... ақшасы жетпейтін болған соң аут кетті!

Дуня: Жоқ! Мүлдем олай емес! Бәсекенің қызған кезінде менің миымда бір ой жарқ ете қалды. Мына жалаңаш албасты мұнша ақшаға татымайды ғой! Міне, осылай ойлауым мұң екен, маған бәрі түсінікті болды!

Тоты: Не түсінікті болды?

Дуня: Охо! Дуняны дура дегенде сондайсың... енді оның дайын ойын пайдалана қойғың келген екен... Ал, айтпаймын, қайтесің... өз басыңмен ойлап үйрен бұдан былай! Бірақ, мен шындықты түсінген кезде, Қомпиға тоқтайық дедім! Ол тоқтай қойды! Өйткені ол ақылды сөзге құлақ аса біледі!

Тоты: Мейлі, сен үшін солай-ақ болсын! Бірақ, біз үшін Нова Лиза құнын жоймайды! Қайта күн санап бағасы арта түседі!

Дуня: Бұл не деген махаббат, бұл не деген байлық! Ал, бірақ, сендер үшін оның бағасы арта түскеннен не пайда?!

Тоты: Қалай не пайда? Бағасы артқан сайын, қадір-қасиеті де арта бермей ме?

Дуня: А-а, енді түсіндім! Кешір, Каро! Сенің логикаң да жер-жаһанда жоқ, бір керемет логика екен! Иә, иә, миллион долларлық жалаңаш суретті қиялыңда он миллионға өсіріп қойып, телміргенге не жетсін!? Бірақ, бәрібір біртүрлі...

Тоты: Не біртүрлі?

Дуня: Нелеу емес пе?

Тоты: Нелеу?

Дуня: Нелеу енді, былай... Сендер үшін оның бағасы арта түскенмен, нақты нарықтағы бағасы құлдырай берсе ше? Тоқетері, ертең жапырақ жамылған жалаңаш Нова Лизаңызды ешкім көк тиынға алмай қойса, қайтесіңдер?!

Тоты: Неге? Біз алдық қой!

Дуня: Елдің бәрі Айбатша мен Тоты емес қой!

Тоты: Мұнымен не айтқың келіп тұр, Дуня-дуря?

Дуня: Мен бәрін айттым, Тоташка! Маған сенбесең, қызық үшін, жалаңаш суретіңді сатуға шығарып көр! Алушы тапсаң, мен дур-ря, таппасаң - сен дур-ря! Ок!

Тоты: Ок! *(телефонды сөндіреді. Еліріңкіреп, селтең-селтең жүріп, Омпиға бір, суретке бір қарайды. Омпи үнсіз, ауыр күрсініп, Тотыға бір, Нова Лизаға бір қарап, екеуін салыстырғандай, ойға батқандай күйде басын шайқап тұрады).*

Дуня (телефонды сөндіреді. Қомпи оның жанына келіп, бас бармағын көрсетеді): Бақталастарыңның ақымақтау болғаны қандай жақсы! Олардың қателігін көрген сайын рахаттанасың! Ақылды болғың келсе, ақымақтардан үйрен! Олардың істегенін істемесең болды – ешқашан да жаңылмайсың! *(Қомпи қарқылдап күліп, Дуняны көтеріп алып, шыр айналдыра билейді. Дуня сылқ-сылқ күледі.)* Ой, Қомпи, Комби, Компанио-о! Компанио-о! *(Екеуі қосылып, әндетеді).*

Омпидым, жеңеше-ай,
Омпидым жеңеше, ай,
Мен саған өкпеледім,
Томпидым жеңеше-ай!

123 – Көрініс. Қызға өктемдік.

Репетиция жүріп жатыр. Тойтан рөлге дайындалып жүрген Қызбаланы көзімен ішіп-жеп, қырындап, мазасын ала береді.

Тойтан: Қызбала, ой, Қызбала! Мына күйінде сен қайтіп Дездемона мен Қыз Жібекті сахнаға шығармақсың? Сенде әлі ару бейнесінің он екі де бір нұсқасы көрінбейді ғой!

Қызбала: Ағай, әзірге шығармашылық процесс жүріп жатыр. Әр нәрсе уағында, керек кезінде сақадай сай боламыз!

Тойтан: Өзің философ екенсің, әй, қыз! Уағында дейді... Өй, облыс аруы, үздік әртіс! Сенде түк жоқ қой! Бұл қалпында сен мұндай ардақты атты қалай жеңіп алып жүрсің? Шынында да, жұрт өсек қылғандай, бір бәлең бар ма әлде, ә?

Қызбала: Маған ондай бәлелі аттың бес тиынға да керегі жоқ! Тіпті, бекер қатысқан екенмін сол конкурсқа! Қай уақытта біздің қазақ қыздарын конкурсқа салып еді?

Тойтан: Сөзді басқа жаққа аудармай, мәселенің тоқ етеріне келейік. Ұмытайын деген екенсің. Ондай мәртебелі атақты саған кім алып берді? Әрине, Тойтан көкең! Тойтан болмаса, талайдың қолы жетпей жүрген мұндай дәрежеге ие болмақ түгілі, қарасын да көрмес едің! Міне, соның қадірін білу керек! Ал сен тіпті маған дұрыстап рахмет те айтқың келмейді?

Қызбала: Айттық қой, ағай. Рахмет! Рахмет дедік!

Тойтан: Ойбай, рахмет дейді әй! Рахмет депті әй! Құрғақ рахметіңді қалтана салып қой! Мына қызды қарандар, адамға дұрыстап алғыс айтуды да білмейді! Мәссаған! Масқара! Сен қызға атақ әпердім, басты рөлдерді – Дездемона мен Қыз Жібекті бердім. Оған не бір дарынды, сұлу актрисалардың өзі жете алмай жүр! Ал сен ақымақ қыз сол сыйлығымды бағалай да білмейсің!

Қызбала: Білеміз ғой, ағай, білеміз. Қолдан келгенше сеніміңізді ақтауға тырысып-ақ жатырмыз ғой!

Тойтан: Иә, тырысып жатырсың! Тырысқан мұндай болмайды!

Қызбала: Мен сізді түсінбеймін, Тойтан аға! Ал, сонда не істеуім керек?

Тойтан: Не істеуім керек дейді әй ұялмай! Немене, сендерге жақсылық жасағанда, қалай рахмет айтуды қоса үйрету керек пе?

Қызбала: Расында мен ақымақ шығармын, ағай, немесе сіз шамадан тыс данышпан шығарсыз! Түк те түсініп тұрған жоқпын! Қазақта сөз бар ғой, айтып өлтір деген! Не болса да ойыңызды ашып айтыңызшы, ағай!

Тойтан: Ашып айт дейсің бе? Түк білмегендей бола қалуын қарашы! Сен бәрін де біліп, түсініп тұрсың!

Қызбала: Нені түсініп тұрмын? Ештемені де түсініп тұрған жоқпын!

Тойтан: Түсініп тұрсың! Әдейі жалтарып, бұлданып тұрсың бірақ!

Қызбала: Нені бұлдап тұрмын сонша?

Тойтан: \ ақырын арлы-берлі жүргенсіп, шымылдықты ашып, сахнаның сырт жағын бақылап, барлап қарап қояды. Нәркес кеп қалар ма деген қауіппен: \ Өзіңді! Өз басыңды бұлдап тұрсың! Қу бала, Қызбала, сен бәрін де білесің! Маған сен керексің!

Қызбала: Ағай! Қойыңыз енді! Мұныңыз ұят болады!

Тойтан: Ұят...Мият...Ха-ха-ха! Баяғы заманның өлшемдері...Ол бізге, бүгінгі заманның серілері мен перілеріне жүрмейді! Сондықтан, сөзді қойып, іске көшетін уақыт жетті! Қашан бір шай ішеміз оңаша? Сырласып отырмаймыз ба, арқа-жарқа болып?

Қызбала: Жақсы, ағай, шайдың жарасы жеңіл ғой. Ертең кешке келіңіздер біздің үйге!

Тойтан: Ке – лі – ңіз – дер?

Қызбала: Ия, Нәркес тәтей екеуіңіз жарасып, жұптарыңыз жазылмай келіп, бір тәтті шай ішіп кетіңіздер! Мен ол кісімен қазір өзім сөйлесіп, келісе қояйын! \ *телефонын ыңғайлай бастайды.* \

Тойтан: \ баж ете қалады: \ Ойбай, тоқта! Тәтеңе айтушы болма! Оның жыны ұстаса, екеуіңізді де ондырмайды. \ *бәсеңсіп, айла қылып:* \ Тәтеңді әдеп үшін қосып жатқан шығарсың, ия! Түсінемін сені, жаным! Қыздардың психологиясын түсінбейтін кісі ешқашан да режиссер бола алмайды! Ал мен не бір әйелдердің рөлін зерттеп, шығардым ғой сахнаға. Сондықтан, сізге ризамын! Рахмет, Қызбала! Арғы жағын айтқызбай-ақ түсінбесем, мен маэстро, мэтр Тойтан боламын ба! Түсіндім бәрін де, ертең кешке сіздің үйге келемін шай ішуге! Жалғыз өзім келемін! Біздің оңаша әңгімемізге ешкімнің де куә болғанын қаламаймын! Ұқтың ба, Қызбала?

Қызбала үндемей, құптаған сыңай танытып, басын болар, болмас қана бір изеп, шымылдықтың артына қарай лып етіп кетіп қалады.

Тойтан сахнада қойқаңдап, арлы-берлі жүреді.

124 – Көрініс. Алдаудың айла-шарғысы.

Анти мен Алаяқ оңаша сөйлесіп тұр.

Анти: Бері қара, алаяғым! Нанасың ба, нанбайсың ба? Мен бұл суретті бір маскүнем суретшіден бар жоғы екі-ақ жүз долларға сатып алдым!

Алаяқ: Мәссаған безгелдек! Омпитқан-ақ екенсіз!

Анти: Сөйттім де, бес жүз долларға алтын, күміс жалаттырған керемет рама жасатып, қаптай қойдым! Хе-хе-хе! «Жапырақ жамылған жалаңаш әйеліңіз» жайқалып шыға келді емес пе?! Алтын, күміс әйелдің сәні деген рас екен-ау!

Алаяқ: Бау дегенің!

Анти: Бірер таныстарыма: «Мона Лизаның жұмбағынан кейінгі жұмбақ сурет осы!» – деп, мақтап-мақтап көрсетіп едім, құлап түсті ғой! Әсіресе, жұмбақ жеріндегі жапыраққа телміріп естері шықты!

Алаяқ: Пах, шіркін! Жұмбағы жұмбақ-ау енді!

Анти: Міне, тап сол сәтте қазіргі заманғы Мона Лиза – Нова Лиза осы ғой деген идея сарт ете қалды басыма! Содан, жарнаманы жалдап алдым, жандайшаптарды алдап алдым, қысқасы, жер-көкке сыйғызбай мадақтатып, даңғазаны дүркін-дүркін дүңкілдеттіріп қойдым! Есінде болсын, жаман нәрсенің өзін жарнама жақсы деп жар сала берсе, бірер аптада жақсы болып кете барады! Ал, жұртты есінен тандыра даңғазалай берсең, не нәрсені болсын талғамай жұта беретін халге жетеді! Міне, сөйтіп, аукционға салып кеп жібердік! Не болғанын өзің де көрдің ғой!

Алаяқ: Ал сонда, бүкіл дүниежүзілік талғампаз қауым таңғалып жатыр, талқылап жатыр дегеніңіз қайда?

Анти: Туһ, айлакер, алаяқ деп жүргеніміз мұндай болсаң, қалған аңқау ауылбайларға не жорық?! Ол жай сөз ғой, қыздыру үшін айтылатын! Немене, бүкіл әлем сол суретке телміріп отырады дейсің бе? Сен де айта бер, әлденені бүкіл әлемдік қауымдастық керемет әспеттеп жатыр деп! Кім қой деп жатыр? Өзің сияқты бір-екі алаяқ бір-екі жерде қолдап, қолпаштап сөйлеп берсе, болды! Мінекей, көрдіңдер ме десең, бітті, жарнамаға жан-тәнімен сенетін жалпақ жұртың жалп ете түспесе, маған кел!

Алаяқ: Сонда, Нова Лизаға қатысты шудың бәрі жел сөз бе?

Анти: Көбік әншейін! Пиар кампания!

Алаяқ: Апырай, ә? Бұларды өйтеді деп ойлағам жоқ... Көп болса,

бір жүз мыңға түсер деп едім... Қызды-қыздымен миллионға бір-ақ қолқ ете түсті!

Анти: Ақымақтың ақылы жүрегінде деген! Осындай клиентті дәл тауып берген саған айтар алғысымыз шексіз! Айтпақшы, қалай таптың мұндай ақшасы көп, ақылы жоқ кісілерді?!

Алаяқ: Оны көздеп жүргеніме біраз болды. Қазақта сөз бар, «байғұсты бәрекелді өлтіріпті» деген! Бұл соның нақ өзі! Қолына байлық біткелі, жандайшаптар жан-жақтан жабыла мақтап-мақтап, милау ғып тастаған ғой! Ертеден кешке дейін: «Сен ең керемет байсың! Сенен асатын бай жоқ бұл қалада! Осы қаланың бірінші байы болғандықтан, барлық жағынан бірінші болуың керек! Яғни, ең жақсы нәрсенің бәрі тек қана сенікі болуы керек!» – деп, құлағына құя берген соң, өзі де мақтаншақ кісі, кеткен ғой қалықтап, шалықтап. Керегі бар ма, жоқ па, пайдасы қандай, оған бас қатырып жатпай, мынау жаңа нәрсенің ең біріншісін сізге арнап әкеп тұрмыз десе болды, талғамай жұта береді ғой! Сонысын білгендіктен, Нова Лизаны мақтап-мақтап, майлап-майлап, аузына тоса қойып едік, қылқ еткізіп жұта салған жоқ па!

Анти: Жұтқанда да жаман жұтты! Жарайсың, алаяғым! Міне, мынау сыйлығың – он мың доллар! (*Конверт ұсынады*).

Алаяқ (алады, салмақтап): Нелеу емес пе?

Анти: Нелеу?

Алаяқ: Былай, аздау емес пе дегенім ғой... миллионнан?

Анти: Келіскен сомаң осы ғой! Енді неғыл дейсің маған?!

Алаяқ: Жоқ, дұрыс қой бәрі де... Бірақ, миллионнан кішкене қоспайсыз ба?

Анти: Негізі, сенің еңбегің – бір-бірімен бақталас, қызбабас клиенттерді тауып бергенің! Оған, келісім бойынша, тиесілі ақың осы! Ал, қалған істің барлығы менің миымнан шыққан жоба бойынша жүріп, жоспар бойынша жүзеге асқанына дауың бар ма?! Тіпті, ана аукцион сатушысы да менің жалдаған кісім!

Алаяқ: Е-е, бәсе! Жаңа жетті ғой менің жетеме! Менің жаным шығып кете жаздады ғой... сіз бағаны өсірген сайын! Омпи тоқтап қалса, біздің жоспардан ештеңе шықпай қала ма деп!

Анти: Жоқ, ол тоқтамайтын еді! Өйткені ол атаққұмар! Құмарпаз ойыншы! Бәрінен бұрын, ол Қомпимен бақталас! Сондықтан, жеңіс үшін жанын салатыны белгілі!

Алаяқ: Дегенмен... айталық, тоғыз жүз мың доллар дегеніңізде, сізге итеріп тастай салғанда қайтер едіңіз?

Анти: Біріншіден, ештеңем де кетпес еді! Сурет өзімдікі, аукцион

өзімдікі... Бір тиыным да шықпас еді. Екіншіден, психологиялық заңдылық – миллионның магиясы бар! Оған жетпей тоқтамайтын еді! Ал, асырмауы әбден мүмкін! Сондықтан мен тоқтаған бола қойдым! Міне, көрдің бе, біздің жоспармен жүріп, біздің жобаны іске асырдыңдар ғой аңғалбай-саңғалбайларым! Ха-ха-ха!

Алаяқ: Бірақ, менсіз аттап баса алмайтын едіңіз ғой!

Анти: Иә, дұрыс айтасың! Ал, бірақ, менсіз сен кім болар едің? Сен мені алдадым деп ойлап тұрсың! Ал мен сені одан да асырып жалдадым!

Алаяқ: Қалай, қалай?

Анти: Бұл сенің ойының емес! Бұл – біздің ойын! Сен біздің қалағанымызды орындап, біздің берген рөлімізді біздің тәртібімізбен ойнап шықтың! Шынын айту керек, біздің күткенімізден де асып түстің! Негізі, сен туа бітті талантты алаяқ екенсің!

Алаяқ: Адам алаяқ болып тумайды!

Анти: Бірақ, аздап алаяқтау болмаса, алға аттап басуы да екіталай!

Алаяқ: Рас айтасыз! Еріккеннен жүр дейсіз бе, әркімді алдап, өтірікке жанды жалдап... Күнкөрістің қамы да баяғы!

Анти: Саспа, алаяғым, майлыаяғым! Арзан атаққұмарлар, оңай ақшақұмарлар, жемқорлар мен мансапқұмарлар аман болса, алаяқтар аштан өлмейді! Оларды алдап соғу үшін не керек, білесің бе?!

Алаяқ: Айла, амал, қулық керек!

Анти: Рас айтасың! Бірақ, алдымен (*өз төбесін өзі тоқылдаттып*), ақыл! Ақыл керек! Ақылың асып, тасып тұрса, аңқаулар мен ақымақтарды алып та жейсің, шалып та жейсің! Ха-ха-ха! Аспанға қарап жүретін, аяғының астындағыны көрмейтін аңғал қауым, сіздерді мен сондай жақсы көремін! Шын айтамын!

Алаяқ: Рахмет, рахмет! Біз де сізді жақсы көреміз! (*Екеуі құшақтасады*).

Анти: Саған да рахмет! Сенің айналымың үлкен болады түбінде! Хабарласып тұрармыз! Мен кешке тю-тю! Кетемін ұшып! Миллионды аударып жібердім сарт еткізіп! Бірақ, саспа, алаяғым! Айналып соғып тұрамын! Іздей бер... ерінбей, жалықпай ізде... осындай алды-артын ойламай, ақшасын айдалаға шашатын арзан атаққұмар кісілерді... Бұл үлкен ойындардың басы ғана, алаяғым! Әлі талай белестер алда! Тіпті, шетелге алып та кетуім мүмкін сені... Әлемдік деңгейдегі алаяқ атануға қалай қарайсың?!

Алаяқ: О, маэстро! Мен өте қуанышты болар едім!

Анти (кете береді): Онда сені қуантуға мен де асығамын! Сол

үшін шұғыл түрде кетуге тура келіп тұр! Гуд бай! (Кетеді).

Алаяқ: Гуд бай, гуд бай! Құйтырқының ұғымы-ай?

125 – Көрініс. Қияли оқымысты.

Ертеңінде есін жазған Әйткен сол жерде неше түрлі жындыларды көріп, аң-таң болады.

Олар өз өмірбаяндарын, ой-армандарын, қиялдарын айтады.

Жындыханада. Әйткенге бір шашы сұйылып, селдіреген, бет-аузы көлдіреген қартаң кісі тақап келеді. Әйткен одан да секем алса да, сыр бермей сабырмен қарсы алады. Бірақ, оларға байқатпай сақтанып, шайқаса кетуге іштей дайындалып тұрады.

Профессор: \ Әйткенге көзін қадап, өктем үнмен: \ Әй, бала! Сен неге ұстазың жаныңа келгенде, орныңнан тұрып қарсы алмайсың, ә?

Әйткен: \ Бір жағы ұнатпай, қитығып, бір жағынан қайтер екен деген оймен: \ Кешіріңіз, ақсақал! Танымасын сыйламас деген бар ғой. Танымай тұрмыз, сіз кім боласыз?

Профессор: \ Ауыр күрсініп, мұңайып, күңірене, саусағымен біріесе шекесін бұрғылап, біресе төбені тесердей көкке созып, арлы-берлі адымдай жүріп, ашына сөйлейді: \ Иә, ұлы адамдарды тірі кезінде танымау, қадірлемеу – адамзатқа тән зор қателік! Өкінішті, әрине! Танымасаңыз, танып алыңыз, студент мырза! \ Тоқтап, әр сөзін қадап, қадап сөйлейді: \ Мен Оксфорд, Кэмбридж университеттерінің құрметті профессоры, биология ғылымдарының докторы, Әлемнің алты академиясының академигі, Нобель сыйлығының лауреаты Сайранбай Қайраңбаевпын! \ Әйткенге тақап келіп, жағасынан саусағының ұшымен ұстап, жоғары тартады: \ Қане, тез тұр орныңнан! \ Әйткен оны қызық көріп, қайтер екен дегендей, орнынан ақырын түрегеледі. Профессор оған мәз болып, шаттана секіріп, қолын шапалақтап, Әйткенді бір айналып шығады. Жан-жағына жар салады: \ Міне, қараңыздар, көріңіздер, бізді, білім-ғылымның жарқыраған жұлдызын қалай құрметтеп қарсы алып жатыр! \ Әйткенге: \ Ә-гә-әр-әки-и, екінші мә-әрте-е мұндай өрескелдік көрсетсең, емтиханнан құлатып жіберемін! Есінде болсын, студент мырза! Ал, енді мықтап отыр да, мұқият тыңда – мен сізге лекция оқимын. Лекциямның тақырыбы – «Жегі құрттармен күресудің жеті тәсілі!»

Әйткен: Мәссаған! Мұндайға миыңыз қалай жетеді?!

Профессор: Менің бар жазығым – ақылдылығым! Менің ақыл-ойым заманнан да, қоғамнан да озып кеткен!

Әйткен: Ап-пырмай, ә?

Профессор: Ақылман болған соң, адасып бара жатқан жұртқа білген ақылыңды айтпай қайтіп отырасың! Сол үшін кінәлі болып шықтым.

Әйткен: Ақылды ұққанға, үгітті жұққанға айт деген аталарымыз...

Профессор: Айналаңа ойлана бір көз жүгіртші, жас жігіт, не байқар екенсің? Адамдар өздерінің ақылы жетпеген нәрсені ұнатпайды. Біреудің айтқан ақылымен тура жол тапқаннан гөрі, өзінің ақылымен адаса бергенді жөн санайды! Оның себебі, көп адамдар өзінен ақылы асқандарды жек көреді. Ақылгөйлерден ақыл үйреніп, пайдаға жаратудың орнына, оның көзін жойып жібергенді қалайды. Неге? Неге екенін ойлап көрдің бе, жас жігіт?

Әйткен: Жоқ, бұл туралы мүлдем ойлап көрмеппін. Ал, неге?

Профессор: Себебі, ақылды адам жоғалса, оны жойған кісінің өзі ақылды болып шыға келмей ме? Одан асқан ақылды адам жоқ сияқты болып көрінбей ме? Міне, солай, әртісім, ақылды болу – қай кезде де өте қауіпті болған!

Әйткен: Апырмай, ә? Бірінші рет естіп отырмын!

Профессор: Е-е, біздің жасымызға келгенше талай нәрсені естіп, талай нәрсені көресің!

Әйткен: Ал бұл жерге қалай келіп жүрсіз...сонша ақылыңызбен?!

Профессор: Міне, гәп сонда! Мен өте шыншыл адаммын. Елге жаным ашиды. Сондықтан, қателесіп бара жатқандарға жөн сілтеп, ақылымды айта бердім, айта бердім. «Әй, мынау дұрыс емес, былай істеңдер!» – деп жол нұсқадым. Қауіпті жағдайларды алдын-ала ескертіп, жар салдым. Бірақ, жұрт мені тыңдамады, сөзімді елемей, өзімді мазақ қылды.

Әйткен: Ақылдан қайғы деген!

Профессор: Аяғында әбден жексұрын болдым. Жолдас –жора, жақындарыма дейін менен қаша бастады, тіпті, ашықтан-ашық қудалауға айналды. Ақыры, жындыханадан бір-ақ шығарды!

Әйткен: Қалай?

Профессор: Кәдімгідей! Ұрмай – соқпай құтылудың заңды жолы ғой бұл!

Әйткен: Ойбай-ау, сіз ақылды адамсыз ғой! Сонда, жындыханаға түспеуге ақылыңыз жетпеді ме?

Профессор: \ Кеңкілдеп күледі:\ Кешіріп қойыңыз, әртісім! Жеткенде қандай! Аман-сауымда жындыханаға түсе қалып, тыптыныш жата қоюға жетті менің ақылым!

Әйткен: А-а, солай ма? Мұныңыз тіпті бір күтпеген бұрылыс болып тұр!

Профессор: Таңғаларлық түгі де жоқ! Кезекті ақылды жүріс! Шахматтағы сияқты...бірнеше жүрісті алдын-ала ойлап жасалған! Мен егер мұнда келмегенде, кейбіреулер менің көзімді жоятын еді. Соны есептеп шығардым да, өзіме пана, қорған болатын жер іздей бастадым.

Әйткен: Сондағы тапқан жеті қабат қорғаныңыз жындыхана ма?

Профессор: Жақсы айттың, әртісім! Ия, жеті қабат қорғаным осы! Жындыхана – қазіргі замандағы ең қауіпсіз жер! Өйткені, ешкім де жүйкесі ауырғандарды есепке алмайды. Біткен адамға санайды. Оларға мән бермейді, қудаламайды. Саған сыбырлап қана айтайын, мен – сапсау адаммын. Бұл жерде нағыз жындылардан тығылып отырмын!

Әйткен: Апырмай, ә? Мұныңызды түсіну қиындау екен! Талай данышпандардың рөлін ойнап көріп едік, бірақ сіздей тым ақылды адамның ойлары бізге тым ауыр сияқты!

Профессор: Ақымақтардың адасулары қандай қызық болса, ақылдың ауытқулары деген де бір ғажап құбылыс қой! Егер де шындап ойласаң, бүкіл адамзаттың тарихы ақымақтықтардың арпалысы мен ақылдың ауытқуларынан тұрады!

Әйткен: Пау дегенің?!

Профессор: Ақылы көп адамдар кейде ақылына ие бола алмай қалады!

Әйткен: О не дегеніңіз? Қалай?

Профессор: Солай! Қай ақылының қай жаққа кеткенін байқамай қалады. Артынан іздеп, таба алмай қалады. Ақылынан адасты деген сол!

Әйткен: Сонда, аса ақылды болғаннан да, ақымақтау болған жақсы ма?!

Профессор саусағын көкке көтеріп, көп мағналы үнсіз кейіпте шығып кетеді.

Әйткен ойланып, басын шайқап қала береді.

126 – Көрініс. Жалаңашты кім жабады?

Айбатша – Омни суреттің алдында үнсіз отыр. Ой үстінде. Тоты оны сыртынан бағып тұр.

Айбатша: Әй, Токалина! Мұның маған не керегі бар? Мен неге алдым мұны миллионға? Қалай алдым? Қаным қызып кетті-ау! Құмар

ойыны сияқты... Оның үстіне сендер де... кісіге қой деп, басу айтудың орнына, кеу-кеулеп, отқа итердіңдер-ау, ә!

Тоты: Сен өйтіп маған жаппа бәленді! Өзің кінәлісің бәріне де! Өзің ғой осыны қалап алған!

Айбатша: Жап аузыңды! Жабба алмасаң, мынаның (*суретті нұсқайды*) жапырағымен жап!

(Ақырын басып, өтірік жөткірініп Алаяқ келеді).

Айбатша: Әкетіндер мына суретсымақты! Қайтарындар менің ақшамды! Салындар апарып аукционға!

Алаяқ: Сал десеңіз, салайық! Бірақ, қазір мұны ондай бағаға алатын адам табыла қояр ма екен!?

Тоты: Неге алмайды? Мен алдым ғой, мисалы... Олар да алсын... қайтарсын капиталымды!

Алаяқ: Капиталыңыз ешқайда кеткен жоқ... тұр ғой міне қазына болып!?

Айбатша: Қане... қайда тұр!?

Алаяқ: Міне, мына Нова Лизаның жапырағының астында! Ол құнын жоймайды, уақыт өткен сайын бағасы арта түседі! Әлі шығарған миллионыңызды бірнеше есе ғып қайтарып аласыз!

Айбатша: Өй, бүйткен пайдасы бар болсын! Маған өз ақшамды қайтарып беріңдер, суреттеріңді қайтып алып! Маған мұндай ақшаға Нова Лиза түгілі, Мона Лизаның да керегі жоқ! Мен жұмысшылардың жалақысын төлеуім керек, ойбай, банкрот болатын болдым, ойбай!

Тоты: Жә, сабыр! Есесіне, сен шетелдік капиталисті аукционда жеңіп алған қазақтың тұңғыш байы деген атаққа ие болдың!

Айбатша: Тұңғыш ақымағы десеіші! Біз шетелдікті жеңген жоқпыз, ол біздің аузымызды ұрып, ақшамызды алып кетті! Мақтап, мақтап, мақтамен бауыздады ол бізді!

Тоты: Қой енді, болды! Мұныңды бізден басқа ешкім естімесін! Әсіресе, Дуняның локатор құлағы шалып қалса, қып-қызыл қаңқудың астында қалармыз!

Тоты: Жоқ! Естісін! Жайсын жұртқа! Жалмауыздар бізді қалай ақымақ қылып, қалай айналдырып соғып жатқанын білсін бүкіл еліміз!

Алаяқ: Жә! Сабыр етіңіз! Жүріңіз, барып саудагерлермен сөйлесіп көрейік!

Айбатша – *Омти екеуі суретті собалаңдап көтеріп, сөлбірейіп кетеді.*

127 – Көрініс. Жалаңаштық бағасы.

Айбатша – Омти мен Алаяқ шаршап-шалдығып, беті шүберекпен жабылған суретті көтеріп, сирек заттар алып-сататын дүкенге келеді. Жобаларына қарағанда, біраз жерді шарлап, таулары шағылған. Сатушы оларды жылы қарсы алады.

Айбатша, Алаяқ (қосарлана): Ассалаумағалейкум, ағасы!

Сатушы: Уағалейкумассалам! Хош келдіңіздер! Сірә, менің сирек заттар алып-сататын, яғни, халықаралық терминмен айтқанда раритет сататын антиквариат дүкеніме маған сәлем бере келмеген шығарсыздар! Шүберек көтергендеріңе қарағанда, бұл бір сирек сурет-ау шамасы? Қалай, дөп түстім бе?

Алаяқ: Дөп түскенде де тура төбесінен ойып түстіңіз! Бұл ра-ри-теттің ра-ра-ра-ри-теті! Нова Лизаның дәл өзі!

Сатушы: Не дейді?! Мона Лиза дейсің бе? Қай ғасырдағы көшірме? Кімнің көшірмесі?

Алаяқ: Көшірме емес, түпнұсқа!

Сатушы: Ух-х!

Алаяқ: Бірақ, Мона Лиза емес, Нова Лиза! Яғни, осы заманның модысы!

Сатушы: Е-е! Солай демейсің бе бірден! Жүрегім қысып қала жаздады ғой!

Алаяқ: Бірақ, бұның да бағасы бөлек дүние! Қанша қимасақ та, сіздің дүкенге әкелуге тура келді!

Сатушы: Жә! Жақсыны көрмек үшін деген! Кәне, әкел бермен!

(Алаяқ әңгімені үнсіз тыңдап тұрған Айбатша – Омтидан суретті алып, ортаға шығарып, жабуын ашады).

Сатушы: Астапыралла! Әкет мына албастыны! *(Бір айналып келіп, қолымен ұстап көріп)* Жарайды, екеуің бірдей келіп тұрған соң, сөздерің жерде қалмасын. Негізі, кенебі мықты екен! Рамасы да тамаша! Соған қарап, бір мың долларға алуға болады!

Айбатша(жынданып, айқай салады): Жап аузыңды, қақпас! Не оттап тұрсың! Біліп қой, мен бұл суретке бір миллион доллар төледім! Бір миллион доллар! Түсінесің бе сен!? *(Сатушыны жазадан алып, буындыра бастайды).* Жоқ па?! *(Сатушы жанталасып қарсыласады. Алаяқ ара түсіп, зорға айырып алады. Омти ашулы күйде, алқына сөйлейді).* Мен бұл суретті сатып аларда бәрі жабыла шулады кеп... ойбай, керемет, ойбай шедевр деп! Енді мен сататын кезде, бұл

ешкімге керексіз, ұятсыз боп қалыпты? Бұл қалай, ә? Қане, кім айтады мұның жауабын? Сен бе, жоқ әлде сен бе? Біз қаншама аукционға, қаншама дүкенге бардық... суретті көтеріп! Ешкімге керегі жоқ... кеше ғана керемет деп мақтағандардың бірде-бірі көз қиығын да салмайды! Бұл не ғаламат? Айтшы, түсіндірші маған, ей, тиын сауған саудагер неме?!

Сатушы (*есін жиып, үсті-басын жөндеп*): Оны мен қайдан білемін? Саған бұл суретті сатқан да мен емес, алғызған да мен емес! Әй, әкеңнің құны бар ма менде... кеңірдегімді суырып ала жаздадың ғой... шләңгі құсатып! Шығар, шығар сендерден! Сатып аларда, ақшанды саларда ойланбайсың ба? Ау, сонда бар ғой: «Біз қазақ еліміз, бізде мұндай ұятсыздыққа жол жоқ!» дейтін бір адам табылмағаны ма!?

Алаяқ: Сіздің мұныңыз қазақпайшылық... артта қалған ескі көзқарас! Қазір заман басқа!

Сатушы: Иә, жаңаша көзқараспен жетіскендерің осы ма? Дені сау адам бір миллион долларға сурет сатып ала ма екен? Мен Нова Лиза түгілі, Мона Лизаның да суретіне мұндай ақша төлеуге қарсымын! Мейлі, керемет классика, шедевр болсын, бірақ бояумен әдеміленген бір жапырақ шүберекке бола адамдардың жандарын шүберекке түйіп, дүниенің байлығын беріп жатқанын ешқашан да түсіне алмаймын! Шын өнер туындысы – рухани қазына, оның бағасы ақшамен өлшенбейді ғой! Ал мына жалаңаш қатынға кеткен ақшаға қаншама аш-жалаңаштарды киіндіруге болар еді!

Айбатша оған алара бір қарап, Алаяққа «кеттік!» дегендей белгі береді. Екеуі Нова Лизаны көтеріп, кете береді).

Сатушы (*соңдарынан айқайлап*): Жалаңаштардың соңынан ереміз деп, өздерің тыржалаңаш қалып жүрмеңдер бір күні!

128 – Көрініс. Омниган Тойтан.

Қызбала шағын үстелге оны-мұны қойып, дастархан ыдысын қайта ауыстырып әлек. қамымен жүр. Қобалжулы. Бір ұстаған нәрсесін қайта ұстап, бір қойған. Үстелде – нан, май, сыр, көкөніс. Шырындар, сулар және бір-екі шөлмек арақ, коньяк, шарап тұр. Оларды Қызбала таза шүберекпен сүртіп, сәндеп қойып жүр. Бір ыстық тамақ, жобасы, палау дайындап жатқаны білінеді.

Кешкілік, қараңғы түсуге айналғанда Қызбаланың пәтеріне емпеңдеп Тойтан келе жатыр. Ұрлана басып, жан – жағына алақтап,

толқып келеді. Пәтерге жетіп, есігін қағады.

Қызбала селк ете түсіп, толқып, үркіңкіреп қалады. Айнаға қарап, шашын жөндеген болып, ақырын басып барады.

Қызбала: Бұл кім екен?

Тойтан: \ *Кәдімгідей толқып:* \ Бұл мен ғой...

Қызбала: \ *есікті ашып, күліп қарсы алады:* \ Хош келдіңіз! Жоғары шығыңыз!

Тойтан: \ *Қуанып:* \ Ия, рахмет... Жүзің қандай жарқын, көңілің қандай нұрлы еді, Қызбала! \ *Жоғары шығып, төрге отырады.* \ Мен талай үлкен жерлерде мейман болдым. Шетелдерде салтанатты қабылдауларды көрген адаммын. Бірақ, сенің осы бір шағын пәтерде құшақ жайып қарсы алуың- мен үшін соның бәрінен де ыстық!

Қызбала: \ *Өзін-өзі қолға алып, рөліне кіріп ала қояды. Нық сеніммен, ойнақыланып:* \ Ой, Тойтан аға, асыра мақтап жібердіңіз ғой!

Тойтан асығып, сабырсызданып, Қызбаланы ашықтан-ашық айналдыра бастайды.

Қызбала ақырын ғана қашқақтап, айласын тауып сытылып кете береді. Сағатқа қарап қояды.

Тойтан: \ *Шай жасап, әбігерленіп жүрген Қызбалаға үздіге қарап, сызыла тіл қатады:* \ Қызбала! Қызбала, сен қандай сұлусың! Мен сені тек қана сахнадан көріп, білемін деп жүргенім бекер екен! Мен сені толық танып, білмейді екенмін! Өмірдегі Қызбала өнердегі Қызбаладан да сұлу, нұрлы екен ғой! Сенің осылай шаруа істеп жүргеніңнің өзі қандай керемет! Қайталанбас сурет! Егер де мен суретші болсам: Шай жасап жүрген Қыз деген бір керемет картина салар едім!

Қызбала: Паһ, Тойтан аға! Сіз мені аспанға бір-ақ шығардыңыз ғой! Қызық болғанда, қайтадан жерге түсіре алмай қалып жүріп жүрменіз!

Тойтан: Онда мен сенің қасыңа ұшып баруға дайынмын! Кел, жаным, сенің аспанда қалықтап қанат қағуың үшін! Менің сенің жаныңа барып, бірге ұшуым үшін алып қояйық! \ *Бөтелкені ашып, екі рюмкеге арақ құяды. Бір рюмкені Қызбалаға ұсынады.* \

Қызбала: Алыңыз! \ *Рюмкені қолына алып, Тойтанмен соғыстырады. Бірақ ішпей, үстелге қоя салады.* \

Тойтан: \ *Қағып салып, закуска жейді:* \ Өй, сен неге алмадың?

Қызбала: Мен мүлде ішпеймін ғой, ағай!

Тойтан: Қой, о не дегенің? Қазіргі заманда ішпейтін қыз болушы ма еді? Ал, енді ішпейтін әртіс болады дегенге бір де бір адам сене қояр ма екен? Осы қазір көшеге шығып, жұрттан сұрайықшы...сауалнама жүргізіп! Сондықтан, \ *Қызбаланың стақанын алып, ұсынады:* \ ағаңның қолын қайтармай, алып қой! \ *Қызбала қашқақтайды. Тойтан бастырмалата түседі:* \ Мейлі, жайшылықта ішпесең де, мендей ағаңмен бас қосқанда, ептеп алып қойғанның айыбы жоқ!

Қызбала: \ *Қысыла күліп:* \ Аға, мен ішпеймін! Рахмет, көңіліңізге!

Тойтан: \ *Өзінің стақанына тағы бір толтыра құйып жіберіп:* \ О-о, менің көңілім сен дегенде мүлдем бөлек қой, бөлек! Ағаңның көлдей көңілін қалдырмай, кел, менімен қосылып алып жібер!

Қызбала: \ *Тойтан қолына ұстатардай болып ұсынған стақанды амалсыз алып, ол кісімен ақырын ғана соғыстырады да, үстелге қайта қояды:* \ Ренжімеңізші, аға! Айыптымын, бірақ ішпеймін!

Тойтан: \ *арақты қағып салып, закуска жейді:* \ Жарайды, Қызбала, ішпесең ішпей-ақ қой! \ *Зымиян күлкімен:* \ Тіпті, сенің сап – сау болғаның дұрыс! Айыптымын дедің ғой...онда, өтерсің айыбыңды!

Қызбала: Айтсаңыз болды, ағай! Ән сал десеңіз ән салып берейін!

Тойтан: Ән дейсің бе? Әй, мен сендердің әндеріңді қашанғы тындай бермекпін? Құлағым сарсыды сендердің дауыстарыңнан! Бір мезгіл бір демалайын деп келсем, тағы ән салайын дейсің! Маған сенің әнің керегі жоқ! Маған сен өзің керексің! Жасыратын сөз емес, Қызбала, көптен бері білесің! Мен сені жақсы көремін! Мен саған ғашықпын! Келші бері, құшағыма, бір сүйгізші маған!

Құшағын жайып, Қызбалаға қарай ақырын, театрально жүреді. Қызбала шошыған сыңай танытып, ақырын шегіншектейді. Тойтан түлкі көрген қасқырдай көзі жайнап, дүниені ұмытып, құмарланып, көзін бір жұмып, бір ашып, ауаны иіскелеп, «nah!» деп дем алып, үстелді айнала қашып жүрген Қызбаланы қуалай бастайды. Әне ұстадым, міне ұстадым дегенде, Қызбала лып беріп сытылып кете береді. Тойтан одан сайын құмартып, қызбаланып, еліре түседі.

Тойтан: Тоқта, тоқта, Қызбала! Мен сені жақсы көремін!

Қызбала: Ағай! Тойтан ағай! Мен де сізді аға ретінде сыйлаймын! Өнер қайраткері ретінде құрметтеймін!

Тойтан: Рахмет, рахмет, айналайын! Бірақ, өнерімді жақсы көретінің шын болса, менің өзімді де жақсы көр!

Қызбала: Аға ретінде жақсы көремін, ия!

Тойтан: Аға дегенді қой! Өзімді жақсы көр! Сүй мені!

Шындап ұмтылып, бас салып ұстап алып, сүймек болады.

Қызбала оған бой бермей, қарсыласып, итеріп апарып орындығына отырғызып қояды.

Екеуі өстіп аңдысып, арпалысып жүргенде, есік қағылады.

Тойтан жақтырмай, бір жағы шошыңқырап қалып, төрге келіп жайғасады.

Қызбала оған байқатпай жымың етіп, есікті ашады.

Асқар мен Басқар барқырап, дуылдатып кіріп келеді. Біраз ішіңкіреп, алған, қызулау екендері байқалады.

Әнде тіп, үйді бастарына көтереді.

Әртістер әнін шырқайды.

Ой-саналы өнерпаз,
Оңай ғой деп ойлама.
Ай сәулелі, аяулы,
Ойынын көр ойлана,
Ойнасаң да әртіс боп,
Әртістермен ойнама!

Қызбала: \ қуанышын жасырмай, шынымен шаттанып, екі досын төрге шақырады. \ Қош келдіңдер! Жоғары шығыңдар! Тура келдіңдер...Тамаққа! \ Тойтанға байқатпай көзін қысып қойып: \ Ия, қайдан жүрсіңдер?

Асқар мен Басқар салдырлап, дабдырлап: Өй, мына бір жерден... қонақтан шығып едік...Саған соға кетейікші деп кіре салғанымыз ғой!

Қызбала: Ал, жарайды, жоғары шығыңдар! Мен тамақты түсіре берейін!

Асқар мен Басқар дабдырлап: О-о, қандай жақсы болды! Тамақтың иісі мұрын жарады, тура! Қарнымыз ашып жүр еді көптен бері! – деп, қалжыңдап, төрге озады.

Тойтан төргі үйде, үстел басында оларды, ұнатпай, тыржысып, тырсыып отыр.

Қызып, шабыттанып алған екі әртіс Тойтанды көргенде, басылудың орнына, одан сайын үдетіп, екеуі екі жақтан ағалап, Тойтекелеп, думанды қыздырып жібереді.

Асқар: О-о, Тойтан аға! Ассалаумағалейкум!

Басқар: Ассалаумағалейкум!

Тойтан: \ тісінің арасынан: \ Әлікс...Сәлем беретін сәтті тапқан екенсіңдер, саппастар!

Асқар: Ия, сабақты ине сәтімен деген...Сізбен бір кездесіп, арқажарқа болып бір отырсақ деп жүр едік. Қызбала білгендей шақырған екен!

Басқар: Негізі, Қызбаланың басы – ақылдың қазынасы!

Тойтан: Әй, мұнымен не айтқың келіп отыр?

Асқар: Сол үшін алып қояйық!

Басқар: Аппақ қып ап қояйық! Күнде былай кездесіп жатқан жоқпыз ғой!

Тойтан: \ *Қырсығыңқырап отырып:* \ Ия, сендерді сағынып отыр едім... \ *стақан қағыстырып, алып қояды.* \

Асқар: Тойтан аға, біз мына Басқар бауырыңыз екеуміз бір жерден шығып едік. Осы маңда, жап-жақын жерде. Содан шыққасын, Қызбалаға соға кетейікші, халін білейікші деп келгеніміз ғой!

Басқар: Өзіңіз де білесіз ғой, Қызбала қазір қатты күйзеліп, ренжіп жүр ғой!

Тойтан: Күйзелетіндей оған не болып қалыпты?

Асқар: Енді...оңай ма? Әріптесі, досы Әйткенді...

Басқар: Әй, ашығын айтсайшы...сүйген жігіті деп.

Асқар: Ия, сол Әйткенді...өзіңіз де білесіз... жынды деп, жындыханаға жатқызып қойса, оңай ма?

Басқар: Сап-сау адамды...білдей әртісті! Соған сіздер неге театрдың атынан араласып, тезірек шығар деп айтпайсыздар ма?

Тойтан: Айтылды...Дирекцияның атынан да сөйлестік. Тіпті, «Отеллоның» премьерасы өтпей қалайын деп тұр дедік. Бірақ, бір түскен адамды жындыханадан шығару біздің қолымыздан келмейді екен.

Асқар: А-а? Сонда қалай, сап-сау адамды жынды санап, ұстап алып, жатқыза бере ме?

Тойтан: Е-е, жел болмаса шөптің басы қозғалмайды деген атам қазақ. Әйткеннің соңынан ерген сөз де, жазылған қағаз да көп екен дейді!

Асқар: А-а? Мұнымен не айтқыңыз келіп отыр?

Басқар: Әйткенді жынды демексіз бе?

Тойтан: Негізі, әртістің сауы бар ма? Өмірде өнер адамдарының бәрі жынды емес пе? Мен психиатр болсам, өнерпаздарды, әсіресе, әртістерді шетінен ұстап алып, жындыханаға тоғыта берер едім! Негізінде, әртістер, сендердің бәрің де бір-екі ай жындыханада жатып шықсаңдар, жаман болмас еді!

Асқар: Апырай, ә? Сонда театр не болады?

Басқар: Біржолата жабылып қала ма?

Тойтан: Жоқ! Жабылмайды! Театрға түк те болмайды! Тіпті бар ғой, жындыхананы – театрға, ал театрды – жындыханаға айналдыра салуға да болады!

Асқар: Ха-ха-ха! Мынауыңыз керемет идея екен! Мә-ә, қандай қызық болар еді! Жұрттың бәрін нағыз өмір шындығының өнердегі көркем бейнесін көреміз деп, жындылар театрына қаптап келер еді ғой!

Басқар: Шындық – жындыханада! Ал, сіз, Тойтан аға, жынды әртістердің бас режиссері, яғни, бас жынды ретінде керемет жарасып тұрар едіңіз! Негізінде, сізге лайықты орын сол!

Тойтан: Ха-ха-ха! Қатырдың, қуғынбайым!

Асқар: Ал, онда сол үшін! Жындылар театрының жаңа басшысы – бас жындысы Тойтан Тойқанов үшін!

Басқар: Ал, давай!

Тойтан: \ *стақан қағыстырып:* \ Жындану үшін алайық!

Асқар: Тезірек жынды болайық!

Басқар: Жындыханаға барайық!

Қызбала: \ *бір табақ буы бұрқыраған палауды әкеліп дастарханға қояды.* \ Қандай қиын болса да,

Адам болып қалайық!

Ал, тамақ алыңыздар!

Асқар: Қызбаланың палауы-ай!

Иісі мұрын жарады-ай!

Басқар: Қайтіп шыдап тұрасың,

Саусағыңды жаламай!

Қызбала: Асаңыздар, ас болсын,

Әр қасығын санамай! \ *Жігіттер ду күлісіп, тамаққа қол салғанда, Қызбала бірдемеге ауыз үйге шығып кетеді.* \

Тойтан: \ *Сол кезді пайдаланып, екеуіне сыбырлап:* \

Тойып алып, зытыңдар,

Алды артыңа қарамай!

Асқар: Мақұл, Тойтеке! \ *палаудан асап-асап жіберіп:* \ Той десеніз, тоямыз!

Басқар: Ләпбай, Тойтеке! \ *палаудан бұл да асап-асап жіберіп:* \ Тай десеніз, таямыз!

Тойтан: \ *Палаудан асап жіберіп:* \ Ия, тойыңдар да тайыңдар тезірек!

Асқар: \ *Стақанға баса-баса арақ құйып:* \ Онда тою үшін алайық!

Басқар: Тойып алып бұл жерден, таю үшін алайық!

Тойтан: \ *өзінің тапқырлығына өзі мәз болып:* \ Ал, тойындар да тайындар бұл жерден!

Асқар: \ *ішпей бөгеліп тұрады. Сол кезде Қызбала бірдемелерді алып келеді.* \ Өзің де отырсаңшы, Қызбала! Достарың күнде келіп жатқан жоқ!

Басқар: Ия, ас иесімен тәтті деген!

Қызбала: \ Бір шеттен отырады: \ Ой, сендердей адал достармен арқа-жарқа болып шай ішкенге не жетсін!

Тойтан: Ал, біздей ағаларыңмен бірге отырып ішуге қалайсың?

Қызбала: Жақсы ағаның алды ақ жайлау деген ғой!

Асқар: Міне, қандай сөз! Көрінген ағаның емес, жақсы ағаның алды ақ жайлау!

Басқар: А-ал, жаман ағаның алды – жындыхана!

Тойтан: Өй, қуғынбай, лақпай отыр! Бұл жерде жаман аға жоқ!

Асқар: Ал, ендеше сол үшін! Жақсы ағалар үшін алып қояйық! \ *Масайып келе жатқан Тойтанға зорлағандай қылып ішкізеді. Өзі байқатпай стақанындағы арақты кесеге құя салады.* \

Басқар: \ *Тойтан ішіп жатқан кезде, стақанын бос стақанға ауыстырып ала қояды. Ішкен болып, өтірік ашырқанып, тамақ жейді.* \ Негізі, жақсы ағалар, артындағы ізбасар інілеріне қамқоршы, қорған болатын ақылгөй ағалар аз ғой қазір!

Қызбала: Ақылшы, ақсақал болады деп үміт күткен ағаларымыздың өзі жын қуып желігіп, елес қуып еліріп бара жатса амалың қайсы! Жарқ етіп көрінген жас таланттарға қамқор болудың орнына, бетінен қағып, аяғынан шалып, тынысын тарылтып жатқан жоқ па!

Қызбаланың бұл сөзі дәл тиген Тойтан ұялыққырап, бұғыңқырап қалады. Сасқанынан: «Сол үшін!» деп, стақанын аузына аударып салады. Ол тамақ жеуге кіріскенде, Асқар лып етіп, оның стақанын толтыра қояды.

Тойтан: Ау, жігіттер, әртіс, өнерпаз деген аттарың бар...Құрмылжындап, басты ауырта бергенше, бір әу деп жібермейсіндер ме?

Басқар: Десек дейік!

Асқар: Әудің әуесін көрсетейік! \ *Екеуі ән бастайды, Қызбала қосылады. Бара –бара екі жігіт тоқтай қалып, Қызбала жалғыз шырқап кетеді. Тойтан әнге елтіп, Қызбалаға үздіге қарап тырып, есінен тана бастайды. Оны байқаған екі әртіс өз стақандарына су құйып, Тойтанға арақты баса-баса құйып қояды. Ән аяқталғанда, жігіттер тік тұрып, қол соғады.* \

Басқар: Мынандай ән үшін бір ап қояйық!

Асқар: Әнді беріліп тыңдаған Тойтан ағамыз үшін!

Тойтан: \ стақанын әрең ұстап, шайқатылып:\ Жоқ! Жоқ, дұрыс емес! Осындай әсем ән салған әнші Қызбала үшін! Қызбаланың күмбірлеген үні үшін! \ *Қағым салады. Асқар лып еткізіп, тағы құйып қояды. Тойтан теңселе басып, Қызбалаға қарай жүреді:* \ Қызбала! Қызбалажан! Сенің әнің қандай! Сәнің қандай! Ғажайыпсың ғой, ғажайып! Әттең, қайдағы бір жындысүрей, дүлейді сүйгенше, мені неге сүймейсің,ә? Ішім толған өрт, сөндірші өзің! Су сепші маған!

Қызбала үн-үлкен кісінің мас болғанын қызық көріп, шегіншектеп, қашқақтап, Басқардың артына тығылады. Тойтан Басқарды бас салып құшақтап, Қызбала екен деп, иіскей бастайды. Басқар мен Асқар бір-біріне көз қысып қалып, Тойтанды екі жағынан алып, есікке қарай ала жөнеледі. Сол кезде сәл-пәл есі кіріп қалған Тойтан қайда бара жатқанын сезе қойып, қарсыласып бағады.

Қызбала! Қызбала! – дейді балдырлап.

Қызбала: Мені қайтесіз, Тойтан аға! Нәркес тәтемізді, балдарыңызды сүйсеңізші!

Тойтан: Өй, Нәркесті қоя тұршы! Маған тек қана сен керексің, Қызбала! \ *Балдырлап, әндеткен болады:* \ Қызбала,ой, Қызбала!

Асқар: Аха! Қазір көресің Қызбаланы!

Басқар: Нәркес тәтем көрсетеді көзіңе!

Ақыры екеуі тытырлаған Тойтанды сүйрелеп, қолтықтап алып кетеді.

Қызбала соңдарынан қол бұлғап, күліп қала береді.

Қызбала: \ *Өзімен-өзі күліп:* \ Жарайсындар, жігіттер! Бәрі де сәтті шықты! Сценарий бойынша...!

\ *Сөйтсе, Қызбала екі досымен алдын-ала келісіп қойған екен. Олармен гримеркасында кездесіп, Тойтанның мазасын алып жүргенін, ертең кешке үйіне келетінін, соның амалын тауып, алып кетуді шегелеп тапсырып қойған екен.* \

129 – Көрініс. Жындыханадағы жұмбақ жан.

Әйткеннің палатасына бір жас жігіт дәрігер кіріп келеді.

Ауруларды тексеріп, дәрілерін беріп, халдарын сұрайды.

Жасұлан: Қалайсыз, құрметті профессор? Денсаулығыңыз қалай? Қандай арыз-шағымыңыз бар?

Профессор: Нобель сыйлығының лауреаты, академик Сайранбай

Қайранбаев демейсіз бе? Тағы да ұмытып кеттіңіз бе, жоқ әлде, мән бермейсіз бе? Міне, қазақтар бірін – бірі көре алмайды! Қимайды! Айта салсаңыз неңіз кетуші еді? Осыдан кейін қалай ғана жынданбайсың? Мендей данышпан, ғұлама ғалымды алақандарыңа салып, бастарыңа көтерсеңдер, мен ешқашан да ауырмаушы едім! Мені жынды қылған сендерсіңдер! Қадірімді білмей, бағаламай қор қылдыңдар ғой, өңкей қызғаншақ иттер!

Жасұлан: Дұрыс айтасыз! Сіздікі жөн! Міне, қазір мына дәріні ішіп жіберсеңіз, тіпті дұрыс болады! \ *Қарауылға ым қағады. Ол бір дәріні профессорға іш деп ұсынады. Анау басын ала қашады. Қарауыл оны мықтап ұстап алып, аузына тығып тұрып, ішкізеді. Сәлден кейін асаудай тулаған профессор қылжиып, моп-момақан болып, ұйқтап қалады.*

Жасұлан Әйткеннің жанына келгенде, бетіне таңдана қарап, тұрып қалады.

Әйткен ыңғайсызданып, оған сұраулы жүзбен қарайды.

Жасұлан сыр бермей, бұрылып кетеді де, қалған аурылармен сөйлесіп, дәрілерін береді.

Шыға бергенде, қарауылдарға белгі береді.

Жасұлан: Мына ауруды бункерге алып жүріңіздер!

Екі қарауыл Әйткеннің екі жағынан келіп, жүр дегендей белгі береді.

Әйткен үндемей, айтқандарына көніп, ере береді.

Жындылар оның соңынан үнсіз қарап қала береді. Көздері аларып, үрейленіп, дымдары шықпай қалады. Сол кезде біреуі: «Қапұт! Бітті шаруасы баланың!» дейді. Бәрі үрейленіп, үршип отыр.

130 – Көрініс. Жаңа үйдің алдында.

Қызып алған Асқар мен Басқар мас болып қалған Тойтанды тәксимен алып келіп, үйінің алдына түсіреді. Екеуі екі қолтығынан сүйемелдеген күйі, оны пәтеріне апарып салмақ болады.

Бұл кезде ештеп есін жыйып қалған Тойтан өз үйіне өзі кіргісі келмей, қарсы болады.

Тойтан: Әй, тоқта! Тоқтат! Сендер мені қайда алып келдіңдер?

Асқар: Біз сізді, Тойтан аға, өз үйіңізге алып келдік!

Тойтан: Жоқ! Бұл менің үйім емес! Мен бұл үйге бармаймын!

Асқар: Ал, сонда сіздің үйіңіз қайда?

Тойтан: Менің үйім? Менің үйім Қызбала қайда болса, сонда!

Басқар: Өй-дөйт! Тойтан аға, қойыңыз ондайды! Нәркес тәтеге айтамын қазір!

Тойтан: Қоймаймын! Ешқашан да қоймаймын! Мен Қызбаланың үйіне барамын! Сендер мені қазір Қызбаланың үйіне апарып салмасаңдар, ертең екеуіңді де жұмыстан шығартып жіберемін! Жан керек болса, мені қазір сол үйге апарыңдар! Жаңа ғана сол қыздың жанында балбырап отыр едім ғой...Мұнда қалай келіп қалдым?!

Айласын тауып қашып кеткісі келеді. Онымен алысып, жұлысып, ызасы келген жігіттер бір кезде айласын табады.

Асқар Тойтанды ешқайда жібермей ұстап тұрғанда, Басқар Нәркеске звондайды.

Басқар: Әлө! Нәркес тәте! Бұл мен ғой, Басқар! Тойтекеңмен бірге бір тойдан шығып едік... Ия, не...жоқ...Тойғанда....Тойтекең тойдан тойып алған жоқ.Ия, бірақ енді кішкене нелеуі нелеу...Біз Асқар екеуіміз алып келіп тұрмыз....Ия, есік алдында...Бірақ, Тойтекең бұл біздің үй емес деп безек-безек етеді. Біздің басымыз қатып тұрмыз... енді қайда апарарымызды білмей...Ия, сіз сыртқа шыға қойсаңыз..

Тойтан қиқаңдап, басқа жаққа – Қызбаланың пәтеріне кеткісі келіп тұрғанда, үйден дауылдатып Нәркес шыға келеді. Бірақ, ол екі әртіске сыр алдырмауға тырысып, өзін – өзі тежеп ұстайды.

Нәркес: Тойтеке,ой, Тойтеке!

Нәркесті көргенде, қисалаңдап тұрған Тойтан есін жинап алып, тіп-тік тұра қалады.

Тойтан: Ал, жігіттер, міне, мынау біздің үй! Көрдiңдер ме, Нәркес жеңгелерің ер – азаматын қалай сыйлайды! Алдынан шығып қарсы алады! Ал, жүріңдер, үйге кіріңдер!

Нәркес: \ амалы құрып:\ Ия, жігіттер,жүріңіздер! Күнде келіп жатқан жоқсыңдар. Бір шай ішіп кетіңіздер!

131 – Көрініс. Жындыханадағы жаңа дос.

Оңаша бөлмеге келген соң, Жасұлан қарауылдарға шыға тұрыңдар деп белгі береді.

Әйткен таңданып, әрі қауіптеніп, сақтанып, ширығып тұрады.

Жасұлан: \ Әйткенге жақындап келіп: \ Мәссаған! Кездескен деген осы! Артист Айтуар Айталиев! Әйтеке! Шынымен сіз бе, сіз емес пе деп қараймын келіп!? Әлде, сізге еліктеп, сіз боламын деп ауырып қалған фанаттардың бірі ме екен деп қоямын! Сізді бұл жерде көремін деп кім ойлаған?! Иә, не болды?

Әйткен: Бауырым, жібі түзу жанға ұқсайсың. Осында келгелі, кешеден бері дені сау адамды бірінші рет көріп тұрмын! Кім боласың? Мені қайдан білесің?

Жасұлан: Менің есімім Жасұлан. Осы жүйке ауруханасында дәрігермін. Ал сізді генерал ағамыздың тойында көргенмін. Ой, керемет жүргіздіңіз ғой тойды! Елдің бәрі риза болды. Сіздің айтқан аталы сөздеріңіз, салған әнеріңіз әлі күнге есімде! Мен сіздің өнеріңізді содан бері жақсы көріп кеттім. Сол тойда сізбен бірге суретке түскенбіз. Жаңа көргенде, көзіме оттай басылдыңыз! Иә, мұнда неғып жүрсіз?!

Әйткен: Соны өзім де білмей қалдым! Театрдан бастықтар анықтама қағаз алып кел деп жіберді осында. Келіп, бас дәрігермен сөйлесіп едім, ол кісінің өзі біртүрлі көрінді!

Жасұлан: Ал, мұнда қандай диагнозбен түстіңіз?!

Әйткен: Қайдағы диагноз? Мен ақыл,есі бүтін, сап-ау адаммын. Бірақ, мен саумын десем, бас дәрігер жындысың деп бет бақтырмайды. Тіпті, қайдағы бір теориялармен, терминдермен менің жындылығымды дәлелдейді. Әңгімеміз жараспай бара жатқан соң, мен кетпекші болдым. Сол кезде бір топ қарауылдар жабыла кетті. Төбелесіп, бірнешеуін ұрып жығып, құтылып шыға бергенімді білемін...Содан кейін есімді осы жерде бір-ақ жинадым!

Жасұлан: \ *Басын шайқап, күрсініп:* \ Түсінікті! Ту сыртыңыздан, артыңыздан укол берген.

Әйткен: Ойбай, оның жүйкеге, жалпы денсаулыққа зияны жоқ па, әйтеуір?

Жасұлан: Жоқ! Әншейін ұйқтатып тастайтын күшті дәрі! Бірақ, ендігі дәрілердің бір де біреуін ішуші болмаңыз. Өтірік ішкен болып, көз алдап, суға ағызып жіберіңіз. Әйткені, жүйкені басатын дәрілердің екінші жағынан адамның ерік, жігерін әлсірететіні де бар. Оны көп ішкен кісілердің ақыл-есі төмендеп, оң-солын әрең айыратын халге жетіп, мәжнүн болып қалатыны да бар.

Әйткен: Солай де! Бірақ, мен ол дәрілерді ішіп, бұл жерде керіліп жататын жәйім жоқ. Мен қалай болғанда да бұл жерден кетуім керек! Не бұзып-жарып қиратып шығамын, не көзге көрінбей қашып шығамын. Ал, Жасұлан, сен маған көмектес!

Жасұлан: Сәл сабыр етіп, менің сөзімді мұқият тыңдап алыңыз. Содан кейін көрерміз ойланып!

Әйткен: Мені мұнда неге алып келдің? Палатада отырып сөйлесе берсек болмады ма?

Жасұлан: Бұл жерде бәрі бақылауда. Айтқан әңгіменің бәрі жазылып, тыңдалады. Тіпті, жындылардың өзі бірін бірі аңдып отырады. Сондықтан, ауызға абай болыңыз! Әр сөзге өзінше мән беріп, өңін айналдырып, бастыққа жеткізіп баратындар да бар. Ақымақтың ақылы ауызында деген! Бұлардың басты қағидасы – осы! Адамды әңгімелескен болып сөйлетіп қойып, ішкі сырын біліп алуға әккіленіп алған. Сөйтіп, сап-сау адамды жынды қылып шығарып, өтірік қағаз толтырып, қамай салады.

Әйткен: Апырмай, сонда қалай? Бұлардың мұндай сұмдығын ешкім білмей ме? Жоқ әлде білсе де, көз жұмып қарайтын қамқоршылары бар ма? Бәлкім, бұларға ешкімнің билігі жүріп, әлі келмейтін шығар?

Жасұлан: Бұл бір қиын, ұзақ әңгіме. Тоқ етерін айтқанда, Шайханның өзі сау емес! Ол – Бас дәрігер емес, Бас жындының дәп өзі! Бұл оның жеке меншік клиникасы! Дербес империясы! Мемлекет ішіндегі мемлекеті! Ал өзі император!

Әйткен: Жындыға сот жоқ дегенді естуші едік. Ал енді жындыхананың бастығына сот жоқ екенін бірінші рет көріп тұрмын!

Жасұлан: Сот неге болмасын, болады ғой! Тек әрнәрсенің сәті, сағаты болады. Бұлтартпас дәлел, айғақ керек! Онсыз біздің сөзіміз құр байбалам, долбар болып қала береді!

Әйткен: Сонда, дәлел үшін не керек?

Жасұлан: Негізі, біраз дәлелдер бар! Бірақ, Шайхан әбден әккі болып алған. Ол керемет психолог. Небір тығырықтан жол тауып, айласын асырып, сытылып кете береді.

Әйткен: Онда неге полицияға хабарлап, арнайы жасақты шақырмайсыз?

Жасұлан: Олай болмайды. Ол заңсыздық деп танылады. Өйткені, мұндағы аурулардың бәрінің де диагнозы қойылған. Тексеру нәтижелері, қағаздары бәрі дұрыс. Қайта тексерген күнде де, олардың ауру, сауын дәп басып ешкім де айта алмайды. Жүйке ауруларын, адамның ақылынан алжасқанын, қуғынбай екенін дәл айыру өте қиын. Шайхан бәрін де дәл есептеп отыр.

Әйткен: Сонда, мына мені де жынды деп, ауруханаға жатқызып тастауға мүмкіндігі бар ма оның? Заңды түрде қашанға дейін ұстайды мені?

Жасұлан: Бұл жерге түскен адам қайтіп сау адамның қатарына қосыла алмайды. Шайхан жадылап, сиқырлап тастайды, дәрі беріп, миын айналдырып, жанын уландырып, жынды қылып жібереді. Тіпті, сап-сау адамдардың көбі мұнда тізімде тұр. Шайхан ойына келген,

атақты адамдардың барлығын сырттай тізіп, өзінің есебіне қоса береді. Яғни, қазіргі заманғы адамдардың көбі іс жүзінде сап-сау, жұмысын істеп жүріп жатыр. Бірақ, олар мына жындылар әлемінде жазулы тұр! Олар дәкүмент, қағаз бойынша жындылардың есебінде! Ал, түп-түбінде, заң жүзінде де жынды деп танылуы оп-оңай! Бұл жердің алтын заңы, бұлжымас қағидасы: Өмірде адамдардың бәрі жынды! Ал, егер сау болса, жындандыру керек!

Әйткен: Сауды жынды қылған заман-ай! Жоқ, мен бұған қарсымын! Көнбеймін! Бұзып шығамын қалайда?

Жасұлан: Сәл сабыр етіңіз! Ешкімге сыр бермеңіз. Әсіресе, жаныңыздағы жындылар сіздің сау екеніңізді сезбейтін болсын Егер біліп қойса, жаман болады. Олар өздерінен өзгеше адамды өлтіріп жіберуден тайынбайды. Сондықтан, сақ болыңыз! Қолыңыздан келгенше, жындының рөлін ойнай беріңіз!

Әйткен: Рөл дейсің бе? Жындының рөлі?! Мен әртіс емеспін бе? Саулардың рөлін сомдағанда, жындының рөлін ойнай алмаймын ба? Саспаңыз, ол жағын қатырамыз! Бірақ, бұл трагикомедия қашанға дейін созылады?

Жасұлан: Мен сізге қамқор, қорғаушы боламын! Уколдарды салмаймын, дәрілерді ішкізбеймін! Үш күннен кейін айласын тауып, қашып кетуіңізге жағдай жасаймын!

Әйткен: Неге үш күн? Неге бүгін түнде құтқарып жібермейсіз?

Жасұлан: Ол қолымнан келмейді. Біріншіден, бұл аса қауіпті жұмыс. Әйткені, Шайхан осында жүргенде, ешкім де тырп ете алмайды. Сондықтан, оның бір жаққа кеткенін пайдалануымыз керек. Үш күннен кейін ол жол жүріп кетеді. Міне, сол кезде мен сізді құтқарып жіберемін! Оған дейін сабыр сақтаңыз!

Әйткен: Мен генерал ағамызға звондасам қайтеді?

Жасұлан: Одан пайда жоқ. Ол кісінің мұнда кіруге де, күш қолдануға хақысы жоқ. Заң бойынша, сіз осы аурухананың пациентісіз. Шайхан барлық қағаздарды тастай қылып, заңдастырып қойды. Сондықтан, сіздің сау екеніңізді дәлелдеудің өзі оңай емес!

Әйткен: Солай деңіз! Мына Шайханың барып тұрған монстр – құбыжықтың өзі болды ғой! Адамды зорлап, еркінен тыс жынды деп танып, қорлықта ұстайтын мұндайларға сот жоқ па шынымен?!

Жасұлан: Бар! Неге болмасын! Тек сабыр етіңіз! Бәрі де сәтімен шешіледі деп сенейік! Әлі талай әңгіме бар, кезі келгенде айтып беремін! Әзірге, жынды әртістің рөлін ойнап, жаныңыздағы маньяктардың әңгмелерін тыңдап жата беріңіз! Бұл да бір тарих деп қараңыз!

Әйткен: Жақсы, келістік! Бірақ, тек үш күнге ғана!

Жасұлан: Иә, дәл солай! Ал, құдай қуат берсін сізге!

Есікті ашып, қарауылдарды шақырады. Олар Әйткенді палатасына айдап алып келеді.

Көрініс: Жаңа пәтердегі жындану.

Тойтан мен Нәркестің пәтері. Шағын үстел басында Тойтан, Асқар, Басқар, Нәркес төртеуі отыр. Алдарында нан, май, тағы басқа дәм-тұз. Бір шөлмек арақ. Кезек-кезек тост айтып, екі әртіс Нәркесті мақтап, мақтап, есінен тандырады.

Асқар: Тойтеке, сіз Титансыз дедік қой!

Басқар: Ия, Титансыз!

Асқар: Титан дегеніміз-алып!

Басқар: Ия, сіз алыпсыз!

Асқар: Бәрінен де алыпсыз!

Басқар: Бәрінен де! Тіпті...анадан...анадан да, мынадан да! Қане, сол үшін! Театр өнерінің титаны Тойхан Борашов үшін алып қояйық!

Асқар: Жоқ! Титан Титанов үшін!

Стақан соғыстырып, ішеді. Мақтауға масаттанған Тойтанның жағасы жайлауда. Ал Нәркестің мазасы кетіңкіреп, құлықсыздау отыр. Түнгі масаң қонақтардан құтылуды ойлап отырғаны байқалады.

Нәркес: Ой, рахмет, айналайындар! Ағаларыңды бір көтеріп тастадыңдар! Енді біразға дейін Тойтекеңді Титеке, Титеке деп жүретін болдық қой!

Асқар: Бірақ, Титанмын деп қиқаңдап бара жатса, Титекеңді Итекең қылып жіберу қолыңызда ғой!

Басқар: Ия, бәрі тәтеміздің қолында!

Тойтан: \ Нәркестің қас-қабасын байқап:\ Ау, Нәркесжан, Нәркесім, Осындай болсын әр кешің! Мына театрымыздың тарландары...арландары келіп отырғанда, сен қалай қуанбайсың, әй?

Нәркес: Қуанғанда, не істейін? Алақайлап, аспанға секірейін бе? Қуанып жатырмыз ғой міне...Бірақ, түннің бір уағы болды...Ертең жұмысқа бару керек. Көршілердің де мазасын алмайық дегендей. Аман-сау үйлеріңе жетіп алыңдар, айналайындар!

Тойтан: Әй, не дейсің? Сен менің қонақтарымды қуайын деп отырсың ба? Ал, бұлар ешқайда кетпейді! Кетсе, мен бірге кетемін! Біздің баратын жеріміз жоқ деп тұрсың ба?! Қай кезде, қалай келсек

те қадірімізді білетін Қыз...з.з.

Нәркес: Бізылдап, дызылдап кеттің ғой...

Тойтан: Қыз-з-з-зғанышсыз, қыз-зу қарсы алатын аяулы жандар бар! Бұлар мені Титан деп төбелеріне көтеріп отырса, сен қиқаңдап, сыр беріп қойдың ғой!

Басқар: Жоқ, Титан аға! Тәтеміз сыр берген жоқ, қайта осы үйге нұр беріп тұр емес пе!

Асқар: Тұра тұр, тұра тұр! Мен соған келе жатырмын! Ендігі сөзіміз Нәркес тәтемізге арналады.

Басқар: Ал, құлағымыз сізде! Нәркес тәтеміз туралы не айтар екенсіз?

Асқар: Айтуға тілім жетер ме? Ал, шынына келгенде, Тойтан Тойқанов тиәтір өнерінің Титаны болып жүрсе, ол кімнің арқасы? Қане, кім айтады? Білмесеңдер, біліп алыңдар! Бұдан былай ұмытпайтын болыңдар! Ол – біздің аяулы да айдай сұлу, ақылына көркі сай Нәркес тәтеміздің арқасы!

Басқар: Мұны бүкіл ел біледі!

Асқар: Білсе неге бағаламайды? Негізінде, келер жолғы атақты осы Нәркес тәтемізге беру керек! Тойтан ағамыз титан болса, Нәркес тәтеміз – Нар Қыз! Титаныңыз қиқаңдай бастаса, шиканын шығаратын да Нарқыз! Осы жаңа үйді алған да Нәркес тәтеміз!

Осы кезде есіктің қоңырауы шырылдайды.

Нәркес есікті ашады.

Бір бейтаныс әйелді көріп, таң қалады.

Әлгі әйел именбей батыл басып үйге кіреді.

Әртістер асүйде отыра береді.

Екі әйел залда оңаша сөйлеседі.

Нәркес: Сәлеметсіз бе?

Бейтаныс: Сәлем... Үйді қашан босатасыздар?

Нәркес: Босатқаны қалай? Бұл біздің үй!

Бейтаныс: А-а? Не деп тұрсыз? Бір аптаға жалдап тұрдым екен деп, меншіктеп қойғаннан саусыз ба? Сірә,біздің үй сізге қатты ұнап кеткен болу керек!

Нәркес: Ойыныңыз ба, шыныңыз ба?

Бейтаныс: Ойнайтын мен баламын ба? Бұл біздің үй. Бір аптаға деп, сіздер пәтерге жалдап алғансыздар!

Нәркес: А-а, ойбай, не дейді? Қайдағы жалдаған? Біз бұл үйді

заңды түрде сатып алғанбыз!

Бейтаныс: Қандай заңды айтып тұрсыз? Заң нешеу еді? Заң бойынша бұл үй былтырдан бері біздің жеке меншігіміз. Біз мұны үлескер болып кіріп, ақшасын түгел төлеп, сатып алғанбыз!

Нәркес: Біз де ақшасын түгел төлеп, сатып алғанбыз!

Бейтаныс: Қашан? Кімнен?

Нәркес: Бір апта бұрын! Айкодан!

Бейтаныс: Бір апта бұрын бұл пәтерді бізден жалдап алған бір қыз! Айко дегеніңіз сол шығар!

Нәркес: \ әлденені сезгендей, өңі қашып, дірілдеп:\ Біз жалдаған жоқпыз... Сатып алдық деймін!

Бейтаныс: Қойыңыз енді..Үп-үлкен адамсыздар...Жақсылықпен бітірейік әңгімені. Егер сіздер тағы біраз уақыт тұрамыз десеңіздер, рұқсат. Ақысын төлеңіздер де, тұра беріңіздер!

Нәркес: Қалай ақы төлеп? Неге мен өз үйімде тұруым үшін ақы төлеуім керек?

Бейтаныс: Бұл сіздің үйіңіз емес! Бұл біздің үйіміз! Қоймасаңыз, мен қазір полиция шақырамын! Міне, менің қағаздарым! Жақсылап қарап алыңыз!

Нәркес: \ әлдене есіне түскендей, қуанып, жүгіре басып, үстел тартпасынан құжаттарын алып келеді:\ Міне, біздің де қағаздарымыз!

Бейтаныс: \ Қағаздарға зер сала қарап алып:\ Халтура! Сізді қатырған! Сазға отырғызған! Бұл қолдан жасалған заңсыз қағаздар! Ешқандай заңды күші жоқ!

Нәркес: А-а? Не дейсіз? Бәлкім, сіздің қағаздар халтура шығар?!

Бейтаныс: Жақсы, оны заң шешер! Бүгінше қонып шығуларыңызға рұқсат! Бірақ, ертең мен заң өкілдерімен келіп, өз меншігімдегі үйімді босатуды талап етсем, ренжімеңіздер! Өкінішті, әрине! Алаяқтың алдауына түсіп, арандап қалғаныңыз өкінішті! Бірақ, амал қанша! Сау болыңыздар!

Нәркес: С-с-сау болыңыз!

Бейтаныс шығып кетеді.

Мас әртістер оған онша мән бермей, асүйде дуылдасып, әндетіп отырады.

Нәркес оңбай алданғанын біліп, бүк түседі. Есін жия алмай, сандырақтай бастайды. Стресс, шоктан жүйкесі сыр беріп, жындыханадан бір-ақ шығады.

132 – Көрініс. Жындыхана.Жұмбақ қыз.

Әйткен жындыханада платаның терезесінен сыртқа қарап тұр.
Бір кезде өсіп тұрған ағашты құшақтап, қиялға батқан бір қызды көреді.

Қыздың бейнесі таныс сияқты.

Әйткен оған қайтадан қадала қарйды.

Әлдене есіне түскендей болады. Ойланып тұрады.

Палатадан шапшаң басып шығып, сыртқа беттейді.

Далаға шыққан соң, ағашты құшқатап, аспанға, алысқа қарап тұрған қызды сыртынан бақылайды.

«О, қарағай! О, табиғат! Маған қуатыңнан бөліп берші! Мені аяшы! Аялашы мені! Менің ауру жанымды емдеші! Жанымның жараларын жазып жіберші! Мен айыққым келеді бәрінен! Құтылғым келеді! Жаңадан өмір сүргім келеді!» – деп күбірлеп тұрған қыздың даусын ап-анық естиді.

Ақырын басып қыздың жанына келеді.

Сыртынан үнсіз қарап тұрады.

Біреудің келгенін сезген қыз секем алып, жалт қарайды.

Бұл баяғы алаяқ қыз Айко!

Әйткенді көріп, шошып кетіп, шыңғырып жібереді.

Жігітке қарап тұрып, сақылдап күледі де, сап тиылып, бетін басып, тұра қашады.

Әйткен басын шайқап, күйзеліп, жас-жас қыздың мұндай халіне жаны ашып, ойлана қарап қалады.

133 – Көрініс. Айбатшаның үйінде

Айбатша – Омни Нова Лизаға қадала қарап отыр.

Айбатша: Мына бір жапырақты жамылмай-ақ қойса да болатын еді ғой... Қашан жапырағы ашылады деп... құса боп біттім! Нова Лизаға қарап, түнімен телміріп отыратын болдым... Ана самал жел қаттырақ соғып кетсе шіркін... жапырағы жалп етіп, ашылып қалар ма екен деп! Көзім ілініп кетсе болды, Нова Лиза жаныма жетіп келеді де тұрады. Жапырағымен желпиді келіп, желпиді бетімді! Үрлеймін келіп бір шетінен... жапырағы ұшып кетер ме екен деп... Жаңа Лизалар – Нова Лизалар қаптайды келіп жан-жақтан... мені ал, маған сал ақшанды деп...

Суреттегі жапырақтар сыбдырлап, желбіреп, әйел сиқырланып күлгендей болады. Билейді арбап, мазақтап. Бай жындануға айналады.

Айбатша (әндемеді): Омпидым, жеңеше-ай,

Омпидым, жеңеше-ай,

Мен саған өкпеледім,

Томпидым, жеңеше-ай!

Оттапсың! Өкпенді көтеретін қайбір жеңешең бар еді сенің?! Ой, сол бір омпиған жігіт не деген бақытты еді! Ал, мен ше?

Телефонын көтеріп Тоты жүгіріп келеді. Диктор даусы самбырлап, екілене соғып жатыр.

Телефондағы жігіт: Сенсация! Сенсация! Жан көрмеген жаңалық! Жақын арада, сіздің жасыл желекті қалада жаңадан шыққан жалаңаштар көрмесі өткізіледі!

Телефондағы әйел: Жалаңаштар көрмесін көрген де арманда, көрмеген де арманда! Келіңіздер, келіңіздер! Көріңіздер, көріңіздер!

Тоты: Жән, жән, және-е-ем! Жаңадан шығыпты! Міне, қарашы, жән, жән, жән!

Омпи: Тағы не боп қалды, ей?!

Телефондағы жігіт: Көрмеге дүниежүзінің ең әдемі, ең сұлу жартылай жалаңаш және тыр жалаңаш арулары мен алыптары қатысады! Әлемнің атақты ұятсыз сұлу қыздары мен сымбатты ұлдарын көру бақыты бұйырып тұр сіздің қалаға! Олармен бірге суретке түсуге болады!

Телефондағы әйел: Мұндай мүмкіндікті қалт жібермеңіздер!

Телефондағы жігіт: Мұндай бақыт екінің біріне бұйыра бермейді! Кіру билеті – екі жүз доллар, суретке түсу бағасы – үш жүз доллардан мың долларға дейін!

Телефондағы әйел: Яғни, егер де сіз әлемнің ең ұятсыз жартылай жалаңаш сұлуларымен қатар тұрып, суретке түссеңіз – үш жүз доллар! Қол ұстасып немесе қолтықтасып, яки құшақтасып түссеңіз, бағасы өсе береді!

Телефондағы жігіт: Ал, егер де тыр жалаңашымен түсемін десеңіз – бір мың доллар! Тіпті, сіз де жалаңаштанып, әлемнің ең әдемі ұятсыздарымен әртүрлі қан қыздыратын позаларда аймаласып түсемін десеңіз, оның бағасы он мың долларға дейін жетеді! Бірақ, бұл жеке келісім бойынша болатын шаруа!

Телефондағы әйел: Бұл суреттерді өте сапалы, үлкен, түрлі түсті қағазға басып, қолыңызға береміз! Сіздің қалауыңыз бойынша,

жер-жаһанға кеңінен танымал эротикалық сайттарға салып қоямыз!
Келіңіздер, жалаңаштар көрмесін көріңіздер!

Телефондағы жігіт: Көрген де арманда, көрмеген де арманда!
Мына жаңа заманда, жаһандану және жалаңаштану заманында
қатардан қалмаңыздар! Бүкіл әлем шешініп жатқанда, қымтанып
отырған ұят емес пе? Келіңіздер, көріңіздер!

Телефондағы әйел: Өркениетке еріңіздер! Есіріңіздер,
шешініңіздер! Хи-хи-хи!

Телефондағы жігіт: Ұяттан қашыңыздар! Арттарыңызды
ашыңыздар! Ха-ха-ха! (*Даңғыр-дұңғыр музыка ойнап кетеді*).

Тоты: Жән, жән, және-ем! Қалай ойлайсың?

Айбатша: Ойлану деген не ол? Менде ой қалған жоқ! Мен үшін
екеуің ойлайсындар ғой!

Тоты: Кім... екеуіміз?!

Айбатша (суретті нұсқап): Мынау екеуің...

Тоты: Қойшы енді... қайдағы бір миллионға бола сонша жындануға
бола ма?! Бас аман болсын... ақша сөз боп па!? Одан да мына көрмеге
барайық... қызық екен?!

Айбатша: Қызық... қызық! Сендерге бәрі қызық! Қайдағы қызық?
Несі қызық? Шыжық десейші, бұзық десейші!

Тоты: Түү-у, және-ем! Не боп кеткенсің? Мұндай қараңғы емес
едің ғой! Біз продвинутой адамдар емеспіз бе?

Айбатша: Сдвинутыймыз!

Тоты: Элитамыз!

Омпи: Ел итіміз десейші!

Тоты: Қойшы енді... қайдағыны соқпай! Өстіп езіліп отыра
береміз бе үйде... дүниеден құр қалып?! Дуня мен Қомпи билет алып
та қойған шығар-ау ендігі!

Айбатша: Ала берсін! Солар-ақ бара берсін! Тек маған маза
беріңдер! Тойдым жалаңашқа да, жапыраққа да... (*кеңірдегін көрсетіп*)
былай!

Тоты: Қойшы енді... болды, Омпашка! Одан да барайық мына
көрмеге!

Айбатша: Сондағы көргілерің кеп өліп бара жатқандарың
ұятсыздардың жалаңаш денелері ме?! Жетіскен екенсіңдер!

Тоты: Дұрыс айтасың, Омпанио! Бірақ, олар атақты ұятсыздар
ғой!

Айбатша: Мәссаған! Онда не тұр? Жалаңаштың аты жалаңаш!
Ұятсыздың аты ұятсыз!

Тоты: Жоқ, Омпашка! Әйгілі ұятсыз бен белгісіз ұятсыздың айырмасы жер мен көктей! Белгісіз жалаңашқа ешкім де қарамайды, тіпті, бір түкіріп, теріс айналып кетуі мүмкін! Ал, дүниежүзіне даңқы шыққан жалаңашқа жұрттың бәрінің аузының суы құрып, естен танып қалады!

Айбатша: Қой, қарағым! Естен тану үшін, адамда әуелі ес болуы керек!

Тоты: Жә! Біз өркениетті адамдармыз! Шындыққа тік қарай білеміз! Ал, шындық – жалаңаш! Шындықты киіндіруге болмайды! Сондықтан, мынандай керемет көрмені көруіміз керек! Жұрттың алды боп баруымыз керек! Бізді көрген шетелдік қонақтар: «Міне, қандай комплекссіз кісілер! Ешқандай ұлттық ұғымдармен, жалған моральдық көзқарастармен шектелмеген мұндай адамдармен жұмыс істеуге болады!» – деп, абыройымызды арттырмай ма?! *(Омпи оған ойлана қарайды)* Ең бастысы, біз көрменің ашылуына Қомпи мен Дуния-дур-рядан бұрын барып, бұрын көзге түсуіміз керек!

Айбатша: Суретке де түсеміз бе, не?!

Тоты: Оны бара көрерміз! Дүниеқұл мен Қомпидың тәртібіне қарай...

Айбатша: Онда не тұрыс? Билетке жібер... Мен жуынып, қырынып алайын!

Тоты: Ой, Омпанио-Омпи! Менсіз қайтіп күн көрер екенсің? Саспа, мен билетті кеше алдырып қойғам! Хи-хи-хи!

Айбатша: Ех, Каро, Каролина! Элиті! Ха-ха-ха! \ *Картинаны нұсқайды.* \ Мынаны да ала барсақ қайтеді? Иә, бұл менің лимоным-миллионым ғой! Ха-ха-ха! Мен енді мұны күні-түні тастамай көтеріп жүремін! Мен Мона – Лиза...тойыс, Н-н-н- Нова Лизаны сүйемін! Мен оның құлымын! Мен онсыз нөлмін ғой! \ *Тоты Айбатшаның сандырақтай бастағанынан шошынып, дыбысы шықпай бұрышта бүрісіп тұрады.* \ Менің бүкіл байлығымды мына жапырақ жамылған жалмауыз жарты-ақ сағатта жылып еткізіп жұта салғаны ма шынымен?! Енді, міне қарашы, беті бүлк етпейді. Жапырағы желп етпейді! Ех, Нова Лиза, Нова Лиза! Менің капиталым, менің кредитім! Өмір бойғы еңбегім, жиған-тергенім! Бәрі желге ұшып кетті ме? Әлде, сенің жапырағыңа айналып, желпіп тұр ма жер бетін? Қайда? Қайда-а менің долларларым-м? Тоты, Каро! Қайдасың сен?

Тоты: \үндемей, қорқып, жүгіріп келеді алдына.\ Мен мындамын, жаным! Қашанда сенің жаныңдамын ғой, жаным! Сізге не болды? Міне,су ішесіз бе?! \ графиннен су құйып береді. Батылданып,

Айбатшаны құшақтайды: \ Жаным, Айбатша, мен сенімен біргемін!

Айбатша: \ ақырын, есі ауысқан жанның күлкісімен күледі: \ Біргесің, иә... Бірге боласың, иә... Жоқ! Сенің орныңды мынау \ суретті нұсқайды: \ тартып алып қойған! Эх, Каро, Тоты – Тотаня! Токалина – токалка! Сен қайда қарап жүрсің? Не білесің сен!?

Тоты: \ қорқып: \ Мен сізді білемін!

Айбатша: Білесің, иә... Әй, мен банкрот болдым ғой! Мен құрыдым, біттім! Мені мына жалаңаш жалмауыз жұтып қойды!

Тоты: Жарайды, сабыр етіңіз! Сол бір миллионға қарап қалған жоқ шығарсыз! Тұр ғой міне... \ қолымен үйді көрсетеді. \ Кәсіпорныңыз бар...

Айбатша: \ әлсірей күліп: \ Үй-жай... Ол бізге табыс бермейді... қайта біз оған ақша құйып отыруымыз керек! Бір деп қой! Кәсіпорын тек үлкен кредитпен ғана жұмыс істеп тұр емес пе? Мен енді немді төлеймін банкке? Жұмысшылардың жалақысын немен беремін? \ жындана, қарқылдап күледі: \ Ха-ха-ха! Мынаның жапырағымен бе? Әлде, Нова Лизаның өзін өткізсем бе екен банкке? Шынында да керемет болады екен, ә?! Мә, жапырақ жамылған жалаңаш қатынның керемет суретін бөліп алыңдар! Ха-ха-ха! Мә, бөліп алыңдар! Ішіндер, жеңдер! Ха-ха-ха!

Айбатша қаһарланып, суретті жұлмалап, жырта бастайды. Қалың полотно оңайлықпен жыртыла қоймайды. Айбатша рамасын сындырып, ағаштың өткір ұшымен суреттің жапырақ жамылған жеріне қадап ұрып, дар-дар еткізіп, айырып тастап, қарап отырады. Еңіреп, басын тоқпақтап, өкіріп жылайды.

Тоты: \ Жынданып, арқыраған Айбатшадан зәресі кеткен Тоты ауыз үйге қашып шығып, ауруханаға телефон соғады: \ Әлә! Әлә! Жындыхана ма? Тез жетіңіздер! Менің күйеуім жынданып жатыр! Иә, есі ауысып кетті!

134 – Көрініс. Жындыхана. Алаяқпен кездесу.

Айконы Әйткен іздеп табады.

Екеуі әңгімелеседі.

Әйткен: Сен жан азабын тарттың. Жан жазасын алдың. Бірақ, ақысы кеткен жұртқа одан не пайда? Олардың тапқан-таянғанын алдап алып кеттің. Енді қайтармайсың. Қайтара алмайсың. Ал, олардың жазығы не? Тапқан, таянғанын, кредитке алған ақшаларын арзан пәтер әперемін деп, алдап алып кеттің.

Айко: \ даусын құбылтып, сиқырланып, тоқтамай сөйлейді.\ Олардың да жазығы бар. Оңай олжаға қызықты. Арзан нәрсенің ар жағы шикі екенін сезіп, біліп тұрса да, құлқындарына еріп адасты. Оп-оңай қарық бола қоямыз деп ойлады. Бұл не деген оп – оңай келетін арзан дүние деп ойланбай ма? Жоқ, арзан болса болды, арамды да ала бере ме? Жей бере ме?

Мен ақкөңіл едім. Аңқылдақ ауылдың қызы едім. Қаланың қатал өмірі мені қатыгездікке үйретті.

Адал едім – алданып аузым күйді.

Алаяқ болып, олардың аузындағысын алдап алдым.

Сіз олардың ақшасын кім қайтарады дейсіз? Ал, менің арнамысымды кім қайтарады?

Менің уланған өмірімнің обалы кімге?

Қор болған қыз тағдырына кім жауапты?

Арамдық, алдаудың ойыны менің өмірімді өртеп жіберді.

Ақыры жындыханадан бір-ақ шықтым.

Міне, олардан құтылдым! Жасасын жындыхана! Жасасын жындылық! Жындыға сот жоқ! Жындыға сот жоқ! Ха-ха-ха! Хи-хи-хи!

Үндемей тыңдап тұрған Әйткен шошынып, жынданған қыздан қашып құтылады.

135 – Көрініс. Жынданған бай.

Сиренасы гуілдеген арнайы дәрігерлік машина заулап келіп Айбатшаның үйінің алдына шиқ етіп тормоз беріп тоқтайды. Көліктен қара киімді үш қарауыл жүгіріп түсіп, үйге лап қояды.

Бұл кезде есі ауысып кеткен Айбатша Нова Лизаның суретін жыртып бітіп қалған екен. Оның жұлым-жұлым болған қалдығын аяғымен таптап болып, қолына түскен орындықтарды қабырғаға лақтырып, қиратып, лақтырып, өз үйін өзі ойрандауғ кіріскен екен.

Үйге үн-түнсіз кірген үш қарауыл кірген бетте арқырап, үйін ойрандап жүрген Айбатшаны бас салып, ұстауға тырысады.

Айбатша оларға әл бермей, ал келіп төбелеседі.

Аянбай шайқасады.

Бірақ, әбден әккі болып алған қарауылдар айласын асырып, Айбатшаға тор лақтырып, шырмап алады.

Ебін тауып «усмирительная рубашка» – арнайы көйлектерін кигізе қояды.

Айқайлай берген соң, аузына шүберек тығып, құйрығына бір уколды ұрып жібереді.

Айбатшаның үні өшіп, сылқ түседі.

Қарауылдар оны көтеріп ала жөнеледі.

Көзінің жасы көл болған Тоты оның артынан жүгіре басып кетеді.

Қарауылдар сұлқ түсіп, тынышталған Айбатшаны машинаға тығып жібереді.

Тоты қалыспай бірге мінеді.

Машина жындыханаға қарай заулай жөнеледі.

136 – Көрініс. Мойындағы арқан.

Әбден күйзеліп, жаны ауырған Нәркес жындыханада асылып өлмек болады. Жылап отырып, Тойтанға хат жазады.

Қоштасады, балаларынан кешірім сұрайды.

Нәркестің өз дауысы өз құлағына күңгірлеп естілгендей болады.

Нәркестің хаты: «Құрметті Тойхан жаным! Тіршілікте еркелеп, Тойтеке, Тойтеке деп қойқандап жүруші едім. Бәрі де сіздің арқаңызда екен ғой. Енді, міне, секеңдеп жүріп, орға өзім жығылдым. Оңбай алдандым, амал не, енді әрі де бітті. Егер де шындап ойласақ, бәріне де өзім кінәлімін. Арзан, оңай олжаға қызығып, алаяқтың қармағын қаптым. Енді сендердің, елдің бетіне қалай қараймын?

Бәріңнен кешірім сұраймын!

Ешкімді де кінәламаймын.

Тек қана анау алаяқ Айкодан кегімді қайтарыңдар! Есемді алыңдар!»

Асылып өлмек болып, бір оңаша ағаштың түбіне келеді.

Аяғының астына бір-екі кірпішті қойып, биіктетеді.

Арқанын ыңғайлап, бұтаққа байлап, өлшеп көреді.

Онысы қысқалау болып қалып, қайта байлайды.

Бұл жолы тым ұзын болып кетеді.

Ақыры, бойына шақтап, дәл келтіріп байлайды.

Асықпай өлшеп көреді.

Дәл екенін көрген соң, сәл ойланып тұрады.

Көзіне күйеуі Тойтан, балалары елестейді.

Сүйікті театры, ойнаған рөлдері көз алдынан өтеді.

Көрермендерінің қызу қол соғып: «Бис! Браво!» деген дауыстары естіледі.

*Нәркес көз жасына ерік беріп, солқылдап тұрып жылап алады.
Есін жиып, қойнынан ақ простыняны суырып алады.
Басына ақ кебін, қап сияқты жаба салып, мойнына арқанды сала береді.*

137 – Көрініс. Жындыхана. Құтқару.

Әйткен түнде ұйқысы қашып, мазасы кетіп, терезеден сыртқа қарап тұрады.

Бір кезде ағаштың арасынан ағараңдаған көлеңкені көреді.

Әуелде тіксініп қалады.

Елес пе, жын ба?

Көзін жұмып, ашып, анықтап қарайды.

Әлгі ағараңдағанның қимылы күдікті көрінеді.

Секем алған Әйткен сыртқа атып шығады.

Жанұшыра жүгіріп, басқыштардан орғи-орғи секіріп, далаға атып шығады.

Бұл кезде Нәркес мойнына арқанды салып, кірпішті аяғымен теуіп жіберіп, салақтап асылып қалады.

Жанұшыра жүгірген Әйткен қалтасынан бәкісін суырып алып, арқанды кесіп жібереді.

Нәркес жерге сылқ ете түседі де, қимылсыз жатып қалады.

Әйткен тез еңкейіп, оның мойнындағы арқанды, басындағы ақ простыняны сыпырып алады.

Өліп кетті ме деп шошына қарап тұрады.

Сол кезде талықсып кеткен Нәркес есін жиып, «ух!» -деп, дем алып ақырын көзін ашады.

Әйткен: \Нәркесті енді танып, таңданып, есі шығып, ақырын дауыспен ышқына:\ Нәркес тәте?! Амансыз ба? Сіз мұнда қайдан жүрсіз? Мұныңыз қалай?

Нәркес: \ Басы айналып, ағашқа сүйеніп, ақырын, әлсіз үнмен: \ Сен сұрама, мен айтпайын! Бір қисайған дүние қайтіп онушы ма еді? Бекер, бәрі бекер болды! Сен де бекер құтқардың! Тып – тыныш кетіп бара жатқан жерімнен несіне қайтарып алдың? Бәрібір мен кетемін деген соң кетемін. Мойынға арқан бір түссе, қайтіп жібермейді деген. Мына қу тірліктің қыл арқаны мені қылқындырмай қоймас!

Әйткен: \ Жаны түршігіп, бірақ сабырмен, салмақпен сөйлеп:\ Қойыңыз, тәте! Оныңыз не? Балаларды ойлаңыз!

Нәркес сұлқ тұрып қалады.

Сол кезде: «Әлә! Әлә! Бұл мен зой, Айко!» -деген дауысты естіп, екеуі жалт қарайды.

Жан-жағына қараса, анадай жерде, бір ағаштың тасасында бір көлеңке телефонмен сөйлесіп тұр екен.

Әйткенге сыртынан, Нәркеске бір қырынан көрінеді.

Іздеп таба алмай жүрген дұшпанын көргенде Нәркес өлімді де ұмытып кетеді. Әйелге тән әуестікпен әрі жауына деген өшпенділікпен оның сөзін тыңдап, сырын біліп алғысы келеді.

Арқаннан аттап өтіп, ақырын басып, жасырынып, жақындау келіп тұрып, тыңдайды.

Әйткен де оның артынан ілеседі.

Айко әлдекіммен телефон арқылы қызу сөйлесіп тұр. Нәркесті мүлде байқар емес.

Айко: Сіздер неге кешігіп жатырсыздар? Мен қашанғы жындылардың ортасында отырмақпын? Әбден басым ауырып кетті. Бүйте берсеңіздер, мен де жынданатын шығармын жақында! Енді күтетін халім жоқ. Мұнда әлгі әртіс Әйткен де келіп түсті. Ол менен сыр тартып жүр. Полицияға хабарламай тұрғанда қарамды батырғаным жөн. Тез арада шығарып алыңдар мені! Егер де жындыханадан жынды деген қағаз алсақ, бітті! Ешкім де мені жауапқа тарта алмайды. Қудалай алмайды. Бұл деген мәңгілік қорғаныш!

Телефонын сөндіріп, бұрыла берген Айконы Нәркес оқша атылып барып, бас салады. Жерге алып соғып, басқа-көзге төпелеп сабайды.

Нәркес: Ұсталдың ба, алаяқ сұмырай! Жоқ, мен енді өлмеймін! Мен сені өлтіремін!

Айко есін жиып, ойбайлап, қарсылық көрсетеді.

Екеуі аянбай шайқасады.

Әйткен не істерін білмей, абдырап тұрып қалады.

Екеуінің шыңғырған даусына қарауылдар жүгіріп келеді.

Ашынған Нәркесті зорға айырып, әрең ұстайды.

Нәркес тіпті бір-екі қарауылды лақтырып жіберіп, тағы бір қарауылдың тасасына тығылмақ болған Айконы желкесінен ұстап, жұлып алып, жерге алып соғып, буындыра бастайды.

Оның қолын қарауылдар әрең жазып, есінен танған Айконы әрең құтқарып алады.

Бір-екеуі долданған Нәркесті ұстап тұрғанда, біреуі Айконы алып кетеді.

Әйткен: \ Нәркеске қатты зекіп: \ Болды, тәте! Жетті! Қойыңыз! Құр айқайдан түк те шықпайды! Одан да ақылға келіп, әрекет қылайық!

Арыз жазыңыз! Полиция шақыртыңыз! Мына алаяқ Айкодан енді айырылмай, заң орындарына беру керек!

Нәркес үнсіз, есін жиып, сабырға келіп, басын изейді.

138 – Көрініс. Ұсталған алаяқ.

Айкодан айырылмастай болып жабысқан Нәркес қиқулап, Тойтанға телефон соғады. Дауылдатып бас дәрігердің бөлмесіне келеді. Шайхан жоқ екен. Қызбалаға телефон соғады. Жасұланға барады.

Жасұлан: \ Әйткен мен Нәркеске: \ Бұл қыз ауру емес! Сап-сау! Жындымын деп тағы да алдап жүр! Заңды да, қоғамды да! Ертең жынды деген қағаз алып шықса, бітті! Ешкім де оны жауапқа тарта алмайды! Ал Шайхан ондай қағазды береді!

Жер-көкті шулатып жүріп, полиция шақыртады. Айконың өтірік ауырып, жасырынап жүргенін дәлелдеп, арызды жазып, ақыры алаяқ қыздың ісін тергеушілердің қолына түсіреді.

139 – Көрініс. Полицияда.

Тергеуші: Бұл атақты алаяқ қыз. Оның сыбайластары көп. Ұйымдасқан топ. Бірақ, кінәсін дәлелдеу оңай емес. Дәлелдеген күнде де, енді ақшаларыңды қайтарып алуларың екіталай. Өйткені, бұл қыздың үстінен шағымданушылар аз емес. Қазірдің өзінде қырық – елу кісі арыз беріп отыр. Бәрін де арзан пәтер әперемін деп, алдап соққан. Сотқа дейін әлі қанша кісі шағым беретінін кім білсін!

Тойтан: Қап, бәлем! Алаяқ неме, алдап соқты-ау аңқау елді!

Тергеуші: Өздеріңізден де бар. Арзан, жаңа пәтерді оп-оңай олжа көріп, қарық бола қоямыз деп, қармаққа түскен өздерің. Ал енді бұл қызды ертең сот кінәлі деп тауып, ақшаларыңды төлеуге үкім шығарса да, ол несімен төлейді? Неменесін алмақсыңдар?

Тойтан: Үкімет алып берсін! Болмаса, өзі қайтарсын!

Тергеуші: Мәссаған! Бұған үкіметтің қатысы қанша?! Міндетті де емес! Алданған өздерің! Өздерің алыңдар енді!

Алаяқ қыздың атында ешбір дүние – мүлік жоқ! Не үй, не көлік тіркелмеген! Үстіндегі көйлегін шешіп алмасандар, басқа түгі жоқ! Заң жүзінде кінәсі дәлелденіп, үкім шығарылса да, ақшаларыңызды күтуге тура келеді.

Тойтан: Қанша күтпекпіз? Қашанғы күтпекпіз?

Тергеуші: Оны біз айта алмаймыз! Алаяқты жұмысқа міндеттеп, айлық жалақысынан төлеуге бұйырды делік. Ал, есептеп көріңіздер... Қаншама адамға қанша ақша қарыз?! Тіпті, ай сайын жүз мың теңгеден төлеп тұрғанда да, барлық алғанын қайтару мүмкін емес! Солай, халайық! Арзан, оңай дүние жоқ екенін ойлаған жөн!

Тойтан жұдырығын түйіп: «Тұра тұр, бәлем! Көрерміз!» – кіжсініп кете береді. Тергеуші басын шайқап қала береді.

140 – Көрініс. Жындыханада.

Әйткен палатада тордағы арыстандай арлы-берлі теңселіп, әрең шыдап отыр.

Орнынан тұрып, терезені ашып қарайды – биік қабаттан секіріп түсу де, ұшып шығу да мүмкін емес.

Сол кезде Әйткеннің соткасына зың-ң етіп хат келеді. Ашып, оқиды. Құлағына қыздың даусы келгендей болады.

«Ардақты әлем әртісі Айтуар Айталиев! Бұл тағы да мен, өзіңіздің кітапханашы жанкүйеріңіз. Сізге жиі хат жазуға ыңғайсызданып, өзімді өзім бірнеше күн тежеп едім, төзімім таусылып бітті. Сіздің сахнадағы өткен жолғы ойыныңыз тіпті ойымнан шықпай қойды. Құндылықтар арзандап, ауысып кеткен, жындылықтар қаптап кеткен заманда адамдарға рухани нұр шашып, сауықтыратын нағыз өнердің жолы қандай қиын да қызық десеңізші! Жынданған адам өзінің жынды екенін сезбейді және сенбейді екен ғой. Ал, жынданып жатқан жаһандану заманында қоғамдық санаға адамгершілік сәулесін түсіріп, адамшылықтан алжасып, адасып бара жатқан жұртқа жол көрсету – жарық та нұрлы өнер мен әдебиеттің ардақты да ауыр міндеті. Сіздің сол жолда қажырлы еңбек етіп келе жатқаныңызға сүйінемін! Рахмет, сізге! Бар болыңыз, нар болыңыз! Сәлеммен, сіздің Кітапханашы қарындасыңыз!»

Әйткен сүйсініп, көңілі көтеріліп қалады.

Күтпеген жерден Әйткеннің палатасына Шайхан екпіндеп кіріп келеді. Аурулардың бәрі бастарын көтеріп, отырады. Жанынды Жасұлан бар. Ол Әйткенді танымайтын адам құсап, бедірейіп алған. Әйткен де оған мүлде көз салмайды.

Шайхан: Иә, әлем әртісі, хал қалай? Жыныңыз басылып, жүніңіз жығылып қалыпты ғой! Дұрыс, дұрыс, бізге түскендердің бәрі де ауруынан айығып, адам болып қалады. Әйткен қаны қайнаса да, өзін тежеп, өтірік момақансып, есі кіресілі-шығасылы адам құсап мөлііп

отыра береді. \ Енді бір үш күн күшті дәрілерді беріп, уколдарын салып тұрсандар, мен келгенде дап-дайын миғұла болады да шығады! \ *Басқа жындыларға бұрылып:* \ Бір кезде мен де дүниенің тұтқасы, әлемнің кіндігі менмін деп санайтынмын. Соған сенетінмін! Бәрің де солай ойлап, соған сендіңдер ғой, жынды мырзалар! **Наполеон:** Дәл солай, Шайхан Шарханович Тарханов! Бұл өмірге келген соң, адамзаттың басты тұлғасы болу керек! Дүниенің кіндігі боламасаң, кімді-кім сыйлап жатыр қазір!

Шайхан: Бірақ, біз солай ойлағанмен, дүние олай есептемейді екен. Бізбен санаспайды, тіпті, санатқа да алмайды. Соған ерегестім де, өз қазығымды қақтым, өз әлемімді таптым. Кең дүниеге билігім жүрмесе де, Шайхан Шарханұлы Тархановтың тар патшалығын құрып алдым! Иә, әркім өз патшалығын құрып жатқан заман! Сондықтан, Шайхан патшалығының тарпаңдары, қойқаңдай беріндер! Ио-хо-хо! О-хо-хо! \ *Қиқулап, билеп шығып кетеді.* \

141 – Көрініс. Наполеонмен шайқас.

Жындыханада Әйткен неше түрлі кісілермен кездесіп, сөйлеседі.

Данышпан ақылгөй, профессор ақыл айта-айта елге жексұрын болып, ақырында оны жындыханаға тығып жіберген.

Профессор ақылды әңгімелер айтып, Әйткен мұқият тыңдап отырады.

Бір кезде бір ақырған ащы дауыс шығады. «Встать! Смирно! Его величество император мира Наполеон!»

Профессор жым болып, орындарынан атып тұрып, сымдай тартыла қалады.

Профессор: \ *жан даусы шығып:* \ Әй, әртіс! Тұр орныңнан! Тез! Құрисың, ойбай!

Әйткен: Оу, ағасы, не болып қалды сонша?!

Профессор: Император келе жатыр! Ойбай, тұр орныңнан! Басың кетеді!

Әйткен таңданып, сақтанып, бойын жинап алады. Бірақ, орнынан тұрмай отыра береді.

Сол кезде есік ашылып, аласа бойлы, жүзі құп-қу бір кісі кіріп келеді. Оны әлгі екеуі ерекше құрметпен қарсы алып, жалпылдап жатқанда, Әйткен сабырмен бақылап отырады. Әлгі кісі ақырын бұрылып, Әйткенге тақап келеді де, тесірейе қарап тұрады.

Әйткен: \ *Бедірейіп отыра беруге ыңғайсызданып, орнынан*

тұрып, қос қолын ұсынып, сәлем береді. \ Ассалаумағалейкум!

Наполеон: Ассалауыңды артыңа тық, атаңның аузын ұрайын!
\ Әйткеннің қолын қағып жібереді:\ Императорға қол беретін сен кімсің? Бір-ақ тартып, басыңды қағып түсірейін бе? \ қол салмақ болады.

Әйткен: *\ қолын қатты қағып тастап:* Өз басыңның амандығын ойла! Психопат!

Наполеон: Тарт тілінді! Мен әлем билеушісі император Наполеонмын! Сен сияқтылар менің алдымда сымдай тартылып, тік тұруға тиіс! Ұқтың ба, жоқ әлде қазір ұқтырайын ба саған!

Әйткен: *\ сабасына түсіп, жындының сандырағын қызық көріп, бағынатын адам құсап:* Ал, ұқтырып көріңіз. Мен ұғуға тырысып көрейін! Құлағым сізде, император!

Наполеон: Міне, енді дұрысталып қалдың. Мен қалай император болғанымды білесің бе? О-о, оның өзі үлкен тарих!

Әйткен: Ал мұнда қалай келіп жүрсіз? Менің білуімше, император Наполеон ешқашан да жындыханада жатқан емес!

Наполеон: Сен не білесің, әй? Императордың көрмегені бар ма?

Әйткен: Түрмеде отырды, жер аударылды. Қуғын-сүргін көрді. Бірақ, жындыханада болған емес. Жынданған да емес!

Наполеон: Кім айтты оны сау деп! Ол жынды, нағыз жынды болған! Негізі, қолбасшылардың бәрі де жынды болған! Жынды болмаса, жат жерді жаулап алып, ел-жұртты қырып-жойып, қанды қасап жасар ма еді? Міне, логикалық силлогизм заңы бойынша, даңқты басшылардың бәрі жынды болған! Демек, жындылардың бәрә -даңқты қолбасшы бола алады. Яғни, мен жындымын, демек мен Наполеонмын! Ал, дауың бар ма бұған?!

Әйткен: Логикаңыз тастай екен! Және, ешқандай сау адамның қисынына ұқсамайды! Демек, сіздің ойыңыз дұрыс деген сөз, император мырза! Олай болса, мұнда қайдан жүрсіз?

Наполеон: Мен бүкіл әлемді билегім келді. Жаулап алсам да, алдап, арбап алсам да әлем патшасы атағын алғым келді. Наполеон болғым келді. Оның несі жаман?

Әйткен: Ал, содан?

Наполеон: Содан не болушы еді? Мен әмірші болғым-ақ келгенмен, әміріңізге құлдық дейтін әлем қайда? Ешкім де, ешбір халық та, ешбір мемлекет те маған бойсұнып, қол қусырып, құлдық ұрмайтынына анық көзім жеткенде, жынданып кете жаздадым!

Әйткен: Әркім өзіне патша, әркім бір-бір Наполеон емес пе? Соған

бола өзіңізді-өзіңіз сонша қинап не болды?

Наполеон: Қалай не болды? Әй, сен бір қызық идиот екенсің? Дүниенің тұтқасы, әлемнің әміршісі болмасаң, адммын деп өмір сүріп керегі не? Өмірдің мәні де, сәні де – жер-жаһанның билеушісі болып, әлемге әміріңді жүргізу емес пе?

Әйткен: \ күліп: \ Ия, біз жиі-жиі патша, король болып тұрамыз! \ *Наполеон кәдімгідей ренжіп, мұңайып қалады. Оны байқаған Әйткен әзілге сайып:* \ Император бола салу бізге оп-оңай! Әрине, сахнада! Өмірде кішкентай кісі болып жүргенше, сахнада патша болып ойнағаным артық! – депті ғой бір дарынды әртіс ағамыз!

Наполеон: \ *Қолын бір-ақ сілтеп:* \ Ол маған келмейді! Мен ондайға көнбеймін! Мен – Наполеонмын! Әртіс болу – мен үшін қорлық!

Әйткен: \ *намыстанып, жыны қайнап:* \ Ненің қорлық екенін сенен сұрмайтын шығармыз!? Бір басыңа ие бола алмай, жындыханада қор болып жүріп, жұртқа мән үйретіп нең бар, ей, патшасымақ!

Наполеон: \ *жыны қайнап:* \ Сен идиот императормен қалай, қалай сөйлесіп тұрсың, ей!? Мә, саған!

Әбден жыны ұстаған император кенет Әйткенді алақанның қырымен кеңірдегінен салып жібереді. Бірақ, оның әр қимылын бағып тұрған Әйткен оның соққысына қатты блок қойып, тойтарып тастайды. Қолы ауырып қалса да, сездірмеуге тырысқан Наполеон екінші қолымен екінші жақтан салып жібермек болады. Әйткен оған да қатты блок қойып, қайтарып тастайды да, императордың екі қолын қайырып, тыпырлаған жындыны төсегіне жатқызады. Профессордың зәресі ұшып, дыбысы шықпай, аузын ашып қарап қалады. Жынданып, тыпырлаған Наполеон бір кезде басылып, әлі құрып, қор етіп ұйқтап кетеді.

142 – Көрініс. Жындыханада.

Банкрот болып, есі ауысып кеткен Айбатша жындыханаға жатқызылады. Әйткеннің палатасына түседі.

Есіктен кіріп, дәрінің әсерінен айыға алмай, есін жия алмай мәңгіріп тұрады. Бір кезде Әйткенді көреді.

Айбатша: \ *Әйткенге:* \ Әй, бала, мені таныдың ба?

Әйткен: \ *таныса да, сыр бермей:* \ Кешіріңіз... танымадым.

Айбатша: Танымаймын де! Иә, қазір мені ешқайсың танымайсыңдар! Танығыларың да келмейді! Ал бұрын бәрің де танитын едіңдер! Мені тануға, менімен танысуға құмар едіңдер!

Әйткен: Бұрын кім болып едіңіз сонша?

Айбатша: Бұрын ба, бұрын... Мен бай болдым! Бай болғанда, қатардағы қалталы бай емес, нағыз байдың өзі болдым! Менің миллиондарым, миллиардтарға, миллиардтарым триллиондарға оп-оңай айналып жататын! Әйткені мен баюдың, капиталды көбейтудің ең төте, тиімді жолын таптым! Бірақ, менің жаңалығымды басқалар пайдаланып кетті!

Әйткен: Апырмай, ә? Мынауыңыз шынында да керемет жаңалық екен. Бізге де айтыңызшы, бәлкім бір пайдасы тиіп қалар!

Айбатша: Баю үшін еңбек етіп, тер төгіп, қажып, шаршаудың, басты ауыртудың қажеті жоқ! Баю үшін асқан дарынның қажеті жоқ!

Әйткен: Ал сонда не керек?

Айбатша: Үлкен, тойымсыз, өмірі толмайтын қарын керек!

Әйткен: \ мырс етіп:\ Қарын?

Айбатша: Ия, қарын! Содан кейін байлықты сол қарынға жинай беру үшін жейтін, жей білетін арандай ауыз керек! Бітті! Басқа ештемені ойлаудың да қажеті жоқ!

Әйткен: Апырмай, мұныңыз нелеу екен...

Айбатша: Нелеу екен? Ештемесі жоқ. Бұл өмірдің ащы шындығы!

Әйткен: Жоқ енді, ия, ептеп шындықты білеміз ғой... Бірақ, мына сіздің айтып тұрғаныңыз бейнелі сөз, образ шығар?

Айбатша: Қалай түсінсең солай түсін! Бірақ бұл менің көзім әбден жеткен шындық! Өмірлік қағидам десе де болады!

Әйткен: Бірақ сіздің өз қағидаңызды өзгелерге таңуға хақыңыз бар ма? Сіздің шындығыңыз жалпы халықтық шындыққа қосыла ма, жоқ па? Бұл да бір ойланатын сұрақ!

Айбатша: Ойлансаң да, ойланбасаң да өзің біл! Ал менің шындығым қарапайым әрі пайдалы! Аузыңа түскеннің бәрін қарныңа тоғыта бер! Мен осы шындықты ашқаннан кейін, қолым жеткен жердің бәрін жалмап, қарныма зытыра бердім. Аузыма сиғанның бәрін талғамай жұта бердім. Қарынбай атандым! Бұл аттан ұялмадым, әйткені, өмірдің ащы шындығы сол, адамдардың барлығы қарынның қамымен өмір сүреді. Бәрінің де арманы – қайткенде қарын тойғызу. Ал, алғыр, пысық жандар артық байлықтың бәрін қарынға жинай береді.

Әйткен: Мәссаған! Мынауыңыз біз естімеген қызық қисын екен!

Айбатша: Қисын болса да, қисық болса да солай! Мен де жей бердім, қылғи бердім. Жеген сайын жегім келе берді. Қылғытқан сайын құлқыным құтыра берді. Жұтқан сайын жұтқым келе берді.

Тоймадым, қоймадым. Қарынбай деген даңқым шықты. Жақсы-жайсаң маңайыма жиналды. Ақ майымды асады, ойын-сауық жасады. Қызық дәурен кешті, Қареке, Қареке десті. Ал, маған соның бәрі аз көрінді!

Әйткен: Қанағатсыз болдым десеңізші!

Айбатша: Қарында қанағат болмайды! Содан кейін миллиондап, миллиардтап кредит алдым. Қайтсем де байлығымды көбейтіп, әлемдік миллиардерлерді қуып жетіп, басып озбақ болдым. Ия, шынында да дүниені билеп отырған алпауыттардан біздің қай жеріміз кем? Біз неге алшаң басып жүрмейміз? Ә-ә, әртісім, қалай ойлайсың? Менікі дұрыс па, дұрыс емес пе?

Әйткен: Дұрысы дұрыс қой, бірақ...

Айбатша: Не бірақ?

Әйткен: Әр нәрсенің дұрысы да, бұрысы да бар деген...

Айбатша: Мұнымен не айтқың келіп тұр, әй, әртісім?!

Әйткен: Жай, әншейін...

Айбатша: Жә, сонымен миллиардтап кредитті де ала бердім, қалтаға да сала бердім! Тендерден де қалмадым, базардан да жалмадым, қазаннан да қармадым, қазынаны да алдадым! Менің бүкіл есіл-дертім байыған үстіне баю болды! Ала бергім келді, қалтаға сала бергім келді де тұрды. Ертелі кеш, күндіз де, түнде де, жұмыста да, тойда да, қайда болса да менің басымда қайтсем капиталымды көбейте түсемін деген бір-ақ ой болды! Көзіме көрінген әдемі зәулім үйлерді де, ауыл мен қалаларды да, орман, тоғай, тау, тасты да, өзен, көлдерді де жекешелендіріп ала бердім! Бірақ, бәрібір көңілім толмады, қарыным тоймады!

Әйткен: Қалай ала бердіңіз? Сонда сізге қой дейтін адам болған жоқ па? Монополияға қарсы заң бар емес пе?

Айбатша: Маған заң жүрмейді! Мен алғанда ешқандай қағаз толтырып, заңдастырып басымды қатырып жатпаймын. Көзім түсіп, көңілім соққан нәрсені менікі деймін, бітті, менікі болады.

Әйткен: Мынауыңыз қызық екен. Бұл бір сиқыр, ертегі сияқты ғой!

Айбатша: Не десең о де! Мен осындай тәсілмен қазір жер жаһанның жарты байлығын меншіктеп алдым!

Әйткен: \ Қарынбайды енді түсіне бастап, қызық көріп, күліп:\ А-а, қиялыңызда ма? Мұныңыз тіпті кереметтің кереметі екен!

Айбатша: Ия, ғажап емес пе? Міне, осылай рахаттанып, қиял әлемінде қалқып жүріп жатыр едім, кредиторлар қыса бастады. Бұл кредит деген бәлені алған соң, төлеу керек екен ғой! Және үстіне процент қосып

төлеуге міндетті болады екенсің! Оны кім ойлаған!? Оңды-солды, андамында сала беріппін мол ақшаны. Оны-мұныны меншіктеп ала беріппін! Ал, оны қайтару керектігі мүлде ойымнан шығып кетіпті!

Әйткен: Ап-пырмай, ә? Содан...

Айбатша: Не содан?

Әйткен: Содан кейін не болды деймін?

Айбатша: Не болушы еді? Мені сотқа беріп, барымды тартып алды. Өзімді соттамақшы болып еді, мен жындыханаға зып-п бердім! Негізі, ең керемет тәсіл осы. Жындыға сот жоқ! Ха-ха-ха! Бірақ, олар менің қиялымдағы байлығымды ала алмады. Өйткені олар оны білмейді! Ал, мен қазір осы жерде отырып алып, күнде бір мемлекеттің қазынасына қол сұғып, қарыныма зытырып жатырмын!

Әйткен: Мұныңыз тіпті керемет, ерлік екен!

Айбатша: \ Мұңайып: \ Бірақ, бәрібір жер –жаһанның жайындарындай бола алмадым! Менің жанымды сол қинайды! Бірақ, мені ешкім түсінбейді! Мен мүлде жалғыз қалдым! Міне, енді мен жындыханадамын! Жындымын!

143 – Көрініс. Жасұланның көмегі.

Жындыхана. Әйткеннің палатасы.

Әйткен палатасында мұңайып, ойға батып отыр. Жанындағылар түгел ұйқтап қалған.

Әйткеннің есіл-дерті осы жерден аман-есен кету. Бірақ, мүмкіндік жоқ.

Сол кезде есік ақырын ашылып, қара киімді қарауыл кіріп келеді.

Әйткен таңданып, әрі сақтанып, байқатпай, ақырын, шайқасуға қамданып тұрады.

Екеуі оңаша қалған соң қарауыл бетіндегі пердені ашады. Бұл жас дәрігер Жасұлан екен. Ұйқтап жатқан ауруларды бір қарап шығып, Әйткеннің жанына келеді.

Жасұлан: Бұлар таң атқанша тырп етпей ұйқтайды. Әдейі дәрі беріп тастадық. Сізге ешкім бөгет болмайды. \ Қойнынан жіңішке, мықты арқан алып шығып, Әйткенге береді. \ Мына арқанды мына темір құбырға \ жылу жүйесінің батареясын көрсетеді. \ мықтап байлаңыз да, терезеден төменге қарай түсіп кете беріңіз. Өртістер спортшы емес пе шетінен! Сізге онша қиын бола қоймас. Нар тәуекел!

Әйткен: Секірсем де кетемін деп отыр едім. Мынауың тамаша болды!

Жасұлан: Байқап түс! Тайып кетпе! Қолға түспей кетуге тырыс! Қарауылдардың көпшілігі менің кісілерім. Оларға ескертіп қойдым. Алда жалда қуғын болса, саспа! Қуғыншылардың ішінде мен де боламын. Нар тәуекел! Арғы жағын көрерміз!

Әйткен: *\Қуанып, толқып: \ Әй, бауырым Жасұлан! Саған көп рахмет! Әлі кездесерміз!*

Жасұлан: Кездесеміз! Әлі бірге істейтін біраз жұмыстар бар! Жерге түскен соң, дуалды жағалап, есікке қарай жүре беріңіз. Алда – жалда алдыңыздан қарауылдар шығып қалса, саспаңыз. Қағып, соғып кете беріңіз. Оның ішінде біздің жігіттер де бар. Мен өзім де сол маңайда боламын. Қалғанын көрерсіз. Ал, жақсы! Қас-қарайып қараңғы түскен соң, қимылдаңыз!

Әйткен: Ал, жақсы, бауырым Жасұлан! Көп рахмет, саған!

Жасұлан: Әзір қоштаспаймыз. Біз әлі кездесеміз! Айтылатын әңгіме, ашылатын құпия сыр көп! *\ ақырын басып, шығып кетеді. *

Әйткен жалғыз қалған соң, ұйқтап жатқан ауруларға бір қарап қояды. Профессор, Наполеон, Айбатша дым сезер емес. Пысылдап ұйқтап жатыр. Түстерінде әлдене деп сөйлеп қояды.

Әйткен арқанды қолына алып, созып, тартып, мықтылығын тексеріп көреді. Содан кейін жарты метр сайын бір түйін түйіп, байлап шығады. Терезеден түскенде, қолы таймас үшін. Арқанды құбырға мықтап, күрмең байлайды.

Қараңғы түсіп, тыныштық басады.

Әйткен терезені ашып, жан-жағына қарайды. Арқанды сыртқа тастап жіберіп, енді терезеден шыға бергенде: «Тоқта! Тоқтатыңдар! Қашпаңдар! Қашушы болмаңдар! Қашқандарыңды түгел өз қолымнан атып өлтіремін!» -деген ащы айқай шығады. Қапелімде сасып қалған Әйткен терезені жаба салып, төсегіне зып береді. Сәлден соң ес жиып, жан-жағына қараса, жұлқынып, қолдарын сермең, сөйлеген ұйқыдағы Наполеон екен. Өзі басын көтеріп, төсегінің үстінде отыр. Бірақ, көзі жұмулы, ауыр ұйқыда.

Әйткен: *\мырс етіп, орнынан тұрып, Наполеонның қасына келеді: \ Мәскеуден қашып барасыңдар ма, жоқ әлде Ватерлоодан зытып барасыңдар ма? \ Иығынан итеріп қалғанда, Наполеон төсегіне сылқ етіп құлап түсіп, дыбыссыз ұйқтай береді. \ Кісі ауруханадан қалай қашып құтылуды ойлап, қиналып тұрса...*

Орнынан тұрып, терезеге келеді. Төменге қарайды. Жерге дейін алыс сияқты. Тым биік болып көрінеді. Үңірейіп, қорқынышты көрінеді. Әйткен күш-қайратын жинап, айбарланып, ақырындап терезеден түсе бастайды.

144 – Көрініс. Жындыханадан қашу.

Дала қараңғы. Әйткен терезеден түсіп, ақырындап, арқанмен біртіндеп төмен қарай жылжи береді.

Аурухананы күзетіп жүрген екі қарауыл Әйткен түсіп келе жатқан терезенің түбінен арлы-берлі өтеді.

Бір кезде біреуі жоғары қарайды.

Салбырап түсіп келе жатқан кісіні көріп, ақырын ысқырып, жолдасын шақырады.

Жолдасы бұрылып қарағанда, бірінші қарауыл қолымен жоғарыдан түсіп келе жатқан қапшықты көрсетеді.

Олар Әйткенді қарсы алуға дайындалып, қабырғаға жабысып, дыбыссыз күтіп тұрады.

Әйткен бар күшін салып, арқанмен сырғып, аяғын кейде қабырғаға тіреп, кейде салбырап, қиналып, ақыры жерге топ ете түседі.

Ол түскен бойда екі қарауыл тарпа бас салып, оған тыныштандыратын көйлек кигізбекші болады.

Бірақ Әйткен шапшаң жалт бұрылып, қолдарын қағып-қағып жіберіп, тұра қашады.

Алайда, бір қарауыл оны аяғынан шалып үлгереді.

Екінші қарауыл қалтасынан ысқырғышын алып шығып, шырылдатып ысқырады.

Етпетінен құлап бара жатқан Әйткен перекат жасап, домалап түседі де, атып тұрады.

Екі қарауыл екі жағынан төніп келеді.

Әйткен амалсыз айқасқа кіріседі. Олармен төбелесіп, екеуін екі жаққа қағып тастап, қаша жөнелгенде, ысқырықты естіп, топырлап жүгіріп жеткен бір топ қарауыл Әйткенді қоршап алады.

Қолға түссе біржөла құритыны түсінген Әйткен өз бостандығы үшін жанын салып шайқасады. Бірақ, қарауылда көп болғандықтан, жығылып, талап қалғандарына қараматан Әйткенді ұстап, усмирительная рубашканы кигізуге оқталады.

Сол кезде қарауылдардың екеуі әлгілерді ұрып жығады.

Әйткен аң-таң болып тұрғанда, әлгі қарауыл оған «былай қарай қаш!» деп, қолымен белгі береді.

Әйткен түсініп, тұра зытады. Сол күйінде есікке жетіп, одан бір-ақ қарғып, сыртқа түсіп, қараңғылыққа сіңіп кете береді.

145 – Көрініс. Жындыхана. Әйткеннің палатасы.

Қара киімді, бетінде пердесі бар біреу ақырын басып Әйткеннің бөлмесіне кіреді. Жан-жағын қарап, тыңдап тұрады. Наполеон, Қарынбай, Профессор нысылдап ұйқтап жатыр. Әлг белгісіз қарауыл терезеге тақап келіп, жан-жағына бір қарап, іле-шала арқанды жинап алады. Құбырдан шешіп, терезені ақырын жауып, аяғының ұшынан басып шығып кетеді.

146 – Көрініс. Құғыншылар.

Жындыханада. Әйткеннің палатасында.

Палатада Наполеон, Айбатша, Профессор мәңгіріп отыр.

Шайхан есікті сарт еткізіп ашып, екпіндеп кіріп келеді. Қасында – Жасұлан.

Үш ауру ұшып тұрады.

Шайхан: \ қатал дауыспен: \ Қайда? Қайда әлгі әлем әртісі Айтуар Айталиев?

Үшеуінде үн жоқ, мөлііп тұр.

Шайхан: \ одан сайын қаһарланып: \ Мен сендерден әлгі маньяк әртіс қайда деп сұрап тұрмын!

Наполеон, Профессор, Қарынбай: \ үшеуі қатарласа, жарыса: \ Білмейміз! Біз ештеңе білмейміз!

Шайхан: Ал сонда кім біледі? Бірге жатқан Наполеон, Профессор, Қарынбай білмегенде, Пушкин мен Кукушкин біле ме?

Профессор: Мен шынында да ештеме білмеймін!

Қарынбай: Тіпті сезген де жоқпын!

Наполеон: Өліп ұйқтап қалыппын! Тура Ватерлоодағы шайқастан кейінгі ұйқы!

Шайхан: \ саябырсып, салмақпен: \ Жоқ, өтірік айтасыңдар! Сендер бәрін жасырып тұрсыңдар! Мен жындыларды жақсы білемін! Өйткені өмір бойы көрген-баққаным жындылар болса, мен білмегенде кім біледі! Сендер бір-біріңді қорғаштап, жасыруға келгенде алдарыңа жан салмайсыңдар! Айтыңдар қане, жандарың барында! Не болды? Қайда кетті? Қалай қашып кетті?

Профессор: Білмейміз!

Наполеон: Біз ұйқтап қалыппыз!

Қарынбай: Қатып қалыппыз!

Шайхан: Апырмай, ә? Жайшылықта түннің бір уағына дейін

ұйқтамай, жұрттың мазасын алғанда сондай едіңдер? Неғып қызыліңіңден жата қалдыңдар, жатқан бойда қата қалдыңдар?

Жасұлан: Шайхан аға, мен шамалап тұрмын не болғанын...

Шайхан: Ал, айта ғой жорамалыңды?

Жасұлан: Әртістер әбден әккі, тісқаққан қу болады. Олар өмірдің сан түрлі қиындық пен қызығын, ой мен қырын көрген, қауіп-көтермен бетпе-бет келіп, күресіп үйренген, шыңдалып, шыныққан шымыр жандар. Қым-қуыт тіршіліктің неше түрлі құйтырқысын, әдіс-айласын меңгеріп алған әртістерді оп-оңай қолға түсіріп, қалпақпен ұрып ала алмайсыз.

Шайхан: Жә, мұнымен не айтқың келіп тұр? Мың жерден әртіс болса да, олар менен айлакер, менен ақылды, менен мықты емес!

Жасұлан: Солайы солай ғой... Бірақ, тап осы жолы әртіс Әйткен айласын асырып кеткенін көріп тұрсыз! Ол бұларға *\ үшеуін нұсқайды. * дәрі беріп, ұйқтатып тастап, тайып тұрған!

Шайхан: Ах, енді түсінікті болды! Бірақ, бұл уақытша ғана! Мен оны іннің түбінен суырып аламын! *\ Үшеуіне бұрылып, зекіп. * Жарайды, сендермен кейін сөйлесемін! *\ Жасұланға: * Ал қазір кешікпей аттанайық қуғынға! Мен оның қайда екенін білемін! Сезіп тұрмын жындының жасырынатын жерін! Жасұлан! Зорро мен Робин Гудты, тағы да үш-төрт жігітті ал да, еріңдер менің соңымнан! Алға! Аттан! Аттан!

Дауылдатып, дабылдатып, қолдарына құралдарын алып, аттанады.

Шайхан: *\ қиқулап, әндетіп. *

О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Табыңдар маған жындыны,

Меланхолик мұңдыны,

Жарығынан жалғанның,

Жақсы емес пе оларға,

Жындыхананың мың күні!

О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Қайдасыңдар, қанеки,

Дуаланған дүңгәна,

Қияли мен құлғана,

Қояншық пен айкезбе,

Бәріңдікі бір ауру,

Бойды буған жын ғана! Жын ғана!

О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Жалмай берсем дейтұғын,
Біріңдікі қара жын,
Ала берсем дейтұғын,
Біріңдікі ала жын,
Жұрттан қалай асам деп,
Жанталасқан дара жын!
О – хо-хо! Йо-хо-хо!

Жындарыңды қағатын,
Жөнге жылдам салатын,
Жындыларын жаһанның,
Жұп-жуас қып бағатын,
Кең ақылды кем қылып,
Милау қылып алатын,
Жынды әлемнің жалмауыз,
Падишасы мен ғана! Мен ғана!
О-хо-хо! Йо-хо-хо!
\Төртеуі билеп, кетеді.

147 – Көрініс. Фанат.

Театр сахнасында Қызбала рөлдің сөзі жазылған дәптерін қайта-қайта ішінен оқып, образға кіріп, дайындалып жүр.

Әлем-жәлем киінген, барынша жасаруға тырысып, бес батпан боянған дәу денелі Элеонора жетеді. Шәмеледей шашы дудар-дудар болып, бұрқырап, алып-ұшып келіп, сахнаны шыр айналып шығады. Рөлге дайындалып, қолдарын сермеп, арлы-берлі тербеліп жүрген Қызбалаға кекесінмен көз жүгіртіп өтеді. Қызбала оны байқамай, ернін жыбырлатып, бетін құбылтып, рөлін оқи береді.

Элеонора: Маған әртіс Әйткен керек! \ Қызбала естімей, көзін жұмып, қолын созып, алға ақырын жүре береді\ Әртіс Әйткенді қайдан табуға болады? \ Қызбала жауап бермеген соң, жыны ұстаңқырап, оның жолына тұра қалады. Қызбала оны ақырын итеріп тастап өте бермек болғанда, Элеонора тапжылмай бөген тұрып алады. Қабырғаға тірелгендей болған Қызбала көзін ашып, оған қадала қарайды. Екеуі бетпе-бет, тақасып тұрады.\ Маған әртіс Әйткен керек!

Қызбала: \ қитығып: \ Менің өзіме де керек!
Элеонора: Ол қайда?
Қызбала: Жындыханада!
Элеонора: Жындыханада?! Онда не, кездесу өткізіп жатыр ма?
Қызбала: Иә! Бенефис!
Элеонора: Қап! Білмей қалғанымды қарашы!
Қызбала: Білгенде қайтер едіңіз?
Элеонора: Барып қатысушы едім!
Қызбала: Көрермен болып па, кейіпкер болып па?
Элеонора: Маған бәрібір! Әртіс Әйткенге қарап отырсам болды! Шіркін, қасында тұрсам ғой! Қолынан ұстасам ғой! Суретке түссем ғой...менде басқа арман болмас еді!
Қызбала: А-а! Түсінікті!
Элеонора: Не түсінікті?
Қызбала: Жо-жоқ, түсініксіз! Шынында да түк түсініксіз!
Сол кезде жүгіре басып Әйткен келіп қалады. Қызбаланы құшақтауға ыңғайланып, құшағын жаяды. Қызбала құшақтатпай, лып етіп бұрылып кетеді.
Әйткен: \ ауа қармап: \ Ах, Дездемона!
Қызбала: Иә, қалай...жындыханадан аман-сау келдің бе?
Әйткен: Өй, бар болсын!
Қызбала: Қағаз алдың ба әйтеуір?
Әйткен: Қағаз ба? Қағаз келеді, иә...келе жатыр...
Қызбала: Жә! Издегенің қағаз болса, міне, бір то-ом кітап келіп қалған сияқты! \ Әйткеннен көзін ала-алмай, өліп-өшіп тұрған Элеонораны елеусіздеу ғана көзімен көрсетеді. Әйткен оған бұрылады. \

Әйткен: Ә-ә, сәлеметсіз бе!
Элеонора: О-о, сәләмат, сәләмат! Ой, Әйткен, Әйтешя! Мен сені қанша іздедім! Таптым-ау ақыры! \ Екпіндеп келіп, абдырап қалған Әйткенді бас салып құшақтай алады. Әйткен әуелде сасыңқырап қалып, әлсіз қарсылық білдіреді. Қызбала қызық көріп, үп-үлкен әйелдің ерсі қылықтарын қалт жібермей қадағалап тұрады. Элеонора аш белінен қос қолдап қысқан күйі Әйткенді тік көтеріп алып, екі бетінен аяусыз шолпылдатып сүйіп-сүйіп алады. \ Енді айрылмаймын сенен! \ Әйткенді жерге түсіріп: \ Сен дегенде күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ қой менде! Мен сенің талантыңа тәнтімін! Табынамын саған! Сен менің көмірімсің...а-а, тойыс кумирімсің! Сен рөлге беріліп ойнаған кезде, мен есімнен танып қаламын ғой! Шіркін, білсең ғой,

өзінді қалай жақсы көретінімді! Мен сенің өнеріңе ғашықпын! \ *Зорға есін жиган Әйткен әрлі – берлі теңселіп жүреді. Қызбала Элеонораға байқатпай оның қимылдарын қайталап, мазақтап, дыбыссыз сылқ-сылқ күледі.* \ Келші, бір суретке түсейікші жақсылап! \ *Әйткенді жетелеп жүріп, селфи жасайды.* \ Инстаграмға сап қоямын! Тоқтай тұр, енді былай бір түсейік... енді былай... Кумир, тойыс, көмір мен көмірше деп жазып қойсам, қатып кетпей ме! Ха-ха-ха! \ *Зор даусымен қарқылдап күледі.* \

Әйткен: \ *Зорға тілге келіп:* \ Сіз кітапханада істейсіз бе? \ *Элеонора оған көзі атыздай болып қарайды.* \ Кітапханашысыз ба?

Элеонора: Сен не деп тұрсың? Кітапханашы болатындай менің басыма не күн туыпты? Мен бизнес вумен Элеонорамын!

Әйткен мен Қызбала қосарлана: «О-о! Солай ма?!» десіп, қосыла күледі сақылдап.

Элеонора: Неге сонша мәз болдыңдар, а-а? Менің бір жерім ашылып қалған жоқ па? \ *Өзін-өзі айналдыра бір қарайды.* \

Қызбала: Жоқ, бәрі дұрыс! Біз жай... әншейін...

Элеонора: Ә, жай болса жарайды. \ *Әйткенді қолынан сүйрелеп:* \ Кел, енді мына жерде... шымылдықты құшақтап түсейік. Сен қыз бізді баса қойшы қатырып. \ *Соткасын ұсынады.* \

Қызбала: \ *Сотканы ала беріп:* \ Шымылдыққа орап алыңызшы өзін!

Элеонора: Во! Ид-дея! Кел, Әйткенжан, екеуміз жартылай шымылдыққа оранып, жабысып тұрып түсейікші бір-бірімізге! Қандай керемет сурет болады! Театр әртісімен театр шымылдығын жартылай жамылып, жабысып тұрған жұмбақ суретімді көрген жұрттың іші жарылып кететін шығар! \ *Әйткенді белінен ұстап, шымылдық жамылған өзіне қарай бейімдеп, тартпақшы болады. Әйткен қарсылық танытып, лып етіп оның қолынан шығып кетеді. Құшағы босап, ауа мен шымылдықты қармап қалған дәу әйел кәдімгідей ренжиді.* \ Ой, Әйткен, сен немене, менен қашып тұрсың ба? Чо, зазвездился зараза?!

Әйткен: Жоқ, қашып тұрған жоқпын! Бірақ, ыңғайсыз ғой... былай, адам құсап түсе берейік те!

Элеонора: Адам құсап?! Ал, мен немене, адамға ұқсамаймын ба? Мен сені қалай күшті жақсы көремін, ал сен болсаң, мені тіпті де жақсы көрмейді екенсің!

Әйткен: Жақсы көргенде... жақсы көреміз ғой енді... Өнер сүйген қауымды біз де жақсы көреміз!

Элеонора: Олар басқа, мен басқамын! Мені ерекше жақсы көруін керек!

Әйткен: Иә, жақсы көреміз ғой, апай...

Элеонора: Апай!? Қайдағы апай!? Апай деуші болма ендігәрі. Эля, Элочка де! Мен сіздің өнеріңізге сондай ғашықпын! Мен сізге спонсор боламын! Про-дюс-сер боламын да, сіздің өнеріңіздің күллі әлемге көрінуіне жағдай жасаймын! Мега – мега – мега супер звезда боласыз! Бұған қалай қарайсыз, Әйткенжан?! \ *Әйткен қысылыңқырап, не істерін білмей есі шығады.* \ Әй, Әйткен, Әйткенжан! Сен маған тіпті көңіл бөлмейсің ғой өзі! Айттым ғой, зазвездился деп! Ох, падла! Ал, ендеше, мен де сені жақсы көрмеймін! Ал, қайтесің, жек көремін! Ибәй, сахнада сәнді көрінгенге кәдімгідей жақсы көріп жүрсем... сен де кісінің қадірін білмейтін бір итім екенсің ғой! \ *Әйткен мен Қызбала үп-үлкен кісінің мың құбылған қылығына не дерін білмей, үнсіз таңданып тұра береді.* \ Ал, ендеше, мен кеттім! \ *Екпіндей басып, шыға беріп, бұрылып.* \ Бірақ, көп ұзамай қайтып келемін! Сонда алдымнан жүгіріп шығатын бол! Әйтпесе, көресің!

\ *Элеонора кеткен соң, Әйткен басын шайқап, әрлі-берлі жүреді.* \

Әйткен: Міне саған танымалдылық! Осындай да болады екен-ау!

Қызбала: Несі бар? Өнерді әркім өзінше сүйеді! Апайдың көңілін қалдырмағаның жөн! \ *Элеонора болып:* \ Мен сіздің өнеріңізге сондай ғашықпын! Спонсор боламын! Про-дюс-сер боламын! Мега-мега-мега звезда жасап шығарамын!

Әйткен: Қойшы сен де, қылжақтамай!

Қызбала: Мен қылжақтап тұрған жоқпын! Шынын айтып тұрмын! Өнеріңе ғана емес, өзіңе де ғашық екені көрініп тұрған жоқ па? Ессіз махаббат жасқа қарамайды! Алып жіберсең қайтеді?

Әйткен: Қойшы, әй!

Қызбала: Жоқ, несі бар? Дайын байлық, спонс-сор, про-дюс-сер!

Әйткен: Қойшы, қайдағыны айтпай!

Қызбала: Қайдағыны емес, ойдағыны айтып тұрмын! Енді келгенінде, мойнына асыла кетейін деп тұрсың ғой! \ *Бұртиғансып, кетеді.* \

\ *Әйткен оңаша қалған соң, жан-жағына ұрлана қарап алып, кітапханашы қызға телефон соғады.*

Әйткен: Әлә! Әлә! Сәлеметсіз бе? Бұл сіз бе? Бұл мен ғой... мен, эригинәлни әртіс Әйткен! Неге үндемейсіз? Әлгі өзіңіз хат жазып жүрген сүйікті әртісіңіз Әйткен! Ә-ә, енді таныдыңыз ба? Даусыңыз біртүрлі алыстан естілетін сияқты...бірақ, үніңіз таза, күмістей

сыңғырлап-ақ тұр! Үні таза жандардың жүзі жарқын, жаны сұлу болады! Апырмай, мұндай да әуезді, сиқырлы дауыс болады екен! Мен сіздің хаттарыңызды сүйсініп оқимын. Бәлкім, сіздей шешен тілмен жауап жаза алмаған шығармын. Сондықтан, кеудеме толып кеткен сезімді тікелей жеткізуге асықпын! Ал, енді қашан, қалай кездессек екен?! Ертең кешке біздің спектакльге келіңіз! Содан кейін кездесерміз! Иә дедіңіз бе?! Апырмай, сіздің иәңіз қандай ғажап! Сірә, сізде жоқ деген сөз жоқ сияқты! Иә дейсіз бе тағы! Иә дегенді қалай керемет, бір сиқырлы сазбен айттыңыз! Иә! Жақсы, ертеңге дейін! \ *телефонды сөндіріп:* \ Иә! Иә! Иә дейді!

Қызбала келіп қалады. Әйткен әлгі әдемі күйден әрең айығып, ештеңе сездірмеуге тырысып бағады..

Қызбала: Иә, Әйткен Әтеллі, айтпақшы, әлгі оқымысты кітапханашың хабарласып тұра ма?

Әйткен: Иә, хат жазып тұрады! Бірақ, телефоны ауысып кеткен бе, нөмірі басқа!

Қызбала: Е-е, қазіргі қыздар шпион сияқты ғой, бірнеше нөмір ұстайды. Жарайды, нөмірін қайтесің, көңілін айтсаңшы. Не деп жазыпты данышпаның?

Әйткен: Менің рөлдерім туралы тамаша ойларын жазыпты. \ *Әйткен соткадан кітапханашы қыздың хатын дауыстап, құбылтып оқиды.* \ «Өнердің бір жағы шындық болса, бір жағы өтірік. Өзегі, нәрі шындық. Ал, сол шындықты жеткізудің неше түрлі амал, әдістері кейде өтірікке ұрындыруы мүмкін. Жағымды кейіпкер, жағымсыз кейіпкер деп бөлесіздер. Осының өзі дұрыс па? Жағымды, мінсіз герой плакат, уақытша ұран сияқты. Ал адасып барып жол тапқан адамның жан арпалысы анағұрлым шынайы, әсерлі емес пе?» Міне, қалай айтады шындықты!

Қызбала: Солай де!

Әйткен: Былай дейді: «Адам театрға ой еркіндігін, сезім тебіренісін, көркем сөздің әуезін іздеп келеді. Бірақ, кейде таба алмай, құлазып қайтады. Сізде сондай еркіндік, толғаныс, шешен тіл бар! Сіз ойнаған рөлдер бізді балқытып жібереді. Сіз ешкімге ұқсамайсыз! Сіз әригинәлнисіз! Тіпті, қойылымның қалыбына сыймай кетесіз кейде. Өнерде бұл жақсы. Ал өмірде жарға соқтыруы мүмкін. Сондықтан, бүкіл рухани қайратыңыз бен айбатыңызды өнерге жұмсаңыз! Өмірде сабырлы болсаңыз, сізге жан жетпейді!»

Қызбала: Мә-ә, мынауың тереңдеп барады ғой! Кездесуге шақырмадың ба?

Әйткен: Шақырғанда...шақырдым бірнеше рет!

Қызбала: Ах, Дон Жуан! Байқа!

Әйткен: Жо-жоқ, Қызбала, сен қызғанба! Мен жай... талғампаз көрермен ретінде спектакльге шақырдым.

Қызбала: Ал? Келді ме? Көрдің бе өзін?

Әйткен: Соның келген, келмегенін білмей дал болып жүрмін. Біресе келемін дейді...Біресе келдім, залда отырмын дейді, бірақ көрінбейді!

Қызбала: Охо! Көзге көрінбейтін кітаптағы кәниз-зәктар сияқты кәр-рәмәт болды ғой! Бәлкім, сені әбден ынтықтырып өлтірейін деген әккі түлкі боп жүрмесін! Әлде, кітапқа тесіліп, телміріп жүргенде, оқу етіп кеткен бір бәле ме екен? Байқа, миыңды айналдырып, басыңды байлап алмасын!

Әйткен: Жоға, о не дегенің жаным! Менікі жай әуестік қой!

Қызбала: Әуестік соңы әуейілік деген...Өзің де білесің, мен көнбеймін ондай қиқаңға! Шиканыңды шығарамын! \ *Бұртиғансып кетеді. Оңаша қалған Әйткен телефонын алып, кітапханашы қызға звондайды.* \

Әйткен: Әлө! Әлө! Бұл мен ғой...әригинәлни әртіс Әйткен! О, менің кітәби асылым, кітапханадағы ғашығым, кітаптағы құпиядай, тереңде жатсың жасырын! Жарқырап жарыққа шығатын күн болар ма?!

Осы кезде аяқ тықыры естіліп, алыстан әлдекімді іздеп келе жатқан Шайхан көрінеді. Артында беттеріне перде киген үш қара киімді қарауылы бар. Оларды көзі шалып қалған бойда, Әйткен телефонын сөндіре салып, зытып отырады. Шайхан мен үш қарауыл келіп, жан-жақтарын тіміскілеп, іздей бастайды. \

Шайхан: Мұқият қараңдар! Мен сезіп тұрмын, ол осы маңда! Жындыларға жақындаған сайын, менің жон арқам шымырлап, шаштарыма дейін жыбырлап кетеді! Әр қуысына дейін үңіліп, театрдың түгін қоймай ақтарып шығыңдар! Табыңдар қалайда! Өйткені, бұл жындының жөні бөлек! \ *Төртеуі тіміскілеп, Әйткенді іздей береді. Шайхан қарқылдап күліп, қалшылдап билейді.* \

О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Табыңдар маған жындыны,

Меланхолик мұңдыны,

Жарығынан жалғанның,

Жақсы емес пе оларға,

Жындыхананың мың күні!

О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Қайдасындар, қанеки,
Дуаланған дүңгәна,
Қияли мен құлғана,
Қояншық пен айкезбе,
Бәріңдікі бір ауру,
Бойды буған жын ғана! Жын ғана!
О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Жалмай берсем дейтұғын,
Біріңдікі қара жын,
Ала берсем дейтұғын,
Біріңдікі ала жын,
Жұрттан қалай асам деп,
Жанталасқан дара жын!
О – хо-хо! Йо-хо-хо!

Жындарыңды қағатын,
Жөнге жылдам салатын,
Жындыларың жаһанның,
Жұп-жуас қып бағатын,
Кең ақылды кем қылып,
Милау қылып алатын,
Жынды әлемнің жалмауыз,
Падишасы мен ғана! Мен ғана!
О-хо-хо! Йо-хо-хо!
\Төртеуі билеп, тінткілеп, кетеді.

148 – Көрініс. Шайханның шатағы.

Қызбаланың гримеркасы. Қызбала бет-аузын әрлеп отыр. Алып – ұшып Әйткен кіріп келеді.

Әйткен: Қызбала! Ойбай, Қызбала!

Қызбала: Не боп қалды?

Әйткен: Кеп қалды аналар!

Қызбала: Кімдер?

Әйткен: Қарауылдар! Жындыханадан!

Қызбала: Жындыханадан?

Әйткен: Мені іздеп келді олар! \ *Сырттан тықыр естіледі.* \ Тез жасыр мені, Қызбала!

Қызбала: Бәлкім, кітапханаға барарсың? Көп кітаптың ішіне кіріп кетсең, адам таппас!

Әйткен: Қойшы енді сен де...ойнайтын уақытты тапқан екенсің! Бол, тез енді!

Қызбала: \ *Шкафты ашып:* \ Мында отыра тұр! \ *Әйткен үлкен, кең шкафтың ішіне тығылады.* \

Элеонора кіріп келеді.

Элеонора: Әйткен бар ма?

Қызбала: Әйткен менің қалтама салып жүретін ойыншығым ба, немене?

Элеонора: Өзің кесір сөйлейсің ғой! Мен бар болғаны Әйткенді сұрап тұрмын!

Қызбала: Неге сұрайсыз менен? Неге соңымыздан қалмайсыз? Әлде Әйткенді біржолата жекешелендіріп алып па едіңіз?!

Элеонора: Қызбаланба, Қызбала!

Қызбала: Тәк...Тәтешкі! Төтіңкі, төтіңкі! Тура түсініп алыңыз! Сізге Әйткен жоқ! Қанша тыраштансаңыз да, миллиондап ақша төксеңіз де, ол сізге пысқырып та қарамайды! Ұқтыңыз ба?

Элеонора: А-а!? Не дейсің? О-о, сорлы басым! Неге мұнша тұзым жеңіл болды екен?! Әттең, дүние-ай, не дейін енді?! Сендер мені түсінбедіңдер! Ой, Әйткен, Әйткенжан! И-ии...*егіліп жылайды, бірақ онысы қызық, күлкілі шығады.* \ Мен сені туған бауырымдай жақсы көремін ғой! И-ии! Уф, жүрегім-ай!

Қызбала: \ *Әуелі сасқалақтап, қысылып:* \ Ой, апай, әпкетай! Қойыңызшы! Сізге не болды сонша?!

Элеонора: Не болушы еді маған? Күйдіріп біттіңдер ғой! Уф-ф! И-ии, жүрегім-ай!

Қызбала: \ *Рөл ойнап, өтірік қосыла жылайды:* \ И-ии! Уф-ф, жүрегім-ай! Әй, Әйтеке –ай, Таутеке-ай!

Элеонора: \ *Екеуі қосылып біраз жылап алғасын, басылып, Қызбаланы жұбата бастайды:* \ Қой, қоя ғой, жарығым! Мен жыласам жылайын, сен жыламашы! Тек сендер, жастар, жыламаңдаршы! И-ии! Уф-ф, жүрегім-ай!

Қызбала: Уф, менің де жүрегім-ай!

Элеонора: \ *Ес жигасын:* \ Әйткен қайда?

Қызбала: Жүрген сахна жақта.

Элеонора: Мен оны іздеп келейін!

Қызбала: Иә, сөйтiңiз! Бiр айналып келерсiз!

Элеонора кетедi. Қызбала шкафтың есiгiн аша бергенде, есiк тықылдайды. Қуғыншылар кеп қалған екен деп, Әйткен шкафқа қайта кiрiп кетедi. Қызбала қорқа-қорқа есiктi ашса –Тойтан.

Қызбала *Қуанып*: Ой, ағай! Сiз екенсiз ғой! Қандай жақсы болды!

Тойтан: *Оны өзiнше жорып, қуанып:* Жақсы болды... иә! Бұдан да жақсы болады! Мен басшылықпен сөйлестiм. Олар да сенiң... тойыс, Дездемонаның шешiнуiн құптап отыр!

Қызбала: Не дейсiз? Қалайша құптайды олар? Немене, сондай бұйрық шығарып бердi ме?

Тойтан: Жо-жоқ,ендi, ондай бұйрықты ешбiр бастық шығармайды, әрине. Бiрақ, қарсы емес. Ал, тиым салынбаған нәрсенiң бәрiне рұқсат деген сөз! Рұқсат, рұқсат, рұқсат!

Тойтан қоразданып, Қызбалаға қырындай бастайды. Сол кезде Нәркестiң даусы шығады.

Нәркес: Тойтеке, Тойтеке! Қай тесiкке кiрiп кеттiң, әй? *дал есiктiң түбiне кеп қалады:* Ой, Тойтеке, қойтеке! Қайда кiрiп кетсең де, сирағыңнан ұстап, суырып алмай қоймасын!

Тойтанның зәресi ұшып, Қызбалаға жаутаңдап қарайды. Еңкейiп, үстелдiң астына кiрiп кете жаздайды. Қызбала оны шкафқа тығып қояды. Нәркес келедi.

Нәркес: Қызбала, ой, Қызбала! Тойтекендi көрген жоқсың ба?

Қызбала: Тойтан ағай ма? Жоқ, көргем жоқ!*Қолымен шкафты нұсқап қояды. Нәркес түсiнiп,шкафты саусағымен шертiп-шертiп қояды. Әдейi әңгiме айтып, Тойтан ендi қайтер екен деп, күтiп отырады..*

Нәркес: Иә,әлгi Әйткенiңiз...Әйтекеңiз қалай? Бiрдеме дейтiн түрi бар ма?

Қызбала: Не деуi керек едi?

Нәркес: Ендi, былай...не ғой...үйленем демей ме?

Қызбала: Демейдi, ал! Дей алмай жүр...әзiрге! Әуейiлеу боп, әуе қармап, кәдiмгiдей кәллә таңдап жүр!

Нәркес: Кәлләсi несi?

Қызбала: Көп кiтап оқыған, ақыл, бiлiм тоқыған кәрр-рәмәт кәллә керек дейдi!

Нәркес: Кәлләнi қайтедi, ей? Оқу өтiп кеткен кәл-лә пәл-лә болады демейсiң бе?

Қызбала: Оны қағудан қалды. Дуа тиген диуанадай, дала кезiп кете беретiн болды!

Нәркес: Ап-пырмай, ә! Біздікі Той – теке... Сіздікі Ай – теке...
Тауып көр қайда қай теке!

*Сол кезде Әйткенді іздеп келе жатқан Шайхан мен үш қарауылдың дүбірлері естіледі. «Қайда? Қайда әлгі қашқын әртіс?», Байқаңдар, бір жерден сытылып шығып кетпесін!» «Саспаңыз! Детдомнан қашып құтылса да, дурдомнан қашып құтылған адам жоқ тарихта!» – деген қаһарлы дауыстары тіпті қатты шығады. Дабыл қағылып, дауыл тұрғандай болады. Қызбала Нәркеске үндемей отыра беріңіз деп, ымдайды. Шайхан мен екі қарауыл кіріп келеді. Жан – жағына асықпай көз салып, Қызбала мен Нәркеске тіктеп қараған Шайхан шайқалып қалады. Үш қарауылға «шыға тұрыңдар!» дегендей қолымен белгі береді. *

Шайхан: Сыртта күте тұрыңдар. \ Олар кеткен соң, Нәркеске қызыға қарап, сызылып: \ Сіз әртіссіз ғой, ә?

Нәркес: Солай сияқты!

Шайхан: Дәп солай! Мен сізді жақсы білемін. Сіздің есіміңіз Нәркес емес пе?!

Нәркес: \сәл толқып: \ А-а, сіз мені қайдан білесіз?

Шайхан: Мен сіздің ойыныңызды көргем!

Нәркес: А-а! Сізге ұнады ма?

Шайхан: \ әдейі баяулатып: \ Ұнағанда...былай ғой... \ Нәркес оған телміріп, қатып қалады. \ Ұнаған деген жай сөз ғой... Керемет! Тамаша! Сұмдық ойнадыңыз! Иә, иә, дәп солай...Сұмдық!

Нәркес: Рас айтасыз ба? Шынымен сондай әсер етті ме?

Шайхан: Иә! Естен тандырдыңыз ғой бүкіл елді!

Нәркес: \ ренішпен: \ Ал менің күйеуіме онша ұнаған жоқ! Түгімді қоймай сынап тастады!

Шайхан: Ә-ә, солай ма? Оған бола таусылмаңыз. Күйеу дегенің бір ақылға сыймайтын нәрсе ғой. Күйдіргі! Көбісі \ шекесін саусағымен шұқып қояды: \ мындай болады! Шетінен қызғаншақ, іші тар келеді. Әсіресе, әдемі әйелдердің, аса дарынды әртіс әйелдердің күйеулері дүндік болады!

Нәркес: Сөзіңіздің жаны бар! Дүңгәнә өңкей!

Шайхан: Шіркін, соларды менің қолыма берсе, жеке бір дурдомға топтап қояр едім! Айтпақшы, мен жоғары категориялы психиатр дәрігермін. Есімім Шайхан!

Нәркес: Танысқаныма қуаныштымын!

Шайхан: Қуанышты болсаңыз, келіңіз, құшақтасайық! \ Құшағын жайып, жақындап келеді. \

Нәркес: Қойыңыз, ойбай! Ұят-тағы!

Шайхан: Несі ұят? Әлде, менің сөзім жақпай ма сізге?

Нәркес: Сөзіңіз жағуын жағады...тіліңіз майда екен! Бірақ мұныңызды біздің Тойтекең естіп қойса, майда тіліңіздің қайда қалғанын білмей қаласыз!

Шайхан: Көзсіз қызғаншақтық! Өзімшілдік! Түсінікті!

Нәркес: Иә, иә! Оған қоса, қайтсем бүкіл әлемдік атақ-даңққа бөленіп, атымды тарихта қалдырам деп, күні-түні ұйқы – күлкі көрмей, уайымға батады!

Шайхан: Ахау, бикем, жар-жар! Солай деңіз! Олай болса, сіздің Тойтекеңіздің диагнозы өте қауіпті! Ма-ния-я величи-ия!

Нәркес: Мания величия? Құрыды десейші...Мұның қандай емі бар?

Шайхан: Мұның емі жоқ! Оның уақытша болса да жаны жай тауып, тыныш ұйықтауы үшін ертеден кешке дейін сен кереметсің деп мақтай беру керек!

Нәркес: Кереметсің дегенді керек те қылмайды қазір! Әбден тойып біткені сондай, ол сөз құлағына да кірмейді!

Шайхан: Аха! Түсінікті! Онда асқынып кеткен! Оның бір-ақ жолы бар!

Нәркес: Айтыңызшы тезірек!

Шайхан: Біздің жындыханаға жатқызу керек! Бітті! Ешкімге зиянын тигізбей, өз ұлылығына өзі мас болып отырады!

Нәркес: Апырай, басқа жолы жоқ па? Үйде, қолдан емдеуге келмей ме?

Шайхан: Атай көрмеңіз! Диагнозы өте қауіпті! Бірақ, сіз қам жемеңіз...бізде рахат... дәріні беріп-беріп қойсақ, тыныш ұйқтайды. Ең бастысы, сіздің еркіндігіңізге бөгет болмайды!

Нәркес: Астапыралла, не деп кеттіңіз!

Шайхан: Шошымаңыз! Біз сізді жалғызсыратпай, қасыңызға кеп отырамыз! Айлы түнде жұптасып ән саламыз!

Нәркес: Ап-пырмай, ә! Сонда қалай, сіз көзіңіз түскен көрікті келіншектердің күйеулерін жындыханаға қамап қойып, өздерін айналдыра бересіз бе?

Шайхан: Дәп солай! Сіз бізді тура түсіндіңіз, Нәркесжан!

Нәркес: Ал егер оған көнбесе ше?

Шайхан: Көнбесе...өзін де жындыханаға жатқызып қоямыз. Төрт-бес укол мен бір уыс дәріден кейін қолға қонады! Ха-ха-ха!

Нәркес: \ *Шошынғанын сездірмеуге тырысып, түк түсінбеген*

бола қалып: | Оп-пырмай, ә? Оп-оңай екен, ә?!

Олар сөйлескен сайын, шкаф дірілдей бастайды.

Қызбала: О-о, әзілдеріңіз жарасып барады ғой! \ *Шкафты ақырын қағып –қағып қояды. Шкаф дірілдейді.* \ Нәркес жеңгей қандай құлпырып, жасарып кеттіңіз! Сірә, жындылардың жан жылуы сіздің де жүрегіңізді жадыратып жіберген тәрізді!

Нәркес: \ *Шаттанып, жорта қылымсып:* \ Қойшы, Қызбалажан, рас айтасың ба? Мұныңды Тойтекең естіп қойса, талып қалып жүрмесін!

Қызбала: Я болмаса таяқпен, салып қалып жүрмесін!

Шайхан: Салып көрсін...Саусағымен шертіп көрсін...жындыханаға бір-ақ тығайын ол қояншықты!

Қызбала: Тойтекеңнің қояншық екенін қайдан біле қойдыңыз, бас дәрігер мырза?

Шайхан: Әйелдің көзіндегі мұны байының жынды екенін әйгілеп тұрады! Ха-ха-ха?!

Нәркес: Ап-пыр- май! Сонда сіз кісінің түріне қарап-ақ жынды, сауын айыра бересіз бе?!

Шайхан: Айырғанда қандай! Тіпті, менің көзіме адамдардың бәрі сырқат болып көрінеді. Міне, міне, сізден де бірнеше мания, фобияның белгілерін көріп тұрмын! Ия, дәл солай!

Нәркес: Не солай?

Шайхан: Сіз менің болашақ пациентіңіз!

Қызбала: Адамдарға эксперимент жасап, мінездеме беруге бола ма екен?!

Шайхан: Мен кездескен адамдардың бәріне өзімнің пациенттерім ретінде қараймын! Тіпті, қонақта бірге болған адамдарға да мінездеме беріп, белгілі бір психологиялық типтерге жатқызуға тырысамын. Байқағанымның бәрін психоанализ теориясының қалыбына салып кеп жіберіп, адамдарды сорттап, қандай ауруға, қандай манияға жататынын хаттап-шоттап отырамын! Әрі-беріден соң, жанама яки тікелей сұрақтар қойып, психологиялық эксперименттер жасап, жауабына қарай қорытынды шығарамын.

Қызбала: Оу, ағай, адам теорияға сыймайды ғой! Оның белгілі бір жағдайлардағы әрекеттері мінез-құлқына, көңіл-күйіне, жан-дүниесіне байланысты. Ең бастысы,құдай қалай бастаса,солай іс қылады емес пе!

Шайхан: Міне, сіздің де қай психотипке жататыныңыз белгілі болып қалды! Сіз өне – бойын қорқыныш буған, өз қолынан ірі іс-

әрекет келмейтін, жауапкершіліктен қашып, бәрін құдайға жауып құтылатын жалтақ, үрейқуық пендесіз!

Қызбала: \ *Намыстанып:* \ Байқап сөйлеңіз! Жұрттың бәрін таңбалап, өз қораңызға қамауға қандай хақыңыз бар?!

Шайхан: Болғанда қандай! Өйткені, мен жындыхана бастығымын! Шынымды айтсам, бүкіл әлем – жындыхана сияқты болып көрінеді маған! Бүкіл адамзат жынданып кеткен! Шіркін, барлығы менің қол астымда отырса қандай керемет! Мен жынданған әлемнің патшасы болсам! Паһ-паһ-паһ! Міне, нағыз патшалық!

Қызбала: Сіз қандай қорқынышты адамсыз!

Шайхан: Ха-ха-ха! \ *Қызбалаға тесірейе қарап:* \ Жанталасқан дүниеде бір-біріңді алдап, жылтыраққа алданып, мансап, билікке таласып жатқан сендер қорқыныштысыңдар ма, әлде, сондай жындыларды тәртіпке салған мен қорқыныштымын ба?!

Қызбала: Олай қарамаңызшы, құдай үшін!

Шайхан: Не, көзім ұнамай ма сізге?

Қызбала: Ұнамайды! Өңменімнен өтіп барады!

Шайхан: Өйткені сіз маған ұнайсыз! Мен сізді бір көргеннен құлап қалдым!

Нәркес: \ *Күліп:* \ Сіз бір көрген қыз-келіншектің бәріне құлай бересіз бе, не?

Шайхан: Иә! Олар ұнай береді, мен құлай беремін! Әлемдегі әдемі әйелдің бәрі менікі болуы керек!

Нәркес: Өйдөйт!

Шайхан: Ал менікі болу үшін, әдемі әйелдердің бәрі жындануға тиісті! Менің жындыханамда жұп-жуас болып отырса – бітті шаруа, менікі деген сөз!

Қызбала: Сонда сіз немене, сау әйелдерді сүйе алмайсыз ба? Әлде, сау әйелдер сізді сүймей ме?

Шайхан: Сау әйел деген бар ма өзі? Болса қайда екен, қане? \ *Нәркесті саусағымен нұсқап:* \ Мынау ма сау әйелің? Ха-ха-ха!

Нәркес: Сіз не деп тұрсыз, ә? Менің есім дұрыс, ақылым бүтін!

Шайхан: Ха-ха-ха! Қараңдар мынаған! Есі дұрыс, ақылы бүтін! Ха-ха-ха! Әй, бір көрген кісіге жан жарыңды жамандап отырғаның жындылық емей немене? Әйелің бар, еркегің бар, біреу келіп мақтап қойса, майдай еріп, қолқ ете түсетіндерің не? Жылы сөз айтса, жалп ете қалатындарың қалай? \ *Нәркес назаланып, үндей алмай қалады.* \ Ал, шындық сөзін айтып, бір

ауыз сынаса, өз бауырыңды да иттің етінен жек көріп кететіндерін жындылықтың көкесі емес пе? А-а, бұған не дейсіздер, менің құрметті пациенттерім?! Ха-ха-ха! Мен білетін бір-ақ сау адам бар! Ол кім деп ойлайсыздар, қане? \ *Нәркес пен Қызбала үнсіз..* \ Ол – сіз! \ Қызбалаға тесірейе қарайды.\

Қызбала: Мен?! Қалайша?

Шайхан: Солайша! Сондықтан, мен сізді тез арада жындандыруым керек!

Қызбала: Неге? Не үшін?

Шайхан: Психтардың сорт-сортты көп қой! Бәрін емдеу керек! Соларды емдеймін деп жүріп, өзім де соларға қосылуға жақын қалдым! Менің нәзік жаным дертті!\ *Әнде те билеп:*\

О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Қызбала, ой, Қызбала,

Оның емі сіз ғана,

Мынау жынды әлемде,

Жынданбаған біз ғана,

Қызбала, ой, Қызбала!

О-хо-хо! Йо-хо-хо!,

Айтқан тілді аласың,

Біздің үйге барасың,

Айтқан тілді алмасаң,

Жаман болып қаласың,

Қол ұстассаң менімен,

Шын бақытты табасың,

Жындыхана – әлемнің,

Падишасы боласың,

Қызбала, ой, Қызбала!

О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Бидің ырғағымен бұралаңдап, Қызбаланы қолынан ұстап, сүйрелей береді.

Қызбала қатты қарсылық көрсетіп, алысып, жұлысып бағады.

Бірақ Шайхан шындап күшін салып, қорқынышты дауыспен: «О-хо-хо! Йо-хо-хо!» - деп ақырып, нәзік қыздың қолын қайыруға айналады.

Гримеркада.

Шайханмен алысып, әлі құрып бара жатқан Қызбала жанұшыра шыңғырып, айқай салады.

Қызбала: Әйткен! Әйткен! Көмектес!

Шайхан: Ә-ә, солай де! Әлгі әртіс осында екен ғой! Әне, қалай дәл тауып келгенмін! Қане, ер болса көрінсінші көзіме!

Сол кезде Әйткен шкафтан ақырып атып шығады.

Әйткен: Қысқарт, қане! О-хо-хо! Йо-хо-хо! \

Шайханмен төбелесе кетеді. Екеуі қойғыласып, алысып-жұлысып, айқай-шу болады.

Қызбала мен Нәркес үртіп, бір шетте қарап тұрады.

Әйткеннен жығылып қалып, жерде домалап жатқан Шайхан қалтасынан ысқырғышын алып, қатты шырылдатып ысқырады.

Іле-шала қара киімді, беттеріне перде жамылған үш қарауыл жетіп келеді.

Әйткенді ұстай бергенде, ол лып етіп шкафқа кіріп кетеді.

Екі қарауыл тұра ұмтылып, шкафқа қолдарын тығып жіберіп, тыпырлатып Тойтанды суырып алып шығады.

Ай-шайға қаратпай Тойтанға усмирительный рубашканы кигізе бастайды. Нәркес ойбайлап, ара түспек болғанда, орнынан тұрып, қайтадан қоқилана қалған Шайхан қалтасынан укол салатын шприц-инені алып шығып, оны қорқытып, дыбысын өшіреді.

Қызбала дымы шықпай, бақылап тұра береді.

Қап киген Тойтан: Тоқтаңдар! Тоқтатыңдар! –деп, өкіріп-бақырып, сәл тыпырлап барып, Шайханның уколынан қорқып, тынышталады.

Шайхан қоразданып, қарауылдарға шкафты нұсқайды.

*Екеуі шкафты тағы ақтарып, қарсыласып, арпалысқанына қарамай Әйткенді айқайлатып суырып алып шығады. *

Шайхан: Ұсталдың ба, әп, бала! Енді бітті сәбізің! \ Ұзын, жуан шприцін қынабынан суырып, көкке көтеріп, жалақтата бұлғап, қорқытып тұрады. \ О-хо-хо! Йо-хо-хо!

Сол кезде Қызбала оқша атылып, оның қолын қағып жібереді.

Инесі жерге ұшып түседі.

Бәрі бір-біріне қарап, қайтерін білмей, аңдысып тұрғанда, Әйткенді іздеп жүрген Элеонора жетеді дуылдатып.

*Шайханды көрген бетте бас салады. *

Элеонора: Ах, падла! Зараза! Сен енді мында келдің бе?

Шайхан долданған дәу әйелден қорқып, бұрышқа қарай қашқалақтайды.

Элеонора: \ *Жұртқа жар салып, Шайханды нұсқап:* \ Бұл баяғыда менің бизнесімді тартып алған! Мені псих, ауру деп, дурдомға жатқызып қойған. Бірақ, мені қамауда ұстайтын еркек туған жоқ әлі! Мен бұлардың қарауылдарын алдап-сулап, араққа дәрі қосып беріп, ұйқтатып тастап, тайып тұрғанмын!

Қызбала: Бұл сіздің Әйткеніңізді жындыханаға қамағалы келіп тұр!

Элеонора: Немене? Не дейсің? Әйткен, Әйтеشيا захотел? Ұғып ал, падла, егер де Әйткенге, менің Әйткеніме тиісетін болсаң, бүкіл ісінді қопартып, соттатып жіберемін! Талай сап-сау адамдарды ауру деп өтірік актілеп едің, енді біз сені актілейміз! \ *Қарауылдарға тесіле қарап:* \ Тоқта, тоқта! Сен Зорро емессің бе? \ *Бас салып, пердесін сыпырып алады:* \ О, Зор-ро, Зоррикито, Зорбайжан! \ *Сасқалақтаған Зорроның есін жидырмастан:* \ Мен Эля, Элеонорамын ғой! Танымай қалдың ба, шынымен? А, иә, арада қанша жыл өтті! Өмір бізді өзгертпей қоя ма? Оның үстіне...мына пәлекет те... \ *Өзінің басындағы шөмеледей дудар-дудар паригін сыпырып алады. Әп-әдемі шашы жарасып, мүлде өзгеріп шыға келеді:* \ Мінекей!

Зорро: О-о! Эля, Эллочка! \ *Қолынан ұстап, қуанып:* \ Мен сенімен кездесетініме сендім! Екеуміздің айлы түнде, жындыхана ауласында сырласқан бақытты кездерімізді ұмыту мүмкін бе?!

Шайхан: \ *Есін жиып, бақырып:* \ Тоқтат! Тоқтатыңдар! Махаббат отменяется! Махаббат дегеніміз де жындылықтың бір түрі! Психоанализ теориясы бойынша! Жынды болмаса, бір адам екінші адамға қайтіп сағыздай жабыса қалады!? Сондықтан, сендердің орындарың жындыхананың түбінде! \ *Екінші қарауылға:* \ Ұста мына екеуін! Сал уколды!

Шайхан қаһарланып, саусағымен Элеонораны нұсқап тұрғанда, екі қарауыл оны бас салып, ұстап алып, усмирительный рубашка кигізе қояды.

Шайхан: Әй, әй! Мен бас дәрігермін! Бас дәрігермін!

Айқайлап, тыпырлай бергенде, Робин Гуд жерде жатқан ұзын, дәу шприцті алып, оның құйрығына бір укол бере салады.

Робин Гуд: Сен енді бас дәрігер емессің! Мас дәрігерсің!

Зорро: Моп-момақан милау болуыңызбен!

Шайхан: О, Зорро!? \ *Робин Гуд та бетін ашады.* \ Робин Гуд?!

Сендер мұнда қайдан жүрсіндер? Мен сендерді әбден дәрілеп тастап едім ғой!

Зорро: \ Қарқылдап күледі. Робин Гуд қосыла күледі:\ Бізді шынымен жынды, ақымақ көресіз бе? Сенің дәрілеріңді ішкен жоқпыз!

Робин Гуд: Жинап, жинап, қарауылдарыңа бердік! Енді олар жатады жындыханада...өзіңмен бірге... мәжнүн болып!

Шайхан: Ал, жақсы! Енді кете бермейсіңдер ме үйлеріңе? Менде не әкелеріңнің құны бар!?

Робин Гуд: Сен науқастардың ақшасын жеп, ұрлық жолмен байыдың әбден!

Зорро: Сен сап-сау адамдарды жындыханаға жатқызып, дәрімен уландырып, ауруға айналдырдың!

Робин Гуд: Кемеңгерді кеңкелес қылдың!

Зорро: Сұлуларды алдап-сулап, зорладың!

Робин Гуд: Енді өзің кем ақыл байғұссың! Көр енді, сана құлдығының қандай болатынын!..

Зорро: Жұртқа көрсеткен азабыңды өзің тарт!

Робин Гуд: Жындылардың арасына тығып жіберсек, өздері – ақ табады жайыңды!

Шайханды Робин Гуд, Тойтанды Зорро сүйрелеп алып кетуге ыңғайланады. Әлсіз қарсылық көрсетпек болған Шайханды Элеонора артынан итермелеп қояды.

Тойтан: \ Тыпырлап: \ Тоқтаңдар! Мен қарсымын!

Зорро: Қысқарт! Айда, жүр былай!

Робин Гуд: Әйтпесе, саған да бір ине жалынсын!

Тойтан: Әй, менің сендерге түк қатысым жоқ! Мен режиссер Тойтан Қойқаңовпын!

Зорро: Тойтан Қойқаңов! Енді Тойпаң Байпаңов боласың!

Робин Гуд: Онда сенен де зор не бір режиссерлер отыр! Олар енді сені дрессировать, тойыс, режиссеровать етеді! \ *Тойтан булығып, тыпырлайды.* \ Қиқандама, Қойқаңов, шиканыңды шығарамын! \ *Укол салуға оқталып, инесін көтере береді. Тойтанның үрейі ұшып, сылқ етіп құлай бергенде, Нәркес араларына килігіп, Тойтанды құлатпай, құшақтай алып, арашалай бастайды.* \

Нәркес: Тоқтаңдар! Тоқтай тұрыңдар! Тойтекемді өзіме беріңдер! \ *Тойтан орғып кетіп, Зорроға жабыса қалады.* \ Мен оған жындыхананың қандай болатынын көрсетемін!

Зорро: Е, жарайды, ала беріңіз! Бізге сіздің жындының керегі де жоқ! \ *Тойтанды Нәркеске қарай итеріп жібереді.* \

Тойтан: \ Зорроға жабысып, айырылғысы келмей:\ Сенъор Зорро! Мистер Робин Гуд! Мені қалдырмай ала кетіндер! Мұның көк перісі ұстағанда, біздің үй жындыханадан да жаман! Төрт қабырғаға камалып, қорлығына көнгенше, сендермен кең дүниені кезіп кеткенім жақсы!

Зорро: О, амиго! Вилкоммен!

Робин Гуд: \ Тойтанды ортаға алып:\ Бізді Шервуд күтуде! Шервуд!

Тойтан: Зер гут!

Нәркес: Зер гут атаңның басы! Мен саған зер гутты көрсетейін! Әй, Зорро, неше жерден зор болсаң да, сорыңды қайнатамын қазір! Әй, Робин Гуд, жақсылықпен жаныңды күт!

Зорро: О, синъорина! Айтқаныңызға құлдық!

Робин Гуд: Ма-мақұл, миссис... леди...веди...көди-сөди... Тек шыңғырмаңызшы! Мә, мінеки! \ Тойтанды Нәркеске қарай итеріңкіреп жіберіп, Зорро екеуі Шайханды ала жөнеледі. Шайхан қылжысып, ұйқылы – ояу халде сүйретіліп, айтқандарына көніп, айдауларына жүре береді.\

Нәркес: Ой, рахмет! Әркімнің өз жындысы өзіне! \ Амалы құрыған Тойтан әйелінің иығына басын сүйеп, кіріптар болып тұрады. Қозғалақтап, қаптан босат дегендей болады. Бірақ, Нәркес оны қаптан шығармай, сол күйі қосаяқтап секіртіп, алдына салып айдап әкете береді.\ Тәйт, Тойтеке, әйт Тойтеке! Ой, Тойтеке, қой теке!

Элеонора: \ Шайханды итермелеп, Зорроға көмектеседі.\ О, Зорро, Зорро, Зоррикито! Зорбайжан! \ Әртістерге бұрылып:\ Жарайсыңдар! \ Шыға берген Нәркес Тойтанды тежсеп, Элеонораның сөзін тыңдағысы келіп бөгеледі.\ Әйткен-Әйтешя жаным! Қазір бәрі де әртіс. Негізі, әртіс деген әдемі сөз. Өтірік кісі болып көрінгеннен де, шын әртіс болып жүрген артық! Мен сіздерді жақсы көремін! Келіп тұрамын сіздердің ойындарыңызға! Жалғыз келмеймін! Бүкіл жындыларымды алып келемін! Негізінде, ең әсершіл көрермендер – жындылар! Өйткені, олардың жүйкесі жұқа, өте сезімтал келеді. Не болса соған күліп, не болса соған жылай салады! Рахат! Тіпті, қайтіп әсер етеміз деп бастарың қатпайды! Сезім қылын бір рет шертіп жіберсеңдер, бітті – браво, овация! Өйткені, сыбырлап қана айтайын, жындыны жынды ғана түсінеді! Хи-хи-хи! Чао! \ Барлығы қосыла күліп, тарай бастайды. Нәркес Тойтанды алып кетеді. Зорро, Робин Гуд Шайханды сүйрелеп, Элеонора итермелеп кетеді.\

150 – Көрініс. Әженің уайымы.

Әйткеннің пәтерінде.

Әже мен Жаңыл сөйлесіп отыр.

Әже: Туған ай тураған етпен бірдей деп, күн артынан күн өтіп барады, баланың келін әкелетін ойы жоқ. Бүгінгінің жастары не болып барады? Бір түсініксіз, тұңғыық заманға тап келдік, әйтеуір. Алла-ау, балдарды аман қыла гөр!

Жаңыл: Бір жөні болар...саруайымға салына бермей, әліптің артын бағайық....

Әже: Әй, қашанғы бағамыз? Бағып болған жоқпыз ба? Жатсам-тұрсам ойымнан шықпайды, түн баласы тыныш ұйқы жоқ, дөңбекшіп, күрсінуге боламын... Көзім ілініп кетсе неше түрлі түс көремін!

Жаңыл: Қараптан- қарап таусыла бермесеңізші! Құр босқа уайымға жем болмаңыз! Серпіліп, сергек жүріңіз!

Әже: Уайымдама дейсің...Өмір бойы көргенім қайғы, жегенім уайым болса қайтейін...Бүкіл ғұмырым балдарды ойлаумен өтті емес пе? Енді міне, немеренің жолына телміріп отырмыз.

Жаңыл: Мүжіле бермесеңізші енді...Кімге керек ол үрей? Ойлай берсеңіз, сөйлей берсеңіз босқа ауырып қаласыз. Бәрін де Аллаға тапсырып, тынышталсаңыз!

Әже: Айтуға оңай... Балаларды ойламай, оларға алаңдамай қайтіп жүресің? Ауырады жүрегім... Өткен жолы құдалардың бір ауыз сөзін көтере салып, тып-тыныш сол қызды алып беру керек еді! Бардыңдар да, бәрін бүлдірдіңдер келдіңдер! Құда түсе барып, қырылысқанда кім көрген! Сұмдық-ай! Қазақ қазақ болғалы мұндай масқара болды ма екен?

Жаңыл: Ой, апа, рас айтасыз! Ұяты ұят болды! Бірақ, әне бір Тапал неме, тақ-тақ етіп, төбемізді тесе жаздады ғой. Дөкей қайныңыз әрі шыдады, бері шыдады. Ақыры жарылды! Бәріміз де жарылдық! Неді,ибәй-ай, бетім-ай, алайын деп отырған келіннің соңынан сөз еріп, жаман аты шығып жатса, қайтіп шыдайсың?! Бізді кінәламаңыз, апа! Бұзылған жастарды кінәлаңыз! Жастарды бұзып жатқан заманды кінәлаңыз!

Әже: Білмеймін...Не дерімді білмеймін... \ күрсінеді. \

151 – Көрініс.Жұмбақ кітапханашы.

Театр сахнасында.

*Сахнада тұрғанда Әйткеннің телефоны шырылдайды. *

Әйткен: Әлө! Әлө! Иә, тындап тұрмын...Қысылмай айта беріңіз... Кеше сізді кездестіре алмағанымға өте өкініштімін! Спектакль бойы залға жалтақтап караумен болдым. Көрермендердің арасында сіз отыр-ау деп, көзім талғанша қарадым әбден! Бірақ, бұрын көрмеген соң амал не, таба алмадым! Қанша звондасам да, телефоныңыз сөніп тұрды. Кейіннен хатыңызды алған соң ғана көңілім орнына түсті. Әдемі жазыпсыз...Көп сөзге жоқпын, жазғанды жақсы көремін депсіз. Ал, мен керісінше, жазуға онша емеспін. Есесіне, ауызша сөзге қоя берсеңіз, күпілдеткенде түбін түсіремін! Жарайды, сіздің жазған бір ауыз лебізіңіз неге тұрады! Сондықтан, реніш жоқ! Дегенмен, кездесуден неге сонша қашқалақтай беретініңізді түсінбей дал боламын! \ *Ышқынып:* \ Ә-ә, не дейсіз! Келіп тұрмын дейсіз бе? Қайдасыз,қане, мен алдыңыздан шығып қарсы алайын?! Сахнада? Мына біздің үлкен сахнадасыз ба? Келе жатырмын? Қайда? Гримеркаға? Ойбай, мұнда келуге болмайды!? Неге деп сіз сұрамаңыз, мен айтпайын! Мұнда келуге мүлде болмайды! \ *Қызбала кеп қалады.* *Әйткен одан сайын сасқалақтап:* \ Қазір, сәл күте тұрыңызшы...мен сізге қайта звондайын!

Қызбала: Иә, әригинәлни әртіс Әйткен, тым шайқалып кетіпсің, жайшылық па?

Әйткен: Жайшылық емес...қайшылық!

Қызбала: Ол қайдан келген қайшылық?!Айшылық алыс жолдан ба? Әлде, ғайыптан келді ме?

Әйткен: Жо-жоқ...жай, әншейін...телефонның әңгімесі ғой...

Қызбала: Е-е, сол ма еді! Телефон деп айтпайсың ба бірден! Жарайды, телефон болса...мен әртістерге барып келейін...сен алаңсыз сөйлесіп ала ғой! \ *Әйткенге жымыя қарап, шығып кетеді.* \

Әйткен: \ *Абдырап, жан-жағына қарап алып, телефон соғады.* | Әлө,әлө! Бұл мен ғой! Қай жердесіз? Мен сіздің алдыңыздан шығайын! Керегі жоқ? Неге? Өзім келемін дейсіз бе? Ә-ә...не ғой...нелеу болмай ма дегенім ғой...Мен барайын да өзім...қайда екеніңізді айтсаңыз болды, құстай ұшып жетемін ғой...Ә-ә, кеп қалдыңыз ба, есік алдына...\ *Есі шығып,есікке бара бергенде, Қызбала кіріп келеді.* *Әйткен одан сайын сасады.* \ А-а, сен екенсің ғой!

Қызбала: Иә, менмін! Ал сен басқа біреуді күтіп пе едің, әригинәлни әртіс Әйткен!

Әйткен: \ *Сасқалақтағанын білдірмеуге тырысып:* \ Жоқ...иә... жай, әншейін...

Қызбала: Дені сау адам жай әншейін күтуші ме еді? Жарайды,саспа,

бірге күтейік! Кім біледі, бұл да жын болып, сені қағып кетіп жүрмесін!

Әйткен: Иә... енді...былай... не ғой...сенікі дұрыс! Бір тілші келем деп еді...сұхбат алуға!

Қызбала: О-о, қандай тамаша! Бірақ, сұқпытыңа қарағанда, сұхбат беретін кісіге ұқсамайсың онша! Айтпақшы, әлгі тілшіңіз...ұл ма, қыз ба?

Әйткен: Мен қайдан білейін оны! Журналшының жынысында жұмысым қанша? Тілші ме, тілші – бітті! Келген соң көрерміз кім екенін!

Қызбала: \ *Асықпай жайғасып алып:* \ Ғайыбың ештеме демей ме?

Әйткен: Қойшы, ей, Қызбала!

Қызбала: Ал, жарайды мен үндемей сотка шұқылап отырған болайын, сен журналшымен жосылта бер! \ *Теріс бұрылып, соткасын шұқылап бірдемелер жаза бастайды.* \ Әу, Әйтеке,! Әлгі рухани ғашығың...кітапханашы қыздың: «Қазір қисыннан гөрі қисаңдау қызық көрінеді!» – дегені тура!

Әйткен: \ *Аң-таң болып:* \ Өй, сен мұны қайдан білесің? Ойпырмай, тура, иә...

Қызбала: «Сырласудың орнын ырбаңдасу басты» – дегені ше? Менің ғайыбым айтады...

Әйткен: Әй, қайдағы ғайып?

Қызбала: Сенде ғайып болғанда, менде болмай ма екен? Сол, менің ғайыбым айтады, кітапханашы қызың былай жазды дейді: \ *тебіреніп:* \ «Қазіргі театр көрерменнің рухани сырласы бола алды ма? Адамдар театрдан жан азығын таба ала ма? Бүгінгі спектакльдер қажыған жанға қуат беріп, құлазыған көңілді нұрландыра ма? Жүдеген жандар театрдан рухани сауығып кетудің орнына, одан сайын езіліп қайтса, қандай жаман! Бір өзі бүкіл көрерменді ұйытып, күлдірсе шаттандырып, ойына ой қосатын рухы күшті әртістер бар ма? Бар! Мен үшін ол тек қана сіз! Мен театрға сізді ғана іздеп келемін!»

Әйткен: \ *Әуелі аузын ашып қалады. Артынша қатқылданып:* \ А-а, тоқта, тоқта, қу Қызбала! Сен менің телефонымды репетиция кезінде ашып, оқып алғансың ғой! Ұят емес пе?

Қызбала: Өйдөйт! Біреудің телефонын ақтарып, қарайтындай не бопты! \ *Байқатпай, телефонын басып, смс жібереді.* \

Әйткен: \ *Телефонына зың-ң етіп смс келген соң, шыдай алмай ашып оқуға оқтала береді:* \ Қазір, мына хат кеп қалды...

Қызбала: Тоқтай тұршы...Менің ғайыбым айтады...Былай деп жазып па? «Өнеріңізге ғашық нәзік жан отты айналған көбелектей

болып, өзіңізді айналып жүр, айналып жүр. Бірақ, кездесуге бата алмай, алыстан ғана сүйініп, оттан ыстық сәлем жолдайды! Ал сіз оны көрмейсіз! Амал не...Көре алмайсыз! »

Әйткен: \ *Телефонын қарап жіберіп:* \ Әй, дәл түстің! Тіпті, сөзбе-сөз тура айтып тұрсың! Бұл не деген ғаламат?!

Қызбала: Ойлан, тап қане! Ал, тыңдай бер! Кітапханашы қызың былай деп жазды ма саған! «Сіз шынайы дарынсыз! Сіздің жан толқыныңыз бүкіл көрерменді қозғайтындай қуатты. Мен сізбен бірге толқып, ой теңізіне батамын. Мен сіздің өнеріңізге ғашықпын!» \ *Беріліп, шындап, сай-сүйегін ерітіп айтады. Әйткен аң-таң. Есі шығып, Қызбалаға бір, айналаға бір қарайды. Бұрыш-бұрышты, еденді, төбені қарайды. Есікті ашып қарайды. Қызбала басын шайқап, қарап отыр.* \

Әйткен: \ *Алып-ұшып, алқынып:* \ Ол жоқ! Жер –көкте жоқ! Қайда ғайып боп кетті? Жаңа ғана келіп тұрмын деген!

Қызбала: Кімді айтып тұрсың, Әйткен? Әлгі тілшіні ме?

Әйткен: Жоқ! Тілші дейді ғой...Кітапханашы қызды...өмірлік ғашығымды айтып тұрмын! Әлде, сенен ұялып қашып кетті ме екен?!

Қызбала: Ол бар! Тек қана сен оны көрмей тұрсың!

Әйткен: А-а?! Бар дейсің бе? Қайда қане, бар болса...бар болғыр...

Қызбала: Ол осында. Мен оны көріп тұрмын!

Әйткен: Ал мен неге оны көрмей тұрмын?!

Қызбала: Сенің көзің байланған! Басың айналған! Жаның жат дуамен жайланған!

Әйткен: А-а! Енді ұқтым! Сен оны да шкафқа тығып қойған екенсің ғой! Маған сюрприз жасайын деп! Сюр-при – из! \ *Толқып, ақырын шкафты ашады. Қарайды. Ешкім жоқ. Жан-жағын тінте қарайды. Жоқ.* \ Ал, қайда қане?

Қызбала: Сен сәл күте тұр! Мен қазір оны тауып берейін. Менсіз оны таба алмайсың. Өйткені мен оны сен таба алмайтын тереңге тығып қойдым! Арманың сол кітап кемірген кемеңгер қыз болса, амал қанша! Араларына килігіп, бөгет болмайын! Қош бол, қымбатты досым!

Әйткен: Кешір мені, Қызбала! Сен өте жақсы адамсың! Саған мың рахмет! Бірақ, амал не, қоштасуға, дос болып қалуға тура келеді!

Қызбала: Иә, амал не! Жүрекке әмір жүрмейді деген! \ *Екеуі бір-бірін қимай-қимай қоштасады. Қызбала шығып кетеді.* \

\ *Әйткен жалғыз. Ой үстінде, толқып, сенделіп жүреді. Құлағына алдебір әуен талып жеткендей болады. Ол соған елтігендей тербеліп*

*тұрады. Кенет әдемі киінген бір сұлу қыз кіріп келеді. Бетіне жеңіл перде – вуаль жасаған. Көзінде – қара көзілдірік. Әуен сап тиылады. *

Әйткен: \ *Ақырын жақындап, толқып тұрады. Қызда үн жоқ. *
Сіз...сіз-з... Сағындырып жеттіңіз-ау ақыры!

Қызда үн жоқ, тас мүсіндей қатып қалған.

152 – Көрініс. Әй, әртістер-ай!

Әйткен батылданып, теріс қарап тұрған қызға жақындап келіп, толқығанын сездірмеуге тырысып, ақырын ғана тіл қатады.

Әйткен: Сіз қандай кереметсіз! Сөзіңіз қандай ғажап! Мені сіздей түсініп, сіздей бағалаған ешкім жоқ! Достарым да, әріптестерім де!

Қыз: \ *даусын құбылтып:* \ Қызбала ше?

Әйткен: Қызбала ма... Қызбала мұзбала ғой! Ол сынауға шебер! Тіпті, мақтай қалса да жеріне жеткізіп, қуанта алмайды! Ал, сіз мақтағанда дәл тауып айтасыз!

Қыз: \ *Әйткенге ақырын бұрылып:* \ Сонда қалай, сіз шыншыл достарыңызды көпірген мадақ сөзге айырбастай саласыз ба?

Әйткен: \ *абдырап, аптығып:* \ Ә-ә, иә...енді...былай...Адам өзін қадірлеп, бағалай білген жандарды жақсы көреді ғой! Мен де сізге ғашық болып қалдым! \ Батылданып, бас салып қызды құшақтай алады. Қыз да қымсынбай, Әйткенді құшақтайды. \

Қыз: \ *Сәлден соң босап шығып, шын көңілімен тебірене сұрайды:* \ Шынымен мені жақсы көресіз бе?

Әйткен: \ *аптығып:* \ Иә! Мен сізді шексіз сүйемін! Сізді көрмей-ақ, кім екеніңізді білмей-ақ ғашық болдым!

Қыз: Қалайша?

Әйткен: Солайша!

Қыз: Адам сенбейтін жағдай! Шын айтамын, бұған ешкім де, тіпті, мен де сенбеймін!

Әйткен: Ешкім сенбесе сенбесін, сіз сенсеңіз болды! Егер осы жағдай өз басымнан өтпесе, мен де сенбес едім! Ал, бірақ, мен өз жанымды өзім білемін ғой – мен сізге жан-тәніммен ғашықпын!

Қыз: Апырмай, ә? Мен сізге сенерімді де, сенбесімді де білмей тұрмын! Сенейін десем, түсінбей тұрмын!

Әйткен: \ *жаны күйіп, ышқынып:* \ Нені? Неге түсінбей тұрсыз?!

Қыз: Жә, сабыр...Былай ғой, Әйтеке...Мен сізді жақсы көруім әбден орынды. Сахнадан сізді көрдім, өнеріңізге ғашық болдым... бара-бара өзіңізді де жақсы көріп кеттім! Ал, сіз мені мүлде көрместен,

кім екенімді білместен қалай жақсы көріп қалдыңыз? Тіпті, сүйген қызыңыз Қызбаланы да мен үшін құрбан етіп, тастап кетердей, мен сізге кіммін сонша?

Әйткен: \ *Шабыттанып, арқаланып:* \ Міне, бұл сұрағыңыз тура қойылды. Мен де тура жауап берейін. Мен сіздің өзіңізді көрмесем де, жан сырыңызды түсіндім. Сіз маған шын жүректен жазған хаттарыңызда пәк сезіміңізді, асыл ойларыңызды ақтардыңыз. Сіз менің дарынымды бағалап, жанымды түсіндіңіз! Менің жаным сіздің жаныңызбен үндесті! Менің жүрегім сіздің жүрегіңізбен тілдесті! Мен сізбен толық үйлестім! Мен сізге ғашық болып қалдым! Мен енді тек қана сізбен қол ұстасып, жаңа өмір жолын бастағым келеді! Бұдан басқа сөзім жоқ!

Қыз: Бұл сөзіңіз енді ешқандай жағдайда да өзгермейтін өмірлік уәденіз бе?

Әйткен: Уәдем де, антым да осы!

Қызбала: Ал, Қызбала қайтеді?

Әйткен: \ *таңданып:* \ Қайткені несі? Оған да біреу табылар!

Қыз: \ *сылқылдап күліп:* \ Ой, Әйтеке, таутеке! Әтеллә, Әтешкә! \ *Пердесін ашып, паригін, көзәйнегін алады – Қызбала!* \

Әйткен: \ *Сасқалақтап:* \ Әй, Қызбала! Сен мұнда қайдан жүрсің?! Әлгі кітапханашы қыз қайда!

Қызбала: Ол жоқ! Мен оны жұтып қойдым!

Әйткен: Ох, аждаһа! Анаконда!

Қызбала: Кітаптан келген қыз кітапқа қайта кіріп кетті!

Әйткен: Түк түсінсем бұйырмасын! Кітаптан келген қыз!? Кітапқа кіріп кеткен қыз!?

Қызбала: Түсінбейтін несі бар! Кітапханашы қыз жоқ! Болған да емес!

Әйткен: А-а-а! Не дейсің? Қалайша жоқ? Ал маған жазған жүрекжарды хаттары ше? Ондай аяулы жанның болмауы мүмкін емес!

Қызбала: Оны мен ойлап таптым!

Әйткен: Ап-пырмай, ә?

Қызбала: Саған деген жанашырлық сөздерімді құлағыңа да ілмеген соң, сенің жанкүйерің – кітапханашы қыз болып жаза бастадым! Сынымды да айттым, шынымды да айттым! Жан-жүрегіммен айттым! Толғанып айттым, жылап айттым! Сен менің жан сырымды дұрыс қабылдап, дұрыс түсіндің! Әттең, не керек, жаныңдағы маған емес, танымайтын кітапханашы қызға ғашық болдың!

Әйткен: Қызбала!!!

Қызбала: Қызбала жоқ! Тұзбала де! *Бұрылып, кетуге ыңғайланады.*

Әйткен: *\ соңынан қолын созып, ұмтыла беріп:* Қызбала! Тоқташы, Қызбала, жаным!

Қызбала: *\ Сәл бөгеліп:* Қош бол, Әйткен! Мен кеттім!

Әйткен: Қайда?!

Қызбала: Кітапханаға! *\ жүре береді:*

Әйткен: *\ Орғып аттап, соңынан қуып жетіп:* Тоқта! Мені де ала кет!

Қызбала: Сен онда не істейсің!

Әйткен: Кітап оқимын!

Қызбала: Жақсы кітап көп қой. Қайсы бірін оқырсың?

Әйткен: Сенің кітабыңды оқимын! Сенімен бірге өмір кітабын оқимын!

Қызбала: Оқысақ оқиық..Тек қана көңіліңе тоқи алсаң болғаны!

Әйткен: Қызбала! Кітапханашы қыз!*\ \ Толқып, Қызбаланы құшақтай алады.*

Қызбала: *\Құшақтайды\.* Оқырман Отелло, ақылғөй Әйткен!

Театр сахнасында екі гашық, екі дос, екі әртіс оттай лаулап, жан-тәнімен құшақтасады.

153 – Көрініс. Шұғыл шешім.

Театрда.

Әйткен бір шұғыл шешімге келгендей шырығып жүреді. Көзіне құда-құдағилармен шайқасқан туысқандары елестейді.

Әйткен: Қап, бәлем! Көрсетейін мен сендерге!

Қызбалаға қарап, бір шешімге тоқтайды.

154 – Көрініс. Қандай келін керек?

Әйткеннің пәтерінде.

Әже мен Жаңыл әңгімелесіп отыр. Әйткен келеді.

Әже: Құлыным менің! Қасымда... көз алдымда жүргеніңе мың шүкір! Осы құлыным бағады деп, бір өзіңе сеніп жүрген жоқпын ба? Бағасың ғой мені, иә құлыным?!

Әйткен: Оны келетін қатын біледі!

Әже: Пай, шіркін- ай! Бұйырғаны болар! Бір шүйкебасты дөңгелетіп қоятын уақытың болды ғой, балам!

Әйткен: Мақұл, әже, қазір- ақ ап келейін!

Әже: Қорадағы қозыдан оңай көресің ғой өзің!

Әйткен: Е-е, несі бар, жігітке қыз көп, шекесінен шертіп-шертіп, мұрнынан тізіп қояйын қаласаң!

Әже: Жә, көздегенің бар ма өзі?

Жаңыл: Жоқ болса, алыстан іздеп әуре болып қайтесің? Өзіміздің ауылдан-ақ табылмай ма тәуір қыз?

Әйткен: Иә, дұрыс айтасыз...Бәлкім, көрші-қолаң, мектепте бірге оқыған, тай-құлындай тебіскен қыздардан көреміз бе?

Әже: Бір есептен, сол үйреніскен, ата-тегін, әке-шешесін білетін өз ауылымыздың балдары да дұрыс болар –ау!

Әйткен: Жарайды, онда...Майраны алсам...

Әже: Апырмай, ә? Майра қай Майра?

Әйткен: Сары Майра...Садырдың қызы...

Әже: Жобасы дұрыс сияқты. Момын кісілер ғой...

Жаңыл: Оның әкесі бір жетімек сорлы...өзі шопыр... Құда болып, қатар отыратын сиқы жоқ...

Әйткен: Сайра қалай?

Жаңыл: Әрі әкет, әрі...Оның шешесі жарымаған жерден шыққан... қашан барсаң кеуіп отырады...

Әйткен: Зайра ше?

Әже: Ә-ә? Сол жобаға келетін сияқты...

Жаңыл: Жо-жоқ, оның әкесі баяғыда бұзау ұрлап, сотталып келген...

Әже: Тоқтай тұршы! Алса –әкесін емес, қызын алады ғой...

Жаңыл: Ұрының қызы да қай бір оңып тұр дейсің! Бірнеше жыл қалада қаңғып келген! Онда не істегенін қайдан білесің? Бетімен жүрген қызға жолауға бола ма екен?

Әйткен: Жарайды. Онда Жайна жарап қалар ма екен?

Жаңыл: Өй, оның ағаларының бәрі пияншік!

Әйткен: Анау анандай, мынау мынандай... Енді саған қандай келін, қандай құда керек?

Әже: Қандай,қандай?! Кім болса да негізіне тартпай қоймайды, аса керемет болмағынымен, түп-тегі тәуір, аталы жердің қызы болса деймін дағы...\ күрсініп:\ Өзің білесің, құлыным. Біздікі жай сөз...әйтеуір, жақсы болсын деген ақыл...Бір жөні болар. Әйтеуір, ұшқалақтанып, ұшқары бірдемеге ұрынып қалмай, абайлап жүрерсің! Маңдайға жазғанын көрерміз!

Әйткен: Жақсы, әже! Ертең бір келін әкеліп беремін!

Әжесінің есі шығып, ағайындарын жинайды.

155 – Көрініс. Кредит келін.

Көшеде кетіп бара жатқан Әйткенге Сайраш телефон соғады.

Сайраш: Өз үйінде отыр: \ Айтуар бауырым, амансың ба?

Әйткен: Шүкір, апай, аманбыз. Өздеріңіз қалайсыздар? Жастар қалай? Жаңа өмірге үйренісіп қалды ма?

Сайраш: Жоқ, сол үйренісе алмады...Үйлеспей қалды...Үйленбей жатып, ажырасып кетті ғой... Қарағым, несін айтасың...

Әйткен: Апырмай, ә? Қиын болған екен онда...

Сайраш: Қиын болғанда, айтпа! Келін емес, кесапат болды деуші еді баяғыда! Біздікі келін емес, кредит болды ғой! Иә, кесір келін – кредитке кіргізеді! Осы жасқа келгенде мұны жаңа түсіндік, қарағым. Өзің де білесің ғой шет жағасын...Мына үйімді банкке кепілдікке салып, қаншама кредит алдым! Ол ақшаның бәрін тойға деп, құдалыққа деп жұмсадық. Қалғанына жастардың көрпе, төсегін түгендеп, үйді жөндеп дегендей, тірлік қылдық. Енді міне, ақша да жоқ, келін де жоқ, құда да жоқ! Сымпыып шыға келдік! Мойынға сонша қарызды артып алып, отырмыз енді омпийып.

Әйткен: Иә, амал қанша...сабыр етіңіз...Қайтесіз енді...

Сайраш: Енді қайтуші едім? Көтеремін, көнемін. Айтпақшы, сұрастыра жүрші жан-жағыңнан... Кредитке алатын келін жоқ па екен?

Әйткен: А-а, не дейсіз апай?

Сайраш: Кредит келін...Хи-хи-хи! Күйеуге кредитке тиетін келін болса деймін!

Әйткен: Ол қалай? Қандай келін ол?

Сайраш: Ол ма, ол...Қазір біз банктен кредит алып, той жасап, келін алатын болдық қой. Ал, кредит келін дегенім былай...Әуелі күйеуге жай тиеді, яғни кредитке...Ешқандай той-томалақ жасамай, көп шығынсыз-ақ...Содан кейін, бірнеше жыл тұрып, бірнеше балалы болып, әбден үйренген соң, күйеуі әлгі кредитін келінге қайтарады, яғни той-томалағын жасай ма, ақ машинамен жүргізе ме, жас жұбайлардың саяхатына шығарып, жер-жүзін аралай ма, өздері біледі! Міне, кредит келін деген осы!

Әйткен: Мұныңыз керемет екен! Кредит келін! Мен сұрау салып көрейін! \ *телефонын сөндіріп:* \ Шынында да, ер жігітке кредитке тиетін қыз бар ма екен?! Әрине, бар! Мен оны таптым! Алақай! Қазір әжеме кредит келін әкеліп беремін!

156 – Көрініс. Келін әкеле жатыр.

Әйткеннің пәтерінде.

Әжесі ағайындарымен келінді күтіп отыр.

Дөкей, Жаңыл, Стақан, Лөктір.

Барлығы да аң-таң.

Лөктір: Кімді әкеле жатыр өзі? Келін қай жақтан?

Дөкей: Соны білуге өзіміз де құмармыз!

Стақан: \ Әжеге қарап.\ Ия, бізге ашып айтсаңызшы...

Жаңыл: Білгіміз келіп, шыдай алмай отырғанымыз сондай, тіпті, сөйлеуден де қалдық қой! Айтсаңызшы енді!

Әже: Соған өзімнің де басым қатып отыр.

Дөкей: Не дейді? Кім екенін сіз де білмейсіз бе?

Әже: Білсем, айтпаймын ба? Тіпті, түгін де айтқан жоқ! Тек: «Туыстарымызды жинаңыз да, дайын отырыңыз. Ертең түс ауа келін алып келемін!» – деді. Бар айтқаны сол. Қазбалап сұрай беруге, тағы да айнып қалып, әкелмей қояр деп қорықтым, шынын айтқанда!

Жаңыл: Мейлі, кім болса, о болсын! Әйтеуір, жаман аты шықпаған ақ адал қыз болса болды.

Дөкей: Құда-құдағилар жынды болмаса екен әйтеуір!

Стақан мен Лөктір күліп жібереді. «Бір бетіңіз қайтқан-ау!», «Құда шапқанды да көрдік қой!» деседі.

Дөкей: Әсіресе, жеңгесі жақсы болса екен!

Жаңыл әзіл-шыны аралас жүдырығын түйіп қояды.

Барлығы бір жағынан әуестеніп, бір жағынан толқып, сабырмен күтіп отырады.

157 – Көрініс. Жұмбақ келін.

Әйткеннің пәтері.

Сол кезде есік сарт ашылады.

Барлығы өре түрегеледі.

Ерлер төр үйде қалады.

Жаңыл лып етіп ауыз үйге жүгіріп шығады.

Әже де орынан тұрып, есікке беттейді.

Әйткен: (Ұшып кіреді). Әже! Әже! Әжетай!

Әже: Әу, әу ботам! Өй, құлыным-ай сол! (Екеуі құшақтасады. Әжесі Әйткенді мейірленіп иіскейді. Жеңгесі үн-үлкен жігітті

кішкентай бала сияқты еркелетіп, жақсы көрген әженің мейіріне елжіреңкіреп,, күліп қарайды.)

Әйткен: Әже! Әже! Ап келдім!

Әже: Нені ап келдің?

Әйткен: Келінді!

Әже: Қайдағы келін? Кімнің келіні?

Әйткен: Сенің келінің!

Әже: Үйбай-ау, не дейді? Сақтай гөр!

Әйткен: Енді өздерің қоймағасын... бардық та біреуін алып жібердік!

Әже: Рас па? Енді қайттік? Қайда өзі?

Әйткен: Есік алдында...

Әже: Не дейді, әй?! Иә Алла, жаратқан ием жар бола гөр! \ *Жеңглеріне, көрші әйелдерге:* \ Әй, неғып тұрсындар сілейіп? Бол, тез!

Жаңыл: Болғанда... не істеймін?

Әже: Не істегені несі... Келінді қарсы алмаймыз ба?

Жаңыл: Саспаңыз, апа! Қарсы аламыз! Міне, шашу, орамал...бәрі дайын!

Әже: Иә, келін өзі қай жердікі?

Әйткен: Осы жердікі!

Жаңыл: Әке- шешесі бар ма?

Әйткен: Жоқ! Детдомда өскен...

Жаңыл: Ойбай, бетім-ай, енді қайтейін? Масқара қылдың- ау!

Әйткен: Не масқара? Қайта бастарың қатпайды... құдалық-мұдалық, қалың мал, кит-мит деп...

Дөкей: Қап! Құда деп төс қағыстырып, құйрық – бауыр асап, ішіп-жемеген соң несі қызық?

Әйткен: Енді ешкіммен ұрсып, төбелеспейсіндер! Құда да, құдағи да жоқ, құлақтарың тыныш болады.

Дөкей: Әй, өзі қазақ па?

Әйткен: Соны сұрамаппын... Әйтеуір, бізге ұқсайды! Иә, негізі қазақ сияқты. Бірақ, детдомда орысша өскен!

Дөкей: Не дейді-әй мынау? Ұқсайдың не айтып тұрған?

Әйткен: Енді...Бір қарағанда, азиат сияқты! Жалпақ бет, қысық көз!

Дөкей: \ *Мырс етіп:* \ Жалпақ бет,қысық көздің бәрі қазақ деп кім айтты саған? Алатын қыздың ата –тегін түгендеп, тергеп, біліп барып алмаушы ма еді?

Әйткен: Махаббат атасына қарата ма?

Жаңыл: И-ибэй-эй, ибэй-эй, ибэй -эй! Есінен танып қалған ғой, әртіс қайным...қайтсін енді...

Әйткен: Иә, өзім де білмей қалдым не болғанын...Мүмкін хакас, якут, бурят болуы...Тіпті, қалмақ яки кәріс болса да, жаман ба, немене?

Дөкей: Құрттым десейші...Бүйтетінің бар, біржолата жапоннан неге алмадың...Сұмырай құдалармен сыра ішкенше, самурайлармен саке ішіп, Сәке, Бәке десіп отыратын! Балық жеген кісілер ұзақ жасайды дейді ғой. Жеңешең екеуміз, әженді ортаға алып, Сикоку аралында Сый- көке болып жататын едік...уылдырық пен ұлу жеп... жүзге келгенше!

Әйткен: Жарайды, ойнап айтамын! Ал, шындығына келгенде... Бұл қыздың тегінің өзі қызық! Түп атасы – неміс! Арғы атасы – ақ орыс, бергі атасы – сары орыс! Нағашы жағынан түгендесең де осал емес! Түп нағашысы – шотыланд, одан бергісі – иреланд, өз нағашысы – ағылшын! Нағыз импорт келін! Бүкіл дүние жүзімен бір-ақ құда болдыңдар! *\ Бәрінің естері шығып, ауыздары аңқиып қалады. *

Дөкей: Йоп-пырмай, ә?

Лөктір: Өлтірдің –ау тірідей!

Стақан: Шнәпс пен бескиге бір тоятын болдым-ау... ақыры!

Жаңыл: Шоқынды емес пе әйтеуір?!

Әйткен: Соны білмеппін! Жарайды, қиратқанда крещенный немесе кришнайт болар... жөндеп алармыз! Есесіне...су тегін, кредит келін!

Әже: Астапыралла! Әй, құлыным-ай, құрттың- ау бізді мүлде! О, алла, өзің сақтай гөр! Асылық қылсам- кеше гөр!

Әйткен: Жарайды, ойнаймын! Дінге кіргізіп аламыз!

Әже: Мұсылмандыққа көніп отыр ма?

Әйткен: Көнгенде қандай! Әлі-ақ өзіңмен бірге ораза ұстап, намаз оқиды!

Әже: Е-е, бәсе! Бұған да шүкір! Садағаң кетейін- ай сол! Ал, не тұрыс- келін кірсін үйге! Ар жағын көре жатармыз! Әй, құлыным, босағадан оң аяғымен аттасын! *(Әйткен кетеді.Үйдегілер келінді қарсы алуға даярланып, «иә, алла, қайырлы, құтты қыла гөр!», «ұзағынан сүйіндіре гөр!» – десіп,әбігерленіп,бір отырып,бір тұрады. Әйткен мен қыз кіреді.)*

Әйткен: Ал, мә, келін!

\ Келін – Қызбала. Бірақ, шашын, бетін сап-сары түске бояп, бетіне грим салып, адам танымайтындай өзгеріп кеткен).

Әже: *(Құшақтап, маңдайынан иіскеп, бетінен сүйеді).* Қадамың құтты болсын! Қосағыңмен қоса ағарып, бақытты ғұмырлы, үбірлі-шүбірлі болыңдар! Алланың нұры жаусын!

Жиналғандар: Әмин! Босағаларың берік, шаңырақтарың биік болсын! *(Бәрі «Әмин» дейді. Жаңыл шашу шашады.)*

Қызбала: \ *Әжені құшақтап:* \ Какая красивая апашка! Прелесть! Вы гениально добрая, милая! Когда вы меня обняли, вы показались мне моей мамой!

Әже: \ *Елжіреп:* \ Әпәшкә крәсибәй дейді...Дөбрәй дейді... Мамам дейді...Тілің қандай тәтті еді! Жүрегің қандай нұрлы еді сенің!*(Қызбаланы құшақтайды)* Құлыным! Атаң кім сенің – білмеймін, анаң кім сенің – білмеймін! Бірақ, жүрегім елжіреді саған! Құдай салды – мен көндім, құдай берді – мен алдым! Кел, кел, өз отауың, өз босаған, өз үйің, кел, құлыным!

158 – Көрініс. Әженің ақ тілегі.

Әйткеннің пәтерінің залы. Барлығы сонда әңгімелесіп отыр. Жас келін босаға жақта, Әйткеннің жанында отыр. Жұрттың сөзін түсінбеген болып, бәрінің бетіне таңдана, күле қарап қояды.

Дөкей: \ *Әйткенге:* \ Ойбай, мынадай мәңгүртті алып келіп не көрінді,әй, саған? Бұдан Қызбалаң артық сияқты еді!

Әйткен: Е-е, ойбай, оның аты шыққан деп өздерің ғой өре түрегелген!

Лөктір: Аты шыққан түгі де жоқ. Жазды ғой кейін, бәрі жала, өтірік екен деп! Тіпті, кешірім де сұрады! Аққа құдай жақ деген!

Жаңыл: Өй, бірақ, ана құдалар да бір итім! Әсіресе, әне бір жеңгесімен әлі күнге дейін түсімде төбелесіп жүремін! Тіпті, есіме түсіп кетсе, түн ішінде шошып оянамын. Олармен енді қайтып бірге отырып, сіз-біз деу жоқ қой!

Дөкей: Әне бір тапалы есіме түссе, қараптан – қарап қаным қайнайды!

Лөктір: Е-е, неғылар дейсің! Тапал төрінде талтайып қашанғы жатар дейсің? Құда кетер, қыз қалар!

Жеңге кетер, жөн қалар!

Қыз бен жігіт жарасса,

Барлығы да оңалар!

Дөкей: Рас, рас айтасың! Енді кеш бәрі де! Мына бәледен қалай құтылдық?

Стақан: Әй, әзірге бүлінген ештеме жоқ! Ешкім білмей тұрғанда, мынадан құтыл да, сол Қызбаланы алып кел!

Дөкей: Әй, сол дұрыс болар! Жат жұрттың мұз баласынан да, өзіміздің қыз баламыз артық!

Жаңыл: Мен де солай ойлаймын! Қанша айтқанмен, қазақы тәрбие көрген бала ғой. Және, жаман аттың бәрі жалған, жала боп шықты! Өзің сүйсең, адалдығына сенсең, бағың жансын! Сол Қызбаланы алып кел!

Әйткен: Қызғалдақ Қызбаланы алып кел дейсіңдер! Ал мына сарғалдақты, сап-сары алтынды не істейміз? Лақтыра саламыз ба далаға?

Жаңыл: Жоқ, лақтырмай-ақ, былай, адам құсап, алдап-сулап шығарып салуға болады ғой! Ақырын, ақылмен құтыл да, Қызбаламызды әкеліп бер!

Дөкей: Иә, өзіңнің сүйгенің...әрі әріптес әртісің...Қызбаладан артығы жоқ! Ап кел!

Әже: Әй, шырақтарым! Тоқтатындар енді! Келетін келін келді! Жүрегім сезеді...ықыласым түсіп тұр...осы бала бөтен емес... Көресіңдер, нағыз менің қазақы келінім болады!

Әйткен: Әже! Жүрегің нені сезеді?

Әже: Бұл анау да, мынау да емес, нағыз қазақтың қызы! Мен иісінен сезіп тұрмын! Рас па, құлыным?!

Әйткен: \ жымың етіп:\ Жобаңыз дұрыс, әжетай!

Жаңыл: Қазақ болғанда...не ғой, апа...Қазақша бір ауыз білмейтін, өзгеше өскен мәңгүрт қой!

Әже: Әй, өзгеше өсті екен деп, қай халық өзін – өзі өзекке теуіп, екіге жарылып жатыр? Руға, жерге бөлінгені аздай, енді байғұс қазақ екі ұлт болып бөлініп кетпек пе? Қазақша білмейді екен деп, өз баламыздан, өз қанымыздан беземіз бе?

Жаңыл: Дұрыс қой, бірақ «сендер орыс боп кеткенсіңдер», – деп, басқа жақтар бізді мазақтайды ылғи...

Әже: Е-е, байғұс қазақ байыбына бармай, бірін-бірі мұқатқанға мәз емес пе? Әйтпесе, сендер деп тұрғаны өздері, өз бауыры екенін ұғар еді ғой...

Лөктір: Иә, апа, дұрыс айтасың...Отаршылдықтың отына балқытып, өз қалыбына құйып бақты емес пе қазақ баласын?! Қайта, түбірімізбен оталып, түбімізбен қопарылып, құрып кетпей, тамыр қалғанына шүкір дейік те!... Әй, біз азбыз ғой, бәріміз бір атаның баласымыз ғой, бізге бөлінуге болмайды ғой... Озбырлық құрбандығы болып, саяқтаған ұрпақты сыртқа теппей, құшағыңды жай, бауырыңа тарт, аялап үйіріне қос! Үйренеді, келеді қалпына...

Әже: Ойбай- ау, сендер – мәңгүрт, сендер-сатқын, сендер – жау, пәлен-түген деп, көзге шұқып, кеудеге нұқи берсеңдер ерегеседі де, алыстай береді... Кеткенде, қайырылмай кетеді! Соны неге ойламайсыңдар? Мейлі, қай тілде сөйлесе де, бұлар қазақ баласы! Біздің нәсіліміз, біздің ұрпағымыз, біздің қанымыз... Мен бұлардан безе алмаймын... Мен- анамын. Мен- елмін! *(Қызбалаға)* Құлыным... Көзіміз бірдей... сөзіміз басқа... Өңіміз бірдей... жөніміз бөлек.. Қанымыз бір... жанымыз бөтен... Бірақ, қимаймын... қия алмаймын сені... О, дүние-ай, о, тағдыр-ай!... Бір қазақтың баласы бір –біріне жат болып, қақ бөлініп кете бармақ па?! Жо-оқ! Кеткенде қайда барасыңдар?! Кімге сыясыңдар сендер, қазақтан басқа кімге керексіңдер?! Сендер ие болмағанда шаңыраққа кім ие болмақ?! Елдің ертеңі не болмақ?! Соны ойладыңдар ма? Ойласаңдар – өз өрісіңе оралыңдар, өз үйіріңе қосылыңдар... өз үйлеріңе ие болыңдар... Кел, құлыным, кетпе, кетпеші құлыным!

Қызбаланы құшақтайды. Қызбала мейірімді әженің бауырына тығыла түседі. Жиналғандар үндемей, тебіреніп, отырып қалады.

Әйткен: Келді, әже! Келді балаң қолыңа! Қызбалаң келді!

Қызбала: Келдім, әжетай! Келдім, енді кетпеймін! \ *Ақырын паригін сыпырып алып, бетіндегі грим, бояуларын сүртіп тастайды.*

Көз алдарында келіннің Қызбала болып шыға келгенін көргенде, барлық туысқандар қуанып, орындарынан ұшып тұрып қол соғады.

Бәрі жарыса тілек айтып, дүрілдеп кетеді.

Стақан: Қадамың құтты болсын! Қосағыңмен қоса ағар!

Дөкей: Талабыңды оңына бастасын! Баянды болыңдар!

Жаңыл: Бақытты, ғұмырлы болыңдар!

Лөктір: Үбірлі –шүбірлі болыңдар!

Әже: Құлындарым! \ *Әйткен мен Қызбаланы құшақтап тұрып:* \ Алланың нұры жаусын! Бәріңе рахмет, айналайын туысқандарым! Дәм – тұзымыз біткенше біз істейтін іс, біз айтатын сөз бар екен! Біз керек екенбіз әлі мына екі балапанға! *(Әйткен мен Қызбаланы құшақтайды)*. Мен – анамын! Жас ұрпақты бауырыма тартып...ізгі жолға салып... аналық айналайынымды айтуға тиіспін! Бұлардың бөпелерін бесікке бөлеп, «әлди-әлди ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем!» – деп бесік жырын айтып, жүректеріне мейірім ұялатуым керек! Алла жазса, сол үшін өмір сүремін, атадан қалған аманатты тапсырамын қолдарына!!!

*Барлығы толқып, шаттанып, әже мен жастарды қаумалап,
құттықтай бастайды.*

Музыка ойнайды. Әртістер әні шырқалып тұрады.

Өмір – сахна, адам -әртіс шетінен,
Бір-бір рөлді ойнап жүрген еркімен.
Өзілдейміз қиындықтың өзімен,
Бәрінің де орыны бар ретімен.

Еркін болып көрінеміз көзге біз,
Егілгенбіз, жеңілгенбіз, жеңгенбіз.
Сері де – біз, пері де –біз десек те,
Ізгілікті шын өнерге сенгенбіз.

Қайырмасы:

Ай- хой, өңкей өнерпаз,
Оңай ғой деп ойлама.
Ай сәулелі, айлалы,
Ойынын көр ойлана,
Ойнасаң да әртіс боп,
Әртістермен ойнама!
Ойнасаң да әртіс боп,
Әртістермен ойнама!
Әй, әртістер – ай!

Талай қызық оқиғалар өткенде,
Мұратына адам оңай жеткен бе?
Құбылмай ма, қулық, амал қылмай ма,
Киіп алып көрінбейтін бетперде.

Біз әртіспіз, күйін тапқан көңілдің,
Сайран салған сахнасында өмірдің.
Өмір деген – таңғажайып театр,
Нені іздедің, нені таптың, не білдің?!

Қайырмасы:

*Фильмнің соңы
2020-2021 ж.*

МАЗМҰНЫ

ҚАРЫЗ	3
Көркем телесериалдың синопсисі	
ҚАРЫЗ	6
Баянғали Әлімжановтың шығармалары бойынша	
Көркем телесериал	
Сценарийдің авторы – Баянғали Әлімжанов.	
1 – Көрініс. Тәксидегі танысу.	8
2 – Көрініс. Махаббат.	9
3 – Көрініс. Әже мен немере.	11
4 – Көрініс. Ақша жоғалтқан әйел.	17
5 – Көрініс. Шешінесің! Шешінбеймін!	18
6 – Көрініс. Көліктегі көп ақша.	24
7 – Көрініс. Шешім.	25
8 – Көрініс. Сүйінші.	26
9 – Көрініс. Ақылдасу.	28
10 – Көрініс. Қыз бен жеңге.	30
11 – Көрініс. Телефонмен тартысу.	37
12 – Көрініс. Әртістердің әзілі.	40
13 – Көрініс. Ауыл. Құдалыққа дайындық.	42
14 – Көрініс. Құдалыққа жиналу.	43
15 – Көрініс. Конкурсақ дайындық.	43
16 – Көрініс. Құдалыққа аттану.	45
17 – Көрініс. Облыс аруы байқауы.	46
18 – Көрініс. Құданың есігі.	47
19 – Көрініс. Үйдегі ызғар.	47
20 – Көрініс. Үй алдындағы кептеліс.	48
21 – Көрініс. Арулар конкурсы.	49
22 – Көрініс. Құдаларға рұқсат!	50
23 – Көрініс. Конкурс қызығы.	50
24 – Көрініс. Танысу.	52
25 – Көрініс. Тойтанның байпаңы.	54
26 – Көрініс. Құдалардың ырғасуы.	55
27 – Көрініс. Шаттану.	59
28 – Көрініс. Киіз үйде.	62
29 – Көрініс. Ал, дабай!	63
30 – Көрініс. Интернеттің иттігі.	68
31 – Көрініс. Ғаламтордағы ғайбаттың лаңы.	70
32 – Көрініс. Масқара.	72
33 – Көрініс. Жанжал.	73

34 – Көрініс. Бір шелек арақ.	76
35 – Көрініс. Егес. Төбелес.	77
36 – Көрініс. Өсек өрті.	79
37 – Көрініс. Телефонмен сөйлесу.	84
38 – Көрініс. Примеркада.	84
39 – Көрініс. Генералдың кабинетінде.	85
40 – Көрініс. Барлауға дайындық.	85
41 – Көрініс. Әрекет.	85
42 – Көрініс. Реніш.	86
43 – Көрініс. Қиын жағдай.	88
44 – Көрініс. Күйдіргінің күйесі.	88
45 – Көрініс. Қисынсыз жиналыс.	89
46 – Көрініс. Өсекші табылды!	97
47 – Көрініс. Күйе жаққан Күйебаев.	98
48 – Көрініс. Қыздың тілегі.	99
49 – Көрініс. Ғайбатқа – айбат пен қайрат.	99
50 – Көрініс.	104
51 – Көрініс. Әйткен – қашқын.	105
52 – Көрініс. Қамқоршы.	106
53 – Көрініс. Тапсырма.	106
54 – Көрініс. Тергеу.	106
55 – Көрініс. Тотянаның ойсыздығы.	113
56 – Көрініс. Жеңіс пен жеңіліс.	117
57 – Көрініс. Қыз арманы.	124
58 – Көрініс. Қызға құмар қарт.	125
59 – Көрініс. Ару құмар Айбатша.	128
60 – Көрініс. Достық пен махаббат.	129
61 – Көрініс. Бастықтың бабы.	131
62 – Көрініс. Жанашырлық.	133
63 – Көрініс. Қыз Жібек пен Төлеген.	135
64 – Көрініс. Ләйліген шал.	135
65 – Көрініс. Өнер салтанаты.	135
66 – Көрініс. Жаңа жанкүйер.	136
67 – Көрініс. Арбау.	137
68 – Көрініс. Мас пен жас.	138
69 – Көрініс. Тыңдамаймын!	140
70 – Көрініс. Айлакердің амалы.	141
71 – Көрініс. Ақша мен махаббат.	143
72 – Көрініс. Өртістермен ойнама!	146
73 – Көрініс. Қыздың қылымсуы.	149
74 – Көрініс. Аңғал, Саңғал, Донғал.	150
75 – Көрініс. Қыздың иісі.	153
76 – Көрініс. Торуюлдау.	153

77 – Көрініс. Қыз ұрлау	154
78 – Көрініс. Қап	154
79 – Көрініс. Қаптан шыққан қария	154
80 – Көрініс. Зытқан шал.....	157
81 – Көрініс. Келісу.....	158
82 – Көрініс. Қыздардың сырласуы.....	160
83 – Көрініс. Қап көтерген үшеу	160
84 – Көрініс. Байға қарсы айла	161
85 – Көрініс. Қаптан шыққан жынды қыз	163
86 – Көрініс. Кірді де бір көрсем!	170
87 – Көрініс. Делдал мен «Джип»	171
88 – Көрініс. Делдалдың гаражы	172
88 – Көрініс. Көзсіз мақтан	178
89 – Көрініс. Қуғын.....	179
90 – Көрініс. Қарыздан қашқан қаһарман.....	181
91 – Көрініс. Өтірік өлген әртіс	190
92 – Көрініс. Есеп-қисап	198
93 – Көрініс. Тіріліп кеткен әртіс	203
94 – Көрініс. Қолхат.....	203
95 – Көрініс: Қоқан-лоққы	205
96 – Көрініс. Ойбай, Осекең!	206
97 – Көрініс. Токалина – Каролина	210
98 – Көрініс. Айко	212
99 – Көрініс. Театрда	213
100 – Көрініс. Оңай олжа	213
101 – Көрініс. Соққы	217
102 – Көрініс. Қыз отказ.....	217
103 – Көрініс.....	218
104 – Көрініс. Басы қатқан Басқар	219
105 – Көрініс. Ақымақ болған әртіс	220
106 – Көрініс. Суицидке дайындық.....	222
107 – Көрініс. Тосын жағдай.....	225
108 – Көрініс. Асханадағы идея.....	225
109 – Көрініс. Дүрбелең	226
110 – Көрініс. Аласапыран.....	227
111 – Көрініс. Ат қою.....	239
112 – Көрініс. Рөлге дайындық.....	249
113 – Көрініс. Қызғаныш.....	253
114 – Көрініс. Отеллоның ашуы	254
115 – Көрініс. Азғыру	260
116 – Көрініс. Жолда.....	261
117 – Көрініс. Қастандық	261
118 – Көрініс. Аукциондағы арпалыс	262

119 – Көрініс. Жынды диктатор	267
120 – Көрініс. Мысалдың мәселесі	276
121 – Көрініс. Шошыну	282
122 – Көрініс. Телефонмен табалау	282
123 – Көрініс. Қызға өктемдік	287
124 – Көрініс. Алдаудың айла-шарғысы	289
125 – Көрініс. Қияли оқымысты	292
126 – Көрініс. Жаланашты кім жабады?	294
127 – Көрініс. Жаланаштық бағасы	296
128 – Көрініс. Омпиған Тойтан	297
129 – Көрініс. Жындыханадағы жұмбақ жан	304
130 – Көрініс. Жаңа үйдің алдында	305
131 – Көрініс. Жындыханадағы жаңа дос	306
132 – Көрініс. Жындыхана. Жұмбақ қыз	313
133 – Көрініс. Айбатшаның үйінде	313
134 – Көрініс. Жындыхана. Алаякпен кездесу	317
135 – Көрініс. Жынданған бай	318
136 – Көрініс. Мойындағы арқан	319
137 – Көрініс. Жындыхана. Құтқару	320
138 – Көрініс. Ұсталған алаяқ	322
139 – Көрініс. Полицияда	322
140 – Көрініс. Жындыханада	323
141 – Көрініс. Наполеонмен шайқас	324
142 – Көрініс. Жындыханада	326
143 – Көрініс. Жасұланның көмегі	329
144 – Көрініс. Жындыханадан қашу	331
145 – Көрініс. Жындыхана. Әйткеннің палатасы	332
146 – Көрініс. Қуғыншылар	332
147 – Көрініс. Фанат	334
148 – Көрініс. Шайханның шатағы	340
149 – Көрініс. Шайқас пен жеңіс	348
150 – Көрініс. Әженің уайымы	352
151 – Көрініс. Жұмбақ кітапханашы	352
152 – Көрініс. Әй, әртістер-ай!	356
153 – Көрініс. Шұғыл шешім	358
154 – Көрініс. Қандай келін керек?	358
155 – Көрініс. Кредит келін	360
156 – Көрініс. Келін әкеле жатыр	361
157 – Көрініс. Жұмбақ келін	361
158 – Көрініс. Әженің ақ тілегі	364

**Баянғали
Әлімжанов**

ШЫҒАРМАЛАРЫ
XXII том

Қарыз

Көркем телесериал хикаялары

Редакторы С. Досымбекова
Корректоры Ш. Бекболатов
Техникалық редакторы Л.Маашева

Басып шығаруға 28.04.2022ж. қол қойылды
Пішімі 60x84 1\16. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 23,25
Таралымы келісім бойынша.

«Сотниченко Е.В.» ЖК баспаханасында басылып шықты
Нұр-Сұлтан қ., М.Әуезов көш., 46/1, 105. Тел. +7 701 599 92 60

